


84/13 403/6
T.89

Еркінбек ТҰРЫСОВ



**ШЫҒЫСТЫҢ,
ШЫҢ ҰЛДАРЫ**

Бектибаева Айгул.



87(3578)6
T-89

✓
Еркінбек ТҰРЫСОВ

T-89

Еркінбек ТҰРЫСОВ

Қызылорда облысының кітапханалары мен ақпарат орталықтарының бірігіп қызмет етуі туралы заңнамалық актілер жинағы. 2004 жылғы 22 қыркүйек

ТҰРЫСОВ

017932

ШЫҒЫСТЫҢ ШЫҢ ҰЛДАРЫ

*повестер, хикаялар,
эссе-естеліктер*

ОБЛЫСТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП
КІТАПХАНАСЫ

КД



Алматы,

“Нұрлы Әлем” 2004 ж.

КІТАП САҚТАУ
БӨЛІМІ

Еркінбек Тұрысов

ББК 84 (5 Қаз)
Т-86

Т-86 ТҰРЫСОВ Е.
ШЫҒЫСТЫҢ ШЫҢ ҰЛДАРЫ (новестер, хикаялар, эссе-
естеліктер). — Алматы: «Нұрлы Әлем» баспасы, 2004. —328 бет.

ISBN 9965-403-47-3

Туған жер, өскен өлкесімен тамырлас та, тағдырлас ғибратты өмір кешкен бүгінгі Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Еркінбек Тұрысов өзінің жарты ғасырға ұласқан әдеби-шығармашылық жолында ілкі дүниеден бүгінгі күндерге шейінгі әр заман, қилы кезеңде өткен тарихи оқиғалар мен ол тұста дәуірлі өмір сүрген ірі тұлғалар, ел мен жер тағдырына қатысты қаншама сырлы дүниелікті жарыққа шығарды.

Қалың оқырманға жол тартқан “Шығыстың шың ұлдары” атты тарихи хикаяттар мен эссе-естеліктер кітабы жазушының алыстағы ауылдан ғалам кеңістігіне өрлеген үлкен жолда тынбай іздену, шындалу, толысу үстінде екенін әр қырынан көрсеткен көркемдік әлемінің шын шеберлікпен өрілген өрісті де, келісті туындысы.

ББК 84 (5 Қаз)

Т 4702250201-19
443 (05) – 04

ISBN 9965-403-47-3

© Тұрысов Е., 2004

САҒЫНЫШ САЗЫ ТУҒАН ЖЕР

Алғысөз орнына

Дүниеге келген адам, адам боп өмір сүргеннен кейін, сол адамдық ұлы жолды мықтап ұстанғаннан, азамат атын биікте сақтай білгеннен, ел-жұртына перзенттік міндетін адал атқарып кеткеннен артық арман жоқ. Сондай арман арнасында дария болып аққан, халқына жаққан, жаны жайсаң бір адамды білемін.

Мен көргенде, бұдан аттай отыз жыл бұрын өуелі құдай, екінші ұлы ұстаз аға Мұқаңның (М.Әуезовтың) құдыретті рухы айдап, оның өшпейтін ізімен Оңтүстік өлкесі, Қаратау жеріне келгенде Еркінбек отызды енді өрлеген көмірдей қара шашты, сымға тартқандай сұлу тұлғалы алымды жігіт еді. Бүгінде елімен бірге өмірінің еңселі биігіне шыққан ізбасар інім сексеннің сеңгірінен еңіске көз жіберген маған қияғын қырау шалған қыр қыранындай көрінеді.

Не сиқыр екенін білмеймін, мен оның өзін де, жерін, елін көп сағынамын. Сағыныш сазы жетелеп, ұзақ түндер оның жазған кереметі көп кітаптары, көп-көп туындылары арқылы өткен өмір, өзімізден алыста қалған, қайта келмес жастық кезімізбен кездесіп, қайта сырласамын. Сол оңаша шақта менің оқ пен от жалыны суарған қан жүрегімнің төрінде мәңгі тұрақтаған аңыз ағаларым – ұлы Мұқтар мен Бауыржан, Иса мен Сәкеннің қымбат бейнелері қозғалып, сағыныштың ыстық жасы теңіз боп толқыған күй кешемін. Тіпті замандардың қатпар тауларының арғы жағынан алып шығып Еркінбек қаламының құдыретті қуатымен тұтас бір керуен көшімен бірге көз алдымнан көшіп жатқан ұлы жиһангерлер – Зұлқарнай мен Шыңғысхан, Өмір Темір мен Бәйдібек баһадүрлер жасағында ат үстінде айдын шалқар кеңістікте кетіп бара жатқандай сезінемін.

Біз көрген біз білетін Мұқаңда (Әуезовте) "Ат болатын құлынды аяқ тастасынан танийтын» жазбай танийтын құлан жүйрік арғымақ жолына жөн көрсетер ұлы қасиет болушы еді. Оңтүстіктің өркенді жері мен еліне келе жүргенде қалам-қанаты жаңа түзеліп келе жатқан жас Еркінбекті қабатына ала жүріп, көп қамқорлық кеңесін бере жүріп көркемдік дүниесінің көкжиегі енді көрінген келешек күндеріне жеткізер, адастырмай апарар айқын соқпағына салғаны жай, кездейсоқ нәрсе емес-ті.

Біз білетін бүгінгі үлкен жолдағы Еркінбектің табиғат тағдыр табыстырған ұлы тәлімгер ағасымен бірге жүрген, өмірінің ең бақытты күндерінде оның сарқытын сарқа ішкені, ұлының ұлағатты жолын мықтап ұстанғаны сөзімен емес, ісінен анық көрінуде. Соңғы қырық

жылда өзіне етене таныс халық өмірінің қайнарынан туған қыруар еңбектер (төрт жүзге жуық туынды) сол ағадан қалған өсиетке адалдықтың жемісі. Адамды жазушының арман жүгі арылмайтын азапты жолында алыстағы асуларға жеткізетін, көрінбейтін бір құдыретті күштің бар екенін білеміз. Ол біріншіден туған жер, өскен ортаға жаратылыстың өзі берген сезімталдық дарынымен қоса туындайтын шексіз сүйспендік. Екінші жағы – мақсат үшін жанпида төзімділік, табандылық. –Еркінбекке аллатағала сол екі қасиетті бүтіндей берген.

Маңдайға біткен сол ерек қасиет оны сонау ерте, жалындаған жастық жылдарының өзінде жайлы орын, лауазым, қызмет, қызығы көп қала шеңберіне сайдырмай, өзіне өмір жарығын сайлаған туған өлке – Қазақтың кең дала, биік тауларына қайта бастап шығыпты. Еркінбектің шын өмір–мұраты, баянды бақыты міне, осында жатыр. Ол туған ел ортасына қайтып оралғалы өткен қырық жылында өмірдің барлық қызығы мен қиындығын қалың жерлестері ортасында солармен бірге көрді. Сол арқылы ел мен жердің көп замандастар көмбесінде қалған көне тарихын, өткен–кеткенін зерделі зерттей жүріп тау мен даланың керемет келісті бейнесін келістіре жырлады, алыс шеттегі беймәлім ауыл, ондағы мөлдір сұлулыққа шомылған керемет кейіпкерлерін жасады.

Мен көрікті–көркемділігімен өлемге әйгілі алтынды Алтайда туғанмын. Оның сыңсыған орман, ақиық қырандар мекендеген құзар шыңдары, тасыған дария, өр сайында меруерт шашқан өсем бұлақтарын көріп өскен адаммын. Көп жылын батыста, қалың Карпаттың ит тұмсығы батқысыз қара орманын басқа пана қылған партизандар ортасында өткізген маған бұл табиғат көркі таңсық болмаса керек еді. Әйтсе де, азаматтық асыл қасиетімен, шын суреткерлігімен мені тәнті ғып, өзі сырлас та жырлас бауырыма айналған Еркінбектің еңбегі арқылы мен сол өлкеде туып, сонда өскендеймін. Қасиетті Қаратау жерінің ауасын жұтып, қалың елінде жүргендеймін. Өзім тұрпатты ақбасты Алатаудың баурайында өсем Алматының төрінде отырсам да мен аңсаған алыстағы ауыл, ондағы барша бауырластармен жан жүрегіммен біргемін!

Қасым Қайсенов

**Қасым Қайсенов
Халық Қаһарманы,**

Ұлы Отан соғысының партизан жазушысы.

МАХАББАТТЫҢ КӨК КҮМБЕЗИ

Ұлы жиһангер падишах Әмір Темір көрегеннің өмірінен әңгіме.

...Адамзат мекендеген мына жарық дүние екі патша билік етуге тұрмайды.

Әмір Темір

Жортуылды күндердің тағы бір түнін құрыш тұяғы қаңтардың тоң басқан кара жолынан от шығарып, құстай ұшқан құла айғырдың үстінде өткізген Ақсақ Темір ол түні Арыстың айдынды ашық даласында келе жатып өз басы кешкен, жеңіспен өткен бір ғана жорығын, айтулы Арзурумның алғашқы жорығын еске алды. Ол кез Темірдің қырық жетіге толған шағы емес пе еді. Арынды сапарында жол шақ келмес кезі. Одан бері ойлап қараса аз-кемі жоқ жиырма бір жыл, төрт ай, он тоғыз күн өткен. Әрбірі адамның қаны мен көз жасын көл еткен жиырма бір жыл. Айтуға жеңіл тойымсыз, тұрлаусыз шолақ дүниенің Темірге тиесілі болған балтаның сабындай бір бөлігі ғана.



Енді міне, сүтпен біткенді сүйекпен әкететін ғұмыр тағылымы оны жетпіске қараған жасында тағы да ат үстіне қондырған. Тән тозғанымен, мына, күмбездей кара кеуде ішінде өрекіген ыстық жүректің өлшеусіз, сарқылмайтын обыр-араны тозар ма. Мәуітімен тысталған қасқыр ішігін кемер белбеумен шірей тартып, найза төбелі алтайы тымағын маңдайына еңкейте киіп, түбіт ораған аяғына саптамасын тартқан қалпы ауыздығын шайнаған арынды айғырдың тізгінін тежей ұстап, жер үстінде емес, көк жүзінде көшкендей халде келе жатты.

Баяғы бір кезі болса мұз төсеніп, жең жастанған жорықтың бір түні дүр-дүрмектің таусылмас қызық-шыжығында өте шығар еді.

Ол ғұмыр, ол күндердің ауылы енді қайда шіркін! Оның екі тізерлігі ұйып, аркалығы құрысып, көк желкесі аши бастағанына недәуір уақыт өтті. Бірақ оған сыр берсе, тән ауруын тәрік етпесе, Темірдің темірлігі қайда. Қоналқы жайда сүт пісірім сылаудан соң кәрі қырандай сілкініп, тұғырға қайта қонудан танған ба еді, ол.

Қашанғы бір Арзурум жорығының жан тебірентер ұмытылмас күндерін ойлап, ол алып даланың айдынында қанша жер, қанша жолды басқанын аңғармады. Тек алда кеткен Жағатай жасағының, ізімен, бегзадалар тобымен, сұңқардай сұлу мүсінді Түкел-ханымның жанында келе жатқанын білді.

Айнала қатқақты қара дала, сырт жақтан екпіндей сокқан қара жел бәрі бірге тұтасып мына беймезгіл жортқан үркердей топ жолаушысын шексіз тұңғиықтың түнегіне тартып бара жатқандай. Өз еркі, өз өмірімен түскен жол, алда ұлы сапар-жорығы жатыр. Көнбесе, төзбесе оның Темірлігі қайсы. Темір арынды арғымағының желкілдеген суық жалына құнысқан еңсесін еңсере көтеріп тебінгісін сірі тақымымен қапсырып қыса түсті. Тебінгі кершіген сайын қара желмен жарысқан құла жүйрік те ерен екпіндей түсті.

Аттың желі, желбесіктей тербейтін аттың белі – ол қашан да ұзақ жортар жолаушы мұраты, жолаушы қиялының қанаты. Шексіз әлемнің шар тарабын шарлайтын адам ойы, адам қиялы қайда қонақтап, қайда шарқ ұрмайтын еді, мұндайда. Сылаң ұшқан сұңқардай ат үстіндегі Өмірдің теңіздей тербелген қиялы қайдағы бір алыстағы Арзурум сапарына орала берді. Ол анығында мұның қара дауыл қаһарын алғаш рет барша әлемге танытқан, айбар атағын жер-дүниеге дүңкілдеткен, Темірдің темірлігін Өмірдің өмірлігін асқар таулардан асырған сапары еді. Сол сапардың сазы – Самарқанның көркі болған әйгілі Көксарайды, Шахизинданы, Бибі ханым ғимараты, Иассауи мұнарасы, Регистанның миуа бағы сияқты қаншама сәулет, жаннат кереметтерін дүниеге келтірді. Самарқандтың іргесінде о шеті мен бұл шетіне ат шаптырса жете алмас тәңірдің сыйлығы – Диликуши (жер жаннаты) гүл бағындағы Темір әулетіне арналған гарем-саяжайы да сол сапардың қисапсыз қазына-олжасымен еңсе көтерді. Бағдат пен Дамаскіден, Тәбриз бен Шираздан келтірілген сәулетшілердің ақылдан асқан шеберлігімен тұрған сол ғимараттар ішінде Темірдің өз басы, өз әулеті үшін саяжай-гаремнің орны өзгеше болды. Ол дүниенің төрт бұрышында басынан кешкен қанды жорықтарды ашы тауқыметі, жалған күнәһар дүниенің уы мен захарын сол гаремдегі балауса күндер мен түндерінде қайтып келмес ғұмырдың ләззәты бал-шекерімен жуды.

Гаремнің биік форталь-қакпасының арғы жағында сая-бағы көмкерген үлкен айна-хауіз, сол хауізге мөлдір суретін түсіріп айнала тұнжырай төнген көгілдір көркем ғимарат күдіреттің бір

ғана сүйген ұлы — Әмір Темір көрегеннің мекен жайы. Оның қаншама құпия өткел жолы бар, әрбірі өзінше ерек, парсы кілемдері төселіп, қытай жібегімен жасанған алуан сырлы бөлмелерінде Темірдің ұлы Моғолстан мен Мауараннахр, Сұлтания жерінде тандап алынған, тартып алынған текті, тексіз сұлу бике, бегім-ханымдары тұрды.

Бірақ талап-талғамы шексіз, әлемнің жалғыз өмірі шок жұлдыздай санаулы ханымдарын қалай қанағат тұтпақ. Дүниенің шар тарабында қол астына берілген әр жұртынан тандап, тартып алынған қаншама құралай көз, сүмбіл шаш күтуші күн, қызметші-нөкер есебінде осы гаремнің құпия сыр мен терең мұң басқан жұмбақ қойынынан мәңгілік тұрағын тапты.

Темірдің ханымдары мен қатындары, оның әрбірінің жиһангер өмірінде алған ерекше орны болды. Бірі оның мұз жүрегін шектен асқан сұлу сымбатымен балқытса, енді бірі ақыл-парасат назымен баурады. Солардың ішінде Темірдің табалдырығын аттаған күннен өле-өлгенше ұзақ ғұмырды жаза баспай бірге өткізген, ащы — тұщыны бірге тартқан ерекше сүйген ғашық жары — жалпақ дүниеге Сарай-мүлік ханым деп дәріптелген, атакты ақша жүзді сұлу Бибіханым еді.

Жетпіс бірінші доңыз жылғы әскери төңкерістің кезінде Темірдің тікелей бұйрығымен Кейқысырау әмір, Хүсейн Әмірдің басын алып, оның барша қазынасымен бірге гаремдегі сұлу бегімдерін үлеске салғанда әйгілі Іңкәр бегіммен бірге, Темірдің жүрегін ерек тебіrentкен гаремдегі ай жүзді сұлу — осы Бибіханым еді.

Әуелгі нақ сүйер жылдар өткенде гарем тағдырымен бірге ұлы көрегеннің өз өмірін де алақан аясында ұстаған әлемнің ұлы бөйбішесіне айналды. Темірдің жүру-тұруы, ішер ас, киер киім, күнгі -түнгі тыныс сәттері, қай күні, қай кеште, қай сұлудың ақ төсін аймалайтын пенделіктің бір басына тиесілі үлесі түгелдей осы бөйбішенің еркінде болды. Бала, келін, немере тәлімі, ұлы салтанат тойлардың қаншама қызық-шыжығын сүттіей тасытқан рәсім-салты бір ғана осы адуын ханымның көз қарағы, көңіл қалауымен іске асырылды.

«Текті жылқы тебінсіз» дегендей, Темір ежелгі Шыңғысхан заманынан жалғасқан хан тұқымын қастерлеп, хан күйеуі, көреген атағы үшін Ұлжатай —Тұрхан, осы Бибіханым Түкел ханым сынды хан ұрпағының үш асылын бірінен соң бірін алса да, бұлардан хан нәсілі өрбімеді. Оның орнын гаремнің сұр

мөрмәрімен айшықталған күңгірт бөлмесінде Бибіханымның рақымы арқылы өмірдің ақ төсекке оралар күнін айлап, тіптен жылдап күтетін басыбайлы сұлулары толтырды. Тор қапастағы тотыдай таранған парсы, тәжік, түрікпен, қыпшақ қыздары өмірдің болашақ мирасқор нәсілдерін бірінен соң бірін доптай домалатты.

Дүниеге жаңа мирасқордың келгенін паш етіп, гаремнің күңгірт бөлмесінде шыр етіп жерге түскен нәресте, кіндігі кесілгесін анасының ақ сүті төрк етілді. Ол енді туған ана төсінен аулақ Бибіханым басшылық еткен ерек жайда, арнайы қойылған сайыпқыран қызметкер әйел қамқорлығына көшеді. Ұл үш жасқа толғанда ата бегінің тәліміне өтеді. Жиһангер тағына мирасқорлықтың қанмен бітіп, сүйекке сіңген өмір тағылымы өзгермес заңы осылай еді. Бір биеден ала да, құла да туатыны сияқты Темірдің кіндігінен өрбіген, оның алғашқы үлкен қатынынан көрген тұңғышы Жаһангер, одан кейінгі Омар-шейх, Шах-рух, Миран-шах мінез-құлқы, қадір-қасиеті бір-бірінен соншалық алыс, бірі көззәп, бірі мас, бірі құдай жолын ұстанып тәсбих аударған жәй дәруіш боп өсті.

Жиһангер жастай өліп, оның артында қалған жас жесірлері жасау-жиһаз мүлкімен үшінші ұлы Миран шахқа бұйырды. Соның бірі Орданың атақты ханы Өзбектің немересі, Ақсопының ай жүзді көркем қызы Сыбанбике ұлы Әмірге торсық шеке, толымды қос немересі Мұхаммед Сұлтан мен Халил Сұлтанды сыйлады. Бұның ізінше Гераттың билеушісі, Шариад-намасыз жер баспайтын діндар сопы Шахрухтың сарайында ажарлы да ақылды келін Гауһар шад дүниеге арғы атасының алып есімін жаңғырта келген кішкене Мұхаммед Тарағайды өкелді. Ғаламда өшпес ізін қанмен емес, ғылыммен, біліммен, адамға, заманға деген парасат-жақсылығымен мәңгілікке қалдырған — адамзаттың Ұлықбегі еді ол.

Темірдің гаремі мен сарайында болашақтың иесі, империя мирасқоры болып өрімдей үш ұланның қатарына кешікпей темірдің ұзатылған қыздарының бірінен туған хан текті немере жиені Сұлтан Хүсейін қосылды. Енді төрт жасқа толғанда көк сарайдың көгілдір мұнарасы астында, сұрғылт-сұсты залдарда, атбегі, құсбегінен сан алуан соғыс, сайыс, саят өнерінен дәріс алған, осы төрт бөлтірік, көкжал сары азу ата арланға ілесіп күзгі жортуылға аттанар күнін асыға күтіп, өсіп келе жатты.

Бұлардың алды Мұхаммед Сұлтан мен Халил Сұлтан Темірдің

алғашқы Арзурум жорығына сегіз жасында қатысты. Сегіз жастағы ұшпақанат ұландар, қаһарлы, қандыжол атасының іргелес, көрші ел Хорасан мен Иранның қаншама гүл-көрікті шаһарларын жер-жексен етіп, халқын қанжоса қырып, азаматын күл, қыздарын күн етіп, бұғаулап айдап, қымбат қазына мүлкін тонауға салғанын көздерімен көрді, ұяда қанды жем көрген жас қыран қансонарсыз күн кешпейтіні аян. Содан бері жердегі дүниені дүбірлеткен Темір жорықтары оның айбарын асқақ шыркатқан жеңісті жолы он төрт жасында тегеуріні кара дауыл кара түмендердің тізгінін ұстаған төрт немере төрт қыраннан қағыс қалған емес.

Мұның рухани атасы Шыңғысхан әлемнің үстінде монғол туын көтеріп, монғол тұлпарын ең шеткі теңізден суарудың өсиет-батасын өзінің төрт бөрі, төрт ұлына тапсырса, Шыңғысхан жетпеген жер мен елді, барша жарық дүниені Барластың құлан-жүйрік арғымағы тұяғына таптатып, жиһан тұтқасын бір қолда Темір империясының қолы астында ұстауда осы төрт немересіне иек артты.

Сұлтан Хүсейін міне, бүгін, темірдің ақырғы арманы, бәлкі соңғы жорығы – Қытай жорығында он екі аттылы түмен туын бір қолда ұстаған сол қанатты басқарып келе жатыр. Оның кара құрым қолы Сейхуаннан өтіп, Отырар мен Яссы, Сығанақ пен Сауранды, Уранхай мен Қарнақты, Ихан мен Шорнақты тұтас жайлап, Қаратау күнгеі мен теріскейін көшпелі ру басшыларын, уалаят бектері Әмір сапарына тартқан, құрбандық еткен, сан атыраптан күн-түні толассыз айдап келтіріліп жатқан сансыз отар, жылқы үйірлерін шегінен баудай түсіріп, қансоқта майға шылқып жатқанына, міне аптадан асты.

Дәл осындай күй, осындай күнді сол жағы Ташкенттен Қазығұрт асып, Испиджабты, Оксудзы, Ханқорған мен Маданкетті, Сұлтанрабад пен Қараспанды кара тұманға тоғытып ұлы Әмір көрегеннің өзі бастап келген Халил Сұлтанның сегіз түмені жатыр. Әскердің он қанаты оң сапардың алдын бастайтын жойқын қанаты еді бұл.

Халил Сұлтан мен Сұлтан Хүсейін қатар өскен, қатар шыққан қос сұнқар. Бұлардың кең дүниеге көш ашып алғаш рет қиянға қанат қаққан шағы ұлы жиһангер атасының өуелгі Арзурум жорығына тап келген. Сол сапарда бұлар Үрмидің жасыл жағасында орда шатырдың ішінде сарай бектері мен бегімдеріне арналған кіші тойхананың үстінде Исфahanнан жеткен суыт-суық

хабарды өз құлақтарымен естіген. Сонда бұлар Әмір көреген атасының күнгірт даусымен «Исфahan қымбат төлем қайтаратын болады» — деген жайбар жауабына танданған. Сол жұмбақтың түйінін Әмірдің қос түменмен Хорасанға қайтқан сапарында, Шахрихан өзенінің бал құрақты жағасында еру боп тоқтаған күні алтыншы түменнің атақты қолбасшысы Алдан баһадүрге берген қысқа бұйрығы шешкен. Мындар, тіпті, сан мындардың қаны мен жаны ұшан-теңіз жер мен елдің тежеусіз билік құрған қарасұр ақсақ адамның рахымсыз, аяусыз Әмір көреген атасының жалғыз ауыз сөзінде екенін бұлар алғаш рет өз көздерімен көрген.

Иә, солай, Арзурумның әйгілі, алғашқы жорығынан Хорасанға бет алған Темірдің алдында ол күні өлі де көп асар асу, өтер шөл, тасыған дария, сағым құшқан көлдер жатты.

Хоремдаг баурайында түнеп шыққан түмендер келер күні кіші бесін кезінде Әбесхун теңізіне қарай қанды көбігі таскындап ағып жатқан — Қызыл өзен жағасына жетіп ат басын тартты.

Кешегі аттаныс алдында түмен басыларымен болған әскери кеңесте негізгі әскер тобы тырнадай тізілген көп түйелі керуен, арбалы көштерімен бірге Хорасанға жеткізер жақын да жайлы жолмен түп-тура Мешхедке жылжып, екі түмен тізгінін өз қолымен алған Исфahanға бет алмақ болып шешілген-ді.

Ол Қызыл өзен бойынан айыр басты айдаһардай ирелең жол тастап, екі атырап қозғалып Темірдің түмендері енді Хорасанға жетпей, жемтігін жұтпай тынбайтын тажал бұлты боп, шығысқа қарай жөнкілді.

Жайбар сапарда екі аптаға ұласар жолды суыт жорықпен бастағаны сегіз күнде өткен қос түмен ақыраптың нақ ортасында қаншама толқыны жайдары ағып жатқан Шахрихан жағалауына жетіп тоқтаған. Енді көгілдір мұнаралары көкпен тілдескен өлемге қаншама керемет суреткерлер мен сәулетшілер берген күллі шығыс елдерінің мақсаты — Исфahan қол созым жерде.

Өзен алқабында тер, кірлерін шайқап, қосқалағын түзеп, қылыш, найзаларын қайрап, ат-өбзелдерін сайлап жатқан қалың әскер ортасына күндік жол алға кеткен Музафараддиннің шолғыншы жасағының хабары жетті. Олардың айтқаны: — Шаһар қақпалары ашық, тай-тай жүк артқан керуендер тізбегі бәз-баяғы бейбіт күндердей кернейлетіп келіп, қаздай қалқып кетіп жатыр.

— Жә, бұғалық көрмеген бұлан асау бұлқынып қайда баратын еді. Әскерлер қос тігіп, екі күн еру болсын, бабына келсін. Істі сәрсенбінің таңында хан базардың қызған кезінде бастаймыз, —

деді Темір түмен басыларын шақырып. Неткен іс ол, қалай басталып, немен тынбак, Әмірдің кара кеудесіне құйын ойнатып келе жатқан оның түпкі максаты не еді?... Оның сыр-сипаты сол бір ақыраптың кара кешінде құдіретті құдайдың жалғыз сүйген құлы Әмір көрегеннің бір өзінен басқа жанға беймәлім еді.

Сейсенбінің кешінде ол өзінің орда шатырына түмен қолбасшылары Алдан-баһадүрді, Ергеней батырды және Аргұн-шах, Мұзаффар-алдинді, Жағатайды шақырды. Олар балауыз шырағданның әлсіз жарығы үстінде отты көзі қанталап құрбандығына атылғалы тұрған хангер жолбарыстың бейнесін қайта көрді.

—Шаһарға құланиек таңмен бірге Алдан-баһадүрдің түмені кірсін. Ергеней батырдың екінші түмені шаһарды айнала қоршап, қорған сыртында қалсын. Шаһардан шығар жол түгелдей жабылсын. Бірде-бір тірі жан сытылып кетпейтін болсын — бірде-бір!

Оның әрбірін бөліп айтқан бұйрық тіптен жай, әлсіз естілді. Сол күнгірлеген жай, күнгірт сөздің әр бірінде мындардың тағдыры жатыр. Оны мына, қасында қас-қабағын қалт жібермей баққан баһадүр, нөкерлері жақсы біледі.

—Сенің қылыш тотын алатын күнің енді келді — Темір енді қанды жанарын бұдан кірпігін алмай шоқыдай шөккен арыс кеуделі Алдан баһадүрге аударды. Түменнің, мындықтың, әр жүздіктің, әрбір сарбаздың не тындырғаны шаһар аланына уәлаят ордасы алдындағы алаңға жиылған, үйілген адамның басымен ғана өлшенеді. Кімде кім мейлі мыңбасы, сарбаз болсын мына кара шегірткедей құжынаған жексұрын қызыл бастың басын жерге неғұрлым көп ұшырса, оған соғұрлым ақ алланың рахымы жаумақ. Есінде болсын, — деді ол, тағы да Шаһар аландары мен маһалла көшелеріндегі нәжіс түгелдей Шахриханның суымен шайылуға тиіс. Оған қажет болар екі мың адам қолы байланып шаһардан тірідей алып шығылсын, — деді. Әркез тапсырма сөзін шолақ қайыратын Темірдің ертенгі қанды қырғын алдындағы аз-кем кеңес сөзі осылай тынды.

Енді міне, қараңғы қапас түн. Мың жылдық Исфаһанның ақырғы түні. Кара барқын аспанда сансыз жұлдыздар самсады. Дауыл ұшырар күзгі жапырақтай сансыз өмірдің өшер алдындағы тірі әлемге, жарық дүниеге, Адамата әулетіне қалдырар сөнбес белгісі емес пе екен ол. О, жақсылық үшін жаралған жалғыз өмір таянған тажалды, төбеден төнген жасынды кері серпіп, бейкүнә пенденді сақтап қалар күнің қайсы?!

Сәрсенбінің сәтті таңы бұл күні де Исфаһан үстіне әр кездегідей алыста, қатпар таулардан иек артып, арайлап атты. Жаңа күннің шапағы көкке бой түзеген көгілдір күмбездерді алтын нұрына малғанда кернейлетіп, сырнайлатып, майпаң басқан түйелі керуендер, қап-қап алуа, жаңғақ, жидегін артқан қоқиған қоқан арбалы керуендер махалла, аландарды толтырып, шаһардың қан базары қызар шағы да туды. Бағдат пен Дамаскіден, теріскейде Тегераннан, Табризден келген саудагерлер жаршыларын жалдап, мөре-сөре қызықты өмір қазаны енді қайнап жатқанда, мұнара басынан жалпы жұртқа жар салған күзеткер жаршының жан ұшырған айқайы жаңғырықты. —Ей, халайық, жау келіп қалды, жау-жау! Сақтан-сақтан!

—Соның ізінше сан тарау маһалла-көше, өткелдер арқылы орталық алаң оған жалғас сан мың адам сендей соғысқан үлкен базарды беттеп, таудан құлаған қара таскындай қаптап келе жатқан қалың жаудың қарасы да көрінді. Олар жай шеру емес, жолындағы бөгет атаулыны жапырып, көрінген жан төбесіне нажағай отын ойнатып, қанды қылышын жарқ-жүрк сермеп, тас айдынды көше, аландарды жанталасқан айқай-шу бір сұрапыл сарынға кернеп келе жатты.

Әрекетсіз, қарусыз жазықсыз тобыр қайда барса да қаптаған жасак, қалың қол, қайқы қылыштың астына түсіп, ат тұяғына тапталды. Құлаштап сермеген сүйек сапты құбыла жүзді өткір қылыш жүзінен ақ басты ата, қара шашты бала, енкейген әже, арыс кеуделі азамат бастары алмадай ұшып, басы кетіп, кеудесі қалған өліктер баудай түсіп жатты. Шаһар үстін таңсәрідегі көкірек тоймас көусар ауа ұлы сәске шағында қолқаны атқан кою шаң мен қан сасыған қара түнекке толды. Жасынның отындай жарқ-жүрк шабылған қылыш, ысқыра тартылған садақ, ат үстінен сілтенген көксүнгі найзалардың жарқылы толастар емес. Шылқып аққан қан, жығылған ат пен адам денесі, тай-тай боп шашылған жүк, тас айдын аландар мен маһалла көшелер жүзін тұтастай жапты.

Алданның қалың жасақтары ат басын қайда бұрса, оның жолында шашылып домалаған бастар мен теңкиген өліктер қалды. Екіленген тағы сарбаздар аш қасқырдай жалақтап үйге кіргенді үйден, інге кіргенді іннен суырды. Күн бесіндікке ауғанда ат омырауы қан мен терге малшынған сарбаздар қарусыз шаһар, қорғансыз халықты қынадай қыруға келген мансүк міндетін төмамдап қалған еді.

Ол кезде астына жібек жалды, қаз мойын қара қасқа

текежаумат арғымақ мінген мыңбасы Құрбан-непестің жасағы айнала биік қорғанды орталық үлкен базарда отыз мыңдай адамды қойдай қамап, тапжылтпай ұстап тұрған. Енді қолдарына бұрау-бұғау салынған олар топ-тобымен сыртын орай ағатын Шахрихан жағасына айдап шығарылды.

Астына ауыстырып, араби ақбоз тұлпарын мініп, соғыс жағдайында қиетін сауыт-сайманы, биік болат дулығасын киген Темір де бір топ қорғаушы жасағы ортасында, өзен жағалап осында келіп қалған-ды. Ол көбі қилы ел-жұрттан келіп, төбеден жай түскендей мына қасіретке душар болған жат жер, шетелдік керуенші саудагерлер мен жай қаңғыма дәруіш, қыдырма-саяхатшылар тобырын атүсті биіктен шолып, мізбақпай қарап тұрды. Бұл тобырдан ол іргедегі Хорасан, теріскейдегі Тегеран, алыстағы Бағдат пен Басра, сонау бір қиырдағы өз елі, өз жері Хорезм мен Бұхардан айыр етек ұзын жемді қара шапан, ала шапандарынан жазбай таныды.

—Мыналар, — деді ол жанында ат басын бір кез ұстап, Әмірдің айтар өмірін күткен Арғұн-шахқа қарасұр жүзін бұрып, електен өтетін болсын. Шетелдік және исфаһандық саудагер, ісмер, шеберлердің өмірі сақталсын. Самарқанд ғимараттарын салуға қажет қайраты бар жас адамдар да бұғауланып бөлек ұсталсын. Қыздар мен жас әйелдер теріп алынсын. Қалғаны, мына шахрихан суын бөгеп, оны шаһар көшесіне шығарудың іс қарекетіне жұмсалсын, — деді.

Арғұн-шах әр кездегідей Әмір иесіне бұрылып, оң қолын төсіне басып, басын иді.

Бұл әлегі, ду-дүрбелеңі көп іс түні бойы маздап жанған от маңында майлы алаулардың жанында, аппақ таңның атқанынша созылды. Жалақтаған сарбаздар қолдарына алау ұстап көпес дүкендері мен сарайларын, көшелер бойында жүк-мүгімен теңкиген түйелердің тендерін шашып, тай-тай пұл артқан биік қокан арбалардың жүгін, ол таусылғасын исфаһандықтардың қора-қопасы, мекен — жайларын тонап, тірі қалған жас әйел, жас қыздарын шаһардың орталық алаңы маңындағы үлкен гүлбағының ішіне апарып жатты. Олар енді басыбайлы пенде, жат елден келген қаптаған жаудың алдын бастап, айыз қандырып, ат үстінде асыр салған әскер басыларының қолында. Қатын қыла ма, сатып жібере ме, гаремдердің гүл жазира бақтарында, бегім ханымдарға күтуші-күң етіп ала ма, солардың ісі.

Иә, заманында ақыл-парасаты, алдамыш-мекерлігі Шығыс

елдерінде ертегі болған Бағдат пен Басраның пері — перизаттары сияқты Исфаһан да даңқы кеткен үрдің қызы сипатты нелер жасөспірім қаракөз шаһары еді. Сол шаһардың барша бетке ұстар асылы, ақша бет арулары тәңірдің тәлкегіне түсті. Пәни себеппен тірі қалған ана баласынан, қыз анасынан, әке жер мен елден, сүйген жар, сүйікті адамынан айрылды.

Осылай өрт пен шаң, қан мен мұңға батқан шығыстың айдын-шаһары қасіреттің уына милығынан батып, өз тарихындағы ең қаралы түнін өткізді.

Шаһардың қаншама ғасырлар дүниенің бұрышынан жиылған асыл қазына, жасаулары Қиырдағы Қытайдан ақырғы көк теңізге ұласқан Андалузияға дейінгі ұлан-ғайыр жер бетінен Күнгей Үндістаннан, таяудағы Мессопатамия, Мысырдан, Рум мен Византиядан әкелінген сан алуан алтын, інжу-маржан асылдар, көз жауын алар әсем нақышты кілемдер. Темір сарайындағы сайыпқыран сарапшылар сарабына түсті. Ең асыл бұйымдар мен жиһаздар көксарай қоймасының меншігі. Одан кейінгі бай қазынаның бір бөлігі әскер басыларға сыйлық болмақ. Қалғаны қалың тобырдікі. Мұның баршасынан ерек Темірдің әр кез, әр сапар, әрбір жорығында, оның шексіз құштар көңілінің заһарын қайтарар, оны пенделік қалыпта ұстап тұрар бір күдіреттің қымбат сыйлығы бар. Ол — әйел заты.

Өз басының атақ-даңқы үшін Ақ орда мен Ұлы Моғолстан жерінің ежелгі хан әулетінен тандап алған асыл текті сұлу бегімдері аспандағы шолпан жұлдыздай ерек жарқырап орны бар. Солай болғанымен Самарқандтағы шаһар сыртындағы мұның күдіретіне бағыштап сан мың бағбандар орнатқан миуа бауларындағы гаремдерде тұрағын тапқан күтуші кәнізектердің көбі сұлу көркі, ақыл-парасатымен Темірдің ең таңдаулы, текті қатындарынан кем түспес еді. Сол гаремнің хұжыра жайлары жорықтарда жойылған шаһар, ордалардан тандап алып әкеліп жататын көркем қыз, сұлу әйелдерге толып көрген емес. Толуы мүмкін де емес. Оны олай еткен өзге емес, сол гаремнің өз әміршісі, әйел падишағы ұлы ханым Бибі ханымнан басқа ешбір жан біліп-ұғып болмас өз тәртібі, құпия жұмбағы көп, ішкі тәртібі.

Өзі де он төртінде гарем тұтқыны болған Бибі ханым әйел заты үшін сұлу көрік, сыр мен сымбаттың, жүректе алаулап таусылмайтын құштарлықтың не екенін білетін. Ондай сырлы қасиеттің ләззатын өзі де мына ғажайып рұмырында өз басынан талай кешкен. Солай болса, терең есепті ойшыл, саясатшыл,

зымиян әйел гарем билігін қолына алғаннан кейін, ондағы көбелек ғұмырлы тұтқын қыз, жас әйелдердің тағдырын өз алақанында қан көбелек ойнатқан.

Гаремнің қырмызы гүлі – гүл сипатты сұлулар бір жағынан Бибі ханым ұлы билеуші әмірінің көңілін табу жастайынан зұлмат істі көп көріп, запыран-захарын көп татқан мұз жүректі жұбатуға керек болса, екінші жағынан, өзімен әрдайым бақталас, тайталас күндестікте күн өткізіп келе жатқан Тұман аға ханым мен Шолпан мүлік ханымға қыр көрсету, олардың ішін қызғаныш отымен өртеу үшін керек болатын. Қызғаныш жайлаған күндес жүрегі неден аянады, нендей сұрқия сұмдығынан тайынатын еді. Дәл осындай есеппен Бибі ханымның уытты қолымен тасталған шок күндестің көзін жоя алмай, бір ғажайып өнер иесі асыл азаматтың дидарын жарық дүниесінен айырған-ды.

Ол бұдан бар болғаны төрт жыл бұрын Темірдің екінші Византия жорығынан оралған жаздың жұпар кешінде болған жай еді.

Алыс сапардан оралған Темір шынар бағындағы аз-кем тыныс сәтінен кейін, бүгінде Сарай-мүлік ханым атымен шартарапқа даңқы кеткен Бибі ханымды ілестіріп, осы жорық тұсында мұның сүйікті, сұлу әйелі Шолпан-мүлік ханымның тілегімен, Темір жеңісінің құрметіне, атакты шираздық сәулеткер ұста Жағыпар-алдиннің шеберлігімен, Шахинзинда түбінде көкпен тілдескен көк мұнара күмбездің жаңа біткен құрылысын көруге шыққан еді. Сонда араби ақбоз жүйріктерге мініп, үкілі қамшы қолға алып жазғы кешкі жайлы самалымен желпінген Әмір көгілдір көкпен тілдескен көк мұнараның ғажайып көркінен көз ала-алмай ұзақ тұрған. Оның шыңыраудағы шоктай ұшқын атқан сол қанды көзі сол көгілдір мұнараға қадалған сайын, оның сол күмбездей күмбірлеген кеудесі әлде не жұмбақ жалынға толып, қарасұр жүзінен қан қашып, бұршақтың бұлтындай сұрлана түскен. Байының ішкі-тысқы дүниесін жаза баспай танитын Бибі ханым Әмірдің мына алмас қанжар жүзіндей құбылған өңін көргенде, іші алаулап жүзі нұрлана түскен. «Құрыған, өлген жерің осы шығар, сұрқия» – деп тісін қышыратқан. Темірдің тұтанар алдында түтін қаптап тұншыға булыққан кеудесіне құйып жіберер майы да даяр тұрған.

–Мынау не күдірет? – деді Темір, Бибі ханымға қарауыта сұрланған қансыз жүзін баяу бұрып... Бұл мұнара неге, не себепті көк аспанмен мұндас, тек қана көгілдір нілмен боялған. Неге, не себепті құпия мұңға толы, мұндық зарын төгіп тұр?

—Білем, ұлы билеушім, — деді Бибі ханым, сазарған жүзі мұнданып, терең күрсіне үн қатып. Мен айтпағанмен дана жүрегіңіз сезіп тұр. Ауыр болса да айтайын, шираздық ұста Жағыпар-аддин, сіздің сүйікті-сүйген, шын берілген асыл жарыңыз Шолпан-мүлік ханымға ғашық. Мына күмбез сол ғашықтық мұнының белгісі. Ол өзінің ғашығына деген бар жүрек мұның, әні мен зарын осы көк мұнара көркіне төккен.

—Ал, солай делік. Көзі бар ұста көрген шығар, сүйер жүрек сүйген шығар... —Темірдің күңгірт сабырлы үні діріл араласып естілді. Ал, оған Шолпан-мүлік қандай сыр, нендей күйде жауап қатыпты. Білемісің оны?

Бибі ханым жауап орнына Темірдің темір тектес жүзіне мұндана қарап тұрды да:

—Бері жүріңіз, Ұлы билеушім, — деп ат басын таяуда балбырап пісіп тұрған алма ағашына бұрды, мұнда келіңіз. Мына бұтақтан таңдап тұрып, ең ажарлы, ең нәрлі бірін алыңыз.

—Иә, солай болсын.

—Алыңыз, ұлы падишах-ием. Өз көзіңізбен, өз қолыңызбен танданыз.

Темір Бибі ханымның мына жұмбағына қайран қалып, соның бұйрығын орындай берді. —Не ойлап, не сұмдықты көрсеткелі тұр, мына қатын.

—Ал, енді, — деді Бибі ханым, Темірге қолындағы албыраған қызыл алмасын көрсетіп, ортасынан жарыңыз. Сырты сұлу ханымның ішкі дүниесінде не жатқанын көресіз.

Темір алманы қынынан суырылған болат семсерімен қақ жарып еді, мұз жүрегі қарып кеткендей дір ете түсті. Сырты бүгін, алаулап албыраған алма ішіне дәнек арасына кеулеп ұя салған ақшұбар құрт жыланды ирелендеп қара басын көтеріп шыға келген.

—Міне, көрдіңіз бе, ұлы билеуші-ием, сүйген жар, сүйікті ханымның іші дәл қазір өз қолыңызда. Әйел опасыздығы, әйел мекерлігі деген осы! Басқа айтарым жоқ, — деген.

Ақсақ Темір жауап қатпай қолындағы ирелендеген шұбар құртқа шоқтай шатынаған қанды көзін қадап аз тұрды да, алманы құрт-мұртымен атып жіберіп ат басын кері бұрды.

Афросиаб бигіне қарай аяндап жүріп кетті. Ол шеттен айна жүзіндей көрініп бір ғана Самарқанд үстіндегі көк аспанмен тілдесіп, мұң сазына шомған Шолпан мұнарасы тұрды. Ғаламның қаншама өрті мен дертін көргенде міз бақпаған жүрегін захарға толтырып бара жатқан не сұмдық еді бұл. Ақсақ Темір көкірегін

кернеген сол захарды, жүрегін өрт жайлаған сол жараны емдейтін бір ғана дәрі бар екенін білді. Ол қаншама елдерде қаншама перизатты көргенде орны да, сөзі де ерек тұрар ешбір жанға ұқсамайтын асыл парасатты мінезі бар Шолпан-мүлік ханымның өзі. Ол енді, сол бір ақыраптың айлы кешінде сол гаремнің ақ мөрмөрмен айшықталған онаша бөлмесінде мұны тағатсыз күткен Шолпан-мүлік ханымның есігін ашқан.

Ақсақ Темір қаншама шат-шадыман салтанатты шағымен бірге қасірет қайғылы сәтін де сырсыз, қалыпты сақтай алған адам.

Қазір де сол сабырлы калпынан жазбады. Шолпан-мүлік ханымның:

—Есен-сау келдің бе, ұлы падишах, саламаттығың жақсы ма, — деп қатқан сазды үніне:

—Жақсы, бәрі де қалпында, — деп жайбарақат жауаптасып отырды. Тек ұзақ түннің бір мезгілі өткенде ғана, ол Шолпан-мүлік ханымды көгілдір күмбездің құпиясы жайлы сөзге тартқан...

Ақылды Шолпан-мүлік ханым Ақсақ Темірдің күмбезді көргенін, ол күмбездің мұнды бейнесі өмірді әсерсіз, ойсыз қалдырмасын, Темір көрегеннің көкірегіне ұшқын салып, ол тұтанып, алауға айналаларын да білген. Сол себепті оның қаһарлы жиһангерге айтар жауабы да әзір болатын.

—Ол күмбез ғашықтық дастаны, ұлы падишах ием, — деп бастаған сөзін Шолпан-мүлік ханым. Ол аспандағы таңмен бірге туар жалғыз Шолпанға ғашық болған жай пенденің арман-қасіретінің дастаны, ғимарат мұнарасы. Сіздің жеңіспен оралар ұлы сапарыңызға бағышталып менің тілегіммен осы жерде, Ригистанның көрнекті жеріне, шираздық ұста Жағыпардың қолымен тұрғызылды.

—Мұнара ұлы падишахтың атақ-даңқына сай сәулетті болып шығуы үшін қоятын бір ғана шартым бар деді ұста.

—Ол қандай шарт еді, айтыңыз дедім.

—Құрылыстың алғашқы қышы қаланып, соңғы нақыш бояуы өз орнын тапқанға шейін осында ұста көзіне көрінетін арнайы орында отыратын боласыз, — деді.

Мен бұл жайды адалдық адал жүрегіммен ойладым. Шираздық ұстаның адам затына өмірде бір ғана оралар махаббатының оянғанын білдім. Көрер көз, сүйер жүрек, барша пендеге ортақ. Көргеніне, сүйгеніне ол жазықты емес. Ол бар өнер құдіретін енді сол ғажайып құрылысқа төгерін білдім. Солай ойладым да, жарайды ұста, тілегің сол болса, болсын деп келісімімді бердім. Бірақ ол көрсеткен орында мен емес, мен бейнес гаремнің бір

жауһар жүзді көнізегі отырды. Ол шираздық ұста өзінің таза махаббатын өнеріне, бояуына төкті. Мен ол адам махаббатын құран аударып сіздің ұлы сапарыңызға бағыштадым, бар сыр, бар оқиға осы, ұлы падишах-ием, — деді.

Иә, Шолпан-мүлік ханым ол түні Ақсақ Темірге таза жүрегі мен бүкпесіз шынын айтты. Қаһарлы Әмір алдында жасқанып, жалтармады. Ол енді актың ісі — хақ, қашанда мәртебесі биік екенін ойлап Әмірден жауап күтіп отырды.

—Жарайды, — деді Темір, Шолпан-мүлік ханымның ай жүзді бейнесіне қиялай көз жанарын аударып, — Жағыпар ұстаның көзі мына жер жиһанда бір сені таңдапты. Ендеше ол көз ендігі жерде еш нәрсені көрмейтін болады.

—Еркіңіз, ұлы падишах-ием, — деп жай ғана тіл қатты да, Шолпан-мүлік ханым іштей терең күрсініп, үнсіз қалды.

Иә, солай, жаңа таңның атуымен Әмірден арнайы тапсырма алған жасауыл-жендеттер Регистанға таяу шеберхана хұжырасында памдат намазын оқып отырған Жағыпар-алдин Ширазиға келген. Олар ұстаны бұғаулап, байлап, қала сыртындағы Зарабшан жағасына алып келген. Ұлы Әмірдің мархабатты шапағатымен өмірімен бірге сол күннің соңғы жарығы өзіне сыйланып, кештің батуымен бірге, оның соншалық махаббат мұңын тудырған екі көзі жойылуға тиісті болған.

Солай, тәңірдің жазуына, Әмірдің жарлығына шара жоқ. Жендеттері қыздырылған от бізбен екі көзі ағызылып әлемнің асыл текті сәулетші ұстасы ғаламдағы не ғажайып мәрмөр, заңғарды дүниеге келтірген шебер Жағыпар Ширази отыз төрт жасында жалғанның жарығына, жалғыз махаббатына мәңгілік кош айтып, тасқындап ағып жатқан Зарабшанның жағасында жападан-жалғыз қала берген.

Ол әлдекімді аялап, аймалаған бейнеде қос қолын қабат алға соза құбыланы беттеп, еріндері күбірлеп әлдене аят оқып, кіндік қаны тамған Ширази, одан әрі қасиетті Шамға қараған түпсіз түнек дүниеге қарай бірер қадам жасады. Одан әрі не болды, түнек құзардан ұшып, қай дарияның құшағына құлады, оны сол түнек түннен өзге, көрген-білген пенде жоқ. Тек бір ғана Самарқанд аспанымен тілдескен мәңгілік махаббаттың таусылмас жыры көк мұнара, мұнды сырын замана заңғарында сақтап қала берген.

ҚОШ, КӨГІЛДІР КЕРУЛЕН

Әлемнің көк төңірі Ұлы қаған - Шыңғысхан
өмірінен хикаят

Иә, жылнама солай дейді. Бар ғұмырын Шыңғысхан әулетінің жорықтарын хатқа түсіруге берген ғұлама Хажы-Рахым қате жазған емес. Оның қара сактиямен тысталған сұр пергаменттер бетіне сиямен түсірген сараң жол, қысқа сөздерінің арғы жағында сол бір сұрапылды заманның сазы, жыры мен сыры жатыр. Оның жансыз, үнсіз куәсі осы қасиетті Қаратаудың жері, оның әрбір жон-жота, құзар тас, бұлақтары. Оның әрбірі қадім дүниеден сыр тартып, ой-ожданды адамға айтар сырын тауысып болған емес...



Қаратау жері, мұнар мен мұң басқан Көсегенің көк жоны, Құлан асуы мен мына Құланбасы жазығы сол бір үргін-сүргінді дәуірде осы күй, осы қалпын сақтап жатты. Жаздың жайсаң тұсы, Боралдай бөктерін күншығыста көкпен тілдескен Алатау төскейіне шейін гүл балауса көгімен кенеріне толған кезі.

Саратанның төртіне қараған қара кеште Испиджаб, Ханқорған жағына өтетін ежелгі керуен жолымен осылай өрлеп келе жатқан ылғи бұқа мойынды, тұқыл сирақты жалдас ат мінген, үстінде ылғи көк кіреуке сауыт, бастарына болат дулыға киген, бедер шеңберлі қалқаны, көксүңгі найза, қайқы қылышы батар күннің қызыл нұрына жарқ-жүрк шағылып келе жатқан аса айбарлы әскер легі көрінген.

Бұлар белгілі күн, белгілі кезеңде бір ғана Шыңғысханның еркімен бір көш алда жүріп, ұлы ханның жорықтағы жолын бастайтын Бұрынтай баһадүрдің торғауыттар түмені еді. Бұдан төрт жыл бұрын, 1219-шы ұлу жылының көктемінде бас-аяғы Зайсанда жиылып, сол жерден екі тармақ жол алып, Жошы бастаған он қанат өр Алтайдан бір қияндағы Еділ болғарына дейін жатқан ұлан байтақ Дешті Қыпшаққа бет алғанда, қос дария өлкесі – Мауараннахрдың гүлденген шаһарларын шабатын сол қанаттағы он екі түмен, жүз жиырма мың таңдаулы қолды Шыңғысханның өзі бастап қозғалған.

Екпіні күшті, кара дауыл түмендер арада санаулы апта өткенде осы Құланбасы жазығына жеткен-ді. Жорықтағы әскерге әр кез, ұрымтал тұста еру болар жер, атайылын босатып аз күн аяқ созар өріс керек. Ендеше гүл балаусалы, жаз басында салқын самал желі есіп, жайсаң көгі үзеңгі сүйкейтін Құланбасы жазығынан жайлы қоныс болған ба еді, мына шетсіз, шексіз дүниеде?!

Жаз басының осындай жайлы кешінде, астында омырауы есіктей, бұйра жалы тізесіне түскен құлан жонды құла айғыры, көк сауыт болат дулығасы жарқылдаған атақты Жебе ноян, Торғауыт түменімен ұлы ханның қолын бастап, алшаң басқан тұлпарының тізгінін мына Құлан биігіне тартқан-ды.

—Мына жерге — деген ол қасынан бір елі қалмайтын нөкеріне, айнала айқын көрінер даңғыл биіктің жон-жотасын болат найзасының ұшымен нұсқап. —Орда осында, дәл осында орнайтын болсын!

Бірақ «жау келе жатыр, жау-жау» деген үрдіс хабармен дүре көтеріліп, ұрысқа қамданып, қамалдарын бекітіп, жарақтарын сайлап жатқан Испиджап, Сығанак, Отырардан хабар алған Шыңғыс хан бұл жерде еру боп ұзақ жата алмаған. Не бары екі күн тыныс алып, «Ендігі Ұлы жиын, жеңіс құрылтайының орны мына майдам жазық болсын» деп құла сары тұлпарына қайта мінген.

Содан бергі төрт жылда Ұлы хан туы астында оның аспан астын көрнеген атақ-даңқын көтеріп жол кешкен атақты жебе ноянның түмені ат басын қайда бұрмады. Арғымағының ізі қай шаһардың шаң-тозаңында қалмады. Хан ордасында құрыштай топтанған түмен, жан талас шайқастардан тыс құрбандығын күткен аш жолбарыстай, шындайда шиыршық атып тұрар еді.

Жауы-жарағы майырылып, қансырап, екі дүние тайталас, өліспей-беріспес күн туғанда, биік қорған төбе үстінде сары шатыры жанында мұздай темір құрсанған Торғауыттар жасағы ортасында, көшпелі тақ үстінде айнала ашық дүниені сары шегір шоқты көзімен шолып, мізбақпай отырған ұлы хан алдында бұл жебе айбарлы тұлғасымен алшаң басып келер еді. Бір тізерлей тағзым етіп.

—Қамал бұзар түменге — жол болсын сұраймын, ұлы хан! — дейтін.

Ал дауыл шайқап құлау халіне жеткен бәйтеректі соңғы бір серпінмен жайратып салар дүлей күш, торғауыттың бұл кезгі сұрапылды сокқысы Шыңғысхан үшін бөрінен ерек тұратын. Ол

ойнақшып, шиыршық атқан құла сары тұлпарына құлшына қонып, ат басын кансәлет майдан отына бұрып, қынабынан құлаштай суырған наркескен алмас семсерін алға сермеп:

—Ұлы орда, қасиетті Қаракорым даңқы үшін, жеңіс құдайы Сульдэнің күдіретімен алға! — деп қамысты нуды жеке жайлаған көрі мәліндей, тарлан даусымен айғай салатын.

Сол замат бейнебір тау тасқыны құлап келе жатқандай, аспан жердің арасын құлақ тұндырар ию-кию дүбірге толтырып, шапқан қара түменге қарсы тұрар, төтеп берер күш бұл дүниенің кай бұрышынан табылатын еді.

Қаған туы астында қанды топырақты камырдай илеп, судай кешкен түмен Сейхүн мен Жейхүннан Үргенішке дейінгі сансапыра жорықта қаншама елмен көк мұнаралары көгілдір көкпен тілдескен гүл-жазира шаһарларды жер-жексен еткен, Испиджап пен Сығанақтың кілтін алтын табаққа салғызып ұлы хан алдына тартқызып, Отырарды ойрандап, оның топырағын жер ағашпен айдатып, ең шеткі теңізден қайтар жолда Монғол пырағының жемі үшін арпа еккізген де, осы дауыл екпінді бұла батыр Жебе ноянның күдіретті күші болатын.

Жебе алдағы майдан жазықты Құлан биігінде құла айғыры үстінен шолып, жанына топтанған бір қосын нөкер-қосшысына өмір етіп — «үш мың үй, көк шалғынды, алып айдынды кеңістікте алқа қотан тұрғызып, айнала ай шеңберленіп тігілсін», — деген.

Айнала атырапқа андыздай шапқан қосын-қосшылар тау бөктерлеп, тырнадай тізіліп келіп жатқан алты мың түйелі көшті, аралығы үш жүз кез алшақтық тастап шөгеріп, майдам жазықта кешкі ай жарығымен қым-қуыт шаңырақ көтеріскен.

Ұлы Құрылтайға арналған қым-қуыт өзірлік үсті, жеңімпаз түмендерінің қолын еш нәрседен қақпаған Шыңғысхан заманында, ешбір жер, ешбір елде болып көрмеген көл-көсір шашу, шалқар шаттығы өзінше ерек, ұлы той. Ол шеті мен бұл шеті көз көрімге созылып, қаздай тізіліп, қанаттас еңсе көтерген біркелкі қоңыр киіз үйлердің алды сол түннің өзінде ұшы қиырсыз маздап жанған от алауына толған. Әр үйдің алдына айдың жарығында бір-бір қысыр жайратылып, қызыл тұмсық қырғи таластың даң-дүн, жаң-жұны, қан көбікті қарға күлкінің қарқылына ұласып, өлкені ақ таңның алтын шапағы жапқанша толас таппаған.

Бұл ұлы жорық кезінде жарты малта ас қылып, жер төсеніп, жөн жастанған монғол әскері қаншама шеру танын көзбен

атырып, күнді-күндерге қосқан. Бөрі азығы жолымен шала құрсақты күн кешкен ұлы дүйім. Оның бүгін тәңірі жасап, күн құдайы төбеден күлген күні. Қарын тоқ, жел қанатты талпақ аты астында болса, монғол сарбазы үшін одан биік мерей жоқ. Ал мына ұлы құрылтай тұсындағы сейіл сол мерейдің жетер биігі, шығар шыны болмақ.

Таңертең биіктегі Қаған ордасына жақын тігілген көк шатырынан көтерілген Жебе ноян Құланның етегінен небары тай шаптырым жерден басталып, аса зор, көлемді айналма доға жасап, бір шеті сонау көз ұшығындағы көк жиекке дейін ұласқан ұлы думанды сейіл алдындағы еру — қосынды көрген.

— Мынаның жалпы қарасы қанша? — деген ол, жанынан көлеңкесіндей қалмайтын ат қосшы торғауытын жақын шақырып.

— Кешегі кештен түн жарымына шейін үш мың екі жүз үй туырлығы жабылды, — Ол күс басқан сол қолының қарға тұяқтанған үш саусағын арбайтып, оған жартылай бүгіп екі саусағын көрсеткен.

Уақыт өткізбей, Жебе ноян әр кездегідей көк кіреуке болат дулығасын киіп, көлденең тартылған құла арғымағына мініп, ерудегі өскер қосындарын шолып шығуға жүріп кеткен.

Қоналқы түнін Боралдай тауының күнгейін орап ағатын өргі Арыстың жағасында өткізген Шыңғысхан ол күні Құланға жетуге асыққан жоқ. Кеш жатып ерте оянса да, жайлы төсегінде кәрі мысықтай ұзақ маужырап кеш көтерілген. Тек кіші сәске кезінде бағыланның тұтас шикі құйрығын, мейіз, науат қосып ұзақ пісілген қоймалжың сары қымыздың тоқ зеренін сіміріп атқа қонған. Енді ол үлкен қосын, қорғаушы торғауыт жасағын бастап, алда көрінген Зеңгір тау бөктерін өрлеп, құла сары тұлпарын жай, алшаң аяңына бастырып келе жатыр. Ішінде елу жылдай бұрқанған қайсарлық, залымдық дертінің сырттағы жалғыз белгісіндей құбыла ұшқын атқан сарышегір көзін сәл сығырайтып әлі де мұзарт төбесі мұздан арылмаған тау биігіне қарайды. Өзен де, бұлақ та, жол да сол биікке мегзеп жатыр.

Сол жолмен мұның қасынан ерте, күспен бірге оянып, кіші хан, ұлы мирасқор Үгедей аттанып кетіп еді. Ендігі ол, жел қанатты ержүрек хан, ұлы сейіл майданына жетіп те қалған шығар.

Ұлы Сейіл, құрылтайалдағы үлес бөлісті ойлағанда, Қағанның

көңіл көкейінде ең алдымен осы Үгедейдің тұратыны бар. Рас, мұның алдында арыстандай қос арыс Жошы мен Шағатай тұр. Екеуі мына таудың екі биік шыңы сияқты. Әйтсе де туған жер, өскен орта қасиетті Қаракорым шаңырағы — Онон, Орхон, Керуленді жанындай жақсы көрген жалын жүректі үшінші ұлы осы Үгедейге қалуға тиіс. Бұл, ұлы ханның Хорезм жорығы жеңіспен тынғаннан бергі алдағы өмір мұратының бір ұшқыны болып, жүрек түкпірінде жатқан ішкі есебі. Оны белгілі сәт, рәсімді салтанат күніне дейін тірі жан сезуге тиісті емес.

—Хай, хай жастық, жастық! Әр көрген күнің бір өмір, саған жеткен не бар еді! — Шыңғысхан қос таудың аралығын қуып, кезеңнен аңқылдай соққан салқын самалға кәрі кеудесін тосып, ұлан далада әлде не, қиянда қалған, келмеске кеткен жайсан күндерін еске алғандай терең күрсініп, құла сарының тізгінін жібере түсті.

Құландағы ордаға кіші бесінде келген Шыңғысхан өзін қарсы алған қаракұрым Баһадүр, Ноян түменбасылары ортасында тұрып, ол кеште өз ордасындағы кіші хандар Үгедей мен Төледен өзге екі ұлы — Жошы мен Шағатайдың құрылтайға әлі келмегенін білді. Сол күннің кешінде Алмалықтағы ордасынан аттанып, осылай беттеп суыт келе жатқан Шағатайдың хабарын алып шабарманы жетті. Енді өз хабары өзінде жатқан бір ғана үлкен ұл, айбарлы қолбасы, қара ордада ұлық қағаннан кейінгі екінші хан — Жошы еді.

Жошы, Шыңғысханның құрылтайға шақырған үкілі хатын барша кіші хандардан бұрын, сәуір айының басында алған еді. Бірақ Шыңғысханның осы Жошы түмендерінің күшімен Сығанақ, Сауран, Отырарды күйретіп, Бұхар мен Самарқан, Хорезмнің күлін көкке ұшырып, уәлаят, шаһарларда қан мен көздің жасына бөккен қисапсыз қазынасын сансыз түйелі керуеніне артып, құл мен күңін матап айдап, шығысқа бет түзегенін өз көзімен көрген. «Жемтікке тойған кәрі тарланның енді асығатын жөні жоқ», — деп түйген. Сол есеппен сәуірдің ортасында Қаратаудың ақырғы сілемінде — Акжайқын жазығында әскерін ордасымен аз күнге ат айылын босатып, дамылдап жатқан Жошы, ұлы құрылтай өтетін Құланбасы жазығына жетуге асықпаған.

Торғауыттар түменін Қаратау сыртында, Созақ атырабында

кідіргіп, өзі үлкен ұлы Орда Еженді және ханзада, бегімдердің бір тобын ілестіріп, үлкен қосымнан Қаратау теріскейіндегі алшын, қыпшақ, қоңыраттарының елін, жерін танып, тіршілік дүниесін сырттай шолып, Баба-Ата маңында Сарытау асуы арқылы ат басын оңға бұрған.

Ол бұл сапарында ұлы хан ордасынан төрт түмен қырық мың әскерін бастап аттанған, өр Алтай, Қара Ертістен сонау ұлан өлке – Ұлытау жеріне дейінгі ұлы дала – бұлардың кіндік ханы тамған қасиетті ата мекені ақселеу, айдын көлді монғол даласынан да ұлы, көрікті де көркем екенін көрген. Ол осы жорығында шалғыны теңіздей шалқыған Дешті Қыпшақтың даласында да Орхон мен Онон, қасиетті Керулендей мөлдір сулы, жайсаң жағалы өзендер, аққулы көлдері, сол сұлу жер, ұшан жайлауларды жайлайтын мархабатты елі бар екенін көрген.

Жазғы жайлауда шұркырай жылқы өргізіп, қаздай тізілген түйелі көштер жүргізіп, майпаң басып, қонысқан ауылдар, арындатып ат мінген қыз бозбала, ақ жаулықты әйелдер, топ-топ дөңгеленте тігілген ақшанқан үйлері мен көз ұшығына кеткен далада, жарастық қызық-шыжығы бар ғұмырына жетіп жатқан, өзгеше дархан дүние екенін көрген.

Қыпшақтың аспаны биік, жері кең, таулары зенгір, аттары жүйрік, аны көп, қыздары сұлу, жігіттері жігерлі, батырлық та, байлық та жетіп жатыр мұнда. Өмір сүрер адам затына одан асқан не мұрат, нендей арман болатын еді. Мұндай жер, мұндай елді өсіп-өнген жұртты құлдыққа салу – күннен туған қасиетті – Гунн бабамыз әруағының алдында күнәһарлық болмас па?! «Жоқ!» – деген сонда Жошы. – Бұл өлкеден алатынын алды, көрерін көрді. Кетсе Қағанның өзі кетсін! Ал Жошы ұрпағы өзінің қуанышы-қайғысы, думаны-қызығымен, осы қыпшақтармен бірге болады. “Тағдырдың бергенін осы елмен бірге бөліседі», – деді Қаратау жонында айнала көгілдір мұнар құшқан ұлы даланы биіктен шолып.

Айнала ұлы дала, ұшан-теңіз дүние. Мұнда не көп ашылмаған аңыз, шешілмеген сыр көп. Мынау сырт жақта бейне осы дархан өлкенің мызғымас жалғыз күзеткері сияқты заңғар шоқы қалып барады. Оны жергілікті жұрт – Мыңжылқы дейді. Оның мың емес түмен жылқысы еркін сиятын арқа сауырыны, әр сөйгүлікке шәрбат үшін, мырза табиғат мөлтілдеген тас бұлақтарын сыйлапты. Сайы жыныс долана, жусанды жота, бетегелі беткейі сынсыған шешек пен қызыл күрең тобылғыға толы. Ертелі-кеш

тау тасын жаңғыртып сайран салған кекілік өніне елігіп, құзардан құла дүниеге құлақ түрген тайыншадай қоңыр құлжалардың келісті кескіні алыстан шалынады. Содан бері қарай күн шығысында, сонау көз ұшығында көк мұнарға көмілген көгілдір тауларға беттеп, әр қадам басқан сайын мұның алабұртқан асау сезімі алдында екі ұдай дүние – мархабатты өмір сол сырлы дүниеге өрт пен өлім сепкен зұлмат күштің тайталасқан суреті қат-қабат көлденең тартыла берді. Ол бұл Жошының хан ұлы боп, ат жалын тартып мінгелі өз көзі көрген, өз басы кешкен, әкесі Шыңғысханның өмірімен ажал отына берілген сансыз жан, шығыс-батыстың гүлжазира шаһарлары, қираған інжу ғимараттар, өртенген жәннәт баулары мен ешбір жамандық, зұлымдықтан бейхабар туа бітті қаймағы бұзылмай, мына жаңа көктем нұрымен түрлене гүлденіп, сүттей ұйып жатқан бұл дүниенің келбеті.

Иә, сонау көкжиекте көрінген көгілдір таулар етегінде, құлан жазығында шыжан қосын жиылып, мың сан киіз үйлер алдында той-торанғының көк түтіні көкке шаншылып жатыр. Күллі исі монғолдың бүгінде қағанағы қарқ.

Бұл манда адам-ата жаралғалы тендесі болып көрмеген ұланасыр Құрылтай сейілінің төрінде, дегеренді биікте алшысынан орнаған қара орданың төрінде жиһанды сары шегір көзімен биіктен шолып, Шыңғысхан отырғаны аян. Монғол мерейі, әке даңқы сайып келгенде, айтуға тіл, ойлауға қиял жетпес қиян өлкелерді тас түйін ғып ұстап отырған ұлы монғол қағандығындағы екінші тұлға осы Жошының даңқы. Бірақ Жошы – ондай даңқ тұғырынан, мына ұлан ғайыр өлкеде үйірлеп жылқы өргізген, құлан жортар құла далада дабылдатып саят құрған, пөни дүние қызығын мың мәртебе биік қояр жайы бар. Мұның еркі үстем болса, хан мен қара, төре мен төленгітті бөліп жатқан тас камалды талқан етіп, құдай мен құлды құдандалы етіп, иен далада үзенгі шіреп, шат-шадыман ғұмыр кешуді таңдар еді.

Сол себеппен, ұлы Сейіл жалауы желбіреген құлан жазығына жақындаған сайын, оның қаншама елдер, өлке, ұлыстарда қисапсыз жұрттың қанын жүктеген хан-әкеге деген перзенттік жүрегіне түскен жиреніштің дерті, күн асқан сайын ұлғайып келе жатқанын білген.

Осындай екі дүние арбасып, енжар көңіл күптігей тартып, айнала адырлы тау, көк жонның көп жолын өтіп, сылдыр бұлақтарға аңтарыла назар салып келе жатқан Жошы алдынан,

бір шақта алдағы ылди-жазықта үйірлене қонған үлкен ауылдың сыртынан недәуір ұзап, бұларға қарай жеделдете тартып келе жатқан ақ-желені аралас, қалың аттылы топтың қарасы шалынған.

Өр Алтайдан асып, Зайсанды басып, Дешті Қыпшақтың байтақ өлкесіне өткелі бері, жаугершілік жорықпен өткен төрт жылдың ішінде, бұл ұлан өңірді мекен қылған ел-жұрттың қыр-сырын әр қырынан көрген Жошы, өзі апталап, айлап ортасында болып, түз дәмін татқан көкмұрын, қоңыр, алтыбас, байсары, шегірдің әдет-ғұрпында – бұның ата-заманына көзі көріп, құлағы естімеген мархабатты сенім, дархан молшылық пен құшақжайды меймандос бейілдің соншалық айқара ашық екенін сан рет көріп еді. Бұл Қыпшақтың сан атырау ата-жұрты, тек салтанат-ғұрпымен ғана емес, Селенге – Орхоннан Шығыста Керулен, Күңгейде, Хинганға шейін көшкен бұлармен сан-сабақтас ғұмыр кешкен, тектес ағайыны қоңырат, қоралас, жалайыр, найман, меркіттермен түп ата – түркі тілдес болғасын, сөйлер сөзге келгенде пәлендей бір тосқауыл, кемдік көрмеген. Тек қолбасы – хан әулетіне тән алтынды кемер белбеу, сауыт-сайманы найза төбелі зерлі қалпағы, қайқы тұмсықты, кең қонышты шоңайма көк етігі болмаса мұның монғол текті хан ұлы екені мүлде байқалмас еді.

Оның үстіне қаруының жеңісімен тынған ең соңғы Гурганжа жорығынан кейін, ордасын қыпшақ даласына орнатқан Жошы, өткен жылқы жылының, көктемінде өздері қойын-қолтық араласқан Алтыбастың атақты биі Жиреншеге құда түсіп, ілік алды жаужүрек – сері ұлы Сейілханды (Батуды) текті әулеттің ай жүзді сұлу қызы Жұпар-Айдайға үйлендірген. Мұның артынша Батуға тетелес ер көңілді Орда-Ежен көршілес Құлан әулетінің атақты байы Молдиярдың құралай көз, сүмбіл шашы Күнікейді хан ордасына келін ғып, ақ отауына кіргізген.

Жүрек пен тілек табысса, адам баласының мейілі ол шүршіт, манғұт, немесе танғұт болсын бір-біріне бөтендігі жоқ. Оның үстіне ат мініп, атой салып, айдын көлді жайлауда ырғала көшіп, айлы кеште алтыбақан құрысып, ақ сүйегін ойнап, қыр үстін дудуманды қырмызы әнге толтырған, ақ үйлерде марқасын жығып, сары қымызын сапырған исі Қыпшақ, Бақтияр Ойсыл, үйсін жұртының бар тіршілік болмысы, өмір тағылымы бұл өлкеге жау боп келіп, жалаң қылышын қанға суарып, ұлы даланы шаң мен өрт дауылына көміп өткен Урянхай, Ойраттан, қиырдағы Жаужират, Дүрбітке дейінгі сан тайпаның басын қосқан қалын

монғолдан пәлендей бір ала-бөтен айырымы жоқ. Кәдімгі ат мініп, айранын ішкен ашық пейіл, ақ тілеулі ағайын екеніне қаншама көз жеткізген.

Енді мына асу аңғарынан асқан бетте алда көрінген қалын ауыл сыртынан қозы-көші ұзап, түп-тура осылай бет түзеп келе жатқан неткен топ. Әрине, бұлардың кімдер екенін, нендей мақсатта келе жатқанын, Жошы, аттылы топтың аяқ басысы, сырт нобайы, ақ-қаралы әлемеш тұрпатынан қатесіз танып келеді. Аралық жақын тартқан сайын Жошының онсыз да ажарлы-ашық қоңырқай жүзінде қызыл қан ойнап, нұрлана түсті.

Сыйлы қонақ жол тартып, ел сыртынан көрші жұрттың көші өткенде, жас-желендер, қыз-бозбала ат мініп, ақ пен асын алып, жұптасып өн салып алдынан шығу бұл елдің ежелгі салты. Оны байырғы ел – Серге деседі. «Бұл – жол болсын, сәт-сапарлы ақ жол болсын!» – дескен ел тілеуінің белгісі.

Аралық әудем жер қалғанда, көңілді жастар тобынан суырыла алға шыққан, дүр етек ақшағыл көйлек, кара батсайы бешпент, басына үкілі бөрік киген бойжеткен мен басын көгілдір жібекпен шарт байлап, белін қынай буынған дембелше жігіт сүліктей сылан жүйрік аттарынан түсті. Қыз қолында саумал толы сырлы зерен, бозбаланың қолында құлын тері – қоңыр торсық. Сыпайы, сырдан басып келе жатыр.

Дүниеде дәм-түздан ұлы, одан биік нәрсе жоқ. Жошы бұйра жалды, бұлан құйрық кертөбел арғымағы шылауын жанындағы нөкеріне тастай беріп, бірер басып алға шықты да, ақ зеренін қолға тосып келе жатқан ару қыз алдында бір тізерлей иіріліп, көк сүнгі болат дулығасы жарқырап, оң қолын кең кеудесіне басып тағзым етті. Ол еңсе көтеріп, ашық жанары жарқырай қарағанда, соншалық бір сыпайы, сыбдыр қимылмен жақын келіп, күлімдей тізе бүгіп, тәжім еткен қыз бен ашық-жайсаң жүзді аққұба жас жігітті көрді.

— О, сәлем бердік, шығыстың шың-ұлы! Ұлы хан, Жошы-аға!

— Сәлем, сәлем, жас жамиғат!

— Ойсыл – ата әулетінің ұл-қыздары ұлы хан – аға Сіздің сапар жолыңызға шашу шашып, дәм ұсынғалы шыққан бетіміз.

— Сәт-сапар сізге, Жошы аға!

— Ой, ха, жақсы ырым, жақсы сөз. Жөн іс екен. Ал көне, алдымыздан күткен ағайын қолынан дәм татындар! – деп ол бір топ нөкерлерін қосының жанына шақырып, қыз қолындағы сырлы зеренге қол созды.

Сары қымыз толтырылған сырлы зерен қолдан қолға жылжыды. Қымызы сарқылып қайтарылған сырлы зерен түбінде киырдағы Ган су, си-сия елінің зерлі алтын тенгелері сылдырады. Жарқын сөз, көңілді күлкі көбейді.

—«Көпті көргеннен бірдің атын біл» деген, ал жігітім есімін кім сенің, қай жұрт, қай тайпадансың?

—Атым Избасар, арғы атамыз Байшора, Бактиярдан тараған: Ойсыл әулетіненбіз, Хан-аға!

—Е, жарайды. Мықты, әйдік жігіт екенсің. Ал мына қызбала кім болады?

—Менің атым — Дүрия, ойдағы Ойсыл, Есқара әулетінен Жантеке бидің қызымын.

—Ой, пәле! Ылғи текті жер, егей өскен ер көңілді жастар екенсіңдер. Көне енді атқа қоналық. Айтушы сөзінде біздің қоналқы қоныс Ойсыл бұлағында болса керек.

—Иә, көшпелі орда Ойсыл бұлағында хан-ие! Қашық та емес, анау көгілдір қырқаның арғы беткейінде, ат шаптырым ғана аралықта жатыр.

Топ алдына Жошы Есеншора бастаған қалың дүрмек дүрліге қозғалды. Алдыңғы қыз-бозбала тобынан ашық ауада қалықтап шырқалған ән естілді. Қаншама жылдар шан мен мұң басқан жаралы жайсаң дүниеде қайта қалқыған, биікке қанат қаққан мәңгілік өмірдің өшпес белгісі еді бұл.

Жошы ол күні түс қайтқан шақта, қасында бір топ нөкер-қосыны, тау бөктерлеп алға кеткен шолғыншы жасағының ізімен, тау мен дала шегінде қазандай қайнап жатқан бұлақтың басына келген. Бұлақ аласа қыраттардың қолатты — ойпатында, коралы қой еркін сиялық қазан шұңқырдағы шыңыраудан, күн шапағындай алтынды айдар нұр шашып, шиыршық ата шымырлап, одан арғы жолы жасыл нулы тал-терегі сыңсыған тоғай өлкесіне ұласып, арындап өзен боп ағып жатыр.

—Бұл қай жер, қандай ел? Мына жатқан керемет неткен өзен? — Сөйле! — деп Жошы, ат үстінен, жанында сонау Ақжайқыннан бірге жол бастап, ханға — қылауызы міндетін атқарып келе жатқан Өр-Ойсыл тайпасының мерген жігіті Есеншораға бұрылған.

—Бұл жер менің батыр бабам Ойсылдың жайлауы — Ұлы хан. Сонау өрде, тау жотасында көрінген ақ боз үйлер Ойсыл ұрпақтарының ауылы. Мына бұрқанған бұлақты ел — Ойсыл

бұлағы дейді. Қалың тал, терегінің саясы елге, нуы анға, бұтасы құсқа пана, бұл кереметі көп, әулие су, ұлы хан!

—Әулие су жолаушыға кез болғанда ат ауыздығын алып, бет жүзді шайып, төбәрікке дөп сусын қандырып жатпас па еді!

—О, ұлы хан, ол солай, аттан түсіңіз. Әулие су, ол күн құдайының адамға берген асыл сыйлығы. Көне келіңіз, аттан түсіңіз, ұлы хан!

Жошы ол күні көшпелі ордасын осы әулие, ойсыл бұлағынан қозы көші өрге, бетегелі белес төбенің биігіне тіккізді. Мол жайылған ақ киіздің үстінде аз-кем аяқ созып, тыныс алғансын жал-құйрығы төгілген төбедей шомбал торы тұлпарына мініп, қасына Орда Еженді ілестіріп, жолды Есеншораға бастатып, айнала ашық дүниені кеш саясында шолып қайтуға жүріп кеткен.

Орда Ежен монғолдың 1219-шы жылан жылғы жорығында әскердің сол қанатын өзі бастап келген Шыңғысхан ордасында еді. Зайсаннан ұлы даланы бетке алып тартқан Жошының түмендері, ол кезде Ырғыз маңында, Хорезм-шах, Мұхаммедтің, аттылы алты түменінің тоз-тозын шығарып, аттарының мандайын Сейхунға бұрып, көк найзасынын ұшын Ұлы Жібек жолында гүлденген күнгейдің шаһарларына түзеген кезі.

Өзінің осы ұлылық даңққа қатысты екенін биік мәртебе тұтатын Орда Ежен, әкесімен дәрежесі тең, ат тізгінін қатар ұстап, үзеңгі қағысып, еркін-бұла ашық даусымен, даланың төсін жанғыртып әңгіме айтып келе жатқан-ды.

—Ұлы Қаған, Асфара мен Тараз, Испиджап пен Баршынкент, Қараспан құлағасын, жылқы жылы көктемнің қараңғы бір кешіне Ханқорғандағы ордасына Үгедейді шақырды.

—Не айтты, Қаған?

—Сен, — деді Қаған Үгедейге, — осы Испиджаптан Дешті Қыпшаққа дейін үлкен жолдың үстінде қанша қамал тұрғанын білемісің?

—Білем! — деген Үгедей.

—Ал білсең, санап бергін маған!

—Олар — Отырар, Оксуз, Сауран, Харлук, Баба ата, Сығанақ, Созақ!

—Жә, біледі екенсің, жетеу болды ғой, — деді Қаған. Жеті қамалды бұзған қаһарман жеті түменнің рухын аспанда оты жұлдыз боп жанған жеңіс құдайы көруге тиіс. —Ол Үгедейге, орданың ашық түндігінен көрінген, қаратүнек аспанда жарқыраған жарық жұлдызды нұсқады.

—Сөзің жөн, Қаған, — деді Үгедей.

—Жөн екенін білем, — деді Қаған. —Үлкен сөз — ол жердегі жеңіс отын аспандағы құдай отына көрсету үшін жеті қорған орнауға тиіс. Біріне-бірі көз көрім, құлақ тұным жерде, керуен жолдары танабында, сол даланың биігіне орнауға тиіс. Жерде адам, көкте құдай біздің ұранымыз — Сульдэ, сол қорғанның түнгі отын алыстан, тым алыстан көруге тиіс. Сонда ғана монғол шырағының сәулесі барша ғалам үстінде өмір бақиға сөнбей жарқырап тұрмақ.

—Сөзінде қате жоқ, Қаған, — деді Үгедей.

—Енді маған сөз емес, іс керек. Жеті қорған, жеті оба, жеті шырақтың жеті танапта жанып тұрғаны керек! Асфара, Шаштан Қараспанға дейінгі қалың елдің барша тірі еркегін, құлқудыманын түгел көтерт! — деді Қаған.

Қаған мен Үгедейдің арасында болған сол кешкі сөзден кейін, он төрт таң атқанда, қолына кескір, қазғыр, шенгек алған үш жүз мың құлақ кесті құлдары, орданың жер тыңшысы — Манғыла қылауызы көрсеткен, жеті биіктің үстіне айдап шығарылған.

—Не тындырды олар?

—Үш жүз мың құл ай жарым, Орда Ежен алдағы күнбатыс биікте әлі толыспаған жас айдың сынық табақтай жартыкеш нобайын нұсқады, — топырақты қан, терімен илеп жұмыс қылды. «Көптің ісі көл» деген, сафар айының соңында өлкені шолуға шыққан Қаған, Арыс өзенінің арғы, бергі дала айдынында, ең биік белдер үстіне орнаған жеті зәулім төбе, топырақ қорғандарды көрген. Қаған сол қорғандардың Арыстың шығыс жағындағы екеуіне жеңіс алауын жағуға бұйрық еткен. Ол — монғол қаруының Испиджаб пен Шашты алған жеңісі рухының оты, — деген Орда Ежен.

Бұл әңгіменің тұсында тай шаптырым ұзаған Есеншорадан кара үзбей келе жатқан Жошы мен Орда Ежен Қаратаудың бір тар шатқалынан Сейхунға қарай ағатын Шаһи-яне өзенінің күншығыс дала биігінде, кара дөңнің үстінде, қан жұтқан кара топырағы әлі де бусанудан танбаған, аса зор зәулім қорған төбеге келіп жеткен.

—Міне, Қаған орнаттырған жеті қорғанның, Дешті Қыпшақ даласына барар жол үстіндегі, шеткісі осы! — деген сонда, Орда-Ежен, Жошыға ат үстінен бұрылып.

Жошы жауап қатпай, түнерген бүркіт қабағы астында ойнақшыған отты көзімен, тағанынан ұшар басы жебе тартым

зәулім қорғанның ауқымын сырттай шолып ұзақ тұрған. Енді ол, арғымағы тізгінін күміспен қапталған ер қасына қаңтарып, атынан түсті. Маң басып қорған төбенің ұшар басына шықты. Сол биіктен алыс-шығыста қарауытқан таулардың қара барқын кешкі нобайы көрінді. Қара таулар, қалың таулар қыпшақтың қиян даласы — барша ұлылық пен шексіздіктің жиһан жүзіне берген жалғыз сыйлығы ма екен бұл?! Құс жетпеген, құлан өтпеген кеңістік, енді міне, мына жым-жырт, тылсым кеште бір қияннан Алтай асып, Тарбағатай басып, көк теңізден өтіп, құла дүниені көктеп келген ұлы хан Жошы аяғының астында жатыр. Дүние шегі адам үшін жаралған болса, оның шегі, ұшан-ұшығы осы болса керек еді.

Ол жым-жырт қалқыған қара кеште ат тізгінін алыста қарауытқан таулар өлкесіне бұрып, маң даланы бетке алды. Оның сыры мен жыры, жер төсінде туып, жел қанатты өмір кешіп, енді сол жердің құшағында қалар перзенті үшін, бір ғұмырда таусылмақ емес.

Ертегі ме, аңыз ба, бала жаста әжесі — Әуелуін Уженнен естіген сол бір хикаяны Жошы, тіпті есейіп, ер қолбасы санатына қосылған шағында да ұмыта алған емес. Ол кезде бұлардың қыстауы қастерлі ата қоныс, Алтын Ононның шығыс жағасында еді. Алдыңғы алапты шағын қамысты көлдің айдыны көрініп жатар еді. Көл бар жерде ел бар, ел бар жерде таусылмайтын сөз бар. Қыс түсті. Андастың айбынды ұлдары атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, қорамсағын асынып, жортуылды өмір кешіп жатар еді. Аларман, шабарман ел, барымталы-бақталас қонысы ру-тайпалар бірде беріп, бірде алып, арадан жау, бастан дау арылмаған ағайын. Сол қиқуы мол қиян кескі заманда тағдыр жіберген ажалдан, адам сілтеген найза, жебеден қыршын кеткен өмір көп.

Сенің батыр, бабаң Андас, емшектес бауыры Барласпен бірге қасиетті періште — ана Аланқұбаның перзенті еді. Бұлар ана құрсағында ай нұрынан пайда болған ғайыптың ұлы. Жап-жас батыр Хұлан жорықта жау оғына ұшты да, айдалада ақ отаудың ішінде мұнды өуен, сарқылмас жоқтау әнін айтып, жарыққа жаңа келген нәресте Бұзанжыраны бесігінде тербетіп, жас ару Аланқұба қала берген. Құлан келіп емізген құралайдың лағындай деп ұрпаққа аңыз болған сол оқиға да, сол жылғы қыс сарқылып, құс келістің кезінде, жаңа көктемде басталған.

Иә, сол жылғы қыстың сарқылуымен бірге Аланқұбаның тіршілікке талғажу, талшық етер ас-азығы да таусылып, мұң басқан, мұндық күйін кешкен бір күні еді. Ұзақ түн өтіп, шығыстан таң шапағы рауандай атқанда, ақ отаудың ашық қалған киіз жапсарынан сол көктемнің өуелгі ақ шапағы құйылып тұрған еді. Сағыныш мұны сыздатқан жүрегі тар кеудеде дамылсыз лүпіл қағып, мархабат күнін армандап талу мен тағы бір ұзақ түнін өткізген Аланқұба, сол таң алдында ғана талықсып, қалғып кеткен еді. Көзін ашқанда ол әлгі жабықтан құйылған ақ нұрдың орнында тек шығыс ертегісінде айтылар ғажайып бір сұлу бейне, қасы-көзі қиылып, өзіне нұр шұғыласын сеуіп, жарқырай күліп, қарап тұрған жайдары жүзді жас жігітті көрді. Есі кете танданған, тіл қатуға халі жоқ Аланқұба, әлде бір шақта:

—Кім боласың жігітім, қайдан жүрген жан едің? — деген.

—Мен, жазықсыз жабыққан, періште пендесіне жіберген Күн пайғамбардың ұлымын. Сендердің саламат-саулығың үшін келген жанмын. Менің өзім де, ізім де бір өзіннен басқа пендеге көрінбек емес. Енді сен жесір жетімдік, аштық пен жоқтық азабынан азат жансың, Аланқұба. Мен әр танның нұрымен бірге келіп қасында болам. Енді сен бақытты, мұратына жетер жансың, Аланқұба. Көз жасыңды тый, жылама! — деп, мейірім төгіп қарап тұрған да, көзден ғайып болған. Ғайыптан түскен күн ұлы кеткен соң, аштықтан зарыққан Аланқұба көзе толы қымыз, табағы толы алуа, сан алуан жемісін көрген.

Иә, «Тәңірі асыраған тоқтыны қасқыр жемес» деген. Таң нұрымен келер күні пайғамбардың ұлымен Аланқұба әр күні осылай кездесіп жүрді. Бай болып ешкімнен озып та кетпепті, ел қатарынан да кейін қалмаған, оның тәңірден тілегені де сол еді. Арада екі жылдай мезгіл салып, Аланқұбаның Бұзанжырадан кейінгі екі ұлы — Андас пен Барлас ғайыптың ұлы, күн перзенті болып дүниеге солай келген. Күн нұрынан жаралған екі ұлдың былайғы жұрттан өзгеше, ерек белгісі де бар еді. Бұлардың көз жанары таза аспандай көгілдір, сақал-шашы күннен туған жалындай қызыл-жирен болатын.

Одан бері қызыл судай жылысып қаншама заман өтті. Құрдай құлпырған құбылмалы дүние қай пенденің басына мәңгі-бақи қонақтап қалған еді. Бақыт құсы боп басына бозторғай өнін шырқатып, аз жыл аялдаған қызық дәурен Алтын Ононды жайлаған Андастың көшін бастап, сөзін сөйлеген батыр атан Есугейдің де басынан көшкен. Сол Есугейдің өзіне тартқан әр

кеуделі ұлы болғаны үшін, өз әкең Темуджин де жас шағында жау қолында құлдықта, басы бұғауда, қолы кісенде, бұл тірлікке татпаған қасіреттің уы жоқ.

Есугей батыр басынан дәурен-бағы неге көшті? Өмірден неге ерте кетті? Өз әкесі Тимуджин құлдық азабын неге тартты, кімнен тартты? Жас ұланның жүрегін жан-жарасынан сақтайын дегені шығар. Ол жайында Әуелуін әжесі де пәлендей сыр шешпейтін.

Ол бір сұмдыққа толы сұрапылды өмірде не көп, аламан шабыс, жортуылды жол, басып әкетер барымта көп. Көрші қонған ағайынның бірі қас та, бірі жау. Алыс-жақын көшкен елдің азы дос та, көбі жау. Соның ішінде қашанғы бір заманнан Онон мен Керулен сыртын кернеп, қара орманмен қанаттас жатқан қалың Татар-Тайшыттың бұл Андаспен жауласпай өткен күні жоқ.

Сол жортуылды күндерде аңда жүрген Есугей, саят қызығымен ел іші, қосын-нөкерлерінен көз жазып, құла дүзге лағып кеткен еді. Түн қатып жалғыз өзі ел іздеп келе жатып жапанда маздап жанған жалғыз отқа кез келген. Бәлкім өз қосынының қосы болар деп ойлаған.

Келсе, бір құланды жайратып, қызыл өңеш, қан соқта қызығында қауқылдасып жатқан бір топ мұздай қарулы бейтаныс аңшы, түнгі тоятқа кірісіп қалған екен. «Енді шегінудің жөні жоқ. Не де болса көрдім», деп қос басында аттан түскен. Енді байқады, бұлар Андастың қашанғы ата жауы, Татар Тайшыттың азулы ханы Тарғұтай Қырылтөктің «ұялас бөрілер» дейтін жол торушы қарақшылары екен.

Енді болары болды. Не де болса, сыр бермек керек. «Бәлки, адасқан жалғыз аңшы дер де, өз жөніме жіберер», — деп ойлаған.

Күзгі түн отбасы, олжа қызығымен өте шыққан. Таңмен бірге жүргіншіге таңырқай көз салған қарақшылар басшысы Аучы көззәп, бұл келген өзге емес, өз дұшпаны жирен басты Андастың азулы батыры — Есугей екенін таныған.

Аучы нөкерімен күнкілдесіп, беймезгіл жүргіншіге таңғы қонақасымен бірге тостаған толы қымыз әкелуді тапсырған. Шөл қысқан Есугей қымызды сарқа сіміріп, атына ер салып, ерте аттануды ойлаған. Міне, ол жай басып келіп, ат тізгінін қолға алды. Ту сырты жаудың, ысқырған ажал оғы атылар болса, ұрымтал, қолайлы кез осы сәт. Бірақ жау қолы қорамсаққа бармады. Есен-сау ұзап кете барды. Әйтседе, тас төбеден төнген құтқармас ажал Есугейді жан алқымнан қанды шенгелмен ұстап үлгірген еді. Ол ат басын Алтын Ононға Делуин — Болдок шатқалындағы қыстау

конысына түзеп, жедел бастырып келе жатты. Ат жалынан жел есіп, алыста қарауытқан қасиетті батыр атасы Хабул ханның мазар қорғаны таяған сайын ішін өрт, сыртын мұз жайлап, суық тер жуған көз алдында аспан-жердің арасы шыр айналып, төбеден төнген сұр тұман тұмшалай түсті. Ол қашанғы қайсар жігерін жиып, ат тізгінін қаңтарып, есік алдында қалдырды да, әр кездегідей байсалды басып барып, үйіне кіріп, төрдегі өз орнына отырды.

— Жакын кел, Әуелүн! — Бірлесті жыл, жақсы күндеріміз осымен тамам. Дұшпандарым у берді. Мен үшін ұлдарымның мандайынан сен сүйгін! — Қош! — деп, арқалығына қойылған кара мақпал жастығына шалқалап құлай берген.

Бұл опасыз — залым дүниеде қаскөй зұлымдықта шек болған ба?! Болса, әкені жұтқан қорқау — хан, әзірге дұшпандықтан бейхабар балаға ауыз салмас еді ғой. Ондай күн, ондай жан ол күнде қайдан табылған! Есугейді өлтірген хан Темуджинге ор қазғанда өзіне көр қазғанын қайдан білген?!

Шектен асқан содырлық, қызылкөз — қызғаныш соңы өз басына сор боларын неге ойласын! Есугей өлгенмен оның ізі мен көзі өлмеді. Арада ағын судай жылысып алты жыл өткенде Керулен үстін кернеген ұлан-асыр той болды. Монғол тойы, ол бір жағы көл-көсір шашу, думанды-дүбір ат шабыс, күш сайыс. Садақ тартыс, өнер жарыс. Елдің елдігін, ердің ерлігін сынайтын, бақ пен байлықпен келер дабыра даңқтың мерейі. Ол дүбір бақ сынаған жалғыз атты кедей мен байлыққа сенген шонжардың бетпе-бет келер жері.

Күдірет ісіне шара жоқ. Ат шаппаса бақ шабар деген. Сол бір ұлы думандағы ұлан-асыр бәйгеде алтын тұрманды бай бағыланның тұлпары емес, жетім кедей Темуджиннің жалғыз аты қалыңды жарып жеке келген.

Енді міне, Хабул хан қорғаны жанында жазғы жайлауына қонған Есугейдің қашанғы кара шаңырағы алдына, шаңқай түсте шонжар жұмсаған шоғырлы топ сау ете түскен.

— Ей, Есугейдің күшігі. Күштімен айкасып күнінді батырма. Тарғудай Қырылтөк жіберген сыйды ал да, жүйрікті бер, — десті.

— Ол не сыйлық?

— Күміспен қапталған тұлпар тұрманы.

— Тұрман... Ол менің не теңім! Маған тұрман емес, мініп жүрер ат керек!

—Ендеше сөз мынау, батыр екенсің, қайсар екенсің, сол қайсарлығыңды хан алдында көрсет! — Қане, ұстандар мынаны! — деп кара күзғындай жабылып ұстап, шідер салынған жас асаудай бұлқынған Темуджинді жандайшаптар азу көрсетіп, айбар шеккен хан ордасына апарған.

—Демек, кең дүниеде жүруге келіспеді ғой, бұл Есугейдің күшігі. Бұл солай. «Қақпандағы бөлтірік бөрі болмас» деген. Ер болып еркіндікте жүруді ұнатпаса, құлақ кесті құл болуға жарар. Мойнына бұғау, аяғына кісен салындар да, аямай іске қосындар, — деген.

Иә, сол бір тағдырдың қырсық шалған күні өр көкірек Тарғұтай Қырылтөк онбай қателескенін білген жоқ. Қақпанға түскен бөлтірік, көкірегінде кек захары қайнаған қанды жол көкжалдың өзі болып шығарын, жаралы қасқыр енді бір ғана Тарғұтай Қырылтөктің басына емес, құлақ естіп, аяқ жетер жиһан үстіне жасынның отын ойнатқан кара дауыл боп төнер деп кім ойлапты.

Күндерде бір күн Темуджин аяқтағы темір кісенін үзді. Жасақшы қарауылды сол кісенімен қасқа мандайдан сілейте соқты да, кең дүние, бостандық ауылы қайдасың деп жөнелді. Оның қолынан шідер, мойнынан қамыт ізі кетсе де көкірегіне терең сіңген кек запыраны кетпеді. Ол енді жалғызда үн, жаяуда шаң жоқ екенін білді. Енді құштар көңілдің айызы — күн көрем десең күшті бол, білек біріктірі, тобынды топта, қайратын жаны, қалың қолдың басын қос. Қол бастап, семсер сілттеп, елдер шауып, мындардың күші, көк найзаның ұшымен ұшан байлық, кара құрым мал айдап, пұл мен құлды мына ұлы баба Қабұл-ханның қорғаны, кең өлке Керуленнің үстіне тау қылып үйгенде ғана тынар жолын таңдады. Сол құштарлық жолы жапан жүзіп, дала кезген жас жолбарыс, аш бөрі Тимуджинді осынау бір жылдары Есугей батырмен жорық жолы табысқан — өзі Тайшыт ханы Тарғұтай Қырылтөкпен ежелден егес, қырғи қабақты, теріскей шеттегі Алан-Ноян қол астындағы Урянхайға апарған.

—Мен саған асқан айлакер қолбасы бастаған бір мындық әскер берем. Жорыққа аттан да, қарғыс атқан жауыз Тарғұтай, Қырылтөктен кегінді қайтар, малынды, елінді азат ет, — деген ол.

Бұл — кеудеде кегі сақардай қайнаған, өзі жерде, мақсаты көктегі Темуджинге жер төңірісі емес, аспанда күн құдайының өзі жіберген сыйлығы еді.

—Тірі жүрсем, мына жақсылығың мойнымда кетпес хан! — деп Темуджин ерулі атқа ер салып, өмір бақи тот баспаған Есугейдің көк найзасын қолға алған.

Ол мыңбасы, жиырманың ішіне енді кірген, жасында жанулы қанжардай жайнаған Сүбедей атты батырды сол жолы көрген.

Ел деген жарықтық та қызық. Кейде қара серке бастап тоғытпаға бет алған қой секілді. Қаншама жылдар құланның қиындай пышырап басы бірікпей, бірі сай, бірі қырда, ит жемі күн кешіп жатушы еді. Енді әлдене алдағы дабыл дүбірін сезгендей Темуджин батыр, ел қорғаны десіп, оның атын ауыздан тастамайтын болған. Сол тұста әуелгі Урянхайлық мындық маңына сан атыраптан сағалап келіп жатқан шағын топ, қол-қосында есеп жоқ. Күн асқан сайын молайып, қарасы қалындай түскен.

Енді сол, ел-жұрт елеріп күткен ұлыстың ұлы күні туды. Қаншама дәуірді көріп, қаншама заман таңын атырған Алтын Ононның биік жағасынан басталып, қиырға қол асқан ұлы даланың үсті тобырлы ел, лек-лек әскер қолына толған. Жаңа көктемнің жасылын жамылған жайсаң биікте оңаша оқшау қонған еңселі ақбоз үй алыстан айқын көрінеді. Үй сырты ат тағасындай айнала көксүңгі найзаларын биік ұстап, көк кіреуке, болат дулығалары күн сәулесіне шағылып, иін тірескен Торғауыт жасақтары.

Үй-іші толған ылғи ығай мен сығай толымды жайсаң жандар. —Ру мен тайпа көсемдері, ноян, баһадүрлер. Нақ төрде, кілем үстіне кең жайылған өрнекті сырмақта, оң жағында Тимуджин мен иықтас күллі Андастың атақты биі — Үйсін, бұларды қос қанаттан жалғап ру ақсақалы Дәрітай Отшығын, Алтан ноян, Саче Беке, Бөрі бұқа, Бауыршы, Тайшы, Құшар, Итжегін, Қарачор ноян, Жалма ноян, Тоғычар ноян, Сүбедей баһадүр, Дүрбай Батыр отыр. Ұлы құрылтайдың басталар мезгілі туды.

Орнынан ақселеу қос бұрымы күмістей жалтылдаған ұзын ақсақалынан қосылып, омырауын жапқан, еңселі ер тұлғалы көрі би — үйсін көтерілді. Айналасын биіктен бірер шолып, көтеріңкі үн тастап сөйлеп тұр, әр сөзі нақыл, білмегенге жұмбақ.

Аттың жалы, адамның күші тек, біріккен бірлігінде. Талшықты тартып бала да, көлде ұшқан шағала да үзеді. Талшықтан ескен қыл арқан айдау бермес асауды тал мойыннан ұстайды. Хансыз

ел— ескексіз қайық, қаз қонбас жансыз көлмен тең. Егесіз елді ұры да жейді, бөрі де жейді. Оны өзге емес, өз басымыздан кешумен келдік. Енді ұлы атамыз Хабұл ханның әруағы алдында, күн құдайының шапағаты астында, тізе бүгіп ант етіп төбемізге көтерер ханымызды таңдаймыз. —Ол орнынан баяу көтеріліп, оң жағында отырған Тимуджинге бұрылды. Оның алдына тағзым етіп бас иіді. Енді ол маңғаз қозғалып есікке беттеді. Тимуджин де солай аяңдады.

Есік алды аланда ашық төселген ақ киіз. Оны айнала қоршап ірі шонжарлар, баһадүрлер, нояндар, ұлы билері тұр. Тимуджин аяғын алшаң басып, ақ киіздің үстіне шықты. Арбиған маймақ аяғында ақ замштен оқа — оюлап дігілген қайқы тұмсықты кең қонышты етігі, басында шаншар төбелі сұр сілеусін бөркі, жирен бұрымы шудаланып иығына төгіліп, сарышегір көзі шоқ жайнап, кең кеудесі насат өркештеніп, өрлей түсіп отырды. Қарсы алдынан бірер қадым басып Үйсін би шықты. Ол Тимуджиннің алдына бір тізерлеп жүгініп, тауап етті де, қайта көтеріліп оң қолын биік көтеріп, көк аспанды нұсқап, зор даусымен кең даланы жаңғыртып сөйлеп кетті.

—Уа, Тимуджин көк күдіретінің бізге жіберген елшісі, басынды көтер де көк жүзіне көз жібер. Көргін, білгін, қабыл ал — барша ғалам, жамағат алдындағы қасиетті ісінді. Көкте құдай, жерде сен, сол ұлы парызыңа адал бол. Құдай жолын қабыл қылмай, пенделікпен адассаң, жиһан жазанды берсін. Сен осы күн, осы сәттен көктен түскен жиһанның пірі — ұлы хан, барша жұрттың биік шыңы — Шыңғысхансың! Кәне, сөйле, Шыңғысхан!

Ол айнала анталаған топ, ақ киізді шірей көтеріп қоршаған баһадүр, Нойон, ұлыс, тайпа көсемдерін өткір жанарымен бір шолып өтті:

—О, қасиетті Онон, көгілдір Керуленнің ұлдары. Мені хан көтеріп, халайық алдына келдіңдер! Бұдан әрі әмір, сөз менде. Бізді алдымызда ұлан асу қатерлі өткел, қиын жолдар күтіп тұр. Сол жолда өлсек басымыз, тіріде ісіміз бірге. Көк құдайы, ұлы Хабұл— хан бабамыздың әруағы алдында монғолдың соңғы мерейі, ақырғы арманы тынғанға шейін, жиһан жүзінде монғол мерейі үстем болғанға дейін жанымыз, қанымыз бірге. Осыған көндік, сертті бердік десеңдер, көк тәңірісі астында бар дауыспен ашық айтыңдар!

—Баста, біз өзінмен біргеміз, Ұлы Шыңғысхан! — деп бар

даусымен күркірей айқайлады Бауыршы ноян. —Баста бізді ұлан ғайыр ғаламға!

Барша жұрт, баһадүрлер, нойондар, көсемдер одан әрі қалың ормандай қайысқан жұрт найзасын жерге тіреп, иін тірескен мындықтар мен түмендер бастарын төмен иіп, тізе бүккен. Нойондар қос тізерлей шөгіп, мандайымен үш қайтара жер иіскеді.

—Бұл сертіміз бен антымызды көкте құдай, жерде Шыңғыс есітсін. Жорықта, ұрыста, жеңісте, салтанат кезі, қайғы-мұңды күнімізде біз өзіңмен біргеміз. Адалдыққа ант етеміз, Ұлы хан!

—Біргеміз, біргеміз, ант етеміз, ұлы хан! Баһадүрлер, нойондар біріге көтерген көп дауыс, одан әрі қайысқан қара халық, көксүңгі найзаларына сүйенген сан мың қолға ұласып, тамылжыған таза ауада күн күркірегендей жаңғырықты.

Тағдыр сәтін келтіріп, көк құдіреті қолдаса, адам ғұмырының шығар биігі, жетер мұратының шегі жоқ. Сұм заманның сұмдығы зұлымдық қақпанына тым ерте, бала жаста түсіріп еді. Аш-жалаңаш құлдықта, қорлықта өткен өмірде ол аранын ашқан ажалмен бірге жүрді. Ол мың өліп, мың тірілер күндер кешті. Даланың сұрапыл боранына ұшып, орманында шіріп, не жау оғынан мүрдем кетуі әбден мүмкін еді. Бірақ сақтаушы тәңірі оны төбеден төнген зұлмат қатерден сан рет сақтап, дозақтың қыл көпірінен аман өткізді. Аман өткізіп қоймай, оны жиһан кеңістігі көрінер — құдіреттің тек бір ғана жанға, ұлы ханның мандайына жазған биігіне көтерді. Ол енді — Ұлы хан. Көк тәңірісі жер бетіне өзі жіберген жалғыз елшісі — Шыңғысхан!

Алтын Ононның бойы алыста көрінген шыршалы шың тауларға қарай созылған ү ан дала. Жазғытұрым, аспан айдынының қалың жұлдызындай топ-тобымен шоктана отырған, ауылға толатын. Шұрқырай өрген үйір-үйір жылқы, құлдырай шапқан құлын, жамырай өрген қой-қозы, шудалары жер сызып, маңғаз көшкен түйелер, асау мініп, құйындата құла дүзге жүйіткіген жас желеңдер, өмір пердесін енді ашқан Жошының көз алдында бал қаймақтай ұйып тұрар еді.

Ақ шоғыр бұлттар көшкен зеңгір аспанның көз жетпес биігінен махаббаттың өнін шырқап, қиян шетке қалқыған тырналар көшін ұзатқан бала көңілі, кіршіксіз сәби жүрегі, мына көктем көгімен түрленген сиқырлы — сұлу дүние, осы сұлулық

көркімен бірге соншалық сүркия-сұмдығы мол, зұлмат-зұлымдыққа да толы екенін ол күндері қайдан білетін еді.

Енді міне, алты ұлыстың, алты арыстың ілкі жақсы, хан, баһадүр, ноян, алпауыт бай бағландары сарыала жабдықты арғымақтар мініп, құлан құйрықты сарыала тулар көтеріп, алтын Ононның өрінде Хабұл хан бабаның қашанғы қара шаңырағына жиылған. Дуылдаған ел, гуілдеген сөз, ұран тастап, ұлылық парқын аспанға атқан нөпір топ. Бәрінің аузында жалғыз сөз. Ұлы құрылтай! Бәрінің айтатыны бір ұран – ол Шыңғысхан, ұлы Қаған, аспандағы күн құдайының жер жамағатына жіберген жалғыз өкілі, жалғыз тірегі, жалғыз хан, қаған – Шыңғысхан! Ал Шыңғысхан туында бір ұран. Ол жеңіс құдайы Сульдэ. Ол енді қашан да ұлы хан – Шыңғысханмен бірге. Көкте құдай, жерде қаған, ұлы монғолдың туын ол енді тек алға, жаңа жер, жана елдерге бастамақ. Барша жер, барша ел түгелдей монғол атының аяғы ең шеткі теңізге жеткенге дейін дамыл алмақ емес.

Енді, Ұлы құрылтай ақ киіздің үстіне хан көтерген Шыңғысхан туы астына Алтын Онон, көгілдір Керуленнің Тоғучар нойон, Жебе нойон, Бұрынтай баһадүр бастаған Торғауыт түмендері, Қарачор нойон бастаған барластар түмені, Сүбітай баһадүр бастаған Урянхай түмені, Бала нойон бастаған Ойрат түмені, Алақ нойон бастаған Дүрбіттер түмені, Бугурджи нойон бастаған Өлеттер түмені, Дүрбай баһадүр бастаған Байттер түмені сап түзеп тұрды.

Ононның бойы, көк аспанның асты ылғи жарау ат мініп, көк сауытқа құрсанып, қайраулы қылыш, егеулі найза қолға алған мұз балақты жасыл жасақтар легіне толды. Ононның бойы, қиян-қырқалар үсті ол күндер мың сан тігілген қосын, дүбірлете айдалған жылқы, күн-түн қатып ағылған әскер легіне ұласып, дауыл қозғаған теңіздей толқып жатты.

Түн баласы аспан асты, даланың жүзін лаулаған отқа қақталған қансоқта ет, үйітілген күйка, күйген майдың қоңырсық кермек исі кернеді. Қос-қосынның алдында, от алауы, айдың жарығында, ұялас қасқырдай таласа-тартысып, жалаңдаған сапымен шарт-шұрт кесіп, жүла-жұлқып, май асап, қан жұтып жатқан ұшы қиырсыз қара топ. От үстіне төнген ылғи жазық бет, май бөксе, қысықкөз, майлы қара жаужүрек жауынгер қанды көбік боршаны қара қанжарға түйреп қызыл көмейге таласа тастап жатты. Аңыраған шексіз дала, құла дүние күшағында, дауылды боран, от пен су, шыжыған аптапта қақталған қара нөпір қосынға бұдан

асқан өмір мұраты болмақ емес, одан өзге жан ләззатын керек те етпеген.

Алты ұлыстан келген алты түмен, хан ордасы Торғауыттын қос түмені, сегіз түмен — сексен мың қол, ішкі Алтайдан қиырдағы Син империясына дейінгі ұшан-теңіз өлкеде шілдей бытыраған ел, тайпалардың бірде бірінің маңдайына бітпеген. Бірақ құралай жастығын бұғаулық құлдықта, ақиреті арылмаған азапта өткізген, шемен жүрегі захарға толы, жаралы жолбарыс Шыңғысхан мұраты тек осы Алтай мен Саян, шығыстағы Хинген арасы емес, өзiрге ат аяғы, адамның көз-құлағы жетер жерлерден тым кең, тым алыс алшак жатыр. Құдай сөзімен, құдайдың еркімен жер құдайы өзі болмайынша, мына шие бөрідей шулаған бөтер-бөтуәсіз сұрқай дүниеде екі көздің бірі жау, екі күннің бірі тамук.

Өзгені былай қойғанда, мына іргедегі таңғұт, Енисейдегі қырғыз, Батыс Алтайдағы меркіт пен керей, найманнан ата заманынан бергі бұл халқа — монғолдың көрген құқайы аз болған ба еді. Ежелгі дұшпан ата жау бас біріктіріп, қол түйістіріп, тағы бір ақиретті басқа орнатпай тұрғанда, бұлардың елі мен жері Тарпанның қиындай бірі сай, бірі қырда жатқанда, шеру тартып, шеп бұзып, шеттен тиіп, аспан асты, жер үстін, ат тұяғы жетер дүниені түгелдей монғол табанына салғанға дейін ат айылы босап, монғол басы жастыққа тимек емес. Сол есеппен күн-түн қатып думандатып, түмендерін топтап, жау-жарағын сайлап дамылсыз күндер кешкен Шыңғысхан заманының айтулы доңыз — 1203-ші жылы жеткен.

Тағдырдың өзі асықтырып жатқандай сол бір жылдың көктемі де Алтын Онон бойындағы қалың Торғауыттар еліне жылдағыдан ерте келген. Амал (наурыз) кіре қар көбесі босап жылғалардан жылысып су ағып, көбікті көлдер көк мұздың құрсауынан босаған.

Бұл кез — мәңгілік мұзарт құздар құрсаған Гималайдың сан тарау асуларын асып, жылы теңіздер өлкесінен терістіктің қиырсыз орманды өзен, көл-дариялы алабын бетке алып, қиқулай келіп жатар келгін құстың мезгілі. Дала көлдерінің айдыны, жылы сулар үсті ағыла қонып, қиқулай ұшып жатқан қисапсыз көкала үйрек, қоныр қаз, ақшағала, аққуға толған.

Сейіл құрар, серуен сүйер ханзада, бек-бегімдер үшін бұдан артық пәни тірліктің ұжмағы, бұдан асқан жан ләззаты болған ба еді! Сол амалдың айтулы бір күні, атақты Есугей батырдың

ілік алды немересі, бүгінде мәртебесі шырқауға шыққан Шыңғысханның үлкен бөйбішесі Бөртеден туған үлкен ұлы Жошы он төртке толған жасында, өзінен төрт жас кіші Бөрісері інісі Үгедеймен бірге, қасына Торғауыттың бір қосын жайсаң жасағын ілестіріп, көгілдір Керуленнің бойында дабылдатып құс салып, сұңқар саятында жүрген.

Басына сілеусін бөрік, үстіне белін жалпақ күміс кемермен қынай бұған ықшам ішік, аяғына сары сактиян етік киген, құлан желісті құла арғымақты Жошы, қолында Делуин Болдок тауында торға түсіріп, әйгілі құсбегі Тоқа баптаған, қаратарлан ителгісімен, қылаң боз жүйрігінің үстінде үкілі тымақ киіп, күндыздай құлпырған Үгедей, оң қолына қондырған қылаң сұңқарымен келе жатқан.

—Сұңқардың жолы үлкен, серті биік. Сұңқар бар жерде өзге құсқа орын жоқ. Сілте! — деген Жошы, қалың қаз Керуленнің кеңістігін тұмшаған бір шағын айна көлдің жағасына келгенде, қос жанары шоқтай жайнап, тағат таппай, ентелей түскен Үгедейге тіл қатып:

—Ал сен, ителгіні қайда салмақсың, Жошы?

—Ителгі сұңқармен таласпайды. Мұның әуселесін сырттың бетегелі белінде дуадаққа жібергенде көреміз.

Ендеше кеттік! — деп Үгедей оқыс тебініп, қылаң жүйрік тізгінін еркіне берген. Үдере соққан дабыл, суырыла жөнеп, бауырын жазып, көсіле шапқан аттың жел-желігі үстінде Үгедей сілтеген сұңқар көл бетінен көтерілген қалың қаз арасында нажағай отындай жарқ-жүрқ сорғып кете барған.

Қияғынан жараған қыран-сұңқар, о да бір құрбандыққа қатесіз сілтеген алмас семсер. Қимылына көз ілеспей жөй түсірер жасынның оты. Түбіт қауырсыны аспан жүзінде қардай түтеген қоңыр қаздар көл жағасы жазық майданда топ-топ құлап жатқан. Қиялай ұшып, қиғаштай тиген алмас тұяқтан топшысы қиылып, алмадай ұшқан қаз-үйрек ол күні саяткерлер қанжығасын жетерлік-ақ қандаған.

Жапан-дүзде киіз костың ішін думандатып қонып шыққан саятшылар, енді Баян-ұланның байтақ жазығына шығып, иен далада шау тартып, мамырлап жатқан қалың дуадаққа, Жошы ителгісінің өнерін көруге келе жатқан.

Саят қызығының талай таңын атырып, талай күнін батырған жас сері — Жошыға ителгінің көк жүзінде тас түйін боп, октай зулап, дуадақ тепкенінен асқан айыз қандырар қызық жоқ. Ашық

аспан, ашық дүние, кең дала. Барша ғалам, айна жүзі алақанда тұрғандай. Өне, анау алыста, сағым ойнаған сары дала, көгілдір көк жиекте қойдай жусаған сол дуадақтар үйірі. Жау келерін, бір сұмдықтың боларын сезіп, өрісінен үрке көтеріліп, ығысықтап, маймандай жылжып барады. Енді міне, ұрындының кезі. Онтайға келіп қалған Жошы, үдере соғып дауылдатқан дабыл екпіні астында, құла жүйрігін құйындата шауып келген бетте, ауыр көтеріліп көк жүзіне өрлеген көк мойынды көп дуадақтар тобына қара тарланын құлаштай сермеп жіберген.

Ителгі октай атылып, аспанға самғап шыққан.

—Өне! Уа, пәле, қарандар өне! — деп дала жаңғырта, шаттана айқай салған Жошы, құланың тізгінін шірей тартып көк аспанға шаншыла қарап қалған. Алда, айызы қана сүрең салып зулаған Үгедейдің соңында, дүрліге шапқан нөкерлер ат ауыздығымен алысып, Жошы жанынан топтанып аспандағы айқасқа бұлар да жапа тармағай көз тігіп қалған. —Уа, пәле қарандар өне! — Жошының даусы тұнық ауаны жаңғыртып, тым биік естілді тағы да.

Сол сәт мұндағы барша саяткерлер көк аспанда, шырқау биікте ноқаттай боп тас түйін түйіліп, сала мойынын созып жіберіп, жан таласа канат сермеп, ұзап бара жатқан дуадақ тобы үстінде шүйіле сорғып жүрген бармақ басындай қараны көрген. Өне, шірей тартқан жебедей өуені жарған сұмдық суыл естілді. Ол тажал оғының суылы, ителгі октай зымырап келген бетте дамылсыз қанат сермеп, жандәрмен ұзап бара жатқан нән ата қоразды ту сыртынан сүйкеп өтті. Сол замат тағдыры талассыз тынған даланың ақбауыр қызыл арқа маркасы, аспан жүзінен астаң-кестең аударылып, жер құшағына құлап келе жатты.

Қыран тарлан алғанына, жеткеніне емес, тепкеніне мәз. Тұнжыр көзге қан толып, қиянға қайта шырқап самғайды. Аққан жұлдыз ағынымен сорғыта-сорғып теуіп жібереді де, жалт ете қайқайып, қайта өрлеп кетеді. Тарлан тепкісінен топшысынан қиылған, желкесінен үзілген апай төс ауыр құс бар епкін салмағымен жер төсіне соғылып, қанды көбігін құсып, әр тұста жайрап жатты.

Қиқулай шауып, қиян көктен құлаған олжасын теріп, қанжығаны қанға бөктіріп, Керуленнің кең өлкесінде апталы күн саят құрған хан ұлдары Жошы мен Үгедей, сол айтулы амалдың ортасында, Алтын Онон бойында ай астында айқара түгін салған Есугей қыстауына оралған еді.

Қоржын-қоскалақпен бөктергі, қанжығалар толы олжа, қолдарында құсы, екпіндей бастырып, саусылдап келе жатқан Жошы мен Үгедейді, қыстау сыртындағы қырқада бұлардың немере ағасы, Ұлы хан, Шыңғысханның інісі Итжегін қарсы алған. Ол салған жерден:

— Ей, екі малғұн, әуейінің әнін айтып, өнбес іске әуре болып сендер жүрсіндер! Әне, анау Шағатайды көріндер! Шыңғыстың шың ұлы сол. Кешегі кеште Алтайдан алдырылған атақты Шаманның алауы астында ұлы қолбасшының қолынан күн құдайдың сыйлығы — кіреуке сауыт, қару-жарағын алған. Ол енді кіші хан, Жебе нойонмен бірге әскердің оң қанатының басшысы! — деген.

— Сол қанат Шағатайға тисе, қаһарлы қара ортамен оң сапарлы оң қанат олжа бөліске түспеген шығар. Кімнің түмені күшті, кімнің әскері айбарлы, кезінде көріп алармыз! — деп Жошы қыстауды беттеп тарта берген!

Күн кешке тартып қалған еді. Аңғарды ымырт жапқан қара кеште қыстаудағы ең үлкен, ең биік Есугейдің қара үйінің алдында, кең алаңқайда, екі жерде алауы биік шалқыған от маздағы көрінген. Ол рәсім аз болса да монғолдың өмір салтын көрген Жошыға таныс. Бұл ұлы шерудің алдында қасиетті орданы жын-шайтан, дию-перінің зұлмат-зиянынан қорушы жеңіс құдайы — Сульдэнің еркімен, Монғол әскерін алыс ел, жаңа жерлерге бастайтын жас ханзадалар Жошы мен Үгедейдің әуелгі жорық-сапарына арналған қарт шаман Бәкидің жаққан маздақоты.

Туған анасы Бөртенің он қанатты ақбоз орда үйінде аттан түсіп, аз-кем тыныс сәтін өткізген Жошы мен Үгедей, енді өздерін бүгінгі кештің рәсім салты күткен Есугей атасының қашанғы қара шаңырағына келген.

Үй алдында маздаған қос алауды күзетіп, найзаларын айкастыра ұстап, екі торғауыт жауынгері тұр. Бұлар сол найза асты, от арасынан өтіп, сайыпқыран үй күзеттері ашқан қашанғы қара есіктің табалдырығын аттаған.

Ортада топтана жанған жеті шырақ көрінді, үй іші ала көлеңкелі күнгірт те сұсты. Мыс тұғырдың үстінде түтін салған Жұпар гүлінің ащы иісі аңқыды. Төр жағалай, кереге басына кере тартылған теңбіл барыс терісінің бетіне айкасқан жеті найза, төрде қат-қабат төселген ақ киіздің үстінде күллі андастың ақсақалдары Ұсын — нойон, Дәрітай — Атшығын мен орданың ұлы әжесі

Әуелүн кемпір. Сексенге караған жасында сұңғақ бойы әжімді, қонырқай жүзі, тарамысы тарбиған, көнтака арық қолдары бейне будда хүндүсы мыс құдайының бейнесі дерлік. Бұлардың он жағында, найза бойы жерде марал бөстегінің үстінде бастарында шыңдауыл болат дулығасы, үстінде көк кіреуке сауыт, алмас семсерлерін алдына көлденең қойып, жүзі күреңітіп, сол жақ бетінде қас-қабағын қоса Найман қылышы шапқан қиғаш тыртығы айқын көрініп, жалғыз көзі жасынның отындай ұшқын атқан әйгілі Сүбітай баһадүр мен оның сол жағында шомбал шоқыдай боп шөккен сом тұлғалы еңсегей батыр Жебе нойон отыр. Бұлар шаман зікірінен кейін қос құлан қолбасы ханзадаға арналған орда рәсімін атқаруға тиіс.

Жошы мен Үгедей гүлмаздағы алдына тізе бүгіп, жұптасқан қос алақанын мандайына тигізіп, ұлы ордаға ізет көрсетіп, сайыпқыран торғауыт нұсқаған ақ киіз үстіне жүгіне жайғасты. Сол шақта сол жақтағы көленкелі бұрыштан ыңырана боздап басталған қара қобыздың сарыны естілді. Есіктен ұзын сылдырмақты аса таяғын жерге таяп, мысықтай маймаң басып, жеңіл жорта — жорғалап келе жатқан тірі әруак бейнелі көрі шаман Бәкидің елес-түстес бейнесі көрінді. Басында қос мүйізді жарғақ тымақ, үстінде ала-құла келте бешпент, шашақ балақты құлын-жарғақ шалбары, мойнына ілген қара сактияң дорбасы — өн бойы, тұтас тұлғасы әсем сынғырлы-сылдырмаққа толы. Бейне саудыр-садағын атуға сайлап, айбар шеккен ала теңбіл жайраның от астындағы ойнағы дерсің!

Қоныр үрдісті үнмен ыңырана шалқып толғаған қара қобыз, уақыт озған сайын екпін алып келе жатқан сұрапылды дауылдай, үдей сарнады. Сол сарынның ішінде аса таяғын аспанға сермеп, қан көбелек айналып, қара сирақты жалаң аяғы жер тепкілей жұлқынып, от ойнатып, зікір сала билеген көрі Бәки жүрді.

Шаманның биі жын-шайтанға, аспан жүзін торлаған зұлмат күшке айбат шегер Шаман тұрағында мархабаты мол бакыт шырағы мәңгі маздамақ. Енді бір шақта шаман зікірі шырқау шегіне жетті. Көрі Бәкидің қимылына көз ілеспей, судан шыққан сусардай сілкінді. Сылдыр-сылдыр, күлдір-күлдір, үдере соққан үн салып, қайқы төсін қос қолымен ұрғылап, қос тізерлей шөгіп, сарын ырғағымен мың құбыла сілкініп, қос мүйізін желкелікке қайырып қара жерге тигізді. Аса таяғын таяна шиыршық ата ойнақшып, бір аспанға атылып, бір жерге түсті. Бүркіт шеңгелді саусактарын тарбандатып әлдекалай көрінбес әруактан медет

сұрап, көбікті ауызы, көмекейі бүлкіл қақты. «Ай-һа» деп жан ұшыра айғайлап, алақанын жайып, екі қолын алға созды. Сайып қыран торғауыт от маздағында қызыл шок боп алаулаған бір кез қара қанжарды шаман қолына ұстатты. Кәрі Бәки ыстық қанжарды жалаң алақанға салып, оны бұрқыраған бу шығара тілімен жалап алды да, енді орнынан ойнақтай секіріп, қанжарын онды-солды сермеді. Бұл кезде кәрі әже Әуелүн қос қолын биік көтеріп, әлдеқалай көрінбес әруақтарға сыбырлай үн қатып, мінәжат қып тұрды.

Қара қобыз сарыны әуелгі қоңыр әуеніне түсіп, күңірене толғап, сызылта-сызғып тұрды да, қанаты талған қаздай қиқулап барып тыйылды. Бұл шақта ұзақ зікір биін тәмамдаған кәрі шаман Бәкиде орда ішін сылдырмақ үнге толтырып, маймаң басып, аса таяғын оқтанып, жұлдызды аспан астында от лаулаған аланқайға бет алған-ды.

Жошы мен Үгедей қатарласа қадам басып, енді ұлы атасы Ұсын-ноян мен Әуелүн әженің алдына келген. Қол ұсыным жерде тізе бүгіп, қос алақанын жайып қастерлі рәсімге мінәжат еткен. Ұсын-ноян саусақтары салалы көн алақанын жайып, жеңіс құдайы Сульдәнің шарапатын шақырып, қос құланға батасын берген. Әуелүн әже кішкене күміс тостағанын биік көтеріп, жас ханзадалар төбесінен жолбарыс өті қосылған хош иісті жұпар суын сеуіп, тәңірге тауап еткен. Сүбедей Баһадүрмен шомбал тұлғалы Жебе нойон жас батырларға арналған орданың рәсімді сыйлығы — болат дулыға, көк кіреуке сауыт, алтынды зерлі қара қалқанмен қынабынан суырылған нар кескен қайқы қылыштарын тапсырған.

Жошы мен Үгедей батыр атасының қашанғы қара ордасына ерке бұлан немере, сейілпаз сері, ханзада болып кіріп, енді ата заманғы тайпа хандарының салтымен салтанат рәсімін өтеп, көк сауытын киіп, жау-жарағын асынып, ел қорғаны — қолбасы жорық жолын бастайтын батыр — ұлан болып, өздерін күткен шексіз дүние әлеміне қадам басқан.

Таң атып, күн сәулесі ұлы дала үстіне нұр шұғыласын шашқанда, жауынгер салтымен көтерілген Жошы мен Үгедейді бұл күнде толыса бастаған ажарлы анасы — Бөрте алдына шақырып, мандайынан иіскеген. Көзе толған көпіршіген саумал қымызын ұсынып: «Ал ұланым, сендерді ұлы хан бастаған ұзақ жолдар күтіп тұр, аттарыңа мініндер!» — деген.

Орхонның айдынды алқабы күншығысқа қараған кара дөннің үсті қайнаған әскер, қалың қол, монғол әскерінің жазғы тұрағы. Бұл шетте нояндар бастаған түмендер қос тігіп, қорамта жиып, әскери ойын ойнағын құрып, күн сынағынан өтіп жатқанына екі айдың жүзі болған. Үт жұлдызының аяғында Алтын Онон атырабынан Тоғычар ноян, Бұрантай баһадүр, Қарачор ноян бастап келген торғауыттар мен барластар түменіне көгілдір Керуленнен көтерілген Жебе ноян, Алак ноян, Джелме ноян, Сүбедей баһадүр мен Жебе, Үгедей, Хұбылай қос астында халқа монғол ұлыстарының он түмені қосылған. Көктемгі дарияға жосыған даланың қызыл суы сияқты, әр ұлыс, аймақ, атыраптан ағылған әскерде есеп жоқ еді.

Таңмен таласа атқа қонған Шыңғысхан, өз басын қорғау жүздігінің басшысы Жэмаль-Хаджиды, өз ұлдарынан Жошы, Шағатай, Үгедейді ілестіріп, түмендерді көз қарағынан өткізіп, Онон сыртындағы биік қорғандағы көшпелі ордасына қара кеште оралған-ды.

Бәлкі алыстан қайтқан елші жеткізген үрдіс хабардың әсері шығар, әр кез ат үсті арып келгенде, қат-қабат жайылған қатқыл ақ киіз төсеніші үстінде, ер тұрманына арналған жәмші жастығын желкелікке алып, күзен ішігін айқара жамылып, аяқ созар тәтті ұйқы тұнығына батып, таңмен бірге сергек көтерілер ұлы хан, ол күні түннің бір мезгілінде шым-шытырман мәңсіз түс көріп, селт оянып, бас көтерген. Көрген түсін айтып жорытатын бәйбішесі Бөрте, кіші ханым, меркіт қызы Күлән да жанында емес. Хан тағына отырған он жылдың ішінде, барымталас, бақталас көрші тайпалармен шығыс батыстың қым-қуып жұрты үстіне қылыш ойнатып, тай-тай пұл, қарақұрым мал мен құлын айдап келіп, бір басы жүз қатынды соншама нөкерімен бауырға басқан ұлы Қаған үшін, әйел заты пәлендей таңсық емес еді. Әйтсе де әлгінде көрген жай қылышынан қан тамған қаһарлы ханды қайран қалдырған.

Өзі түс сапарында қоналқы түнін өткізер осы қара орданың іші екен. Төрде баз-баяғы жер исі арылмаған қатқыл төсегінде, маңында тірі жан жоқ бір өзі жатыр екен. Кенет бос туырлық тұтылған бөз үйдің ішінде сырықты бойлай жеңіл ысыл дыбыс беріп сусып келе жатқан әлдененің жеңіл сыбдырын сезіп жатты. Ол әрине, өзге емес, өзінің өрімталдай кербез сұлу, керім ханымы Күлән болса керек ті. Ежелгі бір үрдіспен мұның

бармақ-саусағын ұшынан шымшып оятып, жымия күліп тұрмас па еді. Неге, неге бұлай, күзен ішік астына сусып кіріп келе жатысы қалай еді, өзінің?!

Кенет, кенет ол, тұла тұлғасын отты қанжар қағып өткендей мұзарт жүрегі дір ете түсті. Жанында, басында Хорезм ханымының алтын төжі, жалаң денесінде Қытайдың жеңіл торқасы, қасы-көзі қиылған, қара шашы мойнына оралып, шығыстың хас сұлуы жатыр. Кеудесі, ақ төсі, балғын білегі, қынай белі, бар болмысы тек ертегіде айтылар үрдің қызы. Тұнжыр көзі кірпік қақпай, тесіле — тұнып қалған. Ес пе, елес пе бұл? Қаған аяғын қойнындағы жұмбақ арудың тәніне тигізіп еді, өз тәні мұз қарып өткендей кері серпілді. Хан құшағында кеудесі мен басы әйел одан төменгі барша тұлғасы сұлай созылған айдаһар жылан екенін көрді.

Ол кенет қайыспас қара нардай күшін жиып, мына сұмдықты ортасынан қақ бөлуді ойлап, жанындағы алтын сапты алмас қылышына қол созды. Қылышты қынабынан суырып, құлашын жазып сермеуге қалғанда, орда есігінен сырттағы түнек түнге суси жөнелген әлгі сұмдықтың тек ирелең — құйрығын ғана көріп қалған. Ашу кернеген хан қаһарға мініп, атой салып тұруға ұмтылғанда, өз даусы, өз әрекетінен шошып оянған еді.

Ұлы хан, сұмдық түстің әсерінен айыға алмай, арбиған еңсесін көтеріп, киіз төсегінің үстінде ойға батты. Хорезм ханымының алтын төжін киген, әйел бейнелі айдаһар нендей зұлмат істің елесі! Пері боп келіп, жылан боп қайтқаны не сұмдықтың белгісі!

Алдыңғы күнгі алыс — батыс елінен қайтқан өз елшісі Махмұд— Алуаштың жеткізген хабарының көк тәңірісі көрсеткен елесі емес пе екен ол?

Иә, қаншама жол басып, таулар асып, ұлы шөлдерден өтіп, сонау бір қиырдағы Бұхардан қасында екі нөкерімен оралған Махмұд Алуаш, кешегі кеш алдында Шыңғысхан ордасы алдына келіп, алқымын ақ көбік басқан аттарынан түсіп еді. Қол құсырып, ұлы хан алдына қос тізерлей шөге кеткен Махмұд Алуашқа шаншыла төнген, ұлы хан:

—Көне, сөйле мұсылман! Хорезмнің алтын тағында айға қол созған падишаһы не айтты саған?

Елші жауап қатқалы оңтайланып, көзін бір сәт ұлы ханға аударып еді. Ақ киіздің үстінде жалпақ табанды, кең қонышты ақ сақтиян етік киген аяғын епсіз жиып, кеудесін алға ұмсынып, шабдар барыстай өркештенген Шыңғысханды көрді. Шошак

қалпағы төбесінде аждаһаның көзіндей қызыл лағыл тасы бадырайып, қос иыққа құлай ширатылған бурыл қос бұрымы бура шудасындай есіліп, кере-қарыс тік маңдай, түкті қабағы астында жасынның отындай ұшқын атқан, сары-шегір көзі шатынап, мысық мұрты қосылған, қыздырған қылыштай жирен сақалы нар кеудесінде діріл қаққан Шыңғысхан түрі — мұның Бұхарада шах ордасында толқымаған жүрегін қанжар жанып өткендей дір еткізген.

—Көне, сөйле, мұсылман!..

—Сыйлаған елмен сыйласу — ұлы Хорезмнің салты. Шыңғысхан сауда көпестерін жіберем, десе, жолымыз кең, базарымыз ашық. Ал күш жағынан бізге ешбір елдің өктемдігі жүрмейді. Бұл жиһанда ұлы Хорезмнен асқан құдыретті патшалық болған емес, — деді.

—Өктемдігі жүрмейді... Ха, ол солай айтады. Ол соның сөзі. Ал, айта түс, мұсылман, тағы не сұрады сенен, Хорезмнің патшасы, өр көкірек Мұхаммед?

—Сен мұсылмансың. Дініміз бір, піріміз бір адамсың. Туып-өскен жерің өзге емес, өзіміздің өргеніш. Дінсіз дұшпанға сатылмай шыныңды айт. Шыңғысханның әскері қанша? — деді.

—Ал, сен, не айттың мұсылман... Шыңғысхан құрбандығын көрген жолбарыстай жонданып, шегір көздері шатынап, арбиған аю саусақтарын сықыр-сықыр сығымдап, Махмұд Алуашқа төне түсті.

—О, ұлы падишаһ, бұл дүниеде сенің қара ормандай самсаған қалың қолыңа тап келер күш болған ба еді! Сенің жиһан жүзін жапқан сансыз түмендерінің қасында Шыңғысханның әскері қара түнгі самсаған жұлдыз ішіндегі бір шок үркердей ғана.

—Бір шок үркердей!..

—Иә, ұлы хан! — Мен Шыңғысханның әскері тек бір шок үркердей, — дедім.

—Ха, —ха... Сен түлкіден де айлакер, тапқырсың, Алуаш. Тауып айтқансың. Қусың сен, мұсылман. Ал енді сен мына нөкерлеріңмен маған кешке келіндер, қарындарыңды майға толтырам, — деген.

Шыңғысхан, арғы-бергі бастан кешкен қилы күндерін ойлап отырып, өз анасы, меркіттің ақылды қызы Әуелүнның «Түсінде ұзын жылан көрсен, ол ұзақ жол, көп олжа, ұзақ бақытты өмір, ұзақ жасар мәртебенің белгісі» деген сөзін еске алды. Жол тілеп, аш бөрідей іші ұлыған қалың қол, он алты аттылы түменін ойлады.

Торғауыт нойондары бастап, ішкі ұлыстардан сақадай сайланған — жүз алпыс мың әскер.

Өргі Алтайдан қиырдағы Хинганға дейінгі сан атырапта үдеріп көшкен елде, ойраттан, кара қытай, ұйғыр, қырғыздан, керей мен найманнан жиылып, мұның қол астында жаңа түмендер құрып, құла дүниені кернеп жатқан қосынды әскер күшін еске алды. Төсегінен ебедейсіз көтеріліп, күзен ішігін жамылып тысқа шықты. Қыр ауасын кернеп, шығыстың салқын самалы есіп тұр. Ол енді байқады. Ерте сәуірдің айсыз қара түні ортасынан әлдеқашан ойысқан. Қарабарқын түпсіз аспанның қиырында жасыл алмастай жарқырап, қашанғы бір орнынан міз бақпаған темір қазық, байлаулы ақбоз аты оны айналып ұзақ торумен, енді таң алдында алыс батысқа ойысқан жеті қарақшының шок жұлдызы көрінеді. Ол — сапар тоғысы өтіп, енді ұлы жорықтың жұлдызы туып келе жатқанының белгісі еді.

Түпсіз түн, шексіз аспан ай астында жападан-жалғыз тұрып ол өзін жиһан дүние айдынына шығарған алтын бесік ұлан өлке, туған жерін ойлады.

Қиырсыз — қиян дала шалқарында еркін кезген бір ғана самал желмен сырласып, алыста асқар таулар биігінен асып, шығыстан иек артқан таң шолпанына көз тікті. Мұның ерте оянған ет жүрегін от-жалынға бөлеп, сыр мен мұңға толтырған ерке Онон, жібек толқынды қасиетті Керулен сол шетте, ұшан дүние құшағында жатыр.

— Уа шіркін, дарқан дүние! Семсер жүзіне суарылған қан-қасіретті өмірдің Ұлы сапар жолы алда жатқанын, ол енді басталарын, адамзаты басына қаншама қилы замандар туарын білемісің, сен!?

Міне, сол аттанар шақ, Ұлы сапардың жарық жұлдызы алыстан көк айдынына көтеріліп келеді. Ертең жол, қиырсыз-қиян дүние, ең шеткі көк теңіздерге бастайтын жорықтың жолы.

Қош бол, Онон!

Қош, көгілдір Керулен!

ЕСІРКЕП БАТЫР ЖОҢҒАР ЖОРЫҒЫНДА

*Адамзаттың баласы
Атадан алтау тумас па?
Атадан алтау туганмен,
Оның ішінде біреуі арыстан болмас па?!
Арыстанның барында
Жоргасы болса мінісіп,
Торқасы болса киісіп,
Толғамалы қамшы алып,
Толғайда толғай дәурен сүрмес пе?!*

Бұхар жырау



Әңгіме батыр туралы, елі мен жерін қорғап, азаттық жорықтардың алдын бастаған Есіркеп сынды азаматтың ұрпақтарға ұлағат, айта жүрер аңызға айналған ерлікке толы өмірі жайлы болғандықтан, оның заманы мен өмір сүрген кезеңінен айналып өте алмаймыз.

“Қазақ пен қалмақ көрші заман болған, Кезі жоқ жауласудан аман болған” — деп ақын жырында айтылғандай, әуелі Алтай ойраттары Шорас тайпасының шон-

жарлары Харахула, Байбағыс әулетінен шыққан Батур Хонтайшы негізін салған Жоңғар мемлекеті батыс, шығыстағы көрші елдерге жасаған дүркін-дүркін басқыншы шабуылы арқылы іргесін кеңейтіп, тұтас ел, қалың халықты жүз жылдан астам қан-қасіретті заманға душар еткені аян.

Әуелі батыс Алтай, Зайсан, Қара Ертістің өлкесін мекендеген керей, наймандармен арадағы жер мен мал дауынан майда қақтығыстар, барымта-сарымтадан туындаған ел аралық шапқын бертін келе ұлғайып, жойқын жорықтарға ұласып кете барған ғой.

Жылнама, өткен тарихымызға көз жіберсек, қазақтың жері мен ел тұтастығы, азаттық үшін аттаныстың ұрпақтарға үрдіс боп қалған ерлік өнегесінің түп тамыры тым тереңде — сонау бір, алыстағы айтулы күндерде жатыр.

“Қазақтың Есім ханы болған кезде,

Жау-жорық жапан түзде толған кезде”, — деп айтылатын дастан-жырдың самал желімен сан ғасырлық ел тарихында Қазақтың ұлттық намысы мен халықтық қасиетін биік асқақтатқан ұлы хан— Еңсегей бойлы Ер Есімнің тұсынан басталады.

Ол кез шығыста өр Алтайдан Еділге, қар басқан орыстың қара орманынан күңгейдің мәңгілік мұзарт тауларына дейінгі құс қанатын талдырып, құлан тұяғын тоздырған қазақтың ұлан даласы, көшпенді бейбіт қазақ елі әуелгі дербес хандықтың туын тіккен Керей мен Жәнібектен бергі жерде, тұтас биліктің ордасын қасиетті Түркістанда орнатып, ел тізгіні ер Есімнің қолына тиген шақ еді.

Қазаққа қатер шығыстан екенін ерте сезген көреген Есім, ел мен жерді қорғаудың кепілі тек бір тұтас бірліктегі халықтың күш-қуатында екеніне сенім артады. Ежелден қансінді ағайын арасы, ру аралық талас-тартыстарды тыйып, елді бірлікке бастайтын билер билігін орнатады. Сол арқылы ел ішінде төртіп орнатып тұтас елді арғымақ атын, ер қаруы — бес қаруын сайлап, сырттан келер шапқыншы жауға қарсы аттанысқа сақадай-сай тұруға шақырады.

Міне сол тұста, сонау Күншығыс тараптағы Тарбағатай, Алтай тауларын жайлаған керей, найман елін қалмақ шапты. Қаптаған қалың жау Жетісу жеріне кіріп, Алатау өлкесін бойлап, Көкше теңіз (Балқашқа) одан өрі Қаратау, Таласты басып Сыр бойындағы шаһарлар, хан ордасы Түркістанға өткелі жойқын жорықпен келе жатқанынан хабар жетеді.

Аттан, Алаш! Қасиетті туған жер мен ел үшін аттан салған хан жарлығы Еділден — Сырға, Ұлытау — Арқадан Аспараға дейінгі қалың ел — қазақтың үш жүзін түгел көтерді.

Берілі басты көк байрақ — хан туының астына арғын Ағынтай, қоңырат Алатау, дулат Жақсұғыл, шапырашты Қарасай мен ер Жанай, алшын Жиенбай, жаныс Құдайберді сынды батыр қолбасшылар бастаған 30 мың қазақ қолы сан жағы екі есеге жуық басым 50 мыңдық жонғар әскеріне қарсы қасиетті Түркістан топырағынан азаттық жорыққа аттанады.

Көкше теңіз сыртында, Алакөл атырабындағы қанды майданда алғаш шайқасқа шыққан қазақ жасақтары алты күнге ұласқан ұлы майдан үстіндегі қантөгіс қырғында, Ойрат шеріктерінің шебін тас-талқан бұзып, жаппай қырғынға ұшыратады

Қазақтың қара дауыл шабуылы қарқынына төтеп бере алма-

ған қалмақ қолы Алакөлдің айдын жазығында баудай түскен өліктерін қалдырып, Шұбартау, Шыңғыстау тарабына шегінеді.

Ақсуат, Аягөз жағынан найман, керей жасақтары жолын кесіп басар тауы қалмаған, жаппай жансауға күйге түсіп Теріскейге, Орыс орманына ағылған ойраттарды Есімнің екпінді қалың қолы Обь дариясының толқынды қызыл суына тоғытып, қалың қарағай дүлейіне тоздырып жібереді.

Бұл ұлан асыр жеңісті кешегі Ұлы оқиға — Империя негізі Ойрат Одағының бет алды ыдырап, елдік бейнесінен айрылуына жеткізді. — Жоңғар хандығының тарихын зерттеуші, тарихшы ғалымдар бұл оқиғаны “Ойраттар елінің ақтабан шұбырындысы” — деп бағалады.

Әйтсе де, алыстан дүмпуі жер жарып, — “Ел шетіне жау келді, — жазық бет, қысық көз, — доңыз, — көпірлер, шүршіттер, қалмақтар!” — десіп дүрбелеңге түссе де, — беті суық, басқыншы жауды бұл жолы — Іледен бергі жатқан ішкі қазақ жері, Қаратау мен Сырдың қалың елі көрген жоқ еді. — Бірақ, өмір тағдырдың ел басына еншілеген қасіретке толы қатерлі қиын күндері мен жылдары алда екенін, қыр мен ой, көгала көлдерді жайлап, түйелі көштер түзіп, қаздай қалқып қонған қайран жұрт қайдан білген.

“Ұзыннан өші, қысқада кегі кеткен” қырсық жау қыбын тауып, ұшан теңіз дүниені ен жайлаған бейпіл елді, талау мен тонау, шапқын мен қырғынға салып, шалқар өлке, шүйгін жайлауларды иемденіп, мал-пұлын олжалай, қазақтың құралай сұлуларын құшып, бозбаласын есік алды құлақ кесті құлдыққа салуды қиялынан бір сәтке де шығармапты.

Алтайдың арғы-бергі бетімен Қалка Мұңғолдың Орхон мен Керуленнің кер даласында құланның қиындай шашылған бұрынғы Ойрат одағының тамтығын қайта жиыстырып, тақ таласында, туған ағасы Сенгені өлтіріп хан тағына отырған Батұр — Хонтайшының екінші ұлы Қалдан — Бешоқты шығыстағы қуатты көрші — Цин елі есебінен қуаттанып, XVII ғ. 81-83 жылдары қазақ жеріне жана жойқын шабуылдарын бастайды.

Алғашқы жорығында Іле өзені сағасына жетіп, Көкше теңіз бен өзеннің Қалың ну, Қамсақты жағасында қыстап шыққан Ойраттар, көктем кірісінде, — мұздай қарулы үш түмен әскерімен Таластың алабын шауып, Қаратау асып, жолындағы бейбіт елді қанға бөктіріп, түстік үйектің ірі сауда мен мәдениет орталығы ежелгі Испиджаб (Сайрамды) аяусыз қиратты. Шаһардың халқын қыр-ғынға салып, бай қазына-мүлкін тонады.

Қалдан – Бешоқты хан бастаған жоңғар жорығының түпкі мақсаты бір ғана Сайрам емес, күнгей Қаратау, Сырдария өлкесінде ежелгі сауда-керуен жолдары арқылы шығыс, батыстың елдерімен жалғасқан, гүлденген шаһарларды басып алып, Орталық Азияда тұтастай Жоңғар империясының үстемдігін орнату еді.

Бірақ бұл кезде қазақ елінде Ер Есімнің ескі жолы, Қасымның қасқа жолы үлгісінде біртұтас билік орнатып, кеменгерлік саясат жүргізген Әз Тәуке хан, халық жасақтарын Жоңғар басқыншыларына қарсы қан майданға көтеріп, жау жолына мықты тосқауыл ұйымдастырып, ел тынысын, аз жылдар мен айларға болса да ұстап тұрды.

Қазақ елінің бірлігі мен тағдырына сын болған XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде, сәтсіз жорықтар күйігінен у ішіп опат болған Қалдан ханның орнына Империя билігін қолға алған аса қатігез – зұлым Цеван Раптан хонтайшы өткеннің қарымтасын қайтарып, Оңтүстік қазақ жеріне шапқыншылық жорықтарды үдете түсті.

Ел басына қатердің қара бұлты үйіріліп келе жатқанын алдын-ала болжаған көреген Әз Тәуке хан, ел мен жер тұтастығын сақтап тұрудың, халықтың азып-тозып кетпеуі үшін орасан зор іс-шараларын жасады.

Ол ел ішінде өзара бақталастық талас-тартыстарды сейілтіп, беделді билер билігін биіктету арқылы халықтың біртұтас бірлігін орнатуға бар күш-жігерін жұмсады. Хан ордасы Түркістанда, көктем, жаздың кезінде Қаратау баурайының ел кіндігі дерлік ұрымтал жерлерінде көшпелі орда кеңесі, – Құрылтай мәслихат жиындарын өткізіп, ел тағдырына қатысты ішкі-сыртқы әлеуметтік саяси жәй-жағдайды егжей-тегжейлі ел өкілдері талқысына салуға ерекше көңіл бөлді.

Сол кезеңдегі ел тағдырында ерекше орын алған, Әз Тәукенің шақыруымен Үш жүз жайсандарының басын қосқан әйгілі Мөртөбе, Күлтөбе, Хан-тағы, Қарақұмтөбе жиындары, онда халқымыздың сан ұрпағына мәңгі өшпестікке ұлағатты ұран боп қалған – даналық сөз, өрелі өсиеттер өзінің мән-мағынасы мен бұл күндерде де соншалық биік, асқақ естіледі.

Ел басына күн туған қилы-қиын кезеңде бірі асқар-асқақ Алатаудан, бірі Сары бел, саумал көлдер асып осынау қиыр, Сарыарқадан ат арылтып, енді бірі алыстағы Атырау мен Еділ-Жайықтың ұлан ғайыр өлкесінен келіп Әз Тәукенің жанынан табылған үш данышпан Төле би мен Қазыбек, Әйтекелер салған

жол, қалған ізден тұтас бір дәуірде тұтас бір халық тағдырын қайыспай көтерген азаматтар бейнесі айқын көрінеді.

Дүниеде жақыннан туған дау жаман, көрінбеген жау жаман.

—Ел іші алыста, қазақтың ту сыртынан қанжарын қайрап, қанды кегін сақтаған қайдағы бір қалың қалмақтың қаптап келетіні әр тұстан дүрбелең-дүңкіп жатқанда, 1710-шы барыс жылының жайлы-жайсаң көктем күндері де туды. Күнгей Қаратаудың баурайы қыстау қоныстардан көк жонның көсілген жайлауына көшіп-қонған қабырға-қанаттас ойсыл, үйсіннен өрбіген ойық, ошақты, ысты, дулат, сіргелі қалың ел дария бетінде сен қозғалғандай толқыды. Ылдида, Арыстанды алабының Сырға қараған айдынды кең жазығы ілгері хан Жәнібек жайлаған өлікті жайлауында өткен бір заманда Шыңғысханнан қалыпты дейтін Қарақұм атты төбеге— Әз Тәуке исі қазақтың барша ұлыс бектерін, беделді би, жақсы-жайсандарын ел қорғаны ер жүрек батырларын ұлы дүбір құрылтайға шақырған дейді.

Айтулы күн туғанда жайлы өткел, жайдақ асулы Қаратаудың сан-сала асуларын шығыс пен теріскей тарабынан асып, салт атты, сабау қамшылы ығай мен сығай ел мықтылары ылдидың көгілдір мұнар басқан бұла даласын беттеп ағылып келе жатты.

Ақжайқын, Телекөлі басып, Сарысу алабының әйгілі Бесқұлан жолымен Арқаның Жетіқоңыр, Ұлытау тарабынан қылшылдаған қыран мүсінді Қаз дауысты Қазыбек би бастаған Малайсары мен Қанжығалы Бөгенбай тобы, Шығыстан айдынды Арыс бойымен дарияны беттей алып кара көк арғымағын алшан бастырып, нөкерлерден оқ бойы алда келе жатқан нар тұлғалы Төле би көрінеді.

Ұлы жүздің ұлан асар тобының көш басында, қалың шымырдың әйгілі түменбасы батыры Қойгелді—Жуалы, Талас өлкесінің айтулы тарланы Сикымның мыңбасы батыры— Қарабатыр (Төле бидің жансерік күйеу баласы) төменгі Талас Ұшаралдың қалың ошақтысынан шыққан Санырық батыр, Жаныс Өтеген мен Сеңгібай батырлардың тобы лек-легімен шексіз аспандағы Темірқазық жұлдыздай қиырдағы Қарақұм төбені бетке алып ағылып бара жатты.

Сол бір таусылмастай, сарқылмас дариядай көрінген ел азаматтары ағынына орталық Қаратаудың майдам саз көусар бұлағы мол келісті өңірі— Майбұлақ тарабын жайлайтын сіргелінің Бәйжігіт тармағынан шыққан аты шулы, әйгілі Тоғанас батыр тобында, аталы ағайынның бетке ұстар, сөз сөйлері

Жаманқараның жанында жасы он төртке жаңа толған жас ұлан жеткіншегі Есіркеп те келе жатыпты.

Балалықтың базарлы мезгілін ауыл аймақта күні кеше тай мініп, жел жарыстың желігінде өткізіп келген Есіркептің ел жайлауы Қаратаудың жон өлкесінде көктем, жаз, сары күздің шағында ауыл арасы жиын, той, ат шабар көкпар қызығының талайын көрген-ді. Бірақ хан ордасы шақырып алты алаш қалың қазақ елінің басын қосқан құрылтай атты мына жиынның түрі өзгеше еді.

Мамырдың қалың ортасы, көктемнің мұнар-сағымына бөленіп теңіздей толқып жатқан кең даланың айдыны айнала шартараптан лек-легімен толқынды дария болып келіп жатқан қалың нөпір аттылы адамда қисап жоқ.

Міне енді көкалды жазықта оқшау орнаған он екі қанат ақ шаңқан ордадан шығып, қазандай өрнекті қалы кілемдермен көмкерілген ақ киізі кең жайылған шағын төбенің үстіне иыққа желбегей ілген ақжібек жеңіл шапанының шалғайы самал желмен желбіреп, биік қалбағайлы кіршіксіз ақ қалпағы әйдік көрініп Хан ие Әз Тәуке, оның соң жағын ала ел-жұртқа келісті тұлғалары алыстан таныс, қазақтың үш кемеңгері Әз Төле, Қаз дауысты Қазыбек пен әйгілі шешен Әйтеке билер көтеріліп келе жатты. Мәслихат төбенің қос қапталын ала қақ жарыла болат дулыға, ақ кіреуке сауыт, көк сүңгі найзалары күн шұғыласына жалтылдап қатар түзеген әйгілі батыр қолбасылар тұрды.

Қалың нөпір ентелескен ел өкілдері алдында ат үстіне тік көтеріліп, керней-сырнайлатқан хабаршы жаршы-жыршылардың сыбызғы үніне ұласқан— “Уа халайық жарандар, сөзге құлақ салыңдар. Алдарында Алланың сүйген ұлы— Қасиетті Хан ие!”— десіп әр тұстан жанғыртқан ащы дауысы құлақ тұндырды.

Әз Тәуке жаратылысында аса сыпайы да пайымды, аз болса да саз сөйлеуді ұнататын өзінен бұрын өткен көп билеуші атаулыдан өресі биік жан еді. Орта бойлы, сұлу мүсінді, дөңгелек шырайлы жүзін қияқтай қара мұрты, дөңгеленте түзеген шағын қара сақал көмкерген қырықтың қырқасынан асқан жасында көпті көріп, көсемдікке ізгілікті серік қылған хан еді. Тым биік емес, қоңыр—қай айқын даусымен айналаға толғана-толқып көз тастап әр сөзін тамға басқандай ашық-айқындап сөйлеп тұрды. Сол бір тайым толқынды сөз арасынан— қалың жұрт құлағына сан қайтара жаңғырып жеткені— қазақтың елдігі мен бірлігінің жайы еді.

—Ей, қалың жамиғат, қазағым! Құс қанатын талдырып, құлан тұяғын тоздырған құламедиен қасиетті жерің бар. Жерге лайық

жаралған кең қолтық-бейпіл елің бар. Күнгеің мен шығысын, құс өтпес — құзар тауың бар. Басыңнан бағың тайдырар, таусылмайтын дауың бар. Қанжарды қанға қайраған, қатерге басты байлаған, андыған ата жауың бар. Жауға елін бермейтін, атадан қал— ған асылға иегелік етер елің бар!..

—Бүгін біз ел мен жер тағдыры тәңір таразысына түскен қауіп пен қатерге толған сын кезеңде тұрмыз. Ел шетіне семсерін қайрап, қаруын сайлап қаптаған қалын жау келді. Тандаудың екі ғана жолы бар: Бірі — туған жер атамекенді қан майданда көк найзаның ұшы, құрыш білектің күшімен қорғап қалу: Екіншісі — рақымсыз кәпір жауға пенде болып, беріліп, байлау мен айдауда кету! —Көне, не айтасындар, сөйлендер, ел мен жер иесі қазақ ұлы, — деп тебірене толқып тұрды хан.

Тұйыққа тірелгендей бір сәткі тылсым тынысты, — уа, алдияр хан-ие, уа, жарандар, — деген күндей күркіреген зор дауыс бөліп жіберді. Оң қапталдан төбе төскейіне көтеріле түсіп қалыңға қасқая қарап сөз арнаған, қаншама қанды жорықтардың қаһарманы, атақ-даңқы жер жарған әйгілі батыр қолбасы Қанжығалы Бөгенбайдың басында шымболат дулығасы жарқыраған, көк кіреукелі нар тұлғасы көрінді.

—Уа, Алдияр хан-ие, уа жамиғат халайық! Біздің алдымызда тағдыр еншілеген бір ғана жолымыз бар. —Ол қаншама ата заманнан қазақ ұлына мирасқа қалған мына қасиетті жер, туған елімізді қасық қанымыз қалғанша қорғап қалу. —Қорғана тұрып, қан майданда жеңіске жету!

Көне, қазақтың ержүрек қайсар ұлы сөз сендерде, — деп бөгеліп еді.

—Уа, қасиетті хан-ие!

Уа, батыр — Бөке! — Ханымыз да жанымыз, жүрек-тілегіміз, өзіңмен бірге! Баста бізді, ұлы жеңістің жолына!

—Баста, баста!

—Уа, көк тәңірісі қолдай көр!

—Уа, әруақ! Әруақ— десіп асқак көтерілген сан мың дауыс, аспанға көтеріліп, көсілген көк далада асқак жаңғырықты.

Ел бірлігінің мызғымайтын ұстыны батагөй даналар мен батыр қолбасылар қауымында, сан мың жайсандарға кейінгі тілек сөзін арнаған Әз Тәуке:

—Біздің қазаққа ең алдымен құдайдың құтты күні және келешекте де ауызбірлік керек. Ол бүгінгі өмірі мен барша жеңістерінің кепілі. —Елдігіміз бен бірлігіміз әрдайым бірге бол-

сын, жамиғат!— деп қос қолын көк төңіріне сыйынып биік көтерді.

—Бірге болсын, уа, хан-ие бірге болсын!

Қиырсыз қазақ жерінің кіндігі қасиетті Түркістанға таяу жерде тарихта “Қарақұм кездесуі” атанған бұл халық құрылтайы калың қазақтың елдік пен бірлік туын биік көтеріп алда күткен беймәлім тағдырлы жылдарына осылай ұлы пәтуамен аттанған-ды.

Хан мен халық бірлігінің биік рухына жігерленген ел іші:

Тәуке болып ханымыз,

Рахат тауып жанымыз.

Он сан алаш бірігіп,

Ойран болды жауымыз — десіп сүйікті хан есімін келісті өлең-жырға қосты. Бұл шекарада да шегі жоқ, байтақ қазақ жеріне, бейпіл қазақ еліне түс-тұстан анталаған аларман жау қазақтың “жаңа тапқан жан рахатын” алысқа ұзатпады. Араға бір ғана жыл салған — 1711-ші қоян жылының осындай көктемінде Қаратау жеріне Жетісу, Талас жағынан төніп келген Ойрат шап— қыны ел тұнығын шайқалтып, қан-қасіретті зар заманға тап болды.

Ел басына екіталай күндер туған сол кезеңді көне қазақ тарихы былай деп көрсетеді: “Жоңғар билеушісі Цеван Раптан билік басына шыққаннан кейін, XVII ғасырдың ақыры мен XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ жеріне жеті дүркін (1698-1711-1712-1714-1718-1723-1725 жылдарда) басып кірді. Қазақ жоңғар қатынасының мұншалық шиеленісуінің себебін Жоңғар хонтайшысы Цеван Раптан өзінің Канчи патшаға жолдаған мәліметінде: “Қазақтың Тәуке ханының ойраттарды қырғындап, Уранхайларды шапқандығынан болды”— деп түсіндіреді. Цеван Раптан орыс елшісі И. Виковскийге айтқан сөзінде: “Бұл соғыстың басталуына қазақтар себепші болды. Қалмақ ханы (Еділ жағасындағы) Аюке ханның Цеван Раптанға ұзатылып бара жатқан қызының көш-керуеніне Тәуке хан шабуыл жасады,— деген. Бұл тек қана сыныққа сылтау еді. Сөйтіп XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде Жоңғар феодалдарының шапқыншылығы қазақ халқын “Ақтабан шұбырынды” апатына душар етті” (Қазақтың көне тарихы, 272 бет).

Көрген қызық, көрмегеннің бәрі ермек үшін айтылар ертегі сияқты көрінетін балалық шақта қазақ еліне сырттан келер жау

барын өткен бір жылдарда жорық-жосынды жол кешіп, жауды жеңген батырлар жайын көп естіген Есіркеп Қарақұмда өткен халық құрылтайында енді көреген хан, ел бастаған көсемдер мен шешендер, қол бастаған батырларды өз көзімен көріп, ойы да, бойы да биіктеп, есейген ер көңілмен оралды.

Қанатты қиял мұны жатса-тұрса арғымақ атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, ана кешегі ұлы жиында қайнаған халық алдында өр биікте өркештене тұрып асқақ үнмен айбынды ұран айтып халықты басқыншы жауға қарсы жеңісті ұлы жорықтарға шақырған қанжығалы Бөгенбайдай ер тұлғалы азамат болуды армандады.

Асқақ мұратты арман— елім деп ерте есейер ер жігіттің қанаты. Сол арман өмірінің биігіне ерте бастаған Есіркеп заман сазы, дүлей толқынды, дауылды, дабылды жылдардың алда, тым жақындап келе жатқанын, тоқым төсеп, жең жастап, ер үстінде түн қатар қан-қасіретті дүбірлі кезең туарын сол бір алаулы-албырт шағында қайдан білсін.

Сол 1710-шы барыс жылының жазы мен күзін бір-біріне қанаттас-қатар жатқан Сіргелі, Дулат, Ысты, Ошақты қалың ел, дүрбелең-дүбірге толы қарбаласта өткізді. Үй басы азамат жорық пырағын жаратып, ат-өбзелін сайлап, жау жарағын әзірлеп жатты.

Хан ордасынан түскен жарлық пен ауыл аралық ұста дүкендері мен болат найзалар, сүңгісі, қайраулы қайқы қылыш, болат семсерлер мен үзбелі сойыл жез бен көн қалқан, қорамсақты жебе мен кіреуке бұзар қатаң серпінді садақтар жасайтын шеберханалар орнады. Бұл өнерлі де шеберлі іске аса зәру ісмер ұсталар ішкі шаһарлар — Түркістан мен Қарнак, Саудакент пен Созақ, Сайрам мен Ташкент, тіпті осынау қиырдағы Қоқан мен Бұхардан алыс-жақынның шартарабынан келтірілді. Сол қым-қуыт қарбаласты күндерде тау іші тас қорғанды жертөле, қарақұрымды жолым үй, тіпті ағаш саясы, жер панасы ашық аспан астында, көріктері күмпілдеп, қарашомбал төстерге балғаларын гүрс-гүрс, тақ-түк, шақ-шүк ұрып, сом темірлер илеп, болат суарып, қылыш, найзалар қайрап мандай терін сыдырған сом білекті ұста, таңғажайып ісмер-шеберлер көрінер еді.

Міне енді сол ер қаруы— бес қаруын тағынып, құрыш киіп құрсанар, арғымаққа ер салып, жорық жолына аттанатын күн туды. Бұл ел ішінде аңыз боп көп айтылар, құба қалмақтың мерейі үстем болған қазақ жасақтарын бұрын-соңды көрмеген

дәу мылтық (зенбіректің) күшімен жусатып салған – 1714-ші жылқы жылғы Шығыс Қаратау тарабындағы Берік – Қара – Билікөл шайқасы еді.

Бұл сапар жасы он сегізге жана толған бозын жігіт Есіркеп, бұған шейін жорық жолының талай асуын асқан өз туысы – атақты Тоғанас батыр бастаған Ысты, Сіргелінің төрт жүздігінің құрамында еді.

Қаратауды Батбаксу-Изендінің асуымен асып, Көкталдың терең шатқалында шымырдың Шонды атасынан шыққан атақты Қойгелді батыр бастаған Сикым, Шымырдың алты жүздік жасағына қосылып Берікқара тау бөктеріне бекінген қазақтар келе-междеп – “Боктышар” деп атап кеткен Қалмақтың Ботхишар дейтін батыр нояны бастап келген жалпы қарасы екі мыңдай шерігіне Билікөлдін ашық майдам жазығынан маңдай тұстан лап қойды.

Қалмақ қосынын батыс, шығыс, теріскей үш тараптан қоршап, қыспаққа қысып, жойып жібермек болып, жүз-жүздікпен атой салып, андыздай шапқан жасақтар, шудалары жер сызған атандар арқасына таңып, тау биігіне арқа тірей орнығып алған Қалмақ зенбіректерінің бас көтертпей үсті-үстіне төпеп атқан от шашар жойқын оғына тап болды.

Бұрын-сонды мынадай сұрапыл – сұмдықты көрмеген сарбаздар мен аттар көкала түтін қызыл от, қарша борап ысқырған шойын оқтың астында баудай түсіп, ажал құшты.

Бұл сәтсіз шабуылда қазақ жасақтары алты жүздей ат, бес жүзге жуық сарбазынан айырылды. Марының майдам сазында қуа ұрыс салған Қойгелді соққысынан екі жүздей шерігінен айрылған құба қалмақтар, жолындағы Сикым ауылдарын шауып, Бөкей тауын айналып, шақпақтының асуы арқылы – Сайрамға өтіп кетті.

Бұған шейінгі екі ұдай Жоңғар жорығынан әлі еңсе көтере алмаған ежелгі Сайрам бұл жолы да қатігез қалың жаудың талау-тонауына түсті.

Бұл күндерге дейін қазақтың ашық жатқан аңғал жері мен еліне қалаған тұстан көктеп кіріп, қалың елді қапылыста қырғын-ға салып, мал мен пұлын олжалап, шерулі көшпен шығысқа кетіп жүрген “атаңа нәлет ит қалмақ” – деп жүргені пәлендей бір ерек тұлғалы емес, ылғи пәкене, келте мойын тоқпақ жалды торылар мінген үстіне тері-терсек киіп, тұла бойы саусылдаған соғыс қаруына толы, тайқы маңдай, жазық бетті, қысық көз, кір-

қоқыстың не екенін білмейтін жылтыр кара, екіленген- есер тобыр екенін Есіркеп алғаш рет осы әуелгі Билікөл жорығында көрді.

Кең жазықта көсіле шауып, көк найза, сала-құлаш, сота-сойылын еркін сілтеп, ерен екпінмен қалың жауды жапыра-жайпап өтетін қазақты Алтай ойраттары тау іші тар қуыстарда қапы қалдырар еді. Бұл жолы да солай болды. Қарша бораған сүр жебесі мен аракідік Сібір қалаларында Орыс пен Швед мылтық шеберлеріне құйдырған жасынның отын шашар зор зеңбіректерімен төбеден төпеп машықтанған, тау ұрыстарына бейім таулық ойраттар мен қалың шайқас кезінде Есіркеп астындағы Сандалкөк арғымағы оққа ұшып, өзі сол аяғынан жараланды. Зеңбіректер оғынан кара шыбындай ызғыған шойын жарықшағы балтыр етін боршалап кеткен еді. Аяғын тал қайысымен тас қып танып, ат ауыстыра мінген жаралы жас жолбарыс жалын атқан кеудесінде кек қайнап, Орта жон жайлауындағы ел-жұртына оралды. Азаматы қан майданнан оралмаған ауыл-аймақтар кара жамылды. Жесір, жетімнің көз жасы көңіл аздырды. Қайғы мен қан жұтқан ел кегі төзім мен намыстың кенересін кернеді.

Солай, қаншама қасірет-қайғы көрсе де үделі үміт үзілмей, алдағы жақсы күндерін күтумен ғұмыр кешкен қалың ел, өткенге салауат, жаңа тірлігін жалғаумен араға төрт жыл салып, 1718-ші ит жылының қан жалаған кара көктемі де жетті.

Бұл Есіркептің жасы жиырма екіге толып жас отауға Қыр Ошақтысы ішіндегі Тасжүрек әулетінен Оралбай бидің Күнбике атты күн көрікті сұлу қызын түсіріп, көзінің ағы мен қарасындай екі ұлы —Шырынбек пен Жәутігін дүниеге келтіріп, үй-баранды ер азамат санатына қосылған кезі. Мүсіркеп пен Жарқынбай, ат мінер жігіт санатына ілініп, кейінгі Айқынбай мен Жарылғап ата шаңырағы астында өрбіп, тасырлата тай мінген ұшпа қанат жетіліп келе жатқан-ды.

Ұзақ ай, апталарға созылған ақ боран, сақырлаған сары аязды ауыр қыстан кейін Шымыр Жәутіктегі көктеу қонысына жаңа көшіп қонған қалың Бәйжігіттің Жаманқара, Амалдық ауылдары жаңа төлін өргізіп, арқа-басын енді кеңейтіп жатқан кезі еді.

Ылдида Түркістан сыртындағы Хантағы биігінің баурайында ақ ордасында науқастанып жатқан Әз Тәуке ордасынан шығып ауылдан ауылға жай оғындай тараған:

“Ел азаматы ер қаруын сайлап, ереулі атқа қонсын. Шығыстан қалың жау келеді”— деген суыт хабар жетті. Бұл қырдан-

қыр, белден-бел асқан суық сөз аузы күйген елді қым-қуат сапырған ала шапқын аттаныстың қалың қарталысына түсірді.

Шындығында, бұл жай, тиіп-қашты барымта—қарымтаның шапқыны емес, Жетісу жерінде қазақ арасына сіңіп, Садыр Найманның Айтоты атты кербез сұлуын нақсүйер тоқалдыққа алған (Жоңғар ханы Цеван Раптаннның немере інісі) қанқұйлы залым хан Хорен бастап Көкше теңізді (Балқашты) айналып, Саяқ даласы арқылы Таластан өтіп Қаратау еліне тұтас бір түмен қалмақ шерігі жон арқалықтан төніп келе жатқан-ды.

Бейқам елге тұтқиыл-төбеден қара бұлт болып төнген жауды ішкері өткізбей Қаратаудың жөн-жота, сай-саласында тоқтатып, қарқынын үзудің бастапқы міндеті— жау жолында жатқан Қаратау еліне, оның ішінде Теріскей, Күнгейді мекендеген Сіргелі, Дулат, Ойық, Ошақтының қауырт қатер түзген жасақтарына жүктелді. Бұл кезде Үлкен Шаян, Кіші Шаян — екі сала тау іші, ата мекендегі Бәйжігіттің асқар таудай айбарлы ағасы Тоғанас батырдың батасын алған жас батыр Есіркеп, ежелгі ер бабалардың әруағына сыйынып, Қарабатыр, Бәйжігіттің үш жүздіктен құралған қуатты жасағын алдағы жорық жолына бастап шықты.

Бұл шағын топ арада аз күн өткенде Бөген, Шаян, Арыстанды, Қарабас, Ақтас, Аюлының алабын қоныстанған Ойық, Тілік, Жалайыр, Қарабатыр, Қайшылының ауыл-аймағынан атқа қонған төрт жүздік жаңа жасақтармен молықты. Сол күні екінді кезінде хан ордасы жарлығымен төменгі сыр алабын мекендеген кіші жүз Әлім саласының Құрманай, Құттығынан шыққан әйгілі Есет батыр бастаған үлкен бір қуатты қосыны келіп қосылды. Жалпы есебі он жасақтан құралған қазақ мыңдығын Есет батыр басқарды.

Шолғыншы хабарынан жау жолын, оның келер бағытын алдын-ала болжаған қолбасы жасақтарын Қаратау сыртына асырып, ұрымтал тұс—Көкжонның теріскей шыға берісі— Үшбас өзенінің сыртындағы Сарытау бөктерінде күтіп тұрды.

Көп ұзамай үлкен сәске кезінде Теріскейдің құла даласына ұласқан құба жон үстінен көгілдір көкті өрт шалғандай Қоңырақай қанқұрым түске бояп көтерілген қою шаң, оның артынша жусанды жотадан түйдек-түйдек қара бұлттай тұмшап жөңкіліп келе жатқан жау қарасы да көрінді.

Аралық жақындай түсті. Жалпы қарасы бір түмен Жоңғар қолы тұтасқан нөсер бұлттындай түнеріп алдағы кең жазық, жасыл майдам шетіне келгенде ат басын тартып, ошарыла тоқтады.

—Көріп тұрындар. Бұлар бізді мысықтың тышқан ойынына салмақшы. Қан-құмар иттерге қызық керек. —Әне, келе жатыр,— деді, Қалмақ сырын білетін сыртақы, білгір найзагер.

Сол айтқандай жау шоғырынан бөлініп, сар желіске салып осылай қарап, тікелей тартқан үш салт атты Қалмақ жүйткі жортып келіп те жетті. Алдыңғысы қару-қалқансыз бүктеулі камшысын серт ұстаған оң қолын биік көтеріп, айқын қазақ тілінде тұнық ауаны жаңғырта айқай салды.

—Ей, Қазақтар! Біз қолбасы батыр ноян хан Хореннің атынан сендерге хан хүзірін жеткізгелі келдік. —Қазақтың Тоғанас батыры қатын болмаса майданға шықсын! Шыға алмайды екен, ажал іздеген жанкешті адамын шығарсын майданға. Жүнғоның рухы колдаған Жонғар қаруының күшін өз көзімен көрсін,— деді.

Мына сөзді естіген қызу қанды Есет пен ер тұлғалы Есіркеп арғымағын тебініп, суырылып алға шықты.

—Ей, адамдық арды сатқан суық жолды сүмелектер. Сасыған доңыз қанхор ханыңа мына хабарды айтып бар. —Тоғанастай асыл ер, білектің күші, көк найзаның ұшын арсыз жаудың арам қанына былғамайды. —Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар. Майданға таңдап ең мықты, батыр ноянын шығарсын. —Майдандасуға біз дайын деп айқай салды.

Хабаршы елшілер ат басын бұрып, өз ордасына қайтты. Арада сүт пісірім өткенде жекпе-жек майданына жау жағынан астына бұйра жалды, бұлан құйрықты қара қасқа арынды айғыры үстінде шоқыдай шомбал, апай төс қарқа қалмақ қаһарланып, атойлап шықты. Ұңғысы қос құлаш көк сүңгілі найзасын бастан асыра биік көтеріп, айбар шегіп, айқасқа шығар қарсы жауын күтіп тұрды.

Қазақ-қалмақ соғысында ұлы шайқастардың бәрі ол кез жауласқан екі жұрт батырларының ашық майданда бастарын бәйгеге тіккен жекпе-жек шайқастармен басталатыны рәсімді салты еді. Ұлттық намыс оты жігерін қайраған қалың қол өз ортасынан тек ұлт, Отан намысы үшін жанпида айқасқа шығып, тек жеңіп шығу үшін ғана сертті сеніммен шығар еді.

Енді міне жау батыры айдында, шегінер жер жоқ. Атадан ұл боп туған ер азаматтың бірі өмір мен өлім беттескен ақтық айқасқа шығуға тиіс болды. Ол азамат, өзге емес, ет жүрегі елім деп сокқан, ел мен жердің азаттығы, халқының қасиеті үшін жігер-қайратын намыс отына суарған жалын жүректі жас батыр Есіркеп еді.

Есіркептің ат тұрманын түзеп қайта мініп, үстіне ақ кіреуке сауытын, басына жалтылдаған болат дулығасын киіп, қолына қос құлаш көк сүнгілі найзасын алып, қатерлі жауға қарсы жекпе-жек айқасқа шыққалы тәуекел еткені шок жұлдыздай топтанып, батыр бабалар әруағына сиынған қалың қазақ жасағын қатты тебірендірді.

Уа, жасаған, уа, әруақ қолдай гөр, қолдай гөр десіп, жаратқан төңір мен ұлы Бақтияр рухына жалбарына қол жайып тұрды.

Есіркеп тумысында аса биік бойлы, қапсағай-қасан, шымыр, қол қысымы орасан, сығымы қайыздан су шығарған, өткір қос жанары ұшқын атқан қыран пішінді, ер мүсінді аруактанып жауға шапқанда аса зор өткір дауысы құлақ тұндырған, Алтуайт төбесіндегі айқайы – Сараба биігіне жеткен деп аңыз болған алғыр азамат еді. Өзі сілтегені жібермейтін кимылы жасын отындай шапшаң найзагер еді.

Енді ол, өр тұлғасына үйлескен есік пен төрдей қаракөк арғымағын алшаң бастырып, өзін тағатсыз күткен тау тұлғалы қара қалмаққа беттеп ұзай берді.

Майданға шыққан қос батыр бір-біріне қарсы недәуір алшақ шегіне барып, қасқая-қарсы тұрып бір шақ та найзаларын алға ұсынып оңтайлап, ат жалын құша ағындай шапты. Аралық арқан бойы қалғанда Есіркептің “Қайт, қайт” деген сұрапыл ащы дауысынан сескеніп, жалт бұрылған қара қалмақтың аты таяқ сілтем жерде тайқып, ойқастай ағып өте шықты. Енді ол алыстан орағытып, ат басын қайта бұрып, өзіне қарсы шапқан Есіркепке қара құстай шүйіліп, жақындап келе жатты. Аралық тым жақын есік пен төрдей найза сілтем қалғанда зәрені зәр түбіне жіберер Есіркептің сұмдық дауысы саңқ етті. Қара қалмақ ұсына көтерген қара найзасы қолында жалт бұрылған ат басын шаужайлап өте бергенде шапшаң бұрыла беріп, Есіркеп, көк сүнгісін жаудың ту сыртынан құлаштай сілтеді. Қате кетпес көк жасын жауыз қалмақтың қос жауырынының арасы көк желкеліктен шаншылды. Аузынан қара қаны атқыған батыр қалмақ өкіре барып, ат үстінен аударыла құлап түсті.

Бұл қазақ-қалмақ арасында қаншама қанды оқиғаны көрген қарт Қаратаудың жөн-жотасы, сай саласы, жазық даласында алты күнге созылған, жан алысып, жан берген аламан айқастың басы еді.

Өздері сұрап алған жекпе-жекте жеңіліп, ыза-кегі қайнаған күш қарасы қаншама есе басым қалың қалмақ Есет батыр бастаған қазақ шебіне лап қойды.

—Жасақтар! Жүздік тобын жазбандар! Қоршауда қалып коймандар! Таскынға-тосқын жасандар!— деген қолбасы Есет батыр, Есіркеп тобын оң жақ канатқа сілтеп, өз тобымен сол канатта Изенді-Қарасу бағытында кескілескен қанды шайқасқа шықты.

Есіркеп батыр бастаған Бәйжігіт, Қарабатыр, Қайшылының жалпы құрамы төрт жүздей ғана шағын тобы келте бақай, жабағы жалды қалмақ жалбарынан әлде қайда жүйрік аттарымен шапшаң қимылдап, әр тұстан қалың жауға ұрандай шауып, ұрыстың бесінші күні үлкен Шаян өзені шатқалымен Ылдидың жазық даласына шегінді. Қаншама заманнан ел жайлауы болған қасиетті Қаратаудың жон-жота, сай-саласы, ондап, жүздеп қырғын тауып, шашылып қалған жау өлігіне толды.

Алты күн толассыз өткен бұл қырғынның соңында туған жер атамекен үшін жанкешті шайқастарды бастан кешкен қазақ жасақтарының қатары да селдіреп қалған еді. Есет пен Есіркеп батыр бастаған қазақ жасақтарының қалған шағын тобы, хан ордасы жарлығымен Қазығұрт, Қаржантау, Шыршық пен Қоскелес торабынан көтерілген үш мың қазақ жасақтарын бастап жауға қарсы аттанған Сіргелі Елшібек пен Жаныс Ақпан батырлардың қолына барып қосылды.

Қаратаудың Үсіктас, Қарасу, Сарытау, Хорен, Мүзбел биігі мен өзендер алқабында қалған топырақ қорған, тас қорымдар сол заманғы қанды шайқастардан қалған белгі.

1718-ші ит жылының көктемінде Қаратау қазақтары бастан кешкен бұл ауыр оқиға— тағы бір халық қайғысына ұласты. Сол жылы жаз басында Хантағыдағы жазғы ордасында қазақ елінің елдігі мен бірлігінің мызғымас ұстыны болған ұлы хан Әз Тәуке дүниеден өтті.

Ауыр науқас мендеп әл үстінде жатса да жауға қарсы аттанған жорықтағы жасақтардың хабарын үзбей сұраудан жазбаған кеменгер хан: Бұл дүниеден кетіп бара жатып айтқан көп-көп өсиетінің соңын: “Қазақтың өмір-тағдыры— бірлікте”— деп көз жұмыпты.

Қазақ елінің тағдырлы тарихында ескірмейтін, өшпейтін бұл өсиетін ұлы хан тек сөзімен емес, заңымен де, ел санасына сініріп, ұрпақтарға ұлағат етіп қалдырды. Тәукенің заңы ханға да, караға да, сұлтанға да, бай мен батырға да бірдей еді. Бұл қасиеті оның халық сүйіспенділікпен атаған — Әз Тәуке есімін мәңгілікке қалдырды.

XVIII ғасырдың кірісінде, бас-аяғы он жылда қазақ еліне баса-көктеп кіріп, баянсыз аяқталған бес дүркін жоңғар жорығы есесі кеткен жауға тыным таптырмады. Ұшан теңіз кеңістік пен тиімді сауда жолындағы бай өлкелерге үстемдік орнату жатсатұрса қиялынан кетпеген ойрат одағы өзінің шығыстағы қуатты көршілері қалха Моңғол мен Цин империясы есебінен күшейтіп, жаңа жорықтар әзірлеуге жанталасты.

Басынан дауы, жақыннан жауы арылмаған қайран қазаққа қас қылғандай айнала аш көз жауы анталаған сол кезеңде, Еділ сырты қалмақтарының Аюке ханы ұлдарының тақ таласы кезінде, хан әкесі мен мирасқор үлкен ұлына қарсы ашық тартысқа шыққан кейінгі екі ұлы отыз мың түтінді бөліп, отыз мың сарбазы бастаған ұлы көшпен көгілдір көкше жерін көктеп өтіп, Ертіс бойымен өргі Алтай асып, Цеван Раптан билеген Ойрат одағына келіп қосылады. Бұрынғы хан ордасына қарасты 40 мың тұрақты әскеріне, тың күш— Еділ қалмақтарынан 30 мың сарбазы келіп қосылған соң — орыс патшайымы Анна Ионовнаның батыс Сібірдегі билеуші өкілі генерал Неплюев арқылы от қаруы — атыс құралдары, пілтелі мылтық, ауыр зеңбіректер мен мұздай қаруланған жеті түмен 70 мың Жоңғар әскері алдағы жойқын жорықтарға даяр тұрды.

Ол жылдары Жоңғардың бұрынғы билеуші Қалдан Бешоқтының тұсында қым-қуып шиеленіскен Ойрат— Қытай арақатынасы барынша асқынып, Цин империясына басқыншы жорықпен аттаныстың әзірлігі қауырт жасалып жатқан-ды.

Бірақ қайран қазаққа қас қылғандай Қытай Ежен ханы (патшасы) Сюань-Е қазаланып, орнына таққа отырған баласы жас патша Инь—Чжень арнайы елші аттандырып, Жоңғар ханын достық бітімге шақырады. Батыстағы ұлан өлке қазақ жерін жаулап, елін қырып, бар байлығын бауырға басу арылмайтын арманы болған Хонтайшының құдайынан сұрағаны осы еді. Ұлы Қытай қорғанының сыртында Цин еліне басып кіруге әзір тұрған 70 мың Ойрат-Қалмақтың қанды жол қалың қолы енді ат тізгінін қазақ жеріне бағыттап кері бұрды.

Қазақ елін өзінің мың жылдық ұзақ тарихында ең ауыр апатқа душар еткен әйгілі “Ақтабан шұбырынды” оқиғасы солай туындады.

1723-ші Қоян жылының ерте көктемінде басталып, ауыр зардабы тұтас бір ғасырда өмір сүрген халық ұрпағына ұласқан бұл оқиғаның бастапқы кезеңін көне тарих былай суреттейді:

“... Бұл кезде шабуыл бола қояды деп ойламай қаннен-каперсіз ел енді ғана жайлауға көшуге қамдана бастаған болатын. Жонғардың қарулы қолы қорғануға мұршасы келмеген бейбіт елді шауып-жаншып, қырғындап, үй мүлкін тонап, малын айдап кетті. Тірі қалғандар атамекені мен мал-мүлкін тастап қашуға мәжбүр болды.

Қазақ халқы өз өміріндегі аса ауыр апат, зор-зобалаңға тап болып, адам айтқысыз аянышты күндерді басынан кешірді. Атақоныс, құтты мекен, мал-мүлкінен және баспанасынан айырылып, аш-жалаңаш, жаяу-жалпы шұбырған қарапайым халық бұқарасы жаздың қайнаған ыстығында қағыр далада қаңғырып шөлден қырылды. Қыстың ақ қар, көк мұз қақаған аязында күн көрісі малын жұтатып, үсіп өлді. Ашаршылыққа ұшыраған жұрт жол-жөнекей жер желкегін, шөптің тамырын, жаужұмыр, алғы, козықұйрық сияқты жабайы өсімдіктерді теріп жеп күнелтті. Әйелдер мен балалар және қарт адамдар адам төзгісіз жол азабына шыдамай бұрлығып жапан түзде қалып аштан қырылды”.

Ұлы апаттың кезінде жан сауғалап үдере көшкен ел ішінде ғасырлар сақталған қаншама аңызбен бірге сан ұрпаққа өшпейтін өсиетке қалған мұң-зарға толы халықтың ұлы толғауы “Елім-айын” қалдырды.

...Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлдіреп жас келеді.

Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіннен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман...
Ата қоныс, туған жер қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Жағдай солай болса да сұрапылдың тұсында қалың ел бәрі бірдей туған жерін басқыншы жауға қолдан беріп кетпепті.

Жау басып алған Қаратау мен Алатау, Қазығұрт пен Бөкейтау тарабында қиын өткел құздар мен шатқалдарға бөлінген ел азаматтар жау тасқыны өткен соң елдік пен бірлік салтын көтеріп,

қайта бастарын қосып, күш біріктіріп азаттық күрестің алдыңғы шебін бастады. Ұшан теңіз өлкеге қидай шашылған ел ішінен ондап, жүздеп топ құрап, ұлы дарияға қосылар тау бұлақтары сияқты ені бір тосқауыл тоқтата алмас құдіретті күшке айналды.

Жартасқа келіп соғылған селдей ошарыла тоқтаған басқыншы жаудың ту сыртында жанартаудай бұрқанған халық қозғалысы алдында бұған шейін қаншама ұлы жорықты жол кешкен – Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Жәнібек батыр, Қойгелді батыр, Саңырық батыр, Елшібек батыр, Өтеген батыр, Сеңкібай батыр, аталы-балалы сиқымның атакты Қарабатыры мен Рысбек батыры, Есет батыр мен Есіркеп батыр сынды елім деп мұз төсеніп, жер жастанған ерлер жүргені қаншама заман ел санасынан өшпеген дастан – жыр-сырлы шежіре, ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан аңыз әңгімелерден аян.

Ел есінде мәңгілік қалған “Ақтабан” апатынан үш жыл өткенде 1726-шы жылдың көктемінде алдағы барша қазақтың елдік тағдырын шешкен, азаттық үшін ұлы аттаныстың басы болған Ордабасы тауындағы Ұлы жиын да қилы кезеңде бас құраған халық бірлігінің жемісі болғаны күмәнсіз.

Қазақ елі тарихында орны бөлек бұл ұлы оқиғалар тұсында Есіркеп батыр қайда жүрді, не тындырды. Жалпы XVIII ғасырдың басы Әз Тәуке тұсында басталып, қазақтың соңғы ұлы ханы Абылайдың туы астында жоңғарға қарсы жеңіспен аяқталған шешуші азаттық жорықтары кезінде Қаратау елінен шыққан Есіркеп сынды қаһарманның алатын орны қандай. Батыр баба қым-қуыт оқиға, аламан аттаныс, жосынды жорықтарға толы қилы заманда өткен жалынды өмірін қашан, қай жерде аяқтады. Қайда жерленді. Қабір топырағында келер ұрпаққа арнаған көзге ілер белгі қалды ма екен?

Аттың жалы, түйенің қомында көш көлігін қиырсыз даланың сан-саласына тартып, толымды қымбат тарихын өсиет-аңыз бен киіз кітабына жазған қайран бабалар, – “топырақтан жаралған” адам атасын, шын дүниесіне көшкенде туған өлкенің бір үйме қасиетті топырағына қайта беріп, өткенге салауат айтып өз жөніне тартса, шараң не?!

Сол кезеңнің әлеуметтік ахуалы мен үргін-сүргінді бет-бейнесіне қарап, және азаттық жорықтар кезінен қалған, атадан-балаға жалғасқан аңыз сипатты әңгіме-деректерден Есіркеп батырдың “Ақтабан шұбырынды” тұсында, және Ордабасыдан басталған жорықтарда, соның ішінде азаттық жеңістің арайлы

таңы болған 1728-ші мешін жылғы Шұбартеңіз, Бұланты шайқасы мен келесі тауық жылғы Анырақай шайқастарында Бөгенбай, Нау-рызбай, Қойгелді, Саңырық, Рысбек сынды қолбасы батырлармен қатар қанды майданның қаншама қатерлі өткелін өткені ай-қын көрінеді.

Жоңғар ойраттары мен қалмақтарының мысын басып, күнін батырған Сарысу өзенінің күнбатыс тарабында Бұланты дейтін шағын өзеннің алабында кең жазықта өткен зор шайқаста қазақ қолының айы онынан туды.

Қазақтың үш кемеңгері— Төле би, Қазыбек, Әйтекенің даналығы арқылы үш жүздің басы қосылған әйгілі Ордабасы биігіндегі ұлы жиыннан кейін арада екі жыл өткенде қазақ рухын асқақтатқан бұл тарихи шайқастың қалай басталып, қандай нәтижемен аяқталғаны жайында арада үш ғасырға жуық өтсе де ел іші сақтаған дәйекті әңгімелер мен тарихи әңгімелер баршылық.

Сол заманғы қазақ— жоңғар арасындағы стратегиялық мақсаттарға көз жіберсек, 1723-ші жылғы сұмдық жорықтан кейін жыл өткен сайын қазақтың елі мен жеріне жау болып кірген Жоңғар басқыншыларына ыза-кегі қайнаған халық қозғалысының үздіксіз өршуі арқылы күш-қуаты біртіндеп сарқыла түсіп, оның есесіне, сан-саладан қосылып күш біріктірген қазақ қолы күн санап қуаттанып, ел мен жер тағдыры үшін ақтық айқастарға шығар кезі таянып келген еді.

Қазақ елінің азаттыққа бет бұрған Отан соғысына жаппай аттанғанын айқын түсінген қалмақтар қарап жатпады. Жетісу жерінен Оңтүстік қазақ өлкесі— Сыр бойындағы зор кеңістікте шашыраған әскерінің бас-аяғын жиып, Арқа мен Қаратау, Сыр атырабын ұштастырған қазақ даласының күре тамыры— Сарысу өзені арқылы өлі де тың жатқан күн батыстағы қазақ жерін баса-көктеп, байлығын тонап, Орта жүзге қарасты— Ұлытау, Арқаға ұласқан кең өлкені басып алуды көздеді. Осы мақсатта Сарысу өзені алабына шоғырланған Жоңғар әскерінің құрамы шайқас басталар қарсаңда 50 мыңға жуықтады.

Ойраттардың бар іс-әрекет қыбыр-қимылын сырттан бағып елінің алдағы тағдырын жан-жақты қарастырған қазақтың қолбасы көсемдері осы ұрымтал шақта шешуші шайқасқа шығуға бекінеді. Бұл жорыққа басшылық ету Ордабасы жиынында барлық Қазақ қолының бас сардары өкілдігін алған Әбілқайыр ханға жүктеледі.

Ол кезде қазақтың орталық ордасы болған Ташкенттен шар-

тарапқа жөнелтілген дабылмен көтерілген Сіргелі Тоғанас, Елшібек, Есіркептің, Сикым, әкелі-балалы Қарабатыр, Шінеттің, Шымыр Қойгелді, Қожықтың, Шакшам Өрікбай, Жайлымыстың Жаныс Өтеген, Сеңкібай мен Сәменнің, Шапырашты Наурызбай, әкелі-балалы Сатай мен Бөлектің, Ошакты Саңырық батырлар бастаған қазақ жасақтары Қаратаудағы теріскей, күнгей саласы, Сыр бойымен мезетті жер— Сарысудың төменгі саласы— Телкөл бағытына ағылды.

Бұл кезде күн батыс тараптағы құла дала көкжиегін тұтас көмкеріп Әбілқайыр мен Есет батыр бастаған кіші жүздің қарақұрым қалың қолы келіп жетті. Осымен бір мезгілде Сарысу бойын жағалап Жетіқоңыр— Бесқұлан жолымен Қаракенгір, Ұлытау, Арқа жағынан Қаз дауысты Қазыбек пен Қаракерей Қабанбай, бәсентиын Малайсары бастаған Орта жүздің ығай мен сығай жайсандары ағылып келе жатты.

Батыс, Шығыс, Теріскей үш тараптан лек-легімен келіп жатқан жасақтардың көптігі сондай: “Жер дүниенің бәрі қазақ болып кеткендей болды” — деп жазған екен кезінде, сол жорықтарды бастан өткізген ғұлама батыр баба Қазыбек Тауасарұлы өзінің “Түп тұқианнан өзіме шейін” көне тарихи жазбасында.

Бұған дейін ата замандардан бергі өткен өмірде сан рет бетпепет келіп қаншама қанды жорықтарда кездескен сыралғы екі жақ екі тарапта шеп құрып, алдағы ұлы шайқаста мерейі үстем болудың жол-жоба, амал-айласын жасап жатты.

Әуелгі төрт күн ұдайы батырлардың жекпе-жек жанталас шайқасымен өтіп, бесінші күнге қараған екіндінің кезінде қалмақтың Дондық дейтін түйедей зор тұлғалы батырын нажағайдың оғындай жарқ ете түскен шапшаң қимылмен тау құлағындай төңкеріп түсірген Сіргелі Есіркеп батырдың жекпе-жегінен кейін кенеріне сыймай лықсып тұрған кегі қайнаған екі жақ бір-біріне лап қойған.

Есіркептің Бұлантыдағы ерлігі ауыздан-ауызға, елден-елге тарайды, басталғанына алты күн өткенде айнала қалың қоршауға түсіп, қырғынға ұшыраған қалмақ-ойраттың ойсырай жеңілген жасақтары тоз-тозы шығып теріскей мен шығыс бағытқа жөнкіле қаша бастайды.

Жау қолын бөлшектеп жою әдісін жақсы білетін қазақтың қолбасы батырлары әуелгіде екі бөлінген жаудың соңынан түре қуып, — теріскейге шегінген қалмақтарды жоюға Қабанбай бастаған екі түмен аттанады. Шығысқа шегінген қалмақтарды Қан-

жығалы Бөгенбай, Ошақты Саңырық батыр мен Шапырашты Наурызбайдың қос түмені жөнеледі.

Басқыншы жорықпен келіп Бұлантыда қынадай қырылып, енді жансауға қашқынға айналған жаудың мындаған өлігі қалған “Қарасиыр”, “Айран төгілген” дейтін майдан жазығын қазақтар — “Қалмақ қырылған” деп атап кетті.

Бұлантыдан Ақжайқын арқылы шығысқа қашқан тау қорғанысына машық қалмақтар енді, Қаратауды бетке алды. Сол күндерден бастап қиын-қыстау заманда малға жай, елге пана болған қасиетті Қаратау тағы да қанды жорықтардың майданына айналды.

Қазақ ұлына туған жер өскен өлкесінен артық қымбат болған емес. Сол мешін жылғы қанды қырғын, келесі 1729-шы тауық жылғы Шығыста Жетісу жағынан келген жаңа қосындармен молыққан Қалмақтардан Қаратау өлкесін тазартудың жаппай аттаныс — жорығына ұласады.

Тұтас бір жылға жуық қанды шайқастармен өткен Қаратау майданында қазақ жерін басқыншы жаудан азат етудің жалпы басшылығы ұлы жүз сұлтаны Жолбарыс пен Төле би ордасында бас сардар болған Бөгенбай батырға тапсырылғанды.

Өткен XVII ғасырда Орта Қаратау, Арыс, Бөген атырабын жайлаған Арғынның Қанжығалы Ақша батыры шаңырағында Үлкен Бөген сағасында туған Бөгенбай, кіндік қаны тамған балалық жастық шағы өткен көзге ыстық жүрегінде мәңгіге қалған қасиетті әулиелер өлкесін көпір жаудан азат етуді өз қолына алған-ды. Сіргелі Елшібек, Есіркеп, Ошақты Саңырық, Жаныс Сенкібайлармен тізе қосып жорықпен өткен батыр бабаның жолы қасиетті Қаратауда бұл күндері де өшкен жоқ.

1728-ші жылдың күзінде өткен үлкен бөгендегі Таракты камал шайқасы, Қос-Тұра баурайындағы “Садыр-Қамал”, Үлкен Боралдай ішіндегі “Байқалмақ”, “Жолбарыс-Қамал”, “Қарабастау-Жамантас” биігіндегі әйгілі “Ұзынқұлақ” шайқастары, сондағы қорымтасты обалар сол заманнан қалған белгі.

Содан бері ұрпақтан-ұрпақ ауысып, қаншама килы-қиын кезеңдер өтті. Түрлене-түлеп ел мен жер бейнесі қаншама рет өзгерді. Бірақ сонау бір жорық-жосынды заманда — қазақтың жері мен елінің тұтастығы, халқының бірлігі, келер ұрпақтардың келешегі үшін қан кешулі өмірдің жолын өткен батыр бабалардың азаматтық ісі, қасиетті есімі тәлімді тарихымыздан, ел есінен өшпек емес.

Мамыр, 1999ж.

ҚҰЛА АЙҒЫР, ҚҰЛАН ЖӘНЕ ҚҰЛАНБИКЕ (аңыз әңгіме)

*Уа, жамият!
Өмір сүрем десең, бір кісінің баласындай, бір қолдың
саласындай бол!*

Бәйдібек

Қазақтың байтақ жері мен шексіз аспаны сипатты, сан ғасырлық тарихы да терең. Оның әрбір ашылмаған беттерінде замандар жүгін көтеріп көшкен елдің шаттық нұры қасіретінің зарына толы өмір-тұрмысының әр алуан белгі-бейнесі жатыр.

Бірде дауыл, бірде жаз құбылмалы дүниенің шалқар байлығын да, қан жылатқан жұт, жортуылды күндерін де сан қайтара көрген жұрт, көз көріп бастан кешкенін, ерлік пен ездіктің, махаббат пен зұлымдықтың ісін әр қилы дастан, жыр, көбіне ұрпақ көкейінен ұмыт болмайтын ғажайып сырлы сұлу аңыз сипатында мирас еткен екен.

Алты алашқа есімі мәлім — заманының биік тұлғасы — Бәйдібек пен оның дана әйелі Нұрила (Домалақ ене) есімін тағы бір қырынан жаңғыртқан бұл әңгімені мен бұдан көп жыл бұрын естіген едім. Айтушы, сонау бір қиырдағы Жем атырабында, Кіші жүз бізге әйгілі лирика-эпос дастаны «Қыз Жібектен» мәлім Шекті елінің адамы Қожахмет ұлы Ыбырай қария Қаратау өлкесіне құдандалы жөнімен келіп, бір жайлы кеште ұзақ әңгімелеп еді...

Алты сала Әлімнің бір ұлы Шекті болғанда, енді бірі Өріс өз заманында елден асқан бай еді. Ол дүниеден өткенде қыруар малын көзінің ағы мен қарасындай екі ұлы — Палуан мен Кішкенеге мұра етіп қалдырды.



Палуан атына сай ер көкірек, қатыгез, өктемнің тиісбек жан. бірге туған бауыры Кішкенеге күн бермей, ақыл нұссыз мал сонына салыпты. Шектен шыққан зорлық пен қорлықтан шыдамы таусылған Кішкене күндердің күнінде ағасына өкпелеп, мал шетінен ұзақ жүріске берік топай торыны ұстап мініп жолға шығыпты. Күн-түн жүріп, асықпас аянмен келе жатып елсіз киырда кездескен ақ сақалды ақыл иесі қарияға атынан түсіп иіле сәлем беріпті.

— Уағалейкүм ассалам! Уа, жолың болсын, балам, — депті қария.

— Панасы бар жер, әділетті ер бастаған ел іздеп шығып едім, ата.

— Е-е, оның жөн екен, балам. Ондай жер мен елді іздесең осы бағыттан адаспай күннің шығысына тарта бер. Ұзақ күндер жүрерсің, алдыңнан алыстан қарауытқан тау көрінер. Ол — Қаратау жері. Алдыңнан ақшаңқан үйлер тігіп, ырғала көшкен ел көрінеді. Ол — Бәйдібек батырдың елі. Алдыңнан мына кең дүниеде қаптай өрген қарақұрым мал, мың сан жылқы үйірлері көрінер, ол — Бәйдібектің жылқысы. Талапты ерге нұр жауар, балам, мархабат көрсең сол жер мен елден көрерсің, жолың болсын, — деп бет сипап батасын беріпті.

Ғайыптан кездескен қарт жүргіншінің сөзі көңілге медеу, бойына қуат берген Кішкене енді сол жер мен елді көруге асығып, топай торысын қамшылай түсіпті.

Күн соңынан күн өтіп, айшылық жол басып, шалдығып келе жатқан Кішкене алдында кең жазықта қамыс-құрағы қалың өскен айдын көл, көлдің арғы жағында көк мұнардың ішінде қарауытқан тау шоқтығын көріпті. Бұл арқадан құлап ылди аққан сылаң сұлу сырлы өзен — Сарысудың сағасы — Телікөл де, алыстан мұнарланып көрінген, жақсы атын жадында сақтап құштар көңілді жетуге асықтырған қасиетті Қаратау еді.

Оң жағында қалың нуы қара дүлей қабыландар мен жолбарыстың мекені ұлы дария сұр толқынын тербетіп манғаз ағып жатты. Маңдай тұстан биік қос мұнаралы қақпалары алыстан айбар шеккен шаһар нұсқасы шалынды. Дінісламның Сахарадағы қасиетті ордасы айта берер Әзірет Сұлтан әулиенің мекені — Жаса (Яссы) кеніті осы болса керек.

Көк мұнарлы биік қорғанмен қоршалған шаһардың құбылаға қараған қақпасы арқылы әр тараптан келіп, енді біреулері қаздай

тізіліп кетіп жатқан түйелі керуендер көрінді. Ұлы дария, Ұлы жол, Ұлы дала шет-шегі көрінбей мың жылдар сырын шерткен өмірдің сарқылмайтын арнасы еді ол.

Ұзақ жол, ұзақ күннің аптабы қағып, шалдығып, шөлдеген пақыр бала шаһар сыртына келгенде тай шаптырымда атынан түсіп көз жіберді. Шаһардың шығыс тарабында жиделі бак көмкерген шаңқан жазықта ескі мазардан жеті түсті құба күмбезі көрінеді. Бұл айта беретін Тәбәрік шейхы-Ислам, Әзіреті Сұлтанның тұрағы болар. Әулиеге кол беріп құран оқып, мінәжет етіп кетейін деп ойлап келе жатты Кішкене.

Алыс жол, мына қаңсыған тамыздың тақыр табанында шалдыққан атын жетекке алып жақындап келген Кішкене, мазар күмбезінің жанында шағын қамыс күркеде алда қашанғы бір заманнан сан рет от пен шокқа түсіп, тарыққан пендесіне нәр берген шағын қара құманын тұтқасынан ұстап, мәлтекей шақша басына сәлде ораған, тобыққа түсіре киген ұзын жадағай қара шапанды, өзі тырайған арық, қайыстай катқан қара шалды көріпті. Әудем жерде атын қалдырып, ілби басып жақындап, иіле тағзым кып сәлем берген жолаушы балаға қара шал салған жерден:

— Уа, балам, кел. Жермойыны қашықтан келдің. Шөлінді қандыр, көсіле жатып демінді ал. Одан әрі бір Алланың пендесіне бұйырғанын көрерсің, — депті.

Шаршағанда қара тас та мамық болған емес пе. Қара шал берген қара құманның шайымен шөлі қанып, жан рахатына батқан Кішкене қамыс күркеде тақыр алашаның үстінде жатып бір сәтке мызғып кеткен еді. Сол ес пен елес, қиял мен болмыс шегінде жатып өзін бір құлан жүйрік құла арғымақтың үстінде көрді. Ғажабы сол — сол құла тұлпар жер бетінде емес, көк жүзінде ақшоғыр бұлттар биігінде, биік таулар сенгірлерін асып қалықтап келе жатыр.

Япыр-ай, мен қайдамын. Мына ақбас мұзарат таулар тым сұсты екен. Үстінен құс ұшып өтпейтін әлемнің тәжі-Хан тәңірі емес пе екен?! Жо-жоқ, бұлай ұзап, қиял жетпес қиянға самғай беруге болмас. Ат басын солға, далаға, төрелердің тұрағы, ата-бабамның өрісі мен қонысы — Ұлытауға бұрайын... Енді бір сәт, оның көз алдынан ұлы даланың төрінде кербез төсі кен, ашық, жер кіндігі Ұлытау да көрінді... Уа, жасаған ием, жар бола гөр бір өзін. Мен ежелгі ата мекенім Ұлытауға келем. Әне, әне — Ұлытау!..

Кішкене осы сәтте сезім үстінде қысқа, құс ұйқысынан сергіп оянды.

Жас жүргінші алыстан тарығып-талып жеткенде шарапатты атасындай қарсы алып, әл беріп, канат бітірген кара шалға алғысын айтып, қол жайды. «Алла тағала, жар болсын, Қыдыр әлейкі-әссалам шылауыңнан кетпесін, оң сапар, балам», — деп шырақшы шал батасын берді. Шал оқыған аяты соңын: «Алла деген ар болмас, Алланың жолы тар болмас, Алла деген пендесі ақиретте қор болмас» — деп ыңылдай әндетіп, өлендетіп бітірді. Топай торы көк балауса жонышқаға қойылған екен, аяғын ширақ басып, алымды аяңына көшті.

Қаратау мен Алатау атырабын тұтас алып, өр жағы Арқаға ұласып жатқан Бәйдібектің жері мен елін тапса да өзін табу оңай болмады. Кішкене әуелі ат басын солға тау жағына бұрып, бұлақ суларын жағалап, арғы жағы — мұнар басқан кең дала, шығысы — асқарлы ақбас шындар қоршаған бетегелі бел, одан әрі — айнадай жарқыраған көлі бар ел жайлауына жетті. Қайда қараса да ол енді үйір-үйір жылқы, қоралап өрген қой, өлкенің төрінде қаптаған түйе келелерін көрді. Барша өңір мал, мал шетінде күр ат мініп белсеніп, құрық сүйреткен ел азаматы жүр.

— Бұл кімнің жері? — дейді Кішкене өрісте кездескен өзіндей бір өрім-қараға.

— Бәйдібектің жері.

— Мына мал кімдікі?

— Бұл Бәйдібектің малы.

— Мына ел ше?

— Бұл да сол Бәйдекеңнің елі.

Япырым-ау, мұнша өлке, ұшан байлықты игеріп, егелік еткен адам тегін емес қой. «Жаксыдан шарапат, жығылсаң нардан жығыл» — деген, не де болса сол ұлы байдың өзіне барып, бағымды сынайын, — деп түйді Кішкене.

— Ал, өзіңе жол болсын, қайдан келе жатырсың? — дейді әлгі малшы қара.

— Мен алыстан, Жем бойындағы Шекті елінен едім. Өзіндей жылқышы едім. Бір себеппен шығып кеттім. Бәйдібек батырды іздеп келемін.

— О, Бәйдібек... ол тым үлкен кісі ғой, елін тапсаң да, өзін табуың оңай болмас.

— Қиын болса да, сол қиын жолға белді бекем бұғанмын.

— Е-е, ендеше сен, осы бағытпен теріскейге бет түзе. Таластың

құмдағы құрдымға құяр атырабына тарт. Сонда алдыннан айнала майсаң кең жазық, қалың құрақты айдын көл көрінеді. Оны ел Қаракөл дейді. Бүгінде бай сол көлді жайлап жатса керек.

—Рахмет, бауырым!

—«Сұрай-сұрай Мекені де табар» — деген Кішкене өлденеше күн тынымсыз жол жүріп, сарша-тамыздың бір сәтті күні өзі қиян шеттен іздеп келген Бәйдібек ауылының шетіне де жеткен. Бүгінде өзінің арғы атасы Бақтияр-Үйсін өулетінен тараған топ-топ ағайын жұрты, мына тау мен далада қатар қозғалып көрші қонатын қабырғалы-қанаттас жұрт Арғын, Қанлы, Лайман, Қыпшақтармен бірге тағдыр сыйлаған дархан дүниенің тағы бір мархабатты-тыныш жазын хан жайлауы Қаракөл маңында өткеріп жатқан еді.

—Мына бір бала сонау жер өңірі Жемдегі Шектіден келді. Бәйдекеме берер сәлемім, айтар сөзім бар дейді. Рахым етсеңіз. Бәй-еке, алдыңызға келтірейін, — деп сарамжал бай қызметшісі кеш әлетінде ауыл сыртындағы биіктен айналаны шолған қыран пішінді, қапсағай биік тұлғалы ел ағасы жасындағы келбетті қарасұр кісінің алдына келген.

—Келтір, — депті сонда Бәйдібек.

—Ал, кәне, сөйле, балам, — деген екен Бәйдібек алдында тұрған жапанды кезген жалғыз атты жас жолаушыны қыран көзімен шолып.

—Мен алдымен Алладан, екіншісі қайырымды адамнан шарапат іздеп, бөтен-бөгде емес, кіші ініңіз — Кіші жүзден келе жатырмын, ұлы аға. Издегенім ізет, қала берді еңбек еді. Қаратаудай жер, қайырымды ел, елін бастаған әділетті ер барын есітіп, ат мандайын шығысқа бұрған едім. Ендігі сөз өзіңізде, ұлы аға, — деп Кішкене еңселі ер тұлғалы Бәйдекең алдында тізе бүгіп, бас иген еді.

Сонда Бәйдекең алыстан ат арытып келген жолаушы баланы көп отау үйлердің біріне түсіртіп, қонақжай кеште оның мән-жайын біліп, үстіне киім, астына жаңартып ат мінгізіп, ұшан дүниені кернеп жатқан қалың жылқысының арқаға асып, сонау Сарысу атырабы — Жетіқоңырда жатқан көп қосынында болуға кеңес беріпті.

Бұл кездесудің ертеніне Кішкене арқадағы көп қосынға бара жатқан сақа жылқышы Таңатарға ілесіп Бәйдекең айтқан өргі Сарысу тарабына аттанып та кеткен.

Бұл күндері бір жағы Жон, бір жағы көкалалы көл маңын жайлайтын көп ауылды аралап келе жатқан Бәйдібек Бүркіттінің майсан жазығында таза тау бұлағының жағасында отырған кіші әйелі, Қожа Мазамбектің қызы Нұриланьң отауына түскен еді. Тамыздың аптабында күнқакты болып шөлдеп келген бай алдында дастархан жайып, қымыз сапыра отырып Нұрила өзінің өткенде бұл араладан тай шаптырым жердегі шарапатты әулие Бабай түкті шашты Әзизге барып, зиянат қып, шырақ жағып қайтқанын, сол түні ғайып ененің аян бергенін, сол шарапатты Әулиеге атаған ақсарыбас құрбандығын шалу керектігін айтқан.

— Қызыр Әлейкі-әссалам, бай, өзіне күннің батысынан келер. Шылауына оралар, күтіп ал оны... Ғайып ерен қырық шілтен шапағат нұрын, бай, өзіне күннің шығысынан бермек. Ол төрт аяқты жануар, сол ғайып ерен қырық шілтеннің баққан малы. «Ел иесіз, мал киесіз емес». Сол жануар бүгінде жол үстінде, құт қонған құла айғырдың үйірін іздеп жүр. Әулетке қиналған-қиын шағында жетпек, күтіп ал оны, батыр, — деген.

Өзі батыр, өзі бай Бәйдібек Әулиеге ат айтып, мінәжәт қылып жүрсе де, өзі-мына аламан асулы қымқуыт дүниеге биіктен қарайтын өр мінезді адам еді. Кіші әйелі, бүгінде алғаш түскен жас келіндері көріпкелді әулие — «Домалақ ене» деп атай бастаған ділмөр әйелінің инабатты қоңырқай жүзі мен шоктай жайнаған қарақат көзіне мысқылдап бір қырындай назар салып:

— Айтқаның келсін, Шайқының қызы. Қыдыр Әлейкі-Әссалам өзі келіп шылауға оралар болса, көнеки. Құдайыға үйірден боз бие шалғыз. Сары биені үстіне жабу жауып алыстағы әулие босағасына байлат. Жақсы көретін келінің Сыландымен бірге Майқы-бабаға мінәжәт етіп, құран оқытып қайтарсың, — деген.

Кішкененің бір жағы Ұлытауға ұласқан арқаның алып даласын жайлап, Шу мен Кұмды қыстайтын Бәйдібек жылқысының қосынына келіп, түн қатып, таң күзетіп жүргеніне біршама уақыт өткен. Ол алғашқы күндері сол жайлау өрісіне келгенде ой мен қырға, бетегелі белге сыймай жер қайыстырған қалың жылқыны көргенде өзімен бір қостағы саяқ жылқышы Таңатардан:

— Бұл жылқылар есебі қанша болды екен? — деп сұраған.

— Бәйдібек жылқысының есебін бір құдайдан өзге жан баласы

білген емес, білмек те емес, — деген сонда Танатар, —Тек Алла-тағала дәулет берген пендесі, өсіп-өнер ен байлығының жердегі иесі болмақ.

—Ал, енді осыншама мал бір Бәйдекеннің басына тым артық емес пе екен? Неге, не үшін керек болды екен салауатты Би-ағамызға, соншалық есепсіз мал?..

—Е-е, оның жөні өзінше бөлек сөз. Алланың еркімен Қыдыр Әлейкі-Әссалам келіп қонса, ел ырысына бақ-дәулеттің өзі келіп орнамақ. Бұл аты Бәйдібектікі болғанмен, заты елдікі. Мына Алатау мен Қаратау, Қазығұрт пен Ұлытаудан арғы-бергі жердегі көшкен ел — Ұлы Байшора, Үйсін ата, Бақтияр ұрпағының ырысы. Бұл жылқының саяғы — ел сыртынан жау келсе, «Бақтияр!» — деп қару алып атқа қонар қалың үйсіннің пырағы. Жайлау мен қыстау көшіп, ылди-өрге шалқып жатқан қалың жұрттың киер киімі, ішер асы, көш-қонының көлігі. Барша өміртіршілігі өсіп-өнуінің бірге жасайтын серігі. —Бәйдекең ел адамы, ал ел Бәйдекендікі. Солай болғасын ел керегі үшін мал мен пұлға келгенде Бәйдібек шек қоймайтын адам.

—Е-е, солай деңіз!..

—Солай, қарағым...

—Тек Алла тағала берекесін берсін. Жеті ағайынды жұт, андыған жау, аш бөрі, ұры-қарақшыларды айтқанда Кішкене жас өмірінде Ырғыз бен Електің, Жем мен Жайықтың аралығын алып жатқан ұланғайыр өлкеге көшкенде сан рет бастан кешкен қиын-қыстау ала-сапыранды өмірден өз көзі көріп, құлағы естіген сұмдық сұрапыл қыстың, қайсы бір жылғы ақ жұттың елесі көз алдына оралды. Мына ысқаяқ-білгір қолбасшының сөз төркініне қарағанда «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайды» деп аңыз еткен Қаратау, Сыр мен Шудың жерінде де әр қилы қиын-қыстау күн болады екен-ау деп ойлады. Енді бала көңілін алаң еткен сол бір қауіп-қатердің қалай, қайдан келетінін анықтап алғысы келіп, жас жылқышы Кішкене қосбасы Таңатарға сөз ұшығын жалғай түсті.

—Жерұйығы, май тоңғысыз жылы жақта да жұт қатері бола ма, аға? Аш қасқыр, ұры-қарақшы дегеніміз қайдан келмек?

—Е-е, шырағым-ай, көз ашқалы көже маңынан ұзап көрмеген сендер, мына жарық дүниеде барша өмір, тіршілік егіз жаралғанын қайдан білетін едіңдер. Жаз соңынан қыс келетіні сияқты, жақсылық бар жерде жамандық бар, ізгіліктің жолын тосқан зұлымдық бар. Қасірет алды қуаныш. Ел бар жерде езге де, ұры мен қарыға да орын табылған. Қазір міне, жақсы жаз,

көкорай шалғын қайда барсаң да мархабатты дүние. Жаман айтпай жақсы жоқ, осы жарқын жаз, дархан дүние бұлай тұра бермейді. «Үш жыланның екеуі, екі қоянның бірі жұт» — деп бекер айтпаған білгендер. Құдай басқа салмасын, өз басым осы жасыма жеткенше ел күйзелген аксирак алапат жұттың әлде нешесін көргенмін.

«Жұт жеті ағайынды» болатыны, көбіне алдымен, адамның өзі жұтайды. Су-суат тауып, түтін түтеудің өзі мұң болады. Адамнан әл, арғымақтан бел кетеді. Мұндайда азған ел, тозған малды аңдыған жау, топтана жортқан бөрі ториды. Иә, ондай жұттан қалған елдің жаны-жан, малы-мал болмақ. «Ашынған қарын тойынар, ашылған етек жабылар, тек көргенің естен кетпес», — деген, дүниеге жақсылық тілеп, сөнбейтін үмітпен келген адам заты кеткенін келтіріп, төгілгенін толтырып, сүрінсе, жығылса қайта тұрып, тіршілікке талпынудан танған емес.

—Иә, осылай Алладан медет, жақсыдан шарапат іздеп, ізгілік жолын қуған жас жылқышы Кішкенеге, жер шалғай алыстағы Арқа мен Сарысудың шегінде — «Жеті қоңыр» жайлауында бір қос жылқыға алып келген Таңатар сол жайлауда көп жылқының ішінде атақты құла айғырдың саяқ үйірі шетіне оған «жол болсын, өрісің толсын» — деп бата берген екен. Осылай, қосындағы өмір, жайлау мен қыстауға бет бұрып, шүйгін өріс, ықтасын қоныс, қолайлы суат шолып, құрық ұстап, құлдырай шабыспен күн кешкен қалың жылқышы еңселі ел азаматы ішінде еңбектің жолына түсіп кете барған екен Кішкене.

Сол Кішкене баққан үлкен үйірлі жылқы ішінде жұрт Бәйдібек жылқысының құты деп дәріптейтін атақты сарыбауыр биеден туған құлан түсті құла дөнен бар еді. Омырауы есіктей, тұлғасы тұтас, құрыш тұяқты екі көзі оттай жанған жануардың тегін мал еместігін Кішкене алғаш көргенде таныған. Сол құла дөнен беске толғанда Кішкене оны саралап алған келісті, кер биелердің үйіріне салған.

Сол құла айғырдың түс-тұрпаты, мінезі, жалынан жел ескен ерен жүйрік шабысын көзден таса қылмай барлап жүретін Кішкене оның қалың үйірді бөріге алдырмай, қарақшыға шалдырмайтын қасиетін де білген. Сол қасиетті жануар биелердің іші өсіп, көктем исі білінген шақта, түн баласы жана туған жас құлындарды аңдыған аш бөріден қорып, үйірді айнала шолып, қыбыр еткенді отты көзінен қалт жібермей жүреді екен. Аңдып келген қаншама көкжал арландар ажалын да осы құла айғырдан

тапқан. Жер бауырлай үйір шетіне жыланша сусып жететін көнігі қанқор арланды иісінен сезіп, қыбыр-қимылынан аңдып, келер жолын қалт жібермейтін қасиетті жануар сала құлаш қаз мойынын алға созып жіберіп, арынды екпінмен зулап келіп, алдыңғы құрыш тұяқты қос аяғымен тарпып жібергенде азулы жыртқыштың маңдайын қақ жарып, желкесін үзіп, жағын сындырып жібереді екен.

Құла айғырдың бұл қасиетінен бейхабар былайғы жұрт жақсылары Бәйдібек жылқышыларының ішінде «Кішкене дейтін бір жарамды жігіт бар екен. Өзі қасқыр соққыш», – деп ішік кигісі келгендері жетегіне ат, қоржынына сый-сияпатын салып, арнайы іздеп барып, сол Кішкенені жағалайды екен. Ал Кішкене болса құла айғыр қасиетін іште сақтап, ол жайында бөгде жұртқа сөз шығармайды.

Бір жылы көктем мен жаз жаңбырсыз қуаң болып, жайлау оты ерте сұйылып, күз басында теріскейдін ызғар лебі ерте білініп, алдағы қауіп-қатерлі қыс белгісі көрінген. Ол кезде Бәйдібек жылқысының алды – Аркада, Сарысуда, сырты – Жетіқоңырда еді. Енді санаулы апта, санаулы күндер өткенде алғашқы ақ қармен аралас қалың жылқы қосындары жылдағыдай қыстау өрісі – қалың қорықты Шу қамысына құлайды. Шу қамысы құдай сәтін берсе елге құт, малға да пана.

Сол күндері Сарысу өзенінің сыртында құла далада құла айғыр үйірлерін шолып жүрген Кішкене әр жылы мына ұшы қиырсыз бетпақтың даласын өріс етіп, Сарысудың тұнық иірімдерінен суаттайтын және осы Жетіқоңыр мен Қатынқұм атырабымен осы маңдағы сексеуілді, жынғылды тоғайларды паналап, қыстап қалатын мың сан құлан үйірлері қосылып ұлы нөпір құрап, осы сарысу бойымен ылдиға, күнгеіп жакка бет алып, толассыз кетіп жатқанын көрді. Әр жылы қашанға қалыптасқан жөн-жолымен үйір-үйірін сақтап, Қоңыр мен Сарысу алқабының қатпайтын жылы бұлақтарынан суаттап, осы өлкеде қыстайтын нөпірмен бір беткей – күнес жакка бет түзегеніне терең ойланып, қайран қалған.

–Бұл, әрине, тегін жай емес. Ғайып ерен қырық шілтен әулиенің баққан малы табиғаттың сырын адам әулетінен де артық білуі әбден мүмкін. Олай болмаса, мына тұлдырсыз медиенде жұтап, тұз-тұқымы әлдеқашан жоғалып кетер еді ғой. Демек, төрт аяқты тұз тағысы болса да, бұл жануарлардың ізін бағып, алдағы күннің жайын ойлай жүрмесе болмас, – деп түйген еді Кішкене.

Оның ендігі есебінде биылғы қыс жылдағыдан ерек, қарлы да катал болмақ. Қалай еткенде де құр тәуекелге бел бумай, мына ұшан теңіз өлкедегі сансыз көп жылқыны жұтқа ұшыратпай, аман алып шығуды енді бір сәтке де естен шығаруға болмайды.

Ол құлан қозғалысы жайындағы әңгімені іште сақтап, тек алдағы қыстың қауіп-қатерлі болатынын көрші қосындарына, көп жылқышыға айтып еді. Олардың көбі «Көзі ашық көріпкел әулие болса, өз қонысын өзі сақтап көрсін. Ал біз мына жылдағы үйренген қыс өрісіміз төменгі Шудың қалың қопа көлдері мен нар қамысында қыстаймыз. Оны тастап ешқайда бармаймыз», — десті.

Бірақ адамның айтқаны емес, Алланың дегені, тағдырдың жазғаны боларынан бұлардың бәрі бейхабар еді. Анығында — «тілек адамнан, ерік Алладан» деп өз ой, өз жолында қалған Кішкененің өмір-өрісінің тағдырын шешкен мынандай хал болған. Кішкене сол күндері танды ат үстінде атырып, Жетіқоныр баурайында өрістеп жатқан қалың қос жылқыға келсе, баяғы құла айғыр үйірінің ішінде ғайыптан түскен бір келісті бие құланның жүргенін көріпті. Тұла-тұлғасы сымға тартқандай, құрыш тұяқты, ақбауыр, ай маңдайлы жануар қауіп-қатерсіз үйір бастайтын әйгілі есік пен төрдей құла айғырдың маңында қырдың қына бозын біртіндеп үзіп, жайылып жүр. Тек тас төбеде шаншылған қара қылшықты қос құлағын қайшылап, кешегі құлан қосы кеткен күнгей жаққа әлсін-әлсін шаншыла қарайды. Бұл кереметті жақсыға жорыған жас жылқышы аттан түсіп, тізе бүгіп:

— Уа, пәруардігер, ғайып ерен қырық шілтен, ата-бабамыздың өруағы істі өзін ондай гөр! — деп құдайға құлшылық етіп, аят оқыпты.

Бір күні таң сәріде Кішкене өрісті шолуға шыкса, құлан бастаған құла айғырдың үйірі сонынан мың қаралы жылқыны ілестіріп, өткен күндері құлан жосыған күнгейге бет алып, үдере тартып барады екен.

— Япыр-ау, кереметті жануар сырттан келер бір қатерді сезген шығар. Не болса да жосыннан қалмайын, — деп көп жылқының соңынан қара үзіп қалмай кете беріпті Кішкене. Құлан мен құла айғыр бастаған жылқылар тоқтаусыз жорта отырып, жылдағы үйренген қыс өрісі Шу бойына тоқтамай, төменгі Шу мен Сарысудың сағасына таяу тұста Сарысудың оң жағына өтіп, кең жазықпен Ұлы дария жағын бетке алыпты.

Осыдан кейін көп ұзамай теріскейден ызғарлы қара жауын

жауып, арты әлденеше күндерге созылған бұрқасынды ақ боранға айналып, алапат басталып кеткен. Жер бетін қабат қар мен көктайғақ мұз басып, тірі жан атаулының барар жер, басар тауы таусылған. Тіпті Бәйдібектің мың сан жылқысын жылы құшағына алып, жер бетіндегі жеті «жер ұйығының» бірі деп дәріптейтін қалың қопалы көлге бай, нар қамысынан түйе адасқан Шу бойы да қалың сіреу қарға көміліп, бір жолы қыстауға келген көп үйірлерге төтеп бере алмаған. Арпалыстан өткен ауыр жұтта Шуды қыстап қалған Бәйдібектің көп қосын жылқылары қырылып, көп малды жолбарыс жарып, қалғаны топтана жортқан аш қасқырға жем болып, көп жылқышылар астындағы жалғыз атымен қалып, құрығын сүйретіп қайтқан.

Бұл дүниеде өмір бақилық нәрсе жоқ. Жақсылық, жамандық атаулының да шегі бар. Аспан асты, жер бетін жайлап, азынап соққан ақ боран, сұрапылды сұмдық қыс та сарқылып, көк жүзінен нұр сәулесі қайта төгіліп, жер жүзін жаңа көгімен түрлендірген, жаңа көктем күні де туған. Ойсырап малынан, азаматынан айырылған қаралы, жаралы ел бар-жоғын түгендеп, жаңа ес жиып жатқан күндер еді. Сол жұттың зардабын елімен бірге көтерген Бәйдібек те алыс-жақындағы ел-жұртынан, Шу атырабында қыстап қалған қалың қосшы-жылқышыларынан хабар іздеп атқа мініпті.

Сонда ат аяғы жетер атыраптан хабар алып, сұрау салған Бәйдібек бір ғана жайдан, — хабар-ошарсыз ізім-ғайым кеткен Кішкене мен оның алдындағы көп қосынды жылқының қайда кеткенін, өлі-тірісін біле алмай қайран қалыпты. Бәйдібек пен Байтұлы ауылына жиылған көріпкел білгірлер, балгер, бақсы-құшнаштар әрқайсысы әр қилы сәуегейлік айтып, соның бірі бұл атырапқа белгілі көріпкел-балгер Қарадуана пері Бәйдібектің үлкен ақ үйінің төрінде жайылған дастархан жанына шаншыла отырып, ақ орамал бетіне құмалақ шашып: «Бай-еке, бағы бар адамсыз. Малың түгел, азаматың аман, үлкен жол үстінде заулап келе жатыр. Құдай жол берсе бейсенбі күні бесін шағында шан беріп қалар» — депті.

«Балгер де болма, балсыз да болма» — дейтін қазақ, тыңдап отырған ағайын-жұрт, мына жақсы сөзге сүйсініп, «е, құдайласып» дуалы ауыз әулие айтқан бейсенбіні күтіпті. Айтулы бейсенбі күні сәскеде Бәйдібек пен інісі Байұланнның шаңырағынан өрбіген Қараша бидің әулеті, көрші-қоланы түгел сыртқа шығып тұрғанда күнбатыс жақтан алыста құба белден

асып бірте-бірте жақындай түскен жалғыз аттының карасы көрінеді. Ол құйғыта шауып — «Сүйінші! Сүйінші!» — деп айғайға салып келе жатқан Ойсыл-ата әулетінің кішісі, жас жігіт — Жайдақ екен. Арыстандының аяғы Жылыкөлде қыстап Нұраның жазығына енді көшіп шыққан Байтұлы — Әулеті дария жағынан күнбатысты тұтас қаптап келе жатқан көп жылқының алдынан шығып, тоқтатып, Кішкенемен кездесіп мән-жайды білген соң ағайын жөнімен Бәйдібекке хабар бергелі кіші баласы Жайдақты жедел атқа мінгізген еді. Иә, жақсылығын көп күттірмейтін құс қанатты қуаныш хабарының соңынан көп ұзамай, алыста, құбабелден құлай көрінген Құлан мен Құла айғыр бастаған Бәйдібектің мың қаралы жылқысы жанай жортқан саяқ атты Кішкененің алдында жабағысына дейін түгел жер өңірінен дүбірлеп келіп те қалған.

Ел жайлауда, мал өрісте. Көк жонның бетегелі белінде баяғы үлкен ақ ордасын биікке тіккізіп, көбіне келіп-кетер көрші ауылдардың сөз сөйлерімен кеңес құратын Бәйдібек, ол күні екінші әйелі Зеріп, сұлу келіні Сыланды, кіші әйелі Нұрила мен жас-желең тумалар қауымында от басының жайбар күнін өткізіп отыр еді. Әкесі Қараша бидің өсиетін сақтап, әр кез қанаттас қозғалып, көрші қонатын бүгінде ел ағасы жасына жеткен өзімен бірге туған тете, үзеңгілес інісі Байтұлы келген. Байтұлы жаратылысында бір сөзді, өктем сөйлейтін әр мінезді кісі еді. Сөскелік шай, қымыздан кейін ағасын оңаша шығарып:

— Әуелі құдай, ұлы әруақ Үйсін атаның шарапаты қолдаған шығар. Мына кірме шектінің баласы Кішкененің арқасында бай атағынды сақтап қалдың. Сол бала қолына он жетіде келіп еді, енді, міне, бақандай кісі болып жиырма беске шығып отыр. Ендігі жерде оның сирағын сыйдитып жалғыз ат үстінде жадау жылқышы күйде ұстағаның әулетке сын, өзіне мін болады.

— Оның жөн, Байтұлы. Не ғыл дейсің маған. Ер жігіт алар жарын өзі тандауы керек қой.

— Өз тандауы десен, онда кіші жеңешемнен туған қыз — Қоңырбике бой жетті. Осы қызды сол Шектінің баласына қос. Басына отау тіккізіп енші малын бөліп бер.

Бәйдібек үндемеді. Бұл оның ойламаған жайы еді. Бәйдібек өзімен деңгейлес, иықтас жақсысын таппағандай сұлу қызын қайдағы бір кірме, жалғыз атты жылқышыға мінгестіріп жіберді деген қаңқу сөз жайын ойлады.

Байтұлының ағасына келіп, Шектінің Кішкенесі мен

қарындасы Қоңырбике жайынан сөз қозғауы тегін емес екен. Ел сөзінен алды босамайтын Бәйдібектің екі жас арасындағы жақын көзқарас жайынан ісі қайдан болсын. Анығында «ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» деген күнелкі өмірде аралас жүргенде, жайлау елінің сейіл серуенді той, айлы кештерде алты бақан кезінде Кішкене мен Қоңырбике бірге табылатын. Бұл жайдан жақындары арқылы хабардар болған Бәйдібек Байтұлының сөзін мақұл көріп, үстіне ақ отау көтеріп, той беріп еншіге кіші қызы Қоңырбикені Кішкенеге қосқан. Бірақ Кішкене өзінің ақ отауын Бәйдібек күткендегідей ауыл іргесіне емес, таудан аққан таза бұлақтан өтіп, күнбатыс тарапқа оңаша, оқшау тіккен еді. Мұны көрген Бәйдібек:

—Е, бұл Кішкене тойған жерінде қалатын ез емес, туған жерін ұмытпайтын ер болып шықты. Ол енді елін тапсын, еншісін мықтап берейік, — депті. Мұны барша ағайын, ел-жұрты мақұл көрген.

Бір күні жаз басы маусымда өзінің күміс тұманды келісті кер атын мінген Бәйдібек жайлауда, қаптай өрістеп жатқан көп жылқы шетінде Кішкенені кездестіріп:

—Ал, балам, сен азаматтық адал міндетінді атқардың. Сен ел-жұрты бар адамсың, ендігі ерік, байлау, шешім өзінде. Мен мына бар жылқыны қақ ортадан бөле шауып өтемін. Оның күн шығысқа бөлінгені менікі, ал күнбатысқа бет бұрғаны сенікі, — деді. Ол солай арынды кер арғымаққа қамшы басып, қалың жылқы ортасынан қақ жарып шауып өтті. Ақ-көгі, күрең-торысы аралас мыңнан астам жылқы дүрліге үркіп екі тарапқа бөлінді. Құла айғыр бастаған күншығыс бөлігі Бәйдібек жайлауына тартты да, құлан бастаған ылдифы топ беті күнбатысқа бұрылды. Арада шамалы күндер өткенде көш көлігі, үй жасауы түйелерге артылып, көп жылқысын алдына салған Кішкене Қаратау сыртымен алыста туған ел бағытында Ақжайқын, Телікөлге бет алып келе жатыпты. Көш алды Қаратаудың шеткі сілемін орап, Ақжайқын жазығына шығып, бір шағын таза бұлақ жағасына қонып шықты. Кішкене түйелерді алдырып, көш көліктерін түзеп жатқанда келіншегі Қоңырбике оған:

—Сен бүгін көшпегін. Алыстан ат сабылтып зәру іспен жалғыз жолаушы арнайы келе жатыр. Ол сенен жылқыларды бастап жүрген бие құланды сұрайды. Сен тарынба, құланбиені сол сұраушыға бер. Қызыр адасып қияда қалмас, ол сені қайта табады. Ұлы данышпан лүкпан-әкімнің дертке дауа құзырын орындап,

ризалықпен табады. Сол құланмен қайтар, Қыдырдың өзі жіберген өкілі болмақ. Сен одан бас тартушы болма, ықыласынмен қабылда. Сенің өсіп-өнуінің ақ жолы жан иесінен басталмақ, — дейді.

Туған анасы Нұриланьың ақ сүтімен дарыған дана, аян беріп айтар сөзі дәл келіп отыратын Қоңырбикенің болжампаз қасиетін Кішкене білетін еді. Келіншегінің айтқанына тоқтап, күткен түс мезетінде алыстан ат сабылтқан жалғыз атты жүргінші де келіп жеткен. Ол салған жерден:

— Ей, құдайдың сүйген құлы, рахым ет! Мен ел иесі хұзырін алып, асығыс келе жатқан адаммын. Жасы шаһардың сыртына тау жайлауына жақында көшіп шыққан хан-ие Жәнібектің жалғыз ұлы науқас, әл үстінде жатыр. Кітап ашып, Лұқпан әкіммен тілдескен білгір тәуіп: Қыдыр дарып, шылауына оралған құдайдың сүйген құлы бар. Оның жылқысында күдіреттің жіберген құты — қолға үйренген құлан жүр. Мына хан баласының кеселіне бір ғана шипа — сол құланның қолқа тамырының қаны болмақ, — депті.

— Хан ие баласына шипа ғайыптан берген малы — құланның қаны болса, жаратқан тәңірдің еркі солай шығар. Кәне, онда кідірмей аттанайық, — деп, Кішкене құраулап шақырғанда қысырдың тайындай ілесіп соңынан қалмайтын құба құланды ілестіріп, қос жүргінші Қаратаудың биік жайлауындағы ханның ақ орда үйіне келген. Құланды жібек арқанмен нокталап, хан мен тәуіпке өз қолымен табыс еткен. «Заман деген жаман болмас, әділетті ханы болса, ажалсыз ажырап азаптан, тапқыр тәуіп, дәрі болса», — деп өткеннің данышпаны айтқандай, құлан қаны әл үстіндегі ұлға қыдыр берген дауа боп, беті бері карап, аз күнде сауығып кеткен. Бұған шексіз риза болған хан, жол тосып қалған көшін бастап, еліне аттанғалы жатқан Кішкенеге:

— Сен маған Алланың әмірімен ғайыптан келген қыдырдың сыйлығын бердің. Шын ықыласыңа ризамын. Достыққа достықпен бас ию өмір-мұратым еді. Мына кірпігіне кір шалдырмай өсірген жалғыз қызым — Құралай енді сенің өмірлік серігің болсын, қостым, — депті. Сұңқардай сыланған сұлу қыз Құралайды басына ақ сәукелесін кигізіп, астына күміс тұрманды боз жорғасын мінгізіп, аталық ақ тілеу батасын беріп, жол болсын айтыпты.

Ақжайқында күткен көшке жетіп, Құралай мен Қоңырбике табысып, көш басын енді бұлар алыста Жем-Електің бойын

жайлаған қалың елге тартқан. Көш алды күншілік жол ұзап Телікөлге келгенде оң қанатта Кішкене өзі Жетіқоңыр жайлауында сан рет ат айылын босатып, таусылмас әні мен сәні болған қасиетті Сарысудың төменгі сағасын көрді. Арғы қойнауы қопалы көлге ұласып, бергі жағасы мөлдір алқабына келгенде қалың жылқы топтана үйіріліп тұрып қалған. Сол кез ат үстінен кейінгі шығыс жақты шолған Кішкене, көш жолымен алыста сағым құшқан сары далада ілби басып келе жатқан, хан аулында қалған қасиетті құлан биені көріпті. Құлан биені осында күтіп алған Кішкене, —«Хұрау, хұрау! Жануар» — деп шақырғанда құлан бие қалың үйірдің алдын бастап, көп жылқыны ақ қайран суатқа қатар тұрып, Сарысудың таза суына бас қойған екен. Құлан биімен бірге оралған жас келін Құралай сол күндерден бастап Құланбике атанды. Көш алдында жасау-жабдықты Қоңырбике мен Құланбике, жылқы алдын қасиетті құлан бие бастаған. Кішкененің сән-салтанатты көші жер өңірі шалғай өлкені басып жаз ортасында есен-сау алыста қалған туған ел ортасына жеткен еді.

Өткендегі ауыр қыста жұтап, малсыз ашып-арыған көп елге Кішкене жер қайыстырып айдап келген жылқысынан таратып өсім берген. Елге келгесін араға жыл салып — Қоңырбике Құрманай, одан соң Құттық атты екі ұлды дүниеге келтіріп еді. Алты Шектінің екі сала, екі тайпалы елі — Құрманай, Құттық қасиетті Қаратау биігін жайлаған Бәйдібек елі, Бәйдібек жерінен келген Қоңырбике Құланбикеден көрген қыдыр дарыған баба — Кішкененің өулеті. Сол Құрманай, Құттықтан заманында қаншама ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қол бастаған көсемдер өсіп-өніпті. Алты Шектінің ар-намысын алты асқардан асырып, ақ сауытқа құрсанып, тұлпар мініп, ту ұстап қол бастаған атақты Жанқожа батыр Кішкене мен Құланбикенің кіші отауында өрбіген Құттықтың он төртінші ұрпағы еді.

Жаһанда жатар майдам саз,

Жайқалып өсер жас құрақ.

Үрлегенмен сөнер ме,

Шындап жанған шамшырақ — деген осы, — деп бітер еді ғасырлар жасап, самал желмен сахара кезген даланың сұлу дастаны.

КЕМЕНГЕРДІҢ КЕРУЕНІ

повесть-эссе

*“Халық боламын десең қалпыңды сақта,
Ел боламын десең бесігіңді түзе!”*

М.О.Әуезов.

I

КЕЗДЕСУ



Үлкен жол, ірі шаһарлардан шалғайда, Шығыс Қаратаудың алыстағы бір ауылында кер заманға кез болған балалық-жастық шағымыз өтті. Аштық, мектепте жаз шыға оқу қызығына жалғас, жабағы жасында сіңірі шыққан колхозда басқа байланатын сор бейнет!

Бала біткеннің ол күндер, мый қайнатар ыстықта қызыл қырман көтеріп, таңмен таласа, шығыста Алатауды бетке алып, Алексеевка пункітіне астық тасып жүргенде, алдындағы арманы күз басы, мектеп, жаңа оқудың басталар күні болушы еді.

Толассыз өмір, ансаған, сағындырған сол күндерде жетеді. Білуге күштар, албырт жүрек алдынан жаңа жыл, жаңа сатыда, жаңа оқулықтар өз жаңалығын ашады. Жаңа оқулық, — ол өзінше жаңа дүние, бала қиял қанатын биіктерге, шексіздікке мезгейтін кереметтің өзі. Бірде, сондай оқулық — әдебиет кітабының ішкі беттерінен, барша қазаққа таныс, тақиялы басын биік ұстаған ай жүзді Абай, сусары бөркі басында, селеу сакалы жарасқан жанары жалын Жамбыл ата, «Адасқандар», «Жұмбақ жалау», «Теміртастай» әйгілі романдарымен есімі ел-жұртты шарлап кеткен Сәбит Мұқановтан кейін, ол кезде барша өмір-әлемі бізге жұмбақ, қос самайдан өрлеп, айдай айқын жазық мандайын айнала келісті бұйра шашы көмкерген ойлы қос жанары мейірім шуағына толы, нұр жүзді адам бейнесі көрінетін. Ол Мұхтар Әуезов бейнесі, — шебер суретшінің қыл қаламы ақ қағазға сызған, — ұлы кемеңгердің бейнесі. Ой санамызда мәңгілікке,

өшпестікке қалған сол қымбат бейнеге әлде қалай іштей туыс, жаны жақын жан әкемізді көргендей бала көңілімен қызыға да таңдана қарайтын едік.

Сол оқу кітабында, ұлы суреткер бейнесімен кездесумен бірге, сол жолы оның оқушы шәкірттер үшін басылған «Бүркітші» атты әңгімесімен де таныстық. Қоспа бояусыз, көтерме-көбіксіз, тау мен даланы тел емген қазақ тұрмысының өз суреті. Таудан аққан кәусар бұлақ сусындай таза, туынды қағаз бетінен бізге қарай, нұрлы көзін алмайтын бұл бейненің қастер-қасиетін биік көтеріп, жазушы атты ғаламат жан иесіне деген ыстық ықылас, ынталы балаң көңілді тым шарықтатып жіберер еді.

Айтары не, соғысқа дейінгі біздің алаулаған бала қиялымызды тым биік шырқататын аз-кем шуақты жылдары, — көктемгі көк өскіндей балауса тілек-мұратымыз көбіне-көп, бір ғана арман арнасына — оқысақ, алысқа, мына қиян шетте күйкі тірлікте күн кешкен, жұрттан, ұзаққа, өнер-білімнің мұндағылар білмейтін керемет бір кенішіне кетіп, ауыл-елі, ағайын, тума жапырыла күтіп алар мақтан-тұтар адамы, азаматы болсақ дейтін шеті-шегі беймәлім, мұнар-сағым өмір-өрісіне тартатын.

Біздің осы бас білмеген асау тайдай алабұртқан албырт ой, ашылмаған арманымызды дөп басқандай от басы, оңаша сәтте өзімен әке-шешесіне сөз айтар үлкен ұл — Сауқымбегі мені көрсетіп:

— Мынаны үйкүшік қып қапасақ қамай беруге болмайды. Адам боларын ерте ойласын. Төртінші бітіргенсін мамандық беретін оқуға, Борнай мен Әулиеатаның біріне жіберу керек, — дейтін.

— Жарайды қарағым, сенің жолыңды қуып, адам боп шығар болса, көнеки, — деп мені өзгелерден ерек бауырға тартатын көрі әжем жарықтық, көз ашып көрген маңдай алды немересінің салиқалы сөзін медеу тұтып, үделі үміттің бір нәзік сәулесіне нұрланған әжімді-аядай жүзі бір сәтке жадырай түсіп отырар еді.

Ол не оқу, оның берері не? Онымен біздің шаруамыз қайсы. Дәл күні ертең ел-жұрт алдынан салтанат шерумен аттанып кетердей белгісіз бір масат көңіл көкке өрлеп кетер еді.

Өмір барда мақсат бар. Ізгі тілек бар да оған жету, екінші басқа нәрсе екенін көңіл құсы шартарапты шарлайтын бейкүнә балаң шақта, сол бір үміт пен күдік, шаттық пен қасірет қат-қабат үстем құрған сол бір алмағайып күндері қайдан білетін едік.

Сол заман сазымен келген ұлы толқын көп замандастарым сияқты менің де алғы күндерге арнаған арман-мұратымның астаң-

кестенін шығарып, көп жылдарға кері ысырып тастады. 39-шы жылы — жалғыз аға, институт студенті әскерге алынды. Енді қайтып оралар деп күн санап күтіп жүргенде соғыс басталды. 14-ке енді толғанда оқу жайына қалды. Еңбектің құтқармас құрығы мойынға түсті. 44-ші жылғы қара күзде майданнан қаралы хабар жетті. Жалынды жас азамат, гвардия офицері 25 жасында жорық жолында алыс ел, жат жерде — батыс Карпат, Трансильвания тауында мәңгі тұрағын тауыпты. Ауылда аудан өкілі өткізген қаралы жиын, қаралы хат...

Араға сары таңмен сарғайып төрт жылдай салып күткен жеңіс күніміз де туды. Ел желпініп жатқанда тағы да соғыс — енді Жапония! Мені әскерге алмақ. Шешемнің шыбын жаны шырқырап кетті. — Бұдан да айрыламыз ба, енді! Әке үнсіз, қатулы. Колхоз бастығы аз болса да, бір ауылды басқаратын адам ғой, амал тауыпты. Уәкіл боп келген досы, аудандағы НКВД бастығы, айтқаны екі болмайтын ер көңілді жігіт Қоштаевпен аңға шығып, тауда арқар атқан көңілді бір шағында оңаша кеңес құрыпты.

— Есентай-ау, не амал бар, мына жалғызым тағы жардан ұша ма, — десе керек.

— Ұшпайды. Қайда ол. Бізге келсін, — депті.

Солай, он сегізге толғанда, үш айлық курс бітіріп, ауданға комсомолда жүрген жерде иыққа пагон тағылды. Саяси қызметкер! «Шешенің көз жасының емі» — деп қалаған шүйкебасын алдына апарды. Үй болдық. Енді бала-шаға. Кәнеки, бәрін тастап, оқып көр.

Бірақ ол айтуға ғана сөз екен. Іздегенге амал көп. Сол амалдың үлкені - сырттан оқу. 54-тің көктемінде аға лейтенант шенінде Шымкентте мұғалімдер институтын сырттай бітіріп, органның саяси бөлімінде қызметте жүргенде «Сіз КазПИ-дің тарих факультетіне сырттай оқуға қабылдандыңыз, келіңіз» — деген хабар келді. Асығыс жинала бастадым.

Күдайдың күдіреті, әлде реті солай ма, бұл мені бір күнде есімі ел аузына аңыз болған қазақтың үш бірдей марғасқа адамы мен дидарлас, дәм-тұздас етті.

Жолға шыққалы отырғанда, таудағы туған елден еңбегімен абырой-атағына жеткен, әйел болса да, өмір бақи ер-азамат санатында салт ат, сабау қамшылы өмір кешкен мінез-парасаты келбетіне жарасқан Бозжігітова Қанзада апамыз келді. Ол кісі шешемнің сіндісі — нағашы әпке, колхозда жылқы фермасын басқаратын, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты еді.

Ауданда айтыс. Біржағы хатшы, екінші жақта исполком болып ашық тартысқа шыққан. Депутат апа жиналыста «қойындар» деп қиянаты көп исполком жағын тәртіпке шақырған екен. Енді онысы өзіне пәле бопты. — «Байдың қызы, сиқымның атақты шонжары Ырысбек, Батырбек, Төребектің ұрпағы. Іштей партияға, советке қарсы» — деп жоғарыға арыз үстіне арыз кетіп жатқан көрінеді. Енді әпке мән-жайды ұлықтар алдына айтпақ.

— Сен Еркін, хатқа жүйрік баласың. Маған бір күнінді бөл. Үлкендерге барғанда қасымда бол, әңгімені тыңда. Ақ-қараның не екенін біл, — деді әпке жолға шығып жатқанда.

Жоғары Кеңестің төрағасы Д. Керімбаев орнынан табылмады. Мәскеуге кетіпті. Көмекші жігіт арғы беттегі сарыала кілем төселген кең бөлменің есігін ашты да, — Сізді Жангелдин жолдас күтеді, — деді.

— Жангелдин!.. Жүрегім дір ете түсті. — Япыр-ау, Лениннің шәкірті, берілген төңкерісшіл большевик, Амангелді майданының саяси көсемі әйгілі Әліби Жангелдин ғой, ол! — Қатесіз соның өзі.

Бардық. Көрдік. Аты аңыз болған заман тұлғасы, әйгілі Жангелдин, — сексенге келген жасында тұрымтайдай қалжасы, басында кестелі тақия, ақ күмістей жарқыраған сұлу мұрт, кішкене торғай құйрық шоқша сақалы жарасып, төрдегі айбарлы жұмыс орнынан шығып, терезелерге тақау қойылған қосалқы стол жанында жеңіл креслода отыр.

— Кел, қарағым, жайғасыңыздар, — деді жай ғана.

Жас әйел, пәтінүспен шай келтірді. Әпке қазақ әйеліне тән аса биязы, әдеппен, қарт көсемнің есен-саулығын сұрап, әңгімесін баяу бастап, бәсеңдеу, ашық-айқын үн қатып, сөйлеп отыр. Қарт кісі, сонау бір алыстағы ауылдан келген қарапайым қазақ қызының елдік пен бірліктің, адамдық-азаматтықтың жайын қозғап, тереңінен тебірене айтып отырған әңгіме ырғасына ризалы бейіл көрсетіп, аппақ басын изеп қойып, беріле тындайды. — Шіркін-ай, деймін мен, қазақтың Әлібидей әйдік тұлғасымен тең дәрежелі сұхбат құрған әпкеме іштей риза, мақтаньш сезімі билеп, оның үш кластық біліміне, білім-ғылымның тағы бір биік шоқысын қосса ғой, — шіркін!

— Сендердегі жай-жағдайдан аздап хабарым бар, Қанзада, — деді қарт көсем — әпкені өз атымен атап, комиссия барып қайтқан. Білеміз — қашанда жақсының жауы көп. Бақастықпен өмірі өткен қазақ қой, көдімгі — жұмысыңды істей бер, — деді Әлекен.

Әңгіме басы Әуезов. Ал мына ауыл қызы Қанзада сапарының ол әңгімеге қатысы қанша? — Сәл сабыр етейік оқушы — бұл сапар, сол бір табиғаттың өзі салған соқпағы, алғы күннен бейхабар, шектеулі өмірдің шеңберінде жүрген мені ұлы кеменгерге бастап, бір қадам болса да жақындата түскен. Бір баспалдақ болса да ұшандағы ұлыға таман биіктете түскен тәңірдің өз сыйлығындай еді.

Жангелдиннен қанаттанып, нұрланып шыққан әпке Д. Керімбаевпен қанаттас кең бөлмеде Жоғарғы Кеңес орынбасары есімі елге аян қайраткер қазақ қыздарының бірі Ермағамбетова Шекер апайға сәлемдесті. Қап-қара мөлдір қолаң шашын тоқпақтай ғып желкеге түйген, жүзінен ізгілік нұры тамылжыған келбетті Шекер апай өзі тұрғылас, өзі бейнелес замандасы — Қанзаданы, бейне бірге өскен жақынындай жайдары жүзбен қарсы алды.

— Әлгі ауданында не болып жатыр. Тынды ма, көбік сөзі.

— Әй құдай-ай, ішінен жау, басынан дау кетпеген сорлы қазақтың жігіттері-ай! Құрысын, өз жайынды айтшы, — деп Шекер апай сөз арнасын жеңіл, мүлде басқа жаққа бұрып әкетті. Бірі биікте билік басында, бірі ауылда шаруа баққан қазақтың екі қызы, бейне сырлас та мұндас жан сөздері де өздері де үйлес, жарасты бір жақсы сәтін өткізіп еді, сонда:

— Қарағым, бір күніңді ки, — енді анау, үлкен үйдегі Күрекен ағамызға барайық — деді әпке. — Оның Күрекен дегені аталас ағасы сахна өнерінің саңлағы Жандарбеков Құрманбек қой, кәдімгі.

Жоғарғы Кеңестен шығып Мұхтар аға, Құрманбек деп еркелеткен жайсаң жанды ағамызға бардық. Құрманбектің ол кез опера театрын басқарып, ер жасы елуге толған, қынаптан суырған алмас қылыштай қылшылдап тұрған шағы. Қолында сөнге ұстайтын жіңішке бамбук таяғы, жүрген-тұрғаны, әр қимылы тек сахна үшін өн мен сөнге арнап құйып жаратқан сияқты. Шырайлы келбет, қою шашы, ашық ажарын айқындай түскен қырлы мұрын, қара қас, ел аузында аңыз болған Сәкенді еске салғандай.

Құрманбек туасы, тек сахна емес, жаратылысында асығыс, шапшаң нажағай отындай жалт-жұлт еткен жіті қимыл, өткір тілдің адамы.

— Уа, келіп қалдың ба, айналайын, жаным, — деп операның арғы бетіндегі астыңғы қабатта кең бөлмесінің төріндегі үлкен жұмыс столының сыртынан атып тұрып, бізді құшағына ала үйіріп, диванға отырғызып, амандық сұрап алды да:

—Ал кеттік, көнеки, Шолпанның шайын ішейік, — деп сыртта күткен құла сары «Победасына» мінгізіп, Мир көшесі 101 үйдің астыңғы қабатындағы пәтеріне тартты.

Бас-аяғы бір сағаттың ішінде бәріне үлгеріп, сызылған кербез Шолпанның жеңіл шайынан кейін:

—Көне, айтшы, қарағым. Ел жайы, өз жағдайың қалай. Өне бір айтыс-тартыстары тынды ма? — деп әпкені тындап, нұрлы жүзін бұлт шалғандай, сәл сұрғылт тартып, аз отырды да, — өткен бір өмір өткелін қайта кешкендей, әріден, біз бейхабар тым әріден бастап сөйлеп кетті.

—Ей, қарағым-ай! Абайды сойылға жыққан, Мұхтарды түрмеге тыққан қазақ кімді аяған еді. Қырық жыл, дәл қырық жыл болды ғой, ел бетін көрмей, бәрін тәрік ғып жүргеніме. Ана Тоспалыдағы үйді көрдіңдер ғой. Нақ төрде, қабырғаға қадалған оқ бар. Әкемді атқан ГПУ-дің оғы. Әкем беріліп, қолын көтерсе де, «тисе өлсін, тимесе қалсын» — деп нағанымен маңдай жақтан атқан ғой. Оқ әкемнің басын жанап кесек дуалға тиіп, сонда қалған. Сонда ГПУ-дің алдына түсіп, бастап барған, «алатын жауларың анау отыр», — деп терезеден көрсетіп, сырттан қол шошайтқан өзге емес, өз ағайындарымыз емес пе еді...

Сендер білмессіңдер. Әкем түрмеде емес, қашып жүріп далада, кең дүние, ашық аспан астында жұлдызды түні анау Ақбиікте нағашысы ауласына барып өлген ғой. Қызылордада едім, хабар қайдан жетсін. Бір уыс топырағым да бұйырмады оған. Заман бұйыртпады. Елден Сарман, Көшке, Маймыштар барып жерлепті.

Сол заманның сазында әкем жарық дүние сарайында емес, қараңғы түрме қапасында өліп, не жендеттің оғына ұшуы керек екен. Тергеу астында отырғанда жалпы камерада ақтау қағазын алған қасиетіңнен айналайын бір қазақ — «Сен Жандарбексің» халықтың адамысың, сенің қасында мен кім едім. Жол сенікі. Өлсем мен өлейін, өз тағдырыма ризамын» — деп қоярда қоймай жалынып, киімдерін әкеме кигізіп, әлгі ақтау қағазын әкемнің қолына ұстатып, шығарып жіберген ғой.

Шіркін дүние, жақсылығы арылмаған өмір-ай! Сол беймәлім жұмбақ жан, маған өмір бақи шешілмеген жұмбақ боп қала берді. Жер басып жарық дүниеде жүрген болса, іздеп табанын барып сүймес пе едім...

Маған қайсы бір қатарластарым: “қандай қатыгездің, еліңе неге бармайсың», — деп кінәлайды. Ал менің ішімде қандай жылан өліп жатқанын олар қайдан білесін. Буырқанған Боралдай,

Тураның биік тауларын өмір бақи түсімде көрем. Туған ел, өскен жерімді қиялмен шарлап, майсаң саздарына аунаймын. Бала кезімде:

Тоспаның қыстау салдым бұлағына

Жоңыршқа ат семірттім құрағына,

Жығылса құлан барып құла түзде,

Құрбақа қарғып мінер құлағына, — деп әнге қосқан Тоспалым да өмір бақи көз алдымда. Сағынамын, көйтейін. Елу жылда ел жаңа деген, тірі жүрсем, елу жыл өткесін, жаңарған елді де, туған жерді де қайта айналып, көзіммен көрермін...

Мұхтар ұсталып, қамалғанда, отызыншы жылы мен де Ташкентте едім. Мұхтар САГУ-де аспирант, Нұртас Ондасынов лесотехникумде, біз Өтебай Тұрманжанов, Пірімхан Жұмабаев, Жакыпбек Молдатаев тағы басқа Оңтүстіктің өнер-білім қуған бір топ жастары Рабфик, семинария сияқты оқу орындарын жағалап жүрген кезіміз. Жолбасшымыз комсомол қайраткері Фани Мұратбаев еді.

Фани сөзіне қарағанда Мұхтарды «алаш ордашыл» деп ұстапты. Ол кезде «Алаш» — сөзін айтудың өзі бір сұмдық.

«Алаш туы астында,

Күн сөнгенше сөнбейміз,

Енді алашты ешкімнің

Қорлығына бермейміз—

деп, ұрандатып жыр жазған Сұлтан Махмұд құдайы ондап оқтан емес, ажалынан өлді. Сол алаштың көк байрағы астында, еліміздің еңсе көтерген ер ұлдарының бірі Мұхтар басына тағдырдың қара бұлты төнген екен, енді ескіден қалған жалғыз жампоздың күні не болмақ.

Оңаша кеңесіп, комвуздың курсына жүрген Өтебай екеуіміз САГУ-дің тарих бөлімінде практикұмда жүрген Мұхтардың Ленинград университетінде бірге оқыған досы Әлкейге бардық.

—Ойымыз, шыбын жанға сауға болудың амалы қайсы.

—Мұхтар өзін-өзі қорғайтын жазушы. Оның еңбектері халықтық еңбек. Оның ісіне араласпай, аулақ жүргеніміз жөн, — деді Әлкей. —Тек бір аянышты жай. — Оның ана орыс келіншегі нәресте қызымен Мәскеуге төркініне кетіпті де, әлгі бұрынғы қазақ әйелінен қалған қаршадай қызы қаңғып, көшеде қапты. Көрі өзбек паналатып отырған жерден тауып, Алматыға Мұхтардың бір туысына жіберіп келіп отырмын, — деді.

Сол Мұхтар, дүниеге «Абай жолындай» ғасыр дастанын берген

Мұхтарға не қылмады, не көрсетпеді бұл қазақ. Тіптен кешегі жылы, қазақ атын, халқының даңқын әлемге аян еткеннен кейін де, оның атақ, абыройын тәркілеп, анау «Ұлтшылдар тобы» Бекмаханов, Сүлейменов, Әділгереевтер тобына тіркеп, етектен тартып, жағасына жармасты емес пе, бұл қазақ.

Қайран Мұхаң, арғымағым, нар түйем. Көтерді ғой бәрін. Кешті ғой, бәрін. Кешкені сол да, бәрін пар кешіп, жер ауып кеткен жерінен, қайран елім, — деп кешегі наурызда қайтып оралды ғой азамат. Алтынға күйе жұғар ма еді. Баяғы Мұхаң сол Мұхаң, еш нәрсе болмаған бәз-баяғы марғасқа, жампоз қалпы.

Келген күннің ертеңіне аптығып, алдына барғанымда, — Құрмашым, ақиығым, қыраным, — деп құшағына алып:

— Пәлі, көрмегелі біршама уақыт кетті. — Өзгермепсің. Біз осы төзім қасиетінен шыққан толқынбыз-ау, — деп балаша қуанды ғой, жарықтық. — Ағаның алды ақ жайлау, — деген осы.

Мұхтар мен Құрманбек, — білім, ғылым өнерде алдына жан салмаған қос тұлпар! — бұлардың қан туыстығынан қаншама қымбат жан туыстығы, мақсат пен тағдыр туыстығын ғайыптың себебі кездестірген сол күнге шейін, алыста, қалың ел, қайнаған өмір ішінде өлшеулі өрісте тірліктің тар соқпақты жолын кешкен біз қайдан білетін едік.

«...Мұхтар ұсталып, түрмеге қамалғанда!...» — Сұмдық-ай, неткен суық сөз еді! — Мына жаздың аптабында, төбеден мұзды су құйып жібергендей, тұла дене түршігім, бейхабар жүрек мұздап кетті. Япыр-ай, жиырмаға толған жасында қазақ сахнасының жауһары «Еңлік-Кебекті», «Қаракөз», «Қаралы сұлуын» берген аймандай ардағын қалайша көзі қиып, темір тор, қараңғы, тар қапасқа тастады екен?! О, сұрқай дүние, адам затына деген сұмдығында шек болмаған екен-ау, сенің!

Жүрек әмірі, бекіген көңіл бұйрығы солай ма?! Әке тағдыры, ағайын ортасының бейіл бейнесінен шошынып, қаршадай жасында ел ішінен безіп кеткен Құрманбек, өзі айтқандай, араға елу жыл салып, туған жерге алпыс екінші жылдың жаз ортасында оралды. Еңіреген елі, қуанып құлдыраған жас-желен, кемсендеген кемпір-шал, алпыстың асқарына шығып, айдыңға құлаш ұрған құлан жүйрік санлағын, сағынып келген ардағын құшақ жайып қарсы алды. Құрманбек жай саяхат емес, елге арналған ән сапарымен келді.

Сағынып туған елім аспаныңды,
Алдыңа әншің келді асқақ үнді,
Баршана бақытты елім басымды ием,
Қабыл ал, әнмен амандасқанымды.
Ақау, туған елім, еркен едім,
Келіп тұр есейсем де еркелегім!

Бұл оның, туған ел, өскен жұртына арнаған, алғашқы да, ең соңғы сәлемі еді. Буырқанған Боралдай, Тұранның биік таулары, біртуар пырағын, түлеп ұшқан қыранын қайтып көре алмады. Тек өршіл өнер мен қызыл тілге өлім жоқ. Қиянда шырқап, самал жел тербеп, келер ұрпақ айта жүрер әні қалды артында.

ҚазПИ-дің сонау Кеңес дәуірінің алғашқы қаһарман қолбасшысы Фрунзе заманынан тұрған ескі мекен-жайы, көрікті көк үйде жазғы семестрде жүргенімізге аптадан асты. Үлкен үзіліске шығып, биік бәйтеректер саясында тұрғанбыз. Келесі жұп лекция – саяси экономия. Бір ғылым кандидаты оқымақ. Тақырыбы: –«Тауар және ақша». Бадырайта жазылып, кең коридор жақтауында ілулі тұрған. Жаным сүймейтін тақырып, – «Ақша», – Со да әңгіме болып па? – Адамды жолдан тайдыратын, өзәзіл ғой ол. Пәленің басы. Бірді-бірге қырқыстырып, атыстырып, шабыстырып, тонатып, қаматып жататын да, – сол жәдігөй емес пе?

Осыны сөз етіп тұрмыз. Қасымда елден келіп, филфакта семестрде, соғысқа дейінгі орта білімді енді институтта жалғап жүрген кешегі майдангер, бүгінгі мұғалім, жасы үлкен жерлес ағаларым – Көбеев Орынтай, Орманов Садық, Дүмшебаев Ыбырайымдар тұрған. Көше жақтан елгезек аға Оспанов Өксікбай келді аптығып:

–Ағайындар, сендерге бір жаңалық айтайын, ҚазГУ-дің кең залында, филфак пен журфак студенттеріне Әуезов Абайтанудан лекция оқиды екен. Дәл 14.30-да басталмақ. Студент біткен жиналып жатыр.

–Әуезов! ҚазГУ-де... мына сәтті жіберуге болмайды. Анау «Тауар мен ақшасы» құрысын, кеттік, – десіп, Өкенді бастатып, жөнеп кеттік.

Келдік. Зал толы. Сыртта көреміз, сәлемдесеміз, – деп күтіп жүргендер одан көп. Залдың терезе жақтауына, шеткі орындарға жайғасып, ыбыр-сыбырға мән бермей, бұғып, сілтідей тынып

отырмыз. Кенет, зал іші ду көтерілді. Қанша жылдар көрмей, білмей, осындай болар-ау, — деп, көкірек көзіне ұялаған адам, сол бейне-суретімен таныс ай маңдайы жарқырап, сәл езу тарта жымыып, ғибрат-ізетпен сәлем бере кіріп келеді екен.

Сәл шалқактау біткен кең кеуде, мол тұлғасына үйлескен баяу, байсалды, мінсіз де маңғаз қозғалыс. Аз кем шайқала, теңселе басып арнаулы қойылған стол жанына келіп тоқтады. Бар тұлғасымен залға бұрылып, сол қолын жай көтере бірер желпіп, отыруға белгі етті де, қолтықтай келген қоңыр папкесін стол үстіне қойып, өзі стол жанына орындыққа баппен жайғасты. Сілтідей тұнған зал толы тындаушысын барлай бір шолып:

—Бүгінгі Абайтанудан етер әңгімеміз: Абай, оның философиялық өлендері. Абай барша әлем жұртының, бірінші кезекте қазақ елінің Абайы. Абайды бүгінде барша жұртымыз, кәрі-жас, халқымыз оқиды. Ендеше алдымен сендерден сөз тындайық. Кәне кімнің айтары бар, кім дайын, — деп зал ішіне барлай көз жіберді.

Сәл үнсіздік. Мұнша жұрттан бір-бір зерек, бір пысықтың табылуы керек қой. Шіркін-ай, дәл қазір халықты жарып шығып, Абайдың жүректе жатталған, ғажап жырларының бірін тамылжыта төгіп айтар ма еді. Риза етсен жақсы. Ал бәрінен хабардар, бәрін білетін бұл ұлы ғұлама, — «Әй, бұл ҚазГУ ғой — сен өзі қайдан келген кірмесің», — десе не бетінді айтарсың. Қап, өттең дүние-ай! Мына ҚазГУ-ге түсіп, ұлы кеменгерден дөріс алып, онымен әркез жүздесіп, тілдесер мыналар неткен бақытты еді!

Осы сәт зал іші дүр қозғалды. Орта тұстан қап-қара мөлдір шашын келтелеу қиған, ашан, қараторы қазақ қызы, — «Ағай, мен», — деп қол көтере тұрып, алға жылжып келеді екен.

—Ал кәне, сөйлеңіз, тыңдалық!

Ұстаз жанына жақын келіп, залға қарай бұрылған қара қыз, тебірене толқыған ішкі дүниесін ширақ меңгеріп, сәл діріл аралас, ашық даусын көтере сөйлеп кетті.

«...Қарашада өмір тұр», — Бұл өленін Абай жасы елуге толып, өмірде ізгілік, жастық махаббатымен бірге зұлымдық, қулық, сұмдық, атты адам құлқының құбылысын көп көріп, ой-санасы биік көтерілген шағында жазған. Сондықтан да Абай жастықтың бейкүнә таза мезгілін өтіп, егде тартып, өмірдің өр биігіне шыққан адамның көңіл күйі арқылы, өз заманының шындығын — жеңіл ойлы, жалғаншы тіршілігін бар қырын тереңінен қозғап, ашып көрсетеді.

Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?...

«Қараша» — күздің айы. Өмір күзі, адам санасының биіктеп, кейінге, өткеніне көз жберер шағы. Сол биікте қалсам, — деген құштарлық. Бірақ табиғат заңы көнбейді, — алда қарлы тоқсан — қарттық тұр. Әйтсе де, өмір озғанмен көңіл, адам жүрегі тозбайды. Өзінің алыста қалған шешек жарған жастық шағын ойлайды. — Қайтып келер ме, — деп армандайды.

Абай өмір сүрген кеселі көп қиянатшыл өз заманының тек үлкенді емес, жас өспірім ұрпағын да өнтек бұзып, қайырсыз-қатыгездікке баулап жатқанын, бұл сұрқай дүние тұманын, серпіп тастап, адамдық өмірдің кең өрісті жарық жайлауына тек жігері жалын, талабы биік, от жүректі жастар ғана алатынын былай бейнелейді:

Майдағы жұрттың іші-қар,
Бөйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да сөнер ме?

Осы өлең жолдары арқылы Абай, тәлімсіз жастық жемісі — қатыгездік. Қатыгез жүректе жақсылыққа орын жоқ. Дүниедегі барлық қатыгез-зұлымдықты ізгілік жолдағы табандық, батылдыққа бастайтын жүрегінің отымен ғана жеңуге болатынын аса терең философиялық ойымен, кемеңгерлікпен мезгейді.

Әуелгі үлкен кісі алдындағы жас әйел затына тән ұяндық, әлсіздікпен сөзін майда жүріспен бастап, біркелкі мәнерде өрлей түскен қыз әңгімесін ұстаздың қалай бағып, қалай бағдарлап, өзгеріп, тыным таппайтын қос қабағынан айқын байқалып тұрды.

Қыз сөзін аяқтап, ұстаз ағаға бір қырындай бұрылып ізет көрсеткен сәтте сол қос қабақ алыс ұшар қыранның қанатындай жарқ ете ашылды да, Мұхаң іле жауап қатты:

— О, пәлі, сөзің жөн. Абайды білу, ол туасы өмірді білу. Сол өмірдің мәні Абай сөзінде. Жарайды, көне, тағы кімнің айтары бар... Ендеше, тынышталып тындандар, — деп, Мұхаң стол жағына бір қырындай бұрылып, сондағы Абай томдығын ашып, кітапқа киялай көз тастады. Зал іші сатыр-сұтыр. Қағаз-қаламдарын сайлап, ұстаз сөзін хат-қағазға құйғалы құлшынып жатты. Ол әрекет менде жоқ. Маған бұл сәт оның сөзі де, өзі де қымбат. Әр

сөзін жүректе жаттап, әр қимылын санада сақтап қалуға бекіндім. Солай тек өзіне тән жұмсақ мәнермен тамағын бірер кенеп, жай, екпінсіз бастап, сөйлеп кетті.

Бір ерекшелік, Ғұлама ғалым, сөз тізгінін алған соң, бірбеткей шешендікпен көсілте сілтіп кетпейді екен. Абай сырын, Абай жұмбағын ашуда әр бір күрделі, астарлы сөзге арнайы тоқтап, залға сауал салып, тыңдаушысымен тілдесе, кеңесе отырады екен.

«...Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты, басымды...»

Ал, ойлап көрелік. Тән жарасынан өзгеше бөліп, жан жарасын неге айтады Абай?!

Тән мен жан! — Тәні ауырмаған Абайды жан ауруына салған не құбылыс, қандай сыр? «Қаңғыртты, қысты, басымды», — деп күйзелуінің сыры не?

Бұл жұмбақтың шешімін біріншіден, өзгеден емес, Абай өмірінің өзінен іздегеніміз жөн болар.

Абай бұл өлеңін сексенінші жылдардың соңы, ел іші қырқыс, бақастығы асқынған, болыс сайлауының арғы-бергі тұсынан алып жазған ғой.

Елім деп сенген ағайын, ар ожданды арзанға сатып, ұлы ақынның жүрегін аяусыз езген күндері, тәні сау, жаны жаралы Абай:

Тарылды көкірек,

Ағызды сығып жасымды, — деп налаға толы көңіл күйін ақ қағазға жүрек қанымен төккен ғой.

Осыны айтқан Абай, сондағы тіршілік сиқын:

Сүйеніп күлкі тоқтыққа,

Тартыпты өнер жоқтыққа, — деп мына тоғышар-топас дүниенің көлеңкесінде азып-тозып бара жатқан өнер-білімнің аянышты халін ашына айқындайды.

Осыны көріп-біліп отырған ақын алдамшы, опасыз, жалған дүние жарасын кімге айтып, қайда барып шағынбақ.

Жартасқа бардым,

Күнде айқай салдым,

Онан да шықты жаңғырық.

Естісем үнін,

Білсем деп жөнін,

Көп іздедім қаңғырып.

Жартас не? Абайдың іздеп барғаны қай Жартас! — Меңіреу

табиғат па, заман ба, әлде адам ба? Қалай қабылдап, қалайынша ұғамыз мұны? Көне айтыңдаршы талабы бар, жас шәкірт?!

Зал үнсіз. Қалың орта, артқы жақтан бірер бас қылтиды.

—Ол жартас емес, адам ғой, ағай! Сөз ұқпайтын, Абай ақындығын сезбейтін, жуан бай, топас билер ғой, ол...

—Ол заман, ағай! Абайдың айқайына жартас боп, жаңғырығы үн қататын, көсіз, мылқау, Абай заманы...

Сол қылқи мойын, сопақ бастардың әр біріне өзі иек көтере, еркіндік беріп, сөйлетіп, мына жетіле өсіп, жамырай өріп келе жатқан шәкірттері талабына балаша мәз болып, жарқырай бір күліп Мұхан:

—Жә, жетер! Талпыныс-талаптарың бар екен. Ойларың түзу. Талпыныс бар жерде ғибратты іске орын бар. —Көне, мына бір тұсты дәптерлеріне жазыңыздар, — деп Мұхан, ұлы Абайдан қалған мәңгіге қалған тұнғыық толы ғажайып жырдың әр сөз, әр бағамына тоқтап, шиыршық атқан құлан жүйріктей, жал-құйрықты түзеп, сөз атты кереметтің алыс тартар айқын даңғылына шықты.

Зал іші тылсым-тыныштық. Дем тоқтап қалғандай. Сытырлаған қағаз, сусылдаған қалам, пысылдаған көп мұрыннан өзге дыбыс жоқ. Барша шәкірт атаулы мұрындарымен жер тіреп, сусыта жазып жатыр. Осы қалың қарғаның ішінде қағаз-каламсыз, қыбыр-кимылсыз сөз аулап мен отырмын. Ақ қарға боп көзге түсіп қалмайын деп, бұға түсемін. Бұға отырып, алдыңғы жақтағы екі желке, екі бастың ортасынан сығалап, мына өзімнен не бары алты қадымдай жерде арқаның майда қоңыр самалындай желпінте, желдірте түсіп сөйлеп отырған жұмсақ жүзді, тұнғыық жанары нұр мен мұңға толы жұмбақ жанның бейнесіне ұрлана барлап қараймын. Тұтас бір заман тұлғасын анау, жарқыраған қасқа маңдайға сыйғызған алыптын жай ғана баяу кимылды қыр қазағы екеніне қайран қаламын.

Сырттан қоңырау зырылдады. Ұстаз сөзі аяқталды. Тоғыз секунд сияктанған тоқсан минут өте шығыпты. Қандай ізетпен келген болса, дәл солай Мұхтар аға дүрк көтерілген залға ишаратпен кош айтып, баяу козғалып, кетіп барады.

—Құдайға шүкір, қанағат! Көрдік қой, кездестік қой деймін, қаншама жылдар қол жетпей, қиялдан кетпей санада жүрген бұл адамға, — деймін іштей көңіл күйімді жұбатып.

Көшеге шықтық. Әр кім өз күй, өз әсерінде. Гу-гу, ду-ду, әңгіме. Мадақтау, таңырқау, табыну... мен де сол көптің бірі,

Университет үйінен ұзай түсіп ҚазПИ-іме келемін. Басымда қаптаған ой – бес жыл мен тоқсан минут. Аналар, деймін іштей, бес жыл, бақандай бес жыл оқиды. Бес жыл бойы ұлы кеменгерді көреді. Бес жыл көзбе-көз алдында отырып дәріс алады. Госка барады, диплом қорғайды...

Ал мен сол бес жылды тағдыр еншілеген тоқсан минутта тауысып, – тоқсан минуттық Әуезов университетін тауысып, ұлы кеменгерден бір өмірге жетерлік жолдамды алып келе жатқандаймын. Рухани дипломым, тозбайтын, сарқылмайтын өмір дипломым қойнымда емес, жүрегімде.

Көңіл құсы биікке, тым алысқа шырқайды. Енді мен ҚазГУ-ге түспей, ҚазПи-де жүргеніме өкінбеймін. Көрдім ғой, тыңдалдым ғой, оны. Бес жыл мен тоқсан минут айырымы қайсы. Тәттіге адам тоймайды. Көбінен азы жақсы!...

Қайсы бір замандасың кейде, ҚазГУ-де оқыдыңыз ба? – деп сұрайтыны бар. – Иә, оқығанмын, – деймін. ҚазПИ мен бір мезгілде оқып, бірге бітіргенмін – деймін, күліп. Япыр-ай, деп танданыады олар. – Ондай да болады, өмірде.

Лапылдаған ғашықтық оты тез сөнетіні сияқты менің ертеде ГПУ-НКВД дейтін соғыс біткесін МВД – атанған суы қатты, пәрмені күшті орынға деген «махббатым» тым ұзаққа бармады. Мәселе, анау маңына жан жуымас сұрғылт үйдің қатыгездік ошағы болғанында емес, ондағы тіршілік тынысы, тұрмыс-болмысының тым шектеулі, тас қалыпқа құйғандай қатаң тәртіп шеңберінен шыға алмайтыныңда еді. Өмірдің заңы бір – сол қатаң тәртіп ордасына да тәрбие орны бар. Оны әскердегідей мұнда саяси бөлім, – Политотдел, – дейді. Мен сол саяси бөлімдемін. Бастығым, көп орыс бастықтардың ішіндегі жалғыз қазақ, соғыс кезіндегі әскери адам, әйгілі Панфилов дивизиясында Бауыржан Момышұлымен бірге атакты Талғар полкінің негізін қаласқан, сол полктің бұрынғы комиссары болған подполковник Ұлтанбаев Рәпілбек ағамыз еді.

Мекеме-жайымыз – облыстық газет «Оңтүстіктің» редакциясына жақын. «Сынықтан басқаның жұғатыны» бар. Университет бітіріп, газетке келіп, «журналиспіз» деп шырты түкіріп, шіренген жас жолдастарым көп еді, онда. Солармен араласа жүріп, сонау 10-12 жасар балалық шақта, мектепте жүргенде «Октябрь балалары»/бүгінгі «Ұлан»/ газетіне басылған

біреу мақаламның мәңгі суымайтын әсерінде, «Тәрбие, мораль тақырыбына» шағын әңгімелер жазып тұрушы едім.

— Сен, Еркінбек, адасып келгенсің мұнда, — дейтін, Рәпілбек аға, оңаша сөзге тартып. — Мен әскери адаммын. Майданнан қайтқасын, басқа мамандығым жоқ, партия жолдамасымен келгенмін. Ал, сен, босқа байланып жүрсің мұнда. Сенің орның анау, газет, редакция. Мына талабыңмен таймасаң, сен түбі жазушы боп шығасың.

Рәпілбек аға ағалығын айтады. Көкейдегіні қозғайды. Амал не. Бұл есікке кіру қияметтің қиыны болса, одан шығуың одан қиын-ақырет!

— Бұдан барша өміріңді беріп, абыройыңмен пенсияға шығып, не өліп құтыласың, — дейтін, менің көңіл бөлетін қайсы бір қызметтес жолдастарым, оңашада.

— Өлгені құрысын. Өмірдің өзі бір ретін келтірер, — деймін мен оларға.

Анығы да солай болды. Сол естен кетпес 54-ші жылдың 4-ноябрі күні айырықша тапсырма алған төрт жас офицер жігіттер күнбатыс бағытына жолға шықтық. Көлігіміз «Полуторка» дейтін көнелеу ашық, жүк машинасы. Бағытымыз қаратаудағы қорғасын кеніші — Байжансай. Октябрь мерекесін өткізіп қайтпақпыз. Қарсаңда алған су жаңа форма, жеңіл плащ, хром етік, күнкағары жалтыраған қызылпек фурашкемен шыққанбыз. Сол күнгі кеште жол үсті, Темірлан-Глинково арасында елсіз далада жаңбырлы қара дауылға тап болдық. Дауыл соңы қарлы боранға айналды. Адасып, үстіміз су, танды көзбен атырдық. Ауыр жолда көп қиналып кеншілерге келесі күннің кешінде жеттік.

Сол күні түнемеге айтып болмас дене қызуы басталды. Әуелі 39-ды көрсетіп, түннің бір мезгілінде 40-қа өрлеп кетті. Жай ангина ғой, не қылар — дестік. Стрептоцид, аспиринді түйіршігін бірінен соң бірін жұта жүріп, тау іші, сықырлаған қарлы аязды кеше жүріп төрт күн бойы, тікемізден — тік тұрдық. Тәртіп сақталды. Жұмысшы тобы — кеншілер мерекені емін-еркін тойлады. Қалаға оралып, полковникке рапортымызды бердік. Сол күннің кешінде үйге шақырылған «жедел жәрдем» мені госпитальға әкетті. Ангинаның жүрекке шапқан онай қайтпайтын, ең асқынған түрі — «Ревмокардит» дейтін пәлеге шалдыққан екем.

Госпиталь, емханадан-емхана көшіп, ем-дом апталап, айларға созылды. Істен ұзақ күндер қол үзіп, уәйім көбейді. Не істеу керек.

—Сен бала, Кавказ бен Арасанның ыстық суларында ұзақ емделуің керек. Саған уақыт пен тыныштық керек. —Сен мына жұмысыңды таста деді, бір күні, мені мұқият тексеріп көрген облыстың бас докторы И.И. Бучацкий. —Жассың ғой, саулығыңды түзесең іс сенен қашпайды...

Солай, комиссиядан комиссия өтіп, жастық шақтың ең ғарышты сегіз жылын алған, қызыл жағалы достарымның қауымынан кеттім. Тұтас бір жыл Арасан мен Кавказдың «Нарзан» керемет суларында емделіп, жағдай түзелгесін, алдағы күннің жайын ойластыра бастадық.

—Сен Еркінбек, қаламға тәуір едің ғой, мына «Оңтүстікке» қызмет етуге қалайсың, — деді, бір күні мені обкомға шақырып, ақылдасқан, бөлім бастығы аса зерделі асыл азамат Байқоңыров, мені ішке тартып.

—Жөн айтасыз, Әр-еке, егер газетте ондай мүмкіндік болса, кәнеки.

—Мен бүгін Байтұрсыновпен хабарласып қоямын. Ал сен ертең 10-да Мәкеннің қабылдауына барасың...

«Оңтүстік Қазақстанның» сол жылғы редакторы Байтұрсынов Мәди, — Гурьевте обкомның хатшысы болған, Ақмола жағында өскен, Сәкен Сейфуллиннің ағайын-жерлесі, майда мінезді салауатты кісі еді. Алтын жиекті көзәйнегінен барлай қарап:

—Кел қалқам, — деп ішке тартып, жылы жүзбен қарсы алды. Жай-жағдайымды сұрады. Газетте басылған менің бірер әдеби шығармам мен таныс екенін, ізденген, талаптанған жағдайда менен көп үміт күтуге болатынын айтып, қай бағытта жұмыс істеуді қалайтынымды сұрады. Бірер ай осында қызмет етіп, елге шығып, аудандар тобына «меншікті тілші» болуға қалайсың, деді. Редактор ағаның сөзі, менің елге кетсем, еркін бір тіршілік етсем, — дейтін көптен бергі арманымның ішкі пердесін ашып жібергендей болды.

—Рахмет аға, алыстағы ауылда туып өскен ем. Елмен бірге болайын. Елге кетуге дайынмын, — дедім.

—Ендеше, ана, Мейірбеков Қанекен, Теріскей тобының тілшісі, қаладан шықпай қойды. Соның орнына барасың, Арыстан-Созаққа дейінгі үш ауданның біреуін тандап, сонда орнығып тұрарсың, — деді. Мен Шаянды таңдайтынымды айттым.

Солай, арада біршама күндер өткенде Мәкен мені Шаянға әкеліп, бірінші хатшы Сәрсенов пен атком төрағасы

Ысмайыловпен таныстырып, табыстап қайтты. — Сегіз жыл сірескен тірлікте тордағы торғайдай өткен ішкүса мезгілден кейін, мына ұлан даладай кен, ана акбас тауларындай биік бейпіл өмір басталды.

Мына дүние сарайы — көк аспанның асты, жер бетіндегі өз жөн, өз заңымен өрбіп жатқан өмір, барша тіршіліктің тынысы — өзінше бір құпия сырға толы ғұмырнаманың жана ашылған кітабы сияқтанды. Тау мен дала, былдырлаған бұлақ, мәңгілік бір сарыны сарқылмай ағып жатқан Боралдай, Бөген сулары, — Келіншектау, Мынжылқы, салқын самалды Сарыарқаға ұласқан ел мен жер, канаттас жатқан ауылдар бәрін көргің, бәрін білгім келеді. Бірер жылдың ішінде шығыста ақиық Алатауға иек артқан, батыста Ақжайықтан ары ұлы далаға ұласқан қастерлі Қаратаудың мен шықпаған биігі, мен түспеген сай-саласы, араламаған от-орманы ауыл-аймағы қалмаған шығар.

Бергі күнгеідегі ел іші, бағы бір замандардан сыр тартып аңыз болған кербез сұлу Келіншектау, көгілдір мұнар құшқан Мынжылқыдан құм мен шу асып, бетбақтың бетін кезіп, арқанын айдын-шалқар майсаң даласына дейінгі ұлан өңірді жайлаған елде қаншама өмірдің қилы жолын кешкен ғажайып тағдырлы адамдармен кездестік. Сыр мен жырын тындадық. Сондай бір алыс тартқан, ұзақта қалған ұмтылмас жылдарда ел еркесі дауылпаз дүлдүл Иса ақынның сұлу сырлы дастаны «Құралай сұлуды» тудырған ерке Шу, «Көкмұрын-Тойдағы» батыр Келденнің жұртын көріп, халқының қызыл сұңқары Сөкен аға ақбоз атын шалдырған көкмайса шалғынында аунадық.

Міне бүгін сондай бір жолсапардан, Майбұлақ тау өлкесінен келеміз. Қара жол үсті әр белестен асқан сайын, құмдық жолда аунақ салған Қарабауыр бұлдырықтар құлдырай көтеріледі. Күз мизамы ұшқан сары дала салқарынан жоғары, тым биікте күнгеідің қиян шетіне кикүласып бет түзеп тырналар көші қалқып, тартып барады. Жол шеті, биік төбе басынан, ылдида сағымы ойнаған сары далаға қараймыз. Жолсерігім — аудан хатшысы, бала жастан бірге өскен, әзілі арылмайтын ашық-айқын сөзді, сері мінезді жақын дос Қамбар Аманкүлов мені бүйірден түртіп:

— Сендер, журналистер, көбіне өтірік жазасындар. Мәселен, мына Тұрысов, Қаратауды Алтайға, Боралдайды Швецарияға теңейтінді. Мына шаңдағы шыққан Созақты «Көлдері шалқып, қаздары қалқып» — деп жазады. — Осы дұрыс па, осы да

партиялыққа жата ма? — дейді, кәдімгідей сұс көрсете сөйлеп. — Мен өзім, осы Тұрысовтың Арыстанды-Қарабастың қара дауылды желін, «Қаратаудың майда жібек самалы» — деп жазғанын талай оқыдым. Осы да әділеттікке жата ма? — деп мына мұнар басқан ылдйдың ұлан өлкесіне биіктен қарап тұрды.

Қамбардың мұнысы өзіл екенін білемін.

—Ей, Қамбар-ай, бұл табиғаттың мың қырының бір сырын игермеген сен екеуіміз не білетін едік, дегім келеді. Үндемеймін. Айта тұссін, — деймін.

Шынында біз не білеміз. Бұдан бірнеше айлар бұрын, былтырғы маусымда, Мәскеуден келген бір ғалым суретшіге жолбасшы болып, облыстың тапсырмасымен осы Созақ пен Талас, Шаян өлкесін аралатқаным бар. Жер жиһанды түгел шарлаған, әлем халықтары қол өнерінің білгірі Юрий Данилович Метлянский дейтін кісінің көсегенің көк жонын осы Майбұлақ тұсынан асып келе жатып, Мүзбелдің биігіне келгенде:

—Аз тоқталайық, — деп тілек айтқаны еске оралды.

—Тоқтадық. Ол осы биіктен күңгей мен шығыс тарапты ұлан далаға ұласқан бергі жағы Қостұра, көгілдір Боралдай, алыста аспан көгімен астасып жатқан Алатау-тау өлкесіне біршама аңтарылып қарап тұрды. Ол кенет жалт бұрылып, машинаға жүгірді. Қашқан қоянға мылтық көздегелі аптыққан аңшы сияқты.

Ол машинадан сүріне-қабына сурет салатын тақтайшасы бар, үш аяқты этюднигін қырқаға қадай салып, шөншегінен бір уыс түрлі түсті майлы-бояулы қаламдарын шығарып, жалма-жан жалпақ картон бетіне шимайлай бастады. Мынаның жау қуғандай жанталас қимылдап жатқанына қайранмын.

Қолында қаламдарын минут, секунд сайын алмастырып, ол ұзақ шимайлады. Кешке тартып батуға бағыт алған күн нұрымен таласатын сияқты. Бір кезде ол қағазынан бас көтерді. Маңдай, самайынан бұршақтап сорғалаған терін байқап қалып орамалымен сүртіп, маған бұрылды.

—Сіз мына көрініс, мына пейзаждан қанша түрлі бояу көресіз, — деді, маған барлай қарап.

—Қанша болушы еді. Сұр дала, сұрғылт аспан, көгілдір таулар, қырқаларда қызғылтым күн сәулесі, тағы не еді...

—Жасы егде тартқан суретші ғалым, еті қызғылт тартқан шегір көзін сығырайтып, жирен масақ мұрты астынан күле қарады. Неткен ғажап дүние, — деп басын бірер шайқады.

—Дәл қазір, мен мына ғаламат кеңістіктен жүзден астам керемет дүние бояуын көріп тұрмын. Ал Ұлы Рембрандт болса, мың түрлі бояуын көрер еді. Мына керемет дүние көркін мәңгілік мұраға алып қалған болар еді. —Әттең тәңір, уақыт аз! — деп, сылбыр кимылдап күткен машинаға қарай аяндай берген.

Сол күні Қамбар екеуіміз қарт ғалымды қайран қалдырған Қаратаудың қойнауын ұзақ шарладық. Қырда малшы, ойда егіншіні көреміз — деп екі күн қатарынан саяхаттап, Шаянға шаңқай түстің шағында келдік. Сентябрьдің соңғы аптасы, оңтүстікте бөгелектің ыстығы, дала анызақ.

Есік алдында жол шаңын енді қағып жатқанда, әншейінде кердең басып, кекірейіп, әр сөзін, талдап, тандап сөйлейтін райком қызметкері Сызаев Әбсейіт досымыздың — алабөтен аптығып келе жатқанын көрдім. Айтары не, шошып қалдым. Қарасам, жүзі жылы, ыржия күліп, шүйінші сұрайтындай ентелей түсіп келеді.

—А, Еркінбек, келіпсіңдер ғой! Жақсы болды. Ауданға Әуезов келді. Сені іздетіп жатыр! — Тосын хабарға аз аңтарылып қалыппын.

—Әуезов... Мұхтар Әуезов пе, Әбеке?!

—Қызықсың сен, Еркінбек. Қазақта Әуезов қанша еді. Сол Әуезовтің өзі. Іздетіп жатыр сені, ойбай тез бол! Сыртта көлік күтіп тұр.

Жүре киініп, жүгіре басып, күткен машинаға мініп, Әуезов келіп түскен райком мекемесіне келе жатырмын. Алаулаған жүрек, астаң-кестен ой.

—Япырым-ау, не бұл. Өң бе, әлде түсім бе?! Қазақ елінің емес, тұтас әлемнің Әуезові бізге, Шаянға келіпті, мені іздетеді, — ғажап! Бұл өмірде бір рет қана, онда да пәни себеппен құдай сәтін келтіріп іздеп барып, университеті залына ұрлана кіріп, бір бұрыштан лекциясын тындағаным болмаса жүзбе-жүз отырып тілдеспеген орны, жолы өзге атақты адам қалайша іздейді мені?! Тек газет, журналдар арқылы ғана жаңа көріне бастаған бірлі-жарым әдеби әңгіме, очерктерім арқылы сырттай біле ме екен?

Осылай сан қырлы шарлаған ой үстінде, «Осында отыр», — деген аудандық Кеңес төрағасы кабинетінің есігін аштым. Алдымен кілем төселген ұзын кабинеттің төрінде зор емен столдың сыртында қалжасы қарғадай, атқару комитет бастығы

Манасов Қалыбектің қарасы көрінді. Қарсы қойылған қос креслоға менің қаламдас ағаларым – облыстық газет редакторы Омаров Әділбай мен ақын Омарбай жайғасыпты. Мұхаң он жақ қабырғаға тақай қойылған қалың былғары диванның бас жағында оңаша, жалғыз отыр. Шалғайы кең сүр шляпасын жанына қойған. Қолында қаламы мен парақтары қайырылған үлкен көгілдір дәптер. Әлде нелерді жазып отырған сияқты. Әдеп сақтап, аяқты нық басып, қасына жақындап келгенімде, дәптерінен көз алып, жарқ ете қалған шарасы кең нұрлы жанарымен жылыұшырай қарады. – Иіле қол ұсынып, Мұхаң сосын басқаларға сәлем бердім.

– Жолай көп айтқан Еркінбегіміз осы бала, – деді Әділбуай ағай, мені Мұхаңа арнайы таныстырып. – Біздің солтүстік айдандар тобындағы тілшіміз. – Осы елдің баласы, жер мен ел жайын жетік білетін азаматымыз – деп мақтайтынымыз осы!

– Жә, әңгімеміз алда. Отыр Еркімбек, – деді Мұхаң жай ғана. Мен Мұхаңнан төменірек, қатарына, диван шетіне жайғастым.

Мұхтар аға Қалыбекпен әңгімені созған жоқ. Дәптерін жапты да, көне не көрсететін едіндер Қалыбек, көрелік, деп орнынан баяу көтерілді.

Мұхаңның, келбет-кескіні барша қазаққа таныс, есімі ел аузынан түспейтін, «Абай жолы» арқылы өзі де әлемнің бүгінгі Абайына айналған, ірілік пен ұлылықтың символына айналған заман тұлғасын тым жақыннан, қол созым жерден көріп тұрғаным осы. Бұдан бұрын да көп айтылып, көп жазылған, көп бейнеленген жылы жүз. Өр жағы дөңестеу айта беретін айқара қасқа мандай. Сөз мәнері, әңгіме ағасына қарай тынымсыз түйісіп-жазылып тұратын қас-қабағының астында, ұясы кең, сырт қияғы қысыңқы, мейір мен мархабат жылуына толы ойлы да мұнды сияқтанған, жанары жарық қоңырқай көздер.

Алматыда, университет залында алғаш өрі соңғы көргеннен бергі өткен бес жылда Мұхаң тұлғасы недәуір өзгеріп, қимылы бұрынғыдан да баяулай, түскен. Бұрынғы өз келбетіне жарасқан мандайды айнала көмкеріп қос самайды өрлеп асау толқындай өрге тулап жатқан көкбұйда шашы селдіреп, қиялай құлап жатыр.

Жағасын мол қайырған көгілдір көйлек сыртынан даланың шаң-шалысты жолына орай мол пішімді желең қаракөк батсайы камзол киген. Мол денесін тұтастай бұрып, ауыр қозғалады. Сүр шляпасын сол қолына ұстап, шайқала басып арамыз қол созымдай жанымызда келе жатыр.

Қалыбектің көрсетейік, — деп малданып, алдымен алып келгені осында, таяудағы аудандағы ең үлкен орта мектеп еді. Оқушылар үлкен үзілісте. Шуласып далада жүр. Айқара ашық есіктен Мұхана ілесіп бәріміз ішке ендік. Құдай қылса амал не, мұндағы хал-ахуалдан бастығы мына Қалыбек, Қамбарлар болып /бірінші хатшы Ысмайылов Кавказда демалыста еді/ бәріміз бейхабар екенбіз.

Ұзын коридор жағалай қиуы кетіп қаңсыған есіктер қиқулай ән салып ашылғанда көптен бері сырланбаған ала-құла парталар мен кірлі терезе, сияқсыз класс бөлмелерін көрді Мұхан. Әр бөлмеден әрі өткен сайын оның салқын, сабырлы, жүзі құқыл тартып сұрлана түсті. Ол үнсіз. Мандайшасына қалың қағазға «Библиотека» деп бадырайта жазып шегелеп қойылған шеткі бөлменің есігі ашылды. Терезесі жел соғатын теріскейге қараған шағын бөлменің екі жақтауы сірескен кітап. Көбі көне оқулықтар. Ортада кішкене столында қағазына шүкшиып ак орамалды кітапханашы келіншек отыр.

—Кітаптарыңыз қанша? — деді Мұхан баяу жұмсақ үн қатып.

—Алты жүздей ағай.

—Ал мұндағы оқушылар мен мұғалімдер нешеу?

—Мың үш жүз оқушы, алпыстан астам мұғалім.

—Сонда қалай болғаны, әр үш оқушы, мұғалімге бір кітаптан келгені ме?

—Солай болар.

—Көне кітаптарыңды көрелік. Пушкиннен, Некрасовтен, Абай мен Толстойдан не бар, сендерде?

Кітапханашы келіншек аз күйбендеп, бір қалың кітапты ұсынды. Тозған кітаптың сырты шаннан көрінбейді, мүлде сиықсыз.

—Жарайды, жетер енді, — деп Мұхан аз бөгелді де сыртқа беттеді. Мектеп ауласынан оқшау шығып кетті. Жұрт үнсіз. Сол шақтағы Мұханның бет бейнесін сипаттау қиын: Дауылдың бұлтындай қарауытып, сұрланған өң-жүзі түнере-түтігіп, барша ашу-ызасы ана жарқыраған мандай астына, қас-қабағының арасына түйіліп, үйіліп қалған. Әлгіндегі жаз дидарлы қос жанар енді жасыннан ұшқын шашып тұрғандай.

Ортамыздан оқшау шыққан ол, бір кезде жанына жақын жүрген Қалыбекке бар тұлғасымен бұрылды:

—Сен өзі қайда туылғасың? Қайдан шыққаның, қайда оқығаның, қашаннан бері мұндасың? — деп сұстана сұрап,

тексере-тергеп алды да, әрі қарай әр сөзі зілді, қат-қабат түйдектей төгіп сөйлеп кетті дейсің:

—Ал енді мыналарың не тірлік? Өстіп те ел қызметкері бола ма екен. Осындай да азаматтық, кісілік бола ма екен. Аудандағы бетке ұстар беделді деген оқу орындарың, ең тәуір деген мектептерің мынау болса, нашары қандай болмақ. Жас шәкірт келешегіне қиянат дегеніңіз осы болмас па?! Неткен білімсіздік, неткен ағаттық, неткен салақтық, неткен мәдениетсіздік, неткен нәрсіздік, неткен ұятсыздық бұл! Ел-жұрттан, қазіргі өмірдің ұзап кеткен, биіктеп кеткен деңгейінен, мән-мағынасынан, өркендеп-өніп жатқан салтынан тым алыс қалған неғылған жансындар өзі?!

—Кешірім сұраймыз аға, қателік кеткен екен, бір мектепті жөндеп қоюға болады ғой, әрине...

Үн-түнсіз сұрғылт жүзі солғын тартқан Мұхаң, сабырлы-салқын қалпы жай қозғалып, аяндай берді. —Жә, не көрсетпек едіңдер тағы да...

Мұханның астанадан облысқа арнайы келгенін, аудандарға сапарын алдымен Алғабастан бастайтынын, жақсы әзірленіп күтіп алу керектігін күн алды обкомнан тапсырма алса да бірінші хатшы жоқта қалың шаруа ішінде қаңғалақтап естен шығарып алған Қалыбек ол күні қатты қысылды. Женгеміз Анна Федоровнаға да ескертіп қоймағанына қатты өкінді. Бірақ елдің аты ел, ағаның сапар көші жүре түзелді. Мұхаң мектепке бет түзегенде жедел хабар берілген Қамбардың үйі тез әзірленіп үлгірген еді. Енді ұзақ жолдан шандақты Шаянға шалдығып келген ағаны, өтініш айтып, солай бастадық.

Мұхтар ағаның алдынан қолында бір тал гүлі бар үй иесінің бес жасар қызы Әлия жүгіре шықты. Таза киініп, үлпілдеген шашына ақ бантик байлаған сүйкімді қыз Ұлы атасын қарсы алғалы гүл ұсынып келе жатты. Ал Мұхтар аға нұрланып, жарқырай күліп, Әлияны көтеріп алған бойда төрге келіп жайғасты.

—Әй, бір әйбат, әдемі қызым екенсің, ақылды қыз екенсің, атың кім сенің? — деп мәз-мәйрам болып ғажайып көңілді күйге көшті.

Шай ішіліп, жайма-шуақ әңгіме қайта жалғасып, үлкен ағамыздың көңіл күйіне қарай емін-еркіндік қайта туып жатқан

бір шақ еді. Сырттан көңілдене ашық-жарқын сөйлеп келе жатқан әйел даусы естілді.

— Сонау бір шеткі ауылда жүр едім. Телефон арқылы есітіп, жеткенім осы, — деп ауызғы бөлмеде дастархан иесі Айназыммен бірер тілдесті де, сол жүзі алаулаған көңілді кескінде кісілер отырған залға өтті. Үй иесі Қамбар орнынан тез көтеріліп, Мұхан жанына жаңа орындық қойып оны төрге шақырды.

Жақсыда жаттық жоқ деген, бұл әйел болса, бейне бір көп сағындырған туған бауырын қайта көргендей іркіліп қымсынбастан Мұханның алдына келіп, қол ұсынып, иіле сәлем беріп, әлі де кездесудің қуанышты күйінен арыла алмай тұр.

— Кешіріңіз аға, сіздің дәл бүгін келетініңізді білгенде, тіпті ешқайда кетпей, күтіп жүретін едім. Алдыңыздан алдымен өзім шығатын едім.

Ал Мұхаң болса бәз-баяғы сабырлы қалпы сәл езу тарта жымыяп:

— Жарайды, оқасы жоқ, отыр қарағым, — деп жылы шырай көрсетіп, бас изеп қойды.

— Бұл қарындасыңыз райком секретары Шәкірова Мухлиса болады. Мамандығы зоотехник, осы ауданның мал шаруашылығын басқарады. Реті келгенде әңгіме де айтады, ән де шырқайды, — деп Қалыбек жас әйелді Мұхана таныстырып жатты.

— Иә, иә, тіптен жақсы, бұрын ерлердің жұмысы дейтін шаруа ісін қыздардың басқара бастағаны қандай ұнамды, қандай жарасымды. Далалы өлкеде, қыстың аязды, боранды кезінде қыз баланың бел буып, сапар шегіп, шаруа басқарып, ел ішінде жүруі нағыз ерліктің өзі, қуанарлық нәрсе. Бәрекелді, — деп Мұхан көңілі жадырап, жарқырай түсті.

— Біздің жақтың Құрметті қонақ келгенде ән салып, көңіл көтеретіні болушы еді, Муха, мына Мухлиса қарындасыңыз енді бірер ән шырқасын, — деп Қалыбек сөз желісін Мухлисаға бұрғандай болды.

Кең маңдайы жарқырап, көңілді күйде отырған Мұхтар аға:

— Ә, жарайды, ән айтылар болса оны тындағанға не жетсін, — деп бұған ризашылық білдірді:

Осыны күткендей Мухлиса:

— Әншейінде таусылмас жол үсті, жайлауда, елде жүріп айтар өнімізді жақсы ағамыз келгенде айтпай, қайда айтатын едік. Неге

аянамыз, — деп кызара түсіп, көңілдене күліп алды да, сонау Абай елі, Абай заманынан бүгінгі күндерімізге дейінгі қаншама өмірдің асқарынан асып, қанаты талмай жеткен ғажайып сазды әнді жай қоңыр баяулата бастап, барша мұң-сазымен қалықтатып әкетті:

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың жаны терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп...

Үй іші тылсым тыныштық орнап, үнсіз тындап қалған.

Ал Мұхтар аға болса кең кеудесі бұрынғыдан да шалқак тартып, қос жанары нұрлана түсіп, ән толқынына берілген белгі көрсетіп, басын жай ғана изеп қойып, ерекше жайлы да жайдары күйге көшті.

Мухлисаның әдемі ашық даусы тындаушы жұрттың қиялын тербеп, мұң-сазға толы толқынға салып, сызылта сыңсып тұрды.

Қаншама ұрпақ жанын жібек желдей тербетіп, тәтті нұрға бөлеген құдіретті Абай әні, Абай сөзімен шарықтай шырқап, тамылжи барып тынғанда, өзгелер қошаметтеп қол соққаны болмаса әдеп сақтап даң-дабыра болған жоқ. Тек Мұхтар аға ғана:

—Бұл әннің қаншама келістіріп айтушысы болған ғой, кезінде. Әйтсе де мына бір жақсы кеште, жақсы кездесуде мына Мухлисаның айтуында тым әрлі-әсерлі шықты-ау өзі, — деп сыпайы мақтау айтып, бұрынғыдан да жадырай түскендей болды.

Ән-әнге жалғасып, үй ішінде келісті, жарасты жай орнады. Сәті түскенде мұндағы аудан басшыларынан Қалыбек пен Қамбар да Абай, Ақан, Біржан заманынан жеткен тамаша әндерді, халық әндерін нәшіне келтіріп айтушылардан еді.

Мухлиса сынсыта шырқаған қаншама жайлы әндер өуеніне жалғаса бұлар да ән қанатын әуеге шарықтатты.

Әнмен дүние есігін ашып, ән қанатында кең далада өмір керуенімен көшкен ел, қасірет-қайғы шеккен зар-мұңға толы жылдарында да, азаттықтың жолында жосынды жол кешкен күндерінде де, баянды бақыт орнатып, болашағына бірлесіп қанат қаққан шат-шадыман шағында да құдіретті ән-әуенінен адасып көрген бе еді?!

Ел бар жерде ән бар, ән бар жерде өрісі кең өмір бар. Осылай ел қасиетін терең білетін, терең ұғатын Мұхтар аға алыстағы ауданға келген алғашқы бір кешінде ұзақ жолда, байтақ елде жүргенде өмірдің сан-қилы көріністерінен түсетін көңіл кірбіңін осылай шайып, осылай өткерген еді.

II. АДАСУ, КЕЛІНШЕКТАУ АҢЫЗЫ. АҚБИКЕШ АРУ КІМ ЕДІ?

Тағы да кітап толы шкафтардың алдында тұрмын. Қаздай тізілген қалың томдар арасынан алтыннан қымбат қимасымды, сырласымды іздеймін одан. Жүрек толқуы үстінде жайлап, қолыма алып қараймын. Қараймын да сол бір өзгермес, өшпес күндерді, өмірімнің бақытты шағын қайта кешкендей боламын.

Иә, бұл бар болғаны жай ғана дәптер, жол жазбаларға арналған шағын, кәдімгі қойын дәптері. Жылдар сазымен сарғылт тартқан оның беттеріндегі жазулар да пәлендей мәнерлі емес. «Аттың жалы түйенің қомы» дерлік кейбір асығыс минуттарда, кейде үй, кейде түзде, тіпті құла далада құйындай жүйткіген машина ішінде тізеге сүйеп сүйкей салған қиыр-шиырлар да жетерлік. Сөйте тұра оның әр жолы, әр бір сызығы мөлдір дастандай терең сыр ашып, жүрек түкпірінде сайрап тұр. Оның алғашқы беті мына сөздермен басталған еді.

«1959 жыл, 23-ші сентябрь. Шығыста тау өлкесін нұр шұғыласына бөлеп, таң сазы баяу жылжып келеді. Кеше осында келген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовке ілесіп, сапар шеккелі жатырмыз. Бет алысымыз теріскей, Созақтың байтақ даласы. Алда алыс жол...»

Жылы күздің сол бір атар таңын мен кірпік ілмей атырдым. Күтпеген кездесу. Алғашқы күн, алғашқы кештін әсері. Енді Ұлы қаламгер мен сапарлас болып, онымен бірге ілесіп жүрмекпін. Бұл қалай өзі. Мені, алыс ауданда, ел ішінде, газет тапсырмасымен күн өткеріп жүрген қатардағы жай тілшіні заңғар жазушыға теліп, оған еншілеген не керемет.

Кейін білдім. Бәрін жазушы сапарының жайын Шымкентте обкомдегі кездесуде шешіпті. Мұхтар ағаның сапарында, оған жолсерік-қолқанат, шәкірттік міндет атқаратын ел мен жерді жетік білетін пайымды, жазуға икем, тәртібі түзу жастардың бірі керек болыпты. Кеңесу кезінде сол таңдаудың реті маған түсіпті. Мені білетіндерден — бастығым Әділбай ағай болып: «Жазуға жүйрік, өзі әлгі тентек судан аулақ, өзі саяхатшыл мерген, әңгімеге жетік, жол білетін бала» — деп келістіре мақтапты.

Енді міне сол «Жол білетін мақтаулы бала» өзіне атан түйенін жүгін алып жүргелі жатыр. Ұлы жазушыға жолбасы болып жүрер тәңірдің берген жүгін алып бара ала ма? Әлде не міндет, нендей қызық, киындықтар күтіп тұр. Оны енді тек өмірдің өзі, жөні

көрсетеді. Осындай сан алуан сапырылған жастықтың қуанышы, күптігей-күдік араласқан ой жетегінде жолға шығып та кеттік.

Ұлы жазушының сапары — ол қашанда үлкен жолдың үсті, ел іші, сан алуан күтпеген жай, кездейсоқ кездесу, кеңесуге толы. Алдын-ала хабар беріліп қойылған, Қаратаудың жон өлкесіне таяу, Майбұлақ тауындағы қалың ауылдар Мұханның жолын тосып, аттан түсіріп, қикуласа қауышып, қуанып, шаруа жайын көрсетіп, ғұлама жиһангездің алдына дастархан жайып, әңгімеге тартып, сөз тындап, тұтас бір күнді түгелдей алып қойды. Сол күні ауданнан бірге келген басшылар жазушыны жон биігіне көтеріп, осында ұлан асулы қашаңғы бір қара жолдың үстінде қош айтысып кері қайтты.

Енді біз обком хатшысының жазушы сапарына орай мінгізген жүрдек көлігі — «№-72» дейтін алды-арты бірдей тартатын дала түстес сұр машинасының ішінде бес жолаушы: шофер, Мұхан, Әділбай ағай, Омекен және мен, мұхитқа шыққан жалғыз қайықтай жапан түзде жападан-жалғыз шығып, барар жері беймәлім қара жолдың үстінде келе жаттық.

«Барар жері беймәлім» — дейтінім: Қаратауды қаншама асулар мен кесе қырқап өтсем де, дәл мына асуға алғаш беттеп шығуым еді. Әйтсе де бағыт біреу — теріскей. Қиналмай асып кетерміз. Асудан ассақ, күткен ел — Құмкентке де жетерміз, — деймін іштей, өзімді-өзім белгісіз сенім қуатымен жұбатып.

Жонға шыға оң қанатта жаңа үлгіде орнаған үлкен ел мекені көрінді.

—Ее, мынау, «Түркістан» ғой, кешегі, — деді Мұхан көңілдене сөз айтып. —Бұл Қаратаудағы алғашқы тың түлегі. Бұл өңірге мен қыстың бір боранды күндері шығыс жағынан келгемін. «Түркістан солай тұрған» атты очерктің геройы Струков өзі бір іске берілген азамат еді. Пәлі, недәуір көркейіп өскен екен. Бұл Сарысу ауданының жері ғой, — деп Мұхан әлде бір өткен күндерін тебірене түсіп еске алды.

—Бұл өлкені қазақтар «Көсегенің көк жоны» дейді, аға, қаншама дәуір қалың елдің басын қосқан, ас, той думанын өткерген өлке. Мына тұста атақты Бөрібек дейтін қайыры көп, еліне жайлы бай өткен екен. Әлгінде біз өткен бұлақ сол Бөрібектің бұлағы, біз өткен жасыл жазық сол Бөрібектің сазы, — дейді аға, — деймін мен Мұхана өткеннен аз мағлұмат беріп.

—Ә, солай ма, осы әңгіменді кейін, тағы бір еске салуды ұмытпа.

—Жарайды аға!

Қырдағы ел: «Қыдыр дарыған Бөрібек» деп дәріптеп, аңыз ғып айтар бұл әңгімені мен өз халімше айтқанымда Мұхан зейін қойып: «Осы әңгімені кейін тағы бір еске салуды ұмытпа» — дегені ұнатқаны ғой. Егер тындаушым басқа бір белсенді, саясатшыл жазушы болса, «Қазақтың тарих қойнауында сасыған бір байының өмірбаянына» көңіл бөліп не ғылсын. Ал Мұхтар аға, ол қашан да шын халықтың, әдебиеттің адамы. Оған халық сөзі, халықтық қаймағы бұзылмаған, өз тарихы қымбат. «Тағы бір еске сал» — дегені соның белгісі деп іштей қуанып, қанаттана түсіп отырмын.

Анығы да солай болды. Мұхтар аға каншама күндер өткен жолымызда кездескен ауылдар, жер, су, қыстау, жайлау — ел қоныстарына зер салып, аттарын сұрап, онда өткен елеулі оқиғаларға, — қазақ тұрмысы көп бастан кешкен жер дауы, жесір дауы, мал дауы тұсындағы айтыс шешендерінің ел аузында қалған сөздерін ерекше ықылас қойып тындайды. Тек қайсыбір пысық қаламгерлер сияқты кез келген жерде қалам, қағазын суырмайды. Арада күн өткізіп, келер күннің таңында, ертеңгі шайдың үстінде кешегіні қайта сұрастырып, депутаттық қалың көк дәптерінің ашық беттеріне ескі арабша, немесе бүгінгіше ерсілі-қарсылы алма-кезек айшықты-қиқаш із тастап, маржан сөзді төгіп, көп нәрсені хатқа түсіріп алушы еді.

Жол әңгімесінің әсері ме, әлде көбіне бейкам жолаушысын беймәлім қиян шетке алып кетер даланың алға тартқан жұмбағы ма? Біз Жон асуына шығып күренсе жусаны қалың өскен адырлы алаптарды қуып түлкі бұлаңға салған шанды жолда келе жатып, қай түс, қай бағытта екенімізді андамай қалыппыз.

Сол түлкі бұлаң шанды жол бірде өр, бірде ылди тартып, қоян жымындай алдамшы шиырға салып, әлдебір шақта белгісіз сан тарауға бөлініп, көмескі тартып, көз алдымызда ғайып болды. Біз әлі ай тумаған қаранғы, мүлгіген меніреу түн құшағында, машина жарығы тілгілеген бейтаныс құла дүзде аңтарылып тоқтадық. Артқа бұрылып, келген жағымызға беттеп, бұрынғы бір қалған жолдың сүрнегін тауып, соған түстік.

«Осы жол бір шеттен шығарар» деп дәмеленіп едік. О да алдамшы, баянсыз болды. Бірде қиялап қырқаға тартса, енді бір жағымыз құлама жар, терен, шатқал сайдың шынырауына түсірді. Сайды өрлеп ұзақ тартқаны осы жол жаңа туған ай сәулесіне шомған тау жотасына алып шықты бір кезде. Бозғылт жотамен

біршама өткен соң, алдымыздан өткен жылдардан қалған егіндік сүдігеріне тап болдық. Сүдігерге кірген жол бірте-бірте сиыр құйымшақтанып, жінішкеріп, құрдымға батып жок болды.

— Япыр-ау, теріскей бағытымыз түзу болса, біз асудан асып, ылди беттеп, Баба-Ата, не Құмкент тұсынан шығуымыз керек еді. Міне бір алдамшы жол, — адастырды ғой, бізді, — деп, жолсеріктерді жұбата сөйлеп келем, жол саркылып, алдымыз мүлде беймәлім, түнгі сұрғылт дүниеге ұласқансын.

— Жә, адасқанымыз анық болса, тоқтап, жан-жақты шолып, бағыт-барысымызды бағдарлап алайық, — деп Мұхаң, машинаны тоқтатты да, өзі бастып бәріміз сыртқа шықтық

— Сен өзі Еркінбек мұндай емес едің ғой. Бұл Қаратауда шықпаған төбе, түспеген сайың жоқ. Аңшы, мергенші деп мақтаймыз сені. Ал мынау шатысып жүргенің не сенің? — деп шыр-пыры шығып тұр шыдамсыз Омекен.

— Күнде шатаспаған адам, күнінде шатасады. Соған кезігіп қалғанбыз да, — деп жеңіл әзілге бейім Әділбай ағай, мені аз да болса қорғаштап тұр.

Шіркін Мұхаң, қайран ағаның сол сәттегі сабыр-салауатын көрсеніз.

— Жә, несіне әбіржисіндер, адассақ алтын бесік туған жерде жүрміз. Аспан ашық, күн жылы. Аз сабыр қылсақ, жолды да, елді де табармыз. Алдымен темір қазыққа карап, бағыт бағдарлап алалық. Көне айтындаршы, біздің барар бағытымыз Созақ ауданы болса, ол тура бет алысымыз, теріскейде емес пе, — деп, шляпасын қолға алып, аспанға көз жіберіп біраз тұрды да:

— Бәлі, адасқанымыз анық. Темірқазығымыз мандайда емес, мінер жағымызға ауысып кетіпті. Демек біз теріскей шығыс тарапта жүрміз. Бағытты біршама солға, мінер жаққа ұстағанымыз жөн болар, — деп ендігі жүрер бағытымызды нұсқады.

Біз енді сүдігерлі танапты басып, сол жаққа бағыт ұстап, тіке тартып келеміз. Көп ұзамай алдымыздан жаркыраған жалғыз жарық көрінді. Келсек, бір төбенің басында жалғыз скважина, күркіреген мотор. Алдымыздан жас орыс жігіті шықты.

— Бұл кен барлау партиясының 24-ші қазу нүктесі. Сіздерге керегі қазақ ауылы болса, ол мына тұста, осы арадан басталатын мына жол сонда апарады, — деп, әлгі мыңболғыр, бізді жүгіре жүріп көрсетіп, жолға салып жіберді.

Көп ұзамай алдымыздан үркердей топтанған шағын ауылдың

үстінен түстік. Кішкене екі көше. Қатар үйлер. Бәрі біркелкі. Шам жарығы сөнбеген шағын үйдің алдына келіп тоқтадық.

—Бұл қай ауыл, — деймін, ашық есіктен бас шығарған жас жігіттен жөн сұрап?

—Сарысу ауданы, Жайылма совхозының, Жданов дейтін ауылы.

—Ал, Құмкентіміз қайда?

Жас жігіт тысқа шығып күнбатыс тарапта алыс көкжиекте жыпырлаған бір топ түнгі отты нұсқады. —Сонау көрінген сол Құмкент. —Аралық қырық шақырым.

—Әй, дос, деймін әлгі жігітке, — алыстан шаршап келеміз. Ортамызда үлкен, сыйлы кісіміз бар еді. Шаң шайдырып алайық. Сусыннан не бар үйінде?

—Е, келіңіздер. —Сусын бар, шүкір, ашытпа-шұбат, деп елбіреді жас жігіт.

Екеуіміз барып Мұханды, бірге жүрген қос ағамызды қолқалап үйге шақырдық. Мұхаң жас келіншек әкелген салқын сумен бет-жүзін шайып, ақ орамалмен сүртініп, шамы жарық алғы бөлмеде қойылған орындыққа мандайы жарқырай түсіп отыр. Келіншек сыпайы қимылдап ақ шыны аяқтарға құйылған аппақ шұбатын ұсынды. Жәудіреген екі көзін ұлы қаламгерден алмайды.

Әлгі келіншек кенет, маған бұрылды да:

—Мына кісі Мұхтар Әуезов емес пе, — деді жай ғана сыбырлап.

—Иә, қатесі жоқ. Сол Мұхтар ағаның өзі.

—Үй-бәәй, не дейді! Әй, Болат-ау, Құдай-ау, не бетімізбен тұрмыз, бүйтіп. —Ойбу-уй, ұят-ай! — деп ішкі бөлмеге жүгірді. Төрдегі қатар жүктен әтлас көрпелерді құлатып, айнала жайып төсей бастады.

—Құдай-ау, сенейін бе, сенбейін бе!... Ол күйеуіне әлде не жедел тапсырма беріп, өзі самауырға жармасты.

—Әй балам, сендер тіптен әбіржімендер. Қазір мезгіл кеш. Түн жарымынан ауып барады. Біз ұзақ жолдан адасып келдік. Анау, алдымызда бізді кешегі кештен тосып қалың ел отыр. Соған жетейік.

—Енді көйттік құдай-ау! Сізді келді десек, үйімізде болды, — десек ертең кім сенеді бізге. —Жібермейміз аға, — деп келіншек жыларман халде тұр.

Мұхаң жай күлімсірейді. —Жол үсті, уақыт солай, ренжімендер карағым, — дейді.

—Аға тым болмаса келгеніңізден бір белгі қалсын. Мынаған

бірер сөз жазыңызшы, – деп ішкі бөлмеден «Абай» томдарының бірін кішкене қызына құшақтатып келіп Мұхаңа ұсынды.

Кітапты ашып, Мұхаң оның беташар ішкі бетіне. «Даланың ұзақ жолында шалдығып-шаршап келгенде ыстық ықылас, достық бейіл көрсеткен жас достарыма достық көңіл белгісі ретінде» деген сөздер жазып, қолын қойып, кітапты кері қайтарды.

Тысқа шығып, бізге ілесіп ауыл сыртындағы жол айрығынан жөн сілтеген жас жігіт айлы түн астында қоштасып қала берді.

Біршама алға кетіп, айта кетейін: Мұханның осы әйгілі Оңтүстік сапарларынан кейін, ол дүниеден өткесін оның басқан із, жүрген жолына іздеу салушылар қатары молайды. Олардың ішінде атақты В. Иванов, С. Мұқанов, Ж. Тілеков, К. Қайсенов, І. Жарылғапов, Ә. Нұршайықов, Б. Сокпақбаев, К. Исабаев, Р. Бердібаев сияқты әйгілі қайраткер-қаламгерлер, Мұханның мұрасына шын жанашырлар көп болды. Солардың бірі дархан лирик ақын Сабырхан Асанов сонау жетпісінші жылдың жазында арнайы сапармен келіп:

–О, Ер-аға, Мұхаң болған жердің бәрін, оның жүрген жол, басқан ізін, тоқтап су ішкен бұлақтарын, кездескен, тілдескен адамдардың түз-түгел көргім келеді. Тіпті сол Мұханның сондағы жолымен жүріп біз де адасып кетейікші. Адастырып, қаңғыртып жіберіңізші мені, деп қолқа салды.

Өзім жақсы көретін ақын інімнің бұл тілегін кері шегере алмадым. Қолға жаңа тиген сужаңа «Газ-69» ға отырып, Қаратау асуын өрлеп теріскейге тарттық. Сол бағытпен сондағы жолдарды өтіп бір кезде сұлу-сырлы аңызы Мұхтар ағаны қызықтырған Келіншектауға шейін барып қайттық.

Дүниеде табиғи дәлдік, өмірдің өз шындығынан артық қымбат нәрсе жоқ. Біз сондай кешкілік асуға беттеп, сол түнгідей адаспақ болсақ та адаса алмадық. Түнгі аспан күмбезінде жарқыраған темір қазық орнында тұрды. Қасқайған қара жол еш қайда адастырмай баяғы шағын ауылға жеткізді. Баяғы үй орнында. Сұрасақ, сонау бір алыс тартқан күз түнінде аз-кем минуттарда Мұхаң жанына сая болған жас отау «Жайылмаға» көшіп кетіпті. Іздеп бардық. Мұхаң қолына су құйған қаракөз келіншек Гүлжан, орта жасқа ойысқан, ажары айқын келісті әйел салтын құрған. Кішкене қызы орта мектеп бітіріп, Алматыда оқуда, Болаты Жамбылға кеткен екен. Мұхаң келінінің қолынан шай ішіп, аттанып кеттік. Сабырхан сол сапар әсерінен –«Сапардың өшпес

саздары» атты жол очеркін жарыққа шығарған-ды. Ол аз да болса, саз, еткен бір қымбат-қимас күндердің өшпеске қалған, айта жүрер бір белгісі еді.

Мұханның Қаратау асқан бұл алғашқы сапары, өзі «Абай» романында келістіре жазғандай адасудың жеңіл оқиғалы, қызықты жайларынан басталды. Күздің салқын-самалды түні ортасынан ойысқан шақта Құмкентке келсек, ауданның бірінші хатшысы Шәріп Қоспанбетов жігіттерін тау асуларына әр тұстан аттандырып, «жоғалған» жолаушыларға іздеу салып, өзі осында екен.

Қауышу, табысудан соң таң алдында бірер сәт тынықсын деп, ағаны совхоз директоры Уәйда үйінің кең бөлмесіне жайғастырдық. Жолсоқты болып келгендер, жастыққа бас қоя қалың ұйқыға батыппыз. Таңның атуымен шошып оянып қарасак, Мұхаң орнында жоқ. Қашанғы қалыптасқан сергектік. Таң сазымен тұрып, күннің нұрын биіктен қарсы алатын жазушы ауыл сыртындағы шағын төбеден айнала кең дүниеге көз жіберіп тұр.

Аптыға басып қасына келгенімде: Бәлі, ерте тұрып кеткенін не? Ұйқы деген жастыққа тән нәрсе. Жастықтың бал ұйқысына не жеткен еді. Тәулікте төрт-бес сағаттан артық ұйқы біздің қолға түспейтін болған — деп Жайқоңыр жайлы үнмен сөйлеп тұрды да:

—Ал сен айтшы Еркінбек, сонау бір шетте төбесін күн шалған күрең таулар қалай аталатын еді. Барған ба едің ол жаққа, — деп сөзге тартты.

—Ол көрінген Қаратаудың ең биік шоқысы Мыңжылқы ғой, аға. Осы теріскейге қараған беті құлама-құзар болғанмен төбесі жазық. —Бессаз дейтін мың жылқыға өріс болған ел жайлауы. Ал анау, тау биігіне өрлей тізбектелген шаншар-шындар Келіншектау. —Бұл жақтағы елі ішінде ежелгі бір заманның, Келіншектау тау емес, ол қарғыс тиген келіншектің көші, — деген аңыз бар.

—Келіншектің көші... Мұхан, аз кем ойланып, алыста, күз мұнары шалған тау бейнесіне тағы да көз жіберді. Үнсіз.

—Таулар алыстан көрінеді аға. —Бұл шеттен көрінген тек сырт нобайы ғана. Көп естігеннен бір көрген жақсы, — деген. Тау кереметін, келіншек көшінің бейнесін бергі теріскей жағынан анық көресіз аға.

—Ә, солай де. Ендеше ол жайындағы әңгімені қайта бір еске алуды ұмытпа, — деп Мұхаң өзін күткен үйге қарай аяңдалы.

Ел іші алтын кеніш, туған жердің сыры мен жыры таусылған ба. Ол күні Мұхтар аға Құмкентке орта ғасырлар заманынан қаншама дәуірді бастан өткерген Ұлы Жібек жолының теріскей тарабында сауда мен гүлдеп көркейген, қаншама жорық-жосынды заманды көрген ежелгі Аспара, Тараз, Саудакент, Бабаата, Созак көне шаһарлар тобында орны бөлек Құмкентке аялдап, күн ұзағын көргені көп көнекөз ел адамдары қауымында өткерді.

Көне Құмкент пен оған іргелес ежелгі Бабаата мешіт-медресесі, Ысқақ-баб ескі мазар тарихына зер салды. Осында ғалым-археолог Е.Г. Агееваның басшылығымен көне шаһар орталығы «Цитадельде» жүргізіліп жатқан қазба жұмыстарын көрді. Жылы бұлақ жағасында халықтық эпос-жырларда көп айтылатын мифтік тұлға Бабатүкті Шашты-Әзиздің ежелгі мазар-ғимаратымен танысты. Ал көне тарихтың маңы — ол қаншама толып жатқан сауал, ағылып жатқан әңгіме. Ол көбіне көп көргеннің көзі, айтқыштың сөзінен туындайды.

Сондай айтқыштың бірі сол Құмкентте ұзақ жылдар ауыл елін басқарған Берденов Кенжеғұл кәриге бағы бір заманда Бабаата шаһарінде тағдыр қасіретін шеккен Үміт атты қазақ қызы бастан кешкен өмір трагедиясын Мұхаңа ұзақ әңгімелеп берген-ді.

Сонда біз айтушы мен тындаушы арасындағы керемет үйлестікті, халықтың мәңгі өшпес қазынасына айналатын ғажайып өнер мұрасы — лиро-эпостық жырлар, қазақ прозасы мен поэзия жауһарлары қалай туып, өмірге қалай келетін кереметін өз көзімізбен көріп қайран қалғанбыз.

«Ел іші алтын кеніш». «Алтын бесік туған жер» — дейтін, ел мен жерге деген ұлы жүректің махаббат сөзін сол күндері Мұхтар ағадан жиі еститін едік. Сол «алтынды кеніш», «алтын бесік» анығында Абай мен Мұхтардай, Сәкен мен Исадай халық қайнарынан шыққан даналардың өнер мен білім қазынасы — «Ескендір», «Көкшетау», «Құралай сұлу», «Қаракөз» сынды өнер кереметімен молықты. Айта берсе таусыла ма, сарқыла ма ол!

Ал енді Мұхтар аға соншалық зейін қойған Баба-атадағы Үміт қыз оқиғасы енді санаулы айлар өткенде ұлы жазушының халқыма берсем, — деген жаңа ұлағатты туындысы — «өскен өркеннің» беттеріне өзіндік өрнегін тауып, мөлдір бұлақтай өз арнасын табар — деп ол күндері кім ойлапты.

«Өскен өркен» — ол шын мәнінде ұлы қаламгер ниет еткен

болашақ ұлы туындының алғы шарты, бағыт бағдары, жөн-жобасы ғана. Ол туынды жайындағы өзінің мақсат-мұратының не екенін пәлендей бір құпия етіп, сақтаған жоқ. Ол туындының бағыт-бағдарын жай сөз емес, шешілген, бекінген іс екенін елге сапары қарсаңында, 1959 жылдың көктемінде одақтық баспа бегінен рәсімді түрде жария еткен болатын-ды.

Өзінің орталық «Литературная газета» да жариялаған «Бүгінгі роман және оның геройы» атты әйгілі мақаласында:

«...Аяулы «Абайым» мен қош айтысқалы біршама жылдар өтті. Әйтсе де оның табиғи жалғасы дерлік бүгінгі өмір шындығынан кең құлашты жаңа бір туындыны қолға алсам деген ниетпен бір күнде арыла алмай келемін. Өмір шындығы — ол, қандай болмақ? Бұрқыраған көбік астындағы шымырлаған шындықты қалай көреміз...» деп жазғаны көп нәрсені аңғартса керек.

Сол жылдары, одан кейін де, бүгінгі күндерге шейін көп жұрттың: Осы Әуезов Оңтүстікке неге келді. Не ойлады. Неге кітап жазуына Абай мен өзі туған Шыңғыстау, Семейді емес, осы Оңтүстікті таңдады? — Ата-мекен, түп қазығы — Түркістанды сағынғаны шығар, дейтін жорамалдарына жауаптың өзі де, — сол әйгілі жазбасында жатыр.

Оңтүстікті Мұхаң өзі кей бір тұста сыпайы еске алғанындай, — тек тарихи тамырластықпен емес — табиғи өмір жалғасымен таңдапты. Оңтүстік, оның бір жағы Сыр мен Қаратау өлкесі, ескі мен жаңаның, өткендегі мен бүгінгінің қат-қабат тоғысқан жері. Бағы бір замандағы ежелгі жібек жолының кең айдынында керуенін тартқан көне шаһарлар жұрты, сан қилы аңыз бен ақиқаттың арылмаған көмбесі болса, жорық пен жосынды қанша заманды бастан кешкен қазақ жұртының өмір салты, қымбат дәстүрі сақталған жерде — жаңа өркенді ұрпақтың өсіп-өніп жатқанын қатесіз таныды. Ескі мен жаңа — заман үндестігін ұлттық қадір-қасиетіміздің өткені мен бүгінгінің, алдағы болашағын тек «Абай» эпопеясы үлгісінде кең құлашты эпикалық туынды арқылы ғана терен қопарып көрсетуге болатынын айқын түсінді.

Осындай ұланғайыр жауапкершілікті жан дүниесімен терен сезінген кемеңгер, — Міне мен солай шештім, былай болады — деп ел-жұртының алдында кесіп-пішіп айтқан жоқ.

«Табиғат-тағдыр өмір берсе, күш-қуатымыз жетіп тұрса» — деп адам жанын тебірендірген кісілік пен кішіліктің жөнін көрегендікпен көрсете жүретін еді, қайран Мұхаң. — Әлде қалай ішкі сезімі айтқызды ма екен, сол сөзді. Анығы да солай болды.

«Өскен өркеннің» ақ қағаздың беттеріне түскен алғашқы эскиз жобасы – сол ашылған күйі Ыстық көл жағасы – Шолпан атадағы шағын үйде, жұмыс бөлмесі, жазу столының үстінде қалды. Жана басталған ұлы еңбектің аманат қалған беттері.

Аманат жүгі қашанда ауыр. Ол ұрпаққа ұлағатқа қалған қасиетті жүк. Оның не екенін, мән-мағынасын жүрекпен ұғып, жүрекпен көтеру парыз. Мұхтар ағаның «Өскен өркені» дәлірек айтсақ өлі де ат-жөні нақты айқындалмаған, «Абай жолының» табиғи жалғасы, келешектің кең құлашты эпикалық туындысы болар деп іргесі енді қаланған ұшан-теңіз материалдың дайындық тараулары еді. Бірақ ұлы қаламгер дүниеден өткесін тым асығыстық жасалды. Жұмыс столының үстінде қалған осы эскиз-жобаны даяр туынды есебіне балап, баспадан шығарылды. Тіптен орыс тіліне аударылып «Племя маладое» деген атпен Мәскеу баспаларынан жарық көрді.

Ал Мұхтар табиғатында өз шығармасына ерекше қатал, алғашқы ағын-тегін ойлар кейде қолмен жазылып, кейде сценографиялық орындауда қағазға түсіп, машинкадан шыққасын, ондағы әрбір сөз, сөйлем, жеке тарауларды ой-елегінен қайта өткізіп, аяусыз түзеп мінеп, барынша шындап, төрт құбылысын тенеріп, кемелге келгенін ғана жарық дүние жайлауына жолдамасын берген ғой.

Мұхтар ағаның өзінің өмір тәжірибесін еске алған қайсы бір тебіреніс сәттерінде, «Қайсы бір ірі туындыны бастау қиын. Жазушының жұмысы ол инемен құдық қазу. «Абай жолын» аяқтап шығуға өзірлігі мен жазуға біртұтас отыз жылымды бердім. Роман жазылып біткесін де, игерілмей қалған материалдар негізінде сол «Абай жолындай» төрт томдық еңбек жазуға болатын еді» дейтін. Бұдан еңбек үшін жаралған жанның жан дүниесін түсінуге болар.

«Абай жолының» табиғи жалғасы етуді армандаған ұлы қаламгер бұл салмағы орасан ауыр, төрт томға жобаланған телегей еңбектің міндеті мен жауапкершілігін барынша айқын сезінді. Еңбек ауқымына сәйкес орасан өзірліктің де керек екенін бір минутта естен шығармады. Ел ішінде сапарда жүргенінде бүгінгі өмірдің жарқ етер жақсы жаңалығы, арман-мұраты биік жана ұрпақтың бейне-белгісін қатесіз танып, оған беріле ден қоюмен бірге, көне тарихымыздың көмбесіндей көрінетін қасиетті Қаратау, Шу мен Сырдың елінде, ата-бабалар дәуірі бастан кешкен ұлылы-кішілі қилы заман оқиғаларын іздестіріп,

көнекөздер тарапынан жиі айтылатын аңыз сипатты терең мәнді әңгімелерді хатқа түсіруге ерекше көңіл бөлді.

Сондай әңгімелердің бірі – «Келіншеқтау» аңызы мен біздің күнге елінде Жалайыр мен ошақтылар арасында өткен бақталастық тұсында, Кенесары ханның батыр мұрагері Сұлтан Садықтың (Сыздықтың) үзенгілес серігі болған Бекбау датқаның немересі Ескендір болыстың өлтірілу оқиғасы айтылғанда Мұхтар аға ықылас қойып тындады.

– Аға, деймін Мұхана шын пейілді, берілген жанашырлығымды айтып, – Сіздің болашақ еңбегіңізге осы ел ішіндегі өткендегі оқиғалардың аз да болса септігі тиер болса, соларды жиып-теріп Сізге жіберіп отыруды өзіме бақыт санар едім.

Тау мен дала, ел мен жердің көз бен көңіл жетер бар тарабын барлап, қаншама келісті әңгімелер тындап, өзі де ағыл-тегіл әңгіме айтып барынша көңілді отырған Мұхан, нұрлы жүзі жадырай-жарқырай түсіп:

– Бәлі, сен Еркінбек олай ете алсаң, тіптен онды болар еді. Сен алдағы кезде менімен іскерлік байланысыңды үзбейтін бол.

– Жарайды аға. Сіздің еңбегіңізге қарлығаш қанатындай қолғабыс жасай алсақ одан қымбат не мақсат болмақ. – Солай, ағаның алғашқы сапар жолында туған сол байланыс ұлы өмірдің соңғы ай, соңғы күндеріне шейін жалғасып тұрды. Әттен, аға өзіне хат арқылы жолданған жай, қарапайым ел әңгімесінің «Үміт қыз оқиғасынан» басқа бірде-бірін пайдалана алмады. Өмір-тағдыр ретін келтірмеді. Кемеңгер ісіне жеңіл болсын деп, көркем-баяусыз жай баяндау ретімен машинкаға басылып, хатпен жіберілген сол материалдар «М.О. Әуезовтің өдеби мұралары» кітабында рет-ретімен тіркеулі, қымбат мұраларымен бірге сақталулы.

Мың жылдар мыңғырған малға өріс, көшкен елге қоныс болған Мыңжылқы тауы, оның майсаң саз, таза бұлақты қонақжай баурайы жылы күздің сол бір жайма-шуақты күндері жайлы да жайсаң еді. Арқадан ескен майда жібек самал жел ұзақ сонар жол кешкен жолаушысын сергітіп, ерекше бір дархан күйге бөлейді.

Шолаққорғанда күн ұзағы аялдап, аудан елінің жай-жағдай шаруагерлік ісімен танысып, ежелгі Созақ жерінің өткендегі тарихынан мол мағлұмат алған Мұхан ол күні, алдағы бір түнін салқын саялы тау ішінде өткізгелі Мыңжылқыны бетке алып келе

жатты. Күн бесіндіктен әлде қайда еңкейіп, көлеңкелер ұзарып, құзарлар басы алтын нұрға малынған келісті бір кез еді.

Қарақұр, Балдысудан өтіп, Жыныс әулие тұсына іліне Мұхан машинасын тоқтатып, тысқа шығып, Келіншектау келбетіне таңырқап көз жіберіп ұзақ тұрды. Мыңжылқының бөктеріне өрлеп, тізбектеліп, күнгеіді беттеп тартып бара жатқан көшкеруені іспетті тау бейнесі сырт көзге анығында қайран қаларлық. Көш алдында биік нар түйесі үстінде сәукелелі басын мұн баскандай иіп мызғымай қалған келіншектің өзі.

Мұхан бір сәт бізге бұрылды:

— Әңгіме-аңыздың шыққан тегі, кейіпкері де, ана тас келіншектің мүсіні болса керек. Мұның арғы тегінде халық тұрмысында көп айтылатын, — әке сарандығы мен қыз еркелігі жатса керек. Ертегіде айтылатын Шығайбай, Қарымбай, Қарабайлар мен күн астындағы Күнікейлерді тудырған халық Келіншектау аңызын неге тудырмасын. Бұл өзі романтик, қиялкеш жас қаламгерге сұранып тұрған нәрсе ғой...

Сыншыл да сыршыл аға ойдағыны қозғайды. Көз арбап, көңіл тербететін тас келіншек мүсіні бізге дейін де қаншама қиялкешті әуреге салған шығар. Өткен дүние елесін менің де жол очеркіме өзек еткен жайым бар. Ал оған бұл жақтың бір ақын қызы Бәтима үнін қосты. Ол ақын тілімен жырлады. Ақын сөзі қашан да ықшам, өтімді. Жарты парақ қағазға машинкаға басылған осы өлеңнің тексті қойын дәптерімде жүруші еді. Соны Мұхтар ағаға ұсындым:

Малға жай Қаратаудың аясында,
Дем алып жаздың тұнық ауасында.
Төсіне Келіншектің саяхаттап,
Мал жаймақ болсаң жігіт кел осында.

Әкесін өкпелеткен жас келіншек,
Боп қапты қарғыс тиіп тас келіншек.
Дейтұғын ел аузының аңызына
Жастықта иланушы ек, біз сенуші ек.

Төбесі кейде тұрар бұлтты сүйіп,
Сәукелесін сіліксе жанбыр құйып.
Қой күзеткен жастардың жазғы кеште,
Әндерін Келіншектау тыңдар ұйып.

Күн батса көкторғынға оранғандай,
Күн шыға алтын нұрға боялғандай.
Елімдегі еңбектің дүбірінен,
Болады тас келіншек оянғандай.

Барша бітім-бейнесі жұмбақ, тарихи төрт жол өлеңге сыйған
Келіншектау анызы енді ұлы жиһангез жазушымен қиянға сапар
шекті. Кім білсін, не ойлады Мұхан, жұмбақ боп қала берді.

Мыңжылқының күнбатыс баурайында терең тау шатқалында,
табиғат берген бұл мекенді жұрт «Балықшы әулие» дейді. Оның
қадір-қасиетін бір құдай, кереметін көргендер білген. Әйтеуір
тегін жер еместігі оның бейне-бітімі тұнжыраған қарасу, майдам
саз, қоршаған құзар тау, шыңыраудан ерекше жарқырайтын
жұлдызды аспанынан айқын көрінгендей. Оны сахара
қойынындағы сырт көзден таса, құпия қуыстағы ұрмақ аралы
дерсің. Ел иесіз, жер киесіз емес, — оның киесі де, иесі де мына
тұнжыраған Қарасу, онша еш бір қаперсіз емін-еркін өсіп жатқан
балығында болса керек. Әулие иесі жартасқа жанай өскен
кашанғы қара бұта?

—Оған құрбандыққа берген қара құлжалардың қақсал
мүйіздері төбе боп үйіліп жатыр.

Ол енді демалыс аймағы. Аспанмен тілдескен зау қараталдар
аясына, майсанды аланқайға қарсаңда ұлы жазушыға арнайы
тігілген үш үйдің бергі шеткісі сегіз қанат ақбоз үй, анадайдан
айдынды көрінеді. Мұхтар аға мұнда қасына ерген бір қосын-
қосшылары аудан басшылары мен кеш әлетінде келді.

Биылғы көрікті көктемнен бері жан аяғы баспай, бұлақ
жағалай саздауытқа біткен майсаң көк әлі де гүл-балауса көркін
сақтаған саялы, көрер көзге жайлы, келісті еді.

Үйге жайғаспас бұрын Мұхтар аға мына тұл табиғатты
қызықтап, су жағалап, біршама серуен құрды. Қарасудың
Иірімінде жон арқалығын көрсетіп, қалықтай-қалқыған қалын
балықты тамашалады. Балықтың көптігі сондай су бетіне бейне
балықтан жабу жауып қойғандай.

—Япыр-ау, адамнан жаттық көрмесе, балық та қолбала боп,
жуасып кетеді екен-ау!

Американы ашқан Колумбының теңізшілері Кариб
жағалауында Индустар қолынан жем жейтін жабайы маралдарды
көрген. Тіптен мылтық көрмеген ол шетте құс атаулы кикүлап

адамдар мен аралас өсіп-өнген ғой. Бәрі адамнан. Жаттық та, достық та тек адамның ісі — деп тебірене әңгімелеп тұрды.

Тау кеші қауырт. Түн жамылған қарабарқын аспанда сансыз жұлдыздар самсыды. Шамы жарқыраған ақбоз үйдің төрінде жылы жүзі жадырап Мұхан отыр. Ауыл үйдің сыртында қашанғы қазақ салтымен әдемі ұлттық киімдерін киген, үкілі тақия, көмшат бөрік басында, ақшағыл дүр етек көйлектері аққу құстай түрленген бір топ ауыл жастары көрінеді. Бұлар осы маңдағы — Созақ, Қозмолдақ, Қайнар, Сызған ауылдарынан келген өнерлі жастар.

Әнші, күйші, бишілері бар бәрі қазақ елінің елдігін айдай әлемге танытқан адамға, ғайыптан түскендей ортамызға келген Мұхтар ағаға қызмет етпек. Дүниеге, қазақтың бағына жаңа заман Абайы боп келіп, Абай жолын, Абай қасиетін тереннен толғап танытқан жаннан артық ән қасиетін, қазақ қасиетін түсінген кім бар еді. Айтушы мен тындаушы үйлескен жерде өршіл өнер де шырқау—шынына жетпек.

Мұхтар — аға алдына, оның халқымен туа біткен қадір-қасиеті алдында өздерінің перзенттік парызын, жанымен ұққан жастар, сол кеште барын төкті. Ән-әнге жалғасты, күй-күйге ұласты. Самал желмен бірге әсем сазды ән, тұнық кеш, айлы түндерде биік шырқау жайлау әні, Абай әні, қазақтың халық әндері ерекше нәрленіп, түрлене түскендей тау ішінде ұзақ шырқалды ол түні.

Түннің бір мезгілі. Жастар әндетіп ауылдарына тараған. Ұзақ жол, ұзақ отырыстан талған жолаушы-қосшының көбі қалың ұйқыда. Әр кездегідей жатар алдында бірер сәт таза ауада сергіп алуды ұмытпай Мұхан тысқа шыққан. Ай көтерілген. Шығыс құзардан шырқай биіктеп, тау ішіне күміс нұрын төгіп тұрған келісті бір дүние. Сол жақта сыландап ағып жатқан бұлақ суын жағалап, Мұхан баяу аяндап келеді. Жиі тоқтап түнгі табиғатқа тамашалай қарайды.

—Алтай мен Шыңғыстың ет бөктері қарағай қайынды қалын өскен өзгеше бөлек табиғат. Сырт көрінісі жалаң Қаратауда мынадай келісті орын болар деп ойламаушы едім. Мына жер өзінің ерек көрінісімен қайран қалдырды. Қуаң өлкедегі өзінше бір ұжмақ тәрізді. Неткен ғажап көрініс мынау! Қаншама сыр, өткеннің нелер шежіресі жатыр мұнда.

Бұл өлкедегі ел сақтаған аңыз-әңгіменің қайсы біреуін өзіннен естідік. Еркінбек, әсте, көп білу үшін көп жасағандық шарт емес. Жақсы сөз көрікті әңгіме көбіне ел ішінде, көпті көргеннен, көне көзді, көсем сөзді қарттар арасында, оларды көп тындағаннан

туындайды. Сенің мына тілшілік ісің әдебиетке баратын жастарға тіптен пайдасы көп шаруа.

Қайсы бір қалам ұстаған жастар әдебиеттің есігін аттай бере қалаға, астанаға әуес. Сен Еркінбек, үлкен бір іс тындыру ойында болса, мына еліңді, Шаянныңды тастама.

—Тастамаймын, аға. Мен де біраз жыл қалада болғам. Газетте бөлім басқарып, тәуір орында отырдым. Еш кім қуған жоқ. Туған жер, өскен ортаны ойлап, ауданға қайта көштім.

—Тіптен жөн болған. Керемет дүние, ашылмаған сыр, бәрі осы ел іші, халықтың арасында. Осыны әр кез есінде сақта.

—Сақтаймын аға.

Қаратау ішінде сапар жолының ұмытылмас бір күнін өткізген Мұхаң асықпады. Жайма-шуақ түстің шағына дейін саялы бау ішінде кең жайылған текемет, кілем үстіне мол жайғасып өзімен бірге жүрген басшы-қосшылары ортасында әр қилы әңгіме айтып, жарасты сұхбат құрды.

—Қазақстандағы әр қайсысы жарты миллионнан асып мал өсіретін жері ірі ауданның бірі — Созақ екенін білеміз. Мал шаруасы ол көбіне малшы басына түсетін ауыр еңбек, жаз бен қыстың қиындығында екені мәлім. Арқаға, жайлауға көшетін малшы жол үсті бетпақтың шөлінде судан қиналса, Қаратау — құм тарабында қыстың қарлы-боранын бастан кешпек. Қаншама заманнан қазақ елі басынан арылмаған шөл мен жұттын құрығынан ел-жұртты құтқарудың жайы қалай, — Шәріп? Осыны қалай ойлап, қалай шешіп жүрсіндер, — деп, Мұхаң ауданның бірінші хатшысы Қоспанбетовтан жауап күтті.

—Бізге күзге салым мал саны миллионға жуықтайтыны анық. Бетпақтың шөлі біздегі үлкен түйін екені рас. Жаз жайлауымыз арқа болғасын бетпақты кешпей болмайды. Жоба да жоспар да көп. Соның үлкені бетпақ шөл астының артезиан көздерін ашу. Шу мен тау өлкесінің табиғатын байытып сарқылмас азық қорын жасау. Бұл түйін көп кешікпей, он-онбес жылда шешілер.

—Он-онбес жыл, — дейсің бе? Бұл қалай өзі? Мұхаңның қонырқай өңі қуқыл тартты. Қас-қабағы дауыл бұлтындай түнерді. —Кешікпеген жақын мерзім осы болса, шаруа баққан бұл қазақтың таны қашан атпақ?! —Төзім жақсы қасиет, бірақ көп төзуге адам өмірі жете ме?! — деп хатшыға салқын ажармен сұстана қарады.

Хатшы үнемдеді. Не десін ол. Қазақстанда қойдың санын елу

миллионға, тіпті дамыта келе жетпіс бес миллионға жеткізуге болар, — деген Хрушев пен Брежневтің Қонаевқа ұсынған қияли жоспарынан шығып, аудан хатшысы не айтатын еді.

Дүниеде уақытқа билік еткен пенде жоқ. Мезгіл, өз арнасымен ағатын заман сазы бәрін өз орнына қойды. —Бәріне көнген, бәріне төзген өктем дүние өкіміне тұл табиғат төзбеді. Аудан басшысы бәрі де жөнге келеді, — деген сол он жыл өткенде, жайқын өлкені жасыл жайлауға бөлейтін Шу өзені тартылды. Балығы тайдай тулаған жайқын көлдер сарқылды. 69-дың сұрапыл-сұмдық қысында бұл өлкедегі Созақ, Шаян, Қызылқұм, — малды ең көп өсіретін үш аудан миллионнан астам малын ақ мешіннің аксүйек жұтына беріп шықты.

Иә бұл уақыт билігі. Өмірдің алға тартқан өз заңы. Ал сонау елуінші жылдардың соңғы күзі, шуақты мизамның соңғы күні, ел мен жер, шаруа баққан қазақтың жайын ойлап, толғанған Мұхтар аға келер күннің алға тартар сый-сыбаға, өкім-билігінен бейхабар-ды.

Мұхан жолға жиналды. Осында күн-түн тік тұрып ағаға қызмет өткен Созақ совхозының басшылары Балтабай мен Илияс «Біrer сөз жазыңызшы, аға, естелік болсын» — деп қалың мұқабалы үлкен бір ақ кітаптың алғашқы бетін айқара ашып, Мұханның алдына тартты.

«1959 жылы біз бір топ ақын, жазушылар Әуезов Мұхтар, Омаров Әділбай, Малқаров Омарбай, Тұрысов Еркінбек, Қаратаудағы демалыс жайына 24-сентябрьде кешке келіп 25-сентябрьде күндіз аттандық»... деп басталатын ұзақ жазылған өйгілі қолтаңбасы еді.

Мұхан тұтас бір бетті толтыра жазып болды да, беттің соңғы жағына бәріміздің қолымызды қойдырды. Сонда көңілдене жарқырап:

—Біз өзі қалай теріліп кездескенбіз: Мына Еркінбектен өзгеміздің аты-жөнімізде бір-бір Омардан бар екен. —Қандай қызық үйлестік, — деп күлді.

Арада біршама мезгіл өткенде мың жылдардың қаншама салтанат шеруі, толқынды дүниенің шерлі де мұнды шежіресін бастан кешкен Мыңжылқының баурайынан қозғалған Мұханның керуен көші өлкеден ұзатып салар ел-жұрттың алдын бастап Қаратаудың суындық асуына бет алды. Ол шетте жазушы ағаның Оңтүстік сапарында «Қаратау төжі Кентау» деп ерекше ыстық ықылас қойған кеншілер қаласы Кентау күтіп тұрған-ды.

II. АҒАНЫҢ ҚЫМБАТ СЫЙЛЫҒЫ

Қиянға мезгеп жатқан сахара жолымен үш күн сабылған жүрістен кейін Суындық аталатын Қаратау асуын теріскей жағынан асып, Атабай арқылы кештетіп Кентауға ілінген едік. Жас қала, жайқалған қала шегі жоқ Сарыжайлау шалқарында өзінше ерекше біткен ұймақ аралы сияқтанды. Сары күз ортасында көктем оралғандай.

Бар өмір болмысы, тіршілік тынысы өзінің алтын бесігі — дархан дала табиғатына сабақтас жатқандай болып көрінетін ұлы жиһанкез, ғұлама жазушы ағаның дәл сол бір кештегі көңіл күйін анық аңғару қиын еді.

Сонау бір қилы заманнан қаншама үргін-сүргін, елшабыс-қантөгістің қаншама оқиғаларын ішке бүгіп, көрі тарихтың көмбесі сияқтанған Қаратауда көшпенді ел асуынан асқалы бері үнсіз, қиянға көз жіберумен келе жатқан Мұхтар аға жасыл берен жамылған кеншілер шаһарына келіп ілінген сәттен жанары да жайсаң тартып сала берген. Кіршіксіз ақ көйлегінің жеңін сыбана киген тіп-тік келісті тұлғалы жас азамат, қалалық партия комитетінің бірінші секретары Тілеубергенов Ыдырыс бастаған қала интеллигенциясы мен кеншілері болып, алдынан шығып қарсы алғанда:

«Бәлі, тек ежелгі шығыс ертегісінде аңыз болып айтылатын Иранбағы саясында орнаған күнді де гүлді, ғажайып бір мекен-жайда тұрады екенсіңдер. Мыналарың көңіл толтырып, көз қуантатын жайлар екен. Тіптен мен ойлап, мен күткендегіден де асып кетті. Бәлі, туған жерді түлеткен өркенді, келісті өмір салты осы да», — деп кең кеудесі шалқақ тартып биіктей түсіп, бейне бір жайсаң жанды әкедей барша жұртқа мейірбан жүзбен барлай қарап тұрып қалған еді.

Мұхтар аға сол алғашқы көрген сәттегі шырқау тартқан көңіл күйінен Ыдырыс аға әзірлеткен кешкі шай үстінде де жаза баспады. Кеншілер қаласы — Кентаудың өткені мен бүгінін, алдағы болашағын әр қырынан сөзге тартып, сауалдар қойып, қалалық партия комитеті секретарының әсерлі әңгімесін бірде шат, бірде ойлы жүзбен ынта-ықылас қойып тыңдаумен болды.

Міне, енді түннің бір мезгілінде Мұхтар ағаны ортамызға алып, аз-кем тыныс алғалы орталық мейменханаға келдік.

Мұхтар ағаны арнайы әзірлеген, екінші қабаттағы он бірінші номерлі люкс бөлмесіне жайғастырдық та, жазушы сапарында

жолсерік боп бірге жүрген біздер — облыстық газет редакторы Омаров Әділбай аға, ардагер ақын Омекең үшеуіміз карама-қарсы беттегі бөлмемізге келіп, демалуға кірісіп жаттық.

Мен ол күні таң атысымен Кентаудан Шымкентке ұшып шығуға тиісті едім. Редактордың тапсырмасы солай, Шымкентке ертелеп жетіп, сонда қала интеллигенциясымен ұлы жазушы ағаның кездесуіне әзірліктің жол-жөнекей ойласқан сәлем-тапсырманы жеткізу, Мұхтар ағаның әйгілі «Оңтүстік сапарына» сол жерде қайта қосылу жайы Әділбай ағаймен арамызда оңаша келісіліп еді.

Шеткі бөлмеден жатар алдында жеңіл шайынып, ұзын коридормен ентелей басып келе жатыр едім. Кенет люкс бөлменің есігі жайлап ашылды да, үстіне қара көк, батсайы жеңіл бешпент киген Мұхтар аға көрінді. Жүзі нұрлы, айтар сөзі бар сияқтанды.

—Мұнда кел, Еркінбек, аз кеңеселік, — деді Мұхаң жай ғана.

«Неге шақырды. Не айтар екен?...» Жеңіл толқу үстінде Мұхаңа ілесіп, айшықты кілем төселген кең бөлмесіне келдім.

Мен диван шетіне, ал Мұхаң креслоға жайғасты.

—Жасың нешеде сенің, Еркінбек? — деді Мұхаң сөзді күтпеген тосын сұрақтан бастап.

—Биыл отыз бірдемін, аға...

—Ұйқы деген жас адамға тән нәрсе. Сендердің танертенгілік былбырап ұйықтап жатқандарыңа қызығамын. Ал, тәулікте төрт-бес сағаттан артық ұйқы біздің қолға түспейтін болған, — деп жымып қойды да, тез саябыр, салқын қалыпқа ауысты.

—Ия, сонымен ертең ертелеп жүресің ғой. Ендеше аз-кем кеңесейік. Қайсыбір күні Әділбай сенің газетте басылған бір әңгіменді беріп еді. Оқып шықтым. Ал, сенің өзін қашаннан жазасың, қай жанрларда жазасың?

—Аз ғана жылдар болды. Прозада аздап... тек, санаулы ғана очерк, бірер әңгіме...

—Жарайды. Әңгіме көлемінде, санында емес. Асылында, өуелі әр шөптің басын бір шалмай аз болса да бір бағытта, бір жанрда төселген дұрыс. Тілші үшін де, жазушы үшін де ең қажетті, бірінші қару — тіл деп білеміз. Тіл таяздығы, ол ой таяздығы. Тіл жоқ жерде ой жоқ, ой жоқ жерде тіл жоқ. Онсыз көркем шығарманың дүниеге келуі мүмкін емес. Сенің жазғаныңнан бір ғана үміт арттыратын, сүйсінерлік нәрсе — тіл бар екен. Бірақ, келісті тілге келісті сюжет құру — желі тарту, характер, оқиға өрбіту жағы жетіспей жатыр. Кейіпкердің ішіне, ішкі дүниесіне

тереңірек бару, адам бейнесін аша түсу көркемдік дүниесінің алғы шарты екенін мықтап ұстану керек.

Мінеки, төртінші күн бірге келеміз. Қаратаудың өткен-кеткенінен біраз жайға өзіннен мағлұмат алдым. Тіптен жақсы. Көп білу үшін көп жасағандық шарт емес. Әсте, сен көриелі үйде, өңгімешіл ата-әже маңында көбірек болғансың-ау өзі.

Мен үнсіз аз бөгеліп қалдым. Көз алдымнан жас немерелерін сенсең тон, бұшпақ ішігі шалғайына қымтап қойып, сығырайған май шамның қалтыраған әлсіз сәулесінде қыстың ұзақ түндерінде арақідік бір мұнды әуенді баяу әндетіп, алақаны макпалдай балбыраған кәрі әжемнің, қашанғы бір үргін-сүргін заманда өткен жортуыл, батырлық, түйе балуан, ас-жиындарда дақбырты жер жарған көкпар шабандоздары, жел жетпес бәйге жүйріктері мен қылқимас қыран құстары туралы керемет қызық өңгімелер шертетін ақ сақалды атамның бейнесі елестеп өтті.

— Бала кезімізде кәрі әжеміз болушы еді, соншалық қызық аңыз-өңгіме, ертегілер айтып отырар еді...

— Е, бәсе солай де... Мұхаң үлкен ойлы қонырқай көзі жадырап, жарқырап кеткен сияқтанды. — Жақсы ой, жақсы сөздің өзі де адам санасына, адамның жүрегіне балалық-жастық шағында жақсы өңгімені көп естігеннен, парасатты көриелер маңында көбірек болудан, көп көріп, көп білгеннен, көп естігеннен туындайды. Әдеби шығармаларды жазу үстінде ауадай қажет болатын аталы сөз дейтініміздің төркіні де сол бізге фольклор, немесе ауыз әдебиеті ретінде сарқылмас қазына қалдырған халық ішінде. Сенің газет тілшісі болып жүрген мына қазіргі қызмет-міндетіңнің өткен-кеткеннің қаншама оқиғаларын, көшпенді қазақ жұртының ғұмырында ұзақ бірге жасаған жер дауы, жесір дауы, жүйрік ат, қыран құс дауы, барымта сияқты ру арасындағы әлеуметтік майда қақтығыс, арыздас-айтыстар тұсында айтылатын өткір, шешендік сөздердің алуан-алуанын аңыз ғып айтып отыратын кәрі құлақты көриелерді сөйлетіп, екшеп, жинап жүруге тым ыңғайлы-ақ. Ендеше әр кез есінде болсын бұл. Ал, енді өзін әдебиет жайында нендей ой, нендей жоспармен жүрсің, не тындырмақ болып жүрсің?

Ұлы ғұлама жазушы ағаның алыстағы ауданда ел кезіп, «ен бастысы осы» деп газет тапсырмасымен, ұсақ мақалалар жазумен асығыс, албырттық желігінде жүріп жатқан маған соншалық зер салып отырғанына қайран қалдым. Қызарып, қысыла бастадым.

Мандайдан майда тер шып-шып шығып кетті. Не айтарымды билмей сөл тосылып қалдым. Сөзді тағы да Мұхтар ағаның өзі жалғап кетті.

—Қазіргі әдебиетіміздің ұзын көшінде сен тұстас жастардың бір толқыны келе жатыр. Әрбірінің өзіндік із, өзіндік өрнегі бар, талпыныс-талабы бар. Соның қайсы бірі үлкен үміт арттырады. Сенің қырғыздың жас жазушысы Айтматовты естігенің бар ма?

Мұхаң барлай қарап, жауап күткендей ойлы жүзбен үнсіз отыр.

—Жоқ, аға, естіген емеспін, — дедім мен жай енжер халде. Ол кезде Айтматов есімі кітап оқушылары емес, тіпті баспасөз интеллигенциясына кең таныла қоймаған еді.

—Білмеуің әбден мүмкін. Ол жаңа ғана жаза бастаған жастар тобынан, орыс-қырғыз тілдерінде бірдей жазады. Өткенде бір әңгімесін ғана оқыдым, «Ботагөз» деген, тіпті мөлдір, таза ой, таза таланттан туған нәрсе.

Мұхтар аға кейде тұнғыық толқынданып, ойын топтағанда қос жанары ортасы қат-қабат қатпарланып, әңгіме түйіні шешіле келе сол қатпарлар да жадырай жазылып, кең мандайы жазықтана жарқырап кетуші еді. Қазір де сондай, бір канатты, толқынды күйде отырды.

—Аға, — дедім мен бір сәтке орнаған үнсіздікті бөліп. —Сіз Әзербайжан елінен Әли-Заде дейтін кісіні білетін бе едіңіз?

—Әли-Заде...—Мұхаң бір тұнғыық ойға қайта шомып, нұрлы жүзі сөл сұрғылт тартып, аз үнсіз отырды да, — Япыр-ау, сен қайдан көрдің оны, қайдан білесің оны? Ол қашанғы бір өткен жастық шақта жарты күлшені бөліскен, әуелгі киын жолдарды бірге кешкен қимас дос еді, асыл азамат еді. Әзербайжан республикасының орталық газетінде редактор болған... Ия, ия, қане, қайда кездесіп жүрсің оған?

—Тіптен жақында ғана, аға. Өткен қыста, Кисловодскіде, ойламаған, күтпеген жерден кездестік...

Мен сол ұмытылмас кездесу, танысу жайын Мұхаңа жайлап айтып отырмын. Ал Мұхаң болса жанары жайнай түсіп, рені бір сұрланып, бір күренітіп үнсіз тыңдап отыр. Ал, менің көз алдымда ақ селеудей үлбіреген аппақ шашты басын иіп, алғыс айта қоштасып, қара шляпасын қолына ұстаған күйі жінішке бамбук таяғын жеңіл демеу етіп, жайлап басып парк ішінде ұзап бара жатқан аппақ шокша сақалды қарт кісінің бейнесі.

Ия, ол бір кездейсоқ, таңғажайып кездесу еді. Қаңтарда қайта

айналған көктемдей, мезгіл нағыз қыс ортасы болса да, Кисловодскінің ғажайып көгілдір, мөлдір аспаны жарқыраған, керемет бір шуақты күн еді. «Октябрь нарзанынан» шығып, орталық парк арқылы өрлеп келе жатқан едім. Нарзан галереясы алдындағы аланда жайма кітап саудасы қызып, кезекке тұрған кітап алушылар тізбегі едәуір ұзап қалған екен. Жайлап, жаймашы столына көз жіберіп қарасам, көп кітаптар ортасында жасыл мұқабасы әсем өрнекті «Абай» эпопеясының үш жұбы жатыр. Бар болғаны үш жұп ғана. Минут жоғалтпай кезек соңына келіп тұрдым. Бар ой, бар тілек әлдекім маған жеткізбей қағып кетпесе игі еді деймін іштей.

Әне-міне дегенше бірін бір жас әйел, бірін әскери кісі әкетті. Қыпылдап тұрып, әйтеуір сәті түсіп үшіншісіне іліндім. Кітапты алып шыға бергенімде менен кейіндеу тұрған кеудесі еңкіш, таяқ ұстаған, ақ шаш, әппақ сақалды, қара шляпалы қарт кісі кезегін тастап жаймашыға келді де, таяп:

—«Абай жолынан» тағы бірі табылар ма екен, қымбаттым? — деп қиыла сұрады.

—Бар болса бермей қайтейін. Көріп тұрсыз, қазір ғана таусылды...

Құштар көңілі жабырқап, жадау тартқандай бейтаныс қарт баяу аяндап кете барды.

Жасыл мұқабасы шебер суретшінің ісмер қолымен келістіріп, қазақтың айшықты оюларымен өрнектеліп басылған кітаптың іші-сыртын қызыға қарап шығып, мен сол күні түстен кейін шуақты парк ішінде ұзақ отырып, ең алдымен кітапқа атақты әдебиет сыншысы Зоя Сергеевна Кедрина жазған ұзақ алғы сөзін оқып шықтым. Кітаптың өзінен бұрын сыншының білімдарлығына, білгірлігіне қызықтым. «Жақсының қасиетін жақсы білер» деген халық қағидасы ойға оралып, сыншы шеберлігіне қайран қалып, біршама отырдым. Егер өзіміз сан рет оқып, жүрегімізде жатталған, көзге ыстық, көңілге күдіретті сөз басына кірісе бердім.

«Мальчик спешил домой...»

Сол сәтте сылбыр басып келе жатқан әлдекімнің аяқ тақыры, таяқ тақылы естілді. Қарасам, бағана жаймашы алдында көрген ақ бас қарт шаршаулы қимылмен ілби басып келеді екен. Ол қатарласа беріп кідіріп, таяғына сүйеніп, бейне бір жөн сұрайтын, адасқан жолаушыдай маған барлай қарап тұрды да:

—Сен қазақпысың, ұлым? — деді.

—Иә, казакпын, Қазақстаннанмын.

—Онда рұқсат ет, қасына отырайын, аз-кем сөйлесейік.

Мен орнымнан тұрдым да, «келіңіз, отырыңыз» деп қарияға онсыз да жеткілікті биік аралықты ағаш скамейкадан өз орнымды нұсқадым.

—Рахмет, ұлым... Қарт көзілдірігін алып, орамалымен жүзін, көзін, сосын көзілдірігін асықпай сүртіп, қайта киіп біршама отырды.

—Сенің казак екенінді мана алғаш көргенде байқаған едім. Қазақ десе, Қазақстан десе ежелгі бір күндер еске оралып, жүрегі түскір қазір де шымырлайды. Ия, көп уақыт, тым көп жылдар өтіп кетті оған. Ол кезде біздің де дәл өзіндей жалындаған жас кезіміз еді. Біз де көп оқыған, көп білетін тұтас бір халықтың бетке ұстаған азаматтары едік. Өмір деген, заман деген, оның толқыны ғаламат құбылыс қой, адам баласын, азамат басын қайда апармады, қайда қалдырмады.

Отызыншы жылдардың бастапқы кезеңі түрлі ұлт әдебиеттері мен мәдениетінің кең өріс алып, жаңа қаулап келе жатқан шағы болатын. Түрлі ұлттың әдебиет, мәдениет қайраткерлері Москвада жиі кездесіп тұрар едік. Менің қазақтың Тоғжанов, Жүргенов, Сейфуллин сынды ғазіз ұлдарымен кездесіп, достасуым сол жылдардан басталып еді. Айнымас, ажырамас дос боп кетіп ек олармен. Бәрі де тәтті түс елесіндей өтті, кетті. Сол тұста, сол бір жылдары Тоғжанов мені Москвада қазақтың Әуезов сынды мандай алды жазушысымен де таныстырып, табыстырып еді. Өзі бізден төрт-бес жас кіші, өте білімдар, өте мәдениетті, жылы жүзді, сүйкімді болатын.

Міне, енді біліп жүрмін, естіп жүрмін. Ол өмір мұратына жеткен бақытты адам. Дүние жүзіне даңқы кеткен жазушы. Бәлкім жаңа ұрпақтың бақытына шығар, тағдыр оны аман сақтады. Заманның ұлы толқынды дауылды жылдарынан аман өткізілді. Мен сол үшін алыста жүріп қуанамын. Тілеулес көңілмен, шаршаған жүрегіммен қуанамын.

Қайсы бір ұзақ жолдан оралғасын қайдағы қалған жастық шақ еске түсіп, бүгінде есімі бар әлемге мәлім болған ескі досымды, Мұхтарымды іздеп барсам, көрсем-ау, деген қиялда жүрдім, бірақ саулығым, қажыған жүрек мұршаны келтірмеді. Ал өзің неғып келдің мұнда, әлі тым жассың ғой?

—Ерте балалық шақта, соғыс жылдары, ала көктемде суық тиіп, ревматизмге шалдығып қалып едім...

—Е-е-е, солай де, ревматизм жабыскыш пәле, жүрекке жармасатын пәле. Ерте, ертерек құтылу керек онан.

Ол енді айтып біттім дегендей алтынмен жиектелген ақ көзілдірігін ақ орамалмен сүртіп, асықпай үнсіз отыр.

—Аға, мына кітап, — дедім мен алдымдағы жасыл мұқабалы екі томдықты көрсетіп. —Сол Мұхтар ағаның «Абай жолы» эпопеясы. Бүгін алдым.

—Көріп отырмын. Мана мен ала алмадым. Тым аз түскен көрінеді. Баздан да табылмады.

—Ендеше, аға, сіз кітап жайында ренжімей-ақ қойыңыз. Мен өзімдегіні сізге берейін.

—Көп рахмет, ұлым! Олай етсең шексіз құрмет болар еді маған. Мен кітапты бейтаныс қартқа ұсындым. Ал, қарт жалмажан қойын қалтасынан елу сомдық көк қағазды шығара берді.

—Ақшаңызды алмаймын ағай. Кітапты сатпаймын, жай сыйлық ретінде беремін.

—Жарайды. Онда былай еткін... —Ол қалтасынан енді алтынмен қапталған автоқаламын ұсынды. Кітаптың ішкі бетін ашып: мына жерге «Әли-Задеге» деп жаз да, қолыңды қой, сонда ғана ол сыйлық болады, нағыз сыйлық болады —деп кітапты өзіме кері ұсынды.

Су жаңа сытырлаған кітап бетіне «Әли-Задеге» деп өшекейлеп жаздым да, қол қоюға келгенде тұйыққа тірелгендей құйқа тамырларым дуылдап кетті. Барша жұрт маған қарап тұрғандай, әлдекім «Әй, балақай, Әуезов үшін қол қоятындай сен кім едің?» деп кейіп тастайтындай, ұялтып тастайтындай сезіндім.

Менің аз бөгеліп, қысылып қалғанымды аңғарса керек, қария жай күлімсіреп мейірлене қарады да:

—Сый кітапқа сыйлаушы кісі өз қолын қойып береді, ұялма, ұлым, — деп жымыды.

Мен қиғаштата сілтеп өз қолымды қойдым да, соңына: «Кисловодск, 26 январь, 1959 жыл» деген сөздерді жаздым. Осылай, ұлы аға қаламын берген ұлы шығарма «Абай жолының» Москва баспасынан шыққан екі томдағы менің қолымнан сонау бір қиырда кез болған әзербайжандық қарт профессор Әли-Задеге жол тартқан-ды. Ал, дәл сол жылдың көктемінде «Абай жолының» осы басылымы советтік реалистік әдебиетіміздің ең озық шығармасы ретінде Лениндік сыйлыққа ие болған еді.

Бұл әңгімені Мұхаң соншалық ықылас қойып тындады да, үнсіз орнынан тұрып кетті. Айналы есігі жартылай ашық балкон

терезесінен оттары сансыз жұлдыздай самсаған түнгі қаланың келбетіне көз жіберіп біршама тұрды.

— Сен бір үлкен адамдық, кісілік іс жасаған екенсің, Еркінбек, — деді Мұхтар жай сабырлы кескінде. — Кітабынның қолдан шығып кеткеніне ренжіме, сондай бірі табылар, — деп стол жанында тумбочка үстінде тұрған саквояжды ашып, Абайдың» 1957 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы онкүндігіне арналып Алматыда басылған әдемі қызыл мұқабалы кітаптың бірін алып стол үстіне қойды. Кітапты қолына алып, сәл ойланып, ішкі бетіне көк сиялы автоқаламымен әлденелерді жазды да, сиясы кепкесін кітапты жауып, орнынан тұрып, жымия күліп жақындап келді:

— Жарайды. Міне, кітабың орнына кітап. Кедринаның алғы сөзі ұнаған екен. Дұрыс делік. Ал, мұнда алғы сөзді Қаратаев жазған, оқыған ба едің?

— Жок, оқыған жоқ едім, аға.

— Ендеше, Қаратаевты оқы. Сен үйренетін, болашақ тіршілігіңе пайдасы тиетін көп нәрсе табасың одан.

Мұхтар аға сондай бір жүзі көктем күніндей жадырап жақын келді де қолындағы кітабын ұсынды.

— Рахмет, аға.

— Ал, енді сен Еркінбек, менімен байланысыңды үзбе.

— Жарайды, аға, рахмет.

— Ал, ендеше сау бол, жолың болсын.

Мұхтар ағаның бөлмесінен сыйлығымен бірге кеуде қуанышқа толып, ерекше күйде шығып, жайлап өз бөлмемізге келсем, ұзақ жол сапары шаршатқан Әділбай ағай мен Омекен тәтті ұйқыда екен. Таңның атуын күтуге тағат жетер емес. Түнгі қала оттарының күлгін сәулесі түсіп тұрған терезе алдына барып, кітапты ашып қараймын. Көк сиямен ақ қағаз бетіне түскен әр жазуы, әр сөзі ап-айқын көрініп тұр. Оқып қарасам, аға қолымен кітапқа қиғаштап, мына сөздер жазылған екен:

«Қадірлі-қымбат іні Еркінбекке Бірнеше жақсы күндерде бірге кешкен сапар және сыйластық достық белгісіне жазушы М. Әуезов, 1959 ж. 25 сентябрь. Кентау».

Салқын самалды сентябрь түні тым ұзап кеткендей. Таң атар емес. Ал, мен болсам ағамен болған оңаша түнгі әңгіме өсерінен, айыға алмай жатырмын. Әр сөзі құлақта, әр кимылы, жүрген-тұрғаны көз алдымда.

«Сен менімен байланысыңды үзбе» дейді. «Мұқан Төлебаев көшесі, 185-ші үй» деп адресін, телефон номерін де өзі айтып, жол дәптеріме жазғызды. Ол қай тұрғыда, қандай байланыс болмақ. Хат жазам ба, не жазам үлкен кісіні мазалап. Телефон соғам ба... Жо-жок, болмас, ол ұят болар. Бәлкім үйіне барғаным жөн болар, болмайды ол. Не деп, нендей шаруамен барам?

Осылай сан-қилы ой, шексіз қиялмен өзіммен өзім сырласып, атар танды да атырдым. Енді күнмен бірге көгілдір аспан көгіне көтеріліп, таңғы тұнық ауада, заңғар биікте келемін. Қолыма барша ғаламға аян, ел мақтаны Мұхтар ағаның сыйлығы.

Мен ұлы жазушы ағаның алдынан қымбат сый, ғажайып өшпес белгі ғана емес, бүтін бір өмірге жететін рухани байлық алып шыққанымды сезіп келе жаттым. Жүреkte ыстық толқынды лүпіл бар. Шар айнадай шағын иллюминатордан керіле түсіп жатқан кең далаға, сонау теріскейде көгілдір мұнар басқан Қаратауға, күн нұрына малынып жалтылдаған, алтын айдарлы Алатау келбетіне қараймын. Осылай қиял қанатында шарықтап келе жатып, мезетті жерге қалай жеткенімді де сезбеген едім.



БАБА-АТА ХИКАЯСЫ (*Шахжиһан – Бабурдың соңғы жорығы*)

Баяғы бір заманда, алыстан мен мұндалап көрінетін шаһардың көксүмбе, биік мұнаралары көз тартып, оның төрт құбылаға қараған зәулім қақпаларынан тай-тай шайы-пұл, азық-түлік, асыл жиһаздар артқан түйелі керуендер легі толассыз келіп, бұл бай өлкеден алынған қисапсыз малын айдап, шикі өнімдерін артып, қаздай тізіліп кетіп жатар еді.

Міне, сол бір жағы теңіздей телегей байлық, бір жағы ашкөз, зұлмат-зұлымдыққа толған тежеусіз – тентек дүниеде өмір шіркін, қалпын сақтап, бәйіз тауып тұрған ба еді?!

Шексіз нысапсыздық, қызылкөз қызғаныштық қырсығынан мына баршаға ортақ кең дүниеге сыйыса алмаған елдер көк найза, алмас қылыштарын қайрап, қаншама қанды жорықтарды бастан кешті. Сол бір жортуылды заманның зардабын сан рет шегіп, сан рет жермен-жексен болып, дүниеден жоғалып, қайта өрбіген шаһарлардың бірі осы Баба-ата еді. Ол соңғы рет, айтулы мың жеті жүз жиырма үшінші, барыс жылының көктемінде, Сыбан - Рабтан бастаған жоңғардың жойқын шабуылы кезінде күлге айналды да, еңсесін қайта көтермеді.

Енді көне шаһар көмбесі сан ғасыр сарабында сарғайған беттерін ашып, тарихқа тіл қатуға тиіс. Бұл жерде ескі орда, цитадель орнында қазба ісінің бірінші кезенін аяқтап, жақында астанаға оралған тарихшы-ғалым Елена Петровна Агеева жұмысынан Мұхаж хабардар еді. Енді ол бұл шаһар жайындағы ежелгі Эллада, Қытай жазбаларынан жеткен соны деректерді бүгінгі тарихшы ғалым ашқан жайлармен салыстырып, ой елегінен өткеріп алуды ойлап, қазбаның биік жарлауыт жағасына келді. Ол осы жерде қашанғы бір меніреу дүниемен жеке-дара тілдескендей, ойлы жанарын әлдене, тереңге жіберіп, қонырқай жүзі сұрғылт тартып, үнсіз, жұмбақ халде біршама тұрды.

Көне тарих пен мәдениеттің бар екендігін тағы бір қырынан барлап көргісі келгендей, енді бұл атырапты қоршаған тұл табиғатқа көз тікті. Жап-жақын жерде шаһардың ірге қорғанын айналып, мандайдағы қонырқай тас шатқалға жол тартып, кішкене таза бұлақ ағып жатыр. Бұл бұлақтың бергі беткейінде ескі дүниеден жеткен екі ғана ескерткіш – Ысқақ бабтың мазар күмбезі мен біркезде шығыс стильде өжері өрнегімен келістіріп салынған медресе үйінің тозып біткен қалдығы. Осы қашанғы

менсіз-меніреу дүние қалдығының жансыз құдіреткері іспетті шығыс жақтан, биік тастөбенің ұшар басынан қоқырайып, кара тас обаның нобайы көрінеді. Білетіндер бұл — «Тасборантөбе» — жазықсыз жанның қаны жүктелген қаралы оқиғадан қалған жалғыз, жансыз белгі деседі.

Бұл сияқты жер, үнсіз тарихтың ашылмаған беттері қашанда құлағы түрік — зердесі биік ел ішінде сан қилы аңыз әңгіме, қызықты хикаялар тудырып жататыны мәлім. Ел іші алтын кеніш деп, өткеннен сыр тартып, оны ой елегінен өткізіп, көркемдік сипат беріп сөйлету Мұхтар ағаның қашанғы қалыптасқан қасиеті. Өзгені сөйлете отырып, ретті жерінде сырлы сұхбатқа өзгеше нәр беріп, өзі де төгілте керемет мағыналы әңгіме айтып отырар еді.

Міне, бүгінгі көз көрген хал, көне Баба-ата тарихы, оның ғимарат құрылыстары мен қала сыртындағы «Тасборантөбе» жайы ойшыл да сыршыл жазушы ағаны толғандырмай қоймас. Кеш мезетінде, құм мен даланың шектескен шегіне айнала жазық жағалауын көкмайса майда құрағы көмкерген, жібек толқынды, көгілдір көл жағасына келіп тоқтаған Мұхтар аға мен оның қасына ерген жол серіктері жаңа, тың әңгімені туындатты.

Осы көлдің салқын лебінен тынысып, бір күнгі өткен жол мен кешкен жайды көгілдір дәптерінің жаңа беттеріне түсіріп болғасын Мұхтар аға:

— Жазирада көшіп-қонумен ғұмыр кешкен халық өткендегі бастан кешкенін, есте қалар елеулі оқиғалар жайлы сан қилы сыр, аңыз әңгімелерді мол қалдырып кеткен ғой. Олар көбіне мына тау мен дала өлкесінде жиі кездестіретін жер-су, қалған қоныс аттары арқылы жылдар, ғасырлардан, көне тарихтан сыр жалғастырып жатады. Мысалы мына мандағы «Қанжуған», шығыс Қаратаудағы «Алты сары», «Садырқамал» сияқты... Демек, мына біз көрген ежелгі Баба-ата маңы да ондай ашылмаған аңыз сырдан кенде болмаса керек еді деп, бұл өлкенің өткен-кеткенінен хабардар ел кісілерін сөзге тартты.

— Е, не дегеніңіз, Мұха, біліп айтасыз. «Адамның басы алланың добы» деп, алла атынан, шәрият атынан қаншама жандарды зындандарда шірітіп, қылша мойнын қыл арқанға іліп, дарға тартқан осынау қанқұйлы заманда хан билеген Баба-ата елі мен жері не көрмеді, не кешпеді, басынан, — деп бұл атыраптағы, көпті көрген сөзуар шешен кісі Кенжеғұл әңгімені іліп өкетті. Ол бейнебір топшысын қомдап, зып беріп, көкке шырқап кетер қызылкөз қаршығадай етек-жеңін жиып, жұтынып алыпты.

—О, пәлі, міне, сөйлегенде ашылар сөз арнасы деген осы.

—Иә, сондай халдың бірі, сонында мына қарабастың ызғырықты желіндей сарқылмайтын мұнды әуен қалдырып, манағы «Тасборантөбе» топырағына көміліп қала берген Үміт қыздың оқиғасы. Зұлымдық, сұмдық атаулы көбіне жақсыны, ел көзіне ілінген аяулыны табады. Ол былай болған.

Үміт құм қыстап, арқаны жайлап, Қаратау мен Ұлытау арасында қайтқан құстай қиқулап өмір кешкен елдің қызы. Бақ-дәулеті баянсыз дүние, бір сұрапыл қыс, сұмдық жұтта, малдан айрылып, әлсіз мешеу күйге түскен ауылдар, қанаты сынған қаздай болып, жаз жайлауына көше алмай, осы манда күнелкі тірлікте қалып қояды. «Өлеңді жерде өгіз, өлімді жерде молда семіреді», — дегендей, күйзелген ел күн көріс әрекетімен қарманып жатқанда бұл маңдағы Саудақент, Құмкент, Баба-атаның билеуші бектері мен бар-баданды саудагерлері жоқ-жұтаң ел ішінен бұрынғыдай мал мен пұл емес, енді адам олжалауға, қорғансыз, лажсыз әйел баласын олжалауға көшеді.

Сондайлардың бірі, Баба-атаның Шонай дейтін шіріген алып-сатар бай саудагер, өткендегі жұттың бұрқасын боранында ері қазаланып, тіршілік тауқыметі өзіне қарап қалған Бағаналының жесір әйелі Жанбикенің үйіне тап болады. Бұл үйдің жаңа бой түзеген өрімталдай көрікті көркем қызы Үміт балауса-балғын шағында сол Шонай байдың оқты көзіне ілігеді.

Мына түлкінің құйрығындай бұлаң қаққан жалған дүниенің жылысып өтіп бара жатқанын қарымды шақта қармап қалмаса, орны толмайтын өкініште көптен ойлап жүрген Шонайдың көктен іздегені енді жерден табылғандай.

Ол алдымен араға сөз жүгізді. Бұдан кейін мал мен пұл жүргізді. Мандайға біткен жарық жұлдыздай жалғызын, ақ тілеулі аяулысын жаманатқа кім қиятын еді. Әуелгіде жан жүрегі бір сұмдықты сезгендей үрке шошынған Жанбике арадағы арбаушы мен алдаушының айналасына жығылып мұрттай ұшты. Ақыры кешікпей жеткен көктемде, Жанбике ес жиған ел ішінде арқаға көшіп кетті де, талша мойнына залым байдың құрығы мықтап ілінген Үміт Баба-атаның қат-қабат қорғандарының ішінде торға түскен торғайдай қала берген.

Бірақ, аққу мен күшігеннің бір көлде өмір сүре алмайтыны сияқты,— Шонай Үмітке бай болып жарыптапты. Үміт оған қатын болып қарық қылмапты. Ен даланың шексіз шалқарында еркін дүние өрісінен өзге көргені жоқ, зорлық пен қорлықтан бейхабар

өскен жас келіншек, айнала биік бақса қорғандағы қартаң байдың үйіне келгелі бері өзін қапаста қамалғандай сезінген.

Әуелгі келіп түскен күннен бері оның жас жүрегін сыздатқан жалғыз нәрсе — мына кен дүниеде адам затына, әйел затына жалғыз рет берілетін өмірінің бақыты, оянбаған жалғыз махабаты. Ал бұл күндері оны қоршаған тіршілік, тәркі дүние — бәрі де бұған жат, жылусыз, нәрсіз, ызғарлы.

Тар кеудеде тұрағын таппай, бұлқынған ыстық жүректің не армандап, не іздейтіні, мына ұзақ түндерде түнекке қадалумен талып, кірбең көлеңкесі молайып бара жатқан әдемі тұнжыр көздердің не ойлайтыны, қатыгез қартаң байдың қанжар жанарынан қағыс қалуы мүмкін емес. «Аз күнгі сағыныштың сазы да кетер, бұғау қысқан асаудай бұлқынар да көндігер» деп ол жас сұлу алдында сыр білдірмеген. Басыбайлы әйелдің өмір тағдыры өз қолында тұрған соң іштегі ызғар, бітеу жарасын тұмшалап, сабыр сақтап көрген. Бірақ айнала қоршаған сұқты көз, алып кашпа сыпсың сөз қараңғы-қапас кеуде ішіне құйын ойнатпай қоятын ба еді. Өзекті тілгілейтін өсек, оның үстіне Үміттің басынан таяқ, көзінен жас кетпейтін күндер туды.

Жан жарасына тән жарасы қосылған жас әйелдің ендігі есі де, дерті де кету, тек қолұшын, достық қолын берген адам болса, мына жарық дүниенің көз жетпес қиырына кету болған. Сол арманы мұның алдынан алыстағы жұлдыздың көмескі жарығындай бір үміттің ұшқынын да көрсеткен. Ол осы Шонай байдың Құжантқа мал айдатқан, кезінде бірнеше рет жалға жүрген, Саудақент атырабында, Алшын ішіндегі жеке басты жылқышы жігіт Алтай еді. Бұлар, бай базаршылап, ұзап кеткен бір күндері кездесіп, табысты. «Өлсек сүйегіміз бірге қалсын» деп достық сөзін байласты. «Аттың жалы, түйенің қомы» дерлік асығыс, қарбаласта оқты көздерден оқшау, онаша түн жамылып, таң жамылып кездесіп жүрді. Бірақ көргіш көз, естігіш құлақтың қарап жатар күні болған ба? Салт атты жігіттің бұл жаққа келгіштеп жүргені, таң алдында жылуанды өрлеп, теріскейге жортып бара жатқаны көзге шалынып, ауызға алынып қалған-ды.

Бұл жай әлбетте, Шонай бай мен оның төңірегінің запыранын қоздырып, зұлымдық қылышын қайратпай қойған жоқ. Алтай мен Үміттің арасындағы мақсат бірлігі, арман ағыны бір арнада табысып, алдағы тағдырына тәуекел етер күні таянған сайын, бұлардың жолында құрылып жатқан қақпан да молайып, тұманы тұмшалай түсті.

Міне, осылай тырналар керуені алысқа тартқан, жылы өлкелерге бет түзеген қыркүйектің қараңғы түнінде Үміт буынып-түйініп, уәделі жеріне қарай бет алып, үйден шықты. Ауылдан ұзап, мезетті жеріне жетіп, Алтайдың жолын күтті. Келем, бір жүйрік саяқты жетекке алып, өлмесем жетем деген Алтай келмеді. Толқыны тулаған түпсіз теңізде, жалғыз қалқыған қайықшыдай үркініш-үрейге толы түнек түннің құшағында тұрып ол, дәл осы сәтте бұдан небәрі қозы көші жерде болып жатқан содырлы сойқан оқиғадан бейхабар еді.

Ал анығында, сол күні, сол сағатта зымиян есеппен оның жолын тосқан Шонай төңірегіннің бір топ сойқаншыл, сойыл соғарлары ымырт үйіріліп, жұлдыз туар шақта, Сауранның тар шатқалынан жазыққа шыға берген Алтайға қос қапталдан тиіскен. Қапылыста қаша ұрыс салып, құтылуды көздеген Алтай шарт-шұрт айқаста қарақшының екеуін аттан ұшырып, ұзай беріп еді. Бірақ дүрілдеген дүрмек ішінен қараңғыда қайыра сілтенген үзбелі шоқпар оны арындаған ат үстінен жұлындай жұлып түсірген. Аяусыз тиген соққыдан қара түнде қанға батып, ес-түссіз қалған жалғыз жігітке қайырылып та қарамай, қику ішінде құрық салып, қағып өкеткен қос жүйрікті олжалап кете барған.

Қара күздің қараңғы түнін жамылып, жапанда жалғыз қалған жас әйел ұзақ сарылумен көзі де, көңілі де талған, түннің бір шағында, Алтай келетін шығыс жақты бетке алды. Оның енді алды ашық, арты жар. Бұл беті оны қайда апарды. Оны ойлап жатар халі жоқ. Тек ертерек алысқа, мына қорлық пен зорлық жайлаған сүм өмірден көз көрмеске маңып кетуді тілеп, алға ентелей түсті. Түн ұзақ, шексіз дүние, беймәлім, бағыт-бағдарсыз басқан қадамы бірде биік шындарға бастап, бірде құзардан құлап бара жатқандай. Ол осы бағытында қанша жер жүріп, қанша жығылып, бір тұрып, бейне бір ұялас қасқырдың қуғынына түскен жаралы киіктей жан жүрегі алқымында бұлқынып, аласұрған халде алыстап кете берді.

Сол бағытында ол жер-өңірді басып, қуарған құла дүздің бір қиырына шығып кеткен сияқты. Бірақ анығында жаяудың шаңын, жалғыздың үнін шығармайтын меңіреу медиенде шын-шытырман жанталаста жүріп, қашқан ортасынан ат шаптырым да ұзап кете алмапты. Таң аппақ атып, тау өркештері күрең сәулеге малынған кезде, ол соқпақсыз ұзақ түнгі жол азабынан қалжырап, сандалып келе жатқан кішкене тар аңғарда, қолаттын қой тастарын жалап, сылдырай ағып жатқан шағын бұлаққа кез болды. Салқын таза сумен тер жуып, шаң басқан бет-жүзін шайып, тұнығынан тоя

сімірді. Онсызда талықсып-талған денеге аз кем тыныс беріп, ес жиып алмақ болды.

Арада сүт пісірімдей сәт өткен шығар. Қалжырап талған балғын жас, танғы жібек самалға елтіп, аркалығын бұлақ жағасындағы шомбалға сүйенген қалпы бір сәтке мызғып кеткені де сол еді... Артқы жақтан сатыр-сұтыр басқан көп тұяқтың дүбірі, дабырласқан адам даусы естілді.

Ол шошып оянып, жалт бұрылып қарап еді. Қанталаған бұлдыр дүние ішінде, ту сыртындағы тас төбеден сау ете құлап, дәл бір жемтік көрген құзғындай бел буып, білек сыбанған бір топ жандайшап қуғыншылар төніп келеді екен. Енді сол тежеусіз тентек тобыр шатқалды даң-дабыра, айқай-шуға толтырып, сатыр-сұтыр жетіп келген бойда қарқылдаса күліп үлкен қаракат көздері айналаға жалт-жұлт, қарап, айла-шарғысыз тұрып қалған жас әйелді қоршап, түсе-түсе қалысты.

Бұлар мына көкжонға қараған Сауранның адырында кешегі қара кеште Алтайды сойылға жығып, айдалаға тастап, түні бойы андыздай шауып, енді Үміттің ізін қуып келген Шонайдың жемтіктес жақыны Ұлтарак бастаған қанды қол қаракшылар еді. Олар бір басына еркіндік сұрап «ағатайлап» жалынған жас әйелді көз жасына қарамай, қолын қыл шылбырмен қайыра байлап, ат аркасына көлденең танып, Баба-атаға бет алды.

Ендігі оның тағдыры құдай емес, құдай атынан, дін ислам, құран, шәрият атынан сөйлеп, қандай қылмыс кетсе де өздері сүттен ақ, судан таза шыға келетін молда — ишан, билеуші бидің киіз кітабынан көрген айтар билігіне берілмек.

Баба-атаның биік қорғанының арғы жағында адамдық, азаттық дүниеден сауға іздеген адамның өзі де, үні де жете алмайтын самарқау сарай ішіндегі қазы-қазіреттер қайғымен қан жұтқан жас жанның аянышты халін ойлап, қабырғасы қайыспады. Олар мұндағы дала мен қаланың мал мен пұлдың буына мас, сасыған байбаламдардың: «бү, заманда адам да азғындап барады. Құран-шәриятты таптап, ақ некені аттап, тежеусіз, тексіз жүре берушілер молайды. Бұған қайткенде тыйым болады. Мына адал мал мен пұлды шашқызып, енді мекерлік жолға түскен жүзі қара зәндалақ күнәһардың жазасы не болмақ», — деген сауалына кесім айтуға асықпады.

Олар ақ киіздің үстіне кітап ашқызып, көздерін шарт жұмып, тасбих аударып, төрт күн күнә мен жаза жайын кеңесті. Төрт күн бойы нәр татпай, суды да қабыл етпей, қараңғы қапаста тағдырдың

тек өлімін тілеп, қарғыс атқан мына сұрқай сұм дүниеден ертерек кетуді тілеп, жан азабын тартқан жанның не халде екенімен істері болмады. Тек бесінші күні таңертең памдат намаздарын оқып болғасын олар Исхақ-баб мазары мен медресе мешіті алаңына жиылған қалың тобыр алдына шығып, алланың атынан, шәрияттың атынан айтылар үкім-жазасын жария етті. Сол үкім бойынша дініслам, шәрият алдында күнәһар болып табылған Үміт өлім жазасына, өлім болғанда, қаншама хан заманнан бері каталдық орныққан көне Баба-атада, көбіне-көп қолданған дарға асу, зынданға салудан ала бөтен, көптің, қараңғы қауымның қолмен тасборан қып өлтіру жазасына кесілген еді.

Міне, енді қара күздің теріскейден ызғарлы өкпек желі ескен қара кешінде, шаһардың шығыс қақпасынан қос өгіз қосқан биік қос доңғалақты Қоқан арбасы да көрінді. Оның үстінде қынайбел ақ көйлегі омырауына тарқатылған қос өрім қара шашы ашылып, әл кетіп, сүлдесі қалған тұлғасы қыл арқанмен арбаға таңулы әйел бейнесі келе жатыр. Айнала найза, қылыш ұстаған айдаушылар ортасында келе жатыр. Биік қақпаның шыға берісінде тізерлей отырып, қос қолдарын көкке созып: «Сауға, сауға» деп шулаған қалыңды ортасынан қақ жарып кетіп барады. Олар алдағы бұлақтан өтіп, кішкене шатқал арқылы алдағы қоңырқай қара тасты доңғал төбені бетке алды. Бұл кезде төбенің ұшар басында күйелі дінгек орнатылып қойылған еді. Арба бергі етекте тоқтап, одан шешіп алынған, әлсіреп талып, есінен танып, мүлде жүруден қалған әйелді екі сарамжал сақшы қос қолтықтан көтере сүйреп, күйелі дінгекке арқалығын бере қыл арқанмен шандып тастады.

Енді осында шайқы-сопы, қазіреттер бастап келген, ішінде Шонай байдың өзі бар. Көркөкірек, надан топ, оған ілескен соқыр сезімді тобыр жерден бір-бір тас алып, ақыреті сапарына кететін «жүзіқара күнәһарды» атуға тиіс. Көк сәлдесінің екі ұшы етегіне салбырап, көкала шапанның қос шалғайы жалбырап жайылған, кәдімгі құзардағы таз қаракұс пішінді Молда-Насрулла ентелей алға шықты. Ол қарабауыр қанжар сақалы шошандап, аузы біреп жыбырлап, өлесі пенденің иманын үйірді де, бір нәрсе деп бетін сипады. Осыны күткен алдыңғы бай жуандар тобы жерден бір-бір тастарын алып, атуға ыңғайлана беріп еді, арт жақтан жан ұшыра зарланып келе жатқан ашы әйел даусы естілді.

—Ойбай, бауырым, ойбай жалғызым... Оған «Тоқтат, жауыздар» деген ер кісінің өктем үні жалғасты, —Тоқтат, атана нәлет, құзғындар!

Бұларға ортасынан жарыла жол берген қалың тобыр ішін қак жарып, сүріне-қабына ұмтылып, өң-жүзі өрт сөндiргендей сүп-сүр, қағылез, қара әйел және шидем шекпенінің омырауы арса-арса, қамшысын бүктей ұстаған қапсағай тұлғалы ер кісі келе жатты. Бұлар Ұлытаудан ылди көшіп, Жетіқоңырда табысып, Қаратау жағымен құдандалы болып, кері қайтысып жататын Бағаналының осынау бір жылдары мына Үштөбе жағындағы уак ішіне ұзатылған қызы Үміттің жақын әпкесі Дариха мен күйеуі. Әйгене маңын қыстайтын шаруагер ауылдың мықты азаматы, атбегі, шабандозы Қалқабай еді.

Қалқабай жолында қалбандаған қалпе, сопыларды жапырақтай жапырып, күйелі дiңгекке жетті. Ол өткір қара сапысын қынабынан суырып, қыл арқанды турап-турап жіберді. Тал бойы дiңгекке танулы Үміттің арқан қиған талдырмаш суық, жансыз денесі сылқ етіп, Қалқабайдың қарулы құшағына құлап түсті. Оған енді қастың да, достың да қажеті жоқ еді.

Үміттің денесін қарулы қос білігіне шалқалай салып, топырлаған тобырды қак жарып кетіп бара жатқан Қалқабайдың соңынан Дариханың кешкі қара желмен қосылған зарлы даусы жаңғырықты.

Қуарған ку дүние,

Құлынымды алып, тындың ба?

Жалғызды жұтқан сұм дүние,

Жұлынымды үзіп тындың ба?

«Тоқтат!» Өшір үнін бейбастың!» деген әлдекімнің қырқыраған үні естілді. Бірақ оны абыр-сабыр араласып, қойдай жамыраған жұрттың қалың дүрмегі жұтты. Қаратөбенің үстінен ылди ойысқан сол дүбірлі дүрмек, ұлтанға жеткен кезде жел кезіп, ұлардай өлкенің үстін тағы бір қаралы түннің пердесі жапқан еді.

Содан бері қаншама керуен көшіп, не замандар өтпеді. Көне Баба-ата жұртына қаншама көктем келіп, қаншама күз кетпеді. Бірақ, зорлық пен қорлық жайлаған осынау өткен дүниенің ұрпаққа қалдырған белгісі сияқтанып, Тасборантөбе атанған қара дөннің үстінде, ызғарлы қара күздің кешінде өн салатын қара жел баяғы боздауынан танған емес.

Иә, қияндағы көл жағасында бұдан көп жылдар бұрынел көриесі Кенжеғұл айтып, ұлы жазушы тыңдаған Үміт оқиғасының көркем желісі осылай еді.

Мұхтар аға бұл әңгімені айтушыны барлай, көз қиығын тастап қойып, баппен тыңдады. Өзі баз-баяғы сабырлы, салқын қалпы. Терен ой дариясына сапар шеккендей үнсіз отыр. Көз алдынан тарих тағлымы, алдына тартқан, қаншама жылдар қиялын тербеген және өз қаламы дүниеге әкелген ғажайып тұлғалар қайта бір көрініс беріп, өтіп жатқандай. Ол бір сәт ойланып отырды да, жайма-шуақ әңгіме сүрлеуіне түсті.

—Ел тарихы, күллі әлемнің өткен-кеткені, ондай халдің қаншасын бастан кешті. Өмірдің мұндай трагедиясы ел-елдерде, әсіресе феодалдық деспотизм ұзақ үстем болған Орта Азия, Таяу Шығыс елдерінде көбіне-көп болып тұрды. Мысалы, Ләйлі-Мәжнүн, Шахсенем-Ғарип, Тахир-Зухра, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Енлік-Кебек... Енді, міне, Үміт хикаясы. Мұның өзі кезінде әйелге деген халық махаббатының қаншама асыл дастандарын, ғажайып сырлы сәулет, мұраларын қалдырды. Міне, енді бұл айтылған Үміт трагедиясы, ол туралы халық есінде сақталған сөркем дастан, оған арналған ел ілтипатының өшпес белгісі. Анығында әйел затына деген халық махаббаты — ол шексіз махаббат. Солай болғанмен бүгіндерге шейін біткен іс, көрсетілген құрмет әйел заты алдындағы ұлы қарызды ешқашан өтеген емес. Әсте оны толық өтеп шығу да қиын болар.

Ұлы құрмет дегеннен шығады. Бұл сынды әңгіме кейде мына ел-елдердің әдебиет өкілдері арасында өткір әзіл, даулы айтыстар тудырып жатады. Мұндай халді осыдан біршама жыл бұрын өзім де бастан кешкенім бар, — деп Мұхаң әлдебір көңілді жай көз алдына келгендей нұрлы көздері жайдары жарқырап, жүзі жадырай түсті...

Иә, Шығыс тақырыбы шынында Мұхтар ағаның жетік білетін, сүйген тақырыбы. Оның қайсыбірі қырлы, қиясына салса да, төрт аяғы тең жорға, шын жүйріктей, шаң шалдырмайтын жайы бар. Сол өнері, білімдарлық өнері, оны өткендегі бір сөз сайысында мәртебе биігіне алып та шыққан.

Бұл одан біршама жыл бұрын болған жай еді. Евразияның әлемдік даңқы бар қайраткер ақын, жазушыларының үлкен бір тобы Алтын Прагада кездесіп, осы заманғы соғыс пен бейбітшілік проблемаларын, әдеби, мәдени қатынастарды талқылап жатқан күндер болатын. Сол кездесуде әйгілі Луи Арагон, Тихонов, Гоможо, Корнейчук, Зегерс, Маргарита Стювер сияқты көп майталмандар қатарында кеңестік шығыстың ірі өкілі Мұхтар Әуезов те бар еді.

Бірде Прага Ратуштыңде болған қабылдау кешіндегі үлкен үзілісте, кең интерьерде батыстың бір топ жазушылары әңгіме дүкенін қыздырып жатты. Бұлардың арасында Арагон да бар болатын. Сол Арагон бір сәтті орайда қасына өзінің байырғы досы Әуезовті шақырып, оны қарсы алдында отырған әйгілі швед жазушысы Маргарита Стюверге таныстырды.

—О-о-о... Ау-эз-ов дейтін Шығыс әдебиетінің майталманы сіз екенсіз ғой! —О, керемет-керемет! —Стювер ізетшілігіне қоса іркілуді білмейтін, юморы өткір, ашық жан. Ә дегеннен әзілі аралас сынқылдай күліп, Мұхана тиісе сөйледі. —О, ғажап, міне енді Азия деспотизмінің тірі куәгері Сізді де көріп отырмын. Айтыңызшы, қымбатты Ау-эз-ов, Сіздің шығыста әйелді қорлау арылды ма, сірә.

Бұл сипатты төтен, әрі әсіре сауалға не айтуға болады? Әсте, әсіреге әдемі аңыз-әңгімемен жауап қатқан оң болар. Ол қабағы кірбің тартып, аз ғана ойланып тұрды да, көңілді кескіні қайта оралып сөйлеп кетті.

Біріншіден, қымбаттым, Сіз айтып отырған «әйелді қорлау» дейтінің біздегі бүгінгі әлеуметтік тұрмысқа қатысты жоқ нәрсе. Оны тудырған феодалдық деспотизм екенін білесіз. Ендеше, жауапты сол ежелгі шығыстағы феодалдық деспотизмнің өзінен бастап көрелік.

...Дүниелік тарихта адамның қанынан өзендер ағызған, бас сүйегінен мұнарлар тұрғызған Ақсақ Темірден өткен қатал да озбыр адам болмағаны мәлім. Сол Темірдің немересі Омар Шейхтан тараған алтыншы ұрпағы Шахжиһан Бабур Ұлы бабасына тартқан, қылышынан қан тамған, қаһарлы қара дауыл падишах еді. Ол өз заманында күллі Орта Азия жеріне Солтүстік Үндістанды қосып, Ұлы Моғол империясын уысында ұстап тұрды.

Бірақ адамның шексіз нысабы мұны қанағат етпеген. Сол өлемнің патшасы Шахжиһан күндердің күнінде жер қайысқан қалың қолын бастап, құлазыған шөл, шексіз өлкелерден өтіп, батыстағы Қызылбастың елін шауып, адамын қынадай қырып, шаһарларын қиратып, ұлдарын құл, қыздарын күң еткелі келе жатыпты.

Ел шегіне өткесін бұлардың алдынан сылдырап аққан суы бар, жайқалып тұрған нуы бар, көк майсалы майдам жазық кез болыпты. Мынадай шын пейішті көрген падишах ертеңгі қырғын соғыс алдында әскерлеріне кәусар ауада демалып, тынығуға бұйрық беріпті.

Міне, енді мақпалдай жұмсақ айлы түн, айнала келісті кең дүние

шыркау көктен құйылған күміс нұрға шомған. Сол ақшұғыланың астында, оңаша орнаған биік ақ шатырының төрінде, қанқызыл парсы кілемнің үстіне орнаған көшпелі тағында тыныстап, әлем падишағының өзі отыр. Айқара ашық есіктен мына сиқырлы сұлу түннің келбетіне қарайды. Ой шарықтап, ұйқы алыстап кеткен.

Бір кезде сырттан шолғыншы жасағының бастығы Сұлтан-Жахия падишахқа тағзым етіп, Орда шатырдың сыртына елшілер келгенін хабар етіпті. «Келсін» — депті падишах. Келген елшілер, астына ылғи акбоз араби арғымақ мінген, үстіне ақ жібек киіп, басына ақ шалма тартқан, қолына ақ жалау алып, ақ түн астында Шахжиһанға Бақтиери уәлияты бегінің жаннан асқан сұлу қызы Мұмтаз-Бегімнің арнайы сәлемдемесін алып келген, көшпелі Бәдәуи тайпасының бір топ сымбатты жігіттері еді. Елші басшысы қияқ мұртты, қынай бел керім жігіт Нұр-аддин Мансұр сәмбідей иіліп тағзым етіп, Шахжиһанның алдында жана ашылып келе жатқан бірі ақ, бірі қызыл екі тал раушан гүлі және түнгі күнгірт сәуледе құбыла жалтылдаған алмас семсер оралған ақ жібек орамалды жайып салыпты.

Осы сәтте Шахжиһан жанына келтірілген оның ең сенімді уәзірі, ақылгөй Садыр-аддин Мәлік, терең ойға шомыпты да:

—О, Ұлы падишах, бұл қыз жаннан асқан ақыл иесі, парасатты жан екен. Мына жұмбақ сәлемдеме — «О, Ұлы падишах, алдында ақ тілеулі сұлу бегім қыздар тұр. Соларды мына ақ семсермен қызыл қанға бояп, өте алар ма екенсіз» дегені, деп басын иіпті.

Қыздың ақыл-парасаты қаһарлы падишахты терең ойға батырып, қайран қалдырыпты. Ол елшілер арқылы Мұмтаз Бегімді осы айлы түн астында, осы ақ шатырда кездесуге шақырып, сәлем жолдапты.

Ылғи акбоз әсем арғымақ мінген, сұлу бегімдерін ілестірген Мұмтаз-Бегімді Шахжиһан сол түні шатырының алдында қарсы алыпты. Қыз бен падишах ол түні не туралы сөйлесті, не жайында кеңесті, көріп, білген пенде жоқ. Тек жойқын жорық, сел болар адам қанын күткен сол таң керемет сұлу, тәтті тыныштық сыйлаған махаббат таңы боп атып келе жатыпты. Сол таңмен бірге шатшалыман құдандалы екі елге қой үстіне бозторғай ұя салған бір жақсы күндер орнапты.

Өмір керуен, мәңгі-бақи тұрақтап қалған пенде жоқ. Ұлы моғолдар елінде ажалды жеңген ізгі жан Мұмтаз-Бегім де гүл көрікті шағында дүниеден өткен. Ол өлгенде, көршіле екі елді қатерден, қырғыннан құтқарған, жауласушы жұртты достыққа,

татулыққа апарған тірі шаһаризададан айрылды, деп күллі Үндістан әйелдері жылапты. Көрші елдердің әйелдері көз жасын төгіпті. Сонымен бірге сол елдердің әйелдері соның аруағына мемлекет қазынасына қосуға бар қымбат, асыл затын да құрбан етіпті. Мұмтаздың адамдық, адалдық қасиеті, ақыл парасаты мен ұлы махаббаты алдында бас иген Шахжиһан өзінің өктем жарлығын, империясының күш-қуатын, алтын қазынасын, енді асыл бейне Мұмтаздың аруағына арнапты.

Ол қол астындағы шаһарлар мен алыстағы Иран, Пакистан, Шам елінен он сегіз мың сәулетші ұста, шебер зергерлерді жиып, қасиетті Жамна өзенінің жағасына Мұмтаз-Бегімге арнап, ақ мрамордан мазар орнатуға бұйрық етіпті.

Айнала көк аспандай мөлдір хәуіз, ортасында гранит аралы үстіне ақ мрамордан өріліп, алтынмен зерленген бұл алып құрылыс жұмысы жиырма екі жыл бойы толассыз өлшеусіз салынды. Оған адамның көз жасы мен алтын, асыл қазына өлшеусіз төгілді. Таза ойдан туып, қиял жетпес шеберлікпен біткен бұл ғажайып ғимарат жер бетіне үстемдік пен махаббаттың жырын жырлап тұрғанына қаншама заман өтті. Сәулет дастаны, тастан қашалған поэма, сарайлар Тәжі-Тәжмаһал тәңірдің өзі құрыштан күйған құдіреттей мызғымайды.

Адамзат тарихындағы адам қолымен жасалған сәулет өнерінің ең асыл, інжу-маржаны — оны кастерлеген, халық құдіретін құлдық ұрған адам баласы оны әлемдегі жеті кереметтің бірі деседі. Егерде әлдеқалай сол жетілік іші оған тарлық етсе, оның сегізінші екеніне бұл дүниеде дауласар жан табылар ма екен сірә?

Ал енді қымбаттым, тағы да есіңізге салайын, бұл сипатты ғаламатты дүниеге келтірген, жарық сәулетті өмірге, елге, деген шексіз парасат, махаббат алдында бас иген адам, феодалдық шығыстың ең қаһарлы, ең қатал падишағы Шахжиһан еді. Бұл әзірге әйел затына арнап орнатылған әлемдегі ең алып, ең қымбат ескерткіш деп танылып отыр. Ал сіз, қымбатты Рита, осыған пар келетін, осыған теңдесетін басқа бір ескерткішті айта алар ма екенсіз?

—О-о-о, бұл керемет... —Чудоо... бұған теңдесетін бір ғана керемет бар, ол теңдесі жоқ тапқыр, шығыс әдебиетінің бүгінгі көшбасшысы Ау-эз-ов, — деп өзілқой сымбатты Стювер сынқылдай күліп сүйріктей салалы қолын ұсынып Мұхана бет алғанда, бұл ғажайып қактығысты бастан-аяқ міз-бақпай тындап отырған достары дуылдай күліп, сатырлата қол соғып жіберген еді.

ҚАЙРАН СӘКЕН

*Талай сыр, ертегіні ел айтады,
Ызыңдап таудан соққан жел айтады.
Сырласып, сыбырласқан жапырақтар,
Күндіз түн күңіренген көл айтады.*

Сәкен

Бұл өлкенің жібек желі Сәкен деп желпіп, Құзар таулары Сәкен деп күңіреніп тұрғандай. Ай астында керілген байтақ дала, кербез шыңдар сол бір алыс, өткендегі сырлы жаздан сыр тартқан баз-баяғы қалпында.

Жаз еді. Бұдан үш мүшел бұрын, ұшан дала, ішкі жайлауларға сыймаған, сыйыса алмаған кара құрым түліктің жайы дүрк көтерген топ жолаушы Шымкенттен шығып, Созақ жерін бетке алып келе жаттық. Топ жетекшісі Созақ ауданының хатшысы сырбаз жігіт Қожамсүгіров Ахмет және обком бюросынан өкілдік алған байырғы журналист, облыстық газеттің редакторы Байтұрсынов Мәди аға. Бұл сапарында бұлар Бетпақты көктеп өтіп, Сарысу атырабы, Қоңырдың құмдары, Сарыарқаның салқын өлке, сансыз жайлауын көріп қайтпақ.

Бағы бір заманғы керуеннен қалған Ақалай жолымен арқаны бетке алған жолаушылар, құм мен тұздің бұлаң құйрық соқпағын басып, кеш әлетінде төменгі Шудың еспе тұсындағы — «Көкмұрын» жайлауына жетіп, ат басын тартқан-ды.

Төменгі Шу өлкесі ол кезде суы бүгінгідей тартылмаған. Қарасу иірімдері маңы тірелген нар қамыс, жазықты кең алқаптар, балқұрағы сыңсыған берекелі де бейілді. Қайда қарасаң да кешкі самалда бұйра толқынданып шалқып жатқан көкмайса. Сол жазықта әр тұста егіз қонып, топтана қоныс тепкен Созақ елінің малшы ауылдары. Көз тойып, көңіл шалқиды.

Қоналқыға түскен үйіміз байырғы бақташы Жотабайдың үлкен шаңырағы, көпті көрген көненің көзі, барынша қонақжай боп шықты. Оның үстіне келген жеріміз қыр мен ой, Арқа мен



Қаратауды жалғастырған қашанғы қара жолдың үстіндегі жер кіндігі — «Көкмұрынтай». Мұндағы Келден батырдың қыстау орны қайдағы бір өткен-кеткенді қозғап, көңіл тербетті. Май шам жарығында кешкі шай үстінде жан-дүниенді сиқырлап қиялға қанат берер сан алуан әңгіменің арнасы да ашылды.

Құдай ондағанда бізге Созақта қосылып жолбасы міндетін алған мал маманы Жүсіпов Өмірзақ та, ауыл дәрігері Мәркембаев Сәттібай да Арқа мен Бетпақ осы Шу бойының жолын да, елін де жақсы білетін бұл өлкенің өткен-кеткеніне жетік боп шықты. Әсіресе Сәттібайдың сөзі дәмді Ел мен жер тарихына келгенде әңгімеге сынаптай сырғиды.

—Көкмұрынтай өйгілі Исаның «Кұралай сұлуы» туған жер ғой шіркін. Несін айтасыз. Қазақтың сырлы да мұнды тарихын дастан еткенде Исаға жан баласы жеткен бе, еді.

«...Келденбай бұл өңірден тандап алған,

Көкмұрынтай өзенін мекен қылған.

Ол өзен Шудан аққан бойыменен.

Батысқа өлкені өрлеп кетеді арман...» — деп жырға қосқаны осы «Көкмұрынтай» емес пе еді — деп бір қайырып

—Сондағы бұл жиһаннан армансыз жан іздеген диуанаға сыр шаққан батыр бабамыз Келденнің жұрты осы. Келденбай қыстауы мына тиіп тұрған жер — Тойтөбенің сыртында.

Оны былай қойғанда, бұл «Көкмұрын» Арқадан Созаққа құлап, Қаратау асқан кешегі қызыл сұңқар Сәкен ағаның көзін көрген, өшпейтін ізі қалған қасиетті мекен ғой — деп бір тоқтады.

Бұған шейін әңгімені Сәттібайға қиялай көз салып жамбастап жатып тындаған Мәдиге Сәкен аты естілгенде басын оқыс көтерді. Өзі Ақмолалық арғын, Сәкенмен жерлестік-туыстығы бар сөз қадірін, ел қадірін ардақтаған кісі., қос жанары жасаурап толқып кеткен жайы бар. Алтын жиекті көзілдірігін ақ орамалмен біреп сүйкеп қайта киіп Сәттібайға қарап:

—Сіз Сәкен дедіңіз бе, қайта айтыңызшы осы әңгімеңізді, — деп одан көз алмай ақ жастығын қомдап өрленкіреп отырды.

—Иә Мәке, мен өзге емес, қазақтың мандайына ерек біткен жан аяулы Сәкен Сейфуллин ағамыз жайында айтып отырмын.

—Ал.

—Сол Сәкен Колчак түрмесінен кашып шыққан сонау дауылды жылдары, жолай ел аралап совет сөзін сөйлеп, қазақ азаматтарын елдікке-бірлікке шақырып Арқа жерінен мына Бетпақты басып екі ұдай сапар шеккен ғой. Әуелгісі қыс кезі сары

аязда жоғарғы Шу жағы Камқалыға тоқтап сонда ойықтан шыққан Сүйіндік деген жігітті жолбасы етіп Әулиеатаға барған.

Ал екінші сапары келер жылдың жазында осы «Көкмұрынтай» арқылы Ақалайдың жолымен біздің Созаққа өткен. Созақта ол кезде атақты Әйгелді датқаның әулетінен шыққан милиция нәшөндігі – Тәукебайды қасына ертіп жүріп бірнеше күн Созақ маңындағы тау жайлауына көшіп шыққан ауылдарға барып, жас азамат, қазақ қыздарының басын қосып, оларды жана өмірге егелік етіп, өнер-білімге талаптануға шақырып, жалынды сөздер сөйлеген екен.

Сол жылы Сәкенді көргендер, шіркін-ай, неткен келісті азамат еді. Мойылдай қара шашын қайыра бір тараштап, қоңырлау даусын биік көтеріп, жұртқа қарап сөйлеп кеткенде, танадай жарқыраған екі көзі оттай жанып, күнқақты қоңырқай жүзі нұрланып кетер еді, – деп тамсанып отырат еді.

–Қайда енді сол Сәкенді көрген Сүйіндіктер мен Тәукебайлар?

–Сүйіндік ол біздің елден жоғары, күншілік жер қамқалылық қой. Кешегі алапаттан аман қалса, тірі жүрсе, сол елінде шығар... Ал, Тәукебайдың өмірін тағдыр басқаша шешкен.

–Қалайша?

–Кешегі өткен Қалашекін дүрбелені туып, кәмпіс басталғанда, ел ішіндегі әлдекімдер: «Мынау атақты Әйгелді бидің немересі» – деп көрсетіп, басқа бұлт үйіріле бастағасын, қызметті жиыстырып, бас сауғалап, Тәшкент асып, Тұзақ жағына ығысқан еді. Бірақ өкіметтің құрығы кашқанды құтқарған заман ба, отыз жетінші жылғы қанды науқан кезінде «Сәкеннің досы, халық жауы Сәкеннің құйыршығы» – деген сусылдақ-суық сөз оны сол Тұзақ жерінде тауып, ақыры сол жақта ұсталып кеткен деседі.

Сәттібайдың мына сөзінен кейін Мәди-аға жүзі қарауытып, үнсіз қалды. Тек жанында өңгіме басталғалы қойын дәптер, қаламымды ынғайлап, әр сөзді бағып, онтайлы отырған маған, естідін бе, – дегендей, иек көтеріп, қиялай бір қарап қойды.

Ой бағып, жол тоздырған тынымсыз жас тілші үшін ел тағдыры, адамдар тағдырына іздеу салғаннан биік мұрат болған ба! Өзім сонау бала шағымда көз ашып алғаш көрген, соғыстың сұрапылды жылдары бес күн жанынан қалмай, жолсерігі болған тірі қаламгерім, әйгілі дастангер-дүлдүл Иса Байзақовпен қатқабат аты аңыз болған Сәкен жайы қозғалғанда мына кең дүниеге сыймастай халге түскенмін.

—Япырым-ай, неткен сәйкестік, неткен сәттілік бұл. Ұлы дала шалқарын шарлап жүріп, мына шебер дүние, қазақтың екі бірдей жарық жұлдызы Сәкен мен Исаның ізіне қалайша салды бізді? Сүйіндік қайда? Бар ма екен, мына құпия сыры таусылмаған шетсіз-шексіз дүниеде. Тәукебай — Сәкеннің досы, жалынды жастық шақтың серігі қайда екен ол? «Құйыршық» боп атылып кетті ме екен шынымен? Екі серік екі есім. Сол сырлы жаздың шешілмеген жұмбағы, кішкене жол дәптерімнің бетінде қала берген.

Арада көп жылдар өтіп, жетпісінші жылдары ғана Мойынқұм сыртында құм мен Шудың Бетпаққа астасқан шегіндегі байырғы ел мекені — Қамқалыға жолым түскен. Әдейі іздеп барғаным Сүйіндік қой, әрине. Сол әулие көрген кереметті кәрие жетпіске келген шағында, туған жері топырағында қарсы алдымнан кездесіп еді.

—Сұрағаның балам, Сәкен ғой, әрине. Айтайын. Ол дүниеге бір келер, ағып тұрған ақындық таза өнеріне кескін-келбеті, сырбаздығы, кербездігі келіскен ерекше бір жан еді. Небары төрт күн жанында болдым. Өзі үшін емес, туған елім, қазағым деп жалындап тұрған жас еді. Ол кезде менің де жиырмаға жаңа ілінген кезім ғой. Маған оның сөзі де, өзі де бір керемет боп көрінген. Қыс кезі еді, жер бетін ұлпа қар жапқан, қылшылдаған аязды кез еді. Осы Қамқалыдан жоғары Қамсақтыны өрлеп, Асы тұсында арғы бетке өткізіп Әулиеатаға жеткізіп салып қайтқанмын.

Әр кез, әр тұста жалт етіп бір көрініп, қайта кездеспеген сол бейненің өшпеген елесі жайлы алыстағы шаруагер жанның таза, үлкен жүрегінде қастерлеп сақтап келген бар сыры осы еді.

Арада тағы да көп жыл өткенде біздің Шаянда баяғы шарапаты мол Мұхтар аға салғызып берген, оған өз аты берілген үлкен мектептің тоғызыншы класында оқып жүрген біздің Нұржамалмен бірге оның кластас достарының бірі сүйкімді ақсары қыз Ләззәт келіп сәлем беріп жүруші еді.

—Аға, деді бірде Ләззәт қарақат көзі нұр жайнап. —Сіз біздің атамды білесіз. Атамды кітабыңызда жазғансыз.

—Атаң кім еді сенің, Ләззәт?

—Менің атам Сүйіндік. Мен сол атамның қызымын. Фамилиям да Сүйіндікова, сол атамның атында. Атам Сәкеннің досы болған.

—Е-е, солай де Ләззәт. Атаң сенің Сәкен сынды бүкіл халқы ардақ тұтқан адамның қаламымен тарихта қалған адам. Атаңа

әнеу бір жылы іздеп барып, сәлем беріп қайтқанмын. Мықты еді. Одан бері он жыл өтіп кетті. Қалай саламаттығы жақсы ма атаңның? Қамқалы мен Шаян арасы недәуір қашық жер. Өзін қалайша Шаянға келіп қалғансын?

—О, атам биыл сексенге келді. Дилы, тетік. Әңгімені жақсы айтады. Әрдайым Сәкен досын еске алып, «жақсының шарапаты» — деген деп келген ағайынға Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуі» мен Сіз жазған «Келіншектауды» көрсетіп, міне, менің атым осы кітаптардың ішінде деп көңілдене сөз етіп отырады. Былтырға шейін атамның қолында болдым. Өзімнен үлкен әпкем ұзатылып, тұрмыс құрып, осы Шаянға келген. Сол кісі атама айтып шақыртып, атам ризалығын берген соң, осы әпкеме келіп, осында оқып жүрмін.

Бұл Сәкенмен дидастар, сапарлар, дәмдес болған қарапайым ел адамы бауырында тәлім алған жасөспірім қыз әңгімесі. Ол балапан-балғын жүректен шыққан ешбір қоспасыз, қыр гүліндей сезімнен туған қысқа ғана болса да, Сәкен сөзін сөйлеген, Сәкен жырын жырлаған қыр елінің бір қызғалдағы іспетті көрінді маған.

Сәкен жайындағы менің ізденіс әрекетім, тапқан таянғаным осы шығар. Өмірдің бұйырғаны осы болса, бұдан да шүкір деп қаншама жылдарды артқа салдық. Бірақ, «алтынды саз астында кір шалмайды» — деген, бұдан жетпіс үш жыл бұрын, жаңа дүние таңында сол бір ғажайып жанның сары сахараға салған ізі, тау ішінде қалдырған сазды үні өшпеген екен.

Палата есігі жайлап ашылды да, жеті-сегіздер шамасындағы томпиған торы бала көңілді кескінде қол ұсына сәлем берді.

—Иә, атың кім сенің?

—Алмасбек.

—О жақсы жігіт екенсің, — Кімнің баласысың, Алмасбек?

—Атамның.

Осы сәтте кең есіктен Алмасбектің атасы да көрінді.

Жас құралпы алпысты өрлеген, тіп-тік енселі, биік тұлғалы, аққұба жүзді көкбурыл шашты келісті кісі сәлемдесе орындыққа жайғасты.

—Кешіріңіз, Ер-еке, біз өзіңізді іздеп сонау Сырдың арғы жағынан — Жетісайдан аманат жүгін арқалап, арнайы шыққан адамбыз. Өз атым Бейсенбай, әңгімені бастамас бұрын, Сізге жазған досыңыздың сәлем хатын берейін.

Ол қойын қалтасынан конверт алып ұсынды. Ашып көрсем, хат өзге емес, жиырма жылдай өзіміздің «Оңтүстікті» басқарған байырғы қаламдас қанаттас жолдасымыз Әмірсейіт Әлиевтен екен:

«Мына кісі — деп жазыпты Әбекен, — еліне еңбегі сіңген әйгілі Әйгелді датқаның ұрпағы, өзі де абыройлы кісі. Әулетінің тарихы кезінде «Оңтүстікте» басылған. Әкесі Тәукебайдың есімі Созақ елінің есінде, қайраткер, халық адамы болған. Туған жері Шолаққорғанда бір көше бүгінде сол Тәукебай есімімен аталады. Бұл ағаны тыңдап көріңізші. Бәлкім, бір шығарманың туындауы да мүмкін ғой...»

Мен хаттан көз алған сәтте, Бейсенбай әңгімесін бастады. Мен Әбекен сізге жазғандай, өз заманында теріскейде ел сөзін сөйлеген атақты Әйгелді датқаның немересі, Жайшыбектің баласы Тәукебайдың жалғыз ұлы едім. Арғы бабам Әйгелдіні, атам Жайшыбекті көргем жоқ. Созақ жерінде туған екем. Бірақ тағдыр маған сол елде сайран салып өсуді жазбапты. Төрт жасымда жер ауған әкеммен бірге жер ұйығына кете берген екенмін.

Әкем совет дәуірінің адамы, ескі большевик. Сонау жиырмамыншы жылдары Созақта милиция нәшіндігі болған екен. Сол жылдары есімі қазақ еліне мәлім лениншіл революционер ақын Сәкен Сейфуллинмен сол Созақта кездесіп, дос болған. Сол Сәкенді қуғыншыдан құтқарған екен. Кейін «Ұлы өзгеріс» тұсында, 1928-ші жылы кекшіл жаулары «Бұл патша заманында ел билеген атақты датқа Әйгелдінің немересі» — деп көрсетіп, басына қатер төнгесін, қос дария аралығы — Самарқан, Байсын жағына қашқан.

Сол жақта Арқа мен Қаратаудан ығысқан өзіндей би болыс, ауқатты әулеттерден шыққан сиқымның әйгілі бөйге жүйрігі — кара тұлпарын мінген болысы Шерімұлы Мақұлбек, найман Қадырбай сияқты көптеген ел адамдарымен бірге өкімет жүгін таситын түйелі кірекеш әртелін құрып, шаруагер іс басында жүргенде ел жақтан жеткен материалмен «Датқаның баласы» — «Халық жауы Сейфуллиннің құйыршығы» — деп, 1938-ші жылы 14-ші тамыз күні ұсталған. Сол кеткеннен әкем ұзақ жылдар айдауда жүріп, арада 16 жыл өткенде 1954-ші жылы оралды...

—Сәкен Сейфуллин дейсіз бе? Сіз сонда Сәкенді көрген, бірге болған Тәукебайдың ұлысыз ба, Бейсеке?

—Иә, еш қатесі жоқ. Айтып отырғаным ақын Сәкен ғой, баяғы. Мені Сізге әкелген де, сол Сәкен мен әкемнің жайы...

Қарадай жүріп қашқын боп, басы байлауда, өзі айдауда кеткен әке артында жастай қалған тірі жетім балада қайсыбір жетіскен жастық шақ болатын еді. Қуғын-сүргіндегі әулетке ата тегіміздің атын сақтайтын, не әкемнің атын сақтайтын түзу фамилия да бұйырмады. Жансауғада жүргенде әкенің «халық жауы» атағынан жасқанып, бір жамағайынның атын жамылып — Кәдіров болып кеткенмін. Сөйте жүріп, «қарманған қарап қалмас» — деп, ауыл мектебін, кейін Ташкентте финанс-экономика институтын бітірдім. Бүкіл еңбек жолым осы мамандықта өтті. Совхоз директоры, көп жыл Жетісайда аудандық финанс бөлімін басқарып, сол жұмыстан жақында зейнетке шықтым.

Бейсенбай, осылай өз жайынан, өз өмірінен мұн шағып сөйлеп отыр. Ал, бұл сәт менің көз алдымнан қас-қабат бұдан отыз алты жыл бұрынғы «Көкмұрынтайдағы» кез келбең қағып өтіп жатты.

—Әкем айдаудан қайтқасын көп жасай алмады. Күн көрмес «итжеккеннін» тайғасында итшілеп өткізген өмір қайбір саулық қалдырсын. Өзі барынша жүдеу, аурушыл болып 1961 жылы 74 жасында дүниеден қайтты. Туған жер топырағына бармақшы еді, бара алмады. Сөз қадірін білетін бір қаламгерге Сәкен жайын айтпақ еді, айта алмады...

Сол 61-ші жылы көктемде жұмыстан үйге келсем, әкем жер төсегінде екен. Қолында газет. «Оңтүстіктің» бір нөмірі.

—Балам — деді әкем түскі шайдың кезінде, — мынаны жазған бала, — деді газеттегі «Сарыарқаға жол» деген көлемді әңгімені көрсетіп. —Созақтың елін, жерін адамдарын көп көрген сол газеттің тілшісі екен. Біздің балалық-шағымыз өткен, жас кезімізде талай ат шалдырған жасыл жайлауымыз «Көкмұрынтайға» барып, Сәкеннің баяғы бізге келген Созақ сапарына іздеу салыпты. Шіркін, Сәкен, қайран Сәкен, — жөнің бөлек еді ғой, әй жалған дүние-ай! — деп әкем, шаршаулы қос жанары жасаурап толқып кетті.

—Балам, — деді әкем, енді үзілген сөзін қайта жалғап. —Күннің — күнінде, сәті түссе, сен сол тілші баланы көрерсің. Сонда Сәкен жайын есіне салып мына әңгімені айтарсың, — деді.

...Ол кезде Созақта едім. Отыз төртке енді толған жігіт кезіміз еді. Сонда милиция нәшәндігі едім. Жаздың күндері Созақ

сыртына көшіп шығып, киіз үйлер тігіп, ата-қонысымыз — Төртшиде отыратынбыз.

Бір күні, жиырмасыншы жылдары маусым айының орта тұсында, кеш әлетінде үйде отырғанымда, сырттан атын тасырлата бастырып, үй алдына келген бейтаныс жүргінші.

— Кім бар, сөйлес, — деді. Мен жеңіл көтеріліп, үйден шықтым. Үй алдында қыланбоз арғымағы үстінде қаршығадай қаздып сұлу отырған қияқ мұртты, көзі оттай жанған, келбетті жас жігітті көрдім. Қасында қаракөз атқа мінген, сәмбідей сымбатты жап-жас келіншек.

— Осындағы милиция бастығы Жайшыбекұлы керек еді, — деді жүргінші.

— Іздегенің Жайшыбекұлы болса, ол осында, аттан түсіңіз, — дедім, қонақтың тегін адам еместігін түс-тұлғасынан байқап.

Қонақтар түсіп, төрге жайғасты. Аз-кем амандық сұрасқан соң, тығыз шаруа бар еді, тысқа шығайық, — деді.

— Әңгіме былай — деді сыртқа шыққасын, жас жігіт.

— Мен Ақмола уезі, Нілді болысының қазағы Сейфолланын ұлы Сәдуақаспын. Жұрт мені Сәкен дейді.

— Сәкен! Даусым биіктеу шығып, қалбандап қалсам керек. Сол кездің өзінде Сәкен есімі қазақ даласында аққудай қалқып жүрген ғой.

— Иә, сол Сәкен. Сәкен Сейфуллин, — деп атайды мені.

— О, Сәкен-ау, сені білмейтін бұл дүниеде қазақ бар ма?! Қалайша, қай тағдыр кездестірді бізді, — деймін мен өз көзіме өзім сенбей.

— Жарайды, бауырым. Көп нәрсені асықпай кеңесерміз. Ал, алдымен, мына әйел баланы бір сенімді жерде сақтау керек. Бұл торға түскен, торғайдай басыбайлы, бір байдың есігінен бостандыққа қашып шыққан беті. Соңында қуғыншы бар. Қалайда құтқару керек. Өз арманына жеткізу керек, бұл қызды.

— Айтқаның болсын, Сәкен. Бір қызға пана бола алмасак, несіне кісі боп жүрміз. Қазір-қазір, — деп кермедегі кер аттын тартпасын қайта тарттым. Арада сүт пісірім өткенде, бірер шыны-аяқ қымыздан кейін, Сәкен екеуміз, әлігі үкідей үлпілдеген перизатты ортаға алып, тау жақты беттеп тартып кеттік. Сонда тау баурайында кішкене Тасбұлақтың жанында біздің тумалардың төрт үйлі ауылы бар еді. Ат басын солай түзедік.

Қаратау сырт арқалығы кең, ұшан далаға ұласқан келісті-кербез дүние еді ғой, шіркін. Теріскейден ат айдарын аймалап

майда-қоңыр самал жел баяу желпіп тұрды. Тау биігіне көтерілген өлгі толыспаған сұлу ай нұрлы сәулесін төгіп тұр. Айнала маңғып жатқан дархан дүние. Бұлақты бойлай қонған ауыл-аймақтың жерошақтарында маздаған кешкі оттары көрінеді. Ашық өлкеде кешкі жібек самал ақын жанның жүрегін қалай тербетпесін. Сәкен, биік қоңырқай даусымен сөйлеп келе жатты.

— Міне енді, сен де, ел шетіне жетгің, Меруерт, енді алдында күткен арманың да алыс емес. Еркін өмірде оқып, білімді адам боп, мұратыңа жетерсің. — Солай емес пе ә, Меруерт — дейді ол келіншекке бір қырындай көз тастап.

— Солай ғой, аға. Жаратқан жақсылығына жазғай да.

— Сен бақыттысың, Меруерт. Солай болады да. Енді сен, үйімді тастап тек, алдағы келешегінді ойлағын.

— Ризамын, аға. Бұл дүниеде ризамын сізге.

Сол кеште жаңа кездескен жас достармен Қаратау баурайында келе жатып Сәкен жанында жарық дүниеге талпынған, еркіндігін, бақытын іздеген жас әйелдің Меруерт екенін білдім. Өзі де меруерт десе дегендей. Аққұба ашаң жүзді, қарақат қара көздері ақыл мен парасатқа тұнған, ақ мандайлы ай қабақ, әппақ кіршіксіз тістері ақ маржандай тізілген, сымбатына көз тойғысыз жан еді.

Кешікпей, ауылдың тау жақ шетіне қонған қараша үйге келіп аттан түстік. Бұл ерінен ерте қалып, бетке ұстаған жалғыз ұлға жақында келін түсірген Жайдары жеңгейдің үйі.

Сөзге де, іске де бекем. Ер мінезді, қайратты әйел жалған жан жарық іздеген жас келіншекті өз қызындай қарсы алды.

— Мен тіріде қабағыңа шыбын қонбайды. Өздерінде сеніңдер, — деді жеңгей шай үстіндегі әңгімеден кейін бізді аттандыра тұрып. Анығы да солай болды. Қашан бұл елден кеткенше жан аяғынан аулақ, таза жерде тұрды.

Ертеніне үлкен сәске кезінде тақымдарына сірестіре басқан ойыл, қолдарында дырау қамшысы, қарасы он бес шақты топ қуғыншы сау ете түсті.

— Қайда, қайда өлгі тама Жайшыбектің баласы. Шығар бері, өлгі ел кезген катын азғырғыш арғынды. Шығар, арбап пенде ғып алып кеткен жесірімізді. Қойдай көгендеп, бересің қолымызға, — деп ат үстінде даурыға айқайға басты. Топ алдында астына арынды жарау ат мініп, білегін сыбанған майлы кара құрдай қызарған, екі көзі шатынап өрекіп, атын тебіне, ұмтыла түседі.

— Ей, тоқтандар, — дедім мен, әр сөзімді нықтап, бұйыра сөйлеп, — біріншіден бас бостандығын іздеген әйел, өкімет

қолына өтіп кеткен, ешкім зорлықпен ала алмайды оны. Екіншіден, сендер қай заманда, қайда тұрсындар өзі. Қазір келген іздеріңмен тайындар. Өйтпейді екенсіңдер түгел аттан сыпырып, қаматып тастаймын. Қайда жігіттер біздің, шығындар! — дедім барынша жігерлі, зілді сөйлеп.

Үйден алдын ала шақыртылып, бір бесатар винтовка, екі нағанмен дайын тұрған екі қызыл жағалы қызметкер шыға келді де, менің сыртқы жағымнан нағандарын суырып, аспандата екі дүркін оқ атты. Мылтық даусынан аттар үркіп, оскырына кейін шегінді.

— Қайтыңдар, іздеріңше. Өйтпейді екенсіңдер, аттырып тастаймын, — деп аттыларға жақындай түстім.

«Бір мылтықтың аузына қырық кісі сиыпты» деген. Әлгі содырлы топ сойылдарын шошандатып, жалт бұрылып, теріскей құм жақты бетке алып құйындата жөнелді. Бұл кезде Сәкен, үйдің кереге жақ тауына таяу, өзінің жазу дәптері жатқан шағын дөңгелек үстел жанында ешнәрсе сезбегендей нұрлы жүзі байсалды отырған-ды.

— Әлгі надан шабармандардың бетін бопсамен онай қайтарғандарың жөн болды, — деді, жай-жағдайды жетік біліп отырған Сәкен, көңілді кескіні жарқырай түсіп. — Жарайды, енді мен бес күн өздеріңмен біргемін. Бүгіннен бастап елге шығып, Лениннің жаңа саясатын айтамыз. Тәуке, — деді, өз сапарының мән-жайын ашып.

Сол күні кешке, Сәкен қонақжайы алдындағы аз серуен кезінде Меруерт жайын қысқаша баян етті. Ақмоладан Түркістан арқылы Қызылордаға беталып шыққан осы сапарында Сәкен жол бойы жайлаудағы ел ішінде қалың жұртпен кездесіп, қазақ жерінде жана өмір орнатудың жайынан жиындар өткізіпті. Сонда Жеті қоңырдың құмдарында мындап жылқы айдаған атақты Кәку байдың ауылында, осы елдің өзі қатарлы оқыған ағайынды жігіттері Бейсейіт, Мұқыштармен кездесіпті...

Сәкенді сырттай білетін зиялы азаматтар оған арнайы үй тіккізіп, апта бойы ортасында ұстап, ел жайымен жете таныстырған екен. Сонда Кәкуге көрші Алшын ауылында жасы алпыстан асқан бір сасық байдың есігінде екі әйел үстіне үшінші болып, басы байлы халде жүрген жиырмаға енді толған Меруерт жайымен кездесіпті.

Ол жайды Сәкенге Меруерт атынан айтушы Мұқыш, Меруерттің төменгі Сарысуды жайлаған уақтың бір шаруагер

адамының қызы екендігін, жастай атастырған, әлгі байдың тоқал шешесінен туған кенже інісі қалыңдығын аламын деп жүргенде көкпарда аттан ұшып, дүние салған екен. «Іні өлсе біз бармыз», — деп қалың мал өтісі бар бай топ адамдарымен қыз ауылына әлек салып, әлсіз шаруаның қызы Меруетті екі кеш арасында лақ көкпардай өңгеріп өкетеді. Ұшарға қанат, қонарға көлін таппай жүрген жіпсіз байлаудағы Меруерт бар мұнын оқыған ел азаматы Мұқышқа шағыпты.

—Кетер ем. Мені құтқаратын, қол ұшын беріп, жарық таңыма жеткізетін жан иесі болса, жерұйығына кетер ем, — дейді, бұл жаққа әйгілі ел адамы Сәкен келді, — деген сөз құлағына жеткен сон.

Әйел тілегін естіген Сәкен кездесуге қарсы болмайды. Сол кездесу бір топ ауыл жастарымен бірге сол Мұқыштың ауылында, Мұқыштың үйінде болған, сол күні кешкі елеусіз шақта ұзақ жүріске мықты каракөк жарау атқа қаршығадай қонған Меруертті қатарға алып, өзінің қылаң боз арғымағын мінген Сәкен бұл ауылдан жедел аттанып кеткен.

—Бұл арадан Сарысуға құлайтын Бесқұлан жолымен Шенгелді, Еспе арқылы төтелеп жүрсек таң ата «Көкмұрынтойға» одан әрі кештетіп Созаққа да жетерсін, — дейді бұларды ауыл сыртынан ұзатып салған Мұқыш. —Созақта Жайшыбекұлы Тәукебай дейтін жарамды азамат бар. Өзі сонда милиция бастығы. Бай ауылы қарап жатпасы мәлім. Қуғыншы барса, сендерді қорғайтын да, құтқаратын да сол Тәукебай болмақ, — дейді.

Сәкеннің арамызда бес күн болатынын білгесін аз кеңестік те, мына ың-жыңнан тысқары оңаша тыныш жерде оның бір мезгіл демалуына жағдай жасауға келістік. Ондай жер әлгі Меруерт түскен ауыл Тасбұлаққа таяу орын — Балықшы шатқалы таңдап алынды. Сол жерге таза бұлақ жағасы майдам сазға екі үй тіктіріп, біріне Сәкенді жайғастырдық та екіншісі ас үйге арналды. Сәкеннің жанына көмекші күзеткер есебіне екі жігіт бөлдік.

Айнала жартасты биік шындар қоршаған көкмайсаға жұптаса тігілген қос отау ерек табиғатпен үйлесіп, жарасып тұрды. Сәкен түске шейін сол отау ішінде қағаздарына шаншылып, түскі шайдан кейін атқа мінетін. Қасына аудан атқомінен өкіл алып, оған қоса мені ілестіріп осы маңдағы жайлаудағы ауылдарға шығып жүрді. Айтар сөзі көбіне қазақ жастарының бүгіні мен

болашағы, бостандық, теңдік, бірлікке жету, білімге талпыну. Жана заманның лайықты азаматы болу.

Сәкен ел ішінде пәлендей бір молайтып топ жиюды, үлкен тобырды іздемейтін. Төрт-бес, он-он бес кәрі-жастың басы қосылды екен, ортаға шығып жүзі нұрланып, сөйлеп кетер еді. Сөзі қандай дәмді, даусы қандай жағымды еді сабаздын.

Әр күні ел ішінен кешкі салқында тау ішіндегі қонақжайына бет бұрар едік. Осында бірер сәт шайланып алған соң, кәне Тәуке, енді аз уақытымызды бөліп, Меруертке барып қайталық дейтін. Бұл арадан Тасбұлаққа дейін тай шаптырым ғана жер. Кешкі жайлы ауада жедел бастырып, жарты сағат өткенде, баурайдағы ауыл да ай жарығында едәуір жерден айқын шалынатын.

Ауылдың тау жақ сыртында, бұлақ жағасында зау боп өскен қаратал тұрушы еді. Сәкен Меруертпен сол тал саясында кездесіп жүрді. Мезетті мезгіл, белгілі жерге жеткенде, қырқа биігінен ауылға көз жіберген бізге, үйден шығып, ақ көйлегі ақ жарығында ай желкендей жалтылдап қара барқыт камзолын желбегей тастап, асыға басып келе жатқан сол сұлу бейне де көрінетін. Сәкен қылаң боздың тізгінін маған беріп кездесер жерге жаяу тартатын.

Осылай үш күн өткен. Сол күннің кешінде Сәкен маған:

—Тәуке, сен бүгін осында бол. Бір түнді бізбен өткіз, — деді.

Сәкеннің аттанар мезгілі таяу екенін білем. Оның қасында болудың әр сәті мен үшін шексіз қымбат еді.

—Жарайды Сәкен, қанша күн десең де дайынмын ғой. Тек, сенің қарсаңыңды өтей алсам болғаны, — деймін мен.

Сол күні Балдысудағы ауылдан қайтқалы бері Сәкен елден ерек бір күйде болатын. Бізге көрінбейтін әлденені өзі ғана көргендей, қиыр шетке көз жіберіп, өзімен-өзі сырласып, ыңылдап, мен естімеген елде, жоқ бір қоныржай әнді әлденеше қайталап жүрді. Сол әннің жібек толқынды әсем ырғағы уақыт өткен сайын айқындалып биіктей түскендей еді.

Енді міне, сол айлы түні Тасбұлақтан оралғалы Сәкен өзге дүниені біржола ұмытқандай бір сыртқа шығып, бұлақ жағалап ары-бері аяңдап, қайта оралып, май шам жарығында шай столы үстінде жатқан дәптеріне әлденені сусылдата жазып, қайта тұрып кетіп жүрді.

Сәкеннің ақын жаны мына түнгі тұнық дүниемен сырласып, жүректің сазын алдындағы ақ қағазға төгіп жүргенін білсем де, ләм деп тіл қата алмадым, тіл қатуға батылым да бармады. Осы жұмбақ жанның сырлы бейнесін бағып, қиялдана қызығып, әрі

тандана жатып бір шақта мызғып кеткен екенмін. Шығыстан құланиек таң шапағы саз беріп қапты. Қарасам Сәкен орнында жоқ. Төсегі сол кешкі салулы күйінде жатыр. Тез тұрып тысқа шықсам. Сәкен таңғы таза ауада ақ көйлектің жағасын ашып тастап, бір парақ ақ қағазы қолында кеше кешегі қалпы баяу ынылдап ыңырана әндетіп тұр екен.

Иә, ол түні Сәкен атар таңды көз ілмей атырды. Тек менің тысқа шыққанымды байқаған сәтте тез бұрылып, таяп келді де:

—О, Тәуке енді жан да, көңіл де тыныш. Енді осында түске шейін дем аламыз. Ертең ертелеп жол ғой, бізге — деді.

—Мақұл, айтқаның болсын Сәкен.

Аз-кем шайланып, салқын қымызбен сусын басып алғасын Сәкен екеуміз қатарласып енді тыныш ұйқыға бас қойдық. Түс мезгілінде оянасақ, тынығып серігіп қалыппыз. Бұлақ суына бет-жүзді шайып, түскі шайға отырдық. Сол шақта Сәкен төрт бүктелген парақтың бүктелуін ашып арабша айшықтап жазған өлең жолдарын бір шолып:

—Тәуке, бұл өлең мына қасиетті тау келбетінің, таза ауа, көусар бұлақ, айлы түнгі дархан даланың жемісі. Тында — деді де, қоңыржай жайлы даусымен баяу желпіп оқи бастады.

«...Келемін тау ішінде түнделетіп

Аймақты күнірентіп, өлеңдетіп

Ақбоз ат астымдағы сылаң сағым.

Жалтақтап құлақтарын елеңдетіп

Ақбоз ат менің тұлпарым,

Шалқыған көңіл сұңқарым,

Көкірек керіп жұттым мен,

Ауаның жазғы жұпарын.

Ей, Сүмбілшаш

Қара көзің,

Тәтті сөзің,

Білгейсің келгенімді жалғыз өзін.

Ұйқыға әнімді естіп берілмессің,

Маужырап төсегінде керілмессің

Ақырын үйден шығып уәделі,

Жеріңе келуге сен ерінбессің.

Ей, Сүмбілшаш...»

Иә, бұл өлеңнің жолдарында тек менің туған жер, өскен мекенім қасиетті Қаратауым, Сәкенмен бірге өткен сол бір айлы түн, аяулы шақтың суреті тұрды. Сол өлеңнің сырлы жолдарында

тағдырдың өзі осы күн, осы ғажайып түндерімізге сыйлаған сол бір сұлу бейненің естен кетпес елесі тұрды.

Сәкеннің Созак жеріндегі соңғы күн, соңғы кеші ешбір алаңсыз, тау мен даланын шектескен шегінде сұлу жаз, назды табиғат аясында жай сейіл-серуенмен өтті. Ат мініп, Қозмолдақтың қоңыр беліне көтеріліп, алыста туған өлке арқа жағынан ескен қоңыр желге кеудесін тосып, көңіл толғанысы үстінде өтті. Күн еңкейіп, қиян дала қиырына шөккенде Тасбұлақтағы оңаша отауда, үй иесі жеңгей қолынан дәм татып, ертеңгі жол жайын ескеріп, ай туа бұл ауылдан аттанып кеттік.

Тасбұлақтан ұзай бере, Сәкен манағы қағазда оқылған сырлы өленін енді аңқыған әніне қосты. Ән кереметін, жан кереметін көрер жан, сол бір сұлу дүние астында, тау шатқалына бастаған жол үстінде көрсе еді. Сол жол құзар шыңдар құшағына тартып, терендей түскен сайын, күдірет өзі қолдан құйып бергендей, ол күңірене шалқып, асқақ өрлеген, биіктей түсті...

«Ее-ей, жан сәуле, кара көзің, тәтті сөзің,

Білгейсің келгенімді, жалғыз өзін...»

Мен міне сол айлы түн, Сәкен жанында келе жатып мәңгілікке жасайтын дүниенің сұлу бейнесі, тек сол дүниеге бір келер ұлы жүректен туатынын алғаш көрдім. Иә, ел мына қаншама заман сазында күзеткен қасиетті тау ішінде қазақтың жайсаң жанды Сәкеннің дарқан жүрегінен туып, өшпестікке қалған қымбат белгісі еді.

Таңмен бірге оянып, ертелеп жолға шыққан жолаушылар маусымның таң салқынында жедел жүріске салып, кіші сәске шағында Суындық асуының биігіне де ілінді. Биікте ат басын тартқан Сәкен, сол жақта қалып бара жатқан ұлан дала шалқарына бұрыла бір қарап тұрды да:

— Ал, Тәуке, қиын жол басып, шалдығып келгенде ел жұртыңмен басқа пана, жанға сая болдыңдар. Бұл күндер ұмытылмайды. Біз Сізге ризамыз. Көне, қайыр! — Сау болыңыз, — деп қолын ұсынды.

— Қайыр! Жолдарың болсын Сәкен! Оң сапар болсын, — деп Қарнаққа, одан өрі Түркістанға тартқан ежелгі тау жолының асу биігінде тапжылмай қала бердім. Алда жаз мұнарында бұлдыр тартқан шексіз өлке құшағына енген қос жүргінші бұлдырап, ұзай берді.

Бұл оның қастерлі ұлы даланы басып, Қаратау арқылы

тағдырының қиян шетіне тартқан сапары еді. Қайран Сәкен, мезгілсіз ұшқан лашын құс, жөнің өзге ғой...


Қадірлі оқушым бұл сырды қағазға түсіру үстінде азын-аулақ әдеби астар бергеніме кешірсін мені. Бейсенбайда кінә жоқ. Ол бұдан отыз жыл бұрынғы әке сөзін, әке аманатын барынша дәл, хал-қадірінше қарапайым, тілмен, қаз-қалпында жеткізуге тырысты. Сол ешбір бояусыз қарапайым әке сөзімен бұдан көп жыл бұрынғы заманымыздың таңында Сәкенмен өткен күндерін, Сәкен бейнесін, тау ішінде туған оның сырлы да сұлу әнін көз алдыма қайта елестетті. Мен тек әңгіме тындаушы емес, осынау қиын жылдарда өткен өз жастығымның шағына қайта оралғандай, ақбоз аты үстінде айлы түні тау ішін жаңғыртып, асқақ әнге салып, есілтіп кетіп бара жатқан Сәкен ағаның жанында бірге жүргендей күйде болдым. Сөз күдіреті, ән күдіреті деген осы болса керекті.

Бейсенбай әңгімесін аяқтап, үнсіз отыр. Екінші қабаттағы терезеден Түркістан жағы, Қаратауға мезгеп жатқан ұлы далаға қарайды. Бұл өлке оның кіндік қаны тамған туған жер, алтын бесігі. Араға алпыс жыл салып іздеп шыққан қастерлі атамекені.

— Біз енді жүрелік, — деді Бейсенбай алдағы жолсапарының мән-жайын айтып. — Үлкен мақсат өзіңізбен кездесу еді. Тәңірі жолымызды берді. Кездестік. Айтар сөз айтылды. Енді Созақ асып, туған жерді бір көрсек деп бара жатырмыз. Сол шетте ұлы бабам Бөйгелдінін сағанасы жатыр. Бір замандағы биік сағана құлап, үйіндісі жатқан көрінеді. Сол қасиетті топырақты мына Алмасбекке көрсетіп, әруақтар басына құран оқып қайтпақпыз.

— Көп рахмет, бауырым, — Жолдарың болсын.

Мамыр, 1993 жыл.



АҚЫРҒЫ АЙҚАС

*Айдынын бұл жаһанның араладым,
Асылын саусақпенен сараладым.
Қаншама көркем дүние көрсем дағы,
Жаннатты туган жердей таба алмадым.*

Қажымұқан



Ғаламды дүрілдеткен соғыс дауылы батысқа жөңкіліп, жеңіс таңы алыстан сан берген 1944 жылдың көктемі еді. Тау мен дала балауса гүлге оранып, ұлы күндерге шашу шашқандай ерекше түрленген сәуір айының орта тұсы болатын. Қиян шеттегі ауылда үш жылдай жанталас тірліктен арып-ашқан бірер жасөспірім алдағы күнімізге үміт артып қалаға келдік. Газет хабарында жазғандай мұғалімдер институтының алты айлық даярлық курсы мен кейбір қысқа мерзімді мамандық мектептері жеті класты бітірген жастарға

есігін аша бастапты.

Шіркін, қашан болса да махаббат көркі көмескі тартып көмкерген Шымкентіміздің көктемгі келбетіне не жеткен. Барша көшелердің бойында жаңа гүл төгіп жас жапырағы жайқалған зәулім шынарлар мен таласа иін тірескен ақ тірек, көк теректері кіршіксіз көк аспанға қарай бой түзеп, қаздай тізіліп сыңсып тұр. Астан-кестең дүниеден бейхабар, бейне бір ұжмақ аралы сияқты.

Ол күндері ең сәулетті Совет көшесімен қанаттас орталық паркке кіре беріс кең қақпаның жанында көлемі үй қабырғасындай кере тартылған кенепке қолдан сызылған еліміздің Европа бөлігінің үлкен картасы тұрар еді. Әр күні жаудан босатылған қалаларға жаңадан қызыл жалауша шаншылып қойылар еді. Майданнан жаңа, жақсылық хабар күткен халық ертелі-кеш сол картаның алдында жабырласып жатар еді.

Бір күні қалың жұрт жаңа ілінген бір ғажап жарнама алдында таңырқап қалыпты. Ол аса зор рамаға кере тартылған полотнаға

түсті майлы бояумен баттита кеп салынған бір ғаламат тұрпатты алып адамның суреті. Сурет болғанда кәдімгі ер тұлғалы ірі палуаннан гөрі – баяғының ертегісінде айтылатын тауды төңкеріп, емен ағаштарды тамырымен қопарып тастайтын жалғыз көзді диюларға ұқсайды. Танданған жұртқа денесінің бұлшық еттері төңкерген қазандай болып, бөлек-бөлек ойнаған арыстан пішімді бір керемет екі қолымен әр қайсысы қара қазандай екі гирді аспандата көтеріп, талтая шабынып қарап тұр. Сурет астында орысша «Хаджи-Мухан – чемпион мира по французской борьбе» деп бадырайта жазыпты да, ойын болар орны мен күні көрсетіліпті. Соның ертеніне қаланың орталық көшелерінде ак мата, көк маталарға «Хаджи-Мухан, Қажымұқан» – деп жазылған транспаранттар қаптап кетті.

Соғыстағы жеңістермен еңсесін көтере түскен қала жұртына, өсіресе алыс аудандардан келген оқудағы жастарға мына кереметті көру бір мерей сияқтанды. Қанатын кір шалмайтын балалық қиял шар тарапқа шарықтап, көшені бойлай оқуға келе жатырмын. Көз алдымда аңыздан да биік мификалық қаһарман – Қажымұқан тұлғасы, көкейімде өнеу бір жылы, тым балауса шақта, ауылда үлкендерден естіген Қажымұқан есімі, оның кәдімгі адамға емес, әлде не кереметке ғана бітер алапат күші.

Соғыс алдындағы жайлы жыл, жайма шуақты күндердің бірі еді. Жер көктеген көктем мезгілі. Ортасында колхоз бастығы Оңғарбаев Мырзаш ағай бар, біраз ақылгөй қариялар, бел буған келін-кешек аралас тау ауылының өңкей сақадай жігіттері жабылып, көк мектебіміздің таяу маңында жер қопарып, жол салып жатты. Жақын манда ашық далада қатар қазылған жер ошақтарда от жанып, онда асаршыларға деп сойылған қара серке мен нән қазан бидай ботқа бүлкілдеп қайнап жатыр. Көңілді жастар арасы өзіл-ажуа, шулаған күлкіге толы. Бес-алты жігіт «әуп-па, әуп-па» десіп, қазған жолдың ұлтанынан табылған қалыңдығы бір кез, көлемі есік пен төрдей бір нән сартасты аударып алмай жатыр.

Жер астынан табылған жалпақ тасты көріп Мырзаш ағай қуанып кетті. «Ту, мынау бір табылған олжа болды, аударындар да, көтеріп анау терең арнаға жеткізіндер. Түп-тұтас күйі, арнадан арба өтетін көпір ғып саламыз,кәне, келіндер, жабылындар жігіттер», – деп айқай салды.

Қалың топтан жұптасып сегіз жігіт шықты. Ал кеп көтер, кеп көтер. Сары сендей сірескен алып тас мыңқ етер емес. Іріктеліп,

он екі, бұдан соң он алты жігіт шықты. Ата-баба аруағына сыйынып, айқайға басып, ышқына жанталасты. Тас мызғымады. Шектен тыс зорланып, нарттай қызарып кеткен жігіттер мандайларынан мөлтілдеген терді білектерімен сыдырып, шарасыз халде тұр еді. Қалын топтан: «Пай-пай, шіркін-ай, дәл осы жерде жердің тұтқасын іздеген Әжімахан-дәу болар ма еді», — деген әлде кімнің даусы естілді. Жұрт жалт қарады. Сөйлеп тұрған бұл дүниеде білмейтіні жоқ, тақылдаған шешен Шәуеннің Әбітайы екен.

—Ой-хой, — десейші, ол дегенің пайғамбардың қызы Бибі-Пәтимамен бәстесіп, қырық күн күрескен Әзіреті Әліден кейінгі Адамзаттың алыбы екен ғой, — деп Мырзахметтің Пірмені жана тұтанған Әбітайдың сөзіне май тамызып жіберді.

—Ия, ол солай, бұл дүниеде күш иесінен Әжімаханға тендесетін адам жоқ, бір қолымен шірей тартып отарбаны жүргізбей қояды екен. Кеудесін көпір ғып үстінен аптәмәпіл өткізеді екен. Оның зұлмат күшіне танданған елге — «Шіркін, мына жердің тұтқасы бар ма екен, егер болса сол тұтқаны қолыма ұстатса, осы тұрған жерінді төрт айналдырып орнына қояр едім», — депті.

—Ойпырым-ой, сұмдық-ай, сабаз-ай! — деп танданып, жамырасқан жұрт Әбітай бастап берген аңыздай әңгімені бір-бірінен асырып, талай жерге жеткізіп тастап еді-ау, сонда. Бала қиялы сан-саққа шырқап бөйіз таппайды. Қайда сол Әжімахан. Бар ма екен ол, мына шексіз өмірде. Бар болса көререк, білерек. Тек үлкендердің бізді еліктіріп, алдап, ойдан шығарған ертегісі шығар...

Сөйтсек, сол Әжімаханымыз, алыс ауылдарда мификалық күдіреттің ғажайып туындысы, эпостық аңыз-жырлардың қаһарманы сияктанып ел аузында жүрген Әжімахан атамыз көкте емес, жерде екен. Ұлы дәуірдің көшімен бірге келе жатқан халықтың адамы, ардагер замандасымыз екен. Енді сәті түссе қияли қаһарманды өз көзімізбен көретін сияқтымыз.

Түстен кейін жатын орнымызға енгігіп Елшібай келді. Ауылда мектептес, қатарлас жүретін аталас ағайыным — енді қалада есепшілік курста оқып жүрген Тәттібайдың Елшібайы — Қажымұқан ойынының хабарын естіп есі шығып кетіпті.

—Орталық паркте, алдағы жексенбіде, жазғы театрда, кешкі сегізде басталады екен. Бүгін билет сата бастапты. Алдыңғы жағы елу сом, ортасы қырық, кейінгі жақ отыз сомнан екен. Қане кеттік, қалып қоймайық, — деп ентеледі.

Елу сом... бір кило нанның пұлы. Не тәйірі, күн түгілі апта

бойы нан жемей аш жүрсек те, қажы атаны көруге тиіспіз ғой, өрине. Асығып қассаға келдік. Жалынып жүріп төртінші қатарға қол жетті. Қуанышымыз қойнымызға сыймай жүр.

Күткен күн, күткен сағат та жетті. Қалың үйеңкі аясында айнала қабырғасы биік қып тақтаймен қоршаған, төбесі ашық жазғы театрдың іші аптығып жеткен адамдарға лық толған. Аралық жақтау, өтер жол үсті иін тіресіп түрегеліп тұрған жұрт. Айнала биік ағаштардың бұтағына шығып, құсша қонып алған майда балалар қаншама. Құс базарындай шу-шу, гу-гу бас айналдырып, құлақ тұндырады. Барша жұрттың көзі төбеден құйылған прожектор нұрына шағылып, құбыла-құлпырып тұрған сахна шымылдығына қадалған.

Сырнай мен кернейден талмаурап сыңсыған бір нәзік музыка сазы естілді-ау бір кезде. Сол сазды әуенге тербеліп, барқыт шымылдық та қақ жарылып сырғып барады. Дуылдаған жұрт та қол соғып, тұнық ауаны қақыратып жіберді. Бірақ, кілем жайылған сахна айдыны бос еді. Жақтаудан жайлап басып аяғына баяғының қайқы тұмсық өрнекті көк етігін, зерлі жағалы барқыт бешпентін, басына сусар бөрік киіп, белін жалпақ кемер белдікпен буған қапсағай денелі келісті кісі шықты. Сілтідей тұнған жұрт күбір-күбір, сыбыр-сыбыр боп кетті.

—Уоу, Қажымұқанымыз осы ма?

—Жоқ ойбай, бұл әртіс. Сағидолла Ерғалиев дейтін әртіс.

Сол Сағидолла ағай саңқылдағын зор даусымен жұрт алдына әлемнің қаһарман адамы, теңдесі жоқ палуан, французша күрестің дүние жүзілік чемпионы Қажымұқанның келіп тұрғанын хабарлап, Қажекең келер жаққа қарай бұрылды, оң қолын кеудесіне басып, сәмбідей иіліп тұрды. Сыңсыған сырнай әуені, шулаған ел, дуылдаған, дүрілдеген қол соғудың толқынында жылжып көшкен таудай болып, үстіне тобығына түсіре туырлықтай мол жұқа қара шапан жамылып, қызыл шоқыдай тап-тақыр жылтыр басы прожектор отымен жарқырап, теңселе басып келе жатқан Қажымұқанды көрдік. Ол сахнаның қақ ортасына келіп тоқтады да, шоң желкесіне тұтас орнаған шоқыдай басын сәл иіп көпке сәлем берді. Нар кеудесін көтере беріп соншалық шапшаң қимылмен үстіндегі жамылғысын сыпырып, Сағидоллаға қарай лақтырып жіберді. Енді алдымызда ұзақ өмірдің өлшеусіз жүгін көтерумен талмаған, қайыспаған қара нар — алып тұлғасы арса-арса болып болбыраған қара шал тұрды.

—Қажекең бірінші кезекте күш өнерін бимен көрсетеді, — деп

хабарлады хабаршы. Баяу басталған сазды әуен сыңсып тұр. Әуен толқынында Қажекеннің болбыраған тау денесі шиыршық атып ширығып, әр мүшенің бұлшық еті жеке дара тас түйін боп жиылып, білек еті ән ырғағымен бүлкіл қаға бастады. Балтыр еті, білек еті, төс еті бір орнында ойнақшып, көрінбейтін бір құдірет бұлқындырып жатқандай. Сол би ырғағы, ән толқынына бағынған алып тұлға, өзіне ғана тән ғажайып сырлы кимылмен барша жұрттың дүрілдете қол соғып дуылдаған қошаметі үстінде, өз орнында өкшесімен ырғалып бір айналып шықты да тағзым етті.

Екі жігіт екі жағынан көтеріп, ұзындығы төрт құлаш жуан бөрене мен жуандығы білектей ұзын темірлерді сахнаға әкеп тсатады. «Сегіз жігіт шықсын сахнаға» деп айқайлады хабаршы. Мықтымын деген сегіз кісі төрт-төрттен бөлініп, бөрененің екі басын қолтықтай, қапсыра құшып сіресіп тұрды. Музыка ырғағымен алшандай басып келген Қажекен еңкейе беріп, бөренені сегіз адамымен иін ағаштай иығына іліп ап, әуіп тұрып кетті де айналдырып кеп жөнелсін. Кәдімгі карусель. Әр бірі бес бұттан кем соқпайтын сегіз адам бөренеге жармасып шыр айналған алыптын иығында қалбаңдап ұшып жүр. Кейін білдік, бұл дегеніміз Қажекен көрсетпек болған күш өнерінің ең жайлысы да жеңілі екен.

Екі жаққа төрт-төрттен бөлінген осы сегіз жігіт енді жуандығы бір дүйім, ұзын жұмыр темірді алып келді. Оның қақ ортасы алақандай ғана ақ орамалмен оралды. Сол оралған жерден темірді нақ тақыр төбесіне қойғызған палуан қасқая тұрып ап, — көне басындар төмен, — деп күркіреді. Өз салмағына күш салмағын қосқанда тоннаға жуық тартатын сегіз жігіттің серпін тегеуріні не қойсын. Лом темір сықырлай түсіп, иіліп, екі басы сахна еденіне барып тірелді. Доға боп иілген лом аспанға көтерілді. Нар түйедей қайыспаған Қажы-ата, дуылдаған, уралаған халыққа еңкейіп басын иді. «Көріңдер, міне» — деп тұрғандай. Өлдекім шыдай алмай еңіреп жіберді. Көрі емендей сірескен жуан мойынға үйлесім тауып жатқан, жарасқан Қажы-атаның басының шоқыдай болған төбесін қара темір қанталата қақ бөліп, терең із тастап жіберген екен.

Сұрапыл-сұмдық күшпен басқа қойып доғаша иілген сом темірдің порымына қарай Қажекен орындаған бұл номер «доға» деп аталады екен. Екі жақтан шыға келген жігіт Қажекеннің қос самайы, маңдайынан мөлтілдеп бұлақ боп ағып, шор-шор тұла денесін жуып бара жатқан жантерін екі жақтан ақ орамалмен

ысқылап сүртіп жатқанда, хабаршы, — ендігі номер «шығыр» — деп айқайлады.

Әлгіндегі сегіз жігіт тағы да ұп-ұзын боп солқылдаған сом-темір алып шықты. Темір енді Қажекеннің көк желке, қара құсына қойылды. Төрт-төрттен екі бөлініп, темірді кеуделерімен тірей алға ұмтылған жігіттер. Абайсыз тұрған Қажекен бір сәт алға қарай тәлтіректен барып тоқтады. Енді ол бөренедей екі қолын қанаттай жайып жіберіп, темірге асып, Әуіп, пірлерім қолдай гөр» — деп күркіреп, кейіншектен серпіп кеп жіберді. Екі жақтан алға, ортадан артқа серпілген сұрапыл күшке шыдас бермеген көк темір дәл ортасынан майысып, палуанның жуан мойнын орай, екі жағына шығыршықтап айқасты. Енді ол мойнын орап айқасқан темірді екі қолымен жазыңқырап жіберіп, камыт сияқтандырып басынан суырып, қос қолдап жоғары көтеріп, сахнаны бір айналып шықты да, шетке қарай лақтырып жіберді.

—Ее, бұл-бұл ма, қызығы да, сұмдығы да алда, — деп дүрлігіп жатты әлдекімдер арт жақтан.

—Тас, тас келтіріндер, — деп айқайлады хабаршы. Төрт жігіт қолдарындағы білектей-білектей лом темірлерімен нән қара кебежедей күрең шомбал тасты дүңк-дүңк аударып әкеле жатты. Әлгінде астаң-кестен дүрілдеген қалың жұрт енді не боларын күтіп, сілтідей тынды.

Бұл кезде Қажекен сахнаның дәл ортасында, жайылған кілем үстінде көлденең шалқасынан түсіп тас әкелушілерді күтіп жатқан-ды. Міне енді бақандай төрт жігіт өлгі нән тасты палуан кеудесіне көтеріп қоя алмай, қи аунатқан қоңыздай тырбанадады. «Әкел мұнда» деп күркіреген Қажекеннің зор даусы естілді. Тас бөренедей боп кілем үстінде созылған Қажекеннің оң қолының үстіне құлатылды. Ол «Әуіп-пірім» деп бұлқынып кеп қалғанда өлгі тас Қажекен кеудесінде ойнақтап жатты.

Арғы жақтан сабы сала құлаш жарты бұттық дәу балғасын сүйретіп қарағаштай қатқан жағы қырғыштай ұзын бойлы бір корей жігіт келді. Ол мына Қажекен төсіндегі нән тасты анау балғасымен соғып қиратуға тиіс. «Ұр» — деген командамен бірге өлгі соққыштың балғасы жарқ етіп тасқа тигенде одан нажағайдай жарқ етіп от шашырады. Ал кеп соқ, ал кеп соқсын, гүрс-гүрс. Нар кеудеде қанбақ ойнап солқылдаған кебежедей күрең тас мызғыр емес. Балғашының қары талса керек бір кезде. Жаңсақ сілтенген балға бірде мына шетін, бірде ана шетінен тиіп, айналасына жарқ-жүрқ от шашып, екі шынтағын кілемге тіреп,

сіресе ұстап жатқан Қажекен құшағында байыз таппай, — тенселе ойнақшып кетті. Қыркырай, ыңыранған дыбыс естілді.

—Токтат оңбаған, жоғал, — деген айқай естілді арт жақтан. Бір аяғы қара санынан жоқ, балағын белдігіне қыстырған өскер формасындағы бір майдангер орыс жігіті тотияйындай екі көзі шатынап, қос балдақты тоқылдата басып, өршелене ұмтылып келеді екен. Оның жолын милиционер кес-кестеді. Ысқырық шалынды.

«Ұр» деген команда қайталанды. Тағы да гүрс-гүрс, тағы да жарқ-жүрқ ұшқан от. Балғашы қалжырап, талған сайын, балғасы да сандалып ауытқып тие берді. Қажекеннің шыдамы таусыла керек, «Ей, дәлдеп, жөндеп ұр, қап мына ит» — деп күркіреді. Бір кезде ол сол жақ қолымен әлгі балғашы жақты қармап кеп қалып еді, шаңқ етіп ащы даусы шыққан сокқыш жігіт балғасын тастай беріп, бір аяғымен шойнандап қаша жөнелді. Кейін сұрастырсақ, әлгінің ойнақшытып кете сокқанына ыза болған, жаны қиналған Қажекен қос саусағымен мытып қалып, балтырының көк етін езіп жіберіпті.

«Мықты балғашыдан кім бар, шықсын бері» — деген хабаршы залға қарап айқайлады. Сахнаға сырт жейдесін жүре шешіп, төс еті мен білек еті бөлек-бөлек боп ойнаған шоң желке, жирен басты орыс жігіті жүгіріп шықты. Тас пен кеуде тым биіктік еткесін, әлгі ұрғыштың астына тапшан қойылды. Ол бір сұмдық, қарулы әрі айлакер балғашы екен. Сабы сала құлаш ауыр балғаны басынан шыр айналдырып сілтеді. Енді қос қолымен тіреп, сіресіп қалған Қажекеннің төсіндегі алып тас, бейне бір алып пружинаға орнатқандай секірді. Балғашының қимылына көз ілесер емес. Сол осылай ышқына қайқайып оныншы, бәлки жиырмасыншы рет сокқанда шығар, жаутандаған сан жүздеген көздердің алдында қақ бөлініп, қара тер шылқ-шылқ ағып жатқан нар кеуденің екі жағына домалап түсті. Театрдың ашық айдыны емес, бүткіл ауғанбаудың (бұрын қалалық қазақ-өзбектер бұл парқты осылай атайтын) аспанын жарып жіберген халықтың тікесінен тұрып дүрілдеген айқай-шуы астында, жан теріне тас тозаңы иленіп, түнере-түтігіп кеткен палуан ата, өзі де Қаратаудың бір құзар шоқысы сияктанып тұрды.

—О жаным, айналдым, — деп аппақ сақалы шөушиген ала тақиялы көрие кемсең-кемсең етті.

Әр номер, әр көрінісі осылай, жан шошырлық ауыр, қияметтей қиын, жан алып, жан берердей қатерлі Қажекеннің ойыны бір-

біріне ұласып жатты. Екі сағатқа созылды. Сол бір ұмытылыс ұлы көктемде екі сағат бойы саялы жайлы кеште жиылған қалың жұрт елім деп еңіреген ержүрек адамның, нағыз халықтық қаһарманның күдіретті күші мен ғажайып өнерінің куәсі болды.

Ойын біткесін ащы тер бет-жүзін әлде неше жуып, қашалған тас мүсіндей қарауытқан Қажекен көлдей көлендеген жамылғысын иығына жамылып сахнаға қайта келді. Иін тіресіп, жаутандап үнсіз тұрған қалың елге қарай күнгірлеп-күркіреген зор даусымен тебірене тұрып сөз сөйледі.

— Қымбатты бауырларым, достарым, — деді Қажекен теңселе тұрып. — Ел басына күн туып, асыл азаматтарымыз Отан үшін, ел үшін қан майданда жүргенде, кеудесінде жаны бар қандай адам қол қусырып отыра алады. Соның бірі мына мен елу жыл дүниені шарлап көрсеткен өнерімнің сарқынын алып алдарыңа келдім. Терім мен көзімнің жасын қоса төгіп, майданда қан кешіп жүрген балаларға көмектесуге келдім. Ертең мен, мына сендерден түскен ақшаны бір сомын алып қалмай, Отан қорғаудың керегіне беремін. Ойыным ойларыңнан шықты ма, шықпады ма, білмеймін, бүгінге қолымнан келгені осы. Қазір менің жасымның да, күшімнің де қайтқан кезі. Жетпісті оралтып, сексенге иек артқанда барыма риза болыңдар, кешіріңдер — деп астыңғы қолбыраған үлек ерні икемге келмей үнсіз қалды да, шоқыдай шомбал басын нар кеудесіне құлатты. Енді ол сансыз қолдардың нөсерлете соққан қошамет, құрметі, құлақ тұндырып уралаған айқай-шуы астында кеудесін асқақтата көтеріп, ауыр қозғалып теңселе басып, сахна төріне қарай ұзап бара жатты.

Ұлы дүбірлі, дауылды жылдар да өтті. Жаңа өркендеу-өрлеудің басы боп — 1946-шы жыл да жетті. Бүкіл ел Жоғарғы Советтің екінші сайлауына әзірленіп жатты. Сол жылы күллі Қаратау өлкесіне қар қалың түсті. Ақ боран, аяз, шақырлаған сіреу қар ақпанның аяғына шейін көбесі сөгілмей жатты. Қалада оқу бітіріп, ауданға жаңа оралып, жас қызметші болып жүріп жатқан кез еді. Ақпанның алғашқы күні аудан орталығы Шаянның қалың жұрты клубқа топ-тобы, лек-легімен ағылды. Мұнда бүгін ұлы Советтің депутаттығына кандидат — облыстық партия комитетінің бірінші секретары Хабир Мұқарамұлы Пазиковпен кездесу болмақ. Ол дегеніңіз жақсылық аңсаған елге, ду-думанды ұлы той. Жеңіс туын желбіреткен былтырғы көктемнен кейінгі ел

енсесін шырқай бір көтерген ел жиыны осы еді. Солай болғасын кешегі құбыладан алтын күректетіп соққан алғашқы жылы желден соң, миы шыққан дала жолының ауырлығын ескеріп, Қызыл көпірге ат шаптырған аудан кісілері сонау Қарауыл төбе жаққа ұзақ-ұзақ көз жіберіп, жоғарыдан келер мейманды тағатсыз күтумен тұр.

Бір кезде әлде кімнің арт жақтан «Келе жатыр» деген оқыс айқайы естілді. Күтушілер жалт бұрылды. Анығында орталық үлкен көшемен ылди жақтан айнала қоршаған адам тобыры ішінде, қайқы бел нән ақбоз атын асықпас аяңға басқызып, арбасының нақ ортасына түйедей боп шөккен бір кісі келеді екен. Бала біткен солай қарай шұбай жүгіріп барады. Бөрінің аузында бір ғана сөз — Қажымұқан!

—Япыр-ау, мына келе жатқан шындығында Қажымұқан атамыз ғой, — десіп, жұрт дүрлігісіп қалды. Қарасак, жүргіншінің төрт доңғалақты ұзын бел арбасы, сірнеуге үймелеген шыбындай жармасып мініп алып шулаған баладан ине шаншар бос орын қалмапты. Солардың ортасында ат делбесін кішкене қазанбас қара балаға ұстатып қара шекпенінің жағасы жайлауына кетіп, айналасына аңтарыла қарап, тұлғалы Қажекеннің өзі отыр. Соның бөріні ылди-өрі көп, қиыр-шиырлы дала жолының сан қилы азабына көндіккен Қажекеннің қайсар серігі — ақбоз ат аяғын асықпай алшаң басып, мықшия тартып келеді. Осылайша аудандық клуб алдына жетіп тоқтаған Қажекен арбасын аңыздай келіп, каумалай қоршаған қалың ел, палуан атасын айқа-шу, көңілді күлкімен жамырай амандасып, түсіріп алысты.

—Мына Тасқұдықта, Көкіштің Айтбегінде жатыр едім. Облыстың үлкен кісісі келеді дегесін, ұшырасып сәлемдесейін, — деп келе жатырмын, — деп күркірей жауап қатты Қажекен амандық сұрап, айнала қоршай тұрған аудан басшыларына. —Бар жұмысым сол.

—Үлкен кісіміз — ол облыс адамы ғой. Ал сіз, бүткіл қазақ, бүткіл совет елінің, қала берді дүние жүзінің Қажымұқаны емессіз бе, — деп көңілдене күліп тұр, аупарткомның бірінші хатшысы Боранбаев Әлібек.

—Ей, карағым-ай, үлкен болсам, сәлем бергеннен кішірейіп қалар деймісің мені. Жә, жиындарың қайда болады, ел адамдары ішіне апарындар мені.

Қажекен клуб залының алдыңғы қатарына жалғас, терезе

алдына арнайы қойылған үлкен былғары диванға бір өзі молынан жеке жайғасты.

Бұл кезде тау өлкесінің сансыз жылғаларын қуалап, алғашқы қызыл су біткенді жиып алып, тасып жатқан Шаян өзенін күркірей жалдап өткен он доңғалақты қуатты жүк машинасы келіп тоқтады. Оның кабинасынан ірі, сом денелі, биік тұлғалы, нарттай қызыл шырайлы кісі — Жоғарғы Советтің депутаттығына кандидат Пазиков күле амандасып, түсіп келе жатты. Сол кісімен бірге президиум столынан орын алған аудан басшылары кездесу жиынын бастап та жіберді.

Жұрт сенген өкіл трибунаға шығып Пазиковтың өмір баянын оқуға кірісіп те қалған еді. «Сәл, ғапу етіңіз» — деп Пазиков оны тоқтатты да, орнынан тұрды. Ол президиум столын айналып өтіп, басқышпен төмен түсті. Бірінші қатарды жағалап, Қажекеннің қасына келді. Қажекен де орнынан ауыр тұрып, бірер қадам басып, үлгіріп еді. Екі жақтан созылған төрт қол бірге табысып, екі нән құшақ айқаса түсті. Жұрт дуылдай қол соғып, орындарынан дүрліге тұрып кетті.

— Жүріңіз, — деп Пазиков, президиумның стол жағын нұсқады.

— Жок, Хайыр, інім, маған осы орын да жетеді, елмен бірге отырайын.

— Жүріңіз, — дейді Пазиков.

— Жок, карағым, рақмет, анау столыңа мен сыймаймын ғой барғанмен.

Ақыры обком секретарының айтқаны болды. Екі жігіт жүгіре қимылдап, Қажекеннің былғары диванын сахна төріне, президиум столының жанына қойды. Өркештеніп, асықпай қозғалған Қажекен, жұрттың дүрілдете қол соғып, құрметтеу үстінде президиумға жайғасты.

Осы кездесу жиынынан кейін обком секретары аудан басшыларымен ел аралап кетті де, Қажекен бірер күн осында, аудан орталығында елмен дидарласып, еру боп жататын болды. Клубтың шыға берісінде, көше бойында анталаған қалың көп, немере, шөберелерін жетектеген кемпір-шал. Қажекенді теберік тұтып, айнала қоршап жіберер емес. — «Мына балаңыздың қолын алыңызшы, атасы» — деп сүрініп-қабынып жүр. Ал, үлкен өмірін түгелдей ел-жұрты, туған халқына берген Қажекен болса, бәріне бас ие ізет көрсетіп, өзі де балалардай мәз болған көңілді күйде, тау тұлғасы баяу қозғалып бара жатыр.

Сол күнгі кеш, қоналқыға Қажекен келіп түскен Бақбергенов

Жаппардың үйі сәтін келтіргенде, өзім ауданның жас қызметкері болып қолында тұрып жатқан Сейсен әкпелермен іргелес, жақын көршілес еді. Солай болғасын, Жаппардың үзеңгі жолдасы әрі тату көршісі Ахметов Дүйсенбай ағаймен бірге шақырылып, Қажымұқан атамызбен бір дастарханда дәмдес болып, оның ғаламат әңгімесін тыңдау мүмкіндігі маған да туып қалған еді.

Төрт жылғы астан-кестен соғыстан кейін, ел жаңа ес жиып, жұқалаң тұрмыс күйде тұрып жатқан еді. Бір уыс қант, бір салым шай, тіске басар бір тілім нанның өзі тапшы-тақсымды. Соның өзінде ауданның тұтыну ұйымының бастығы Бакбергеновтің үйі әлемге әйгілі адам келіп түскен соң, еш нәрсесін аяп қалар емес. Бар тапқанын әкеліп барынша мейман алдына үйіп-төкті. Бірақ, табиғатында барынша да ойшыл Қажекең астан бұрын әңгімеге ден қойып, дәм-тұзға самарқау қол созып, мәмірежай отыр.

Бір ғажайыбы, ақша дегенді қажет болғанда ащы тер, асқак өнермен қапшықтап жиған Қажекең, бой басын соншалық елеусіз, карапайым ұстайды екен. Үсті басына киіп жүргендері жиып келгенде бір қойдын құнынан аспайтын жай, арзанқолды нәрселер. Басында кара сәтенмен тысталған көне түлкі тымақ, үстіне кигені ескі, шығыс үлгіде тізерліктен төмен түсіре тігілген, тік жағалы сұрғылт бештент пен кәдімгі шәлі жағалы, мол, қазақы кара шекпен. Аяғында бозжұлықтау боп көнерген ескі мәсі, кебіс. Сондай карапайым, жұпыны күй оның бүкіл өмірінде, халық ортасында Алатаудың бір асқар шыңындай боп көтерілген атақ-данқын, қадір-қасиетін бір елі де төмендетіп тұрған жоқ. Керісінше, туған халқымен қаны да, жаны да бірге, елмен етене өмір кешкен жанның ұлы тұлғасын, жан сұлулығын барынша биіктетіп, нұрландырып тұрғандай.

Енді осыны көздерімен көріп, бүгін Қажекеңнен әңгіме тындаймыз, — деп келген ауданның басқару ісіндегі Өсербаев Өскенбек, Қабылбеков Арыстанбек, Момбаев Әби, Үмбетов Жақан сияқты жігіттері атағы Алатаудай адамның тәкәппар емес, тіптен көнбіс, кәдімгі жайлы қариялардың бірі екенін байқағасын, палуан атаны балаша иландырып, сөзге тартып, зор кеуденің тереңінен күркіреп шығатын күңгірттеу қоңыр үнге ентелей құлақ тосып отыр.

— Елу жыл ел аралап, күш өнерін көрсеткен екенсіз, Қажеке, осынша өміріңізде палуан атаулыдан сескеніп, қорыққан жеріңіз болды ма, — деп сауалды төтесінен қойды бір кезде ауданның жер

бөлімінің бастығы өр мінезді Өсербаев Өскенбек, құрықтай биік еңсесін алға жібере ентелеп.

—Е-е, сескенбейтін, қорықпайтын мені адам емес, екі аяғы аспаннан салбырап түскен күдірет деп пе едіңдер. Адам кейде күштен емес, іріліктен емес, өткірліктен, қайсарлықтан да қаймығады. Ілгеріде мынадай бір аңыз естігенім бар. Қалың нудың ішінде ілуде бір кезігетін зарық дейтін жыртқыш аң болады екен. Үлкендігі кәдімгі мысықтай ғана. Бірақ, атқан мерген оны жерден көтеріп ала алмайды екен. Қасиетті деп терісінің үстіңгі бетін ғана сойып алады екен де, астыңғы беті сүйегімен бірге қалып қояды екен. Сол зарық күндердің күнінде жер күніренте ақырғанда, аң патшасы арыстан мен жойқын күш иесі жолбарыс та жасырынар жер таппай, жер бауырлап жатып қалады екен.

Сол айтқандай, ілгеріде дүниені дүрілдетіп тұрғанда, белдесер балуан емес, жай, өзімізбен бірге жүрген қаршығадай қара баладан бетім қайтып, қаймығып қалғаным бар.

Жиырма бесінші сиыр жылының жазында исі қазақтың өнші-күйшісі, өнерлі адамдары басымыз қосылып, Арқада үлкен думан болып ашылған Қоянды жәрменкесіне барып өнер көрсетіп жүрдік. Арамызда кәдімгі өртіс Қалыбек, өнші Әміре, Майра, төкпе ақын Иса сынды елдің ардақ тұтар адамдары бар еді. Мен болса да күдайдың берген қара күшін аямай, әр түрлі күш өнерін көрсетем. Ал қара тілі тас жарып, алмас қылыштай қылшылдаған Байзақтың Исасы домбырамен құбылта сайрап, мені жұрт алдына алып шығатын хабаршым. Кейде ол табаны қызып кеткенде менің жұрт алдына шығатынымды ұмытып, желдірмесіне басып, өленді түйдек-түйдек төгіп, талай уақытымды алып қойып жүрді. Сонысы ұнамай, бір күні өнерпаздар өзіміз оңаша отырғанда, мен Исаға тиісіп:

—«Құмырсқа жолыңды біл» деген, осы Иса сен неге өзеуреп, лағып кетесің — дей беріп ем, домбырасын дүмбірлете шертіп, өлеңін нөсерлетіп отырған Иса, тура бұлтсыз күнгі нажағайдай шарт етіп:

—Кім құмырсқа, күшті болсаң шық бері, көрсетші маған күшінді, — деп домбырасын тастай беріп, білегін сыбана бастады. Карасам, ойнақшыған кішкене шүңірек көзі от шашып, құбыла жарқылдап тұр екен. Мына бетінде түп-тура жағаға жармаса түсетін жайы бар. Шынында мен оның ұшқын атып, жасындай құбылған көз қарасынан қатты сескендім. Өзім тез бәсейіп, «ей, қара тентегім, басылшы» — деп мандайынан сипап отырып,

жуасытып алған жайым бар. Қайтымы тез Иса да, бұлттан шыққан күндей қайта жарқырай, домбырасына кол созған. Байқасам, оныкі ашу емес, маған көрсеткен бір оқыс әзіл, еркелігі екен, — деп Қажекен кең көмейі күркілдеп, тұтас жотасы бүлкілдеп, қабағы астында жасаураған жанарын алдындағы ақ орамалмен сүртті. Бұл сәтте Қажекен сөзін кірпік қақпай қадала тындап отырған көптің бірі, үнемі «Ш» әрпін «С», «Ж» әрпін «З» ғып сөйлейтін ақкөңіл, аңғал кісі, ауданның соты Момбаев Әбекен шыдай алмай сөзге килікті.

—Ойпыр-ай, мына Иса зүйек зүтқан екен. “Азалды қарға бүркітпен ойнапты» деген. Өзі томасадай боп Қазекене дәп қылғанын қараныз. О, тоба, — деп жағасын ұстағанда, тындаушылар да қоспасы жоқ табиғи әдемі әңгімеде, бала мінезді алып аңғал кейпін көріп, тежеусіз күлкіге басып, біраз дуылдады.

Осылай отырғанда Қажекене деп арналған кешкі қонақасы келді. Сынағаны емес, сыйлағаны болар, бордақыға байланған құнан қойды сойып, тайқазанға тұтас асылған етті сом-сом мүшесімен ауқымы орта қазандай сырлы ақ шараға басқызып, үстіне білем-білем құйрық үйгізіп, Жаппардың өзі бастап әкеп Қажекен алдына тартқанда, ұзақ өмірінде мұндайдын талайын көрген палуан ата, одан сескеніп үріккен жоқ. —Мекен сендерге сыбаға болсын, — деп қанаттас отырған жігіттерге, бір-бір мүшеден ұсынды да, өзі де жеңіл-желпі біраз қарпып алғасын, қою күрең шайды асықпай тарта отырып, осы орайда тағы бір қосалқы әңгіменің шетін шығарды.

—Мынадай түр-тұлғама қарай ма, әлде палуан болғасын солай деп ойлай ма екен, кейбіреулер мені мешкей деп түсінетін сияқты. Ерегісте бір қойдың етін түп-тұтас көтере жеп кету ілгеріде ел ішінде болып тұратын. Ондайды талай көргенбіз. Анығында мен қомағай да, мешкей де емеспін. Кәдуілгі бір кісіден артық ас жемеймін. Тамақ — ол тіршіліктің нәрі. Ол өмір сүру үшін, аштан өлмеу үшін, ел-жұртқа пайдалы іс тындыру үшін керек деп білген жөн.

«Баршылық не дегізбейді, жоқ не жегізбейді» — деп бұрынғылар айтқандай, кейде бір сәттік мақтан үшін, асып төгіліп жатар да жайымыз бар емес пе?! Былтыр күзде біраз күн мына тау сыртына асып, ел аралап, Созақ жағында жүрдім. Құмкент маңына барғанымда, хабарымды есітіп, алдымнан көз көрген ескі дос Мәлік төре шықты. «Арнайы өзін келдің. Көне жүресің, — деп түп етектең ұстады. —Жарайды, Мәкем, барайын, көпке қиған бір күннің сенен несін аяйын», деп баяғы қара шаңыраққа түсейін.

Кешегі өткен қиянатшыл заманда жасынан зомбылықты көріп қикар өсіп, берсе қолынан, бермесе жолынан жұлып-жұлқып жеп, аш бөрідей жортуылды күн кешкен ұрыншақтау екенін де аздап білетін едім. Осы бір пәлені бүлдірмесе не ғылсын деп отырғанда, шай келтірді. Үй сыртында ажырықты көгалда нән кара қозы сойылып жатқан. Енді Мәлік қолына да дағарадай леген ұстап кіріп келе жатыр. Легенде тегештей боп төңкеріліп қозының теріден жана ажыраған жас құйрығы. Соны дастарқанға баппен қойып, өзі қасына шөкелей жайғасып:

—Қуырдақ піскенге шейін, мынадан көрмейміз бе, — дейді.

—Ой, мынауың не сұмдық! Құйрықты шикі жеп, жыртқыш боп кетеміз бе?!

—О, палуан, білмей жүрсің — денсаулыққа бұдан жақсы нәрсе жоқ.

—Ендеше денің сау болсын, маған қарамай ала бер өзін, — дедім, әуселесін көргім кеп.

—Ой өттесі-ай, сыбағаннан құр қалатын болдың, палуан. Құйрық қарпудың үш түрлі жолын білетін едім. Қасқыр боп тарту, бүркіт боп қылғу, адам боп асау. —Соның қай түріне салайын.

—Асағанды күнде көріп жүрміз ғой, қасқыр боп тарта бер.

Ол енді ұмытып кетпей тұрғанда дегендей аз ойланып, бір кез селебені алақанға жанып-жанып алды да, тұтас құйрықты ортасынан қысқартып бөлді. Жартысын шеткері қойып, екінші бөлігі жатқан легенге төне түсіп, екі қолымен жер тірей былқып жатқан құйрыққа тұмсықты батыра қарпып, сылқ-сылқ жұта бастады.

—Оу, қоя тұр. Бүркіт боп қылғымайсың ба, қалғанын.

Е жөн, айтқаның болсын.

Мұнысы оған оңайлау түсті. Селебе әрі-бері жүріп өткенде қол басындай боп бөлектенген бірер білемді, сол бөлек-бөлегімен қалқи қағып, қылғып тындырды да, босаған ыдысқа әлігі жарты құйрықты салып, «Балам-ай, алып кет мынаны, — атаңның сыбағасы, қазанға салыңдар», — деп айқайлады.

—Ойбай, Қазеке-ау, әлгі Мөкеңнің тамасасын көрем деп, ас қалғам десеніңсі. —Пай-пай сіркін, Мәлік-ай, — деп Әби ағай, Қажекең әңгімесінің сонын қағып әкетіп, барша жұртты тағы бір ду күлдірді.

—Ия, солай балалар. Бұ дүниеде, аспан асты, жер беті кең-ақ қой. Жасымнан жиһан кезіп, бармаған ел, көрмеген жер қалған жоқ. Қаншама жұртты танып, дәм-тұзын таттық. Ұшан теңіз әлемнің әр шегінде әр алуан жандармен дидастар, сыйлас болдық.

Дүниеде не көп, ғажайып жақсы жер, жақсы адамдар көп. Солай бола тұрса да, туған жер, өскен елдің орны басқа, алыс елде жүргенде көз алдына келіп, кеуденді сағыныш кернеп тұрады екен.

Енді Қажекен оң жағында сүйеулі кішкене көне домбыраны қолына алып, оны күректтей қолымен бірер сипап, әр бірі кіші-гірім білектей барбық саусақтарымен жоғары-төмен сырғытып, баяу тыңқылдатаып отырды да, көмейі бүлкілдеп, баяу қонырқай әндетті.

Өнердің өзім білген арқасында,

Өлкені алыс-жақын араладым.

Жақсысын саусақпенен сараладым.

Қаншама жер жаннатын көрсем дағы,

Ұжмақты туған жердей таба алмадым.

—Ай-һай, деген. Айналайын Қазекен, өзінде тек құс емес, қансама сөз алтыны да затыр екен ғой, — деп Әбекен саңқ ете қозғалып, Қажекене бір табан жақындай түсті.

—Енді міні, жас болса жетпісті орталап, сексенге өрлеп барады. Ата-бабаларымыз кір жуып, кіндік кескен қасиетті өлкеде, қалған өмірдің жайлы тұрағына жетіп тоқтайтын да кезіміз келді. Ел азаматтарында кінә жоқ. Көшіріп әкелем, әр қайсымыз он кесектен күйсақ та үй салғызып берем, қасымда бол, — деп мына Тасқұдықта Айтбегім отыр. Шіліктегі шаны бұрқыраған ескі қонысты қойыңыз, алып кетемін, — деп Шәуілдірде Жүнісбеков Жүзбай жатыр. Қараспен тауы — Қаратау, ежелгі ата мекенің — мол сулы Арыс жағасынан артық жер қайдан болсын, бізге келіңіз, — деп хабар айтып Шораев Мырзахан жүр. Тұз-дәм бұйырса, қабырғамен кеңесіп, соның біріне мақұл дейтін шығармыз.

Сол жылғы жаз. Ұмытылмас жаз күндерінің бірі еді. Облыстық комсомол комитеті шақырған бір жиынға барған шаяндық бір топ жас, қаладан күн еңкейе шығып, кеш әлетінде Арыстың ағаш көпіріне еңкейіп қалған едік. Кенет үстінде сауда жүгі бар біз мінген газиктің арты бір жағына жантая қиралаң етті де, шанды жолда тонқып-тонқып тоқтады. Алға қарасақ борпылдақ шанды боратып, ор қояндай орғып бір доңғалақ әу-дем жерде зытып барады. Кабинада екі көзі тұздай, мұрны біздей боп сопайып Абдулла шофер шықты.

—Ой, анау не-ей, көке?!

—Не болушы еді. Ол біздің дөңгелек қой, осінен шыға қашқан. Әй, сор қысқан басым-ай, құрыдық-ау енді:

—Оу, көке, не істейміз енді.

—Жә, қорықпандар, ел іші жақын, ғой, бір амалын жасармыз.

Абдулла асықпай доңғалақ осына біраз үңіліп тұрды да, —Ал, тұрмалық, бүйтіп, мен үш доңғалақпен илалап мына өзен жағасына түсем, түсем де сол жерде күтем. Сендер мына Темірланға барып, жерден қазсандар да диска бекітетін алты гайка тауып келіндер.

—Күп болады, көке.

Біз Темірланға жүгірдік. Келсек ел-жұрт, көрі-жасы демей өкпелерін қолына алып, жапатармағай, ұзын көшемен төмен қарай ентелей басып кетіп барады. Біз «гайка» десек, оны құлағына ілер бір жан жоқ.

—Ой гайкең не, мынадай қызық кеште сандалған. Мына «Коммунизмнің бауына қызық көргелі барамыз. Күрес көргелі барамыз. Біздің Қажымұқан атамизды іздеп, сонау Мәскеуден әр қайсысы түйедей үш палуан келіпті. Солар осы кеште палуан атамен күш сынасқалы кілем үстіне шықпақ».

—Қажымұқан, күрес... ойпыр-ай не дейді. Құрысын гайка, оның бір бөлесін етерміз.

Табан астында сиқырлы күшке басымыз шырк айналған біз, іздеп жүрген гайка, шоңқиып орта жолда қалған машинаны ұмытып, толқындағы жанқадай боп, көп ішінде кете барыппыз. Келсек, колхоз конторының алдындағы бау іші ығы-жығы адамға толы. Ағашқа асығыс сым тартылып, ол кезде ілуде бір көрінер — электр шамы шолпанындай жымың қағып тұр. Иін тірескен қалың адам қоршаған алаңқайға алаша, киіз кең жайылып, ортасына кілем төселіпті. Қалың жұртқа тәртіп айтып, қарбаласта ауыл кенесі мен колхоздың басшы кісілері жүр. Бұдан сәл оқшау, алма ағашы астында, бір топ үлкен кісілер ортасында, ақ киіздің үстінде төбеге орнаған гранит обадай болып, күреңіткен басы түнгі жарықпен жалтырап, арыстан кеуделі алып атамиз отыр. Ұлы дүбірге құлақ түрген көрмедегі көрі тарлан-жүйріктей, тас түйін боп, шиыршық атып, бекіп алған жайы бар.

О жарықтық, қасиетіннен айналайын Қажекем, ата-баба құдіретіне сыйынып, тәуекел етіп отыр-ау, — деп әлдекім көзі жаутандап, кемсең-кемсең етіп тұр.

—Келе жатыр, жол беріндер, — деген дауыс естілді бір кезде. Қарасақ қак жарылған қалың көпті аралай, қасында ауыл кеңестің төрағасы және тілмаштық міндет атқаратын кешегі майдангер, бүгінгі село дәрігері биязы мінезді, ақсары, келісті

жігіт Бектаев Ахмет бар, арыстан пішінді, нар кеуделі үш палуан келеді екен.

Бұлардың жасы үлкені, әрі жолбастары — жас құралпы елуді еңсерген, екі иініне екі адам мінгендей төртбақ әлемнің атышулы бірінші алыбы — Иван Поддубныйдың жақын шәкірті, жойқын күш иесі Василий Сарелла, оның жанында құрыштан құйғандай зор, насат тұлғалы, таразыда сегіз пұттан астам салмақ тартатын, французша күрестен әлемге әйгілі шеберлердің бірі ленинградтық Александр Соловьев және аренада алты пұттық гир тастарын алақанында жаңғақша қағып ойнатқан сом білекті, батыр жүректі свердловтық жас палуан Юрий Минин еді.

— Ұлы болсаң кіші бол, — деген ғой. Соншалық алып күш иесі Василий ағай, өзінің тұрпатымен көп алдында қандай кіші, қандай ізетшіл еді десеңізші. Ол көпке басын иіп сәлем беріп ортаға шықты да, бұл өнерлі бригаданың Россиядан байтақ қазақ жеріне, туысқан қазақ еліне келген ізгі сапар-мақсатын айтып, өздері тәңірідей сыйынып құрмет тұтатын ұстазы, Әлем қаһарманы, әрі жасы үлкен ағасы Қажымұқанды арнайы іздеп келгенін, сау-саламат көрісіп, қуанышқа бөленгенін айтып өтті. Сонымен бірге, Қажекеннің өз келісімі бойынша французша, күрестің бірі кәрі, бірі жас айтулы екі шеберінің Қажымұқан мен Соловьев арасында шын спорттық, шын жолдастық айқасты тамашалау мүмкіндігі тұрғандығын көңілді күйде айтып шықты.

— Ал, кәне, ардагер ұлы чемпион Қажымұқан мен бүгінгі атақты шебер Александр Соловьевті ортаға, кілем үстіне шақырамыз, — деп Сарелла бас ие тағзым етті.

Сол екен, екі жақтан сырт жамылғыларын сыпырып тастай беріп, алшаң басып бір-біріне қарама-қарсы таяп келген екі алып, бір-біріне қол созым жерде, кілем үстіне нар түйедей болып, қос тізерлеп шөкті де, білеу-білеу білектері айқасып, ұстаса кетті. Бір ғажабы, бұл француз күресі дегенін, ө дегеннен белден ұстасып, алып та, шалып та соға беруге болатын қазақша күрестен мүлде басқаша екен. Екі дәу кәдімгі «хан-алшым» ойнайтын балаларша қарама-қарсы шөкелей жайғасып, қолдарын сандарына бірер шәпеттеп, күректей қол алақанын ысып-ысып жіберіп, бірі желкеден алса, екіншісі оны бір қолымен нықтап тіреп, екінші қолымен сүбілектен қарпып шірей кеп тартады. Енді сол тарту күшімен оған қарсы тіреу күші пара-пар келіп, алақандарын жаланап денелерге шарт-шұрт соғып, арыстанша айқасып жатқан

екі алып, жойқын күшке салғанда зорланған тұтас тұлғалар дауыл шайқаған алып емендей сықырлады.

Шам сәулесіне шағылып жалт-жұлт еткен, астаң-кестең айқасып жатқан екі дәудің алып денесін бұрқыраған ащы тер жуып кетті. Баяғы бір бапты шағында адуын қарқынмен ес жиоға келтірмей қарсыласқан қара темірдей қапсырып жіберетін Қажекен бұл жолы да көп езгілесіп жатпай, істі тез тындыруға бекінген жайы бар. Бірақ, Соловьевты сүбелектен мол қарпып, әлде неше қақырата тартқан Қажекеннің темір тегеурінді алпамса алақаны жан терге малынып шылқылдаған палуан денесінен тірек таппай тайғанап кете берді. Ақыры бас төреші Василий Сарелла ширек сағаттық шайқаста бірін-бірі ала алмаған екі дәуді ажыратып, он минуттық тыныс сәтін бергізді.

—Мынау күшік, мені қатырды, — деп күркіреді Қажекен тұла денесінде бұршақтаған ащы терді сала құлаш ақ орамалмен сүрткізе отырып, — жон арқа, бүйір, желкесін сыкпа маймен сылап келіпті. Денесі иірім судағы жайын балық сияқты не ұстауға не қармауға келмейді. Айтындаршы, үстін құрғатып, алдамай, адам сияқтанып шықсын күреске.

Араға сүт пісірімдей уақыт салып, екі дәу ортаға қайта шықты. Жай, самарқау қол созысып, бірін-бірі бірер қозғап көрген соң, қарағаштың безіндей шор-шор шомбал білектер айқыш-ұйқыш айқаса кетіп, шарт-шұрт сілкісті-ай келіп. Бұл жолы екеуінің де аянып қалар түрі жоқ. Бұлардан көз алмай, сілтідей тынып, «Е құдайлап» қалың жұрт тұрды, сыбырлап.

—Ия, пірім, қолдай гөр, — деп қариялар жағы қалбақтап қалды бір кезде. Қарасак, осы кез көз ілеспес жылдамдықпен айқас кезінде Соловьевтың келідей жирен басы Қажекеннің қолтығына килігіп, тұтас денесі қиялай аударылып, ұлы палуан-ата астына шалқалай жұтылып барады екен. Шірене зорланып, ыңыранған дыбыс естілді. Енді бір сәтте, жусанды қырдың алтайысын айызы ғана сығымдап, кең дүниеге пандана бір қарайтын қыран бүркіт сипаттанған Қажекен зор тұлғасы ауыр қозғалып, кілем үстінен көтеріле берді. Ал, адамдық қасиетті биік ұстайтын жомарт жанды Соловьев күрес жеңісінің үлкен абыройын үлкендік жолымен емес, әділ сайыста таза күшімен, қолынан алған Қажекен алдында тағзым етіп, бас иді.

Дүрілдеп, дуылдаған қалың көптің қол соғып құрмет көрсетуі үстінде бас төреші Сарелла аяғын алшаң басып келіп, бұл сәтте баяғы бір арыстан тұлғасы қайта оралып, өркештеніп тұрған

Қажекеннің қолын көкке көтерді. Бұл ұлан ғайыр казак даласында туып, дүниенің сарайын дүрілдетіп өткен жібек жанды, алып жүректі адамның өмір майданындағы ең соңғы, ең ақырғы айқасы еді.

Сол жылғы көктем, сол жылғы жаз. Елдіктің, адамдықтың жолымен елу жыл сапар шегіп, бүгінде мына асыл алқалы Арыстың алабында тұрағын тапқан Қажымұқанның қара шаңырағы бүгінде бұл өлкенің меке – мөдниасына айналған. Көп жұрт сәлем бергелі келеді, көп жұрт батасын алғалы келеді, біреулер «әулие» деп табынғалы келеді, біреулер ырым-теберік болсын деп алып атаның ескі – құсқысын пәршелеп жыртып, бір жапырақтан бөліп әкеткелі келеді. Біреулер қандай адам екен деп көргелі келеді. Әйтеуір келем деушіге себеп көп. Келіп-кетер қалың елде есеп жоқ. Соның нақ ортасында – «Келіндер» дегеннен басқа қағажу – қатқыл сөзі жоқ, тау тұлғасына жібек мінезі жарасып, жағасы жайлауына кетіп Қажекен тұрады. Барша ел-жұрттың бір ғана білетіні: Халық Қажымұқандікі, Қажымұқан халықтікі. Солай болғасын өзінің ұзақ жол, ғажайып өмірінде ол бұдан артық шен, бұдан асқан дәреже іздеген емес. Оған оның қажеті де жоқ еді.

Ол күнгі таң күндегідей қырмызы нұрланып атты. Күз таяп келсе де күн көктемге бергісіз. Соңғы аптада желсіз аптапқа тұтылып, алып денесі қорғасын құйғандай ауырлай түскен Қажекен ол күні ерте оянды. Шайын асықпай ішіп, үлкен сәске шағында тысқа шықты. Үй сыртында боз биесі жегулі дайын арбасына қарай ауыр қозғалып аяндай берді.

–Ал, Мінайім, дайын ас, жайлы төсек үстінде отыра беруден жалықтым. Мен мына жоғары Күнту жаққа жылжып, жарықтық Нұралы ақын жатқан жеріне барып қайтайын. Тірісінде көрмедім, енді әруағына басымды иіп қайтайын.

–Бүгін жүзіңіз тым күренгітіп тұр, ауырып қалмаңыз атасы.

–Е, ауырсақ несі бар, ауырмайтын адам сүрінбейтін тұяқ болған ба еді, дүниеде. –Сол боз биенің жердегі шылауына еңкейіп, нар кеудесін шоқыдай боп қайта көтерді. Дүние шыр айналып, аспан аударылып, жер төңкеріліп, көз-алды күңгірт тартып жүре берді. Екі ғасырды жалғап, қара емендей қайыспаған алып тұлға, ұлы теңіз тұңғиығына мәңгілік шомған күз жартастай, бірте-бірте қасиетті жер құшағына құлап бара жатты.

ИСАНЫҢ ДОМБЫРАСЫ

*Кім көрді көктің жерге құлағанын,
Кім көрді күннің жарық сұрағанын.
Кім көрді Ақбөпедей ару жастың,
Шомылып қанды жасқа жылағанын.*

Иса

“Бұл не деген гажайып ертегі адам?!...»

Тұрар Рысқұлов



Бұл биікті жұрт Шоқан асуы дейтін. Кім білсін қандай білгірдің солай атағанын. Әйтеуір қалай десе де өткен сырлы дүниемен сабақтас жатуы анық қой. Мен алғаш рет оны осы асудың арқалығы — Қосағашта кездестірдім. Ақырғы соңғы рет те, сол асудан ұзатып салып қалғанмын. Бәрі де дәл бір кеше ғана өткендей, дәл бір ұзақ түндерде үдере сокқан дауылдай, талмайтын дауылпаз үні күңірене толқып,

Кержорғаның үстінде әлі кетіп бара жатқандай болып тұрады.

Ұлы Отан соғысының екінші жылы жүріп жатты. Жаралы ел, жаралы жер, жаралы көңіл. Бір ғана сөз — бәрі де майдан үшін! Алыстағы ауылда таңмен таласқан күндер еді бұл. Сол жылы күзде он төртке толып, жетіншіге барамыз деп жүргенде, Жолдығұл бригаданың құрығы мойынға түсті. Тойымсыз ойын, пейіштей көрінетін мектеп, балалықтың қызық-шыжығына мәңгілікке қош айтып, қырда егін жай шетіндегі ащы тер мен көз жас аралас тірлік қайнап жатқан қызыл қырманға келгенбіз. Сол күндерде торғаймен бірге оянып, сонау бір күншығыс қиырда заңғар шындары көкке шаншылған Алатауды бетке алып, айлы түндерде мандайымыздан сипайтын жібек толқынды салқын самал астында, алыста сүйген жарын сағынған жас келіндердің сыңсыта шырқаған мұнды әндерімен тербеліп, Алексеевкаға қарай бет алған астық керуені ішінде кетіп бара жатар едік.

Осылай керуенші боп жүргенде, бір күні кеш әлетінде көк шолағын тепеңдетіп қыркадан шыға келген Құдайберген

шабарман қырманшылар ішінен мені іздеп тауып: «Әй, балақай, сені ауыл-кеңеске шақырып жатыр», — деп өктем бұйырып, әй-шәйға қарамай алды да жөнелді.

— Мынаған қысқаша өмір тарихынды жаза ғой, — деп кеңес председателі Қалымбетов Қалы ағай келген бетте бір парак қағазды алдыма қойды.

Қысқаша болмағанда менде ол кезде қандай тарих болатын еді. Отыра қалып төрт-бес қатар сөзді қаздай ғып тіздім де Қалы ағайға қайтардым.

Ол менің жазғанымды батар күннің күлгін сәулесіне шағылған терезеге бұрып, бір көзін қыса қиялай барлап тұрды да, маған қарай жымия күліп:

— Пәлі, сен жарадың. Тіптен тамаша. Жазуың, почеркің тіптен жақсы. Тасқа басқандай екен. Ал, кәне, енді сен ертеңнен бастап осында хатшы боласың, — деді. Сөйтсем ағайға менің тарихым емес, почеркім ұнап кетіпті.

— Ағай, колхоздағы жұмысымды кәйтем?

— Жә, о жағыннан қорықпа, басқармамен өзім келісем.

Ия, солайша мен ойда-жоқта ауылдық Советке хатшы болдым. Ертелі-кеш майысып таусылмайтын ақпар, әр қилы мәліметтер жазып, ауданға, эмтеске жөнелтеміз. Шыр шықталып белінен буылған, қайсы бірі төрт бүктеліп пәкеттелген хаттарды көнетоз кенеп қоржынға салып, көк шолағын тепендеткен Күдекен Алмалыдағы учаскелік почта торабына жөнөйді. Ат арытып кештетіп қайтып оралады да, бір жағы гәзетке, екінші жағы топтала буылған қат-қабат хаттарға толы қоржынындағы бар табысын столымызға әкеп төгеді.

Алыстан қанаты талып жеткен қарлығаш сияктанған қиықша майдангер солдат хаттары, сыртындағы елден кеткен таныс қол, таныс есімдер, сағындырған ағалардың бейнесі көзге ыстық жас үйіреді. Солардың ішінен аудандық соғыс комиссариатының мөрі басылған сұсты пакеттер көрінеді. Соны көргенде жан түршігіп, жүрек сулайды. Жүзі өрт шалғандай қарауытып, түнере отырып Қалы ағай ғана ашып оқитын сол пакеттер, сол сәт кейде иығына асып, кейде кер жорға ат ерінің қасына ілулі жүретін Қалы ағайдың қалың қайыс сөмкесінің қатпарлы қойнына сүңгиді. Күн асқан сайын бүйірі шыға семіріп, қалындай түсетін қара сөмке қойнында жан жүректі қара темірдей қаритын қаралы, қайғылы хабарлар жатады.

Бір күні Кеңестегі төрт колхоздың бастықтары Бейсе, Бектай,

Сүлеймен, Алтыбайды шақыртып, Қалы ағай олармен ұзақ күнкілдесті. «Ойпыр-ай, түгелдей айтамыз ба, қырып алмаймыз ба жұртты», — деген дауыстар естіліп тұрды. «Жоқ болмайды! Енді төзуге болмайды. Қазір түгел атқа мініміз. Өзеннің басынан түсеміз де, айтып шығамыз. Түп-түгел айтып шығамыз» — деп Қалы ағай өктем сөйлеп әлде кімді қайтарып тастады.

Алғашқы түскен қалың қар өлкені өлі көрпесімен тұмшалап, Терісжайлау, Сеңгірдің басы сұр сәлдесін оранып, меніреу дүние менсіз де үнсіз, тұнғыық күйге түскен күн еді. Жарау аттар мініп, милығына түсіре түлкі тымақ, саптама етік киіп, белдерін шірей бұған бес кісі ызғар жайлаған сұр тұманға сүнгіп кетті. Кетті де өрлеп, өзен бойын жағалап, іргелес қоныс тепкен ауыл үйлерін аралап өтіп, қырық екі үй алдына аттан түсіп, Отан үшін жан берген қырық екі азамат өлімі жайлы алыс майданнан жеткен қаралы хабарды айтып шықты. Зұлымдық пен ажал да алдымен жақсыны таба ма екен сірә. Біреудің жалғызы, біреудің жақсысы, ылғи бір майдандағы бозым жас, аяулысынан айырылған ауыл ұлардай шулады. Сағыныш сарғайтып, қайғымен сыздаған жаралы жүректі жұбатар, ел еңсесін көтерер күш жоқ, болмайтын да сияқты еді сол күні. Бірақ, құдірет, шебер құдірет әменде өз заңымен өмір кешеді екен. Қол жетпес көктен түскен сол күш, сол құдірет біздің ауылға көкте емес, жерде, туған өлкеміздің төсінде, қиырларды шарлап, асулардан асып келе жатыпты.

— Қарағым, — деді Қалы ағай, мені танертең қылшылдаған аязда, суық бөлмесіне шақырып, — Сен мына жылтыр етік, шұнақ құлақшыныңды таста. Басына мына түлкі тымақты, аяғыңа анау саптаманы ки. Астына анау бастырмадағы Құралбайдың торы айғырын мін. Ешқайда бұрылмай Шошқабұлаққа қарай тарт. Бәлки жол ортасында кездесер. Бізге сонау Алматыдан шыққан бір үлкен кісі келе жатыр, қасында ауданның басшысы бар. Қарсы ал да, жол көрсетіп бастап кел.

Шынын айту керек қой. Мен бұған қатты қуандым. Албырт бала жүрек алып-ұшып, «айнып қалмай тұрғанда атқа мініп алайын» деп өлгі киімдерімді аптыға киіп, тысқа шықтым. Торы айғырдың тізгінін жіберіп қап жөнөп кеттім. Сала құлаш құйрығы есілте кеп түйілген жарау торы тұсарлықтан асатын құмай қарды екпінімен сусылдата боратып, жана түскең жалғыз аяқ сокпақпен желдей есіп келеді. Әне-міне дегенше Адамтас, Бөйдібек-ата, Шілтерлінің биігі артта қалды. Ой жақта, сүйкімді тау өзені Балабөген бойында қамыс шатырлары ақшағыл мамық көрпесін

жамыла Китаевка жатты. Айнадай таза ауа, көгілдір көкке бойлай жарысқан ауыл үйлерінің түтіні, өр жакта мұзарт басы мұнар бұлтынан арылып, айбар шеккен киіктер мен қырандардың мекені — Актаудың шомбал шоқысы. Неткен тұнық, неткен таза, неткен сұлу табиғат! Сол ғажайып нұрлы күн, сырлы дүниенің мына келісті келбетіне танырқап, осындай ел, осындай ұлан өлкемізге жау келді, жан алысып жан беріскен ұлы майдан жүріп жатыр дегенге бала көңіл иланғысы келмейді.

Анау көкке шаншылған көп түтіннің бірі өкемнің досы Митке ағай үйінікі ғой, болса да. Соны ойлағанда ішек шулап кеткендей. Әнеу бір мархабатты күндерде кейде арбамен, кейде дорбамен сол досымыздікіне келер едік. Сонда тоқпақтай бұрымын бұрап-бұрап желкесіне түйген Мотя апамыз қыс бойы оты сөнбейтін оқпаны отаудай үлкен пештің қақпағын ашып жіберіп, төңкерілген қызыл шарадай нән бөлкені столға қойып, буын бұрқырата кесіп-кесіп жіберіп, тұзды бәдірен, көк алма, толып жатқан бізде жоқ көкөністерді алдымызға төбе ғып үйіп: «Ну, милый мой, чево глядиш, кушай» — деп қойып, мұрынды шиыра бір тарта, кірісіп жатқан біздерге анадайдан мейірлене қарап отырар еді. Ой, шіркін-ай, оның бәрі өткен күн, көрген түстей дүние. Бүгінде Митя ағай майданда, тірі болса мынадай сіреу қарда, далада мұз басқан окопта, винтовкасын құшақтап, жау жаққа қарап жатқан да шығар кім білсін. Өмір, тағдыр дейтін солай болып тұрғанда, тетя Мотя апамыздың қолында танау қытықтар қызыл бөлкелер, қайдан болсын бүгінде. Қыстамаға деп бастырып қойған нән қадушке қапустасын талжуыр ғып отырғанда шығар-ау жарықтық.

Қиял тербетіп қырда жортқан жолаушы осылай Шоқан асуына жеткен еді. Сол сәтте алдыңғы жазықта әлде бір заманда өтер жұрт «әулие» десіп бұтағына әлем байлап кететін «киелі» ағаш — Қосағашқа таянып, бірде қатар, бірде шұбай түсіп келе жатқан үш аттылынын да нобайы шалынды. Солар, әлбетте солар. Біз үшін алыс қиырда, аспандағы жарық жұлдыздай боп көрінетін Алматыдан мынадай сары аяз, сіреу қыста келе жатқан үлкен кісі қандай адам болды екен. Қалай да, қарсы алудың әдеп-рәсімін көрсетіп, тәуір жағынан көрінуім керек.

Мен торының басын тартып, таяп келдім де арқан бойы жерде қалың ұлпа қарды бұрқ еткізіп көміліп аттан түстім. Айғырды жетекке алып, омбылай басып келіп, сәлем бердім. Астына есік пен төрдей қаракөк арғымақ мініп алда келе жатқан Оразбаев

Нұрмағамбет ағайды бірден таныдым. Ол кісі өзіміз әлде неше көріп жүрген аудандық атқару комитетінің төрағасы. Ұнатқандай, ұясы үлкен ажарлы-нұрлы көздерімен ажарлана бір қарап қойды да:

—О, жақсы келдің қарағым. Асу ашық па, көне алға түс, баста.— деді жай ғана.

Енді байқадым Нүрекеңе қатарлас үзеңгі сүйкеп жұмыртқадай жұмыр қақпан бел қарагерге қаршыдай қонып, қара қаракөл жағалы пұшпақ, ішік қара барқытпен тысталған алтайы тымақ киген шүңіректеу өткір көзді, келте мұрын, танау астында бармақ басындай тұжырымды мұрты бар, тұтас тұлғасын шұлғи түсіп, орта бойлы дембелше кісі келеді екен. Бұлардың ізін басып, жінішке қаражорға үстінде ат-тұрманын бастыра кілеми қоржын салған, кескініне жарасқан құндыз бөркін ақ түбіт салы орамалмен бастыра тартқан қынай бел, қара барқыт, ішік киіп, қолына былғары мен қапталған әшекей сапты майда өрім, қамшы ұстаған сынық жүзді сымбатты әйел келе жатты. Оның кілем қоржынына қапсыра таңылып, сырт нобайы шаңқобыздың қорабы сияқтанған, тұрқы құлашқа тарта қара қобди келе жатыр. Не болды екен, сірә?

Менің кескін кейпім, жүрген-тұрғаным Алматылық ағайға қызық көрінді-ау деймін шамасы. Нұрмағамбет ағайға бір тақымдай жантайып әлде нені әжуа еткісі келгендей, ұясы терең өткір қоныр көзін сығырайта бұрылып:

Мынау кім, алдан шыққан жылтыр қара,

Мынаның жылтыраған түрін қара.

Ат мініп, алдан шығып сәлем берсе,

Демеске кел тауарыш, бар ма шара!—деп сақ-сақ күлді.

Оған Нүрекең менің кім екенімді айтып түсіндіріп жатты. Енді ол тұлғасын алға жіберіп, бір шұлғып алды да:

Батырым бастай бергін жылтыр қара,

Қараның өзі екенсің шыққан дара.

Арқаның аты шулы Исасымын,

Жалыным жабыққанға болған пана,—деп қаракердің үстінде шалқая түсіп, түзетіліп отырды.

Мен мынадай қар басқан құла дүзде, тағдыр айдап кездесіп, алмастың жүзіндегі жалт-жұлт еткен қыран бүркіт сипатты, қырғи тілді жұмбақ жанның кім екенін біле алмай, астарлап төгіп,

әжуалап келе жатқан сөздеріне ой-өрісім жете алмай келе жаттым.

Иса... Арқаның аты шулы Исасымын, — дейді. Былтыр алтыншыда жүргенде мұғалім ағай ұстап жүрген «Әдебиет майданы» журналында «Құралай сұлу» атты дастанын басқан— Байзақов Иса деген есімді көріп, інжу маржандай төгілген ғажайып-жырға таң-тамаша қалған ем. Бәлкі сол кісі болар-ау, сірә. Ия, мен жаңылмаппын, мен сол күні ХХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ аспанында жарқыраған ғажайып өнер жұлдыздарының бірі, ерек тұлға дауылпаз дүлдүл дастангер акын, халық өмірінің өрен жыршысы Иса Байзақовтың алдынан шығып қарсы алып, үзеңгі қағысып келе жатыппын.

Дүрмек көбейгесін аяздан аршындап келе жатқан жарау аттар дүрліге тартты. «Қарға адымы» дейтін қаңтардың күні қияс тартып, тау бөктеріне иек артып қалғанда Қошқардың бойын жайлаған ауыл шетіне де іліндік. Бұл кезде ауыл ағалары Кеңеске қарайтын колхоз бастығы Алтыбайдың үйі алдында топтана күтіп тұр еді. Меймандарды қауқылдай қоршап, жапырылыса қарсы алып, аттан түсіріп алысты.

Сол күні кеш әлетінде ұзын шапанының қос етегін қайыра белбеуіне қыстырып, өнеу бір жайбар жылы қара барқыт пен тыстатып құлпырта киген, бүгінде қылшығы түсіп, түбіті қалған кәне түлкі тымағын еңкейте киіп, бес жасар немересі — Кеңесбегін жетектеп қалың қарда омбылап, ентелей басып еңкіш кеуделі еңсегей бойлы, Ермағамбет қария келе жатты. Кез-келген аттылы жаяуға айғайлай тіл қатып:

— Шырағым-ау, бір жақсылық хабар есіттік, осы ауылға алыстан бір жақсы кісі келіпті. «Соғыстың бітетінін, балалардың аман қайтатынын сол біледі» — дейді, рас па, айналайын!

— Рас ата, рас. Барша жұрт сол кісіні көреміз деп сөзін есітеміз, дастанын тыңдаймыз, — деп мектепке жиналып жатыр.

— О, тоба-тоба, аузына май, айналайын. Өзбегімнің хабарын бір білсе сол біледі. Жетейін соған, жетейін, — деп ентелей түседі.

Қайтсін-ай, сорлы шал. Жалғыз ұлы өрімталдай бозым жігіт — Өзбегі ел мақтаған азамат еді. Хат-хабар пышақ кескендей қиылғалы жарты жылға аяқ басып барады. Поштаның жолын күте-күте көзі де көңілі де талғандай халі бар. Үдессіз үміт, жаманатқа қалай қисын... Әнеу күні ел күңіреніп жатқанда ауыл

кеңесінен естігені «Қорықпа шал, балаң тірі. Тек хабарсыз кетті депті. Өкімет тапсырмасымен хат жетпейтін бір жерде жүрген шығар», болған. Ал шыныда, тағдыр бұйрығы басқаша болып, кешегі қара күзде темір дауыл толассыз соққан Сталинград түбінде, Доннан Еділге қарай қарақұрттай қаптаған жау танкілерінің жолына кеудесін қамал ғып тосып, арыстанша алысып, бір қадым шегінбей, Отан үшін жан берген азаматтың бірі өзінің Өзбегі екенін қайдан білетін еді. Ол енді бүкіл қалған ғұмырында кездесе кеткен әскер порымды адамнан «Менің Өзбегімді көрдің бе?» — деп сұрау салумен мына ел жігіттері майданға аттанған қасқа жолға қарауыл караумен өтпек.

Енді сол көрі жүрегінде үміт шырағы сөнбейтін Ермағамбет атамыз ентелей басып келсе, әлгі жиын болатын мектептің маңы қарақұрым жұрт, айна-қатесі жоқ көдімгідей той болғалы жатыр. Қары күрелген кең алаңқайда кернейінен қызыл жалыны жалақтап қаз-қатарынан қойылған самауырлар бүрк-сарқ қайнап жатыр. Оларға от салып жарқын-жұрқын сөйлеп бір топ қыз-келіндер жүр.

«О, тоба-тоба, жақсылығына жаза гөр. Қарт кісі әлдекімді іздегендей қалбақтап әлдекім нұсқаған есіктен еніп еді, қазақша киіз-текемет сырмақ төселген кең бөлменің іші, ине шаншар жері жоқ, өзіндей шал-кемпір, қыз-келіндер, толы екен. Қақ ортаға жатаған дөңгелек стол қойылыпты. Әр тұста ондық шамдар жарқырай жанып тұр.

—О, ата бері өтіңіз, төрлетіңіз— деп әлдекімдер көриені алғы қатарға, әлгі стол алдына әкеліп жайғастырды.

Енді міне көп күттірместен аудан, ауыл-аймақтың бір топ ілкі жақсылары кіріп келе жатыр. Орталарында Иса аға. Ол кісі бір қырынан көргенде тұстас үзенгілестеріне тиіскіш, сықак өлеңмен мысқылдап, мінеп, сынап тұрған ұрыншақ —өткір адам. Бірақ қалың жұрт ел алдында қойдай қоңыр, биязы, ізетшіл екен. Жалпы жұртқа бас иіп сәлем берді де сырт киімдерін тастап, торсық шеке, дөң маңдайы астында от боп жанған қыран көзі қалың көпті бір шолып, стол жанына, үстіне, биязы көрпе жабылған, пәс тапшанға келіп отырды.

Ол енді майдан мен тылда сан миллион құрыштай қайнаған халықтың алынбайтын қамалға айналып, зұлым жауға қарсы қайсарлық пен күрес жүргізіп жатқанын әділетті жақтайтын әлемнің барлық халқы бізбен бірге екенін, жеңіске жетіп, жер бетінде бейбіт өмір қайта орнайтынын жайлы қоңыр жай үнмен

айтып шықты. Қан төгіс соғыс құрбансыз болмайтынын еске салып, «Көппен көрген ұлы той» деген, енді еңсені биік ұстайық, — деп барша қауымды бірлікке, майдан үшін, жеңіс үшін, оны жақындату үшін ерлік пен еңбек етуге шақырды.

Ақын сөзін тындап отырған Ермағанбет қария сол сәт егіле түскендей еңкейіп отыр еді. Осыны байқап қалған Иса ақын оң жағында Шәмшия апай оңтайлап ұстап отырған қоңыр домбыраны қолына алып, дүмбірлете қағып-қағып жіберіп, ырғала толқып күңгірттеу күңіріне шыққан тынысты әуенмен қоңырлата бастап кетті де:

Қайыспа, қапаланба, қара шалым,
Ер болмас Отан үшін қимас жанын.
Жеңіс туын жайнатып келер балаң,
Жарқырап сонда сенің атар таның.

Өлген жоқ, мәңгі өлмейді ұландарың,
Ұрпағы Қабанбай мен Бөгенбайдың.
Той болар топтан озар күнің жақын,
Ұл-қызы қасиетті Қаратаудың, —
Деп саңқылдата төгіп-төгіп жіберді.

— Ай-һай, шіркін, сөзіңе болайын! Айтқаның келсін айналайын, — деген дауыстар естілді.

Енді Иса ақын өзінің туған ел, өскен жұртына, қаһарман халқына арнап алып келген көп дастандары бар екен, соның бірін тындаушылардың қалауы-таңдауы бойынша түн ұзағы талмай жырлап беретінін ескертіп, жалпы есебі жиырмаға жуық батырлық, лиро-эпостық, сұлу да сырлы дастандарды тізбектеп атап шықты.

— Уа, қайсысын айтам десең де ерік өзінде, осы ылайық дегенінді айта бергі, қарағым— десті қариялар жағы.

— Ал ендеше, айтылар дастан — «Арқалық батыр». Бұл дастан ежелгі қазақ жерін, қазақ елін жау торыған шапқыншылық заманда Тарбағатай, Алтай жағында қаптаған қалың жауға қарсы аттанып, бір қырғын ұрыста жасағы түгел мерт болған, мыңмен жалғыз алысқан қаһарманның ерлігінің көркемсөзбен кестеленген көрінісі. Батыр азаматтарымыз азаттық соғыс майданында жүргенде, осы батырлық дастанды тындағанымыз жөн болар. Енді мен сіздерге осы дастанды айтып берейін, — деп домбыраны күңіреніп сөйлетіп, өзі де сондай биік те емес, пәс те емес, бір қоңыржай үнмен толғай жөнелді.

Күмбірлеген домбыра, ескек желдей екпінді сарынмен күнірене шыққан акын үні, дауылды түнде жарқылдаған нажағайдың отындай акын сөзі бір арнада тоғысып, тау өзеніндей таскындап кетіп жатты. Табаны қызып, бабына келіп алғасын қиянға кетер жүйріктей, сағаттар өткен сайын екпіндей берді, өрлей берді. Таскынды жыр таусылар, дауылды үн толастар түр көрсетпеді. Тек ондық шамдардың майы сарқылып, жарығы әлсірей бастаған таң алдындағы бір шақта Иса акын дастанын аяқтап тындаушы жұртқа иіле, ізет көрсете орнынан көтерілді.

— Уа, рахмет, бүгілген белімізді, жығылған көңілімізді бір көтеріп тастадың, өркенің өссін қарағым, қайда жүрсең де аман бол,— десіп жатты ризалы көпшілік.

Сол түні таңды көзбен қарсы алып кетіп бара жатқан ауыл адамдары үстінде қыраулы қыс емес, жадырап жаңа көктемнің күні шығып келе жатқандай еді. Бұл өңірде жарқын күлкі тиылып, әуелетіп самғайтын жастар әні шырқалмай қалғалы қаншама айлар өтіп еді. О, құдірет, енді міне жыл құсы сияқтанып сағындырған сол ән ауыл аспанында бір мұнды-сазды өуенмен тағы да қанат қағып барады:

Алатаудың аршасы-ай,
Басына бұлбұл қонсайшы-ай!
Майданда жүрген жан көкем,
Жауды жеңіп келсеші-ай!

Ақ көйлегім етегі,
Көлбең-көлбең етер ме,
Майданда жүрген жан көке,
Тілипон ұрсам жетер ме?!

Ұлы соғыстың ең бір қасіретті, ауыр айлары мен күндерінде, жүрген жерінде адамдар жүрегіне жақсылықтың ұрығын сепкен Иса ақынның бұл сапары тау өлкесінде ауылдардан-ауылдарға ұласты. Ол мұнда азаматы майданда жүрген көп үйлерде болып, шаруагер елдің жай-күйімен танысты. Барлық жерде ел-жұрт оны болашақ жеңістің хабаршысындай, елшісіндей жылы жүзбен қарсы алып, туған кимас бауырындай шығарып салып жатты.

Бәрі де кешегідей есімде, алғашқы күні бір кешті, бұл өңірдегі ең соңғы кешін өткізгелі Иса аға бүткіл атыраптағы ең бай, ең қуатты дейтін үлкен «Ақтас» колхозының бастығы Оңласынов Бектайдың Шұқыршақтағы үйіне келіп түскен-ді. Табиғат жойқын күш беріп, алыптың тұлғасын беріп жаратқан, бүгінде

етекті ел билігін қолына алған бастық Бектайдың ол кезде жасы қырыққа енді шығып, тегеуіріні темір үзіп, дүрілдеп тұрған шағы. Анау-мынау емес, ауданның үлкен басшысы бастап келіп, бүкіл елді дүрліктіріп жүрген қалың казактың қайсар мінезді, біртума дүлдүл ақыны арнайы келіп түскесін бір көрінбей, бір жарылмай қалай ғана шыдап отырсын. Дәу семіз қойды атып ұрып сойғызып, ақ дастарханын кең жайғызып, от басына күркірей бұйрық қып қаупалақтап жүр.

Есіктен төрге дейін қызыл текемет, атлас көрпе төселіп, айнала ақ жастықтар тасталған кең бөлменің іші сыйлы меймандармен бірге келген кенестің төрағасы Қалымбетов ағай және оның үзеңгілес серіктері, осындағы көршілес колхоздардың бастықтары Сүлеймен, Бейсе, Алтыбай, Қанзада, Түрекендер, болып, келіп жатқан ылғи нән, мықтыларға толды. Шыны аяқтарға сылқылдай құйылып жатқан күрең шай, боз шайлардан біраз жұтысып, қауқылдасып алғасын үйдің ішін өзіл сөз, гуілдеген көңілді күй кернеді. Көбіне-көп құрдас жөнімен «ей, қабан», деп Бектайға килігетін Қалы ағай бұл құрдастыққа Иса ақынды қосып алғасын іске, күшке жомарт, сөзге шорқақ Бектай бәріне міз бакпай төзіп, шымшыма сөзді маса шаққандай көрмей, төбедей боп отыр. Оның мына мызғымас алып тұлғасы ақынды тандандырса керек:

—Ой, сен өзің осыншама дене, мынадай күшінмен қалайша сыйып ауылда жүрсің? Мынадай кеудемен немістің бірі емес, оның жаншып тастайтын халің бар емес пе?— деп еді оған Бектай:

—Оу, Исеке-ау, мен соғыстан қашқам жоқ. Мынау ғой, жібермеген мынау, — деп сырт жақ тарамыстары тартылып, терең тыртық боп бітіп, жұмуға келмейтін нобайы күректей боп аю табанданған түкті қолын арбитып ақынға қарай созды.

Оның не хал екенін түсінбей, Исекен үрке қарап қалып еді. Сөз жалғасын Қалекен қағып әкетті:

—Исеке, бұл Бектайды қатарлары қабан деп текке айтып жүрген жоқ. Боралдайдың қабанын шыңғыртып ұстап, ат қып мініп алғасын қабан демей не дейміз. Өтірік болса өзі айтсын, отыр ғой, міне,— деп Қалы ағай сылқ-сылқ күлді.

—Айтып бер енді, Беке, меймандар өз аузыңнан естісін,— деп гулеп кетті көпшілік.

—Е,-е құрысын ол, бір жындылықтан болған нәрсе ғой, бәрі де. Көзсіз қызбалақтың кесірі. Өне бір жылы біздің жақта дәл осындай қыс қатты болды емес пе, қар деген белуардан жаусын.

Көрші үйлер бозасына таң сәриден шақырып, гуілдесіп отыр едік, жын айдағандай әлгі Дүйсебай аншының келе қалмасы бар ма. Ертіп алған бір қора иті бар. Айтқаны, “Ойбай, мына Тұра сыртындағы пұшық қатынның сайы жабайы шошқаға толып қалыпты. Майдан баса алмайды», дейді. Мына Бесшоқыдағы Пытыра пен Әндірейдің үйін ақ майға бөктірейік те, қап-қап көртөшкесі мен пиязын алып қайтайық», – дегені. «Бір аяқ бозаның екі аяқ желігі бар» деген, «Мақұл, кеттік» деппін.

Сонымен жаяу омбылап, мезетті жер – Собалақ шешенің сайына келсек, Дүйсебай айтқандай екен. Бүлдіргенді, жалбызды бұлақты жайлап, әбден семірген бір табын шошқа шатқалды өрлеп барыпты да, қалың үріндіге малтып, мамырлап жатыр. Оны көрген иттер тауды басқа көтеріп, жан-жағынан қаумалап кеп берсін. Жаны қысылған жануарлар қарап тұрсын ба, ұлпа қардың боз-боранын шығарып, оң-солдан кетіп жатыр. Алдыңғы жаққа қарасам Дүйсекеннің көк төбеті нән қабанды жартасқа қамап жібермей тұр. Со пәле шын жаны қысылса керек, кетер жолда тұрған маған қарай жұлдыздай ақсын. Мылтықты алып үлгеру қайда, оқтаулы бірденкені тастай беріп, не де болса, қос құлақтан алайын деп қолқаға қол сала бергенде бөксеріліктен көтеріп алды да кетті. Кеуделеп теріс мініп қалған мені екпінімен құйымшакқа қарай сусытып апарды да, оппа қарға омақата ұрып кете барды. Қарасам, қар беті қызыл қан, тұрайын десем, тері шалбар бөксеріліп аяқтың басында жатыр. Құдай сақтағанда бар дене дін аман, тек қиғақ азу бар пәрменімен ұрғанда шалбардың бауы мен мына қол сыртының бар тарамыс-тарамын сүйекке жеткізе қиып түсіп, өте шығыпты. Міне, мына қол сол пәленің жұмысы.

Еш бір қулық атаулыдан бейхабар Бекеннің қоспа, бүкпесіз әңгімесін жұтынып, бір қырындай тындап қалған Исекен дуылдасқан көппен бірге айызы ғана қарқылдап кеп күлді. Ізінше қоңыр домбыраға қол созды. Оны біраз безілдетіп, жорғалатып алды да, отты көзін ойнақшыта құлшынып:

Па, шіркін, мына Бектай шошқа аулаған,
Мылтығының аузынан от лаулаған.
Қара жорға қабанды мініп алып,
Боралдайдың басынан ылаулаған.

Бұл Бектай шошқа аулауға ой ойлаған,
Боралдайдың ішіне шым бойлаған.

Бозаның ащысына тойып алып,

Қара қабан үстінде той тойлаған,—
аһа-һой, еһе-һей, гөһй,— деген —деп құйқылжыта, тақпақтата төгіп-төгіп жіберді. Ал тыңдаушы жұрт болса аңғал сөзімен ұсталып, ақын әзіліне кейіпкер боп шыға келген Бекеннің анырайған кейпіне қарап, күлкіден ес жия алмай отыр.

Осы бір сәтте, әр кез тамсанып отырып, байсалды-байыппен сөйлейтін Оразбаев ағайдың бәсендеу, коңыр даусы естілді.

—Ей, жолдастар, Исекең көңіл үшін әжуа етті екен деп сендер тым ұшқары кетпендер. Ал, анығына келсек, Исеке, бұл Онласынов Бектай жолдас мылтық алып майданға бармаса да жауға есесін жіберген жоқ. Ауданның, тіпті облыстың абыройын көтеріп, Отан соғысының тарихында қалатын іс істеді. Танк колоннасын жасақтауға бір өзі 165 мың сом тапсырып Бас қол басшы Сталин жолдастың алғыс телеграммасын алып отыр. Бектай жолдасты айтар болсаңдар, алдымен осыны айтыңдар.

—Е, айтамыз Нүреке, алдымыздан орап, әлгі қабан жағына шығып кеткен Бекеннің өзі ғой, әйтпесе әр істе бетке ұстар дәуіміз Бекенді айтпағанда кімді айтушы едік. Иә, дәл солай, бұл Бектай осы Қаратауда ат үстінде жүріп-ақ, талай жауды жайратып салар халі бар. Бекеннің жасатып берген танкісі жауды басып-жаншып соғыста жүрсе, одан артық не керек!.. — деп Қалы ағай оң жағындағы Бектайға қарады.

Бұған шейін жолдастырының мақтауына онша мән бермей, жеңіл әзілге барыңқырап отырған Иса ақын бұрынғыдан да жадырап-жайнап кетті.

—Пәлі дегеніңіз! Бұдан артық еңбек, бұдан артық атак, құрмет қайдан болсын! Бас солай, бастығым, — деп жанына тақау отырған Бектайдың қақпақтай жауырынан қағып-қағып жіберді.

Анау-мынау емес, байтақ елдің от жүректі майталман ақынынан мадақтау, мақтау естіген Бекен бұрынғыдан да өркештеніп, өрлей түсті.

Осылай күні-күнге, түні-түнге ұласқан, елмен бірге етене уақыт өткізген Иса аға өңгіменің дүкенін қыздырып, ұзақ түнді ұйқысыз, сергек өткізіп еді. Енді, тау өлкесіне, аудан еліне келген сапарын тәмамдап, аттанғалы отыр. Ертеңгі шай ішіліп жатты. Сырттан жаңа келген бір бума газетті алып, колхоз секретары Сәйбіш кірді. Соның бірін айқара ашып жіберіп, үнсіз көз жүгіртіп отырған Нүрекең кенет:

— О, міне жаңалық! Сүйіншімді беріндер, сүйінші Исеке!
«Бүгін, 1943-ші жылдың 2-февралында Дон майданының
өскерлері Сталинград түбінде қоршауға алынған неміс-фашист
армиясын талқандауды толық аяқтады. Шабуыл ұрыстардың
барысында жаудың 22 дивизиясы, 160 жеке бөлімдері жойылды.
Фашистердің 19 генералы, 2500 офицері, 91 мың солдаты қолға
берілді. Ұрыс даласында 147 мың...»

Мына хабарға баладай мәз болған Исекең қасындағы
Нұрмағамбет ағайды қапсыра бір құшақтап:

— О, Нүреке, сүйіншің дайын. Біздің қазақ мұндай қуанышты
хабарда ат мінгізіп, шекпен жабады. Ал енді, менің қазіргі атым
да, байлығым да, барым да қашаннан серік боп жүрген мына
жалғыз домбырам. Бердім, сізге, шын ризалық көңіліммен бердім,
алыңыз,— деп арқалықта сүйеулі тұрған домбырасын қолына ала
берді.

—Қойыңыз, Исеке, кешірім сұраймын, жар дегенде жалғыз
домбыраңыздан қалай айырайын, сізді.

—Жоқ, болмайды, Нүреке. Айтылды бітті. Енді бұл домбыра
сіздікі. Тек жақсы сақтап жүргейсіз.

Жақсы жаңалық хабарға есі шығып қуанып, дуылдасқан ел
басшылары қымбат-қимасын іркілмей ұсынған Исекеңді де, сый-
сияпатынан қаша алмай қысылған Нүрекеңді де аяп отыр.

—Алыңыз Нүреке, ізетке найза бойламас, деген ырым болсын,
Исекең ұзап кеткенмен көзіндей боп ортамызда домбырасы
жүрсін, — деп Қалекең қозғалып қойып, қазылығын айтты.

—Жарайды ендеше Исеке, бір домбыра арада достық белгісі
болар да.

Енді Иса ақын соңғы рет домбырасын қолға алып шанағынан
сипап аз отырды да, дүмбірлете шертіп:

Па, шіркін мынау біздің қоңыр дүлдүл,
Көмейің сайрап тұрған бейне бүлбүл.
Сарыарқа, Алтай, Көкше; Алатауда,
Топ жарып жайнаушы едік күней гүл-гүл.

Қайран дос қаласың-ау, қоңыр күйшіл,
Исаны мазалаушы ең дүркін-дүркін.
Өзінді қайта айналып бір көруге,
Сау болсақ бұл өмірде туар бір күн.

Қош болғын қоңыр жорға, желдің майдам,
Аралап талай елді салдық сайран.
Шаянның шалқар дала тауларында,
Жүргейсің дүбірлетіп құрып майдан,—

деп жайқоңыр әндетіп отырды да, бусанған мандайын, жасаураған отты жанарын ақ орамалмен бірер сүртіп, қобдиына құндақталған қоңыр шешенді құшағына алып орнынан тұрды. Оны Нұрмағамбет ағаның қолына баппен ұстатып «Көне, енді жүрелік»,— деді. Көңілі қорғасындай толқулы жұрт орнынан үнсіз көтерілді.

Ия, осылай, күні-күнге, түні-түнге ұласқан Иса ағаның жанында, маңында болған қиын жылдардың кимас күндері өте шықты. Тулаған теңіздің төріндей шарықтап қанат қаққан жалғыз лашын сипаты, соңында шулаған ән, күніренген күйін қалдырып, халықтың дауылпазы да ұзап кете барды. Балалықтың оты сөнбеген балапан жүрегіне өшпейтін із қалдырған сол бір ғажайып жанды— қаншама ғасырлар көш керуенін тартқан ата-бабамыздың соны соқпағы қалған киелі асу— Шоқан биігінен ұзатып, ұзақ қарап, қалып бара жатқанда, жылдар өткенде сол күндерге іздеу салармыз, ол туралы ой толғармыз, ұшы қиырсыз ұлан өлкемізде оның ес-елесімен талай кезігерміз деп ойлап па едік, сірә.

Осылай арада жылдар өтті. Айнала асқар таулар қоршап, ұлы мұхиттай толқыған шет-шексіз даламыз қиырдан-қиырға шақырған, бейне бір ашылмаған дүние сияқты. Естігеннің, көргеннің, білгеннің бәрі қызық, жол сапарларға тоймайтын күндер туды. Туған өлкенің мұнын мұндап, жырын жырлайтын тілші міндетімен елден ел, белден бел асып жүріп жаттық. Сондай сапарлардың бірінде сонау қайырлы жаздың бір күні бір топ ел адамы Бетпақ даланы кешіп: Арқаға қарай өтпек болып, төменгі Шу атырабын бетке алып келе жаттық. Жолбасшымыз өткен-кеткеннен хабардар кісі ауыл дәрігері Мәркембаев Сәттібай жол әңгімесін құйғытып, сайрап келеді.

—Сонау қарауытып көрінген Көкмұрын— той биігі, баяғы Келден батырдың қыстауы. Бүгін осында, малшылар ауылына қонамыз,— дейді ол көгілдір мұнар құшқан жазықты нұсқап.

—Иә, оның мақұл, елмен сөйлесіп. Аз тынығып, алдағы жолға өзірленіп алайық, — деп Созақ аудандық партия комитетінің

жиырма жеті жасар жас секретары Қожамсүгіров Ахмет оны қостап келеді.

—Оларың жөн. Бетпақтан күндіз өтелік. Ертеңдері салқын өлке Жетіқоңырға жетелік. Сарырақаның төте жолы бұл арадан кем дегенде үш жүз шақырым болар да, асықпандар, — деп айналаға көз салып келе жатыр бастығым, облыстық газет редакторы Байтұрғанов Мәди ағай.

—Ей, аға, не дедіңіз, ол кәдімгі Көкмұрын— той, Келденбайдың қыстауы дедіңіз бе, — деп мен Сәттібайға қараймын.

—Е-е, шырағым, ол кәдімгі Көкмұрын-той өлкесі, Келден батырдың мекені. Арқаның атақты Байзақов Иса ақынын естігенің бар шығар. Сол жырлаған Құралайдай сұлу дастан туған жер.

—Құралай, Байзақов!— Япыр-ау, не дейді. Мен өз ой, өз қиялымның дариясында шомып, асау жүрек тебірене түсіп, сол бір нысаналы жерге жетуге асық боп келе жаттым.

Сол күнгі кеш. Төменгі Шу өзенінің қамсақты жағалауын жайлап, мимырт күй кешкен шаруагер ауыл. Ауыл сыртында ыңырана тойып, бырт-бырт күйіске басып, жусап жатқан қалың мал. Бұдан жүз, бәлкі мың жыл бұрынғы қаймағы бұзылмаған, мұң-сазды күйін бүккен сырлы дүние.

—Пай-пай, шіркін Шу бойы, әлі де құйқалы екен-ау, өзі!

Бақташы Жотабайдың алты қанат үйі сыртында топталған жұрт майда құрағы кешкі жібек самалмен сыбдыр қаққан кең өлкеге тамсана қарайды.

—Әзірше құйқалы. Бірақ мына арнадағы су келісінен қорқамыз. Жыл өткен сайын сарқыла-семіп барады. Бір заманда Шу суының толыса-толып аққан кезінде осы тұрған жеріміз түйе бойласа көрінбес тұтасып өскен нар қамыс, ит тұмсығы батпайтын сыңсыған тоғай екен. Тоғай іші толған табын-табын жабайы қабан, қабылан мен мәлін, түн баласы ыңырана ақырған жолбарыс даусы естіліп жатады екен. Шудың суы ол кезде мына Арқадан аққан Сарысуға қосылып, Телікөл асып, одан Сырға барып ұласады екен.

—Иә, иә ол солай болған. Мына атыраудың алабы айнала нар қамысы сыңсыған иірім-иірім мөлдір сулы қаншама айна көл, көл суы толы бықыған балық, ақ қайран, алтын сазаны тулап жатар екен.

—Иә, иә анығы солай. Барды байытар да, байлықты таусылтар да құдіретті күш— адам ғой. Шудың суы арнасына толып ағар

болса, мына жатқан кең өлке, жер бейнесі көл бейнесі әлі талай өркендер...

Жиһанды кезген қызыл күн ұясына еңкейіп, құла дүз жымжырт жайлы кешке шомылды. Ауыл сыртында қарауытқан құба дөң — ол Көкмұрын — той биігі.

— Мына жер, дәл осы — Келден батырдың қыстауы. — Бақташының баласы сөзуар пысық жігіт Рысмахан бір заманғы қызыл кірпіштің үгіндісі қалған қоңыр төбені таяғымен нұқып тұрып, дәл бір көзбен көргендей сөйлейді.

Бү дүниеде армансыз адам іздеп, жиһан кезген Монтай би Келден батырмен осы қоныста кездескен. Солай болғасын бұл жердің желі де «Құралай» деп шулайды, шөбі де «Құралай» деп үн қатқандай болады. Осынау қарауытқан обалы төбе, ұлаң ел барлығы да өткен күн, сырлы дүниенің күөсі. Қайда барсаң, қайда қарасаң да қоңыр домбырасын күмбірлете шертіп, толғанып, Құралай сұлудай сұлу дастанын төгілткен Иса ақынның бейнесі. Кешкі самалмен сыбырлап, оның бетіне шыққан үні естіліп, тұрғандай.

Ол Ертісте туған, Арқада өскен. Ал мына қиян шетте, Бетпаққа иек артқан төменгі Шу жерінде өткен сонау бір атам заманғы аңыз-әнгіме, сұлу сыр ақынмен қалайша табысқан. Неткен ғажап кездесу, неткен мөлдір үйлестік — қайран қаласың.

Өр Бетпақ, Жетіқоңыр, Сарыарқа, ежелгі Шудың жерінде өткеннен қалған жыр да, айтылатын сыр да көп. Соның көбінде осынау ұлы дүбірлі жылдары халқымен мұндас күн кешкен Балуаншолақ, революция сұңқары кешегі Сәкен аға мен ақын Исаның ізі сайрап жатады. Оны көзбен көргендер — сүйген халқы сүйікті ұлдары жайлы аңыздан да асқақ сұлу сырды төгілте айтады.

Шу бойын өрлеп Қамқалыға барғанда, өнеу-бір жылы сексенге қарай ойысқан селеу сақалды ажарлы қартты көргенбіз. Бұл — Сүйіндік. Колчак абақтысынан қашып шығып, Бетпақты кешіп Түркістанға келе жатқан Сәкеннің қызыл керуенін бастап өткен Сүйіндік. Оның жалынды жастық шағында Сәкенмен өткен күн әр түні өзінше төгіліп тұрған бір дастан.

Міне сол Қамқалының шығыс жағында, жасыл Шудың жазық жағасында көктемгі тасқын судан нәр алып, айналасын майда құрақ көмкерген шағын көлдің айдыны шалынады. Бұл — камсақты. Бұдан үш ғасырдай бұрын махаббат қасіретінің мәңгіге айықпайтын ізі қалған Камсақты бұл. Ақын Иса тебірене де,

күнірене жырлаған Құралай сұлудың ыстық қаны осында тамған, пәк тәні осында қалған. Жасыл құрағы жайқалған көлге таяп келгенде ет жүрегің шымырлай түседі. Көк мүйіске барып одан әрі қолтықтың қойнауына қарай бірер қадам басқанда, көз алдына жолбарыс жыртқан ақ тәні қызыл қанға боялып Құралай жатқандай болады. Сол қойнаудан шығып, қимас жанды қастерлеп жер қойнына бергелі қара шашын төгілте көтеріп, күнірене кетіп бара жатқан Келден батыр келбеті тұрады. Қаншама ғасыр көмбесінде қалған өлі тарихқа мәңгі өшпейтін нәр берген, өмір берген сөз күдіретіне, ақын күдіретіне бас иесін, тамсана тәнті боласың.

Өмір деген қызық. Көктемгі сәуірдің күні сияқты сан килы шұғыласы жарқыл-жұрқылы аралас, тасқын судай өтіп жатады. Сол ағында қалқыған қайықтай боп адам тіршілігі өтеді. Міне, сол уақыт талқысында сәулеттеніп ескірмейтін, тозбайтын, ұмытылмас, қымбат күндерден тұрады. Қаншама тіршілік жолын кешсең де ол санада сақталып, қиял биігінде соңғы рет жарқырап, нұрлана түспек. Ойлап көрсек, Иса ағаны соңғы рет көргелі қырық жылдан асыпты. Содан бері осы жерде тұлпардың тұрманындай қымбат белгі болып, осы өлкемізде қалған ақын домбырасы жайлы ой менің қиялымнан ешуақыт шыққан емес. Сол белгіні табармын, қайта айналып бір көрермін деген үміт ұшқыны ешқашан сөнген емес. Асылдың сынығы, бәлкі сонысымен де қымбат болса керек-ті. Міне, енді шаңқай түсте шам жағып, шарқ ұрып іздеу салар кезіміз де келіпті.

Нұрмағамбет ағай бұдан көп жылдар бұрын Түркістанға көшкен. Ол сонда жетпісінші жылдары дүниеден өткен. Енді бізге ақыннан қалған қымбат сыйдың қайда екенін кім айтпақ. Енді міне көктемгі қарлығаштай келіп жатқан хаттар:

— «Аға, — деп жазыпты түркістандық ұстаз қарындасым Шарапат, — Иса ақынның домбырасын сұрастырып жатырмыз. Іздеп тапқан Ұмсын апайға көп өтініш тапсырдық. Әзірше білгеніміз домбыра ол үйде болмай шықты...»

«Қарағым інім, — деп тебіріне сыр қозғайды Нұрмағамбет ағайдың қара шаңырағын ұстап отырған серігі Ұмсын апай. — Естерінде бар шығар, мен бұл үйдің босағасын қырық үшінші жылдың сентябрь айының 25-і күні аттадым. Ал бұған шейін Нүрекең өз басынан қаншама аласыпарын күн кешті. Сол өзін айтқан 43-тің ауыр қысының аяғы жұтқа айналып, ел қиналып, аудан басшылары күн-түн қатып жүргенде, ол кісінің серігі

Сындар апай дүниеден қайтқан. Ана сүті ерніне тимей, жөргегінде шырылдап нәрестесі қалған. Сол күндерде қайғы-қақпасы аралас тұңғыық күйдегі Нүрекене көңіл айтқалы көп достары келіп-кетіп жатар еді. Бұларға дастархан жайып, кенседе еден сыпыратын Орынай —апа сінлісі Айша екеуі табанынан тік тұрып жүрер еді. Сондай сапырылыс күндерде тиіп кетсе сөйлеп кетер қымбат сыйлық өлде кімнің қолына түсіп кетті ме, екен сірә...

Демек, Ұмсын апай ол домбыраны көрмеген, домбыра көшпен бірге Түркістанға бармаған, қалай десе де сол баяғы Шаян жерінде, Шаян елінде қалған болып отыр. Кеңсеге от жағып, еден сыпырған Орынай — апа, оның сінлісі Айша да табиғат заңымен бұл өмірден өлде қашан өтіпті. Енді сол күндерде апасына ілесіп, үлкен кісінің үйіне талай барып, дастархан жағалап кәмпит сорған Орынайдың он екі жасар баласы Игенбектен өткен күннен жіп тартып сұрағанымызда:

—Иә, иә білемін. Апама ілесіп барғанымда ол домбыраны талай рет көргенмін. Былай, кәдімгі сырты жып-жылтыр, қоңырқай, бет шанағы саусақ ізімен ақшыл тартып сарғайған, ол домбыра мейман күтер бөлмеде үлкен диван арқалығында сүйеулі тұрар еді. Кісі жоқта жағалап барып қолыма талай алғанмын. Тиіп кетсең дүңгірлеп сөйлеп тұрған шешен домбырадан қаймығып, орнына жедел қойып, тайып тұрар едім, — деп көзі жасаурап басын сипайды.

Міне, енді қалай десе де домбыраның ізі бар да өзі жоқ. Сөзі бар да көзі жоқ. «Шаянның шалқар дала-тауларында, жүргейсін дүмбірлетіп, құрып майдан» — деп ақын өзі жол ашып, батасын беріп, тізгінін түріп кеткеніндей жаманатқа қимай тау мен жазира елін мекендеп тағдырымен тілдесіп жүріп жатыр ма екен,— деп алдағы күнге үделі үміт артасың.

Қаншама кәрі тарих, өткен күнмен сырласқан киелі асу— Шоқан биігі ақпанның ақша қарын жамылып қазір де бөз-баяғы қалпында жатыр. Бәрі де дәл кеше өткендей. Сол асудан асып, боз мұнардың құшағына еніп, ұлан-ғайыр жазираға беттеп, кер жорғасын тайпалтып ақын Иса қазір де кетіп бара жатқандай.



РЫСКҰЛМЕН КЕЗДЕСУ

Әкемнің әңгімесі

Біздің Түрекең (әкем Әжібек ұлы Тұрысты айтып отырмын) Әжібек атам сияқты әулеттің сөз сөйлері, көпке үйір, әңгімешіл кісі еді. Совет дәуірінің атқамінер белсендісі, ұзақ жыл бір ауылдың басшысы болып өтті. Сол Түрекең жастық шағынан бері барша өмірінде Қаратаудың Күнгеі-Теріскей қос атырабына ат ізін жиі салып, сондағы ағайын, дос жарандармен көп аралас ғұмыр кешті.



Сондай бір жол сапарында, сонау бір төңкеріске дейінгі жылдардың бірінде күзге салым ат мініп, теріскей асып, Талас бойын қыстайтын Шымыр ішіндегі нағашысы, Қожық Сейітқұл қыстауына барғанын, сонда нағашы үйінде халықтың сүйікті ұлы, күрескер азамат, Тұрар Рысқұловтың әкесі, М.Әуезовтың әйгілі «Қараш-қараш оқиғасы» хикаясы арқылы есімі алты алашқа мәшһүр Бақтығұл (Рысқұлмен) кездескенін көңілдес дос, ағайынға жырғып айтып отырар еді.

Бала кезімде оңаша отбасы, жайлы кештерде әкеден естіп, көкейде қалған сол әңгіменің ұзын-ырғасы мынау еді.

Күн ұясына қонып, шаруа жайланып, үйдегілер от басына енді жайғасып отырғанда көрші үйден кіші нағашы Дәуітқұл келіп, ағасы Сейітқұлмен әлде нені күңкілдесіп кеңесті.

Айтқаны: Біздің үйде Рысқұл отыр. Мына жиеннің бастырмадағы атын көріп, сескеніп отыр. «Әлде кім?» деп қаймығатын сияқты.

—Келтір осында Рекенді. Бөтен-бөгде ешкім жоқ. Қаймықпай келе берсін— деп Сейітқұл інісін кері жұмсады.

—Осында біздің көкірек жағындағы Сәлік ағайындардан шыққан Жылқыайдардың Рысқұлы жүр еді. Көдімгі Саймасай дейтін Алатау жағының атақты болысын атып, айдалып кеткен. Сібірден ары Итжеккеннен кетіп, ел шетіне аман жеткен азамат еді. Мойнында өтелмеген кесігі болғасын да ағайын ішін паналап жүргені — деп нағашым бұрын-соңды көрмеген адам жайын баян етті.

Болысты атқан ержүрек адамның кім екенін көріп-білуге

құмар-құштарым арта түсіп отырғанда, көп ұзамай үйге жас құралпын өң-жүзінен танып болмас, күзгі дала тірлігіне бейім, дембелше жарғақ бешпет, ескі елтірі тымақ, аяғына ақжұлық көне сақтиян етік киген, суық жүзді, қарасұр, еңселі кісі келіп кірді. Төрге жайғасып, танысып біліскен соң Рысқұл дөнестеу маңдай, биік қабағы көмкерген отты жанарын мен жаққа аударып, барлай қарай отырып:

—Е...е... бұл бала қараның Әжібегінің ұлы болса, жиен болы ғой, бізге. Шақшамға бармағалы, үлкендерге сәлем бермегелі не заман өтті. Әкең аман ба? Төменгі өзен бойын түгелдей орыс алды деп естігем. Қай қыстауда отырсындар бүгінде?— деп мені сөзге тартты.

—Біздің Абыша мен Қарадан тараған жүз қаралы түтін Бесшоқының баурайына орыс келгесін Доланалы Әулиебұлақпен Қарасайға көшіп-қонып алғанбыз.

—Е...е... Солай де... мына тары қауызындағы тар заманда аталы ағайын боп ірге біріктірмесен қиын. Міне, соның бірі мына отырған мен. Көкіректегі елден кетіп, мәз болған жерім жоқ. Жазмыштың жазғанын милыққа бата көріп жүрген жайым бар — деп, өзінің бізге ілік-шатысты нағашылық жөнін еске алып, ішке тарта сөйлеп отырды Рысқұл.

Бұл кездейсоқ кездесу үстінде мені жастықтың әсері ме, ерекше қызықтырған бір нәрсе болды. Ол мына отырған ержүрек батырдан гөрі тау мен дала кезгіш аңшы немесе түн қатып түзде жүрер жылқышыға көбірек ұқсайтын суық жүзді, сұрғылт адамның ел адамдары иық тенестіре алмайтын мықты болысты атқандығы Қайтіп атты, неге атты, мұның бәрі мен үшін жұмбақ.

Менің көкейдегі осы құштарлығымды біліп отырғандай жастары қатарлас ағайындығы бар нағашым оған батылдау үн қатып:

—Ей, Рысқұл, мына жиен байқаймын, сенен әңгіме естігісі келеді. Сен әлгі қастасқан болысыңды қалай атқаныңды айтып берсейші бұған,— деген.

Рысқұл қайдағы бір бітпейтін жараның аузы тырналғандай, қоюлау қара мұрты жыбырлап, аз түнеріп отырды да:

—Е...е... ол бір ашу айла таптырмай, қапалықпен қан жұтқан күндегі басқа бермес іс еді ғой., өткен. Бір ғана өмір бақиға көз алдымда қалғаны— болыстың сол сәттегі ажары. Саймасай маңдайы жазық, беті нұрлы, келісті жан еді. Асудағы жолға таяу жартас жақпарынан қарауылға алған кезімде, ең алдымен, оның

теңбіл көк жорға үстінде толысқан тұлғасынан алабөтен жарқырап, сол сұлу кескіні көрінді. Ол ешнәрседен бейхабар, тас төбеде қос құлағын қайшылап, басын шұлғи түсіп, алшан басқан теңбілкөктің үстінен қарсы алдына мәнсіз назар салып, жайбарақат халде келе жатты.

Кек толы кеуде, қанталап шаншылған көз, мұз қатқан жүрек білтеге берік орныққан сұқ саусаққа қаншама өмір еткенмен, қарсы алдынан ата алмадым оны. Оның жарқыраған бет-жүзін оқпен бұзуға дәтім бармады. Қарауылға іліккен нұрлы жүзін қайта көргім келмеді.

Ол менен небәрі таяқ сілтем жерден қиыстап өте берді. Әлгінде маңдай тұстан шаншылған қарауыл, енді ырғала түсіп ұзаған болыстың қос жауырының арасы қақбақылдан қадалды. Сол сәтте тау шатқалын қақырата сілкінткен берденкенің дүмпуімен бірге атылған ат үстінен Саймасай бір иықтай аунап, төңкеріле құлап бара жатты...

Болар іс болды. Енді қорқып-үркуге орын жоқ. Мені енді жалғанның жарығын бір өзім ұстап тұрғандай ерекше мұзарт күш биледі. Аяғымды нық басып жақпардан түсіп, тастақты жолда төңкеріле түсіп жатқан болыстың қасына таяп келгенімде сол жақ жауырынының астын ал кара қошқылданып қан аралас бықсыған оқтың орнын, суық қарудан жаны шыға шошып, көздері шарасынан шыға ат үстінде ұйлыққан бір топ болыс нөкерлерін көрдім. Одан арғысы ел-жұртқа белгілі ғой...

Тау кезіп, тас жастанып сужүрек қашқын боп жүрген ол кез мынадай биік мәртебелі тұсымда өз аяғыммен іздеп барып, жандармның қолына өз еркіммен берілуді артық санадым.

—Ал, содан соң не болды? Сол жазаны өтеуден кетіп, қашып жүрісіңіз қалай?— деген менің көкейімде сұрақ тұрды сонда.

Осыны біліп-сезіп отырғандай, аз кем үнсіздіктен кейін, әлгі үзілген әңгіменің соңын Рысқұл қайта жалғады.

—Солай, қарағым. Мен осы ісім үшін құдайдан бергі жердегі жазалаушы атаулының маған деп мойынға артқан бар қорлық-зорлығына көндім. Байландым, айдалдым. Қолда— бұғау, аяқта— шідер, ит жеккеннің ну орманында ит қорлықтың күнін көрдім. Осы да жетер, бұл да адамның баласы ғой, деген бір пендені кездестірмедім.

Жара үстіне тұз құйған сор өмірдің жазасы шектен асты. Мал да өлер алдында тұяқ серпуші еді ғой. Солай мен де соңғы күшімді жиып, темір шідері үздім. Сол кезде менің көз алымда тағдырдан

сұраған жалғыз ғана тілегім тұрды. Ол — туған жердің топырағы. Кіндік қан тамған, өскен өлкем— Қаратау, Талас жеріне жетіп, сол жерді құшағымды жая бір құшып өлу еді. Жаратқан құдай мені сол тілегіме жеткізді. Мен жазмыш алдында алар-берерімді түгелдей түгесіп, енді бәріне де ризалық айтып, күні бүгін әзірейіл мойынға қыл тұзағын салса да өзір отырған адаммын...

Бұл айтып отырғаным, кешегі алмағайып жылдарда біздің Көкірек Түлкібастың жерінен шыққан айтулы азамат Рысқұлов Тұрардың әкесі Шілмембет ішіндегі Сәлік, әйгілі Рысқұлдың әңгімесі. Бұл әңгімені ғайыптың себебімен он бес-он алты да тағы бозбала шағымда бөтен емес, аты аңыз болған сол Рысқұлдың өз аузынан естіп едім. Одан бері нелер заман өтті ғой, әйтсе де сонда айтылған сөз айтылған қалпы естен кетер емес,— деп отырар еді әкем өзінің өткен күндерін еске алып.



ТАҢҒЫ ЕЛЕС

*Кәдірін білмейміз деп тірі кезде,
Деп жылар қайран қазақ мен өлгенде.
Той жасап, тоқсаным мен жүздігімде,
Толқындап көкіректен сөз келгенде.*

Бауыржан

Көктем еді, көк жүзінде түйдек-түйдегімен бұлт көшкен сәуірлі көктем еді. Жасыл масаты жамылған тау төскейінен әлдеқайда биікте қилы бояуы кешкі күннің шұғыласында құлпырып кемпірқосақтың алып күмбезі ойнап тұрған. Тоғайда біздің кішкентай Талдыбұлақ тар аңғарды сарыны кернеп бұлан-талан тасып жатыр. Айнала төнген ғажайып тіршілік, сиқырлы-сырлы дүние.



Қарсанда қыстау сыртындағы төскейге көшіп қонған топ ауыл көгендегі қойларын сауып, жер ошақтан көлбендеген түтіні шалқып, кешкі ас қарбаласына кірісіп те қалған еді. Марқабұлаққа қараған жота жолмен төтелей құлап үш салт атты келе жатты.

—Мыналар кім ей, өне бір шеттегісі өзіміздің Тұрысбек қой, — десіп үлкендер үркердей топтанып тұрғанда, суыт жүргіншілер де сау етіп аттан түсті. Ол кеде Жуалыға қарайтын он сегізінші ауыл елінде, жаңа ұйымдақан «Қызыл таң» дейтін колхозда алғаш бастық боп, күн-түн сабылып жүретін әкем, ат шылауын алмақ болған жігітті алдымен кісілердің атын байландар деп, қасындағы екі серігін нұсқады. Әкемнің қимылы жіті. Әсте қасындағылары бұрын көрмеген өте сыйлы кісілер сияқты. Күтушілер таласатармаса ұмтылып, бейтаныс кісілерге қол беріп, жатты. Оларды әкем мынау пәленше белсенді, анау түгенше дейтін кешегі кедей батырақ, ақжүрек деп таныстырып шықты.

Келген кісілердің бірі ерекше тұлғаланып, оттай жанған екі көзі айналаны ішіп-жеп, «дұрыс» дегеннен өзге бір сөзін шығын етпей, сіресіп тұр. Сыртына кигені қайырма жағалы қайыс тужурке, дембелшен, ашаң белді қынай бұған белдік, гәлипе

шалбар мен биік қонышты жып-жылтыр қара былғары етік сымға тартқандай келісті тұлғаға жарасып қалған. Соның бірінен ерек, тіп-тік қайырған қап-қара шашын шәпкесін алып, салалы саусақтарымен тараштап жібергенде пружинадай серпіп, қарқарадай желкілдеді.

«Атына қарап адамын таны» дегендей оның мініп келген пырағы төрт аяғы дередей қаз мойын, есік пен төрдей торы арғымақ жер тарпып, ауыздығын күрт-күрт шайнайды.

— Күркіреу жағындағы Құлидан шыққан Момыштын Бауыржаны ғой, Борнайдағы райисполком, — деп күбірлесіп жатыр арт жақта әлдекімдер.

— Әй, Керімбай, мына аттарды анау жылғадағы таза бұлақтан суарт та отқа қойғыз, — деген әкемнің бұйрығы естілді. Керімбай дейтін лыпып тұрған аласа бойлы ағайын жігіт аттар шылбырын шеше бастады. Бұған шейін әлгі өткір көзді кісі мен оның келісті арғымағынан көз жазбай, қылқиып тұрған біз Керімбайға жетіп келдік.

— Ей, көкетай, мінгізші бізді атқа, — деп жата кеп жалбарындық.

Әншейіннің өзінде кішілерді сыбай боқтап кісімсіп, шыртып жүретін Керімбай «Тек-ай, құры арман» — деп дөңайбат етсе де, шылауға оралып қалмағасын, «Қап енеңді ұрайын, бокмұрындар» — деп Әбдірақпан екеумізді екі аттың үстіне лақтырып жіберді де, өзі әкемнің жуан торысына қонжиды. «Құдай берді» деген осы. Ат жоқта сүйретіп құрық мініп жүрген біздер сауырынан жарап, ойнақшып тұрған арғымақтар тақымға түскенде қанат бітіп, көкке ұшқыннан артық масаттандық. Мен таралғыға жалаң аяғымды тығып жіберіп, әлгі құстай түлеген ақсирақ тор төбелде келе жаттым. Ауыл мен суат арасы әудем жер, ерікке тисе аз да болса желдіріп кеткіміз бар. Бірақ Керімбай тізгінді берсе де шылбырдан айырылмады. Жұтынып тұрған жүйріктерді шылаудан тұқырта ұстап, шылбырды тақымға басып, шірей тартып жібермей қойды. Бірақ қанша пысықсынғанмен Керімбай суат басында шылбырды қолымызға ұстатуға мәжбүр болды. Аттар тар жерде суатқа таласып айбат шегісіп бір-біріне ауыз салысқасын, «Әй, жәрбиген немелер, бір-біріңнен аулақ тұрыңдар, сөйтіп суарыңдар, сосын мұнда келіндер» деп шылбырды қолымызға ұстатты.

Аттар суарылып әлгі Әбдірақпан екеуіміз Керімбайға бұрылмай ауылға бет алып, суырылып шыға бердік. Осы кезде

арт жақтан Керімбайдың «һай, тоқтандар!» деген өктем даусы естілді.

Бәрін бүлдірген осы айқай болды-ау сірә. Дәл бір ар жақтағы қуғыншы жаудан құтылғысы келгендей елеңдеген Әбдірақпан атын тебініп қатарласа берді де, онсыз да «жібер, жібер» деп жер танабын қуырып келе жатқан мен мінген тор төбел арғымақты «ал, кетік» — деп жұмыр сауырдан салып кеп жіберді.

Тор төбел оқтай атылғанда шалқалай беріп, тұмақтай ұшып кетуге өзер қалған алты жасар атшабар не істей алар еді. Арт жақтан естілген өктем үн, тасырлаған дүбірге елігіп қызынып алып, тізгінді жұла жөнелді, құйындай ұшқан ат жалына жармасып кете барды. Бауырын жазып, мандайын түзеп алған жүйрік ат ауылды жанай орағытып өткен соң, апайтөс боз жотаны өрлеп, Марқабұлақтың биігіне қарай тартты. Гулеген жел, шулаған айқайға сүрен қосып, бір қапталдан ауылдың бір топ иті шұбай қуып келеді. Жүрек лобылып, көзге жас толды. Шауып келе жатқан ат емес, атқа қарсы жер көшіп, айнала зыр айналып, алдағы тау төңкеріліп, еңсерілгендей сияқтанды. Сол қапталдағы тік өрге шапқанда ғана жан қалатындай көрінді. Тізгінді қос қолмен бір езулеп, бұра тартып, өрге бет түзегенде арындаған ат қарқыны бөсендеген сияқты болды. Ақыры ышқына өрлей барып, лоқ-лоқ желіске, орағыта басқан жіті аяңға ауысты.

Енді байқадым, ауыл үйінің алдында байлаудағы саяқ аттың біріне міне шапқан әкем желдей есіп жетіп те келген екен. Қатарласа беріп, торы төбелді шылаудан шалып, мені ат үстінен телпектей қағып алды да, ауылға бет түзеді.

—Әй, тентек балам-ай!...— деді әкем мені алдына жайғастырып алғасын.

Үй сыртында дабырласып күтіп тұрған үлкендер арасынан маған соншалық жанашырлық көрсетіп, жайлы құшағына қарсы алған бір ғана жан — менің кәрі әжем болды. «О, шырағым, жәутігім-ау, жүрегің ұшып кетпесе игі еді» деп шағына өксіп дір-дір еткен мені суық сумен ұшықтап, сұқ саусағын аузыма тығып, тандайымызды көтеріп жатты жарықтық.

Ел орынға отырып, үлкен киіз үйде май шам маздап жанды бір кезде. Төрге жайғасқан кісілер кең жайылған дастарханнан шай ішіп, тағы бір шырт-пырт дейтін үлкен шишадан шақтап құйылған мөлдір суды оқта-текте қинала жұтып, нан иіскеп қойып, әкеммен күжілдесе мәслихат құрып отыр. Аракідік «бай-құлақтар», «кедей табы», «төңкеріс» деген сөздер естіледі. Көбіне

нак төрде отырған кең кеуделі отты жігіт сөйлейді. Сөз арасында «дұрыс па ей, атаның баласы, а!»— деп әкеме оқыс бұрылып, шаншыла қарап қалады. Әкем оған жылы жымыып, бас изеп, «дұрыс, дұрыс Бауыржан»— деп қошаметтеп қояды.

Үйдің бір жақтауында, кереге іргесіне тақтай төселген құлын бөстекте әжемнің жайлы пұшпақ ішігінің астынан ұрлана сығалап жатқан маған үлкендердің гүр-гүр әңгімесі, гүж-гүж күлкісі бәрі қызық, бәрі жұмбақ...

Бір кезде сырттан әлдекімнің «байларды, молданы қойдай қу қамшымен» — деп әндете шырқаған даусы естілді. Сөзді тоқтатып тындап қалған кісілер «кім-ей ол, шақырындар мұнда» — десті. Үйге Шынтай дейтін жесір қатынның жалғыз ұлы он төрт, он бес жасар аққұба ашан бала Көпбай кірді.

—Кәне, айтшы өлеңінді, — деп бұйырды үлкендер. Көпбай төрдегі кісілерге қасқая қарсы тұра қалып, шырқап жіберді:

—Кел кедей жастарым,
Ұйымдас жалшымен.
Байларды, молданы,
Қойдай қу қамшымен.
Бұл заман сенікі,
Өз еркін қолында,
Кедеймен бірлес те,
Таптың түс жолына,
Алға бас тайсалма,
Қызыл ту қолға алып,
Өзі тұр партия,
Жеңіске жол салып.

—Ой, пәлі, жігіт екенсің, — деп мақтасты үйдегілер оны. Ал, әкем бөйек боп көтермелеп отырған әлгі Борнайдан келген кісі оған ақ жылтыр қағазға ораулы сұқ саусақтай әлденені ұсынды.

—Лөмпәси, тәтті лөмпәси сыйлады.— деп сыбырласып жатты қазан төңкерісіндегі әйелдер.

Көпбайдың қолы жеткен сыйлық мені қатты қызықтырды. Мені неге көрмеді екен, япырай, шынымен көзге ілінбей қалар ма екем, — деп тыпыршыдым. Жамылған пұшпақ ішікті бүлкілдетіп қаттырақ қозғалып, бірер жөтеліп қойдым.

—Оу, айтпақшы әлгі біздің кішкентай жылтыр қара бар емес пе, оның да әдемі әні бар. Қане, қайдасың Еркіш-ай, шықшы бері, айтшы кәдімгі өлеңінді кісілерге,— деп әкем мені ортаға шақырды.

Ұялу, жасқану сезімі жайлаған жүректі бір мақтаныш сезімі

билеп, жылы ішік астынан суырылып ортаға шықтым. Кісілерге қарап, шөлтіе тұра қалып, әлдекімдерден үйренген екі ауыз өлеңімді бар даусыммен шіңкілдеп соғып жібердім:

—Қара судың қабағы,
Бетінде ойнар шабағы.
Жұпар исі аңқиды,
Қыз баланың тамағы.
Қарасуда балық бар,
Сырттарыңнан тәліп бар,
Бас жетпесе қол жетер-р-ай,
Сүйгенінді алып қал.
Гүл-гүл жайна,
Күліп ойна,
Төңкерістің шағында!..

—Ой, хай, уий деген екен, — деп үлкендер күле шулап қол соғып жіберді. Тек үлкен қара көздері шоқтай жайнап, мысқылдай жымып, шаншыла қарап қалған төрдегі кісі мені сұқ саусағымен көрсетіп:

—Мынау, әлгі ат суғарғыш қой... үйбай жаман— деп сылқ-сылқ күліп, танадай жарқыраған екі көзі қосыла кішірейіп, бірте-бірте жоқ боп кеті. —Үйбай жаман,— деді ол енді әжуалап, күле қарап, — ал, — мынаны, — деп қолын созды.

Бірде түс, бірде елес сияқты сол бір алғашқы кездесуді қиялдап жатып, түннің бір мезгілінде әжемнің ұядай жылы қойнында тәтті ұйқыға кетіппін. Жаңа көктемнің жарқыраған шуақты күні құрық бойы көтерілген шақта көзімді ашсам кісілер жоқ. Ата-бабалардан қалған, ел жайлауына тігілген күмбездей күмбірлеген үй ішінде жалғыз жатырмын. Сөзі де, өзі де жұмбақ, бірде аяздай қарып, бірде күндей күліп тұрған кешегі ғажайып адамды бала көңіліммен іздеп, мені арғы жағына көз жетпейтін құла далаға, өмірімнің алғашқы өріне алып қашқан ақ сирақты келісті арғымақты тағы бір көргім келіп тысқа шықтым. Бірақ отты көз аға да, жел қанатты жүйрік те бұл маңнан табылмады.

Елуінші жылдың жайлы, жақсы көктемі еді. Май мейрамы таяп, ел еңсесі биіктеп, жаңарып, жасара түскен кез. Шымкенттің Совет көшесінің бойымен кең тротуарда қарама-қарсы анадайдан көзге ыстық шалынып, аяғын ширақ басып, ашаңдау тіп-тік тұлғалы келісті капитан келе жатты. Ол кезде лейтенант шенінде,

облыстық ішкі істер басқармасына жақында қызметке келген мен тәртіп бойынша оң қолымды көтеріп, сәлем-сәулет беріп өттім. Келер күні сол маңайда онымен тағы да қарама-қарсы кездестім. Сәлем беріп өте берген маған ол жалт бұрылды да:

—Әй, інішек тоқташы,— деді. Мен бұрылып оның қасына келдім.

—Иә, сен қайдан келген баласың, кімнің баласысың?

—Бұрын Жуалыға қараған Қошқарата-Талдыбұлақ жағынанмын, аға. Сондағы Әжібеков дейтін кісінің...

—Әй, сен Әжібеков Тұрысты айтамысың?

—Дәл өзі, аға...

Капитанның өңіне қан жүгіріп, рені күреңтіп қайдағы бір өткен шақты еске алғандай бір сәт үнсіз тұрды.

—Бері жүр, інішек,— деп мені тротуардан қиыстау жерге алып шықты. —Әкел қолынды, — ол қолымды қысып, менің арқамнан қақты. —Сен де өсіп адам болып қалған екенсің. Сонау бір жылдары Жуалыда комсомол уәкіл боп, ауылдарыңа барғанда шауып жүрген қарасирақ бала едіңдер ғой сендер... Ай, астанкестен өтіп кеткен жылдар-ай!.. Ал енді, Түрекең аман ба? Ағаң аман ба?

—Түрекең аман, ал аға.. соғыстан оралмады. Ол сәл тұнжырап тұрды... —Оқасы жоқ, қарағым, тұлпар да, сұңқар да таза шыға алған жоқ одан.

—Ал, інішегім, — деді капитан енді өзі туралы сөйлеп. Мен Ақылов Исағұлмын, НКВД-ның Киров ауданындағы бөлім бастығы едім, күні кеше ауысып, осы облыстық басқармаға келдім. Енді тіптен жақсы, екеуміз бір жерде қызмет ететін болыппыз.

Міне, осылай танысып, осылай табысқан Исағұл ағамен бір қалада тұрып, бір мекемеде қызмет атқарып жүрдік. Кешікпей ағай үй-ішін көшіріп те әкелді. Олар қазіргі Титов көшесінің жоғарғы өткелінде алтыншы үйде тұрып жатты. Жаратылысынан қағілез, өмір өткелін көп кешкен Иса ағаның денсаулығы жұқалау, күн-түн қатқан қарбаласты көп жұмысты ауырлап, бірер күнге жатып қалатыны бар. Жексенбіні жібермей, денсаулығын сұрап, хабар біліп тұрамын. Бір күні, елу алтыншы жылдың жазғы жексенбісінің бірінде әдеттегідей сәлем бергелі Иса ағаның үйіне тарттым. Бұл кезде Иса аға майор дәрежесінде саяси бөлімде қызмет етуші еді.

Келсем, нарттай қызыл алмалары самсыған бау ішінде Иса

ағам қызыл текемет, шайы көрпелер жайғызып, ортаға ақ дастархан жабылған аласа дөңгелек стол қойғызып, өзі шәйнек ұстап, шай құйып, өзінен сәл өрге таман ақ жастықты шынтаққа алып, бір қырынан көлденең көлбеп жатқан ірі, кесек тұлғалы нар кеуделі кісіге әңгіме айтып, қызмет қып отыр. Күнгейдің ыссы күніне орай үстіне мол пішілген келте жеңді көйлек кең кенеп шалбар киген ол сырт көзге қарапайым ел адамының бірі сияқты еді. Бірақ оның шебер суретші тастан қашап жасағандай міз бақпас сүп-сұр, жүдеулеу жүзі кол ұсынып сәлем бергенімде, сәл түксиген қалың қабағы астынан от шаша жалт қараған өткір жанары іштегі көрінбес сезімді шайқап өткендей болды.

—Әй, Еркін,— деді Иса аға әңгімесін сәл кідірткен бір шақта,— мына алдындағы ел-жұрт айта беретін ағаң Бауыржан. Орныңнан тұр да қолын алып, сәлемінді жөндеп бер,— деді.

Мұндайда сөз бар ма, жалмажан ұшып тұрдым. Оның салқындау салалы саусақтарын қос қолдап сығымдап, бар ықыласымды көрсетуге тырыстым.

—Жә, отыр,— деді ол, жай, ыңырана үн қатып, әуелгі түксиген қабағы астынан, оның сұрғылт тартқан сұсты жанары өңменді тесіп жіберердей құбыла жалт етті.

Дүниеде ойдан ұшқыр, қиялдан жүйрік нәрсе жоқ. Қанатты қиял сол секундта арада алыс қалған жылдар мен күндерді шарлап кетті. Ең алдымен көз алдымда сонау бір отыз бірінші жылдың көктемінде қынаптан суырған алмас қылыштай қылшылдаған жиырма екі жастағы Бауыржан тұрды. Онда ол қанатын қымтап, қиянға шырқап кеткелі тұрған сылаң-сұңқар бейнесінде еді. Енді ол кең ғаламды армансыз шарлап, тұғырға қонған темір тегеуірінді қыран бүркіт сияқтанды. Шіркін, уақыт, дүниедегі ең алғыр ой, жасапмаз тірлік иесі,— адам ырқына көнбейтін уақыт-ай!

Сонау алыс қалған балаң сезім де мына ағайын-туыс, ұлы керуен жолымен біртіндеп өтер, кетер. Өмір озар, жас қартаяр, өзгерер деп ойлап па еді. Тағы да жиырма жыл өтер, бір кезде мәңгі қажымас, өзгермес сияқтанған ағаны Алатау бөктерінде тұяғы тозған тұлпардай халде бір көрем деп кім ойлаған.

—Бұл жігіт,— деді Иса аға енді мейманына мені таныстырып.— Қошқарата— Талдыбұлақ ауылындағы Байтулы әулетінен шыққан Тұрыс дейтіннің баласы, осында облыстық газетте қызмет істейді.

—Қай Байтулы, қайдағы Тұрыс,— дегісі келгендей Баукен

еңсесін көтере түсіп, Иса ағаға отты көзін қадап, тіктене қарады.

—Сонау отызыншы жылдары Жуалыға қараған он сегізінші ауылда колхоз бастық Әжібекұлы Тұрыс дейтін бар емес пе еді, Бауке,— деп Иса аға сөзін жалғады.

—Е, болған.

—Болса мына отырған сол Әжібекұлының баласы.

Баукең қайдағы бір өткен-кеткенді еске түсіргендей сәл үнсіз ойланды.

Сүмбідей сұқ саусағын атуға оңтайлаған пистолет сияқты маған қарай бұрып, Иса ағаға:

—Бұл менің ата жауым, — деді.

Тұла бойым дір етіп, оның бетіне жай қарасам, әзіл-күлкісіз сұсты күйде «бұл менің ата жауым»— деп тағы қайталады. Тек қолын түсіріп бетін бұрғанда ғана оның көз қиығында бір әжуа, мысқыл ұшқыны жылт еткен сияқтанды.

Расы керек қой, манадан бері өзім алты жасында атын суғарып, бүгінде атак-даңқы жер жүзіне дүңкілдеген жақсы ағаны ойда жоқта қайта тапқаныма қуанып, өзіме жақын санап, кеудемді қуаныш пен мақтаныш билеп отырғанда, сол ыстық сезімге әлдекім мұздай су құйып жібергендей тіксініп қалдым. Не деп болады, қаншама ата-баба заманынан мына ұшы-қиырсыз құла дала, аспан тіреген асқар тауларға сыйыспаған қайран ел, қанаттас жатқан ағайын талас-тартыста жүріп қан жүктескен, күн жүктескен кезі аз болды ма екен, сірә,— дегендей ой келді.

—Әкең бар ма?— деді, Баукең көңілім бәсейіп үнсіз отырған маған бір кезде.

—Бар, Бауке.

—Ендеше не себепті ата жау екенімізді әкеннен сұра, — ойламаған жерде кездесіп, бала көңілге бір жұмбақ құйын ойнатқан Бауыржан аға үнсіздіктен соң алдындағы суып қалған күрен шайды ауыз толтыра сораптап, бірер жұтып жібереді де, гүрілдеген жуан даусымен асықпай, қоңыржай күйге ауысып, сөз бастады.

—Сендер білуге міндеттісіңдер, ең үлкен нәрсе не? Я вас спарашиваю — деп бізден жауап күтті.

Бала күнде «Жандыда балық үлкен, жансызда қамыс үлкен», бір балықтың арқа қанатына қонып, ертелеп ұшқан құс құйрығына кешке жетіпті деген аңызды талай естіген мен осыны айтсам ба екем деп ептейленсем де, «Қой, білгішсініп бір бөлеге

қалармын» деп үндемедім. Бізден түк шықпасын сезген болар, енді Баукең әлгі сүмбідей сұқ саусағымен алдындағы, дастархан үстінде жатқан кішкене үзім нанды көрсетті. — Міне, дүниедегі ең үлкен нәрсе осы. Білгенге дәм-тұздан үлкен, одан артық нәрсе жоқ. Понятно тебе— деп маған жалт бұрылып, екі көзі шатынап зірк ете қалды.

— Понятно, — дедім мен жай ғана басымды изеп.

— Ендеше мұны дәптеріңе жазып ал, я тебе разрешаю.

Қазір ғана бұлт ішінде ойнаған найзағайдай шарт ете түскен аға, енді шәкіртке сабақ беретін жай ұстаз сияктанып көрінді. Мен қойын қалтамдағы кішкене дәптерімді алып, қаламымды оңтайлап, алдыма қойдым.

...Сталинград шайқасы біткенде жаудың бастығы 24 генерал болып, 2500 офицері, 91000 солдатты тірідей қолға түскен. Бұл тоқсан үш мың жиырма төрт ауыз соншалықты өңеш, соншалық қарын... Мұнша қалың нөпір адамның астына ақ төсек төсеп, басына ақ жастап, алдына табақ-табақ ас тартуға шама қайда ол кезде. Сегіз ай күндіз-түні өртенген, қираған Сталинградта ондай жай, ондай күй қайдан болсын. Лажсыз сол тұтқындарды қойдай шұбытып, айдап апарып, таяудағы Красноармейск дейтін селодағы сиыр қораларға сабанды белден төсеп сонда паналатуға және «қонақтарға» майдандағы армия есебінен поек, дәм-тұз ұсынуға тура келген.

Міне, сол тұтқындардың кейбіреуіне сиыр қораның көң иісі, кара нанның дәмі ұнамапты. Бұлардың ахуалын білуге кірген лагерь коменданты, Қызыл Армияның майорына бір фашист офицері келіп:

— Комендант мырза, біздің мұнда тұруымызға элементарлық жағдай жоқ. Міне, қараңыз тұрағымыз сиыр қора. Жегеніміз кара нан. Сіздердің қолға берілгенде жағдай жасаймыз деген сөздеріңіз қайда?— дейді екі беті бүлк етпей.

Жеңілген жау алдында мәртебесі мың есе биік комендант майор бұл құзғынды келістіре сыбап, ит терісін басына қаптауына болатын еді ғой.. бірақ олай етпеген. Ол соншалық сабырлық сақтап:

— Офицер мырза, біз сіздерге әлдеқайда жақсы жағдай жасар едік, Сталинград түгелдей қиратылған. Бұл маңайда бұдан артық баспана, бұдан дәмді азық болмай тұр. Бұған бір жағы өздеріңіз де кінәлі. Біз сіздерді қонаққа әкелген болсақ, тіптен басқаша күткен болар едік. Так что, әзірше тәтті шарап пен казы-карта

күтпей-ақ қойыңыздар, — деген. Тіптен қираған қаланың қараңғы суық подвалдарында қар төсеніп, мұз жастанып, айлар бойы сұмдық азапта киналып, оқ атуын тоқтатпаған гитлершіл-фанатиктердің тұтқын лагерінде бұрқ ете түскен іш ауруын жоямыз деп, бірнеше совет дәрігерлерімен медсестраларының сол аурулармен бірге өздері опат болғанын не деуге болады?! Мұны біз Советтік ұлы гуманизм дейміз, — понятно тебе?!

Жақында мен қырғыз достарыма сәлем бергелі Фрунзеге бардым. Сонда бір жазушыда қонақта болып, түннің бір мезгілінде орталық мейманханадағы өз бөлмеме келдім.

Осы кезде «әй, Бағылан тамақ дайын, көкелеріңнің қолына су құйғын» деген әйел даусы естілді де кішкентай Бағылан құмған алып келе жатты. Жанары жарқ етіп қараған Баукең аз бөгелді де, —Точка! На этом кончаю!— деді жай ғана.

Сол жылы күзге таман Қаратаудың алыстағы бір қойнауындағы туған ауылға барудың сәті түсті. Бұдан бір жыл бұрын паралич дейтін кеселге бір аяқ, бір қолды беріп, өткен-кеткенен сәлем күтіп, әңгіме аңсап, төсекке жіпсіз байланып, жалтақтап отыратын әкем келгеніме қатты қуанды.

—Ал көне, не жаңалығың бар, айта бер,— деді әкем сәлдемдесіп, жағдай сұрасып болған соң.

—Өткенде мен сіздің бір ескі досыңызды көрдім, көке, — өте ақылды, сөзі өткір жақсы кісі екен. Бірақ мені ата жауымсың, себебін әкеңнен сұра,— деді.

—Қалай-қалай, не дейсің?— деп әкем сау қолымен сүйеу жастығын қармап екі көзі жасаурап, еңсесін көтергелі алға ұмтыла түсті.

—Мені ата жауымсың дейді, өзі де, сөзі де, өткір бір қызық кісі,— деп мен айтқанымды қайталадым.

—Обб-оуһи,— әкпар-ай!— деп әкем сау қолымен оң жамбасын сарт еткізіп салып кеп жіберді. Жылап отыр ма, әлде сілесі қатып күліп отыр ма, о жағы белгісіз, екі көзінен жас сорғалап, аузы сөзге келмей, екі иіні ұзақ бүлкілдеді. Әлде бір шақта жас жуған бет-жүзін орамалмен бір сүйкеп, шыны аяқтағы салқын шайдан бірер жұтты. Уһ —деп көкірегін кере дем алды.

—Ой, азамат-ай, ой арыстаным-ай, жүр екенсің ғой есен-сау!— деп басын бірер шайқап қойды.—Соның өзі, соның өзі... дәл солай деуші еді, пай-пай заман-ай! — деп әкем, жүзін күн шалғандай нұлана, қырлана түсті.

—Сен Бауыржанды көріпсің ғой балам,— деді қатты толқыған әкем бір кезде арнасына түскендей болып. —Ол кезде оның жиырманьң үстіне жана шыққан, жайнаған жігіт кезі. Қасына Исағұлды ертіп, біздің жаққа уәкіл болып келер еді. Төнкерістен кейінгі өрлеудің жаңа кезеңі, жетілген жастардың дүрілдеп тұрған шағы. Бай-құлақты жойып, колхоз ұйымдастырып, жаңа өмірді бастаймыз деп дүрлігіп жүрген кез. Қаншама ауыр бейнет көрсек те жастардың жүрген жері дуылдаған думан, ойын-күлкі. Түнемеге ортамызда Бауыржан, оқыған жігіттерден Тобағабыл, Белсарыұлы Бейсе, Жұмағұлұлы Анаш, Сауранбекұлы Еркінбек, Молдатайұлы, Жақыпбектер болып қашанғы өткен ата-тек, шежіреге таласып, дуылдасып қалушы едік.

Сонда шежіреге бәрімізден жетік Бауыржан көп ішінде бұл Байтулының ұрпағы— «Бұл менің ата жауым» деп ала-бөтен маған шаншылар еді.

«Менің атам Бәйдібек, Байтулы інісімен өлде неше ауыл боп Көсегенің жонында көшіп-қонған. Атамыз дүниеден қайтқанда үш қатыны, оның ішінде біздің әулие әжеміз — Домалақ ене (Нүрилә) жалғыз ұлы Жарықшакпен жас жесір боп артында қалған. Аға өлсе— іні мұра, жас жесір женгесіне мынаның бабасы (мені көрсетіп) Байтулы егелік етуі керек емес пе. Сол Байтулы таз менің Домалақ енемді менсінбей жұртта қалдырған. Соның кесірінен Жарықшак бабам жапанда жылап жалғыз өскен. Солай болғасын «менің ата жауым Байтулының ұрпағы мынау отырған Әжібектің баласы болмағанда кім болатын еді»,— деп өжеттеніп, оттай жайнап күлер еді. Бұл отызыншы жылдардың сөзі. Содан бері жиырма жеті жыл өтті. Пай-пай, өзіңнен сөзінен айналайын ерім-ай!— деп әкем тағы да толқып кеткен еді.

Өмір керуені алыс тартып, арада талай жыл өтті. Енді мен шебер табиғаттың тағы бір сәтті күндерінде Бауыржан ағамен жүйрік пойыз ішінде, бір купеде келе жатым.

—Иә, өткен жолы сонымен немен тоқтаған едік,— деді Баукең ұзын ақ мүштекке шаншылған темекісін бүрк-бүрк түтіндетіп.

—Сіз Фрунзедегі мейманханаға, өз бөлменізге тыңығуға келгенсіз, — дедім мен бұдан сегіз жыл бұрын үзілген әңгімені еске алып.

—Иә, сол түні мен шалқамнан түсіп, рахаттанып ұйықтадым. Ертеңгісін саяхатқа шыққалы жиналдым да, төмен түсіп, кафеге шайға заказ бердім.

Көршілес столды айнала бір топ Батыс Германиялық туристер отыр. Өздері өншең бір қырыққан серкештей тылпиган, мығымсыған немелер. Орталарында сигаретін ақ саусақтары арасына қыстырып, шиедей ернін шүйіре түтіндетіп, оқ жыландай қақшиып бір пан бикеш отыр. Сөздерін соған мақұлдатып арзан күлкіге мәз.

—Мынау отырғанның кім екенін білесіңдер ме?— деді ділмарсып, философиядан соғып отырған біреуі мен жақты көзімен нұсқап.

—Кім екенін құдайым білсін, шамасы жартылай жабайы азиаттардың бірі болар,— деді оның қарсысындағы үрлеген қуықтай қызыл шеке біреуі. Оның сөзіне бәрі даурыға кеп күлді. Әсіресе әлгі неменің жартылай жабайы дегені ұнап кетсе керек, ін аузындағы сарышұнақтай қақшиған бикеш енді қылымсыңқылдап, күлкісін көпке шейін тия алмады.

—Батыс бұларды,— деді әлгі ділмәрсіген неме,— цивилизациялы жұрттын дәрежесіне жеткізу үшін әлі ғасылар керек болатын шығар?..

—Ғафу етіңіздер, сіздер маған ағылшын тілінде жауап бере алар ма екенсіңдер?— дедім мен, ағылшынша сауал қойып. Олар мұндай тілдесуді мүлде күтпеген еді. Тосын сұраққа не дерлерін білмей әбіржіп қалды да, біреуі:

—Ноу.. (жоқ білмейміз),— деді ағылшынша тіл қатып.

—Олай болса, мырзалар, неміс тілінде сөйлесейік.... (Енді мен немісше сөйледім) Келісеміз бе осыған?

Әлгі мырзалар жауап берудің орнына бейне бір келімдәрі жұтқандай құлақтарына дейін қызарып кетті. Өздерінде көмейлеріне тас тығылғандай үн жоқ.

—Әуелі, танысып алайық, мырзалар,— дедім мен сөзімді жалғап. —Біріншіден мен адаммын. Адам болғанда еш жанға киянаты жоқ, бірақ өсек атаулыдан аулақ, дәм-тұзға, достыққа опа етпейтін пасықтарға жаны төзбейтін сахарада өскен қарапайым адаммын. Екіншіден, мен полковникпін. Қызыл Армияның, Совет Армиясының полковнигімін. Ал енді қазір, сонау Батыста қан майданда кездескендей әкелерінді көздеріне көрсетіп жіберсем, не дер едіңдер?!— деп мына жұдырықты тастүйін ғып түйіп алдым. Зығырданымның қайнап кеткені соншалық, жер-суымызды басып, нанымызды жеп кекірігі айнып, отырған әлгі бүйідей быртиған пысықты жемтікке тойған күшігендей ғып желкелеп, бүріп тастағым келді.

Бірақ біздің адам атымыз бар емес пе. Онсыз да жерге кірердей

боп қалған немеге жирене қарап аз тұрдым да жайлап өз жөніме кете бардым.

Ал енді қарағым, ойда жоқта болған осы қактығыстан кейін өмірінің ең бір ғарышты шағын жау шабумен, өзгеге үйретумен өткізген Момышұлы неміс атаулыға өш екен деп ойлап қалып жүрмегін. Мен еш уақытта да соғыс өнерінен адамды қырып-жоюдан дәреже, шен іздеген адам емеспін. Мен осыдан дәл отыз жыл бұрын Москва түбіндегі ұлы шайқас тұсында, әр қадам жер үшін адамның қаны судай ағып жатқан кезде полк командирі болдым. Сол кезде мен отыздан жаңа асқан едім.

Руза өзені жағасындағы алғашқы шайқастан кейін, неміс-фашист басқыншыларының ең тандаулы дивизияларының күлін көкке ұшырған бүкіл қысқы соғыс науқанында әр сағат емес, минут сайын ажал дейтін дауасызбен бетпе-бет тұрдық. Сол шайқастарда тек қана бір нәрсеге – өліп кетсек те жеңіп шығуға праволы едік. Ел тілегі, Отан үкімі солай еді. Бакытымызға қарай сол қырғыннан аман қалдық. Айқасқан жауды жеңіп те шықтық.

Сол қиян -кескі күндерде жау бір жолдасымызды өлтірсе, біз оның екеуін өлтіруге тырыстық. Солай еттік те. Зұлым жауды неғұрлым көп қырып-жойсақ қана Отан алдындағы парызымызды өтейтінімізді, адамзат тағдырын қорғап қалатынымызды білдік. Отан бұйрығы, жүрек әмірі сондай еді. Москва түбіндегі жеңіс жорықтағы Армияны әскери бөлімдерді, сан мыңдаған жауынгерлерді өшпес данққа бөледі. Мен басқарған батальон полктың өзінен кеудесіне жарқырата жұлдыз, орден таққан қаншама ерлер шықты. Әскери бөлім сондай ерлік данқына ие болып отырса, оны басқарған командирдің де қол қусырып қарап тұрмағаны ғой. Бірақ, сенер болсаң шырағым, сол жорықта мен кеудеме медаль таққан жан емеспін. Солдат наргадасының ең сыпайысы медаль болса, кезінде соны да ала алмадым мен.

Сөйтті де Баукең әлдеқашан сөніп қалған темекесін қайта тұтатып, бұқ-бұрқ түтіндетіп жібері де оң нықта жарысып қалып жатқан құла дүзге терезеден көз тігіп бір сәт үнсіз отырды. Сөйтті де көмекейі күрілдеп түксиген мұрты астынан ынырана толғап жайлап өлендетті:

Мен бір жан дүниеде арманы көп,
Үстінде киім бүтін, тамағы тоқ.
Жортуылда жол кешіп өткен басым,
Бұл күнде жауым да жоқ, оғым да жоқ...

Адам зердесіне өмірдің қастерлі сабағын әр кез осылай

тебірене жеткізуден жаза баспайтын жан дүниесі бұл сәтте де жанылған қылыштай жарқылдап тұрды. Ол осындай тебіреніс үстінде өзге тіршілікті, өз басының жай-күйін мүлде ұмытар еді. Бұл жолы да солай. Түскі астың мезгілі әлдеқашан өтсе-дағы тек темекісін азық қып, алдындағы астан аузына түйір нәрсе апармады. Солай болғасын:

—Сіз мынадан алсаңызшы аға, — дедім мен оның алдында әлдеқашан суып қалған қапуста сорпаны көрсетіп.

Алдында ас тұрғанын енді байқаған ол сорпа толы тарелқаға түксие қарады. Оны қос қолдап көтеріп қасықсыз ернеуінен сораптап тауысты да, бос тарелканы орнына қойды. Дүр сілкінген қырандай қайта қырланып алды да:

—Иә, сонымен қай жерге келіп тоқтаған едік?— деді.

—Сіз Москва түбіндегі ұлы шайқасты жеңіспен аяқтап, медаль да ала алмай қалдыңыз.

—Ия, расы сол, қарғам. Солай болса-дағы мен жерімізге жау боп кірген немістерді көп қырғаным үшін көкірегіме награда тақпады деп өкпелеген емеспін. Қол астымдағы барша жауынгер шәкірттерімнің маған деген сенімі, Отан сенімі мен үшін ең үлкен награда еді.

Кейбіреулер адам деген темір емес, темір де тозады деп топшылайды. Анығында Отан үшін, өмір үшін күреске белді буған адам ол темірден де мықты болуға тиіс. Күтімсіз темір тот басып шіріп кетеді. Ал өмір үшін, болашақ үшін өшпес сеніммен күресуді мұрат еткен адамның жаны тозбай жарқырап өтеді. Демек, қандай қасірет шексен де адамдық азаматтықтан артық парыз жоқ. — Точка! На этом кончаю,— деді де Баукең темекісіне қол созды.

Таусылмас өмір жолы оны ұлан өлкенің шегіне көз жеткісіз тағы бір қиырына әкетіп бара жатты.



ДОСОВТЫҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ

«Қазақ жұртын өз еліндегі шұрайлы жерге орналастыру, Ертіс бойындағы құнарлы өлкелерді әділеттік тұрғыда қайта бөлу Сейфуллин бастаған топтың түпкі мақсаты еді. Өткеннің ащы сабағы көп нәрсені саралап, терең ойлануға үйретті. Бұдан 3-4 жыл бұрынғы халді ұмытуға болмайтын еді. Партия жүргізген солақай саясаттың салдарынан қазақ халқының тең жарымынан астамы аштан қырылғаны үшін өз ұлтымыз алдында Голощекин тәрізді орыс отаршылары емес, туган халқының шын ұлдары — біздер жауапты едік. Оны біз ешқашан ұмыта алмаймыз!»

Досовтың тергеудегі ақырғы сөзінен.

Алдымда том-том үйілген іс қағаздары. Шешендер мен көсемдердің сөздері. Бұдан аз-кемі жоқ алпыс жыл бұрын әбжел қыздар сытырлата машинкадан шығарып, ісмер қолдар әспеттеп түптеген, сөйтіп соны ұрпақтарға сабақ үшін қалдырған заман шежіресі. Оның сарғыш тартқан беттерінің бірінен (сол жылдары түсірілген суреттен) бізге құба тастан қашап, құрыштан құйғандай қыран пішімді, кең мандайлы, келісті, отыздан енді ойысқан толымды жігіт жасындағы азамат адам қарайды. Оның жігерлі бет-бейне, батыл кескініне үйлескен өткір жанары — беріспес шайқастарға жаралған ер қайратынан хабар беріп, ұшқын шашып тұрғандай.



Бұл Досов! Оңтүстік Қазақстан облысын басқарып тұрған кезі. Отыз сегізге толған шағы. Төңкерістің от-жалынды жылдарында тым ерте есейген, жиырма жасында Қазақстан Орталық атқару Комитетінде хатшы, 23-те Семей губерниясын, 26-ға толғанда Орал облысын басқарып, 28-ге шыққанда алты жыл Мәскеуде Кремльде Сталинмен жүздесе-тілдесе жүріп, Калинин, Молотовпен бірге елде «Ұлы өзгеріс» аталған колхоздасу

дәуірінің жоба-жоспарын жасаушы. Сол кезеңде Қазақстанда голощекиндік «Кіші революция» ұранымен өріс алған асыра сілтеушілікке қарсы Рысқұлов, Нұрмақов, Қожановтармен бірге алғаш дауыс көтерушінің бірі. ВКП(б) Орталық комитеті аппаратында жауапты қызметтен Қазақстанға қайта оралып, Ақтөбе обкомында бірінші хатшы болып, енді республикадағы ең күрделі, ірі облыс – ол кезде Қазалыдан Қордайға дейінгі ұланғайыр өлкедегі 37 ауданды алып жатқан алып өлке – Оңтүстік Қазақстанға келген кезі.

Солай жастық шағынан жалындап, аз жылда айтып болмас бедел мен биліктің биігіне көтерілген, қуат-құдіреті кемелге келген адамның өршіл өмірі біздің жерімізде, Оңтүстіктің шуақты өлкесінде қалай үзілді? «Халық жауы» деген атақ оған қалай, не үшін тағылды? Қандай жағдайда қамалды? Одан әрі тас қамалдың ішінде аяусыз қолдан ажал тапқанға дейінгі өткен айлар мен күндерде қандай қияметті бастан кешті? Егер онымен адам сияқтанып тілдескен болса, кешегі берілген большевик, енді «Ұлтшыл троцкист» сондағы тергеу адамдарына не айтты? Шындық пен жасанды -жалғаншының, жалпы ол жөнінде ел ішіндегі аңызға ұласып жатқан ақиқаттың бет-бейнесі қайсы?

Кеткен керуеннің соңынан шырақ алып іздеу салғандай хал кешуден бұрынғы мені осы қиын шаруаға бастаған бір күтпеген кездесуді айта кеткен жөн болар: Бұл бұдан көп жыл бұрын әлі де «Халық жауларының» басынан ғасырдың қара таңбасы кетпеген сонау елуінші жылдардың орта тұсында болған жай еді.

Ерте көктемнің мезгілі. Әлденеше күн аспан жүзі ашылмай жер мен көктің арасын дымқыл сыз жайлап алған. Редакция тапсырмасын орындап, алыстағы ауданнан жаңа оралып, жазу қағаздарға енді шаншылып жатқанда есік ашылып, бөлмеге жас құралпы елуді еңсерген, жүдеу жүзді, биік бойлы, ақсұр-ашан кісі келіп кірді. Ол әлдекімді іздеп жүргендей барлай қарап, сәлемдесіп, орындыққа жайғасты.

– Сен мені танымайсың, қарағым. Осында екенінді сырттай естіп, өзім келіп отырмын. Аталарың ағайынды Әжібек пен Әлімбектің барында, апамыз Мәриенің көзі тірі кезінде, бала күнімізде тайға мініп, тау асып үлкендермен бірге ауылыңа талай барғанбыз. Заман сазы тұрымтай тұсымен кеттік.

– Мен Әлжанмын. Естуің бар шығар, Мұрымбаев Әлжан дегеннің болғанын, өз заманында дүрілдеп дәурен сүргенін. Енді,

міне, «баспақшыға жан қайғы» жай пенденің күнін кешіп жүрген жайым бар...

Осылай бұрын-соңды жүздесіп-тілдеспеген, менің ата-тегімді менен жетік білетін бейтаныс кісі көп жылдар санасында сарғайған әңгімесін бастады.

Газет дейтін білгенге бұл заманның шежіресі ғой, қарағым. Тыңдайтын құлақ, ұғатын жүрек болса, оның беттерінен өткен өміріміздің талай сырын табады. Сол ұлағатты жерде екенсің. Мен өзіне санаулы айлар болса да ортамызда болып, «Қазақ елім» деп өткен бір қайраткер азамат жайында аманат сөз айтқалы келіп отырмын.

Оның аты-жөні Досов Әбілқайыр. Ол — көп белсендінің бірі емес. Құдай төрт құбыласын түгел берген ерек пішімді жан еді. Бір жылдан астам ғана біздің облысты басқарды. Обкомда бірінші секретарь болып тұрды. Ол мені жетер биігіме жеткізді. Бар жақсылығын жасап кетті. Өмірбақилық өтелмейтін қарыздар етіп кетті. Сол жайынан бірер сөз айтайын.

Отызыншы жылдардағы аштан қырылған елде аман қалған жастары алғаш ес жиған 34-тің көктемінде күнкөріс кәсіп іздеп қалаға шұбырдық емес пе. Бұл қорғасын зауыты жаңа бой көтеріп, зәулім мұржалардан көкала түтін көк аспанға шалқып тұрған шағы еді. «Зауытқа жергілікті ұлт жастары керек екен» дегенді естіп осында келдік. Айтса-айтқандай, мұндағы адамның-адамы шыдайтын көк жалын арасында шойын науаларда күн-түні толассыз ағып жатқан қорғасын бұлағының қайнар басында, жалын құсып күркіреген балқыту пештерінің жанында, тек төзімге жаралған «Қу қарынның тоғы» үшін өлуге бар өзіміздей өрімтал қазақ жастары тұрғанын көрдік. Бейнетіне қарай ақы-төлемі көп, сыйлы дегесін, біз де сол топқа келіп қосылдық.

Адам баласы көре келе дозактың отына да көндігеді деген. Көп ұзамай әлгі тас шайнап, жалын құсып жатқан сұрапылдың көмейінде тұрып, жан шошырлық күркілі мый қайнатқан ыстығына да үйрендік. Оқтын-оқтын берілетін қаймағы қою салқын сүттен жұта жүріп «Шуровка» дейтін кере құлаш ұзын көсеулермен сол сұрапылдың көмейін көсейміз. Ол дегеніңіз кезекте алты сағат мандайдан ащы тер сорғалатқан тоқтаусыз кимыл, жанталас айқас. Қорғасын бұлағы — ол баяулықты, сылбырлықты төзбейді. Металл қорытудың тек жан тер төгумен жалын құшып ағатын бір ғана жолы, біз бастан кешкен бейнеті солай еді.

Сол бір кездегі төгілген тер, адал бейнетіміздің қайтымы шығар, арада жыл өтіп, алғашқы бесжылдықтың екпінділерін марапаттау тұсында — зауыттың бірінші стахановшысы деп менің есімім аталды. Донбасста Стаханов, Шымкентте Мұрымбаев, атақ-данқымыз дүрілдеп жүре берді. Кешікпей бізге Мәскеуден үлкен ақсақалымыз Калинин келді. Зауытта митинг болды.

Ол зауытқа Ленин орденін тапсырды. Алғашқы стахановшылар легін бастаушы деп менің және смена шебері Ерназаров Пернебек екеуіміздің кеудемізге «Енбек Қызыл Ту» орденін қадады.

Көп ұзамай, 36-шы жылдың соңғы күндерінің бірінде зауыт ішінде әдеттегіден тыс қарбаласқа түсті. Досов келеді екен, десіп жатты жұрттың бәрі. Досовтың жақында жоғарыдан келіп сайланған обкомның секретары екенін естігенбіз. Үлкендерді қарсы алу, әрине, бастықтардың ісі. Біз қара жұмыскерлер өз орнымызда ұзын кесулермен от көсеп, іс басындамыз. Бір кезде балқыту пештерін жағалап, қасында зауыт директоры, Шахмуратов партком Насибуллин тағы басқа бір топ кісілер ортасында келе жатқан Досовты да көрдік. Тіп-тік сом денелі, нағыз қыр қазағына тән жазық, бет, дөң мандайлы. Сыртына ықшам, қара былғары кепкі, аяқта жалтыраған етігі үйлескен жігерлі азамат, аяғын нық басып айнала жіті көз салып, жақындап келе жатты.

— Зауытымыздың екпінді металшысы орденді Мұрымбаев дейтін азаматымыз осы, — деп мені үлкен кісіге мақтауымды жеткізе таныстырды Шахмуратов.

— Е-е, екпінді металшы... Мұрымбаев осы деңіз! — Ол менің қағылез жұқалау бой-басыма сынай бір қарады да, қалай бауырым, кен қорыту ауыр соғып жатқан жоқ па, сендерге? — деп мені бұрыннан білетін жақын туыстай жанына тарта сөйлеп, ықылас көрсетіп тұрды, үлкен кісі.

— Рахмет, ағасы. Өндірістегі іс ауырын біз көтермесек, кім көтереді. Сау болсақ, намысты қолдан бермеспіз.

— Жарайды, жолдас Мұрымбаев. — Біз сөзімізді жалғаймыз әлі.

Обком секретарының зауытты аралауы жалғаса түсті де, арада бірер сағат өткенде мен осында іргелес смена бастығының шағын жұмыс бөлмесіне шақырылдым. Досовпен арадағы алғашқы, қысқа болса да естен кетпес әңгіме осында өтті.

Ол менің қандай ортадан шыққанымды, мынау ауыр іске қалай келгенімді, отбасымда кімдердің бар екенін, осында ескі шаһарда

бір өзбектің өулісінде, тар лашықта тұрып жатқанымды, тіпті ішкі тұрмыс жағдайымызды, ас-ауқатымызға шейін ешнәрсесін қалдырмай сұрады.

— Жарайды, бауырым. Намыстарың бар екен. Қазақтар тек малдың адамы. Ауыр өндіріске бармайды, дегеннің жалған сөз екенін сендер көрсеттіндер. Шыдай тұрарсың. Бәрі де болады, — деп орнынан тұрды да, қолын ұсынды Әбілқайыр. Адамның адамы, қайран қазақтың бір деген азаматы осындай-ақ болар да. Оның бір сөзі арзан кеткен жоқ. Мен бұл дүниеде адамға деген Алланың жақсылығын өуелі Құдай екінші сол азаматтың арқасында көрдім.

Араға көп күн салмай кірпіш үйлердің біріне, кең жана пәтерге жайғастым, шырттай киіндім. Партия қатарына өттім. Үлкенді-кіші жиындардың төрінде отыратын болдым. Барлық жерде көргенім құрмет, бірінші бесжылдықтың екпіндісі, бірінші стахановшы, кімсің Әлжан әйгілі металшы Мұрымбаев!..

Солай інім, көп ұзамай айта беретін 37-ші жыл келді. Жаз, ортасына таяу елде естімеген сұмдық басталды.

Мәскеуде Алматыда елдің бетке ұстары ардақты азаматтары топ-тобымен ұстала бастады. Екі жақсы қазақтың бірі жау— «халық жауы», «құйыршық»!. Ондайлар біздің зауыттан да табылды. Күні кеше өзіміз тәңірдей табынып жүрген жаңашыл инженерлер Төртаев, Кальминсондар бір түнде ғайып болды. Олар «сатқын», «шетелдік әгент, зиянкестер» екен. Расы керек қой, «жау» дегенді естігенде біздің де зығырымыз қайнайтын. Бірақ, шырағым тілім жазықты, өз сөзім өзімде, Досов жау дегенге мені құдай да, адам да сендіре алмайтын еді.

Иә, сол жылы, сол қырғын науқанмен қат-қабат Ұлы советтің алғашқы сайлауына қызу әзірлік те жүріп жатты. Шымкент округінен біздің Ұлы советке ұсынған, берілген бөльшевик, обком секретары Досов Әбілқайырды сайлайтын боп жаттық. Көшелер мен мекеме-жайлардың іші-сырты толы плакат. Қайда қарасаң Досовтың есімі, суреті, өмірбаяны. Шақырған ұран, мақтау сөз. Құдайдай сеніп жүрдік.

Сайлауға небары 17 күн қалғанда, ноябрьдің 25-і күні кешкісін, қала халқының өкілдері өз кандидаты Досовпен кездесуге облыстық драма театр үйіне жиналды. Маған енбек екпіндісі ретінде облыс, қаланың үлкен кісілері тобында президум үстелінің екінші қатарынан орын берілді. Кезегімен суырыла шығып, марапаттаушылар сөзінен кейін мінберге Досов көтерілді.

Ол Қазақстан мен ел ішіндегі сол кезеңдегі жай-жағдайға кең тоқталып ұзақ сөйледі.

Досов сөйлеп тұрғанда үстел басында, бірінші қатардың шетінде отырған Кальнинг дейтін облыстық НКВД бастығы сахна арқылы сыртқа шығып, қайта оралып, әлде неге тынымсыз аландаумен болды. Досов сөзін аяқтады. Жиналыс жабылды. Жұрт дүр көтеріліп сыртқа беттеді. Басшылар жақтау бөлмеге өтіп, киініп шыға бастады. Ең алдыңғы болып шыққан Досовты оның жалтылдаған су жаңа «МК» жеңіл машинасы жанында әлгі Кальнинг күтіп тұр екен. Ол:

—Абилхайыр Исакович, я здесь оказался без транспорта, подбросьте пожалуйста по пути в мое рабочее место,— деді.

Досов әлденені сезгендей оған жалт бұрылып, тіктене қарады да:

—Ну, что же, садитесь,— деді.

Досов, алдыңғы орынға жайғасқан сәтте, әлгі Кальнингпен қабаттаса артқы орынға тағы екеуі отырып үлгерді. Жалтыраған қара «МК» баяу қозғалды да, Совет көшесіне шығып жөнеле берді.

—Әкетті деген әлдекімнің сыбыры естілді артқы жағымыздан. Төбеден мұздай су құйылғандай жан түршігіп кетті. Анығы солай болды. Сол кеткеннен оны қайта көруге жазбады тағдыр.

Бірақ, Досовтан көз жазсам да, мен оның рухынан алыс кете алмадым. Арада небәрі тәулік өткенде мен ойламаған жерде горкомға шақырылдым. Завком секретары Нәсибулин деген жігіт асығыс, тәуір киіндіріп, алды да жөнелді. Не деп болады. «Досовтың құйыршығы» деп ұстағаны осы шығар, деген ой да келіп қалды басыма. Бірақ мені қала басшысының кабинетінде қарсы алушылардың шырайы жылы.

—Сізге Мұрымбаев жолдас, халық үлкен сенім көрсетіп отыр. Шымкент округінің сайлаушылары Сізді Ұлы советтің депутаттығына кандидат етіп ұсынғалы отыр. Қалай, қарсы емессіз бе,— деп горком секретары Чураков тандана әбіржүлі менің бой-басыма күлімсіреп барлай қарады. Қарсы болмасаңыз, Мұрымбаев жолдас, осында округтік комиссияға келісім хатыңызды өз қолыңызбен жазып берініз..

Иә, қарағым солай. Бұл өмірдің өз бұйрығы ма, әлде төңірдің тәлкегі ме, мен күтпеген жерде, өні түгілі, түсіме кірмеген Ұлы советке сайландым. Сол күні көргенім өмірбақи көз алдымнан кетпейді. Көше толы студенттер мен оқушы жастар, күні кеше

төбеге көтерген Досовтың суреттері мен қызыл-жасыл плакаттарды жұлып, табандарына таптап жүр. Арада бірер күн өткенде қала ішінде менің суретім басылған көкала қағаз қаптады.

Шіркін, тұрағы жоқ, баянсыз құбылмалы дүние-ай! Адам басына «Қыдыр» боп қонақтайтын баяны қайда екен оның?! Осылай Кремль сарайында, «күн көсемнің» көз алдында ұлы мәселелер шешетін ұлы жиында айтулы азамат Досовқа тиесілі орында өзі бар, сөзі жоқ санатта бар мәні жоқ, кешегі қап шекпенді Мұрымайдың баласы мына мен отырдым.

Мақұл ғой, бай-бағлан, түп-тамырымен жойылған байлық та, билік те тап қолыңа көшкен Ұлы совет елінде, мынадай алтын сарайда жұмысшы тап өкілі біз отырмасaq, кім отырсын. Бірақ шырағым, соғыс жылдарын тұтас қамтыған сол 9 жыл депутат санатында жүргенде өзім қалың ортасында болған қаншама ұлы жиындарда мен сияқты от көсеген кенші, не түркістандық Шарап Ниязовтай кетпен шапқан мақташы, немесе өулиеаталық Өтепберген Жақсымбетов сияқты таяқ ұстаған қойшыдан жөн сұраған құдайдың пендесі болды ма?! Жоқ! Көре алмадық ондай ұлықтарды. Өз ақылы өзінен артылып жатқан данышпандар біздердей қаймана қара жұмыскердің ақыл-кеңесін не қылсын?

Әйтсе де әр нәрсе өз кезегімен деген. Кімнің кім екенін ердің ерін, елдің елін сынайтын тұс, Ұлы Отан соғысында жауға атылған 100 оқтың 90-ы Қазақстанда, оның 60-ы Шымкент зауытында жасалды деген, анығында рас сөз. Зауыттың көк қорғасын құйылып, жезбен тысталған қызыл оқтың өзенін дамылсыз ағызып жатты. Күн сайын пәлен вагон, апта сайын эшалон.

«Адам жылқы мінезді. Қарын тойған күні құдайын ұмытады» — деген сөз бар халықта. Асып айтылса өзі кешірсін. Жеңіске жетіп, бөркімізді аспанға атқаннан кейін, кейбір болған-толған немелер Отан үшін қан төккен ағалар мен зауытта көкірегі көк түтінге ысталған көкелерге пысқырып қарайды деп кім ойлаған. Ұлы Жеңіске санаулы айлар қалғанда 44-ші жылдың көктемі мен күзінде кен балқыту кезінде екі рет металдың улы газына уландым. Өкпені қапқан, қанға сіңген қорғасын қойсын ба, екі-үш жылдай жиі төсек тартқызып ақыры қатардан шығарып тынды. «Кәсіптік кесел— целнокоз» дейтін бір жармасса қалмайтын пәле. Ол ит мынадан да көрініп тұр ғой— деп Әлекең сол қолының қан-сөлсіз, ішіне қорғасын құйып қойғандай көксұр тырнақ көбесін бірер шертіп қойды.

Өзімді бақ пен таққа жеткізген баяғы бір жалын пештің

жанынан айырылып қалдым— деп несіне өкінейін... Өкінбеймін, қарағым. Бұл дүниеде бір басқа тұрақтап қалған шамшырақты кім көрген еді. Керуен дүние өтеді, кетеді. «Қазақ елім» деп жүрегі жалын атқан Досовтай арыстанға баян етпеген ол, мен сияқты кешегі тақыр кедейдің тайқы мандайын не қылсын! Тек мына дүниеге адам болып келгесін, халықтың қарызын өтеп, адам болып өту арман ғой. Мен сол қарызымды жүрегімнің қанымен, мандайымның терімен өтеп едім, кезінде. Тек өтелмеген бір қарыз кетіп барады мойнымда. Ол тағы қайталап айтайын бағын да, тағын да маған аманатқа қалдырған Досов Әбілқайырдың қарызы. Өзінді іздеп келгенім де соның жайы, сол бір асыл азаматтың естен кетпес есімі.

Бір кездері азаматтық ары жалғыз жанына жай тапқызбай арқадағы жүгінен арылудың жолын іздеп жүріп кездескен Әлжан ағаның сол өңгімесі шағын дәптердің беттерінде тұратын тапқалы тұтастай азамат жасын алып жатқан дәуірлі мезгіл өтті. Дүниеде не ауыр, арқалаған аманат, өтелмеген қарыздың жүгі ауыр. Әр кез сол дәптер, сондағы заман сазына үн қатар өңгіме еске түскенде көрінбес сезім толқыны, төзімге жаралған жан сарайын бір шайқап өтер еді. Сол қарыз, аманат жүгі қашан қалай өтеледі, — ол ретін де, сәтін де өзі келтірер өмір мен тәңірдің ісі.

Көктем еді. Бұдан 23 жыл бұрынғы 1976 жылдың жайсаң күндері еді. Қазақстан Жазушыларының 7 съезінің алғашқы күні, үлкен үзілістің кезінде «Евразия» атты ұлы кеңістіктің шартарабынан басы қосылған қаншама майталман қаламгерлер абыр-сабыр араласқан әйдік залдың іші гуілге толған. Ол кезде қайран елін қапылыста қалдырған ұлы Мұқаң (Әуезовтен) өзге алыптар тобының қатары сирей қоймаған.

Өз басым үлкен талантымен бірге жан туыстығын ерекше ұнататын жаз дидарлы аға Ілекенді (Есенберлин) маңайлап, қасынан кете алмай жаймашуақ сөзін тындап келе жатып, төрті жақ шеткі бұрышта шағын дөңгелек үстелшені айнала жайғасып, өзара қызу өңгіме құрған қос Ғабен (Мүсірепов, Мұстафин), Баукең мен Мұхамеджан Қаратаев ағаларға сәлем бере бұрылды. Жайық Бектұров Мүсіреповтың алдында Мәскеу Кремлінің елге таныс әйгілі Георгиев залында көп адамның естелік үшін бірге

түскен көне фотосуретін Ғабеннің алдына көлденең тартып, ертеде бір өткен жайдан қыза сөйлеп жатты.

— Міне, ол мынау отыр. Калининмен қатар отырған соның өзі. Партияның 17-ші съезінде түсірілген суреті. — Мәскеуде ЦК-да жауапты қызметте жүрген кезі— дейді Жақан, әлдене өткен жайды нақтылай түсіп.

Әңгіме Досов жайында екені бірден көрінді. Бұл өзге емес, өзіме таныс бейне. Бұл суреттің шағын нұскасын Шымкентте, обкомның партия мұрағатында қалың құжаттар арасынан көргенмін, демек, Бектұров, Досовты білетін адам.

— Сен әлгі түрмеде не болғанын өз көзіңмен көрдің бе? — деді кенет Ғабен қасын кере ыңырана баяу үн қатып.

— Ол сұмдық өмірбақи көз алдымда, Ғабен! Ол кез менің Шымкентте қалалық комсомол ұйымын басқарған кезім. Досовты қарашаның соңғы аптасында театрда, сайлаушылар алдында сөз сөйлеген жерінен әкетті. Біз облыс жастар ұйымындағы Дүйсенәлиев бастаған «құйыршықтар» желтоқсан ортасында қамалдық. Дүйсенәлиевті төтенше пленумда Досовты қаралап сөз сөйлегенді де құтқармады.

Ресми мағлұматта Досов Алматыда алғашқы үлкен топпен бірге атылды, — дейді. Бірақ мен сенбеймін оған. Анығы ол күнге оны жеткізбеген болар. Түн ортасында тергеуші алдында отырғанда алыстау, шеткі бір бөлмеден сұмдық бір арпалыс, аяусыз төбелестің айқай-шуы, ерсілі-қарсылы жүгіргендер дүмпуі естіліп жатқан-ды. Бір кезде сол бөлмеден шыға берісте еңгезердей екеудің өз аяғымен жүруден қалған, бет-жүзі бұзылып, қанға батқан оны өлекседей сүйретіп келе жатқанын көргем. «Адам ит жанды» деседі, бірақ ондай жарақаттан иттің де тірі қалуы екіталай...

Гүлеген зал ішіндегі қысқа сөзін Жақан солай бітірді. Ғабен де, өзгелері де үнсіз тындады оны. Бұл сәтте кезінде Досовты қаншама көрген сыйлас (бәлкі сырлас) болған замандастар не ойлап, нендей күй кешті, өздеріне мәлім. Тек Ғабен ғана:

— Жә, солай де, — деп жалғыз сөзбен әңгімеге нүкте қойды да, алдында жатқан темекі қорабына қол созған.

Сәті келгенде «Қазақстан» (қазігі «Жетісу») қонақжайында мен орналасқан бөлме Жайық ағамен іргелес болып шықты. Сол күннің кешінде оңаша тыныш сәтте қолға дәптер, қаламымды

алып, көненің көзі, көркем сөзді жазушы ағаны тыңдауға бардым.

Жастықтың жүректен өшпес өршіл мезгілін көрікті Шымкенттің сырлы шаһарында қалдырған кісі өзі сан рет ресми жиындарда сөзін естіп, көргенін көкейінде түйген кісі өмірінің таңында— қазағым елім деп ерте оянып алысқа самғап ұшқан, шынға шыққан, шыңырауға құлаған арынды азамат жайлы ол күндердің елесін қайта көргендей тебіреніп ұзақ сөйледі. Жақаңның айтуында Досов тік мінезді, бет-жүзін демейтін кесіп айтатын кескір де өткір адам. Қимылы серпінді, жанары ұшқын атқан, өзіне де өзгеге де, талап-талғамы биік, ерек тұлғалы азамат болған. 36-жылғы маусымнан 37-жылғы қарашаның соңына дейінгі облысты басқарған жыл жарым мезгіл оның өз халқының келешегі үшін белді бекем буған жігерлі де іскерліктің адамы екенін көрсеткен-ді.

Киров каналы құылысының басталуы, ащысай Байжансай, кеніштерінің Ленгір шахта құрылыстары мен Шымкент қорғасын зауытының өрлеуі, мақта тазарту зауыттарының қатарға қосылуы, голошекиндік зұлмат аштық қасіретінен кейінгі ел шаруасының қуатталу кезеңі қашан да қайнаған іс ортасынан табылатын осы азаматтың есіміне қатысты болды.

Зұлымдық атаулының әрдайым жақсыны табатыны сол, тергеу үстінде қисынсыз қиянатқа төзе алмаған әр мінезді адам қайыспас қайсарлыққа көшкен ғой. Оның ақыры тергеуші бөлмесінде теңсіз айқаста оны аяусыз соққыға жығумен тынған. Намыс отымен суарылған текті жан бұлт ішінде жарқылдап сөнген найзағайдың отындай осылай көзден ұшқан.

Арада апталар айлар, жылысып жылдар өтті. Енді міне, бұдан 62 жыл бұрынғы есімдері мәңгілік өмірдің биігінде қалған қазақ ұлдарының сөнбес рухы біздерге жана дәуір ұрпағына аманат сөзін айтады. Сол аманат алыста емес, халықтың қайғылы тарихында қаралы жылдар мұратын сақтаған өз ортамызда, бұрынғы НКВД, КГБ, бүгінгі КНБ-нің мекенжайында. Оған ұзақ жылдар бірдің қолы жетсе де, екінің қолы жеткен емес.

Сол мекенжайдағы кездесіп кеңесуден соң жайың жарық болғыр кешегі өткен генерал Дружининнің ақ пейіл азамат жігіттері Уәлихан мен Қуаныш, ізетшіл Жәмила қарындастар болып тік тұрып көмекке келді. Досов және оған қатыстылардың

ісі» дейтін 8 томнан тұратын ұшан-теңіз дүниені бірінен соң бірін алдыма тартты. Не дейді сол. Қаншама таусылмас сыр, сарқыламс жырды ішке бүккен сұм заманның шерлі шежіресі.

Әуелгі беташар сөз— Досов тұтқындалған 25 қарашаның ертеніне 26 қарашада Қаз. Орталық партия комитеті көшпелі бюросының мүшелері — республика прокуроры Атаниязов, партия комиссиясының төрағасы Асриев, Орталық Атқару комитетінің төрағасы Өмірзақов, оқу-ағарту халық комиссары Манкиннің қатысуымен обком мен Шымкент қалалық комитетінің біріккен пленумында басталыпты.

Саясат, бағыт дейтін көрінбейтін күдірет құдайдан биік қойылған тұста, дүниедегі ең қымбат, ең ғазиз адам өмірі тағдыр таразысына қалай түсті, қалай бағаланды. Сол таразыны тартушылар дүние кезек, әр асқанға бір тосқан, зорға да бір зауал бар екенін, тіпті ол алыста емес, қыр астында екенін білді ме екен, сірә?! Жок, білмейті. Алда өмір барын, оның баршасы келер ұрпақ қолында қайта өлшенерін білмейті. Білуді қажет етпейті.

Әлбетте, мәселе қаймана қазақтың бірі емес, ірі тұлға, тұтас бір облысты басқарған адам туралы болған соң шығар, оның саяси болмысын пленумда «талдау» арқылы саяси жолмен шешу қажет болған сияқты.

Енді алдымызда бір-біріне кереқар екі дүние, екі жайдың есігі ашылады. Біріншісі — республика, облыс пен қаланың қаймағы жиналған сол пленумда Досов партия мен халықтың алдында ары таза, берілген большевик екенін айтып, арыла сөйлейді. Шындыққа көз жеткізуді сұрап шырылдайды.

Ал, арада санаулы күндер өткенде алғашқы тергеуден бастап, Қазақстанды СССР-дан бөліп әкетуді көздейтін буржуазияшыл, ұлтшыл ұйымның басшыларының бірі екенін еркін мәлімдеп, «ағынан» жарылады. Иә, сонымен:

Атаниязов (пленумдағы сөзінен): Жинақталған материалдар Досов Әбілқайырды советке қарсы буржуазияшыл, ұлтшыл ұйымға белсене қатысушы деп жариялауға толық мүмкіндік береді. Осыған байланысты біріккен пленумға мынадай шешім ұсынылады:

1. Ә. Досовты партия мен қазақ халқына сатқындық жасаушы ретінде обком хатшысы қызметінен алып, обком құрамы мен партия қатарынан шығаруға.

2. Одақ советін сайлау жөніндегі Шымкент сайлау округі еңбекшілеріне Досовтың кандидатурасын алып тастап, оның

орнына Ленин, Сталин партиясына берілген лайықты кандидат ұсынуға.

Досов (пленумдағы сөзінен): Менің бар өмірім партия мен халықтың алдында өтті. Кешегі батырақтан басшылыққа өсірді. Алматыда, Ақтөбеде, Семейде, Мәскеуде (партия қайда жіберсе) партияның мызғымас жолын ұстандым, халыққа қызмет етуді мақсат еттім. Шындықты айтудан таймадым. Мәскеуде қызметте жүргенімде М.И. Калинин қатысқан бір кездесуде Голошекин маған «Сен, Досов, «Қазақстан өте қиын жағдайға душар болды» дегенді көп айтады екенсің» деді. Мен оған «Асыра сілтеуден ел күйзеліп жатқаны белгілі жәй емес пе» дедім.

Иә, сол қателікті түзету өзінше бөлек мәселе болды. Сол үшін мен Қазақстанға қайта шақырылдым. Мирзоянның телеграммасын алған соң елге оралдым да, іске кірістім. Мәскеуде Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақовпен тек жерлестер ретінде үлкен жиындарда қонақасыларда кездесіп тұрдым.

Мен буржазияшыл, ұлтшыл да емеспін. Қайталап айтамын, мен жау емеспін, ол түбегейлі қате! Менің кім екенімді партия, халық біледі. Ежов, Мирзоян біледі... Тағы да қайталаймын....

Степанов (облатком төрағасы) Досовтың зинякестік ұлтшыл топтың (басшысы екенінде күмән жоқ. Мәскеуден Ақтөбе, Алматы, Қарағандыдан алынған хабар, осында Кальнинкте (облНКВД бастығы) отырғандар сөзі Досовтың совет мемлекетін жойып, Қазақстанда капитализмді қайта жаңғыртудың белсенді күрескері екенін айқындайды.

Манкин (Қаз. оқу-ағарту халық комиссары): Досов мұндағы барлық сөзді жала, қате дейді. Мирзоянға кездестір дейді. Бізге сенбейді. Бұдан біз тамыры тереңге кеткен жаудың әрекетін көреміз...

Таганский (обкомның екінші хатшысы); Біз аса шебер бүркенген жаумен бетпе-бет келіп отырмыз. Досов шындықпен келіспейді. Айқын фактілерге, ағысқа қарсы әрекет ессіздің ісі...

Екіншісі бірі егіздің сыңарындай сөз сөйлеп, Досовты «жау» деп жариялап өздері судан таза, осы отырғандардың өздері адамның басы алмай қағылып жатқан мына тұрлаусыз тұлдыр дүниеде күні ертең кім боларын ойламайтыны қайран қалдырады. Қысқа күнде қырық құбылған шіркін өмір құрығынан кім құтылған? Азамат адам тағдырын айтып болмас тәңірдің тәлкегіне салған сол топтың өзі түгел дерлік. Досовтың ізімен қиямет сапарына аттанғаны әркез кім-кімді де ойландырса керек-ті.

Міне, енді Досовтын тергеудегі ақырғы сөзі: «Қазақ жұртын өз еліндегі шұрайлы жерге орналастыру, Ертіс бойындағы құнарлы өлкелерді әділеттік тұрғыда қайта бөлу Сейфуллин бастаған топтың түпкі мақсаты еді. Өткеннің ащы сабағы көп нәрсені саралап, терең ойлануға үйретті. Бұдан 3-4 жыл бұрынғы ауыр халді ұмытуға болмайтын еді. Партия жүргізген солақай саясаттың салдарынан қазақ халқының тең жарымынан астамы аштан қырылғаны үшін өз ұлтымыз алдында Голошекин тәрізді орыс отаршылдары емес, туған халқының шын ұлдары— біздер жауапты едік. Оны біз ешқашан ұмыта алмаймыз!» (Досовтың ісі. 4 том. 24 бет).

Солай, бұдан 62 жыл бұрын жазғы бағында бұлбұлы сайрап, сарыала күзде сары жемісі самсыған гүл көрікті Шымкент аспанының астында өз заманында айдарынан жел ескен азаматтың бірі —Әбілқайыр Досовтың соңғы із, соңғы күндері осылай өтіпті. Одан бері өмір озып, жер түлеп, адам, заман өзгерді. Тек өзгермес, өшпес бірден-бірге ұласып мәңгі соғар адам ұрпағының жүрегі. Ол өткен күндер елесінен әркез сырқырап, сыздауынан танбайды!

Желтоқсан. 1999 жыл. Шымкент.



ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ПЕРЗЕНТІ

Ол бізге астанадағы абыройлы орын, биік мінберден алынып, жер аударылып келген-ді. Оны жазалаған, жер аударған бүгінде «империялық» деп таңбаланған кешегі өзімшіл – өктем мемлекеттік, партиялық рақымсыз жүйе болатын.

Ел білетін, халық сыйлайтын Тәшенов, алты алаштын бетке ұстар азаматының бірі, не бүлдіріпті, не жазып қалды екен, сонда Оның жазығы ол күндері былайғы жұрт біле бермейтін, өз ортамыз емес, сонау Мәскеуде, жұлдызы биік Кремльдің алдында барынша батыл, шыншыл, кесіп айтар кескір де өткір, халық сөзін сөйлейтін қайсар адам болғандығы.

Табиғатында жан сауғалар жалтақтығы жоқ, алмас семсердей өткір, ел-жұрты үшін жанын от пен суға салар азамат өз жер, өз елімізде ертерек көзге түскен. Аз жылда ауыл арасынан жарқырай шығып, аудан, облыстарды басқарды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінде, Министрлер Кеңесінде төрағаның биік орнында отырды. Оны Кремльдің қаһарына душар еткен де алыстан көрінетін, айқын көрінетін сол биік орны, ел-жұрты алдындағы қадір-қасиеті еді.

Байқап, андысын тауып сөйлемесе, шын білгірліктің, өткірліктің өзі де басқа бөле. Сол тұста жер жүзін табындырған Сталинді «Әшкерелеп», өзі де сол Сталиннен асып түсуді көксеген Н.С. Хрущев күн құрғатпай «жаналық» ашып, қаншама жылдар қалыптасқан, шындалған, өзінің сұрапыл күш-қуатымен азуын айға жаныған Герман фашизмін тас-талқан еткен Отандық құрылымды өз қолымен жіліктеп, қиратуға көшіп жатқан-ды.

МТС-тер жойылып, аудандар бір-біріне қосылып, «өндірістік шаруагерлік» деп, екі салаға жіктелген облыстардың өзі өлкелерге телініп, өндірістердің күні «совнархоздарға» қарап, ел іші үдере көшкен «ақтабан шұбырындыға» толған кез.

«Тың игереміз» деп бетегелі бел, шұрайлы өрістер таспадай тілінген «травопольшиктерге қарсы күрес майданында» жайқалған жасыл алқаптар жойылып, ядролық қарудың құдайлары ұлы Абайды берген шыңғыстың қастерлі жерінде

тажал отын ойнатқан, қазақтың ұшан даласы шаңы борап, күйіні жортқан құла дүзге айналуға бет түзеген күндер еді ол.

Ол кездегі идеология ұраны — «интернациональдық тәрбие». Ол дегеніңіз: Мектеп партасынан жаңа шыққан жас өрім қазақ қызының орны — шошқа фермасы. «Екінші тыңның» егесі — Өмір бакилық ата кәсібі қоймен өмір кешетін қазақ баласы.

Мұның не, — дейтін жан баласы болды ма екен, сонда. Бола қалса, оның үні қайсы, көретін күні қайсы. Ол үшін адам өз басын от пен оққа байлап, қатерге тігуге тиіс. Ол жолға, ондай ерлікке, тек халық үшін жанын пида етер, өз басынаң ел тағдырын жоғары қойған жаны жалын азамат қана бара алмақ. Иә, сол жолға, сондай көзсіз ерлікке барған жан осы Тәшенов, ел білетін, ел сүйетін Жүмекең еді.

Оның жер ауып ортамызға келуінің өзі де есте қаларлық, жүрек сыздатарлық жай. Газет тілшісі, тынымсыз қаламгер атаулының жүрмейтін жері, естімейтін сөзі жоқ. Бірде, 1960 жылдың көктемі болар, Обком төңірегі қалың қарбаласта, дүрлігіп жатты. Бізге Алматыдан Республика басшысы Д.А. Қонаев келе жатыр. Жұртпен бірге облыстық газет өкілдігімен теміржол вокзалына келдік. Пойыз тоқтады. Облыс басшылары, жабырласқан жұрт ол кезде қалың шашы мойылдай қара, сымға тартқандай тіп-тік Димекенді қошаметтеп қарсы алды.

Димекен қарсы алғандармен амандаса тұрып:

— Жігіттер, осында вагондардың бірінде, Тәшенов Жүмакен келе жатса керек. — Байқандаршы, — деді.

Сөйтсек, Жүмекең, кешегі тұтас елді аузына қаратқан үлкен кісі жалғыз өзі, қалың көп жолаушының бірі, қолында жүк сөмкесі, ең соңғы вагондардың бірінен түсіп, жұрт ағымында келеді екен. Ол еш қайда назар салмастан, еш кімнің қолпаштауын керек етпестен өзін күтіп тұрған кезекші машинаға отырып қалаға жалғыз тартты. Оны ол кез Облатком төрағасы салалық орынбасарының шағын бөлмедегі жұмыс орны күтіп тұрған-ды.

Сол сәт менің көз алдыма бұдан санаулы айлар ғана бұрын, ала көктемде өткен жай елестеді. Онда, осы Шымкентте, Металлургтер сарайында Орта Азия Республикалары мен Қазақстан мақташыларының біріккен, үлкен жиыны болған. Республикалар басшылары мен майталман мақташылар, алтын жұлдызды ерлердің көбі осында.

Көптің көзі де, дені де қак ортада жүрген Республика үкіметінің басшысы Тәшенов Жүмакенде. Әсіресе, Обкомның

түлкі мінезді хатшысы В.И. Макаровта дегбір жоқ. Жүмекен маңайында маймандай басып, канкөбелек болып жүр.

Біз бір топ газетшілер арнайы кабинадан кезектесіп, шешендер сөзін ілесе аударуға (синхронный перевод) тиісті едік. Өзбекстан, Тәжікстан делегациясының басшылары Гаврелиянц, Дотхудовтерден кейін, менің үлесіме Жүмекен сөзі тиген-ді. Жүмекен сонда не айтты: Оның сөзі ойласақ, дәл бүгінгінің сөзі. Казактар бірігіндер, өзге жұртпен ағайындық достықты таза сақтандар. Ынтымақ — бірлікті нығайтындар. Өз жер, еліне еге бол, — деді. Даусы биік, айтары анық, әр сөзі қолмен қойғандай.

Міне сол Жүмекен енді көзге ілінбейтін көптің бірі. Ешкімнің қошаметін керек етпей, өз жөн, өз жолымен бара жатыр. Әй жалған дүние-ай, деп ойлайсын.

Жүмекен жазалы, жаралы келсе де, оның кім екенін білетін жұрт, өзге жерден таяныш, жұбаныш таппаған адамдар баяғы халықтың Жүмекені деп, әр қилы мұң-мұқтажын айтып, кешегі арыстан пішімін сақтаған Тәшеновке ағыла бастапты.

Бұл жай өзінше бір құдай болып отыратын облыстың бірінші басшысына ұнай қойсын ба? — «Бұл не, кто он такой, проблемалар шешетін» — деп сырт көзге сыпайы көрінетін. В.А. Ливенцов ағамыз оған ызғар төге бастайды. Қайда қиын жол, қайда шешілмейтін түйін болса, ол енді Тәшеновтің үлесі. Жүрсін солай, дейтін көрінеді.

Міне Жүмекеңе мен, оны осындай жолға өкілдік алған қиын-қыстаулы күндерінде кездестім. Азабы көп қалың қыс ортасынан енді ауып, шаруагер ел қиналып жатқан шақ еді. Қарсаңда ауданға облыстың өкілі болып Тәшенов келгенін естігенбіз. Сембінің түс мезгілінде телефон шылдырады. Аудандық кеңестің төрағасы Жылқышиев Әбекең екен.

—Ереке, жақсы табылдың. Сені мына Жүмекен іздеп жатыр, келсейші, — деді.

—Жарайды Әбеке.

Мен ойға қалдым. Есімі елге мәлім үлкен кісінің, газеттің таусылмайтын пұшпағын илеп күнді-түнге ұратын менде несі бар екен?

Барсам, Жүмекен Әбекеннің үйінде түскі шайда отыр. Ол салған жерден мені бұрыннан білетін ағайын-туыстай:

—Оу охотник, сен мені неге іздемейсің. Охотник бір-бірін алыстан таниды дегені қайда, — деп, мені ө дегеннен өзіне үйіріп әкетті.

—Кешірініз, Жүмеке, сізге тікелей бару, онай шаруа емес қой.

—Пәлі, со да сөз болып па? Жарайды, оқасы жоқ. Енді іздеп жүрсең де кештік етпейді. Ал қалай, тау жақтан хабар алдың ба, қасқыр көбейген дейді ғой...

—Қасқыр дейтін пәле, ол тек жарақсызға кезігеді ғой, Жүмеке. Міне, екі жыл болды, шалдырмай-ақ қойды.

—Ее, ол солай, сендей жалқау охотникке түшкірсін бе, ол. — Біз бәріміз жабыла күлдік.

—Ал енді сен охотник, маған алдымен мылтықтарыңды көрсет. Басқа әңгімені кейін сөйлесеміз, — деді Жүмекең. Сөзді басқа арнаға бұрып. Одан әрі Әбекене айтып отырған әңгімесін жалғады. Онысы өзі жастық шағын өткізген, ел қызметін атқарған арқа жерінің жайы.

Өзара келіскендей ертеңіне, жексенбінің түсінде Жүмекеңді өз үйімізде қарсы алдық. Қасында аудан басшылары Ысмайылов Нұрекең мен Жылқышиев Әбекен. Қонақ жағдайына орай жақсы жылытылған, күн шуағы мол түсетін бөлмеге өткіздік.

Жүмекең төрге жайғасқан қабырға жақтауда сервант үстіне қойылған Әуезов Мұхтар ағанын қай бір жылы үйімізде, балалар мен бірге түскен суретін көріп:

—Қайран Мұхаң-ай, есіл азамат-ай! Ол да көрерін көріп өтті ғой, мына жарық дүниеден, — деп оның бала Мұхтарды алдына алып, маңдайы жарқырай түсіп отырған нұрлы бейнесінен көз алмай, біраз үнсіз отырды.

—Біз онымен көрші тұрдық. Көп-көп, оңаша сырлас сәтті бірге өткіздік. Оның жібек желдей желпіне отырып айтатын бір әңгімесінің өзі не тұратын еді...

—Кәне, мылтықтарың қайда, — деді Жүмекең шай ішіліп, жайланып болған бір шақта.

Мен жұмыс бөлмеде, шкаф ішінен алып, соғыс жолын көріп, талай фашистің басын қаққан ескі сынайперлік карабинімді ұсындым.

—Осы ма, деді Жүмекең маған тіктене қарап.

—Осы Жүмеке.

—Сапожник! Осы да мылтық болып па? Бұл аңшылық емес, жауынгерлік қару ғой. —Өзің аңшылық әңгімесін Тургеневше жазасың. Құдды Түргеневтің өзісің. Ал, мылтығыңның түрі мынау. Давай, сен сөзді қой. Алдағы сәрсенбіде маған кел. Мылтықтың не екенін көрсетейін саған.

—Мақұл Жүмеке.

Сол айтылған сәрсенбіде Бәтес жеңгейдің әдемі, сұр шайынан кейін Жүмекең оңаша бөлмедегі үлкен шкафты ашып, сонда қаз-қатар тұрған көп мылтықтың ішінен шеткерілеу бірін алып, замогін ашып, оның ұнғысын бір сығалап көрді де, қолыма берді.

—Қара. Круппстальдан шыққан особый заказ — классты «Зауэрдін» өзі. Ұнай ма?

—Ұнайды, Жүмеке.

—Ендеше мылтық сенікі, күтіп ұста.

—Рахымет, Жүмеке.

Ағаның бұл қымбат сыйлығы мен оның бүкпесі жоқ ашық, сыршыл мінезі бізді тіптен жақындата түсті. Ол жылына екі рет көктемде және күзде арнайы уақытын бөліп, бізге келіп жүрді. Сондағы бар ынта-құштары дала кезіп, тау мен тасқа шығып, ел мен жердің бейнесін көріп көңіл шерін бір арылтып қайту.

Сондай сапарының бірінде мен Жүмекеңді алып Қаратаудың жонына шықтым. Мезгіл қоңыр күздің кезі. Көкбастау сыртындағы қызыл шоқы үстінен дүрбі айнасына түскен айнала кең атырап алақан аясындай көрініп жатты. Айнала пырдай мал, өрмекші торындай айқыш-ұйқыш жол. Сол жолдармен дала шаңын шұбалтып ерсілі-қарсылы жосып жүрген сан түрлі техника. Ертелеп үйден шыққалы Жүмекеңе қасқыр түгілі қойшының көк итін де көрсете алмай отырмын.

Байқайсың ба, охотник, — дейді Жүмекең бір сәт дүрбі айнасынан көз алып. —Мына далада аң емес, адамның өзіне орын қалмайтын шығар. Тек осы ауданның аядай жерінде 600 мыннан артық мал жатқан жоқ па, қазір. Сұмдық қой, бұл.

—Иә, Жүмеке. Республика ұраны 50 миллион болған соң, амал қанша.

—Ол солай, — Для дураков законы не написаны!

—Жүмеке, — дедім мен әңгіме арнасын өзгертіп, өзім білуге құштар бір сұрақтың шетін шығарып. —Сіз болса да Москваға туралық айтам деп жақпай қалғансыз. Оны жұрт біледі. Ал сонда, осы үлкен кісі Димекең қорғай алмады ма, Сізді?

—Ее, қарағым, Димекеңе өкпе жоқ. Ол кісі ойдың адамы. — «Человек гибкой политики». Ол көрінсе, әлде қашан менің жолымды құшатын еді ғой. Сен білесің бе, Кремльде Лениннен — Брежневке шейін аман жеткен бір адамның жүргенін?

—Мен ойланып қалдым:

—Ол Микоян шығар, Жүмеке.

—О, молодец! Дәл соның өзі. Оны тұстастары «от Ильича до Ильича без паралича» — дейді. Бәріне жол тапқан, бәрімен үйлесе білген адам сол — Вездесуший Иванович!

—Ал ендеше Жүмеке Сіздің Никита Сергеевичке жақпай қалғаныңыз қалай, неден басталды?

Жүмекең, сен өзі қалай көп білесін, — дегендей мен жақка қырындай қарап алды да:

—Ол үлкен әңгіме. Десе де бір эпизодын айтайын, деп әңгіме бастап кетті.

1959 жылдың І-ші октябрі Пекинде Қытай Халық Республикасының он жылдығы үлкен салтанатпен тойланды. Оған Мәскеуден Н.С. Хрущев бастап үкімет делегациясы бардық. Бізді аэропортта ұлы Мао-ның өзі қарсы алды.

Келер күні біз Маоның әйгілі сая бағында көсемнің өзі берген қонақасында отырдық. Қытай столы белгілі. Шіркейден бастап айдаһардың етіне дейінгінің бәрі бар. Лыксып тұрған шөлмектердің арасынан таза орыс ащысынан біраз қылғып алғасын Никита нарттай қызарып, май басқан кішкене шегір көзіне таудай Мао торғайдай көрінсе керек. Ол Сталиннің культі төңірегінде бөссін келіп. Бүгінгі социализмнің құдайы да, күдіреті де өзі екенін дәлелдеп, мыртық саусақтарын шошандатып, әлекке түсті. Ал, Мао болса жаңа Қытайды қолдан орнатушы, күні кеше дүниені табындырған ұлы Сталинмен терезесі тең, басынан сөз асырмаған заман тұлғасы.

Мен ыңғайсызданып оң жағында иықтас отырғысын шынтағынан білдірмей түртіп едім. Ол бетіме бажырая бір қарап, тіс арасынан ызғарлана: «Тише» деді де, бәдігін жалғай берді.

Бір кезде Мао жанындағы тілмашының біріне әлде нені сыбырлады. Ол маған келіп, қазақша, — «сіз ұялмай-ақ қойыңыз», — деді.

«Сыртына қарап қабылдап, миына қарап қоштасқын» — деген ғой, орыс халқы. Сол айтқандай, қарсы алуға келген Мао, шығарып салуға шықпады. Жолда, самолетте Никита маған: Ал, көне айтшы сен. Әлгі Кормчи кеше саған не деді, — деп сұрады. Оның майдагер мылжыңдығына зығырым қайнап келе жатқан мен оған: «Мынауына айт, көп ойлап аз сөйлесін» — деді, — дедім.

Ол бырдия қызарып, үндемей, маған май басқан мыртық, сұқ саусағын безеді. Содан кейін біздің сөзіміз үйлескен емес.

Иә, бұл өмірде уақыттан ұлы сыншы жоқ. Токтаусыз заман ағыны бәрін де өз орнына қойды. Өз көсемін, өзін өсірген ұстазын тірісінде төбесіне көтеріп, өлгесін ұлы әруағына топырақ шашқан Хрушевтің жалған – жасанды жаңалығы – «Валлонтаризм» – деп таңбаланды. Кремльде туып, эфир мен газеттерге сыймайлықсыған ұшы-қиырсыз қаулы қаттамалар сиясы кеппей тарих қоқысына көмілді.

Өмір сол бір тұрлаусыз құбылмалы күндерде жаннан да қымбат ел мен жер тұтастығын, ар мен адалдықты қорғап халық сөзін сөйлеген Тәшенов ниетінің таза, ақ екенін дәлелдеді. Бірақ жазықсыз жазалы, жаны жаралы айдауда өмір кешкен Тәшеновке обал болды – деген жан иесі көрінбеді. Қызғаншақ – қызылкөздер ызғардан ығып келген жерінде оған шағын орынды да бұйыртпады.

Өмірінің соңғы шағын ол «Ғылыми есеп орталығы» – дейтін санатта жоқ, санда бар көрінбес – көленкелі жайда өткізді.

–Ертең мен саған барғалы отырмын. Қасқыр атуға шығайық. Үй жылы болсын, охотник, – деді, кешке телефон соғып Жүмекен.

–О, келіңіз аға. Қасқыр бізден құтылмайды, – дедім мен.

Ертеңіне күткен кеште телефонда біздің оғы жерге түспейтін сұр мергеніміз Әштардың даусы естілді:

–Қазір... Осыдан жарты сағат бұрын... Жүмекен... дүниеден кетті, – деді камығып.

Сол күні ақпанның беймезгіл кешінде Жүмекенге жайылған дастархан енді оның өзіне емес, әруағына арналды. Өмір деген осы. Халқым деп қара қылды қас жарып, намыс отымен жалындап өтер азамат қасиеті осындай-ақ болар да.



ПЕРЕСЕЛЕН ТАМЫРЛАР

Ғайыптан келген Христофор



Орынбордың мемлекеттік архив қорының қазаққа қатысты көп папкаларының бірінде бұдан сексен жыл бұрын, 1915-ші қоян жылының көктемінде белгісіз шебер түсірген фотосурет және біздің ата-бабаларымызға қатысты ғажайып құжаттар сақтаулы.

Көрінісі анық, жақсы сақталған суреттен көзге таныс жер бейнесі, — арғы беткейде зәулім тал, теректер қалың өскен ел мекені және таяудағы белесті кесе қырқып, жол салып жатқан қалың құрылысшылар көрінеді.

Құрылысшылардың ұйымшыл, тым қатаң тәртіптің адамдары екендігі сондай, оны түсірген объективке бет бұрған бір жан көрінбейді. Ішінде бірде-бір әйел баласы жоқ, қарасы елу шақты азамат әр қилы құрал-кескі, сүмбі, түйгіш, күректермен қаруланып, бас көтермей жер қазып, әлде кімдер қол зембілдерімен топырақтар тасып, енді біреулері тақыр тағанды ағаш түйгілермен түйгілеп жатыр. Осы құмырысқадай қимылдап жатқандарды сырттан шолып, оқшауланып, жалаң қылыш ұстаған үшеу тұр. Бұлардың сырт нобайынан әскери адамдар екені бір қарағанда-ақ байқалады.

Сол фотосуреттің сыртына, сол кездегі өте сауатты, зиялы жанның қолымен мынандай сөздер жазылған:

«Пленники, дорожно-строительной работе, в селе Китаевка, Черняевского уезда. Сырдаринской губернии, апрель, 1915 г.»

Бәрі де түсінікті. Бұлар тұтқындар. Сонау батыста, патшалық Ресеймен соғыста тұтқынға түскен австро-герман әскерінің солдаттары. Патша ағзамның сол жылғы қаңтардағы жарлығымен бұдан біршама жыл бұрын ішкі Ресейден «Шығыс аудандарды игеруге» көшірілген. «Переселендер» үшін сонау бір қиырдағы Ресей-Германия майданынан айдап келтірілген, енді осында жол салуға жегілген басыбайлы пенделер.

Суретке түсірілген жер бедерін, табиғатын көргенде еріксіз толқып, қайран қаласын. Бейне кеше түсірілгендей, бәрі таныс көрініс, таныс жер. —Ғажайып!

Кереметі сол, — әлгі жол құрылысы қаншама заман бұрын ел қорғап, батыр бабалар өткен жер, қаншама ел керуені көшкен ұлы жолдың үстінде, қасиетті Бәйдібек төбе баурайында, ұлы баба мазарынан не бары жүз қадымдай жерде жүріп жатқаны бірден көзге шалынады.

Анау күнгеі жақта Балабөген аңғарында өткен ғасыр бабалар қолынан өскен зәулім талдардың төбесінен асып, қашанғы жорықты көрген Ұзынбұлақ биігінің беткейі көрінеді. Сол өшпес табиғат аясында енді жол салып, бір киырдан келтірілген тұтқындар, құл-құтанға айналған пенде, адам әулетінің ұлдары жүр. Уа, шіркін өмір-ай, бірде Герман... Сансыз тағдырларды мына бейкүнә шексіз ғаламға қидай шашып, шілдей тоздырған заман-ай!

Переселендер, жер аударылғандар, тұтқындар!.. Ол енді тереңде қалған, шешуі қиын сыр емес. Кешелері өткен аталар мен әкелердің көзі көрген, бастан кешкен өткен өмірдің шындығы. Заман сазымен келген өз өміріміз, өз тағдырымыз. Бұл күндерге ұласып жатқан ұлы тарихымыздың ұрпаққа берген сабағы. Ол күндердің бейнесі қазір де ел есінен, замандастар санасынан өшкен жоқ.

Мезгіл мамыр айының ортасы, ұмытылмайтын 1906-шы жылқы жылының көктемі еді. Тау елінің Қошқарата болысына қарайтын Шыңғожа-Шымырдың жұрт «Қарағайлар» деп атайтын аталы ауылдары қыстауынан көшіп шығып, маңайдағы шілтерлі биігіне үйлерін топтана тігіп отырған-ды.

Қарсаңда ылдайдағы Темірлан жағынан шыққан бірер ояз шенеуниктері келіп, осында Сиқымның атақты Рысбек батырының немересі, Төрбек датқанын баласы Шерім болыспен осы ауылда кездесіп, патша ағзамның жарлығымен ішкі Ресейден келе жатқан переселен көштері осында «Загорная» деп аталатын аймаққа, — екі Бөген, Алмалы, Қошқарата, Талдыбұлақ өзендерінің бойына қоныстана бастайтынын жария етіп кеткенді.

Енді міне — «Құлақ есіткенді көз көрер» деген осы. Ұлы сәске көзінде анау батыс тарапты көмкерген биік жота, Қосағаш-Шокан асуын асып, осылай беттеп келе жатқан қалың шоғыр соңынан шұбай созылған ұзын көштің қарасы да көрінген.

Көш алдында ылғи қайыс тұрманды жарау аттар мінген, қайсы

біреулері иықтарына найзалы мылтық асып, жамбасына салақтатып қылыш ілген шұбартас әскери адамдары аралас үлкен шоғыр оқшау озып келе жатты. Бұлар бүгінде Черняев аталып тұрған Шымкенттегі ояз мекемесінің шенеуніктері Мекленбурцев пен Бекжанов бастап, арнайы сапармен шыққан уездік жерге орналастыру бюросының өкілдері еді.

Алыстан ағайыны келсе, астындағы атын түсіп беретін қазақ жоғарыдан келген әлулетті өкімет адамдарына сый-сияпат көрсетіп, ықыласпен қарсы алды. Аталы әулеттер — Сарыбас, Дүлдүлдің үлкені Баубек би келгендерді ақ үйінің төріне шығарып, алдына мол дастархан жайды.

Будан бұрынғы жылдарда жайлау, қыстау, суат, егіндік, шабындық, — деп мына кең дүниеге сыя алмай, болмас жерден дауласып, керілдесіп-кейісіп жататын ағайын сырын білетін Баубек, жөн сұрасудан кейін, қонақтарына дәм-тұзын ұсына отырып, оязной Усачевтің сенімді адамы әрі тілмаш Бекжанов Момбекті әңгімеге қатыстыра отырып, келгендерді сөзге тартқан.

Сонда Баубек, Қазақ жұртында «Ел иесіз, жер киесіз болмайды» деген сөз бар. Қайсыбір ел болмасын, атамекен туған жерін дүниедегі ен қымбатты, — өз өмірінен артық санайды. Туған жер үшін жанын пида етеді. Бұл жерде осы өлкені бізге мұраға қалдырған ұлы бабамыздың сүйегі жатыр. Ендеше тамыр, деп мына келе жатқандардың неше түтін екенін және олардың бұл тарапқа қалай қоныстанатынын білгісі келетінін айтқан.

Сонда мұндай сауалдың талайын естіп, жауабына машықтанған Мекленбурцев ешбір қиналып-толғанбай, иығына асып келген қалың қайыс сөмкесінен төрт бүктеулі «Карта» дейтін туырлықтай қағазын алға жайып, сөйлеп берген.

—Бұл переселен мәселесі талқылауға жатпайтын, Ұлы мәртебелі патша ағзамның айрықша жарлығымен және сол жарлықтың негізінде биік мәртебелі жер министрі Столыпіннің жоспарымен белгіленген мемлекеттік іс. Бұл үлкен прогрессивтік саясаттың талабы анық. Онда, жер мәселесінде көшпенді Қиргиз жұртының негізгі көсібі мал жайылымына қысым жасалмайды. Анықтап айтқанда бұл күндерге шейін игерілмей, бос жатқан өзен алқаптары, тың жерлер кесіп алынады. Егерде, селение аралық жол желісі әлде бір қиргиз шаруасына, оның иелік жеріне нұқсан келтірген жағдайда, оған мемлекеттік тарифпен ақшалай қайтарым төленеді.

Ал енді қараңыз, — деп Мекленбурцев, жуан, етті сүк

саусағымен әлгі картасы бетіндегі өрмекшінің торындай шимай сызықтар ішінде көкпен боялған иректерді, сондағы ноқаттай нүктелердің бірін нұқып көрсетіп:

—Мына көрінген Үлкен Бөген өзені. Мынау осында орнайтын жаңа селение. Оған бұл атыраптың топографиясын жасаған жас инженері Георгий Леонтьевтің есімі берілген. Значит, келешектегі Леонтьевка. Одан алты верст өрде, мына Малая Алмалинка өзенінің сағасына Черняев полкының ержүрек офицері Петр Алексеевич Орлов атындағы селение орнайды.

Ал, енді мынау... Малая Бугунька, оны жағалай осы бүгін қазығы қағыла бастайтын жаңа селение, танысып қойыңыздар... Губерния жандармның атақты офицері есауыл Китаев Григорий Степановичтің атында, — деп өзінің өр жағында намазға жүгінгендей қос тізерлей шөкелеп, шоқтығы биік отырған жирен мұртты, отты көз, орақ тұмсықты, нарттай қызыл, әскери порымды, сырғауыл бойлы орыс жігітін нұсқады. —Соншалық шұбатып айтқан әскери лауазым, — атағына ризалы бейнеде, ол сәл күлімсіреп, кеудесін биік көтеріп, бұйра шашты жирен басын иіп тағзым етті.

Баубек би бұл әписердің Китаев деген атына онша түсіне алмай, аңтарылып:

—Әй, інішегім, не дейді, мынау орысың, — мынаны қытай дей ме? — деп Бекжановқа оқыс бұрылды.

—Жоқ, Би-еке. Бұл Қытай емес, нағыз орыстың өзі. Китаев деген оның ата-тегі. Аты-жөні, яғни фамилиясы.

—Е, солай де. Бұл қызталақтарың қызық немелер екен. Әкелерінің атына қытай ма, қырғыз ба, сауысқан, қарға, ұшқан құс, бақа-шаян демей шетінен қоя беретін. Иә, сонымен, бұл ауылды енді — Қытай дейтін болдық па?!

—Жоқ Би-еке. Сіздің «Қарағайыңызға» ешкім де таласпайды. Китаевка деп, тек өздерінің селениесін айтады.

Би мен тілмәштің өзара сөйлесіп, арасына Китаев есімінің килігіп жатқанын байқап отырған Мекленбурцев.

—Бай не айтады. Әлденеге ренжіп отыр ма?

—Жоқ Александр Николаевич тек болашақ селение атына түсінбей жатыр.

—Да, да почтими бай. Здесь будет больше село, который носит имя славного русского офицера Китаева Григория Степановича. Гордитесь им, — деп Мекленбурцев жуан даусымен күркірей үн қатып, бурыл тартқан кою масақ мұртын жуан саусағымен бірер

ширата сипап, алдында сары кымызы шүпілдеген нән сырлы зеренге қол созды.

Солай, бұл өлке ұмытпайтын жылқы жылы мамыр айының орта тұсында Қаратаудың шыбық бел, қосағаш – шокан асуларын асып ағылған переселен көштері күнді күнге жалғап жатты. Қосарлап, үштеп ат жеккен, парлап қызыл қасқа, көк қасқа өгіздерін жеккен арбалы көштер иттерін ілестіріп, шошқаларын шынғыртып, құстарын қиқулатып жаз өтіп, сары күз сарқылғанша толассыз ағылды.

Тау жақтан үдей соғатын шақпақ пен қораздың сары желінен ығып, ықтасыны мол Қаратаудың, Ұзынбұлақ, Шұқыршақ, Сарыойлық пен үш сүңгінің сай-саласы, қойын қойнауына салған қыстауларында қыстап шығып, жазғытұрым өздерінің ата қонысы жаз-жайлауы кедей жетпес пен Дегерес, Ақтөбе, Жон өлкесіне ұзап шығып қонатын, көктеу мен күзеуде жақын маңдағы Шілтерлі мен Ащыбұлақ, Қоғалының шуақты қонысына оралатын ауыл жұрты мына келгендерге әуелі тосырқап, сырттан шолып, одағайлап жүрді де, мезгіл өте, біртіндеп үйреніп қатқабат араласып кетті.

Қазақтың қара баласы ең алдымен бұлардың өздеріндей адамның ұлы, құдайдың пендесі екенін, сыйласқанды сыйлай білетін, адал жанды азаматы көп, бұлардың да көкірегі іскен бай, несібесін жерден терген кедей-кепшігі бар өсіп-өнген жұрт екенін көрді.

Бәлкім, «жерінен ауған жек сорлы, елінен ауған бек сорлы», – дегендей Тәңірінің құдіреті, патшаның әмірімен жер ауып, пенде боп келгендіктен шығар, шетінен еңбеккер, бейнетқор, өр істің көзін тауып, батыл қимылдайтын тындырымды жандар екенін көрді.

Бір жағы жер қазып, өздерінің «мазанка», «хата» дейтін шағын үйлерін салып, азық сақтайтын жертөле – кепелерін қазып, бір жылдың ішінде азықтық көкөніс, астық егіндерін де өндіріп, бау-бақшасын көгертіп, әйтеуір қаздай тізілген қатарлы елдің салтын орнатып шыға келді. Кәрі-жасы бірдей көңілді, думанға үйір. Әр жексенбінің кешінде айлы түндерде гармонын тартып, билерін билеп, әндете шулап жатқаны.

Осылай, бас-аяғы бес-он жылда бір жағы ылдида Арыс бойында, күнгедей Ақсу, Машат, шығыста Өргі Боралдайдан

алыстағы Алатауға қарай ұлан өңірге ұласқан сулы да нулы өлкеде қатар түзеп қаздай тізілген переселен орыстардың ылғи отаршыл ченеуник, шонжарларының шұбартас әписерлері, землемер кезбелерінің аты берілген станцияларымен деревниялары қатар түзеді. Ермоловка, Мамаевка, Обручевка, Корниловка, Кантемировка, Алексеевка, Успенровка, Петровка... ылғи «овка», «евка» лар.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары патша генералдары Черняев пен Веревкиннің бірі шығыс, бірі батыстан қазақ жеріне жасаған канды жорығының ізін ала басталған «шығыс өлкелерді игерудің» империялық саясаты, сан ғасырлар азаттық тәуелсіздік туы астында ғұмыр кешкен ата-мекенде осылай қанат жайып өрістеп жатты.

Патша ағзам, шығыс күнгеіін ұлы таулар көмкеріп, қиыр түстігін алып құм шөлдері алып жатқан ұлан байтақ кеңістікте, көшпенді қазақ ішінде өз қандастарына батыс елдеріндеі орнықты, келісті тұрмыс орнатудың оңай бола қоймасын мықтап ескерді, әрине. Сол есеппен өзенді, сулы тараптар алдын ала жасақталған экспедициялар арқылы талдап-таңдап алынды. Қазақ жеріне шектес жатқан Орынбор, Омбы, Сарытау, Алтай губернияларынан сан мыңдаған көлік, құрал-жабдықтар жасақталып, қонысталу құрылысына қазынадан мол қаражат бөлінді.

Таулы өлкелер мен өзен-сулы өңірде селоаралық қатынасты бір жүйеге келтіру, жолдар, көпірлер салу мемлекеттік міндет болды. Енді батыста біріккен австро-Герман одағына қарсы соғыс майданы оның да ретін келтірді. Соғыста қолға түскен сан мыңдаған тұтқын немістер мен австриялықтар темір жолмен Арыс, Түркістанға жеткізіліп, ол жерден Қаратау, Алатау бағытында қанат жайған селоаралық жол, көпір құрылыстарына әкеліп төгілді.

1915-ші жылы сәуірде Шығыс Қаратауда Китаевка селосында Бәйдібек ата мазарына таяу жерде белгісіз суретші назарына ілініп, тарихта қалған жол салушы тұтқын солдаттар ротасы сол кездегі Ресей империясы отаршылдық саясатының бір көрінісі еді.

Адам қасиеті адамның жүрегіне ана сүтімен, күннің шапағат-шуағымен даритын ізгілік атты ұлы қасиетті жарық дүниенің тірегі мәңгілік сөнбестікке жаратылған күдіретті қуаты екенін заман толқыны, өткен күндер сан рет сыннан өткерді емес пе?!

Сол ізгіліктің шуағы әр қилы жолдағы сан қилы тағдырларды табыстырып, адамдық асыл мұраттарға бастағанын санамыз әлі оянбаған, өміріміздің таңында қаншама рет өз көзімізбен көрдік.

Шыған көкте самғау үшін жаралған құс қанатынан қайырылып торға түссе, қапасқа барып қамалса, байқұстың көрер күні қайсы? Тұтқынды адам да қанаты сынған қызғыш құсын емес пе, барар жер, басар тауы таусылған.

Суреттегі тұтқынға түскен солдаттар қай жерде, қай кезде, қалайша тұтқын болғаны бір құдайға, одан соң өздеріне мәлім. Бір-біріне алты аласы бес бересі жоқ адам ұлдары саясат құрбаны боп еркіндігінен айырылса, туған жерден алыста бейтаныс жат өлкеде айдауда, байлауда өлместің күнін кешсе, одан өткен сор бар ма?!

Ол дүние өтті, кетті. Оны бастан кешкендер де оны көзімен көргендер де (ілуде біреуі болмаса) заман көшімен бірге әлде қашан бұ дүниеден өтті. Бірақ олардың тамған мандай тері қалдырған ізі бұл күндерге шейін өшкен жоқ. —Ол Қаратаудағы қазған жол, бүгінде тозып бітіп, орны қалған тас көпірлердің нобайы, сай-сала, жон-жоталарды қолмен тіліп, тастарын кесіп салған жол, сол бір заманның сазды мұнын сақтап, қазір де сайрап жатыр.

Әустрилық тұтқындар?.. Қаншасы азат дүние таңына аман жетті. Қаншасы туған еліне аман оралды. Ол жағын санап білген бүгінде кім бар дейсін. Әйтсе де, сынық қанат көбелектей қазақ жері, қазақ елі арасында қалып қойған біреуі баяғы бір сәуірлі көктемде көргендей қос өгіз жегіп соқалы қосын айдап Марқабұлақ даласында әлі де жүргендей болып тұрады.

Ол кедейлік пен мешеуліктің азабын тартып, жансебіл бейнетке белшеден батқан 1938-ші жыл еді. Ала қармен аралас ерте көктемде кетпен-күрегін қолға алып, қырда егіндікте тырбанған ауыл қанша қарбанып көрсе де жоспарлы істің жарымына өрең жетіп аз ғана ат-көлігі болдырып, адамдары арып, титықтап қалған-ды.

Ол кезде бар-жоғы жетпіс үйлік колхозды ауылын басқаратын әкем шаруанын мына бетін байқаған болар, — «Кой, болмады. Кеттім. Иваныма жетейін», — деп торы шолағын тепендетіп ертелеп аттанып кетті.

Оның Иваны сонау шығыста көрінген дәутөбе Көлтоған жағындағы «Красная заря» дейтін ірі, қуатты колхоздың бастығы Башкатов екенін білетін едік.

Әкем сол Иваннан кештетіп оралды. Өзі көңілді:

—Адам ғой ол, азамат кой — деп, келе әзірлікке кірісіп, қырда, Марқабұлақтағы қосшылар қосына ауыл-аймақтан қарастырып, тағы да екі қара үй тіккізді. Ертеңіне түс мезгілінде Иван жіберген жәрдемшілер көші де келіп жетті. —Олар ылғи мүйіздері дағарадай көкқасқа, қызылқасқа атан өгіздерді соқасына парлап жеккен орыс жігіттері — сабаудай азаматтар еді.

Олар келе, кідірмей іске кірісті. Әкем бастап барған сүдігер танабының шетіне жиналып — «Ну, сообе, сооп...» — деп ұзын қамшыларын аспанға үйіргенде, әлгі піл сияқты күшті өгіздер қос тісті соқаларын солқ еткізе тартып, жөнкіле жөнөп берді. Он соқашы шұбай тартқанда Марқабұлақтың барқыптай былбыраған жып-жылы мақпал топырағы қара елтірідей есіліп қалып жатты. Соқашылар төрт айналым өткенде бұлардың ізін қуып жалаң аяқты балағын биік түрініп, мойынға тұқым дорбасын асып білгір себуші Рүстембай маржан дөңді құлаштай сілтеп, талтандай басып бара жатты.

Күн ұяға қонып, қас қарая қосшылар тобы өздеріне арнап тігілген Жолдасбек ағаның қоңыр үйіне жиналды. Оларға ас-су өзірлейтін Айша жеңешем мен жел аяғы жерге тимей, сажындап егістік өлшеп ой-қырға елпілдеуден танбайтын айғайшыл бригад Жолдасбек те көбіне осында.

Жіпті-жіпке жалғайтын көкөзектің шағында кекірелеп отырған ел қайда. Мұндағы ахуалын сезген шығыр, «ер азығы жолда» деп тарта беретін қазакемдей емес, жолға мүстәкәм шығатын жәрдемші-қосшылар, әр қайсысы нық қапшықтарына салып, бірер күндік ас-ауқатын ала келіпті.

Алғашқы кеште сол қапшықтарын шешіп ішінен ай-табақтай бөлкелерін, тұз, пияз, жұмыртқа, оған қоса қыртысы жырта қарыс ақ майын шығарып, шетінен кертіп жеп, соңынан осындағы аспаз Әйбике апаның қара тостақпен ұсынған сап-сары тары бозасынан сіміріп, қоңыр үйдің ішін көңілді күйге толтырды.

Осы қосшылар тобырының ішінде жасы егделеу, түс-тұлғасы өзгелеу, толықша, қас-қабағы салыңқы, өзгелерден оқшау шеткері отыратын біреу бар еді. Ол тысқа шыққанда үйдегілер соңынан сұқ саусағымен көрсетіп.

—Чужак. Аустриис, пленник, — дейтін.

Оның бөтен елдік тұтқын, ауғын басыбайлы жырынды пенде екенін оңаша-жеке қалғанда бір жағы аспаз Айша жеңешем мен Жолдасбек бригад арасында жартылай қазақ,

жартылай орысша шолақ әңгімеде мұң шағып айтар сөзінен көрініп тұрар еді.

Бір күні сембінін кешінде қосшы орыстар әлде бір шаруа жайымен бір түнеп қайтамыз, — деп, бізге жақын Михайловка селосына кетті. Үйде ауыл адамдары мен әлгі, аустриялық тұтқын-пленник қалды.

Кешкі астан кейін, түнемеде, таң ұзақ, май шамның көмескі-күлгін жарығында Жолдекең мен Айша женешемдер одан:

— Әй, тамыр, сенике кибитка қайда? Байтко, мамашка, маржа, баранчук, кизимка бар ма?, — деп сұрады. Сонда әлгі тұтқын байқұс:

— Меники бәри болған... Меники орус емес, аустрии — Вагнер Альберт Арнольдович — орысша Багин Александр... кибитка, байтко, мамаша бәриси болған, кәзир иок. Байтко, мамаша давно померли, — деп алыста қалған елін, жалғыздық дертін айтып, бас шайқап, төмен қарап мұнайып қалар еді.

Сонда женешем: Әй байқұс-ай, жат елде жалғыз қалу оңай ма. Елін, жұртын ойлап отыр ғой. Көйтсін, деп сөзді басқа жаққа бұратын.

Адамның басын қаңбақша үйірген заман толқынына не шара. Ресейде октябрь төңкерісі жөніп, Германия мен бітім болғасын да, ол кездегі жас тұтқын, Вагнер пәни себеппен еліне қайта алмай, өзі малай боп, есігі алдында жүрген Плохотник дейтін шаруагердің байдан шыққан кексе қызына үйленіп қалып қойғанды.

Отан соғысында жасы келіп қалған сол Вагнер «трудоуойға» алынды да, соңында Александр (Шура) дейтін жалғыз ұлын қалдырып, қайтып оралмады. Сол Шураның айтуынша ол Сібірдің Иркут жағында шахтада кен қазуда жүргенде, сел апатынан қаза тапқан.

Көзден кеткен әкенің көңілде қалған ізі ме, құдай білсін, сол Вагнер-Багиннен қалған жалғыз ұл өзінше бір ерек те, зерек туған жан еді. Оның да есімі Александр, барынша қазақыуар, қазақ десе ентелеп, елпілдеп кетер еді.

Әке кеткесін село шетіндегі сол әкеден қалған шағын «мазанкасына» ие боп, соны өзінше біраз жыл жасандырып, жайнатып ұстап жүрді. Бірақ, сұрқай заман оған да ұзақ жүрім бермеді. Соғыс жылдары ауыл мен алыстағы Глинкова арасында атпен почта тасып жүргенде бұрқасын боранда бір түн, сонау Қасқырсай — Үкітас жағында ат үсті адасып, өлер халде ел тауып,

сонда жабысқан «ревнокардит» дейтін пәле жүрегіне шауып, ертерек алып тынды.

Балта сабындай өз өмірінде сол Әлекең (қазақтар оны солай атайтын) қазақша оқып, институт та бітірді. Ұлағатты ұстаз да болды. Сол зерделігі арқасында алпысыншы жылдары Шаянда, райкомда партия-ағарту кабинетін басқарды. Әсіре -жанашыл Хрушевтің тұсында аудандар бөлшектеніп, ел Сайрамға қосылғасын сонда көшіп, өмірін сол жақта, айдынды Ақсуда аяқтады.

Жәрдемші-қосшы орыс жігіттері шетінен іске берілген, қандай келісті азаматтар еді, шіркін. Ақы-пұлсыз қазақтарды еңбегімен қарық қып, қап-камбаны ақ бидайға толтырғаны қалай естен кетсін. Солардың ішінде Толочко Иван дейтін біреуі бізге соншалық мейірі түсіп, дос-жаран тамыр болып, қазақтар өндіре бермейтін көкөніс-капуста, картоптарын үймізге үйіп тастаушы еді. Сол бір Иван маған меншіктеп берген кішкене «резерв» дейтін сұр күшік ересен жүйрік шығып, алғашқы ақсонарда қоянға қосқанда балалық шақтың қаншама қызығына батырғаны өмір бойы естен кеткен емес.

Дос-жаран, тату көршілік жолымен біздің ауылға қысылғанда қосшыларын жіберіп қол ұшын берген Башкатов пен әкем бүткіл өмірінде достық қатынасын үзбей өтті. —Иван Башкатов дегенде ішер асын жерге қояр еді, жарықтық. Ал, Иван болса, үйге келгенінде шай үсті әкем мен жарасты сұхбат құрып, сонау бір отызыншы жылдардың басында Борныйда жастық шақтағы достары әйгілі Момышұлы Бауыржан, Молдатаев Жакыпбек, Сауранбеков Еркінбек, Қалықұлов Исмаиілла сынды жас азамат жолдастарын сөзге қосып, еске алып, жадырап отырар еді.

1939-шы жылға қараған жылдың қысы біздің тау жақта қарлы боранды, ұзақ ерекше ауыр болды. Бір күні ақпанның ортасында ауылға кештетіп, салт ат мініп, үсті-басы боз қырау Башкатов келді. Ол келген бойда әкеме:

—Слушай, Әжибекович, біз қатты қыспақта қалдық. Төрт жүзден астам жылқы, ішінде жүз қаралы тай-тулағы бар, тұрып қалды. Тістеп алар көлденең шөп қалмады. Не істейміз? — деді.

—О, Иван, қорықпа. Мына Талдының кең тоғайлары тіс тимеген қалың қамыс-құраққа толы. Ал, жүз жабағынды жүз үйге беремін. Бағады, ағайын, келтір жылқыны, — деді.

Сол күні түстен кейін Көлтоған жағынан қаптаған қалын жылқы Талдының тоғайында қалың тебінге бас қойды. Арыған жабағы тайларды үйлер бөлісіп, жылы орынға жайғастырды. Не керек, сол Башкатовтан келген «Красная заряның» бұл ауылда бір тұяғы да шығынға шыққан жоқ. Риза болған Башкатов бәрі бір өліп қалатын еді, — деп үй ара бір жабағыдан сыйлыққа беріп кетті. Жылқы дегенде сінірі шыққан кедей ауыл шетінен атқа мініп, бір жарып қалып еді, сонда.

Сол Башкатов әкеме өз атынан сыйлаған шу асау жұлдыз төбел сүліктей қара дөнен оппаға түсіп, бас біліп, үйренгесін сәрідей айғыр боп шыға келген. Сол жүйрік қарамен келер қыста Марқаның қарлы жотасында кездескен арлан қасқырды біздің Түрекең ауыл шетіне дейін боздата қуып келіп, ет қызуы үстінде омбыға малтыққан көкжалды түп күйрыктан іле көтеріп, тірідей тақымға басып, көкпар ғып әкеткені өлі есімізде.

Жаксының өзі көзден алыс кеткенмен көңілден өшері жоқ, сол Башкатов досымыз өмірдің ұзақ жолын өтіп, қазір де тірі, тоқсаннан асқан жасында жастық шақтағы жан досы Бауыржанның ауылында, өзіне өмірлік қанат берген қастерлі Жуалының жерінде тәңірдің бұйырған жарығын көріп жатыр, жарықтық. — «Як помру, то останусь в этой благодатной Бурнинской земле», — дейді екен, біздің қайран Иван Степанович.

«Адамның күні адаммен» деген данышпанның сөзі, анығында өмірдің өзі. Біз өлі ес біліп, етек жия алмай жатқан отызыншы жылдардың басында ел ішіне айтып болмас аштықтың сұмдық қасіреті келді. Ас-ауқатсыз, тұзды сумен өлмелі күн өткізіп жатқан ала көктемнің көк өзекті шағында ауылдан «Қараның» бұлағы дейтін кішкене бұлақтың Қошқардың суына қосылған сағасында жер кепеде тұратын Тәжібай атамыз араға бірер күн салып, елеусіз келіп, «мына балалардың аузына тамызындар» — деп ішіне сұйық нәрсе толтырылған қара шишаны беріп кетер еді.

Сөйтсек, әлгі атамызға төменгі Бесшоқыдағы Ыстыпан дейтін тамыры:

— Ей, Тажибай, сеникі баранчук, кизимка аштан өлмесін. Мынаны ал. Түнде өзен ағынына тос. Алғаның сені өлтірмейді, — деп қойнына тығып әкеліп, бір шағын тоқыма түбек ау беріп кетіпті.

Әр күні түнемеге, атамыз есейіп қалған Шермаханы мен әлі кішкене Паламханын ертіп, Қошқардың суына торын тосып, балық аулайды екен. Ол кез аушы жоқ, өзеннің іші бықыған балық. Алғанын тұздап, іш майын ерітіп, бөтелкелерге құйып, құмға қатарлай көміп, шетінен ашыққан үйлерге үйлестіреді екен. Көк жеп, шөп жеп көкқарын боп, азып-тозған әлжуаз жәуіткітерді әлдендіріп, өлім тырнағынан алып қалған атамыздың тамыры – Бродаенко Степан атайдың қайырын қалай ұмытарсың.

Кен дүние, бәріне төзер, бәрін көтеретін кара жер адамға деген құшағын жауып көрген бе?! Ғасырдың таңында Қаратаудың күнгеі мен теріскейін алып, қос бағытта жосыған «Мөжік жолы» (орыс мужиктерінің жолы) үстінде жылдар, ондаған жылдарға ұласқан көш керуені сарқылмады.

Қиыр шығыстан Корейлер, Қарт Кавказдың Түркияға шектескен Нахишебан жерінен әуел баста Күрділер, кейін соғыс дауылынан ығып сонау ел шеті – батыстан еврейлер мен поляктар, соғыстың қайнап жатқан тұсында Қарашайлар мен Шешендер, Волга бойынан Немістер келді шұбырып. Бәріне жер, орын, пана табылды, шуағы мол қазақ аспанының астынан.

Басына күн туған тұтас ұлттар мен ұлыстар сыйған елге, жылы шуағы сарқылмаған жерде кім жаттық көрсін. Сол жылдарда Москва мен Ленинградтың аса биік дәрежелі ортасынан саяси кінә тағылған айыпқа, айдауға кесілген бір кездегі ірі тұлғалар да қазақ елі арасынан орын тапты. Олар көбіне даң-дабырсыз белгісіз көп күндердің бірінде келтіріліп, елеусіз жерде еңбекке жегіліп, жылдар өткенде, күндердің – күнінде ұшан дүниеге қайтқан құстай кетіп жатты.

Отан соғысы қарсаңында саяси айыпталған әскерлердің алдыңғы тобында атылған әйгілі Маршал Тухачевскийдің туған қарындасы Галина Тухачевская мына іредегі Глинковада (қазіргі Ақбастауда) тұрып, МТС-те есепші болды. Ал, Ленинград істерінің құрбаны Зиновьевтің әйелі Елена Бек Шаянда, атышулы Леврентий Берияның әйелі ол қанішер атылғаннан кейін Шолақтауда тұрғанын былайғы жұрт қайдан білсін.

Әйтсе де, сондай алыстан айдалғандардың бірі өзінің адамдық, азаматтық бейне-болмысымен мұндағы қалың ел, қара халықтың жүрегінде өмір бақи өшпестікке қалып қойған-ды.

1939 жылғы көктемнің елеусіз күндерінің бірінде арнайы өкіл

арқылы тау ішіндегі «Китаевка» селосы — Бүгінгі Бөйдібек-ата ауылына алыстағы ауданнан хабар жетті: Жоғарының тапсырмасымен елге қызмет етіп, адамдардың денсаулығын қорғауға бір білікті дәрігер-фельдшер келеді екен. Жеке басты дейді. Қолайлы, жайлы орынға орнықтыру керек, — депті.

Жоғарыдан айтылғасын сөз бар ма, селоның шетіне таман, шаруагердің ұқыпты қолымен тұрғызылған, іші-сырты жұмыртқадай әктелген, таза, шағын үй дайын болды. Кешікпей сол үйдің алдына алыс қырқадан асып, даланың қашанғы қасқа жолын шаңғытып, Глинковадағы Бөген МТС-інің бұл жаққа таныс ескі «полуторкасы» келіп тоқтады.

Қорабы әр түрлі сандықша, жөшік, кобдишаларға толы сол машина кабинасынан жас жігіттей жеңіл кимылмен түсіп, орта бойлы, толықша тұлғасына қарасты ықшам киінген, нарттай қызыл шырайлы, екі көзі шоктай жайнаған әдемі сұлу мұртты, селеу шашы аппақ қардай жарқыраған, жас құралпы алпыстардың асуына шыққан келбетті адам өзін күткен топқа жарқыраған қасқа маңдайы басын иіп, сәлем берді.

Оның жай пенденің бірі емес, көпті көрген үлкен білімнің, халықтың адамы екені жүрген-тұрғаны, әр кимылы, әр сөзінен көрініп тұрды.

— Вот и явился я, к Вам, дорогие мой друзья, — зовут меня доктором Христофором, — деп айнала ентелеген ел адамдарымен қоршаған табиғат көрінісін жіті шолып, сырт көзге сыпайылық танытып тұрды келгінші.

Доктор Христофор мекен жайына жүре жайғасты. Араға бір күн салып, дүйсенбінің таңын денсаулығы жөнімен келетін барша жанды қабылдай бастайтынын мәлімдеді.

— Бізге құдай берді. Басынан-аяғына шейін аппақ қардай бір доктыр келді. Маңдайы айдай жарқыраған нағыз қасқаның өзі. Кесел атаулыны бір қарағанда қатесіз тауып, қолма-қол емдейді екен.

— О, не дегеніңіз, адамға мейірі төгіліп тұрған бір жан. Күн-түн демей алдына барғанның бетін қақпайды екен. Еткен енбегі, көрсеткен шарапаты үшін титтей ақы-пұл алмайды екен. Адам болса, шіркін, осындай болсын, — деген мақтау сөз ел ішіне желдей есіп, ілезде тарап кетті.

Ел сөзі арзан айтылмайды. Сол мақтау-мадақтаудың арғы жағында ұлы адамның ұлы мұраттарға арнаған ұшан теңіз азаматтық қасиеті жатқаны, жаратқан өмірдің өз ақиқаты еді.

Орыс көршілері оны доктор Христофор, — дейтін. Сол село карттары басы ауырып, балтыры сыздай қалса:

—Иду к доктору Христофору, —Вин поможе ниприменно, — деп, құдайдан кейінгі арқа сүйері жайсаң мінезді жан екенін мақтаныш етіп айтатын.

Осы Христофор доктордың қазақтарға, қазақтың оған деген ыстық ықыласында шек жоқ еді. Жер де, ел де осы бір туа бітті болмысы мына аңыраған ашық даласындай бала мінезді жұрт екенін танығандығынан шығар, ат-көлігі арбасымен «Қасқабас» доктырымызға барамыз» — десіп, алыс-жақыннан келіп жататын ой мен қырдың қазағын:

—Не робейте, устраивайтесь. Все будет хорошо, — деп өзінің жергілікті селолықтардан жәрдемге алған Клавдия Петровна дейтін әйел медбикесі арқылы арнайы бөлінген іргелес үйге жайғастырып, кідірмей іске кірісіп жатыр еді.

Доктор Христофор, — «Қасқабас доктыр» — кім қалай десе де, оның кім екені, шыққан тегі, өткен жолын сұрап бас қатырмайтын қазақ, орыс оны осылай таныды. Ел ішінде қалың халық жүрегінде осы қарапайым да орнықты аты-жөнімен қалды. Ол жөніндегі басқа мағлұматты олар керек те етіп жатпайтын.

Солай болғасын қалың ел, — бұл қазақ жеріне пәни себеппен ғайыптан келген жан екенін қайдан білсін. Тек оның жайын, оның мәнін білетін, оның барша тіршілік дүниесінен, үлкен эмірінен хабардар бір ғана мекеме орны бар еді. Ол, аудандағы, маңайына бейкүнә жан бармайтын, өз сыры өзінде оқшау тұратын — НКВД мекемесі.

Бұл ғажайып жанның шын мәніндегі кім екені, қалайша не үшін қияндағы қазақ еліне келіп тұрақ тапқаны, оның бар тіршілік тынысы қалың сары папкеде қаттаулы, аудандық НКВД начальнигі Пережогинның, одан кейінгі жылдары оның орнын басқан Тұрсынов, Қоштевтің болат сейфінің қараңғы түкпірінде жатты. Сол сары папкемен бірге келген жоғарының деректеме-нұсқауы бойынша мекеменің арнайы өкілдері кезектесіп, мезгіл-мезгіл алыстағы Китаевқаға соғып, әлгі қасқабас доктордың өмір-тіршілігін сырттай шолып, көздерімен көріп тұрар еді.

Ол кезде бұл сынды адамның шын мәніндегі кім екенін тек болат сейфтің ішінде, қапаста жатқан қағаз білді. Сол үнсіз, тілсіз қағазға көзбен көңіл нұрын төккен жан халық арасындағы бұл «Қасқабас докторымыз» мына қасқа тұлғасына қарап айта

салынған жай ғана емші, доктыр емес, ғұлама ғалым екенін көрер еді.

Оның төңкеріс тұсында алған ресми аты-жөні — Джашидов. Туасы тегі — Джапаридзе Христофор Андреевич. Ата тегі грузин. Тифилисте, Петербургте оқып, жоғары дәрігерлік білім алған, кейінде Мәскеуде одақтық Академияда аспирант, кейінше өз саласындағы ғылымның шырқау биігіне көтерілген медицина ғылымының докторы, профессор болды.

Табиғат берген таланты, ерек іскерлік пен зерек білімдарлығы оны аса биіктегі ұлықтарға жетіп, ол отызыншы жылдардың басында Кремль емханасына (Кремлевская клиника) шақырылады. Ол осында отызыншы жылдардың орта тұсында Сталиннің жеке емдеуші дәрігері, кейін Кремль клиникасы мен Кунцева емханасының саяси бюро мүшелері мен аса биік билік адамдарына арналған айрықша бөлімнің бас дәрігері болып тұрады.

Қайрат-қабілеті іскерлік пен білімдарлыққа үйлескен аса пайымды жайсаң жанды адам неге, не себепті сонау биіктегі кастерлі орыннан қуылды. Неге, қандай қылығымен ұлы көсемге жақпай қалды. Неге, қалайша түбі бір өз қандасын қорғамады екен. Бәлкі атылып кетпей аман қалғаны, мына жарық дүниеде халықпен бірге жүргені де сол, табиғаты да заманының сазына сәйкес бірде көл, бірде шөл мейірі темірден жаралған сол адамның шарапаты шығар. Ол дәті темірден жаралмаған, Сталин емес, жай пенденің бірі болса, араға елші салған Гитлердің айтқанына көніп, неміс тұтқынындағы өз ұлын тұтқынға түскен фашистердің фельдмаршалына айырбастап алған болар еді ғой. — Ұлым солдат. Ол өз тағдырын көруге тиіс. Солдат үшін фельдмаршалды бермеймін, — деген емеспе еді Сталин.

Өзінің бар адамдық болмысында төрт мәрте таулықтарды жер аударып, шұбыртып жіберсе де, аш-арықтан шыбындай қырса да — «Сталин кінәлі емес», «Жасасын Сталин!» деп көз жұмып жатқан Кавказдың қайсар жұрты — шешендері сияқты Ұлы көсемге деген суымаған ілтипатынан жаза баспады, азамат. Тек бір орайы келгендегі сөз арасында: «Во всем виноват этот коварный жид, — Берия» дегенін бұл хикаяда сол қаныпезер залымның үлкен іс тындырғаны байқалып тұрар еді.

Ал істің мәні түп тамыры кейін көп жыл өткенде көз жеткізгендей, бұл Берия атты кәззәптың қыр-сырын Кавказда өткен бала жастан білетін текті әулеттен шыққан тау халқының

шын ұлы Джапаридзе сынды дамышпанын ұлы көсемнің маңынан аластатуды ойлаған залымның қиыннан қисынын тапқан ісі екені ақиқат еді.

«Пәле қайда, іздегенге аяғының астында» деген сөз де тегін айтылмаған. Ленинградта Киров оққа ұшып, Мәскеуде «Троцкишіл-оншыл элементтердің» ісі дүмпілдеп жатқан кезде, Куйбышев, Горький атты ірі тұлғалардың, ауруына ем қонбай, құдайдың берген ажалынан көз жұмғаны терең қозғалып, бұған саяси астар беріп «айыптылар» атылып, айдалып жатқанда Берия қанжарының қанды жүзіне кез келген жан иесі қалайша аман қалатын еді. Қанша қазып көрсе де өз қолымен істеген қылмысы болмағасын, «Қауіпті элемент» ретінде, бәріне көнетін, бәріне төзетін қазақ елі, қазақ жеріне өмір бақилыққа айдалып жіберілген еді.

Осылай қанатынан қайрылған бейне бір тау түлегі, — қыран пішімді асыл жан, алыста Қаратау қойнында, қалың ел ішінде жаңа мән-мазмұндағы жарасты өз өмірінің жалғасын тапты. Бағы бір кездегі биік мұнаралы алтынмен апталған кең сарайлар ішінде өткен айтулы күндерін көксеп, титтей биіктік белгісін көрсетпей өтті азамат.

Бірде, қырық сегізінші жылдың көктемінде, бір жағы оқу, — екіншіден жұмыс, — деп қалада жүргенімде, «Әкең ауру, — жетсін» деген хабар келді. Ол жылдары сирек жүретін жүк машиналарының біріне ілігіп ауылға келдім. Келсем, әке төсекте. Өзі колхоз шаруасын басқарып, ат үстінен түспейтін адам, өткен қыстың ақырғы күндерінде «Үшкөкше» құмдарында алыс қыстаудағы мал отарларына кеткен жолында Қаратаудың асуында қалың ақборанда екі күн, екі түн қатарынан сүйектен өткен суық тұла денені қамтып, алып жыққан. Бас-көзі «Сарамас» (общес) дейтін кеселмен күп болып іскен. Қызуы қырықтан өрлеп, сандырақтап, ес-түссіз жатыр.

Бұдан небары үш жыл бұрын, соғыстың соңғы айларында, Жеңіс күні жақындап қалғанда, бетке ұстар аяулы-азамат ұлы Сауқымбегі, елде жоғары білім алып өмірге енді қанат қаққанда 39-шы жылы әскерге алынып, соғыстың ауыр жолын бастан аяқ кешіп жау жеріндегі бір қиян-кескі шайқаста қаза тапқаннан кейін, өмір-тағдырға кереғар, қатулы. Өз басын аяуды мүлде ұмытқан жайы бар-ды.

Міне, сол әкенің мына жайын көргесін, өзі саулығында жиі барып, кездесіп, жағдайын сұрап тұратын досы — сәскелік жер

Китаевкадағы Христофорға апарғалы қос атты арбаға жайлы жайғастырып, кідірмей жолға шықтық.

Христофор атай аурудың жайын әр қырынан көріп:

— Все понятно. Будем лечить, — деп қабылдау үйіндегі шағын бөлмеге жеке жайғастырды да, қасына түн күзеткерлікке Қантай апаны қойып:

— Десять дней потребуется, — деп, бізді кері қайтарды.

Арада он күн өткенде қайтып келсек, бастық Түрекен мен профессор жылы, таза бөлмеде екеуі шай ішіп, көңілді әңгіме дүкенін қыздырып отырғаны үстінен шықтық.

— Пай-пай, шіркін-ай, адам кереметі, адамның құдіреті осындай-ақ болар да!

Осындай қасиет-кереметімен алысқа данқы кеткен қазақтың «Қасқабас докторы» біртіндеп қолдан-қолға көшіп, елден-ел, ауылдан-ауыл сапар шегіп, қайдан хабар жетсе, күн-түн демей, қыс көзі қыраулы бұрқасынды боранда да ажалға араша түсуге аттанып кетіп жатар еді.

Бірақ адамға берген тағдырдың өлшеусіз күні қайда. Елу үшінші жылдың кара жаңбырын дамылсыз төккен ызғарлы көктем күндерінің бірінде, Сталин қазасынан кейін, арада апта өткенде, адамдық, азаматтық парызын өтеп, қазақ елінде мәңгілікке көз жұмды.

Қарсаңда, бұл пәниден кетерден үш күн бұрын, Шаяндағы «сінтірде» осындағы қалың қазақ жұртына өзі сияқты қаяусыз қызметімен өмір өткізіп жүрген өзі тағдырлас досы Дмитрий Павлович Орловты шақыртып, оған айтар аманаты, бірер тапсырмасын беріп, «жеңіл тұмау» — мен жатып, еш бір киналмай, былбырап бір тәтті ұйқыда көз жұмыпты, қайыры таусылмаған қайран жан.

Жетім қалғандай қабырғасы қайысып, еңіреп-егілген ел жақсылық үшін жаралған ғайыптан келген атасын, — заманының «Лұқпан әкімін» басына биік көтеріп, ұрпақтарға ұлағат болған Ұлы баба Бәйдібектің жерінде, қастерлі мекеннің қасиетті топырағына тапсырды.



ТЫНЫҚ ДОНҒА САЯХАТ

Уақыт ағыны білінбейтін ұлы дария. Сол күнерден бері, міне аттай жиырма көктемді артқа салыппыз. 1975-ші жылдың 9-шы мамыры, Кеңестер елінде Ұлы той. Мерекелердің мерейі— Жеңіс күнін тойлап жатты халқымыз. Біз жол үстіндеміз. Түс мезгілінде Кавказдың Ащысу (Кисловодск) атрабынан Мәскеуге бет түзеген «Кавказ» атты экспресс ішіндеміз. Купелес серігім көргені көп менен жасы да, жолы да үлкен кісі, атақты орыс жазушысы Иван Григорьевич Падерин еді.

Майдан, соғыс тақырыбына үйіп төгіп кітаптар жазған бұл әйгілі қаламгердің атын сырттай естіп, жылма-жыл шығып жататын романдарын оқып, сырттай қызықтайтыным болмаса, көрген адамым емес еді. Шебер өмір ойламаған жерден қисынын тауып, шалғай шетте кездестік.

Қарсаңда жолдама алып, әйгілі Ашы судың «Пикет» атты санаториіне келген бетім. Тіркеуші қыз: сіз жазушы екенсіз, ендеше жазушымен бірге боласыз— деп мені екінші қабатқа бастап келіп, күнгей жақтағы есігін ашты.

—Міне, сұраған адамыңыз. Жазушы екен, Қазақстаннан. Енді өздеріңіз таныса жатарсыздар деп шығып кетті.

Шуаққа шомған бөлменің қақ ортасында жатаған жылтыр стол жанында жайлы креслода айқара газет ашып отырған орта бойлы көкбурыл қалың шашты, кесек тұлғалы, бір жақ бетінде бір кездергі жаракаттың даңғы бар, елуді еңсерген кісі, алтын жиекті көзілдірігі арқылы сұр шегір көзімен маған барлай қарады:

—Падерин,— деп қолын ұсынды.

—Жаксыда жаттық жоқ—деген. Құдай ондағанда алғашқы танысу кешінде менің алыстағы қазақ ауылында өскен, қазақ жерінің қайнаған ортасында жүрген қатардағы қаламгер, табиғат сүйетін аздап мергендігі бар аңшы, тау-тағысы арқарды қолда ұстап отырған бағбан екенімді білгесін көңілдене жарқылдап, әңгіменің тиегін ағытсын келіп.

Қазақ жерімен қанаттас, сонау өр Алтайдың баурайында ақ бидайдан таулар тұрғызатын құлынды даласында дикангерлер

ортасынан шығып, қаршадай жасынан туған елде ауданның жастар ұйымын басқарып, соғыс басталғанда сол жастардан тұтас ерікті батальон жасақтап, соғысты Сталинград қаһарманы маршал Чуйковтың штабында саяси бөлім бастығы, полковник шенінде Берлинде фашизмнің соңғы ордасын тұтқындаумен аяқтаған бұл адамның жазғаны қаншалық көп болса, айтары да соншалық ұшан-теңіз еді.

Алғашқы күндері елеусіз, көптің бірі боп, қалыпты уақыт өткізіп жүрген оның осында екенін әлде қалай білген қала мен курорт басшылары іздеп келе бастады да, ол қолдан-қолға тимей кетті. Екі күннің бірі кездесу, құрмет, сыяпат... Кезекті жексембінің бірінде оны қаланың бірінші хатшысы, кейін Мәскеуде Горбачевтің оң қолы болған Мураховский дейтін бұйрабас жуан кісі арнайы келіп өкетті. Олар тау өзеніне серуен құрып, форель аулапты.

—Еркен, — деді ол бір күні түскі шайға жиналып жатып, — Мен қайтар жолымда Ростовта бір күнге тоқтайтын болып отырмын. Булавинмен хабарласып ем, Михаил Александрович шетелден емделуден келгенін айтты. Реті келгенде көріп, сөлемдесе, кетпесем болмас. Булавин ол ауданда бірінші ғой, Ростовка көлік пен адамын жібереді. Сен Шолоховта болған емессің ғой. Жөні келіп тұрғанда менімен бірге баруға қалайсың, — деді.

Мынадай тосын жайға не дерімді білмей аз тосылдым.

—Ұлының алдын көру мәртебе ғой. Ойланайын, Иван Григорьевич, — дедім.

Бұл анығында ойланарлық жай еді. Дон казагі, жиырмаға кірген жасында әлемдік әдебиеттің жауһары «Тынық Донды» жасаушы. Сиқырлы қаламымен дүниені тамсандырған адаммен лидарласу орайы келе бермейтін іс еді. Сол көктегі жұлдызды құдайдың өзі жерге түсіріп тұрған жайы бар. Қайсы қанжығада кетпей жатқан күн еді.

—Жарайды, Иван Григорьевич. Рақымет сізге. Бұндайдың сәті екі айналып келе бермес — дегемін.

—Енді міне, сол күннің кешінде жарығы самсыған Ростовтың вокзалында, вагон табалдырығында күтіп алған Булавиннің өкілі, жас орыс жігіті өкінемізді жерге тигізбей шығыс тараптағы Дон атырабына тартты, — ұзақ тартты. Арада екі сағаттай өткенде әлем әдебиетінің Мекке-Мәдинесіне айналған әйгілі Вешенская станциясына жеткізіп, арнайы қонақжайға түсірді. Кешікпей, бөлмеге келісті-кесек тұлғалы, тотыққан қоңырқай жүзді,

самайын қырау шалған қою қоңырқай бурыл шашты, орта жасты еңсерген Булавиннің өзі кіріп келді. Айқасқан құшақ, арқын-жарқын сөз, көңілді күлкіден бұлардың қашанғы ескі достар екені көрініп тұрды.

Ол шай үстіндегі қысқа әңгімеде «Карлово Варда» емделіп қайтқаннан бері Шолоховтың қабылдауы барынша шектелгенін айта отырып, оған ертеңгілік шайдан кейін баратынымызды, осындағы бір күніміз әр сағатына шейін өлшеніп қойылғанын ескертті.

Тамылжыған мамырдың кіші сәске шағында бізді әуелі шайландырып, одан соң райкомдегі мекен жайына алдырып, бірер жолдастары ортасында біршама әңгімемен уақыт оздырған Булавин, бір шақта қол сағатына қарап: уақыт боп қалыпты, кеттік, — деді.

Арада санаулы минут өткенде хатшының ақшаңқан «Волгасы» жасыл желек көмкерген гүлзар аланды айналып, өрлей түсіп, станицаның шоқтығы дерлік белестің бел ортасында биік қақпасы күншығысқа қараған қос қабатты ақбоз үйдің алдына келіп тоқтады.

Үлкен алдыңғы бөлмеде қонақтарын қарсы алған жазушының ұзақ өмір жолын өткен келісті — кербез бітімді бәйбішесі Мария Петровна бізбен сыпайы амандасып: Сіздерді Михаил Александрович күтіп отыр, — деп бізді үстіңгі қабатқа мезгеді.

Айналымалы басқыш есігі ашық, терезелері күншығысқа қараған кең бөлмеге әкелді. Бөлменің оң жақтауынан аяғына жұмсақ, жылы сүйретпесін іліп, баяу қозғалып келе жатқан шағын, қаршыға бейнесі әмбеге аян әйдік шалдың тұлғасы да көрінді.

Ашық-жарқын сәлемдесу, қауышу, жайғасу сәті бұл адамға туа біткен қуақы, өткір өзілқойлығы арқылы көңілді күлкі аралас ә дегеннен-ақ үлкен үйдің ішінде емін-еркіншілік орнатты.

Сөз ағымы бейне бір сағынып көрген ағайын, дос-жарандар сияқты, бұрыннан сыр-сыбайлас екі қаламгер, екі шебердің арасында сөз жарастығы көрініп тұрды.

Кешікпей, көрші бөлмеге жасаулы шай дастарқанына шақырылды. Сол жердегі орайы келген сәтте Падерин енді әңгімені ресми арнаға бұрып:

— Мына жолдас өзімізге әріптес қазақ жазушысы. Өзі кәдімгі аты-шулы Мантейфельд жолын қуған табиғатшы қаламгер екен. Жабайы жыртықштардан қасқырды, тау тағысы арқармен

достастырып, үйінде бірге ұстайды екен, — деп мені көтермелеп, мақтасын келіп. Көзбе-көз асыра мадақтаудан қысыла-қызарып, мандайдан майда тер шығып мен отырмын.

— Иш ты какой! вот что, деп Михаил Александрович қырғи қабағы астында шоктай жанған кішкене қыран көзімен маған шаншыла бір қарап, темекіге ысталып, жиегі сарғыш тартқан әппақ қардай қияқ мұрты астынан қуақылана күліп алды. Енді ол өткен күндер көз алдына елестегендей, аз ойланып:

— Да... Казахстан эта Великая страна. Сабит, Габит, Мухтар умнейшие дети степей, — деп әппақ борға малғандай селдір шашты басын біреу ізеп қойды.

Мен өзімнен қол созым жерде әдебиет әлемінде қайталанбас кереметті жасаған, адамзат әулетіне біртума «Тынық Донды» сыйлаған хас шебердің тұғырдан самғап кетердей қалшиған қыран бейнесін көз алдыма келтіріп, таңдана қарап отырдым.

Сырт көзге соншалық қораш, елеусіз, бір қарағанда кәдімгі орыс деревняларында қоражай маңында көп кездесетін ширақ шаруагер атбегіге ұқсайтын қалжасы тұрымтайдай қалшекі-қағілез шалдың тереңде буырқанған телегей рухани қуаты қайдан шыққан. Оны жиырма үш жасында «Тынық Дондай» жауһар дүниені қолға алғызған, жарты ғасыр, тұтас бір дәуір қиянға өрлеуінен танбаған не кереметтің күші. Соншама өршіл талант, кемел ой, алмас семсердей өткір сөз, мына адам баласы әлі меңгеріп болмаған ауқымға сыймайтын құбылған тіршіліктің сан қилы қатпар-жақпарын кішкене қалам құдіретімен түп тамырымен көтеріп, терең толғар, оны көркем қастерлеуге келгенде алдына жан салмайтын кереметінің қиырына жете алмай қайран қаласың.

Шолохов байтақ Ресейдің күн мен гүлге оранған бір шұрайлы тұсында, Тынық Донның келісті-кербез өлкесінде туып, барша ғұмырын сол өлкені жырлау арқылы жұмыр жерді мекендеген адамзаттың рухани мұратына берген бұл адамның көзі тірісінде шыққан биігі, жеткен даңқы, алған атағы, көрген құрметін бір есепке сыйғызудың өзі жеңіл-желпі іс емес. 1937 жылы өткен Ұлы Кеңестің алғашқы сайлауынан бері үздіксіз қырық жылдай сол кеңеске депутат, өзі шын берілген Компартия орталығының мүшесі, Дүние жүзі бейбітшілік кеңесінің, толып жатқан халықаралық академиялар мен қоғамдардың құрметті мүшесі, әдебиет саласындағы дүниедегі ең биік сыяпат — Новель сыйлығының, Лениндік сыйлықтардың лауреаты.

Шолохов кітаптарының қай тілдерде, қанша басылыммен шығып жатқанын арнайы айналысатын орталық болмаса, оны жазушының өзі білмейді. Білуді қажет етпейтін сияқты. Онымен халықаралық ЮНЕСКО атты әулетті орталық айналысады екен. Сол орталықтың соңғы дерегі бойынша Шолохов шығармаларының дүние жүзі негізгі ұлттарының барлық тілдерінде аударылған жалпы таралымы 300 миллионнан асып кеткен көрінеді.

Солай, әлемдік әдебиет айдынында өз заманындағы марапаттан кенде болмаған Шолохов еңбегін қазақ елі, оны жетік, терең білетін замандас, дос-жарандары шын пейілмен сүйсіне айтатынын қалай ұмытамыз. Солардың бірі де бірегейі дархан жанды ұлы азамат Мұхтар аға ұлан өлкеге сапар шеккен күндерінде ел мен жер тарихынан тебірене сөйлейтін ғажап әңгімелері кезінде кемеңгерлік дүниесінің керемет тұлғаларын сипаттап айтып отырар еді. Ұлының қасиетін ұлыдан өтіп кім білген. Сонда Мұхаң ежелгі, ықылым замандардың бергі жерлергі Геродот, Гомер, Аристотель, Шекспир, Толстой, Шығыстың қос алыбы Науаи мен Абайдың қатарында осы заманның озық шебері деп Шолоховтың есімін ерекше ілттипатпен атайтын.

Бәлкім, қатардағы қазақтар алдындағы қарызын өтегені шығар. Өзгені мадақтауға сараң орыс әдебиетінің көрнекті өкілі Николай Погодин кезінде М. Әуезовтің халықтар алдындағы қадір-қасиетін айта келіп: «Ол қазақтар үшін екінші Абай, ал біздер үшін шығыстың Шолоховы» деген қанатты сөзі ұрпақтар үлесінде қалғаны баршаға аян.

Әлбетте әр кімнің шығар тауы, өзіне биік. Шолоховтың шоктығы ерек тұлға екенінде талас жоқ. Бірақ, басқа қырынан – ғұлама білімпаздық, кемеңгер ұстаздық жырағынан қарағанда Мұханның орны бөлек қой, деушілер де аз болмаған ғой, кезінде.

Онысы да жөн дейік. Сөйте отыра ұлы ағаны ұлы ел «Шығыстың Шолоховы» десе, қабырға қанаттас екі елдің ұлы перзентіне үйлесіп, жарасып-ақ тұрғандай.

Сол Шолохов қалам қуатымен жұмыр жерді табындырған суреткер, ел ішінде, өз жұрты, өз станичниктері ортасында алабөтен көптің бірі екен. Ол сонау шекесіне қисайта бөрік, аяққа шегірен етік киіп, белді қынай буып, ат үстінде жүйткіген қылшылдаған жігіт шағынан Кремль төріндегі алтын күмбездердің астында ұлағат сөздер сөйлейтін биік мінберге шейінгі ұлан ғайыр аралықта қарапайым пенде – орыс мәжіктері

не көрсе, соның бәрін бастан кешкен. Өгіз соқамен қос айдап егін сепкен. Қос басы-қосында қона жатып шалғымен шабын шапқан. Желкөрігін күмбілдетіп сом илеген ұсталар дүкенінде ащы тері тамшылап, білек сыбанып балға да соққан. Атбегілер қасы, алыста, қиян дала қара орманның қойнында маздап жанған түнгі оттың жанында талай-талай пәни дүниенің айтып болмас қызығы – аңшылар жырын тындаған.

Сол қызық дүние кереметі оны Еділ—Донмен қанаттас Ақжайықтың өлкесі, шадыман берекеге тұнған қонақжай казак жеріне талай-талай әкелген. Өмірдің талай қызығы мен шыжығын ол осында балықтары тулаған, қаз-үйрегі шулаған көл, сары белдер асқан қайырлы казак жерінде көрген. Бәлкі содан да шығар, Шолохов өзінің сырт бейне, мінез болмысымен дала тұрмысына бейім, қазақуа адам.

Осы бүкпесіз, ел-жұртпен етене бауырмалдығы арқасында ол, халық тұрмысының қайнарынан қанып ішіп, ұшан-теңіз материал, бай тәжірибеге кенелген адам. Оның өмірді қалай сүріп, кім болып өскендігін көзімен көрген, онымен етене араласқан станицалық карт замандастары:

Оның қай кезде тыным алатынын түсіну қиын. Сонау жастық шақ, жігіт кезі, тіпті майданнан оралған азамат тұсында да көбіне-көп іс басы, станица жиындары, кешкілік қоражайдың бір елеусіз түкпірінде мініс аттарының ащы тері мен темекі исі жайлаған атбегілер ортасынан, кей кездері ашы мен сыраны бірге шайқайтын ішімпаздар қауымында қызыл өңеш әңгіменің ортасынан көрер едік. Сол жылдары түнмен бірге керосині сарқылып, білтесі таусылған май шамның түбінде жазуына шаншылды, атар таңды қарсы алғанын таң сәріде сиыр өргізе жүріп көруші едік, – деседі.

Солай, мына қызғылт тартса да қуақы отты шоқ жайнаған қыран көз, анау төбеде төрт талы ғана қалып, жазғы селеудей селдіреген өппақ қудай өлең шаш, қырғи қабақты биік маңдай, бет-жүзіне өрнек салған әжімдер сол ғажайып өмірдің, айлар мен жылдар, ақ қағазға сарсыла шаншылған ұйқысыз түндер мен тынымсыз күндердің ізі.

Көптен көріспей табысқан достардың әңгімесі қонақжайлы түскі шай үстінде толассыз жалғаса түсті. Көбіне ақ күмістей сұлу мұрты астынан қуақы күлкіге басып сөйлеп отырған Шолоховтың өзі.

– Қайсы бір күні әлгі чудақ Анатолий телефонмен сөзге шақырып: «Қиқарлықты қой, келісіміңді бер. Сексен жылдығыңа арнап толық жинағынды біз шығарайық», – дейді. – Оу, сен

жындымысын, мені сексен жасайды, — дегенді саған кім айтыпты. Әлде сен құдаймен тілдесіп отырмысың, деймін. Тыңдар емес. Осындайды көргенің бар ма? — деп отырғандарды күлкіге көміп, ысқыра бір жөтелді де, темекісін бүрк-бүрк түтіндетті. Оның айтып отырған Анатолиі — «Огонек» журналының бас редакторы Софронов екенін кейін білдім.

Шай арасында Булавин таза ауа жұтуға бізді балконға шақырды. Екінші қабаттағы алды ашық бұл сәкіден күншығыс тарапта төменгі Донның кең атырабы көк мұнарын жамылған көкжиекке ұласып кербез көсіліп жатыр. Төменде жап-жақын жерде Шолохов қаламымен сан рет бейнеленіп, сан рет жырланған Тынық Дон қос өнірін сұлудың бұрымындай жасыл желегі көмкерген айна жүзі ақ күмістей жарқырап, тұнжырай-тұнып баяу жылжып жатыр. Тынық Дон десе дегендей. Шолохов әлемінің мәңгілікке жаралған көзден кетпес, көңілден өшпес суреті.

Сол келісті сұлу Донның биік жағасында орыс елі, күллі Ресей жерінің мызғымас темірқазығы сияқтанып бұл заманғы хас шебер қаламгердің ақшаңқан биік үйі тұр. Бұл қан туыстығынан қымбат жан туыстығы бірге миллиондар санасын нұрландырған ұлы ағамыздың үйі. Ұрпақтарға ұлағатқа жаралған ізгіліктің рухы биіктеп тұра бергей.

Дүбірлі дәуірдің қаншама қызулы кезендерін өтіп, отты жылдарды бастан кешкен, бүгінде есімі әмбеге аян замана шежіресінің қасында өткен санаулы сәттер өте шықты да, күн ауысқан шақта жазушымен, оның қонақжай үй-ішімен қоштасып, жолға шықтық. Аттанар сәтте менің осында келер алдында Ашысуда шарқ ұрып, іздеп тапқаным жазушы өміріне арналып Мәскеуде басылған шағын кітап еді. Ақ қағазға ораулы менің алдымда жатқан сол кітапты байқап отырған жазушы, оны қолына алып, ішкі бетін ашты да қолтаңбасын қойып кері ұсынды. Сонда жазғаны не бары төрт сөз: «Писателю, казаху Турусову, М.Шолохов, Вешенская, 10.5. 1975г.»

Бұл үлкен сый, қымбат белгі ардақты Мұхтар ағадан қалған баға жетпес сыйлықтармен бірге үйімізде қастерленіп сақтаулы. Күндердің күні келгенде оның бетін ашып қараймын. Сол беттен алыста айдыны шалқар өлкеде кербез аққан Тынық Донның келбетін, сонда ғажайып ғұмыр кешкен жасампаз адамның қымбат бейнесін қайта көргендей боламын.

ШЫҢҒЫСТЫҢ БИИК ШЫҢДАРЫ

Бұдан көп жылдар бұрын тіршілік жарығына талпынған бала кезімізде, біздің ауыл сан ғасырлар мирас болған ата-баба салтымен жаз жайлауы— Марқабұлақ биігіне көшіп-қонып отырар еді. Марканың биік жонынан шығыста таң шапағымен бірге байтақ даланы көмкерген көгілдір алып таулар тізбегі көрінер еді. Айнала қоршаған жұмбақ сырлы дүниеге таңданып, ұзақ қарайтын біздерге үлкендердің айтары: «Сонау төбесі көкпен тілдескен ақбас тау, қырғыздың ала таулары» дейтін



Қырғыз кім? Олар да мына біз сияқты түйелі көштер тізіп, ат мініп, айран ішер ел ме екен, сірә? Бұл жұмбақ сырдың түйіні жаздың, күздің таңында жетегін жұптап Әулие ата базарына аттанып бара жатқан ата, әкелердің «Бүгін құда қаласа Күркіреудегі қырғыз құдаларда қонақтап, ертең ертелеп Атшабардың базарына сарт ете қаламыз» десіп, үзеңгіге аяқ салғаны шешіп бергендей болатын.

Иә, осылай асау бұлақ Күркіреудің жағасы, ондағы тау бөктеріне бұққан кішкене Шекер ауылы шеттен жеткен, Қаратаудан келген құда-достарын қара кеште қарсы алып, жамырай табысып жатар еді. Сан заманнан ілік-шатасты ағайын барын мейманның алдына төгіп, кішкене, қалтылдаған май шырағданның төңірегінде ұзақ түн қауқылдасып, «ыр» тыңдап өткен-кеткеннің жыры мен сырын қозғап, қомыздың құйқылжыған күйіне құлақ тосар еді.

Сонда, ата-әжелер тізесіне асылып, үлкендердің аузын аңдып, үніне таңдана құлақ тосар кішкене ойынпаз қалқан құлақ жәутіктер ішінде елеусіз сөз баққан, ойлы, тұнжыр көзді, жұқалтан, ақсүр өнді он-он бірлерге енді шыққан бала Шыңғыс— туған жер даңқын, тұтас бір жұрттың, байтақ елдің даңқын алты асқардан асырар болашақ заңғар суреткер, әдебиет әлемінің жарық жұлдызының бірі— Шығыстан шыққан қайраткер Шыңғысымыз болар деп ойлап па екен, сірә?

«Жолы болар жігітке, қыдыр ата кез келер»— деп бұрынғы данышпандар айтқандай жас Шыңғыс нар тәуекелмен қаламын

ұштап, алдағы ұлы жолына қадам басқанда оның ілік алды тұңғышы, қанат беріп ұшырған алғашқы қарлығашы «Ботакөздің» өзі әлемдік даңқы бар даңғыл ағамыз Мұхтар Әуезовтің назарына ілінді. Ал мұның ізінше оның гауһардай жарқыраған «Жәмиласы» ұлы қаламгердің алып жүрегін теңіздей тебірендірді.

«Әкем бұл шығарманы оқуды түннің бір мезгілінде тәмамдады. Таңның атуын күте алмай, ол Шыңғысқа ризалық телеграммасын сол түннің өзінеде жөнелттірді». Бұл сөзді бұдан біршама жыл өткенде Әуезов музейіндегі бір кездесуде жазушының қызы Ләйләнің өзінен естіп едік. Ал, Мұхтар аға сол тебіреніс әсерін суытпай, сол қауырт күндерінің өзінде қат-қабат ісін былай қойып, «Литературная газетаға» ең алдыңғылардың бірі болып — «Жол болсын» атты тілек сөзін жазғаны есімізде.

...Иә, сол түні, сол бір ұмытылмас сәтте, сансыз оттары аязды түнгі жұлдыздай маздаған кешкі қала Кентаудағы оңаша бөлмеде, мен Мұхтар ағаның өмір туралы, тағдыр туралы, адамдық-азаматтық туралы, әдебиет туралы ұзақ әңгімесін тыңдадым.

—Әдебиет ең алдымен елдіктің, адамдықтың, азаматтықтың ісі. Оның қиын жолына адамның жан дүниесін көре білген, ұға білген, қуаныш-қайғы, сан қилы тіршілік құбылысын жүрекпен түсіне білген, оны ұрпақтар санасына құюды мұрат еткен жан ғана бара алмақ,— дей отырып:

—Сен қырғыздың жас жазушысы Айтматов Шыңғысты білетін бе едің?»— деді.

Мен аз ойландым. «Аушыны аушы алыстан таниды» дегендей біздер қалам ұстаушы, газет-тілшілері жас Шыңғысты ол жылдары жазушы ретінде емес, «Правда» газетінің қырғыз Республикасындағы тілшісі ретінде, оның тілі көркем әсерлі очерктері арқылы жүйрік тілді журналист екенін сырттай танитынбыз. «Білем» десем, әңгіме үзіліп қалатындай Мұхтар ағаны сөйлете түскім келді.

—Жок, аға, ондай жазушыны білмеймін, — дедім.

—Білмеуің мүмкін. Ол әдебиетке жаңа келген жастар тобынан. Жүрісті енді түзей бастаған таза таланттың бірі. Үлкен дарын иесі. Тағдыр жол берсе, алысқа жетер деп үміт артар қаламгер...

Міне, содан бергі отыз жылдай уақыт ішінде Айтматовтың сикырлы қаламынан туған жинақы да сом, өрісі шалқар теңіздей кең өмір дастандары тұтас бір ұлт, ел, Отан дейтін ұлан-ғайыр ұғымымыздың кенеріне сыймай жұмыр жер, шексіз дүниенің шартарабын шарлап кетті.

Бүгінде ерек суреткерлігімен әлем жұртын тандандырып отырған Шыңғыс кім еді? Қалыңды қақ жарып, қайдан шықты дейміз ғой. Ол бір жағынан оның творчестволық тағдыры сияқты әсем сазды, тұңғыық терең де, екінші жағынан сәбилік бесігі, өсірген ортасы сияқты жай ғана қарапайым әңгіме.

Көп құрдастары сияқты балалықтың базарлы шағын соғыс дауылында жоғалтқан, Шыңғысқа торғаймен бірге оянып, жарты малта ас еткен аяулы күндерінің өзі оның өмір мектебі болды. Балалық шақта, жас жеңгейлер маңында жер төсеніп, жең жастанған ұмытылмас мезгіл, жүрекке ұя салған сезімінің өшпес шұғыласы оның әсем сазды әңгіме повестеріне жібек арқау болды. Ол барша, парасат, жақсылық атаулыға, тау мен даланың келбет-көркі, жұпар ауасы, Күркіреудің кәусар бұлағынан сусындады.

Оның мөлдір сезімді Жәмиләсі мен асқақ арманды Даниярдай, әсем мұңды Әселі мен Әлиманы, ұлы парасатты Толғанай, Алтынайы, алып тұлғалары адамдықтың биік шоқысы болып көрінетін Дүйсен, Орган, Танабай, Бостан, Едігесі, шексіз өмірдің сөнбейтін жұлдызындай жарқыраған Майсалбек, Сейіт, Киrisk, Сұлтанмұраттар адамның жан-дүниесін сұлу сезімге бөлейтін қандай келісті кейіпкерлер десенізші. Бұлардың бәрі бай да, батыр да, патша да емес, жай ғана қарапайым дала перзенттері. Бұлардың әрбірі Шыңғыс қаламы өрнектеген Шығыстағы өр Алтай, Тянь-Шань Шыңғыстаудың ақиық қырандары мекендеген заңғар шырдары дерсің.

Соғыс жылдарындағы, одан кейінгі драмалық қайшылықтарға толы кезеңдегі ауыл өмірі Айтматов шығармаларына өзек болғаны айтылып келді. Бірақ қарыштап ұшқан тас түлек сол дәстүрінің шеңберін жарып, тым биікке, алыс қиырларға қанат қақты.

Ойда егін өсіріп, қырда мал баққан қырғыз, қазақ елінің егін сала жүріп, қырман ала жүріп, астық таси жүріп, пішен шаба жүріп, елдің елдігін, адамның адамдығын, махаббат күдіретін паш еткен жасампаз жандарымен сырлас, мұндас, тағдырлас, ғұмыр кешетін оқырман, енді сонау бір қияндағы көк теңіздің биік жағасынан ұшы қиырсыз шалқар айдынға көз жіберді. Сонда «теңіз аңшылығы» дейтін көзсіз тәуекел, жанкешті кәсіпті серік еткен көпке беймәлім Нивх жұртының Орган, Эмраин, Мылғұн, сынды ержүрек азаматтары Киrisk атты кішкене қайсар баламен бірге қалтылдаған ағаш қайыққа мініп, қатерлі сапарға жөнеледі.

Бірде оң, бірде солынан көрініп, қуаныш-жұбанышы, өкініш-қайғысы қатар жүретін құбылмалы өмір бұл жолы үлкендер рәсім етіп, он бір жасар Кирискінің «тұсау кесеріне» бағышталған бұл сапары табиғаттың сұмдық сұрапылына тап болады.

Міне, осындай қысылтаяң сәтте де адамдықтың Ұлы қасиетінен арылмаған үш адам болмашы үмітке иек артады. Біз өмірден кетейік, тек өмірдің жалғасы қалсын! Солайша бұлар бірінен соң бірі өз еркімен тұңғыққа батады.

Енді бір кезде аспан ашық, теңіз беті де көртұманнан тазарған. Ата, әке ағасынан айырылып, қасірет жығып, әлсіреген бала Кириск жападан-жалғыз толқын айдаған қайықта жағаға беттеп келеді. Жұмыртқадай жүрегінде атасы, әкесі ағасының аманаты, солар қалдырған адамдықтың асқақ әні, мәңгілік өмірдің таусылмас жыры. Шексіз өмірдің адам затына мирас еткен өшпес нұры осылай әлем аспанында шұғыла шашып тұра бермек.

Сол шын, сол шұғыла күдіреті мен Шыңғысқа деген күштар көңілімді қаншама жылдар тербетуден танбай келеді. Мың естігеннен бір көрген, бір тілдескен артық қой. Әнеу бір жылы оның да бір орайы келген-ді. 1974 жылдың ерте көктемінде осы заман тақырыбын жазатын одақ қаламгерлерінің бір тобы Алматыда өтетін «дөңгелек стол» мәслихатында бас қосты. Оның ішінде өзіміздің Ғабит аға бастаған қазақ жазушылары мен бірге Абашидзе, Межилайтис, Суровцев, Айбек сынды санлақтар да бар еді. Бірақ көптің ішінде біздің жас қаламгерлеріміздің аса ынтығып, тағатсыз күткені Айтматов еді. Сол Айтматов әлдеқалай Фрунзеде кідіріп, Алматыдағы кеңеске келер күні ертеңгісін қосылды. Түскі үзіліс шағында интерьерде тұрған маған әр кез жақын жүретін сыйлас іні Досжанов Дүкенбай келді, «Ераға, несін айтасың, Шыңғыспен онаша жүздесудің реті келіп тұр. Ол тоқтаған мекенжайға Жұбаған (Жұбан Молдағалиев) жүргелі тұр. Кәне, кеттік, мінгесеміз де тартамыз»,— деді.

Арада санаулы минуттар ғана өткен шығар. Жұбағаның сұр жорғасы сырғытып бізді Шыңғыстың жанынан бір-ақ шығарды. Ол күні таяуда ғана баспадан шыққан менің шағын дүнием— «Ақбақайдың» бірі қойнымда жүрген. Жұбаған арқылы болған шолақ танысу үстінде мен оған: «Ал, Шыңғыс, біздің Қаратау мен Алатау жұрты атпен өмір кешкен ғой, ат мінгізу қашанғы атамыздың салты. Менің қазіргі барым да, нарым да мына кішкене ғана, тізгіні жақында қолға тиген жалғыз жүйрігім — «Ақбақайым» еді. Осыны алдына көлденен тартқалы келдім»,— деп, бар болғаны

«Шыңғысқа» деген жалғыз сөз жазылған кітабымды ұсындым. Ол ақсұр жүзі сәл күренітіп, қалындау ерні езуінен жымып, кітапты қолына алды да, ішкі бетін бір шолып, «О, чоң чықырма, рақымет, Эр-еке» деп «Ақбақайдың» шылауын жанындағы шофер жігітіне ұстатты. Келер күні сәскелік үзілісте дуылдасып-араласқан жұрт ішінде қасына таяу келіп сәлемдескен маған: «Ақбапақ» чоң, повесть, құрдоштар, хақыда. Ақбайпақ Эркінбекдің чоң арғымақ аты» деп күліп тұрды. Біздің бар тілдесу, сырласуымыз осымен тынған.

Көп ұзамай Шыңғыс соғыс жылдарындағы балалық, жастық шақтан әйгілі «Ерте келген тырналар» атты повесін жариялады. Сондағы қайсар жасөспірім Сұлтанмұрат, Анатай, Құбатқұл мінген арғымақ Чабдар, Алтынтұяқ, Желтабанмен бірге Эркінбек атты бала астында Ақбақай тұлпардың жүргенін мен әр кез сүйіспеншілік сезіммен еске аламын.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕР ТҮЛҒА

Естелік әңгіме



Құс келістің қиқулы керуеніндеі өтерктер аз күндік қызық думанның да азамат басын өлшеп берген өмірдің дәм-тұзын татып, жақсы-жаманын көріп өтері анық. Нәсіп, қылса, сол керуен өмірде жақсымен жүріп, ұлыдан ұлағат көріп, үлкеннің үлгісінде жол кешкенге не жетсін. Сол өткен шаққа ой жіберіп қарасам, қиырсыз қазақ жерінің бір шалғайында, туған жер ата мекенде елмен бірге күн кешумен жүрген менің де бір өмірге жетерлік тәлім көрген тұстарым, өздерін ұстаз тұтқан. Сыйлас-сырлас, асқар тау ағаларым, замандас жақсы достарым аз болмапты. Ғайыптың сыйлығындай сонау бір жылдары ортамызға келіп, қаншама қимас күн. Қымбат мезгілді қасына ілесіп жүріп бірге өткізген, ұлы дариядай таусылмайтын сырлы әңгімелерді тындатқан Мұхтар аға Әуезов, қайран Баукең, дауылпаз дүлдүл Иса аға Байзақовты былай қойғанда, әр қайсысы өзінше бір тұлға, сыйлас та, сырлас, заманы бір аға, дос-жарандарым баршылық екен. Солардың ішінде мен үшін орны бөлек, сағыныштың сарқылмас сазын жүректе қалдырып кеткен кешегі өткен Әбекең —Әбжаппар Жылқышиев еді.

Өмірде сондай бір азамат адамның бар екеніне сырттай хабардар болсам да, онымен алдағы кездесудің, білісу-танысудың жайы пәлендей бір қаперге кірмейтін. Оның ретін мына қисыны көп қилы заманның өзі келтірді.

Өткеннің бөрі өзіне қисық көрініп, жана дәуірді өз қолымен орнатпақ болған Хрущевтің тұсында талай заман тәңірдің тәлкегіне түскен қайран қазақтың басы не көрмеді.

Облыстың бір жағы балға, жартысы орақты меншіктеп, үй ішінен үй тігіп, аудандар қидаланып жатқанда, о баста тәңір тұтас жаратқан Шаян елі төртке бөлініп, теріскейі Созақ асып, батысы Түркістан қарап, күнгеі— Бөген, шығысы көш басын Сайрамға гартты емес пе?

Сол күндері біреуге айлық, біреуге пенсия, енді біреулер әскерге бала жөнелту сан килы шаруамен сабылып, саршатамыздың мый қайнатқан ыстығында, өзге емес, айналайын өз-өкемнің шайханасына бармай ма. Сонда, әжуаға жаны құмар өз-өкемнің ұлдары бірі-бірінен даңғырасын қаға сұрап:

—Бұ, Шойон райониға нима булған, борча одамлари,— бүйокта юрипти,— десе:

—Һа, нимаси бар,— Бу Шойон райони дангана булған да,— дейді екен.

Иә, соғымның етіндей «қырық жілік» деңгеге түскен аудан елі «ақтабанның» күнін кешіп жатқанда, бір күні таң ертеңісін телефон шырылдады. Ол кез ел кетсе де, елекем кетпей,— «Оңтүстік қазақстанның» ауданарлық тілшісі болып, танымал баяғы ескі қоныс -Шаянда отырған кезім.

Тұтқаны алсам— жаңалыққа құлағы түрік, әңгімешіл аға Бауекен, осы Шаяндағы Бекмұрат Амангелдиев екен.

—Үлкен жаңалық бар. Орг-бюро Алматыдан келіпті. Көшеге шықсайшы, ақ үйге таман барайық,— деді.

Бекеннің «Орг-бюросы» жаңа қалпына келтірілген ауданның басшылары да, «ақ үйі» Райком ғой, кәдімгі.

Бекенмен бірге орталық көшеге шықсақ, елабыр-сабыр, бірін-бірі қуана құттықтаса сүйісіп жатқан жұрт. —Кеткені келіп, өшкені жанып, тозған ел қайта табысса одан артық қандай қуаныш болмақ.

Үлкен көше айрығынан бізге қарсы аяндап, қатар өскен қос бәйтеректей жұптасып екеу келе жатты. Аязды қыс күніне орай ұзын ішік, сырт киімдерімен тым ірі, тұлғаланып көрінді.

Бұлардың бірі, көп жыл осында аудан басқарған, ел білетін жақсы ағамыз Нүрекен, —Нұртаза Ысмайлов көрген жерде:

—О, жігіттер тілеулерің болды. Ауданға қайтып оралдық. Ертең конференция. Кідірмей іске кірісерміз. —Мына ағаларыңӘбекең Жылқышиев, — атқару комитет төрағасы...

Әбекең бізге, қашаннан ескі достардай зор тұлғасын қиялай бұрып, еңсеріле қарап тұрды.

—Бұл ініміз газет тілшісі деп мені Нүрекен таныстыра бастап еді.

—Еркінбекті еңбектері арқылы сырттай жақсы білемін. Нүреке, енді міне кездесіп тұрмыз,— деп Әбекең мені көптен күткен жақын жандай бауырға тарта сөйледі.

Бұл 1965-ші жыл, қарлы қаңтардың төрті. Аязы ашық аспан,

кіші сәскенің мезгілі еді. Сол күндерден бастап жан туыстығы арқылы аға-інілі болып табысқан біздің адамдық жолымыз, бағыт-бағдарымыз, мақсат-бірлігіміз бір өзгермеді. Не күйде, қайда жүрсек те, ойымыз, діліміз, тілек-мұратымыз бірге болды.

Әбекең жаратылысында іс пен жолдың, елдің жарқын-жұрқын әңгіменің адамы. Қай шаруаны болса да, қарқындай, екпіндей еңсеріп тастап, қандай қауырт күндерде де, жай адамдық күнелкі іске аз болса да уақыт бөліп, ортамызда жүруге құштар еді. Оның насат тұлғасына жарасқан арғымақ – ашық мінезі, көбіне сөз соңында тыңдаушысын мөз етіп, бір серпілтіп тастайтын күркіреген күлкісі, оған жақын жүрген барша жанды өзіне жақын туыстырып, көрінбес магниттің отындай тартар еді.

Әбекең жолдың адамы дедім. Ұшан далада таусылмас дала жолы қашанда жүргіншіге жол-жөнекей айтылар әңгімесі, көрген-білгеніңмен қызық. Өз болмысында табиғатты жанындай сүйіп жаралған бала жастан бергі ұзақ жолында Алатау мен Қаратау, шу мен құм Талас, Келестің жері мен елін, көлі мен шөлін сан сапыра шарлап, аралықта тұтас бір сұрапыл ғалам боп өткен, төрт жылдық майдан жолын көрген ер-көңілді адам, реті келген тұста өмір, қилы тағдыр, майдан мен аңшылдық хикаяларын келістіре ағылтар еді. Сарқылмас бұлақ, ағынды өзен, тіптен жайқын дария сияктанар еді таусылмас Әбекең әңгімелері. Шіркін, – деп ойлаймын, кейде арғы жағы терең тарихтан басталып, бүгінгі күндерге ұласып жататын қилы тақырыпқа, сан қилы оқиғаға құрылған кейде тұнық тағылима, кейде руханият, ал көбіне бейіл-мінезі мына көз қиырына көсілген шөл мен көлге толы далиған даласына сәйкес жаралған қаймана қазақтың өмір-тұрмысына, сасқалақ, салақтық мақтаншақтық іс-харакетіне құрылған әския әңгімелерін жинағанда, қаншама том болар еді.

Өмірінің жалынды-жастық мезгілін оқу, майдан, беделді-белсенділік ісіне беріп, әдебиет өлкесіне ат басын тым кешігіп бұрса да Әбекең ел қызметін еңсере жүріп, «аттың жалы түйенің қомы» дерлік қарбаластан шыға бере, опыра қимылдап, біршама айтарын ақ қағазға төгіп те кетті. Әйтсе де телегей-теңіз дүниелер бұл пәниден Әбекеннің өзімен бірге көшті.

...Біздің Базарбек сияқты сыпайы уәкіл жігіттер, дейді, бірде Әбекең таусылмайтын дала жолында келе жатып. Ел ішінде

жүргенде шайды қайдан ішеміз,— деп бір басын сыйғыза алмай қиналып жүр-ау! Шіркін бәрі баяғы қазекемдей болсайшы.

Өткен ғасырда атақты Сапақ датқа қасында бір қосын нөкері бар Алатау өлкесінде сапарда келе жатыпты. Мезгіл қыстың басы, қан соғымның кезі екен. Сұлу төр тұсында серіктерінің бірі:

— Датқа, уақыт түске таянды, мына бір қыстауға тоқтап, шайланып, ат шалдырып аттанбаймыз ба дейді, біреуі.

— Ой, ол көрінген жұмыртқадан жүн қыркып пайда табатын, Момынбай сабаздың қыстауы ғой, жағдайымыз бола қоймас,— дейді екінші нөкер.

— Момынбай сараң боса, сараңдығын көрелік, — деп датқа жігіттерін бастап, солай тартады. Келсе, бай семіз бордақысын сойып, бақандарды қайыстырып, қазы айналдырып жатқан қызыл-тұмсық қарбаласы үстінен шығыпты.

Датқа бастаған самаладай топ адамды көріп, сасқан сараң байдың сәлемдесу үстінде қипалақтап, әбіржіп жүргенін көрген датқа:

— Көп нәрсеге өуре болма бай, аз шайланып, ат шалдырып аттанамыз, — депті. Осыны естіген бай, бәйбішесіне, сыртқа шығып сыбырлап:

— Мыналар асығыспыз, — дейді, тек қуырдақпен құтылатын болдық, тез қуырдағынды тарт та, шайынды келтір қатын, — депті.

Шай үстінде сөзден -сөз туып, әңгіме қызып, недәуір уақыт өткенде датқа жігіттерінің біріне:

— Сыртқа шығып қарандаршы, күн қандай, қай мезгіл бопты, — дейді.

— О, датқа, күн еңкейіп, батуға таяп қапты, шығыстан бір жалаңдап жайсыз, қызыл жел тұрып қапты, — дейді хабаршы жігіт.

— Е, күн батуға таянса, шығыстан жайсыз жел тұрса, — онда несіне асығамыз. Үй жылы, өзге емес, өз ағайынымызда жатырмыз. Ат айылын алдырып, отқа қойындар, — дейді.

Мына сөзден рәпәті ұшқан бай, сыртқа шығып, — «ойпыр-ай, қатын, мыналар қонатын болды, кәйттік енді — деп қипақтап жүргенін байқаған датқа, оны алдына шақырып:

— Байеке, сен әбіржіме. Біз жерімізді жеп, ішерімізді ішіп алдық, Құдайға шүкір көңіл жайлы, қарын тоқ. — Тек, Сапақ датқа қонып жатқанда Момынбайдың қазаны асусыз қапты —

деген елдің өсегінен қорықпасаңдар,— қазан көтермей-ақ қойыңдар,— дейді.

Мына сөзден кейін қазан аспау қайда. Аузынан шыққаны алты алашқа тарайтын датқаның мысы басқан бай «болары болды, не де болса жаман атқа қалмайық» —деп семіз қойын қоса сойып, датқа алдына бас тартып, ертеңгі асы тағы бар, бір емес, қатарынан үш шабылған екен»,— деп бәрімізбен қосыла күркірей бір күлуші еді.

Жоғарыда, Әбекен әдебиет аулына ат басын тым кешігіп бұрды— дедім. Оның қай жылы, қай күні қалай басталғаны да, дәл кешегідей есімде.

1967-ші жылдың сәуірлі көктемі еді. Бірде атқару комитеті кезекті бір мәжілісі соңында Әбекен мені оңаша алып қалды. Тау мен далаға, аңға шығудың тағы бір жайы сөз болар — деген ойдамын. Бірақ Әбекен бұл жолы мүлде бір күтпеген жерде:

— Мен Ереке, өзіңе ғана айтайын, бірер нәрсенің басын құрап шатпақтап тастап едім. Соны қарап көресің бе? Түзетер, өзгертер жері болса, көңілге қарама, аямай түзет. Мән шығатын болса, арғы жағын ақылдасып көрерміз, — деп жұмыс столы тартпасынан жұқалау бір көгілдір папкені суырды. Папка ашылғанда ішінен машинаға таза басылған жалпы көлемі жиырма екі бет. Қолжазба көрінді. Папкені қайта жауып маған ұсынды.

— Сіз Әбеке қаншама керемет дүниені желге ұшырып жүрсіз-ау. Енді мынауыңыз, табылған ақыл. Оқып көремін— деп қоштасып шығып кеттім.

Кешкісін шам жарығында, жазбаларды ашайын. Бір-біріне мазмұн-тақырыбы туыс, «Бөрінің кегі» , «Жанталас» атты екі әңгіме тақырыбы айтып тұрғандай екеуі де мына жарық дүниеде бастары сыйыспай, өмір бақилық бітіспес қайшылықта күн көшіп келе жатқан адам мен аты тауып қойылған — қанды жол түз жыртқышы қасқыр арасында өткен қым-қиғаш тартысқа құрылған қызықты хикаялар.

Әрине оқиғалы әңгімені жай сөзбен айту мен әдеби тұрғыда көркем кестелеу екі басқа дүние. Оқу үстінде артық сөздер сызылды. Қайсы бір қарадүрсін сөйлемдер қалам тезімен түрлене түсіп, өзгерді. Әңгіме тақырыбы «Жанталас», жана, жұмбақтау, «Қыстаудағы түн» атымен алмасты. Арада үш күн өткенде өңдеуден өткен қолжазба авторына қайтарылды.

Телефонмен хабарласып, асыға күтіп отырған Әбекен, папканы ашып қалғанда, қызыл мастикалы қаламмен

шыймайланған беттерге сұстанып, үрке қарады да, көз жүгіртіп оқи бастады. Беттен соң бет аударылып ұзаған сайын Әбекеннің жүзі жадырап, еңсесі көтеріле түсті. Әлде бір шақта жүзін, қағаздан оқыс көтерді де:

— Осы сен қалай ойлайсың Ереке, мен тым кешігіп қалған жоқпын ба?— деді.

— Өзге шаруаңызды білмеймін, ал әдебиетке кешіккен жоқсыз. Әдебиет асыққанды сүймейді. Ал, сіз өмірдің ұлан-ғайыр жолынан өтіп, көп нәрсені көріп, бастан кешіп, ұшан-теңіз қазынамен келіп отырсыз. Мына екі әңгімеңіз тым қарапайым жазылса да өзінің табиғи болмысы, таза шындығымен қымбат. Даниэл Дефо әлем жұртын тамсандырған әйгілі «Робинзон Крузосын» 53 жасында бастаған екен. Ал, сіз, 49-ға енді келіп отырсыз ғой,— дедім.

— А, солай ма, — деп Әбекеннің насат кеудесі биіктеп, нар тұлғасы өркештене түсті.

— Солай Әбеке. Қадамыңыз құтты болғай!

— «Беймәлім дарияның жағасында балағынды түрме»— деген, қалам алу алдында жүрексініп жатқаным ғой. Біршама ойлап жүргендерім бар еді, кеттім ендеше.

Ақ жарылып, анығын айтқанда, Әбекеннің жоғарыда айтылған ілік алды екі әңгімесінің өзі біршама қалам тигені болмаса, тұнық ой, тұңғыық сезім, жомарт жүректен туған барынша табиғи, тартымды дүниелер еді.

Осыдан кейін Әбекең қарқындата қалам сілтеп, біршама недәуір жазбалардың басын құрап тастады. Әбекең әңгімелерінің алды облыстық, орталық баспалардан бой көрсете бастады. Қазақ оқырмандары қаламгерліктің қан додасына өзінің ұлы жорықтар жолын кешкен қанжарау қаракерімен қосылған Жылқышиев атты жаңа есіммен сол алпысыншы жылдардан аяқ тұсында кездесті.

Сол жылдары партия билігінің шырқап тұрған шағында күн-түн қатып аттан түспей аудан басқаратын адамның от басына қалатын аз-кем сағатын бөліп, қолға қалам алып, азабы мен айызы бір басқа жетіп-артылатын әдебитке тыңнан жол тартуы нағыз ерліктің ісі еді.

Ауданда күн құрғатпай өтіп жататын райком бюросы, исполком мәжілісі, актив, сессия, пленум, есеп, сан түрлі атаумен өтіп жататын көп жиын-жиналыстардың, оған қосымша күн-түн қатып ел ішіне шығатын уәкілдіктің арасынан саңлау

тауып, қарбаласа қимылдап, алғашқы үш-төрт жылдың ішінде жазуды недәуір өндіріп, ондаған әдеби әңгімелерін, «Айтолқын», «Сын жыдары», «Сұлутөр», «Сауқымбек» атты повестерін жазды. Бұлар сол жетпісінші жылдары «Айтолқын» «Мешін жылы», «Өмір жыры» кітаптары арқылы оқырманына жол тартты.

Сексенінші жылдар Әбекең шығармашылығының жан-жақты толысқан, өркенді-өрлеу кезеңі болды. Бұл тұста Әбекең заман мен адам табиғатына терендей түсіп, «Балжанның тағдыры», «Жұмбақ түтін» «Қара ат хикаясы», повестерімен «Дауылдан кейінгі жорық», романын жазды. Бұлардан таңдап алынған туындылар «Спроси свою совесть» деген атпен орыс тілінде жеке кітап болып басылды.

Өмір-өрісіміз бір, қанаттас, қарайлас жүрген бүгінде алыста қалған сол бір ұмытылмас жылдар мен күндерде, реті келіп Әбекеңнің отбасына бара қалғанда айнала кітап сөрелері сірескен жұмыс бөлмесінің нақ ортасында құлақ-шекесін бастыра, басын байқалы орамалмен мықтап таңып алып, шағын столында, өзі таудай болып, кішкене жазу машинкасын үздіксіз тықылдатып отырған Әбекеңді көрер еді.

Өзіндік жол, өз үнімен кең тыныстап, көсілте сілтеп аз жылдарда биік тұлғасы әдебиет айдынынан айқын көрінсе де, Әбекең қаламгерлер қауымында өзін барынша елеусіз, шеткерілеу ұстайтын. — Біздің Баукең: (Б.Момышұлы) “Майданнан елге келсем, әдебиеттің маршалдары мен генералдары өздерінің ақ ордаларын Алатау бөктеріне қатарлай орнатып алған екен. Бос орын қалмапты. Солдаттық шатырымды оңаша барып, Солардың шет жағына тіктім» — деуші еді. Мен генерал да полковник те емес, майданнан капитан болып оралдым. Әдебиетте де сол капитан шенімде қалсам, сол маған жетеді» — дейтін Әбекең.

Жарық жалғанның адамға тиесілі аз мезгілінде қарбалас тірліктің қалың ортасында жүріп кейінгіге сөз, ұлағат болар өрелі де өрнекті іс тындырған Әбекең біз үшін ел қызметкері, қайраткер, қаламгерлігімен ғана Әбекеңмен бірге жол сапарға шығып, әсіресе табиғат аясында тау мен дала кезіп жүргеннің өзі рахат еді. Өзінің үлкен басымен қатарлас жүрген іні—дос, машина жүргізушісіне дейін қатар ұстап, бауырға тартып, ашық—жарық бейіл—бейнесімен жанымызды жайлы шуаққа бөлеп отырар еді.

Бір күні қоңыр күздің таңында Әбекең ертелеп телефон соқты: Мына ұшы—қиырсыз тірліктен бас қатты ғой, Ер—еке. Тауға шығып

кайталық. Әлгі қисық таяғынды (бесатар карабинді айтады) сайлай бер, — деді. Кідірмей аттанып кеттік. Машина Әбекеннен, шофері бізден болды. Бейтаныс көлік, шофер бала Жолдасбек байқамапты. Бензобак көрсеткішіне сеніп тарта беріпті. Жон асып, кекілік қағып, Қарашат тауынан қайтуға бет алғанда бензин таусылып, мотор сөніп, кеш алды, елсіз шетте қалдық. Сонда машинадан шығып, таяудағы төбешікке көтеріліп, алыста мұнар басқан ел жаққа көз жіберіп біршама үнсіз тұрған Әбекен:

— Шеткі ауылға шейін канша жер, — деді.

— Жиырма шақырым болар, Әбеке.

— Жиырма! Ойбо-о-ой, бірталай жер екен-ау, — деп состиып біршама тұрды да:

— Осы Ереке, баяғы Мұханды (М.Әуезовті) бір түн қай тұста адастырып едіңдер, — деді.

— Ол сонау көрінген Бүркітті тауы, изендінің қалың адыр, жон-жотасы еді ғой. Қара кештен түн ортасы ауғанша жол таппай, ағаны өбден қинағанбыз, Әбеке.

— Сонда Мұхан не айтып еді, сендерге?

— Саспандар. Адастасқ алтын бесік туған жерде жүрміз. Аспан ашық, жер қара, Жөн көрсететін «темір қазық» анау тұр. Ел табармыз, — деген.

— Е-е, ендеше мен сол Мұханнан әулие емеспін, қеттік Ереке, ертерек елге жетейік. Мына шоферға жәрдем жіберейік деп Әбекен мылтығы мен жылы күртесін Жолдасбекке беріп, ойқастай басып жолға түсіп тарта берген.

Осындай бір күні менің ғалым інім Жолдасов Сәбиттің Мәскеуге жол сапары Әбекенмен бірге түсіпті. Қыс мезгілі купенің астыңғы орынына жайғасқан бұлар, ұзап шыққанда кешкісін Әбекен өзі жайғасқан жүріске қарсы орын терезе санлауынан ызғар соғатынын байқапты. Сол санлауды бітеп тастамақ болғанда Сәбит:

— Әбеке, сіз ызғар тимейтін менің орныма ауысып алыңыз, — депті. Алғашқы да келісе кеткен Әбекен аз ойланып:

— Сонда қалай, Сәбит, сенің басың ауырып, менің басым сау қалуы керек пе? — жок, болмайды ол. Бастан-бастың артығы жоқ, — деп, өз орнында қала беріпті.

Өмірінің ең бір ғарышты шағын, жақсы-жарқын жылдарын арамызда бірге жүріп өткізген Әбекен осындай орны, жөні бөлек азамат еді. Оның ер тұлғасы, нар тұлғасы қашанда көз алдымызда.

БІР БӘЙТЕРЕК

Дүниеде жаныңмен жақсы көрген, етене берілген адамыңды түсіне алмаудан, өзінді түсіндіре алмаудан қиын жан азабы жоқ. Ол маған бірге туған жан бауырдан кем емес, бәлкі кейбір шақта артық та еді. Күдірет ісіне не шара. Күндердің-күні төбеде нажағай ойнап, бұлтсыз аспанымыз астаң-кестені шықты.

—Ей аға, Әсет көке, — мені сен тындамасаң, кім тындайтын еді. Тілегім өз басымның шаруасы емес, ауданның, елдің, партияның...

—Токтат сөзді. Сендей көкезу езбені құдай қайдан кезіктірді маған!

Біріміз бастық, біріміз бағынышты ағайынды екі жан, — бірі жарылқаушы, бірі жалбарынушы — ауданда газет шығару ісі мүдделі болған (қырсық атқан) бір кара темір үшін солай, жүз шайысып, жырта айырылыстық. Түнерген-түнек дүние қабак ашар белгісі көрінбеді. Сынуға бар илікпес кайсар көңіл толқын айдаған жаңқадай қиян өмірдің өз жөн, өз жағалауына әкетті.

Әйтсе де, сөздің шыны керек, сырттым ызғар. Қабакқа мүз қатса да, осы бір қиян мінезді, қикар ағама деген сонау бір алыс күндерде, көктемнің көлдей бейпіл сәулесімен енген бір ыстық шуақ шұғыласы сөнбеді. Түн түнегі, дүлей дүние, сырттан соғар тіршіліктің ызғары да сөндіре алмады оны.

Не керемет, қай көктем еді. Қалайша, қайдан келіп еді, сол сикырлы күдіреттің шуағы. Иә, бәрі есте, көз алдымда. Ол тым ертерек, жан мен тән жарасы терең, көз жасы құрғамаған халықтың бар-жоғы енді түгенделіп, өткенді егіле еске алумен өтіп жатқан — қырқыншы жылдардың соңы, — елуінші жылдардың басында, бастан өткен жай еді.

Сол жылы қала, шаһар дейтін ұғым тек ұлықтар мен сарт, орыстың үлесі санайтын әдет қанына сіңген ауылдағы қазақ тұрмысынан қара үзіп, адасқан қаздай қалаға келген жылым. Келген емес, келтірген, жел қуған қаңбақтай алып келген баяғы әскери төртіппен суарылған қызметтің ісі.

Жуадай жас Лейтенант, жаңа құралған жас отау, бұрыштан-

бұрыш көшкен үйсіз-күйсіз тірліктің тауқыметін жылтыр погонмен бірге иыққа артқан тәуекелшіл-албырт дәурен.

Сол күндерде жұмыстан кол қалт еткен қайырымды сәтте өзіне көрінбес бір құдырет магниттей тартатын бір келісті мекенжай тұрушы еді. — Ол ынтық көңілге әр кез оттай басылудан танбаған, көзір де баз-баяғы өзгермес калпын сақтаған бұрынғы ең әсем орталық Кенес (Қазыбек би) көшесінің нақ ортасындағы бұрынғы Обком мен Облаткомның үйі.

Оған барғыштайтын себебім, сол келісті кең орданың ішінде маған орны да, жөні де өзгеше қымбат бірге туып бірге өскен, шынға біткен шынардай бітім-бейнесі келіскен болымды да толымды төрт ағаны көруші едім. Олар: Байғоныров Әріпхан, Сасбұқаев Әділ, Лесбеков Жаңбырбай, және Тілеукеев Әсет ағаларым еді.

Бұлардың екеуі Әріпхан мен Жаңбырбай жастай жалындап, енді жетілген-жеткен шағында бізді сарқылмайтын сағыныштың сазында қалдырған, тым ерте, өмірінің таңында шырқап, ұшып, жеңіс таңы таяп қалғанда арман-мұратына жете алмай, сонау бір қиырдағы Венгрия (Трансильвания) жерінде қалған жан ағам Сауқымбектің көзін көрген жақын дос, жан жолдастары еді.

Бұл төртеу, әсіресе жүрген-тұрған сырт бейнесі ерекше ұқсастығы бар. Әсет аға маған Сауқым көкемнің өзі де көзі сияқты көрінетін. Бұлар шын мәнінде жайсаң-жастағы сұрапыл заманның отты дауылына кез келіп, түгелге жуығы Отан үшін туған жерден алыста, қиырсыз майдан жолының әр тарабында қалған жиырмасыншы жылдар төлінің елге қайтқан елшісі сияктанып көрінетін.

Сол сәт аға мені әрдайым Қаратаудың шығыс тарабында, алыстағы ауылда канаттас өскен қайран елдің ерекше біткен бір зерделі-зерек азаматы, көп жыл партия, кенес, білім жүйесінде жемісті қызмет атқарған Әріпхан ағаның жанынан көруші еді. Алтын жиекті айнадай жалтыраған көзілдірігі, байыпты-байсал маңғаз басқан жүрісі, тіп-тік мінсіз тұлғасына жарасқан көбіне сөзін мәнерлеп, бейнелеп өткір, уытты әзілмен тұздықтап сөйлейтін келісті жігіт тұлғасына қызықтай қарайтынмын. Қызықтай тұрып, күндердің-күні келгенде мына сан қилы құпия сырға толы өлшеусіз өмірдің жолы бізді жақын табыстырып, жылдар мен жолдарды бірге кешіп, тағдырдың адамға арнаған дәм-тұзын бірге татар күндері алда екенінен ол кез бейхабар едік.

Сол өрелі өмірде біз тау мен даланың қаншама таусылмас

соқпағын бірге шарладық. Әулие ата-ана, бабалардан қалған сырлы бұлақ суларын бірге іштік. «Тұлпардың тепкісі тайға дәрі» — деп аға сөзінің қаншама ащы-тұщы кермегін көтердік. Сөйте жүріп шөлкем-шалысты қисығы мен қырсығы көп дүниеде бұлтсыз күнде дауыл соғып ауыл арасы алыс тартып, адасқан-алшак жолда кеттік.

Адасу, алысқа тарту, әсте ішкі жан сезімді суыта алмақ емес. Жан туыстығы өзіне етене жақын, беріле, жығыла жақсы көрген адамды жер қозғалып, дүние төңкеріліп кетсе де жамандыққа қимайсың. Алыста жүріп, сағына жүріп, саламаттығын тілейсің.

Онымен тілге келе алмай, алдына бара алмай, жан жабырқап, жүрек сыздап, көңіл құлазып жападан-жалғаз қалғанда, тұңғық-тұнық кештерде алыста қалған, келмеске кеткен балалықтың бал дәуренін қиялмен қайта кешу, дертке дауа, жанға сая сияқты көрінер еді.

Балалық дәурен! Ол қырғын аштық пен жалаңаштыққа тұстас, көл болған көздің жасымен өткен біздің тұрғыласқа не беріп, не қалдырды дерсіз. Қияметте өтсе де сол дәуреніңе сәйкес келер нәрсе жоқ! Оны мына дүниенің алтын ұжмағына бермейсің. Сол дәуреннің бір күн, бір сәтінің өзі не тұрар еді, шіркін!

Сондай қымбат күн, кимас сәттер бал-бұл жанып әр кез көз алдымда көлбең қағар еді. Ол менің сағынышы арылмаған бала жүрегімде өмір бақиға өзгермей-өшпей қалған, алғаш рет көз ашып көрген, алғашқы сапар жолым. — Алысқа жолға шығып, қалада, оқудағы жандай жақсы көретін жалғыз ағамды — Сауқымбекті іздеп келген кезім. Онымен бірге жүріп, қатарлас-қанаттас достарын көрген, мәңгі жастықтың бесігі — гүл көрікті Шымкентте өткен күндерім...

Ол бұдан 62 жыл бұрынғы 1938 жылдың толысқан жайсаң көктемінде өткен жай еді. Ауыл Төсбастау жайлауында. Ескінің көзін көрген, қаншама қияметтен өтсе де аталар жолынан адаспаған қабырға-қанаттас ағайын бағы бір дүниеден қалған коңыр үйлерін жамап, тоғайдағы аз-кем шабындық, егіндігін аяқ асты, тұяқ бастыдан қорғыштап, өрдегі жайлауға көшіп қонған. Талдыдағы бастауышта үшіншіні бітіріп, жас онға толып, шалғында шалқалай аунап, асыр салып жүргенде менің колхоз ауылын басқаратын әкем — Түрекеннің өзі бастап, қос ат жегіп — қос арбамен базаршылар тобы Шымкентке жүреді екен, — деген сөз жарғақ құлақты елең еткізді.

— Барам, кәйтсем де барам! Сауқымбекке кетем, қалмаймын, — деп тепсіндім келіп.

— Жарайды, барасың, — деді әкем, менің қайтпас-қайсарлығымды көргесін. Тек анау ойын қуып, күс басып, қарға тұяқтанған көнтақа аяқтарыңды жылы сумен бір күн жібіт. Сосын әбден қара сабынмен жу. — Тәртібінді түзе!

Біз солай, сонау шығыс Қаратаудағы ауылдан қос ат жегінді көк арбамен екі күндік жолды артқа тастап, қайырлы мамыр ортасы, шуақты сәске шағында мөп-мөлдiр айнадай аспан астында, көкмайсалы тоғайда көлбей жылжып, тұнжырай-тұнып, шымырлай ағып жатқан әулиелі қошқардың суы алабында тамылжи-тұнып тұрған гүл шаһары — Шымкенттің құшағына құлаған едік.

Түскен үйіміз қаланың күнбатыс шеті — кәзіргі Әл-Фараби алаңының күңгей іргесі, жарлауытты ойпатта «Южная» дейтін шағын, шанды көшедегі ауылымыздың қашаннан қосын-жайы — сонау төңкеріске дейін ояз мекемесінде тілмаштық қызмет атқарған салауатты кісі — Бекжанов Момбек атайдың мекені еді. Үйелменде Нәзипа апа, Зұлпан, Пасан атты қыздары, Халық, Шөкен дейтін тентектеу ұлдарымен шұрқырай-шулап табысып жаттық.

Кешікпей кезекті сабағын аяқтап, кешкі қоныр салқында Сауқымбек келді. Қаладағы ең тандаулы ең биік оқу орны — мұғалімдер институтында оқып жүрген келісті бозым жігіт тұлғаланып, биіктеп, бұрынғыдан да көріктене түскен. Киген киімдері де бойына жарасып, өз бейнесіне үйлесіп қалған.

Ол әкесімен сәлемдесіп-тілдесіп, менің бой-басыма, таусылмайтын ойыннан мойын ырғайдай болып, азып-тозған түр-түсіме, қоңқыш мұрынды шиыра тартып, қайтсем ұнар екенмін, — деп отырған күлкілі әлпетіме таңдана қарап біршама отырды да: — Ертең саған қаланы көрсетемін. Бүгінше осында бол. Аз күте тұр мені. — Әбден тыныпсың ғой, өзің, — деп мырс етіп, мысқылдай күлімсіреді. Сөйте отырып, тез ораламын, — деп асығыс шығып кетті.

Айтқандай-ақ Сауқымбек кешікпей келді. Қолында шағын орамасы бар. Сол ораманы ашып, ауылдан киіп келген қайыс баулы томардай көн батенкемді, қолбыраған ұнамсыз киімдерімді тастатып, жаңа тоқыма мәйке, трусси, сандалеттермен ауыстырып қалаша шыттай киіндірді.

Солай, бұрын-сонды қаланың не екенін білмеген, алыстағы

ауылда қозы қайырып, көгеннен қой саудырып, қала берді талдының тал шыбығын ат қып мініп, шаңды жолды шаңғытып ойын баққан мені Сауқым көкем қолы бос келесі күні – жексенбінің кіші сәске шағында, балалық шақтың Шымкентін көрсетуге алып шықты.

Сол Шымкент, ұжмақтың ұясы сияктанған киелі мекен, күнгеі қазақ елінің – «Шам шаһары», қандай еді, шіркін! Бүгінгі темір дария боп ағылған ұшы-қиырсыз машиналар тасқыны, аққан селдей ағыл-тегіл жүріс жоқ. Бұдан жетпіс жылдай бұрын генерал Черняевпен тіл табысты, «кәпірлерге қол берді», деген жалған қауесетпен әйгілі Әулие ата датқасы Мәмбетұлы Байзақты қоқандықтар, зеңбірек ұңғысына байлап атқан ежелгі қорған биігінен қарағанда шап-шағын мұнтаздай таза қала ол кезде алақан аясында бас-аяғы айнадай айқын көрініп жатар еді. Қос құшақ аясында сыймайтын, күміс жапырақтары күн нұрында құбылған алып ақ бөйтеректер көмкерген көк желекті көшелермен келе жатқанында бақта бұлбұл, сарттар ауласынан көмекейі бүлкілдеп мың құбыла сайрайтын бөденелер сайраны естіліп, жүргінші жұртты таң-тамашаға батырар еді.

Ол жылдары теріскей-батыс қала шегі көзіргі Әл-Фараби алаңын шығыс жағынан жиектеп, бүгінгі Шанин театры орнынан сонау теріскей көкжиекке дейін көсілген шалқар кеңістік – қала әуежайына барып тірелетін. Кеңістікте қос қанатты кішкене «Ли-2» ұшақтары шүйіле қонып, құстай қалқып кетіп жатар еді.

Иә, сол күні Сауқым мені қолымнан ұстап, қала ішіне алып шықты. Кәзіргі Түркістан көшесіне күнбатыс жағынан, монша тұсынан шығып, сол жағымыз «ауған бау» (орталық саябақ) әдемі-әсем ақ теректер саясымен айнала көрікті-көркем дүниеге таңырқай қарап келе жаттым.

Қаладағы ең үлкен, ең көрікті Кеңес (кәзіргі Қазыбек би) көшесімен оңға бұрылып, музей, театрдың келісті жайларынан өтіп, қос көшенің қиылысына келгенде тұтас бір орамды камтып жатқандай кең ауқымды, көп терезелі ақбоз үйдің алдына тоқтап:

– Міне Еркін, біз тұратын мекенжай осы, мұғалімдер институты студенттері көп жастар осында тұрамыз, – деді. Бұл бұрынғы Мельничная, (бүгінде Сауқымбек ағаның есімі берілген) көшесіндегі сонау бір өткен жылдарда қазақ елінің Момышұлы Бауыржан, Тәжібайұлы Әбділда, Сағындықұлы Құрманбек, Молдатайұлы Жакыпбек сынды ұлан перзенттері қанаттанған, алдағы ұлы дүние шалқарына самғап ұшқан киелі мекен еді.

Біршама шегініспен айтар болсақ, соғысқа дейін институт студенттері мекендеп, соғыстан кейін біраз жыл аса ғибратты жан Хамитова Мәкен апай басқарған қыздар пансионаты болған көне дүниеден қалған көзге ыстық мекенжай бір жылы аяусыз қолдан көзден ұшты. Орнына көп жыл әрқилы мекемелер мекендеп, бүгінде салық полициясы жайғасқан төрт қабатты тас сарайы салынды.

Иә, сол сапар Сауқымға ілесіп, сол ғибратты мекен-жайға бара жүріп соғыс алдындағы нұр шуақты күндерде онымен тұрғылас, қатар жүрген, тұтас бір дәуір тұлғасы дерлік асыл арманды бозым жастарды көруші-ем. Шіркін-ай, деп ойлайсың кейде. Сұрапыл соғыс дауылы кез келмей, солар аман жүргенде қаншама елім деген ересен ерлер шығар еді-ау олардан. Әттен арманы арылмаған, бұралаң жолы таусылмаған, саркылмас-сазды өмір-ай!

Жалғыз-жарық дүниенің астан-кестенің шығарған соғыс тынып, енді ес жиған жаралы жылдарда соғысқа дейін Сауқымбекпен бірге оқып, жастықтың жақсы-жайсаң күндерін онымен бірге өткізген, енді өткен қырғыннан қатары сиреп, некенсаяқ аман қайтқан көп құрбы-достары оған іздеу салып, бізді іздеп тауып жатты. Солардың қатарында ағаның жас күндергі жан жолдастары — ұзақ жылдар ШымПИ-де ұстаздық етіп, өмірден өткен Шәкіров Сардар аға, Түлкібаста көп жыл оқу-ағарту ісін басқарып, соғыс зардабынан ертерек бұл пәниден көшкен Бекжанов Қадір аға, Көмешбұлақтық ақын-ұстаз Қалыбайұлы Өтебай көке, Алматыда Жоғарғы Кеңесте көп жыл жауапты қызмет атқарған, Сауқымбектің ең соңғы сәтіне дейін қанаттас жүріп, қасында болған, оны алыс шетте, жат елде қара жер топырағына беріскен, қаралы жиынға қатысқан, оның қанды көйлек майдандас досы талдықорғандық Нұрғалымов Сасан аға, өзіміздің Боралдайлық ардагер ұстаз, өмірінің соңғы сәтіне дейін қасиетті Домалақ ана қорын басқарып дүниеден өткен Орманов Садық көке, Алматы облысы Кеген ауданының жаны жайсаң, жарқын жүзді перзенті, әлемге аян Сталинград шайқасында қан майданның қатерлі жолын Сауқымбекпен бірге кешкен, біздің жерлес-бауырымыз, қаһарман Сыпатаев Қарсыбайдың ерлік тарихына іздеу салушының бірі, бүгінде Волгоград қаласының құрметті азаматы, есен-сау Алматыда тұрып жатқан Өміржанов Әбдірахман ағаның азаматтық бейіл-бейнесі біздің көңіл-көкейімізден, бауырлас жан жүрегімізден кетпек емес.

Сауқымбектің бейнесін көз алдымызда қайта тірілтіп, әр кез терең ойланып, толғандырумен өмір бақиға қиял қанатында самғатып, жазылмас ішкі дертке дауа болған төрт аға, төрт бауырым – Әріпхан мен Жанбырбай, Әділ мен Әсет барда «Жалғыздық көрер жерім жоқ» екеніне мың да бір шүкіршілік етер едім. Сол төртеудің ішінде көп жылдар құлын-тайдай тебісіп, бірге жүріп, бірге өскен Әсет ағамның мен үшін орны-жөні бөлек-тін.

Жә, тәйірі, арада өткен аз жылғы араздықты жиыстырып қоялық. Тағдыр бізді әуелі табыстырып, біріміз басшы, мен қосшы болып, тату-тәтті қаншама қызықты күндер кешіп, айлы да жайлы кештері көп ұзақ-сонар сапар жолына ұласқан пәни дүниенің қаншама қимас дәуренін салған екенбіз.

Сол күндерде әзілі қайсы, шыны не, ара жігін ажыратып болмайтын, ойып түсер, тесіп өтер тотияйын сияқты удай ащы өткір де кескір әсқияға толы Әсекеңнің әзілін қайсы бір кекірік атқан босбелбеу қауым ішінде тындау құдайдың рахаты болушы еді. Міне сондай бір күн, алпысыншы жылдар ортасы, жайсаң жаздың мезгілі. Әйгілі «оңтүстіктің» бас редакторы Әсекең бастап, ортамызда әйдік ақын Омарбай, Қаратау асып, Созақ жағына келеміз. Онда ертең той. – Жыл айналып дүрілдеп өтер шопандар тойы. Шаң түстің ағында райкомда қызыл кеңірдек қызып жатқан бюро мәжілісі үстінен түстік. Тындасак, той жоспары талқыланып жатыр. Баяндап тұрған комиссия төрағасы, бюро мүшесі, қызба сөзді – Токбергенов Созақбай!

– Әй, сен тоқташы, деді оған, орайы келген сәтте Әсекең. Кәне айтшы, той жоспарларын неше пункттен тұрады?

– О, аз емес, Әсеке! Он алты пункттен тұрады.

– Ендеше тағы бір пункт қосыңыз. – Ол мына Омекеңді той үстінде қалай қарсы алып, қалай күтіп, қалай шығарып салу пункті.

– Оһо, – деді Сәкен. – Ойпырым-ай, жақсы айттыңыз, Әсеке! Сіз айтпасаңыз, мүлт кетіп, ұятқа қалатын екенбіз. – Қалай Омеке, Бір пунктке сыясыз ба өзіңіз, – деп Созақбай бас столға жайғасып, шақшия түсіп отырған ақын ағамызға қарады.

– Әй, мен жайымды тапсандар, жарты пунктке де сыйып кететін адаммын. Ал, таппасандар, пунктке сыю қайда, онда өз обалдарың өздеріне, – деп жалтыр столдың шетін тық еткізіп, шалқая түсті Омекең.

Үнсіз күлкіге тұншығып, өрттей қызарған жұрт Созақбай –

«Оп бәрекелді», — деп қаламын сайлап, қағазына тұқшиғанда, кең бөлменің ішін атыла жарылған қалың күлкі көміп жіберген еді.

Иә, Сахара төсін дүбірлеткен сол той өтті. Созақтықтар Омекең жайын абыроймен атқарды. Иен дала мен тамылжыған тау кешін сызылған Қаламбаев Жаппас кобызы, күніренген Құрманғазы, Тәттімбет, Сүгір күйлері, Алматыдан арнайы келген Есімжанова Рабиға, Сүйіндікова Ләззат әндерімен тербетті. Әлбетте алған әсер, көрікті ойлар көп болды. Тілшілік міндет күн-түн отырып үш бөлімді көлдей очерк жазылды. Аты «Қайнардағы қалың той» еді. Әсет аға бір қарпін жібермей қадала оқып шықты да, бәрі дұрыс-ау, бірақ осының атын өзгерту билігін маған бер, — деді.

— Бердім Әсеке!

— Ендеше жаз, өз қолыңмен жақсылап, аты «Қаратау әуендері».

Кейінше «Келіншектау» атты кітапқа енген очерк дүниеге солай келді.

Күндердің-күні кезекті сапарға шықтық. Барысымыз Алматы. Журналистер сиезі. Мәскеу-Алматы пойызы сымпылдай тартып келеді. Бір кезде аяқ-қол жазғалы тар купеден дәлізге шықсам, қолында имек таяғы, терезе жақтауына сүйеніп, зымырап қалып жатқан ұшан далаға көз тігіп кәдімгі Баукең — Бауыржан аға тұр. Шұрқырай табысып, сәлемдесе кеттік. Ұлы аға ұланғайыр ой адамы. Өткен бір өмір өткелін қайта кешкендей жан дариясы толқулы. Соғыс салған жара қозғалып, Бурденко әскери емдеу орнында ұзақ жатып, сауығып шыққан қарт қыран, қиян құзардағы тұғырына қайта самғап келеді екен. Сүмбілдей сүк саусағын шошайта нұсқап, өз купесіне бастады бізді.

Майдандағы солдат пайогі сияқты, қол дорбасынан қол басындай қара нан алып, үшке бөліп, сынық сүйемдей қатқан қолбасасын бөкімен турап, термостан қара шай күйіп, қонақасын жасады. — Соңғы түйір дәм-тұзын достарымен бөліскен байырғы қазақ дәстүрін өмір бақи ұстанып өткен қайран аға-ай, десейші.

— Ал, енді Әсет, мына таз атамның баласымен екеуің (Бәйдібекпен бір туған Байтылыдан тарайтын Шақшам-ата әулетін солай атайтын) көңіл толы үлкен жолда кез болдың. Жадау тай атан түйе емес, көңіл үшін жолға жарайды. — Төрімде отырсындар, сендерге ат-шапаным мынау, — деп Баукең, қойын

калтасынан өзі пайдаланып жүрген қос қаламын шығарды. — Менің күнделік жазып жүрген құралым еді. Енді қолдарыңда жорғасынан жазбасын.

Әсет тістене толқып, үнсіз сазарды. Ал менің көз алдыма келіп қалған ыстық жастан мұнар тартты. Ай, айналайын, жаны жомарт көкөтайым-ай, — деген айтылмаған жалғыз ауыз сөз тұрды көкейімде. — Өзінді кедей, жаныңды жомарт етіп жаратқан күдірет ісіне не шара!

Тағы да Алматыда жүрміз, бірге жүрміз. Баспа шаруасымен келгенбіз. Жарылқау да, жазалау да өз қолында «Госкомиздат» дейтін әлуетті мекемеде отырмыз. Түске таяу Әсет аға әлде қалай телефон тұтқасын көтерді.

— Әллеу, женешем бе, ағам үйде ме, бұл Әсет інісі ғой, Оңтүстіктен келген...

— Әсет! Қайда тұрсың, қарағым. Келмейсің бе, айналайын. Иә, ағана берейін, — деп жалпылдап жатты арғы жақтан әйел даусы.

— Оу, Әсетжан-ау, — деп күркіреді, телефонда ер даусы. — Тез жет, сөзді қой, күтеміз, — деп тұтқаны жапты.

— Бұл Әбекең ғой, — деді Әсет аға. — Кәдімгі Әбділда Тәжібаев. — Барып, сәлем бермесек болмас, көне кеттік, — деп бастап алды да, жөнелді.

Келсек үлкен зал, дастархан толы дәм. Дәу шарадай сервез толған нарттай Алматы апортын үйгізіп, қызыл-күрең шайын құйғызып, бес бие сабасындай сырбаз-сыпайы қимылды Сара жеңгей қасында Әбекең отыр. Бірер ауыз сауқаттасудан кейін аузын ашса көмей-көкірегі бірге көрінетін жыр дариясы даңғыл ақын, тарамыстары адырайған арық, салалы қолдарын ерсілік-қарсылы сілтей түсіп, әңгімесін жосытсын келіп. Менің Әсет ағам патша, ал мынау қалың елі алдында қоғадай жапырылған ұлы ақын оның уөзірі сикты. «Мықтының парқын мықтылар ғана пайымдар», — дейтін ел қағидасын осындай мықтылар ісі тудырған-ау туасы!

• Ағадан көңіл жығылған, жүрек сыздап, жан жабырқаулы күндер еді. Шағынар, сөз айтар Әділ бидің ауылы қайда дейсің? Барар жер, басар тауың биік болмаса, сөз қадірін, жөн қадірін

бағамдайтын салауатты жан болмаса, айтқаның айдалада қалғаннан ауыр жаза болар ма?! Ақыры көп толғанып, ешкімге, бұрары жоқ, ешнәрсе алмай-бермей, сырттай жүріп өзін біртуар бауырымдай іштей жақын тартатын, биік ойлы азаматтығы жақында «Жұлдыз» журналында басылған – «Атымыз адам болған соң» атты ақылнама әнгімесінен көрінген «Қазгосполиграфиздат» Комитетінің бастығы, өзі біз жақтан емес, өр Алтайдың ұлы Елеуқенов Шериазданға барып, іштегі дертті ақтаруға бекіндім.

–Сіз Шаке, баршаға бірдей, туралық айтар адамсыз. Біздегі іс ретті болса, сіздерге де жақсы. Ал, мынау жан адамға жылы сөзі жоқ, құдайдың қырсық адамын өзге жан құрып қалғандай төбемізге шығарып, не қасиетімен ұстап отырсыз. –Құртты ғой, құрдымға батырды ғой бәрін, – деп, көкіректегі ыза-запыранын төгейін келіп,.

Көріп отырмын, бағамдап-байқап отырмын. Мен кіжініп, өрекіп-өршіп сөйлеген сайын, Шериазданның ойлы, нұрлы жанары бұрынғыдан да нұрланып, қиығында бір шуақты үшқын ойнап жатқандай болып көрінді. Анығы да солай болды. – Жарайды Ереке, бәрін түсіндім, – деп күлімсірей жымыып, қолын ұсынды.

Арада көп жылдар өтті. Дертке дауа оңтүстіктің аспанының астында, біртіндеп жан жарасы да жазылды. Кезекті жазушылар сиезіне барғанда, бір қалтарыста қарсы алдымнан Шериаздан бауырым кездесті. Токтап сәлемдестік.

–Қалай Ереке, табыстың ба, ағаңмен, – деді.

–Мен езуге келіп қалған күлкімді жұтып, үнсіз изедім басымды.

–Солай,.. Өзіне жақында барып қайттым. Саулығы өлі мықты екен.

–Азамат адам ғой ол, – деп қолымды қысты Шериаздан.

Түлкібаста ұлы той! Ағыл-тегіл халық. Жүз жасқа толған ел ардағы Рысқұлов Тұрардың толқынды тойы. Келіп жатқандарда есеп жоқ. Өзіміз бен сөзіміз бірде жарасып, кейде жараспайтын, кейде қыз, кейде мүз мінезді, көрмесем көп сағындырар Шерхан ініммен жаңа ғана қауышып, көңіл жайланып, оңаша-оқшау тұрғанда, ашық көшенің арғы шетінен жапанда жалғыз өскен бір бәйтерек сияқтанып еңсесі биік жалғыз жан баяу басып,

жақындап келе жатты. Көленкесінен таныс, сымдай тұзу насат бейне біртіндеп жақындай түсті. Көңіл сызы әлі кеппеген кез, мен тапжылмадым. Мізбақпай, көз алмай, қарап тұрмын. Аралықты бөлген қашықтық сарқылып, қол созым қалғанда баяу басқан ағамның кең кеудесімен бірге алшак құшағы айқарыла ашылды. Құшақпен бірге ашық кірпіктер де айқасқан сәтте қияқ ұшына ілінген шықтай бір ыстық тамшы сонау алыс күндерде ұлы көкеміздің ізі қалған қасиетті топыраққа ыршып түсті.

—Сөз де, уәж де керек емес еді, бізге!

Арман, арылмас адам арманы таусылар, сарқылар шегін қайда сенің?! Күн асып, өмір өрге ұзаған сайын көп ойлайсың. Көп толғанып, көп армандайсың! Кейде мен ел басы қосылған алқалы жиындарда, кейде қала көшесінің төрінен өзгелерден бөлініп, онаша-оқшау тұрар Әсет ағаны көрем.

—Жапанда жалғыз өскен бір бәйтерек елестейді, көзіме.

Жапанда бір бәйтерек егіледі,

Жел соқса жапырағы төгіледі.

Есіме сен түскенде қайран елім,

Қабырғам сынбағанмен сөгіледі!!!

Неткен ғажап, неткен сұлу өмір-дүние бейнесі еді... Өмірдің күзі, сыңсыған-сырлы бәйтерек. Бір ғана самал желмен сырласып, жан жемісі — сарқылмас сары жапырағын төгеді. Өмір солай, тербейді оны самал жел, төгеді сырын, төгеді жырын, жапанда жалғыз бәйтерек!



ҚЫРАНЫҢ САМҒАУЫ

Ол бір ақылға сыймайтын әйгілі ала-сапыранды кез еді. Ауқатты шаруаны тап ретінде жойып, бай тамырына балта шабудың ұрда-жық ұранымен шолақ белсенділер қаптаған, казак елі басына кара тұман орнаған күндер еді. Шаруа малдан, дихан дәні мен нанынан ел еңсе көтерген ерінен айырылған ды. Ел ішіне аранын ашқан аштық келді. Шұбырған жұрт, тау-тауды, сай-сайды кезіп, шөптің тамырын қазып, рауаштың дәнін, шытырдың құмайын сыдырып, тамақ орнына талғажу қып, тапқанын көрісі мен әлжуаз балаларының аузына тосып, өлместің күнін кешіп жанталасып жатты.

Тәшімбетұлы Әділай, осындай тозған елдің басын құрап, бас көтерер барша жанды қолына кетпен, күрегін беріп, жер аудартып сонау алыстағы Мырзажан дейтін мыңболғыр үлкен кісіден жәрдемге келген дәнді жерге сепкізіп, тірі жанды жаңа тірлікке бастауға тиісті болды. Ол күндері Борлысай, Кенсай, Әулиебұлақ пен жон атырабын құрттай қимылдап ашы тер төгіп жатқан еңбеккер-егіншіге толған. Олар бір қиырдағы Жаркент жағынан мал тұқымына – деп айдап келтірілген шағын үйірден ұсталған торы айғырдың үстінде. Басында сталинка шапкесі, аяқта шегірген етік, белді әскери белдікпен қынай буынған, жағына пышак жанғандай ашаң, бүркіт қабақ, қыран көз, қынаптан суырылған қылыштай қылшылдаған, бір қостан бір қос жол тартып, тынымсыз жортуылда жүрген Әділайды көрер еді. Көретін де, ее, Әділай жүр, Әділай келе жатыр, тұрмандар, қимылдандар кәне, десіп, қарқынға-қарқын қосып, қан терлі қара жұмыстың қазанын қайната түсер еді. Бұл әйгілі отыз төртінші жылдың көктемі, аз-кем болса да, аштық арылған, ел нанға тойған, үдесіз үміт пен келген жақсылықтың басы еді.

Ес жиған ел, қаһарлы қара дауыл күндей күркіреген Әділайға ілесіп, жаңа өрлеу, жаңа тұрмыстың іргесін нығайтып, көсегесін көгерте түскен. Қайран сол жылдар, бейбіт еңбек жылдары солай жалғаса бергенде... Әділайдай ер бастаған ел қай мұратына жетпес еді. Көктем көгінде дүркірей өскен қайсы биік асуынан аспас

еді. — Кенет соғыс, — Ғаламды қан мен өртке тоғытқан соғыс дауылы.

Соғыс басталғанда Әділай Тәшімбетұлы таудағы бес колхозды біріктірген селолық Кеңестің төрағасы еді. Сол 1941 мен 42-нің сұрапылды жазында ауыл Кеңес елінің төрт жүз азаматын, соның ішінде өзінің туған ауылы Кеңсайдың 104 бозым жігітін майданға өз қолымен аттандырады.

Бір күні, 1942 жылдың күзінде ауданға жиылысқа шақырған Әділай, сол кеткеннен ауылға қайтып оралмады. Райком бюросында басшымен арада болған қатқыл сөз, қақтығыстан кейін, далаға түндей түнеріп шыққан ол, астындағы арғымағының үзеңгісін қайырып, тізгінін желкелікке түйіп, шылбырын елге қайтар бір қариеге тапсырыпты да, аудандық әскери комиссариат алдынан кезекті майдангерлерді алып, Шымкентке жүргелі тұрған автомашинаның қорабына қарғып мініп, қош туған жер, — деп, қол бұлғап кете барыпты.

Қолында шақыру қағазы жоқ, мына арнайы аттанған майдангерлер тізімінде жоқ, төтеннен қосылған адамның қандай жол, қандай тағдыр айдап, батысқа бет алғанын бір құдайдың өзі білген. Тек кейін Әділай жөніндегі дала госпиталында жазылған көп мағлұматтан, оның сол жылдың ақырғы күндерінде осынау сақырлаған сары аяз бен, фашист қаруы құрсаған, қоршаудағы Ленинград майданынан бір-ақ шыққанын көреміз.

Сол Тәшімбетұлы Әділай, тағдырдың жазуы солай, туған жер топырағы бұйырған шығар, араға жыл жарым уақыт салып, ел ішіне оралды. Бір басында екі солдат бір старшина, үш қосшысы бар, төртеу болып оралды. Оны Бөген МТС-нен Шымкент вокзалына арнайы шақырылған жүк машинасы қарсы алып, өлгі қосшылар қоршауында туған елге жеткізді. Бұл 1944 жылдың ақпан айының соңы еді. Үстінде қалың әскери тұлып, аяқта пима, басы қожаның сәлдесіндей ақ марлімен қалың таңылған майдангерді үш жауынгер населькемен көтеріп, төрге төселген қалың төсегіне жайғастырып, енді қуаныш, жұбаныш, үркініш сезімі аралас, қан көбелектей қалбандаған Ұлбосын жеңгейге қарап әскери-шолақ тәртібімен тіл қатқанда айтқаны: «Он честно выполнил свой долг перед Родиной. Желаем ему скорого выздоровления, и Вам счастья, мамаша.»

Сол күндері Әділайды көргелі, бас иіп сәлем бергелі ертелі-кеш келіп жатқан ағайын кешегі қайраулы семсердей қыран тұлғалы азаматтың орнына, екі ұрты суалған, жүзі қуарған,

бұрынғы ұшқын атқан қос жанардың орнында ұясы кең екі көз мұнар басқан – нар кеуде Әділайын көрді. Ол келген-кеткенді тек көзбен, көңілмен санап, екі жанары жасаурап, бас изегені болмаса ол алғашқы кезде жан адамға жалғыз ауыз сөзбен жауап қатпайтын, – жауап қатуға мүмкіндігі жоқ еді.

Күн жылынып, көктем шыққанда селолық дәрігер Перпелец келіп, оның бас таңғышын алмастырған сәтте, сол жақ бас сүйегінің алақандай жерін снаряд оғы жұлған. Сүйек орнын тек жұқа жарғақ адамның тыныс лебімен бірге, бейне бір терезеге керіп қойған матадай бір сыртқа теуіп, бір ішке толқып, ылғи қозғалып тұрар еді. Көргендер, – япыр-ай, мынадай сұмдық жараны көтерген неткен жүрек, неткен рух деп, жағаларын ұстар еді.

Жара, тән жарасы, оны тек темір тегеурінді, алып жүректі мына Әділай сынды ерлер ғана көтермек. Бірақ оның тән жарасынан жүз есе, мың есе жан жарасын, жүрек жарасын қайда қоярсың. Қыран самғау үшін, тұлпар кең дүниеге көсілте құлаш сермеу үшін жаралған. Қыран қанатынан қайырылса, тұлпар тұяғынан айырылса, одан өткен өмірдің соққысы болар ма еді. Ел-жұрты іштей егіліп келіп кетіп жатқанда, күні кеше ортасында шоқтай жайнап, құстай түлеп жүрген есіл ердің ішкі дүниесі қандай өрт, қандай дертті шекпеді дейсің. Қағарға қанат, айтарға тіл болмаса, арман арнасын ағылта бір алмаса, құса кеуденің қак жарылып, солай шыдап жатқанда жаның жылап, адам күдіретіне қайран қаласың.

Оқиға былай болған. Тағдырдың бұйрығы ер-азамат басына қандай сәтте кез болған. Оның жай-күйі, сол тағдырдың атан түйе көтермес ауыр жүгін арқалаған Әділайдың бір өзінен басқа жанға айтылмаған сыр, шешілмеген жұмбақ еді. Тек арада көп жылдар өткенде, орталық әскери архивте сақталған рота политругі, кіші комиссар Тәшімбетов Әділайдың награда листогіне түскен әскери келте тілмен сараң баян етілген ерлік көз алдымызға қайта тіріліп келген-ді. Онда: «Ленинградты күрсаған жау қоршауың бұзу кезінде, Луга бағытындағы бір шайқаста батальон командирі окка ұшып, жорық тоқтап, қиын сәт басқа төнгенде, себелеген жау оғы астында жатып қалған жауынгерлерді күндей күркіреген даусымен «Отан үшін алға!» – деп атақаға көтеріп, шабуылдың тағдырын шешкен осы Тәшімбетов Әділай екені айтылған. Сол шабуыл кезінде жақын жерге түсіп жарылған жау снаряды, – ер комиссарды майдан шебінен біржола алып тынған.

Иә, солай атан түйе көтермес жүкті, ер Әділай көтерді, туған жердің мөлдір таза ауасы, әулиенің кәусар таза бұлағы, бетегелі белден келген қырдың сары қымызы құрыш жүрекке қуат беріп, апталар, айлар өткенде Әділай самал жел соққан керегенің көзінен тынысы кең дүниеге көз салып, үлкен жолмен жоғары-төменді өтіп жатқан жүргіншіні көз көңілмен санап, нар кеудесін биік көтеріп отыратын болған. Енді бұрынғыдай емес жай сұраған ағайынға: «жақсы, шүкір» – дейтін бірлі-жарым тіл қататын болған. — Мұның өзі де үміт оты көкірегінен сөнбейтін отбасы, ағайын-бауырға бір мереке-мерей еді.

Осылай күн сонынан ай жылжып, арада үш жылдай мезгіл өтті. Бүгінде Әділай басты шарт танып, үстіне өскери гимнастерка, аяққа хром етігін киіп, белді офицерлік белдікпен мықтап буып, аз-аздап серуендеп үй маңы, өзен жағасына шығатын болған. Қоңырқай күңгірт даусымен көмескілеу үн қатып, аз кем сөз айтатын болған.

Бір күні, жылы күздің басында ол өз ағасы Қаныбекке бұйрық кып — бүгінде жалпы есебі үш жүзді жағалайтын жылқы фермасының бастығы аталас ағайыны — Өсет Нүрекеевті шақыртты. Оған Әділай салған жерден:

— Келтір, — деді.

— Нені көке?

— Кертөбел айғырды келтір.

— Ол Алтыбайдың астында ғой, көке.

— Құдайдың астында болса да, келтір, маған Кертөбелді.

— Басты бір изеп, Өсет үнсіз жөнелді.

Әділайдың бұл кезде от жүрегі астан-кестен. Кертөбел айғыр майданға аттанғанға шейін Әділайдың жандай жақсы көрген төл аты еді. Қос қанатындай болған, кекілінен жел ескен сол аякөз жануармен ол қаншама бұрқасын боранда, жұлдызды түндерде жортып, туған жердің бел-белес, қыр-қырқасын, адуын асуларын аспап па еді. Қайда салса да мүдіруді, сүрінуді білмеген, асыл алмастай тіліп шығар жол серігі, жан серігі еді. Енді ол бүгінде еш нәрсе білмегендей, еш нәрсе сезбегендей аудан мықтысының біреуі әкеліп қойған, келгін бастық Алтыбайдың астында жүр. Ал Алтыбай болса, әуелгі айларда тағдыр оны төсекке танған әрекетсіз, шарасыз шағында алдына бірер келіп, — қалайсыз, — деп кеткеннен кейін ат басын бұруды қойған.

Оның есесіне ауыл сыртын жанай қасқиған қара жолмен кер төбелді сипай камшылап, арынды екпініне ерік беріп, жоғары-

төмен желдей есіп өтетін Алытбайды Әділай күнде керегенін көгінен көріп отыр.

Заман сазы екен де, сол кертөбелдің дөнен, бесті шағында ор қояндай орғып, жал-құйрығын жел есіп, бұл Әділайды жалғанның жасыл жайлауында сайран салғызып, өмірдің қаншама қызықшыжығына мильығынан батырмап па, еді. Бұл аралықты айтып болмас, соңына төрт ғасырлық салмақ тастаған не бары төрт жыл бөліп тұр. Оның екі жылы қан сасыған майдан мен госпитальда, екі жылы жіпсіз байланған төсекте өтті. Енді алып кеудесінде ынтазар өмірдің оты, күштар көңілдің дерті сөнбейтін құрыш тұлғалы Әділай, нар кеудесін биік көтеріп, мына айнала қоршаған қыран таулары, одан әрі шетсіз дүние шегіне көз жібергенде оның жасаураған жанары қайтадан ұшқын атып, қиялы кертөбелдің үстінде биік самғайтын болды.

Ендігі оның жанын жай тапқызбай, отты жүрегін торға түскен торғайдай еткен бір ғана дерт, күндіз-түні көлбендеп алдынан кетпейтін кер арғымақтың үсті болған. Кер арғымақ үстінен бұдан төрт жыл бұрын сыпырылған, төрт жыл бойы жан адамның қолы тимей, үлкен үйдің төрінде ілулі тұрған күміс жабдықты тұрманын қайта салып, былғары айылын қайта тартып, тұлпар тұғырына көктүлек қаршығадай қайта бір қонар болса, мына өрдегі ұлы бабалардың жайлауы көкжонның бетегелі беліне есілтіп бір шығар болса, мына бұлан құйрық дүниенің мерейі сонда тынатын сияқты.

Әділайдан жалғыз ауыз бұйрық алған Өсет ол күні Доланалы бұлақ сағасында, топ ауыл ішіндегі Алтыбайдың үйіне талма түстің шағында келді. Атынан түсіп жатып, қаратал саясында кермеде суып тұрған тұлғасы есік пен төрдей келісті кертөбелді көрді. Атын байлап, асықпай майман басып алма бағында кең жайылған текемет, көрпе үстінде барқыт жастығын шынтаққа басып, шай ішіп отырған Алтыбайға сәлем берді.

– Иә, жол болсын, – деді бастық.

– Әлей болсын, Әдекең ағаның, сізге айтқан бір сәлем-тілегімен келдім.

– Иә, не сөз, қандай тілек екен, ол?

– Тілейтіні сол, ат желігін бастан кешкен адам ғой, баяғы өзі мінген кертөбелге көңілі кетіп отыр. Біраз күн мініп, қайтарсам дейді.

– Кертөбел!.. Әділай кертөбелді мінбек пе? Ол болмайтын шаруа. Жарымжан адам, жұлдыздай ағып тұрған кертөбелді не

кылсын. Одан да анау үшіншідегі Құралбай бағымындағы жайлы-жуас сарыбауыр биені беріндер, соны мінсін.

Өсет қанша өрекіп, дәлелдеп өтініп, жалынып айтқанмен Алтыбай айтқанынан қайтпайды. — Ат мінетін адам алдымен өзінің хал-ахуалына қарауы керек. Әділайға енді арғымақ мініп, алшандатып жүру қайда. Құр бекерге көкіректі көтере бермесін. Жанын күткені жөн болады. Түсіндіріп айтыңдар, деп, өзеуреді.

Алтыбайдың бұл сөзін, Өсет әрине Әділайға айтқан жоқ. Онсыз да сырқырай-сыздаумен күн-түн күзететін жаралы жүрекке ұшқын тастай алмады. Кертөбел үркек мінез шығарыпты, мініп жүру қауіпті екен. Жайлы-жуас сарыбауыр биені мінгеніңіз жөн болмас па екен деп майдалап еді. Бірақ ол мән-жайды айтпай түсінді. Қанталап, жасаураған отты көзін ашық есік арқылы сонау қиян қырқаға қадаған күйі түсі сұрлана сазарып, үн қатпай ұзақ отырды. Тек әлде бір шақта ғана:

— Жарайды, бара бер шаруаңа, — деді.

— Бұл сарша-тамыздың ақыры, күні ертең мизамы ұшқан қыркүйек кірмек. Елдің дүр-дүрмекті, ду-думанды көп көрер берекелі сары күздің мезгілі де қыр астында тұр. Сол күндері биылғы Ұлы октябрьдың отыз жылдығы бүткіл аудан елінде аса зор салтанатпен өтеді екен. Ұлан-асыр той болып жүйріктер құйрық сүзіп, аламан бәйге шабылып қалын көкпар тартылмақ. Бұл салтанатты тойды өткізуге ауданның басшысы Боранбаевтың өзі келеді екен деген үрдіс хабар ел ішіне кең тарап жатқан-ды.

— «Той дегенде қу бас домалайды» деген қазақ, ол күндері арғы-бергі дүниеде талай думанды доданы бастан кешкен Құралбай, Нұрсейіт, Ермекбай сынды көрі шабандозы бар, бүгінгі жана пері, бірлі жарым майданнан сынық канат тырнадай жаралы қайтқан жауынгерге дейін ат жалын тартып мінер еркек кіндік азамат атаулы тайлы-таяғымен сол алдағы ұлы тойға қалың өзірлік үстінде. Ат-әбзелдерін әзірлеп, осы жолы қан додаға түсіп, бір айқасып көрсем, — деп алақанға түкіріп отыр.

Сол айтулы күні алтыншы қарашаның таңында, ішінде ауылдың бетке ұстар беделді кісілері Қожатай, Өсет, Тұрсынбек, Жаңатай, Қабыш, Орманбек, Мөдек бар бір қосын ер-азаматы, — Қабыштың күміс тұрманды қара атын жетекке алып, Әділайға келген. Олар:

— Көне көке, атқа қоныңыз, өзімізбен бірге болыңыз,— деп той-думанға бірге баруға тілек айтқан. Ел қасиетін ағайынның қадірін биік санайтын Әділай, көп сөзге келмей:

— Жарайды барайын. Тек мені Кертөбелден өзге ат үстіне қондырам деп әуре болмандар. Қырық екінің бір күзінде — соңғы қоштасқан күнімдей, сол күнгі ер-тұрманымды салып, жануарды жібек жалынан бір сипап түссем, арман-мұрат сонымен тынбақ. Әнеу текшеден ер-тұрманды алып, арбаға салыңдар, мен той сөресіне шейін арбамен барам, — деген.

Әділай қос ат жегінді, ішіне белден шөп төселіп, киіз, бөстекке жабылған арба үстінде отырғалы недәуір уақыт өткен. Арғы жағы Боралдай тау өлкесі, күншығысы марка биігі, Ылдида талды мен қошқардың қара суы ағып жатқан-аралық, Төлесайдың бидайықты боз жотасы бүгін қара құрым қаптаған атты адамның майданы. Екінді шағында басталған қансәлет көкпар ет додасы киіздей тұтасып, ауқымды айдынды тұтас алған қара нөпір тасқыны уақыт озған сайын мольға, толығы түсіп, шаң мен қалың айқай-шу астында дүрліге түсіп толассыз толқып жатыр.

Бір жағы Жуалы-Талас, Ылдиы Шаянның қалың елі боп, екі ұдай бөлініп, қарақшы мәре-салымын белгілеп, қалың көкпардың адам мен ат жаны шыдап болмас қым-қуыт тартысқа, шабысқа түсу бұл жақтың қашанғы қансінді салты еді. Осы думанды додада тай серкені тақымға басып асыл алмастай топты жарып шығу, мәреге салым салу, дүйім жұрт алдында мерейі үстем болу кімнің қанын қыздырып, қай шабандоздың арқа әруағын қоздырмас.

Ылди-өрдін дүйім жұртына атақ-даңқы көптен мәлім Кеңсайдың Құралбайы, Сарыойлықтың Нұрсейітті, Балабегі, Боралдайдың Ермекбайы, әлдеқашан осы ет дода ішіне сіңген. Мына өрдегі шаңлақ Келтоғанның аты шулы Шопанбай, Жамау, Торғаймен жанталас айқасқа түсіп жатқан да шығар, ендігі. Біреу сол қалыңнан көріпті, жалғаз көзді Ермекбайдың сау көзі үстінен қасқа маңдайын ат тісі айырып кетіпті. Маңдайдан аққан қан жоса боп ағып, ақ көйлектің омырауына сорғып жүр дейді. Соны Ермекбайға бір жанашыр көрсеткен екен, оған Ермекбай:

— Бұл жақсы болды. Өзім де Әлім-қожаға барып, қан алдырғалы жүр едім, — деп қалың доданың тереңіне бойлай беріпті.

Күн кеш тартып, көлеңке ұзарып теріскейден салқын-самал жел есті. Бұл сәт жанталас көкпардың тасқындап, шыңына шыққан шағы. Кім мықты, кім осал, жан тер төккен айдынды майданда айқын көрінетін сәті де туған. Сол шақта кәйтіп, қандай халде Алтыбай астынан аударып алғанын бір құдай білсін, кескір де өткір мінезді Мәдек, толысқан тұлғасы есікпен төрдей келісті

арғымақ-кертөбелді, алшаң бастыра келіп, Әділай алдына көлденең тарта берді. Әлде кім, Алтыбайдың мақпал көпшілікпен шілтерленген ер тұрманын шашып жіберіп, жалма-жан арба үстіндегі баяғы ескі жабдығын жүйрік үстіне тұрмандатып жатты.

Әділай арбасынан асықпай түсіп, бір кездегі кертөбелге таныс бапты баяу қимылмен оның жанына келді, оны төгілген кекілінен, жалынан сипап аз тұрды да, баяғы бір кездегідей ат үстіне жеңіл қонып, арғымақты алшаң бастырып, таяудағы бел үстіне аяндады. Сол шеттен алдыңғы еністе алдыңғы қым-қуат айқасқан ет-додаға отты жанарын салып, бейне тұғырдағы тас мүсіндей тапжылмай ұзақ тұрды.

Енді бір кез қалың дода жыртыла айырылып, «Ал-ха» лаған айқай-шу астында омырауы есіктей қара айғырға арындата қамшы басып, тай серкені тақымға басқан шомбалдай шойын қара суырылып шыға берді.

— Ай-най, шіркін мынаның екпінін-ай! Тарт солай, қамшы-бас, қамшы-бас! — деген ащы айқай естілді.

— Жамау! Ойбай Жамау ғой мынау! — Жан шак келген бе, бұған. Ұмтыл ойбай, ұстандар, — деп арт жақта күллі Шаянның намысын жырта қызыл өңеш айғайға басқан қызба Тұрсынның жан даусы шықты.

Бұл кезде қырқада шоғырланған қалың топ боз жотаның биігінен, қиян көктен шаншылған қырандай сорғып, түп-тура топ жарған Жамауды бетке алып ағындап бара жатқан жалғыз аттылыны көрді.

— Әділай, ойбай Әділай ғой анау! — дескен оқыс айқай шықты.

— Ойпыр-ай, ойпыр-ай, — десіп әр жерде сілтідей тынып қалған жұрт.

Әділай сол атылған бетте ерен екпінмен арындап келе жатқан Жамауды жанай шауып, осы беткейдің биігінде қуып жетті. Жетті де тақымдағы тай серкеге қол салды. Қос жауырыны қанды шеңгел бүркіттей күжірейіп, екі көзі қанталап, қызынып алған шабандоз тақымы бейне бір көкпармен тұтас қайнап біткендей, міз бағар емес. Арт жақтан қалың дүрмек ішінен әлде кімнің:

— Ойбай Жамау көтерт, көтерт! — деген жан даусы шықты. Бірақ оған құлақ асар Жамау жоқ, қара айғырын бет ашыққа салып, баз-баяғы ерен екпінімен тартып барады.

Енді Әділай өз халін, жаралы жайын бір жола ұмытқан. Әнеу бір жылғы айтулы қажыр-қайратына қайта мініп, нажағай отындай шарт-шұрт қимылмен оң жамбасқа аударыла беріп, сол

жақ аяғын Жамау тебінгісіне тірей тай серкені артқы тілерсектен шалған бетте қос-қолдап шірей тартып, сілкіп-сілкіп жіберді. Жұрындай жұлынған көкпарды тақымға басып, енді Әділай ат басын өрге бұрды. Осынау ұлы дүбірлі ел шоғырын арынды екпінімен бір айналып шықты да, көкпарын мәреге тастай берді. «Е-құдайлап» екі көзін бұдан алмай, аңтарылған қалыңға тартты.

— Ұста, ойбай ұстай беріндер! — деген ат үстінен барлыға шыққан Ұлыбектің үрейлі даусы естілді. Бұл сәтте ат басын өзін қаумаштай қоршаған қалың ағайын-жұрты ортасына тіреген Әділай қоңыркай жүзі қуқыл тартып бір сәт шалқая толқып тұрды да, ат үстінен өзіне ұмтыла берген Қабыш пен Тұрыстың құшағына құлай берді. Оның ақ дәкемен тас қып таңылған басынан оң самайын сыза жылыса аққан қанды су көрінді. Жайлы арба үстінде осынау қызыл сеңгір құзарынан асып, батуға бет түзеген күн нұрымен бірге, нар кеудеге сыймаған ұлы жүрек те, жуасып, жым-жырт жылы ұйқысына кете барды.

Араға күн салып, жетімсіреп, егілген ел айбарлы арысын биік көтеріп оны ұлы бабалар мәңгілік тұрағын тапқан қасиетті жер топырағына тапсырды.



1929-шы жылдын суық күзінде алыстағы Ишан-Базардан шыққан төрт салт атты Боралдай тауын бетке алып суыт келе жатты. Бұлар құрамында П.Жұмабаев, Ы. Оспанов, Н. Тоқтауылов, Д. Ахметовтей ірі бастықтары бар, ауданның прокуроры Б. Бегалиев бастаған жекешіл байлардың мал-мүлкін конфескелеп өздерін жер аударуға өкілдік алған әкімшіл топ еді.

Бұлардың бұл Боралдай тау атырабын бетке алуының мәні алыста, совет өкіметінің саясатынан шеткері, атақты Жандарбек болыстың елінде, әлі бай-бағыландар іргесі сөгілмей отырған көрінеді. Топ жетекшісі – прокурордың қайыс сөмкесінде 18-ші ауыл, Ақбастау мекеніндегі ірі байлар жөніндегі мағлұматтар да жатқан. Енді бұлардың тамырына балта шауып, жаңа заманның не екенін іс жүзінде көрсетпек.

Бірақ бұлар мықтап кателескен және кеш қалған еді. Бұл елге бұдан бірер жыл бұрын, қолында уездік оқу бөлімінің жолдамасы бар, алыстағы Ақбастау ауылында мектеп ашып, жас шәкірттерді оқу-білімге тартуға, Қазан шаһарынан келген халықтық мұғалім – Мұхиддинов Әбдрахман деген зиялы азамат, – бұл елге келгелі ат үстіндегі белді-белсенді азаматтардың көзін ашып, ел-жұртқа бағыт-бағдар беріп, заман ағымына қарай іс ұйымдастырып үлгірген еді. Сондықтан да былайғы жұрт бұл Әбдрахманды Боралдай еліне «Ғайыптан түскен қыдыр» – деп дөріптейтін-ді.

Сол Әбдрахман сол жылғы ерте түскен сары күздің бір қоныржай, жайлы кешінде, мектеп ашылған төменгі Сарман ауылынан, жайлауша бұлақта күзекі қоныста отырған, жақында ғана ұйысқан жаңа колхоздың бастығы ауылдағы алғашқы бөлшебек Беласарұлы үйіне келіп аттан түскен.

–Иә, мұғалім, төрлет, жай-жағдайың жақсы ма, оқуың жүріп жатыр ма? –деп Бейсе шай дастарханы үстінде Әбдрахманды сөзге тартқан.

– Ел аман болса, жағдай да жақсы. Ал ел басына күн туса жеке бастың саулығынан не пайда. Мен Бейсе, саған осы елдің жайын ойлап, бел шешіп жата алмай тығыз сөзбен келіп отырмын

– деп Әбдрахман әр кез қолтығында жүретін қоңыр былғары папкесінен төрт бүктеулі жаңа газетін шығарды.

– Міне, деді Әбдрахман, орысша Мәскеуде басылған газеттің бірінші бетін сұқ саусағымен нұқып көрсетіп. – Лениннің жаңа экономикалық саясаты осымен тынды. Қазір бүткіл елде, оның ішінде Филлип Галашөкин басқарған Қазақстанда бай-кулақтарды тап ретінде жоюдың науқаны басталып жатыр. Бұл ешкімді, бала әкені, ағайын-туысканды аямайтын нағыз қатал саясат! Егер де, мына ауқатты шаруалардың мал біткенін ортаға, бірлескен-шаруашылық яғни колхозға басын қосып, «Өз еркімен» ұйымдастырудың тиісті қаулы-құжатын жасап, барша жұрттың қорасын малдан тазартып қоймасаң – сен мына бетке ұстар орта шаруалы ауқатты еліңнен айрыласың!

– Оу, мұғалім, бай-кулак деп кімдерді айтып отырсың? Біздегі ең бай дегеніміз әлгі Шоқайбай ма? – оның жүз елу тұяғы кімге тұлға болмақ.

– Сен Бейсе, тым халықшыл адамсың. Бәрі бөз-баяғы қалпында тұрса дейсін. Болмайды – ол! Күні ертен, осы таңның атыссымен жүз елу тұяғы емес, елу тұяқ, тіпті он-онбес тұяғын талғажу ғып отырған туысқаның «бай» болып шыға келмесіне кім кепіл. «Бай емес» – деп оларды кім қорғайды. Мына отырған бірінші бөлшебек өзің де қорғай алмайсың. Қазір кеш, күн әлі батқан жоқ. Жөшекеңді жый. Комиссиянды құр. Таңның атуымен іске кірісетін бол. Ауылда қанша түтін болса, соншасы «бар малды өз еркімізбен колхозға бердік. Мал колхоздікі, өзім колхозшымын», – деген сенім-әктісін жасаттыру керек. Сонда ғана сен мына аз ағайынды кәмпіс болып айдалып кетуден сақтайсың.

– Оның бәрін сен қалай біліп отырсың, мұғалім, түсінде аян беретін көріпкелің бар ма еді, – деп Бейсе, Әбдрахманға әзіл аралас сынап көз қиығын салды.

– Еш қандай көріпкел емес. Міне мынада айқын айтылып тұр, – бәрі. Мұғалім, орталық «Правда» газетіндегі Сталиннің «Ұлы өзгеріс жылы» атты мақаласын шертіп көрсетті.

– Солай де мұғалім.

– Солай Бейсе! Бүгінгі күн біздің еркімізде, біздің пайдамызда. Ертеңгі күн де бізге қызмет етуі кәдік. Ал арғы күнді күтсек кеш қалуымыз әбден мүмкін.

– Жә, жаман айтпай жақсы жоқ, – деген. Ендеше Әбдрахман, таңмен бірге бәріміз ертелеп атқа мінеміз. Ұйыстыру протоколын

өз қолыңмен жазатын бол. —Осы түн ішінде барша түтін атаулыны ертең таң атысымен бар малын өз еркімен айдап келіп, колхозға ұйысып, біріккен шаруа құрамына өтуге шақырамыз.

Осы әңгіменің ізінше әр кез Бейсе жанынан табылатын ауылдың мықты белсенділері Молдабек, Қалтай, Қырықбай, Қожамжар бастап, дүркірей өсіп келе жатқан жастардан Сейдаз, Арынбай, Алтынбек, Құрамыстар болып жиырма шақты адам топ-топқа бөлініп, Тайшыман сазынан, Дүйсебай қыстауына дейінгі Боралдай бойындағы топ-топ шоғырланған ауылдарды аралап, таңмен бірге таласа колхоз жалауы көтерілетінін, сол жалау астында малды ортаға салып, ынтымақпен ұйымдасқан жаңаша қоғам құрудың шұғыл хабарын айтып шықты.

Сол күннің ертеңіне оянған ел Госпалы сыртында арқалықтағы айдынды-биік дөңгелек сазға алшысынан тігілген ақ орда үй, үй үстінде самал желмен биік желбіреген қыр үстіндегі қызғалдақтай қырмызы жалауды көрді. Бұл тау елі бұған шейін көріп білмеген ерекше жай еді. Бейсе айтты екен, — біліп айтты, у ішсең руыңмен деген, шіл қиындай бытырап күнелткенше, не көрсек те көппен бірге көрейік, —деп ең төменгі шеттен Бәйелдің Дүйсебайы бірінші болып қозғалып, уақ-түйегін айдап, сиырын жетелеп, қыл құйрыққа нөқта салған жұрт бір-бірлеп қырқаны өрлеп алыстан шалынатын дөңгелек сазға бет алды. Үй аулада тігерге тұяқ қалдырмай орта шаруадан кедей-кепшікке дейінгі барша жұрт бетке ұстаған барын алып келіп, Бейсе бас болып, ұйымдастыру штабында қат-қабат іс үстіндегі белсенді топқа тіркетіп жатты.

Күн екінді шағында ұйыстыру жұмысының қорытындысын жариялады. Өз еркімен ұйысқан «Ақбастау» колхоз шаруасында 84 түтін бар. Ондағы барша еңбеккер жан енді сол колхоздың мүшесі. Орталыққа ұйысқан 1372 уақ мал, 73 ірі қара 106 жылқы енді бұл күннен бастап бірлескен колхоздың малы. —Олай емес, өзімдікі, жеке меншігім дейтін, саясатқа қарсы дауыс көтерген пенде жоқ.

Сол жиынның шешімі, білімдар, хатқа жүйрік Әбдрахманның қолымен... «Біздер Боралдай бойындағы 18-ші ауыл адамдары, — Жоғары өкіметтің нұсқауына бір кісідей үн қосып, өз еркімізбен «Ақбастау» колхозының құрамына кірдік. Ендігі жерде...» деген сөзбен басталған екен. Сол қауымдастық қаулысы күндей күркіреген Бейсенің зор даусымен жария етілгенде, — сілтідей ұйып тындап отырған жұрт, оны қошеметтеп шатырлата қол

соқты. Бұл өлкеде бұрын сонды болмаған тың жаңалық еді. Екпінді өкілдер тобы ол күні мезеттегі жерге жетіп конуды ойлап, осы есеппен саяқ аттарын жедел жүріске бастырып келе жатқан. Бірақ, тау қойнына кіргелі бұралаң ағысты Боралдайдың көлденең-көп өткелі қайрақ тас, соқтықпалы соқпағымен жолаушы жолын қиындата түсті. Күн батуға еңкейіп, тау ішін қоңыр көленке басқанда алдағы кең қойнаудан үрген ит даусы естіліп, ізінше күнес беткейге өрлей салынған ескі қыстау көрінді. Бұл үлкен Боралдай аңғырында, қашанғы ата мекенге қыстау жайға күзекі қоныстан жақында көшіп келген Бөйеке байдың ауылы еді.

Бай дегені болмаса, Бөйеке анау айтқан асып-тасыған бай емес. Есеппен күн кешулі тоқ шаруаның бірі еді. Тоқты-тораны аралас жүз қаралы ғана уақ-тұяқтың иесі. Мінер ат, киер киімі бүтін, түтіні шығып, қолда барды бұйыртса, осыған шүкір деген жайы бар.

Шүкір демеске не шара. Мына өрістегі қараң-құраң өзі көп жылдан бергі қас-кірпігін бағып, қасықтап жиған көңіл жұбанышы, тіршілігінің тірегі. Қыстауға көшіп келгелі Бөйеке бәйбішесі Құндызаймен кеңесе жүріп алдағы қыс қауметіне деп бес-он тұяқты ыңғайлап, мына ойды орып, қырды қырып құбылған заман қырына алмай, бөрі-қарысынан сақтаса, бұйыртқанын көрерміз — деп тәңірге тәубе десіп жүр еді.

Күндегідей бай көне түлкі тымағы басында биязы шидемін жамылып, бүгінде мына ымырт үйірілгенге дейінгі күн жарығын бағып, өрістегі мал шетіне шағын қоралы тұяқтың боз жусанның күлтесін бырт-бырт үзіп құныға жайлағанын қызықтап ауыл сыртында өріс шетінде тұрған-ды. Кенет, төменгі Қитушалға мезеп жатқан жолмен осылай беттеп, келе жатқан топ аттылы көрінді. Жүрісі суыт, тұрпаты суық. Ел адамдарынан өзгеше, тұп-тура осылай беттеп, екпіндей түсіп келеді. Бұлар иттерді шулатып ауыл үйді орағыта өтіп, үсті басы мұздай қайыс киініп, беліне тапаншасын байлаған бірі ат үстінен тіл қатты.

—Бұл қай жер, қайда келдік, ақсақал?

—А, бұ жер ме, бұл жерді Байқалмақ — дейді.

—Қалмақ! Қайдағы қалмақты айтып тұрсыз, ақсақал?

—Ее, бұл қазақтың басынан не өтпеген, қарағым, бір заманда бұл жерді қалмақ алған. Содан қалған сөз, де!

—Ал мына ауыл кімдікі, мына мал кімнің малы?

—Е-ей, қарағым-ай, қазақтың малдан басқа күні бар ма. Күн көріспен өсіп-өнген азын-аулақ тұяғымыз еді.

—Азын-аулақ! Ее, мұны, аз дейсіз ғой, — малым аз, кедеймін деп тұрсың ғой!..

Бәйеке жауап орнына түсі қаша сұрланып, үнсіз қалды. Іші мұздап, тұла бойы түршігіп, тілге сөз оралмады. Ел шетіне жеткен «кәмпіс» дейтін беті суық пәленің келіп қалғаны ма, шынымен. Ол басы дыңылдап, тұла бойы зіл басқандай қозғалмады. Көз алдына әлде не, қайдағы бір қиыр, қар басқан меңіреу шет итжеккеннің сұрқай суреті елестеді. Сол сәтте Бәйекенің батпан ойын серпіп жібергендей, әлгі аттылы топтың бірі:

—Айтыңызшы ақсақал, өргі Боралдай, Алакүшік-Ақбастау ауылы осы жерден алыс па? — деді.

Уәкілдің мына сұрағы, оны басқа түскен пәледен құтқаратындай көрінді. «Бәледен майшық қашты» деген ғой, ертерек жөн көрсетіп құтылуды ойлады.

—Алакүшік, дейсің бе? — Бәйеке жел аударған қаңбақтай қалбандады. —Алакүшік-Ақбастау ауылы жап-жақын. Тиіп тұр. Әнеу бір көрінген тұмсықтан өтсен, қылт ете қаласың.

—Жәррайды! Кеттік ендеше — деп өкілдер тобын бастаған тапаншалы бастық Бәйекеге ызғарлана көз тастап, ат басын шұғыл бұрып, жөнеле берді. Олар өзен жағасы тас тағанда өрге тартқан тау жолына қайта түсті. Әлгі Бәйеке шал көрсеткен тұмсық әлде қашан артта қалды. Тұмсықтан соң тұмсық, өткелден-өткел кездесіп, сақырлаған тасты жол таусылар емес. Көп ұзамай тау шатқалын тымшап, қою қараңғылық жапты. Арна жағалап шыжымадай созылған көмескі соқпақ та көзден ғайып болды. Көбігін атып, тастан-тасқа секірген асау өзеннің сарыны бас айналдырды. Жол жағалай төнген қалың қарағаш, ақшешек, долананың тікенді бұтасы бет тырнап, көзді шарпыды.

—Ой біз қайда келдік, мынау қиямет-қой өзі деген, сол жақтан Тоқтауыловтың ащы даусы шықты. Сонымен бірге алдыңғы жақтағы өзеннің тайғақ кешуінде жығылып, барлыққан ат пен адамның үні естілді.

—Солға, сол жаққа шығындар, деп алдыңғы жақта жолды бастаған Ахметов аптыға айқайлады.

Аттарын жетекке алып, сүріне-қабына, шатысып-бытысқан ағаш бұталары арасынан оң қапталға, алаңқайға шыққан бұлар, енді жүріп болмас, тастан құлап, не иірімге батып өлгеннен, енді мына көрінген жартас панасында ықтасында түнеген артық болар десті.

Боралдай ішінің қиын жол, тайғақ кешуінен сырттай хабардар

Оспанов, өр жақта түнерген жартастың жақпарынан басқа пана боларлық ұңғыма үңгір тапты. Бұл қаншама заманнан бері ел арасы жете алмаған жолаушының қоналқы орны – күнгей бұғамалдың үңгірі еді.

Үңгір іші құрғақ. Жиырма шақты кісі еркін сиярлық алаңқай еді, табиғаттың өлмеген құлға деген мекен-жайы еді. Өзенге таяу қалыңнан қуарған бұталар әкелініп, үңгірге от жағылды. Аттар беткейдегі қалың бозға, отқа жіберілді. От жылуы, сөз қызуында отырып, бұлар аттар танды көзбен атырды. Айнала айқын көрініп, тау биігін шығыстың қызыл нұры шалғанда көкірегің ыза мен ызғар кернеген жүргіншілер атқа мініп, өткен түн беймезгіл үзілген соқпағына қайта түсті.

Ишан-базардан өкілдікпен шыққан әміршіл топ таудағы ел шетіне осы ауылда өткен бірлесу жиыннан төрт күн өткесін келді. Олардың бірінші сұрау салған адамы Ақсу-Майлықентте 16 жыл болыс болып, бүгінде жансауға күйге түсіп, – Боралдай ішінде жүрген әйгілі білімдар-шешен Тазабекұлы Жандарбек болды. Есеп бойынша бірінші құрық күні кеше сөзі де, өзі де ел ішінде үстем болған, көрнекі тұлға Жандарбектің мойнына түсуге тиіс еді. Бірақ алыс-жақыннан хабардар, көреген Жандарбек бұл жолы да шалдырмады. Күнгей асып, белгісіз қиырға жол шегіп кеткен болып шықты.

Бұл хабарға кіжініп, тісін қайраған Бегалиев енді, қоңыр сөмкедегі тізімге көз жүгіртіп бұл шеттің белгілі байы саналатын Шоқайбай, Билібай, Тұрғынбай, Сарман сияқты ауқатты дәулеттілердің мал-мүлкін қаттап, матастырып, байлап әкету, айдап әкету есебімен, тау шатқалын өрлей түсті. Бұлардың арқа сүйер белді адамы әрине ауылдағы бірінші бөлшебек және Жәшеке жетекшісі, әрі колхоз шаруасын ұйымдастыруға жақында ғана ауданнан өкілдік алған Беласарұлы Бейсе мен кедей табынан шыққан Қалтай, Молдабек, Қожамжар сияқты белсенділер.

Сол есеппен бұлар шаңқай түстің шағында Жайлауша бұлақтың сағасында, ескі қыстау маңында киіз үйде үзеңгілес серіктері Молдабек, Қалтай, Маймыш, Қырықбаймен оңаша кеңес құрып отырған Бейсенің ақ үйіне келіп аттан түскен. Аман-есендіктен кейін Бегалиев әңгімені төтесінен қойып, шұғыл түрде есеп комиссиясын құру қажеттігін айтқан.

— Ол не үшін керек, — деді Бейсе.

— Байлардың мал-мүлкін қаттап, конфискелеу үшін керек.

— Қайдағы бай?!

— Сіз, Беласарұлы жолдас, еш нәрсені көрмейтін сияқтысыз. Көрмесеніз көресіз. Шіріген байдың тұтас бір қауымы сіздің қанатыңыздың астында өсіп-өніп жатыр.

— Бұлар енді тап ретінде жойылуға тиіс, — деп қайыс сөмкенің қақпағын ашып, ішінен сірескен жазу астына мөр басылған қайдағы бір қағаздарын шығара берді.

— Мен сізге шын айтамын, — жолдас Бегалиев. Бізде бай-бағлан да, құл да, құлақ та жоқ бүгін. Бәрі бір дәрежелі колхозшылар. Мал-пұл атауы елдің өз еркімен орталық ұйымға түскен. Барлық мал бес жүзден үш фермаға бөлінген. Басына адам қойылған. Қазір жеке шаруада тігерге қалған тұяқ жоқ. Естіп отырсыз ба жолдас, Бегалиев?

— Ол қашаннан бері?

— Бүгін төртінші күн. Ел енді ата тегімен емес, бригадалық бірлестікке бірігіп, жанаша іс қылуға бет бұрып жатыр.

— Болмайды ол! Байдың аты бай, жансауға ғып, кеше малын айдап беріпті деп, тап жауын құтқарып жібере алмаймыз.

— Тап жауы емес, менің елім, — бүгінгі ұйымдасқан колхозшылар. Менің қойдай ғып, айдап жіберер адамым көп емес. Барын ортаға салып, малсыз-күйсіз қалған елді сақтау, ел ғып басын қосу, еңбекпен жаңа өмір, жаңа тұрмысқа жеткізу менің міндетім.

— Сіз Беласарұлы, қайталап айтамын, білесіз бе, кімдерді қорғап отырғаныңызды? Ертең тереңі саяси мән берілгенде, өкініп жүрменіз.

— Білем, жолдас Бегалиев, — өте жақсы білемін. Егер де жалаңаш етіне қап киіп жүрген сорлы шаруадан бай-бағыланын жасайтын болсаңдар, менің жаным солармен бірге. Не көрсем де солармен бірге көрдім. Айтарым сол!

Солай, аудан прокуроры Бегалиев бастаған аларман, шабарман топ, бұл ауылдан түнеріп, үнсіз аттанды. Осы ашумен жол-жөнекей ілінген байды аламыз, — деп қыр астындағы Қошқарата ауылына бұрылған еді. Онда да ел колхозға бірігіп қалған. Жеке отарда елу шуакты уақ-тұяқпен қалған Шәңке дейтін бай. Осылай зорлық пен қорлық жайлаған сол бір кезеңде ел арасы дегенді естіп, ауыл белсендісі Сүгірбайға жол бастатып, Доланалыда күзекті қоныста отырған жалғыз үйлі Шәңкенің қара құрым киіз

жапқан қиқана қоныстағы ескі үйіне келген. Иә, бұлар іздеп келген Шәңке баймен де сол ауыл сырты өрісте кездесті. Тоқты-тораң ешкі-лағы аралас елу шамалы тұяқтың сонында жұмыр дорбасын иыққа асқан, қолдан тоқылған қап шекпен, балағы өрім-өрім қап шалбар киген, жамбасынан басқан ақжұлық көн шоқайдың ақжұлық жыртығынан шұлғауы шыққан, аузында бір тіс жоқ қызыл иек жалақ сары келеді екен.

— Бай осы ма, — деді Бегалиев, топай торысын тебініп, жанаса тоқтаған Сүгірбайға ызғарлана көз салып.

— Осы.

— Қанша малы бар мұның?

— Өзі айтсын, мал егесі өзі ғой.

— Көне бай, қанша малың бар?

Шәңке жауап орнына қолындағы таяғын ұсынды. Байдың есебі осы таяғында еді. Таяқтың ұзына бойы пышақпен кертіп салған белгі. Бір қой қоздаса бір керттік қосылады. Өлсе, жоғалса бір керттік жонып тасталады, — екен.

— Ой-бо-ой, мынауың міріден-сірі айырған нағыз есепшінің өзі ғой, бұл бай болмағанда мен бай болайын ба, — деп Тоқтауыұлов ат үстінен қарғаша қарқылдады.

Есепші дегенге Шәңке мәз болғандай, шикіл сары реңі күреңітіп, кішкене мысық көзінен көңілді ұшқын көрінді.

— Жақында бір тоқтыны қасқыр жеді. Қалғаны осы, — деп таяғын нұсқады.

— Ал көне бай, шыныңды айт, малыңды ортаға саласың ба, өлде малыңмен қоса өзінді айдап кетеміз бе?

— Ойбай, ондайынды айтпа айналайын! Ал, бәрін ал малымның. Тек өз басыма ерік бер. Шиеттей бала-шаға шулап қалмасын, сауға сауға, — о, тоба, сактай гөр, — деп бебеу қақты.

— Жарайды, мұның мал-мүлкін қаттап, есепке алындар, жұмысқа жегіндер — деп Бегалиев ат басын кері бұрды.

Мынаны бай деп айдап барып абырой таппаспыз, — деп Жұмабаев та прокурордың сөзін қуаттай түсті.

Ауданнан биік өкілдік, өктем билікпен келген Бегалиевтің өкілдер тобы істі осымен тындырып, енді ел арасы жайлы жол жайбар өріспен кері қайтуға тиісті еді. Бірақ ішке мұз боп қатқан кешегі күннің ызасы бұларды Адамтас-Алмалының кең қасқа жолымен емес, қайтадан қыр асырып, қиыс тартқан Боралдайдың

қиын кешулі тар соқпағына бастады. Бұлар енді кешегі бел асқан бесеу емес, осы Доланалы мен Госпалының атқа мінген белді-белсендісінен төрт шабарманды қосып ап, еру-шерулі дүр-дүбірмен келе жатты. Жауға аттанған сыңайлы ауыл бөлшебегі Молдабектің тақымында жеке ауыз сінтірәлке де, бәрінің қолында тобылғы сапты, төрт құрлы дырау қамшы. Бейне бір құрбандығын алыстан бағып, айла тәсілмен андып-басқан қандыкөз ұялас қасқыр дерсін.

Бұл күшейген аларман тобыр тас тағанды Боралдайдың жолымен Байқалмақ қыстауына келгенде шаңқай түстің шағы еді. Байеке бай мандайға біткен бар малын қоңыр қойнауа тас кенерге жусатып, өзі өрленкірей самал төсінде отырған жерінен табылды.

Бұлар алдын-ала келіскендей, ауыл шетіне кіре екіге бөлініп бірі мал жаққа өрлеп, екінші топ үн-түнсіз үй алдына түсе қалысып, кідірмей іске кірісті. Төр алдына қаттап жиылған жүктер үй ортасына шашылып, сандықтар ашылып, бай үйінің іліп алары, киім-кешек жасау жиһаздары қаттамаға тіркеліп жатты.

Мұндай сұмдықты естіп-көрмеген бай бәйбішесі елуді еңсерсе де, сымбат-бітімін сақтаған ажарлы әйел Құндызай мен бойжеткен қыз, желек астындағы жас келіні жүздері күзгі жапырақтай қуарып үн-тілсіз сілейіп тұрып қалысқан. Тек әлде бір шақта ес жиып, қайратқа мінген бәйбіше, екі білегін сыбанып, ортаға шықты.

—Тоқтат, тоқтат мына сұмдығыңды! Әй бала, қай әкеннің құны бар еді, тоқтат деп қағазын жайып, бай үйінің мүлкін қаттауға кірісіп жатқан Сүгірбайдың оң қолына жармасты.

—Ұстандар! Байландар мына мұндар қатынды — деген Бегалиевтің зілді бұйрығы естілді.

Бұл сәтте сырттан ентелей кірген Бәйекенің жалғыз ұлы білекті жігіт Атығай, шешесіне болысып, ашық айқасқа шықты. Тоқтауылов бастаған үш жігіт оның үш жағынан жармасты. Қыл шылбыр дырау қамшылар іске қосылды. Арада сүт пісірімдей өткенде қолдары қайыра байланған бай мен оның от басындағы бас көтерер барша жан, қанжоса таяқ астынан тысқа сүйреп шығарылды. Теңделіп буылған үй мүлкі түйелерге артылып, малдары айдалып, өздері ат үстіне танылған байдың үйі, өзінше бір қаралы көш боп, батаре күнді бетке алып, ит арқасы қашық, алыстағы ауданға қарай жол тартты. Қора кеш, қара түзде көш үстінде қалқиған Құндызайдың мәңгіге өшпес зарлы әуені қалды артында.

КЕТКЕН КЕК

Шебер табиғат о баста шойыннан түзеп, құрыштан құйып, қажымас қайрат беріп жаратқан бұл ерек адамның қай қасиеті басым екенін дөп басу онайға түсе берместі. Жойқын күш иесі палуандығы ма, қайсар-жігер батырлығы ма, әлде есепсіз-ойсыз ұрынып, ақыр соңында өз басына талай опық жегізген аңғал-аңқаулығы ма, бір құдайдың өзі білген.

Бектай, Оңласынның Бектайы! Бұл есім аталғанда, оны білген, онымен бір елде өскен замандастарының көз алдында арғымақ ат үстінде тегеуріні темір үзген қаһарлы бастық, бірде жарғақ тонын шидеммен бастыра киіп, бұрқасын ішінде мал соңында жүретін жай шаруагер, реті келгенде ақ сонарға шығып, ұлпа қар көмген қиян таудың ішінде қыл қимас қара қабандармен жекпе-жек айқасқа шығып жүретін саятшы. Енді бірде сатқындық, жайлаған сұрқай дүниеде, мандайы тасқа соғылып, тәңірге жазып, қолы бұғауда, басы айдауда көк арбаның үстінде Қаратаудың бір шоқысындай түнеріп ел ішінен кетіп бара жатқан жазған Бектайдың бейнесі тұрар еді.

Жазым болғанда быламықтан да тіс сынатыны сияқты сол бір ойда-жоқта төбеден қара бұлт төнген қатер мұның бұдан даладай ашық көңілі мен кірлемеген жүрегіне қоқыс кешкен қарғаның тұяғындай ұмтылмас із салып кеткен-ді. Ал, ашығында өзінің тайға танба басқандай айқын қарапайым ғұмырында дастарханында нан, өрісте мал үшін тер төккеннен артық кастерлі мұрат іздеп көрмеген ол, осы адамдық айқын жол үстінде ел бірлігі арқасында кешегі қанды соғыс жылдарындағы жоғарғы бас қолбасшыдан алғыс телеграмма да алған ол, арада не бары төрт жыл өткенде мынандай қапалы, қаралы күндерін бастан кешермін деп ойлап па еді.

Я, ол 1948-ші жылдың ала сапыранды көктемі оның қамал бұзар қырықтың сегізіне толған жылы еді ғой. Демек, бұған дейін оның алғаш рет ел жігіттерімен бірге білек сыбанып, бірде қолға кетпен алып, енді бірде сала құлаш қамшымен қара тер төккен



айтулы жылдардан бергі жердегі сан асулы, тайғақ кешулі жиырма жылдық өмірі жатыр. Бектайдың ел ішіндегі атақ-даңқын дүбірлеткен тіршіліктің қызығы мен шыжығын да алдына көлденең тартқан осы жылдар еді.

Кашан да, қай кезеңде жаңалықтың басталуы қызық. Сүлеймен ауданнан келіпті. Қасында уәкілі бар. Енді мынау менікі, мынау сенікі дейтін бөліп жататын нәрсе жоқ. Күні ертеннен бастап шаруалы ел, әр бір түгін алдындағы мал, қалтада пұл, қаптағы дөнін бір орталыққа құйып, түгелдей бір іске орталық-колхозға мүше болады екен, — дегенді естігенде, ол аңтарылып, мынандай қызық өзгеріске қайран қалған.

Ол аз ойланып, колхоз болып ортаға бергенде тіптен далаға кетпейді екен. «Қойыннан кетсе қонышқаның» өзі ғой бұл. «Көппен көрген ұлы той» деген, мұның қызығын де көрелік деп, арыс кеудесін насат көтеріп, қалың түкті қабақ астындағы шоқтай жайнаған өткір көзі ұшқандай сақ-сақ күлген.

Арада бірер күн өткенде ол бірлескен ел азаматы алдында, астына әкесі Оңласынның жалғыз мініс көлігі — кара атты мініп, бұзаулы сиырды жетекке алып, оншақты уақ-тұяғын айдап ел-жұрттың үлкен жиыны өтіп жатқан сарыойлықтың күнгеі биігіне келген. Осы жерде мал-пұлын ұйымдасқан шаруаға алдыңғының бірі болып тіркеткен Бектай, бұл жиыннан Кенеске берілген, адал Бектай, ақжүрек Бектай атанып, еңсесі биіктеп қайтқан.

Білікті жанға еңбектің оң-терісі, үлкен-кішісі жоқ. Кідірмей ол қолға кетпен алып, біраз күн егіндікке нәр берер атыздар қазып, қырқада жер ширап, ақпая айдауға келгенде, қос өгізді парлап жеккен соқаның соңында кете барған. Ала көктемде осылай басталған бейнет, шалғындағы шайқас, оның ізінше қырда сары алтындай самсыған бидай орағына, қырмандағы қым-қуат қарбаласқа ұласты. Ол қыс тоқсанында күш көліктер, соқа сайманның күтіміне қараудың өзі де азамат басына жетіп жатқан тауқымет.

Сыншыл да міншіл халық кашанда өз батырын, өз көсемін таңдаған. Бектайдың қайсар мінез, қайтпас жігері, оның ел ісі дегенде еңсесін берер ақ бейілі ауылдас-жерлестері назарынан қалыс қалған жоқ. Мың тоғыз жүз отыз алтыншы жылдың көктемінің бір шуақты күні, алдағы қат-қабат науқандарға аттанар алдында жерлестері оны бұл өңірдегі ірі — «Ақтас» колхозының Шұқыршық ауылындағы бірінші бригадасының бригадирі етіп

сайлады. Міне ол — өз өміріндегі қолы жеткен екі сатылы ғана дәрежелі орынның алғашқы басқышына осылай шығып еді.

Бірақ туған жер, ағайын ел, күнде көрген жандар ішінде ол бұл дәреженің пәлендей бір артықшылығын көрген жоқ. Бәз баяғы торғаймен талас, таңды-таңға ұрған қым-қуат үйреншікті тіршілік. Ол ауыл сыртында дөң үстіне елден бұрын көтеріліп, кімнің ілгері, кімнің кейін еңбек өрісіне өрген қимылын қырдан шолу. Үлгіні арқадан қағу. Артта қалғанды кейде жеке, кейде көп алдында тезге салу.

«Күркіреген Бектайдың қаһарына салғаннан, әнкүрдің алғаны артық» деген күңкілдер осы түрде естіліп қалар еді.

Бригад — ол кіші болса да, көп үшін, ауыл үшін жауап берер тұлға. Ал өз басы емес, көптің ісі үшін берісі колхоз арысы ауданнан келіп жататын үлкен әкімдер алдында тікеден-тік тұрып жауап беру, майысудан-сынуға бейім Бектай үшін оңай шаруа емес. Бірде ол қыраулы қыстың басында колхоз кеңсесінде, көлік, соқа, саймансайлығын тексеруге ауданнан келген қос уәкілдің қыспағына түсіп, Шұқыршақтағы қыстауға түндей түнеріп оралды. Мына биік тау, зеңгір аспан, шексіз дүние қоршаған тіршілік дүниесі оған тар сияктанып көрінді. Мұндайда бет алды зеңіп, қыр-қияларды кезіп, мән-мағынасыз көкірек керіп, қанат жазып қайтқанның өзі бір ғанибет.

Осылай ертеңгі тары боза сүзіліп, көң қолантаға қойылып, енді алдыға алғалы жатқанда, шуылдаған ит дауысымен бірге, дүрсілдеген аттылының үрдіс жүрісі естілді. Келген боралдайлық белгілі саяткер, өзі әңгімені әрлеп, әсірелеп айтуға бейім қызықшыл жан Бәйелдің Дүйсебайы екен. Жас құралпы Бектайдан недәуір егде, елуді еңсеріп қалған кісі.

Ол салған жерден: — О, Бектай-ау, үш күн толассыз төккен ұлап қар тау ішінде белуарға жетті: апан күзеткен аюдай бұ не жатыс. — Тұра сыртындағы Кенелдіктің бадалды сайына жабайы шошқа тұнып қапты. Ала жаздай жалбыз бен итмұрынның тамырын сорған пәлен бүгінде ақ майға бөгіп қалған. Шетінен қыра тиісіп, мына Бесшоқтыдағы тамырларды қарық қып, қап-қап картошкесі мен пиязын бөктеріп қайтпаймыз ба? — дегені.

Онсыз да ішкұса болып, манып кетуге желеу таппай отырған Бектайдың көктен іздегені жерден табылды. Дүйсебайды нақ төрге отырғызып, майлы көбігі кере қарыс тары бозаға кеңірдектей тойып алған ол, арада бие сауымы өткенде, жеке ауыз берданкені тақымға басып, топай торының шоқтығына шокыдай

қонып, саяткермен бірге Боралдайды бетке алып жөнөп те кеткен, Дүйсебайдың үш итіне сыландаған сары тазысы қосылды. Тұтас бір қосын боп ұбап-шұбап асудан асты.

Мына көрінген Дүйсебай тамсанып, жыр ғып айтқан Кенелдіктің терең шатқал сайы. Іші толы шатысып-бытысқан шеңгел, итмұрын, тобылғы, долана. Шатқалды қия беткейінен ұлтанға шейін қалындығы айрықтан келетін ұлпа қар көмген. Омыраулап, шаптыққан аттар алғашқы мүйістен әрі жүруден қалды. Олар тасаға байланып, енді қарды бұза-жарып жаяу кетуге тура келді.

Дүйсенбай айтқандай Кенелдіктің іші бұл кезде нағыз аңның кіндігі. Кешікпей, омбыны ойрандай салған ірі Кабандардың ізі недәуір жерден айқын шалынды. Аңшыл иттер, жер тіміскілеп, шұбай жортып алға кетті. Көп кешікпей топ иттің шабалана-шаптығып үрген шуы естілді.

—Ойбай ұмтыл Бектай, иттер кабандарды қамап, жібермей жатыр. Шетінен көзде де, жайрата бер, — деп Дүйсебай алқымен алға ұмтылды.

Қажыр-қайратты Бектай, омбы қарды бұза жарып недәуір ұзап алға кетті. Сай ұлтанынан арқан бойы биікте, беткейде келе жатты. Дәл осы сәт алдағы болар қызықтың қызуында қармана түсіп келе жатқан ол, күтпеген тосын жайға тап болды. Қанқылдап қаша үрген ит даусымен қабат, дүрілдеген бір үрдіс дыбыс естілді. Қарап еді, Дүйсебайдың мақтаулы көк төбеті бастаған үш иті құйрықтарын бүтқа қысып, жан ұшыра қашып, олардың соңынан Қылқимас қара кабандар бастаған үлкен табын тау шошқасы шатқал ішінде, ұлпа қардың бозборанын шығарып қуып келеді екен.

Тұс-тұстан аңыздап өтіп жатыр. Тек төменгі ұлтаннан ойбайын салып қынсылаған итгердің жан дауысы, бір сұмдық қақтығыстың болып жатқанын аңғартқандай.

Ол осылай аңтарылып тұрғанда, алдағы өрден, сары тазының саңқылдап үрген даусын естіді. Қарап еді жазған құмай тайыншадай бір нәр қабанды мандайдағы құзардың жақпарына қамап, жібермей тұр екен.

—Е құдай, осыныңды бұйыртсаң да, ризамын, — деп Бектай алға ентелей түсті.

Енді міне, ара қашықтық тым жақын таяқ тастам-ақ дейтін жер. Ол тоқтап ортасынан серт ұстап келе жатқан берданкесін оңтайлай бергені сол еді, екі көзі тазыда, ентіге пысқырып, қыбыр-

қимылсыз жақпарға қамалған қабан қас-қағым сәтте, тазыны шыбын құрлы көрмей, түп-тура бұған қарай жұлдыздай ақсын. Ағынды қабан жайы аңшыға мәлім. «Алла» деуге мұршаны келтірмейді. Болары болды. Мылтық ұсынудан қайран жоқ. Енді Бектайдың бар сенері, құдайдың берген қара күші. Ол сокқыны қара күшпен тойтармақ болып, мылтықты тастай беріп, сорғыған қабанды құлақ-шекеден алғалы, талтая ныктанып, тұрды. Бірақ Бектай өз есебінен жаңылған екен. Биіктен оқтай аққан қарқынды қабан бар пәрменімен қос айрықтан келіп сокқанда, қос шенгелді құлақ шекеден салмақ болған Бектайды бөксере көтеріп, теріс мінгізіп әудем жер арқалығына артып барды да, ұлпа қардың үстіне астан-кестен аударып тастап кете барды.

Ет қызуы үстінде жандармен қарманып көтерілген Бектайдың, ең әуелі ойға алғаны мылтық болды. Соны қар ішінен алғалы, қармана жүріп, әлде неге тұсалып қала берді. Япыр-ау, бұ-несі, көн шалбар сыпырылып тұсау боп аяқтың басында жүр. Қар беті қып-қызыл қан. Ол ненің қаны. Әлде қабанды жаралап жібердім бе екен, сірә.

Көн шалбарды көтергелі еңкейіп еді, енді көрді. Сол қолы сыртын төрт саусақтың тарамысымен бірге барша көк тамырын, қылқимас қабанның өткір орақ тісі тұтастай қиып өткен екен. Қиылған тамырдың ыстық қаны ақ қар бетіне шапшып жүр. Ол жалма жан ішкі ақ көйлектің жеңін жұлып жіберіп, бір жағын тістеп екінші басын оң қолымен шірей тартып, жараны тас қып танып тастады.

Енді байқады. Қол сыртын жосып өткен қабанның алмас тісі тағы бір сүйкегенде, тері шалбары тізерліктен тілген бойда, пұштан бауды қиып кеткен екен. Құдай ондағанда қабанның тісі денеге дарымады. Тіптен бит қабығындай ішкі киім де сау қалған.

Мына әп-сәттегі алай-дүлей айқастан енді ес жиған Бектай, омбы жұтқан мылтығын тауып, иыққа асып, кері қайтты. Осы бетте ол өзінен недәуір төменде бір топ тобылғының түбінде өң-сұры қашып, жалғыз обадай қимылсыз тұрған Дүйсебайды көрді.

– О, не ғып тұрсың, Саятшы?

Ойбай Бектай, сұмдық болды. Бар иттен айрылды. Қырып кетті мұнарлар. Ол шатқал бауырын иегімен нұсқады. Ол жақтан ақша қардың бетінде, ішек-қарны шашылып көк жентек болып жатқан екі төбеттің сырт нобайы шалынды. Үшінші сұр күшік жаралы екен. Қаны дірдектеп өнеу төменде қара тас жақпарында жатыр.

—Бар жаңалығың осы ма?

Осы. Бектай, құдай қағып, мына топ тобылғының тасасында қалдым. Әйтпегенде...

—Е, ендеше, ақ майдың жорығы осымен тынды, Дүйсеке. Мен мына сол қолды қамалған қара қабанға бердім. Ертерек елге жетейік, — деді Бектай.

Қара қабанның тісі онай тауқымет болмады. Қарағайдағы Мәскеуден жер ауып келген қасқабас доктордың (атақты Кремль дәрігері болған Христофор Андреевич Джашидовты халық солай атайтын) керемет ем-домы арқасында ғана қағына ісінген өүпіріммен, кесілмей аман қалған. Тек сол қолдың қатар төрт саусағы сырт тарамысы тартыла семіп, қол сексеуілдей арбайып, жұмылмайтын болған. Бастан құлақ садаға дегеннің кері келді-ау, деген Бектай, тән жарасын тәрік қып, күнді-күн, таңды-таңға қосқан қалың шаруагер істің қалыңына еніп кете барған.

Осылай күндер өтіп 1941-ші жылдың көктемі жетті. Таудағы ең ірі «Ақтас» колхозынан таңмен бірге атқа қонған колхоз басқармасының бастығы Пәшенұлы Сүлеймен, бұл елді он жылдай басқарып, бүгінде жасы елуді еңсеріп қалған аса бір салауатты кісі ешқайда кідірмей, Шаяндағы бірінші хатшы Жүнісбеков Жүзбайға келген.

—Бір ғана айтар сөзім бар, інім деген, Сүлеймен сәлемдесуден соң, Жүзбайға. Колхоз шаруасы бүгінде алғашқы кездегіден өлқайда ауқымдала түскен. Малдың бір шеті құмда, бір шеті тауда, бір жағы ылдида жатыр. Жай сөзбен, сәлем-сауқатпен игеру мүмкін болмай қалды. Дәл осы тұста, бастықтың тегеуріні мықты, жігерлі азаматтан болғаны жақсы. Біздің Бектай Онласынов сондай азамат. Келіссеңдер, бастық етіп, уақыт ұттырмай сол Бектайды сайлап алайық.

—Ол жалпы колхоз қауымының ісі ғой. Еңбеккер ел сайлаймыз десе, біз не дейтін-ек.

—Ее, ендеше осыған келісейік. Істі ел-жұрттың өзі шешсін. Осыдан санаулы күн өткенде, көгалды қырқа үстіне, жиылған қалың жұрт Бектайды — ол кезде даңқы дүрілдеп тұрған ең бай колхозға бастық етіп сайлады. Бұл Бектайдың ел дегенде ішкен асын жерге қойып, тәуекелдің пырағына ер салған, қарымды да адымды шағы еді.

Арада бірер күн өткенде кеш әлетінде, ой-қырдағы ел

шаруасын көз елегінен өткізіп, ұзақ сабылып, Шұқыршақтағы қыстауға енді оралған Бектай, бір орақ маңдай, аршын төс, сүліктей сусылдаған шымқай қараны жетекке алып, қарсыдағы қыркадан құлап, төтелей тартып келе жатқан байырғы жылқышы Мырзалыны көрді.

— Сенің күн-түн қатқан жойқын жүрісіңе жараса, осы жарайды. «Атын көр де, адамын таны» — деген, құдай үстін өзіне құтты қылсын, — деп, қара арғымақты Мырзалы өз қолымен ерттеп, Бектай алдына көлденең тартқан. Сол күндерден бастап сол шымқай қара, Бектайдың қаһарлы қыстың боранды күндері, дауылды түндерінде, таусылмас түз жолын бірге кешкен сенімді серігі болған. Көп ұзамай дәл осы шақты күткендей елдің елдігі, ердің ерлігіне сын болған сұрапыл соғыс та басталды. Алғашқы ала-сапыранды шақта нағыз камал бұзар жасындағы Бектай әскери комиссариат сарабына салынып, тек мына сол қолдың майыбынан ғана, жауынгер сапқа жарамсыз болып шыққан.

— Жауға жарамасаң, елге жарайсың. Колхозына қайт та, кідірмей іске кіріс — деген Бектайды жанға қатаң жағдайдың міндеті жайлы сөзге шақырған аудан басшысы Жүзбай Жүнісбеков, — оны ел ішіне қайта жөнелте тұрып.

Ердің атын ел, елдің даңқын ер шығарады деген ғой. Таудағы ең бай дәулетті, «Ақтас» колхозының даңқы сол бір сұрапылды жылдары облыс, аудан газеттерінің бетін бермей, дүрілдеп тұрды. Сол тұста үлкен жиындарда сөз сөйлесе, алдымен Бектай сөйлесін десіп, қалыңды қақ жарып қасқа Бектай жүрді. Сол күндердің бірі — 1943 жылдың қарлы қаңтарының соңы Бектайдың әр кез есінде. Ол күні Шаянда, үлкен күмбезді клубта ауданның барша сүтке шығары жиылып, үлкен бір мән-мағыналы іс, — танк колонналарын жасақтауға ел патриоттарын көп қатыстыруы жайы сөз болды.

— Танк колоннасы, — атынан да көріп тұрсыздар, ол отанның жойқын күші, ертеңгі жеңіс. Ендеше одан аянатын орын жоқ. Кәне сөз кімдікі, — деген ауданның жаңа басшысы сырт көзге аса сұсты Мырзахан Шораев, — үлкен залды биіктен шолып тұрып.

— Беласаров, — Ақбастаудың бастығы Бейсе Беласаров сөйлесін, — деп залдан әлде кім дауыстады. Бірақ, Бектаймен қашанда үзеңгі соқтығыс сөз қақтығыс жүретін Бейсе, бұл жолы да, аңғал Бектайды, қыр үстіндегі обадай отырғызып кетуді ойлады.

—Жөн ғой. Мен сөзден қашпаймын. Бірақ, бұл жерде ауданның ту ұстар, маңдай алды колхозы «Ақтастың» бастығы Бектай отыр. Алдымен сөзді Бектай айтсын — деп, Бейсе сөз бастаудан тайқып кетті.

—Ал, ендеше Ондасынов жолдас, сөз сізде — деп, аудан басшысы мінбеге Бектайды шақырды. Енді шегінер жер жоқ. Ол қалыңды қажарып аюдай қорбандап басып, мінбеге шықты. Бусанған қалың маңдайын күректтей алақанымен сипап, біршама тұрды да:

—Осы бір тәнкінің құны неше сом тұрады екен, — жолдас Шораев деді, ол секретарға бір иықтай бұрылып.

—Шораев бастықтың тығырыққа тірелгенін бірден сезді. Ол бір езулей жымыып аз тұрды да. —Бір орташа танк жасау үшін жүз алпыс мың сом жұмсалатын сияқты.

—Ее, ендеше болды. Мен танк жасақтауға 165 мың сом беремін. Сөзім сол, — деп қалың жұрттың ду қол соққан қошаметі астында орнына беттеді.

Енді мінбеге түлкідей түлеп, аса көңілді кескінінде кең кеуде, кесек тұлғалы бастық Беласаров Бейсе шықты.

—Жаңа Бектай отан қорғауға 165 мың сом ұсынды. Ол Бектай, — мен Бейсемін ғой. Одан аспасам, бірінші бөлшебек Беласаров атым қайсы. Мен 166 мың сом беремін, — деп аз да болса Бектайдан басымдығын алға тартты. Бір аттап, екі жеп, биге шықты деген осы.

Мына Бейсеннің құлығын асырғанын аңғал Бектай өрине, сол жерде-ақ білген. Бірақ, болар іс болып кетті. Тек жолда ат үстінде келе жатып, қап, өттеген-ай сөзге қайта шығып, 170 мың сомды неге айтпадым екен. Қап бөлем, Бейсе, деп кіжінген.

Аудан мен тау ел арасы алшақ, саяқ жүргіншіге күндік жол. Жиыннан топ жазбай шыққан бес колхоздың бастығы, ортасында кеңес төрағасы Қалымбетов Қалы бар бүгін жол ортасы — «Талапты»-дағы осы топпен келе жатқан үзеңгілесі Шалбаев Таңсыбекте қонып, ертелеп асудан асып кеткелі дүрліге тартып келеді. Даланың қасқа жолында ылғи жарату ат мінген сайлы жолаушыға сөзге де, әзілге де орын көп. Тізгін түйістіріп, үзеңгі қағыта беріп осы ғасырмен жасты құрдас жөнімен Бектайға көп шүйілетін Қалымбетов Қалы, көнігі әдетке басып Бектайды Қытықтай түсіп келеді.

Ай, қабан-ай, қайда жүрсең де, обыға құлап, опық жеп жүрер аусарлығың-ай сенің. Мақтағанға мәз боп, бірінші шығып нен

бар еді сенің. Басыннан аттап өтті де бірінші орын, абырой-атақ да, мына Бейсе оп-оңай олжалады, — деп ашық ауаны жанғырта сақ-сақ күлді.

— Ей, Қалы, тым ұшқары кетпейік. Құдай бұйыртса бұл Бектайдың атағы да, абыройы да бір басына жетіп жатыр емес пе — деп, жұқа шаруалы шеткі шағын колхоздың бастығы Әжібеков Түреке, қайтарда қара ат үстінде қасқая тартып келе жатқан Бектайды бір көтермелеп қойды.

Ал, Бектай болса кашаннан сөз қақтығыстан танбайтын байырғы әзілқой досы, қазір шылбыр бойы алда Таңсыбекке өлдене күнкілдей тіл қатып бара жатқан Бейсеге ат үстінен айбат көрсетіп, әп-бөлем, осы бетте кәрі көкшуландай бүріп тастайын ба деп, — күркіреді.

Ия, мұның бәрі қар жастаулы, мұз төсеулі күндерде, ел жүгін арқалаған рухы биік, еңселі жандардың тағдыр үлеске берген ғажайып өмірінің ыстық жүректе мәңгіге қалар ұмытылмас беттері еді. Бектай бұдан кейін де ұзақ жылдар кейде түз, кейде үйде жүріп, сол бір арпалыстар мен адалдық, тазалық деген үстемдік құрған күндеріне қайта оралатын. Бұған шейін адал-еңбектің құлы, адалдық пен еңбек бар жерде зұлымдыққа орын жоқ, — деп ойлауынан танбайтын. Бірақ, жақсылық, ізгілік тасасында құрылуы қақпандай адам жолын тосатын, қатыгез жауыздықтың да болатынын, сол жауыздық мұның палуан мойнына өлшеген қамытын әзірлеп жатқанын ол кез жазған Бектай қайдан білсін.

1948-ші жылдың суық күзі еді. Кеш әлетінде ол кезде аудан басшылығында отырған Тамырбаевтың Шаяндағы үйіне салт атты, суыт жүргінші келіп аттан түсті. Келген бөтен-бөгде емес, осы үйдің өз адамы есепті, от басын ұстап отырған Бекзаттың ағасы, яғни осы Тамырбаев Қолдасбектің қайын ағасы қала тарабына Әлдихан құмарпаз атымен мәлім адам, шай үстінде келген шаруасына көшкен.

— Сен Қолдасбек, шүкір, біраздан бері ауданды уысында ұстап тұрсың. Айтқаның екі болған жері жоқ. Айтқаның болып, абыройың аспандап тұрғанда тез қолға алып, тындырар бір ісін бар.

Әр сөзін шегелеп, шенеп айтатын шегір көзді ұзын сары Әлдихан қиядан қызыл көрген қаршығадай қос иығын қомдап,

биіктей түсіп, жан қалтасынан темекіні оңтайлап Қолдасбектің алдына қойды.

—Мына таудағы «Ақтас», ауданындағы ең бай, ең кеуделі колхоздарың ғой. Мен ол елдің жай-күйін, бүге-шегесіне дейін жақсы білемін. Айдасаң қойдай топырлап алдында жүретін момын ел.

Иә, сол колхозды көп жылдардан бері өркөкірек Бектай дейтін шала сауатты надан басқарып отыр. Соны алып тастат та, мені қойғыз...

Тамырбаев қонағы әрі жақыны Әлдиханды сөзін бөлмей, үнсіз тыңдады. Аз-кем ойланып отырған жайы бар. Ол бұл сәт қайдағы қияншет «Ақтас» пен оның бастығы Бектай дейтінге басы неге ауырсын. Оның ойлап отырғаны алдындағы Әлдиханның жайы. Бұл анығында ауыл шаруасы емес, сауда мен есептің адамы. Шымкент маңындағы бір ауданда сауда нүктелерін мықтап ұстап тұрды. Қалталы болды. Бір жағы сол, екіншісі осы Қолдасбектің арқасы әскери комиссариатта мықтап брондалып, соғыстан аман қалды. Сол қиын-қыстау күндерде ел күйзеліп жатқанда ол кейде қаладағы жалғыз ресторанның төрінен, кейде Қатынкөпір маңындағы ақ-көгі аралас ағылып жататын бозагердің үйінде түн ұзағына карта шертетін құмарпаздар ортасынан көрінер еді.

Ес білгелі ат үстінде, жан қинап, мандай терін сыдырып көрмеген пысықай, талай мықтылармен табақтас, үзеңгілес болып, еш жерде есе жіберіп көрмеген ол енді өзіне тән ішкі есебі және мықты сеніммен келіп отыр.

Тамырбаев Әлдиханның төтеннен міндет артып әрі тілек, әрі бұйрық іспетті мына сөзіне табан астында кесіп-пішіп жауап айтпады. Тек оның көтеріңкі кеуде, көңілді кескінімен.

—Осы да бас ауыртатын шаруа болып па, бір ауыз тапсырмамен тынатын іс екенін аңғартқандай.

Анығында ауданға қарайтын елу сегіз колхоз бастығының қайсыбірімен кешегі ызғарынан ішке мұз қататын ГПУ қызметкері, менмендік пен тоғышарлықтың мектебінен өткен Тамырбаевтың ісі болсын. Алыстан ат арытып арнайы шаруамен келген сол бастықтардың екісінің бірі қат-қабат маңызды мәселелерден босамайтын мұның табалдырығынан да аттамай кетіп жатқан жоқ па еді.

—Жарайды Әлеке, сөзіңізді ұқтым. Ол бір күннің ғана ісі ғой. Кәне, мынаны алып қойыңыз — деп, ақ шөлмектен құйылған мөлдір сусынды оның алдына қарай сырғытты.

1948-ші жылы қазан жұлдызының төрті. Ертеңгілік. Қызмет бабымен хатшыға шақырылған ұйымдастыру бөлімінің бастығы Биімбетов, «Ақтас» колхозының бастығы Онласынов Бектайдың жеке ісі жинақталған жұқалтаң пәпкені Тамырбаев столының үстіне қойды. Оны жайлап парақтап көрген хатшы, Онласыновтың пәлендей кереметі жоқ, небары ауыл мектебінде екі жыл оқып сауат ашқан. Кешегі қатардағы колхозшы, белсенді бригадир. 41 жылдан осы колхозда бастық. Колхоз бастықтарын даярлайтын облыстық екі айлық курстан өткен. Танк колоннасын жасақтаудағы үлкен үлесі үшін жоғарғы бас қолбасшының алғысын алған. Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін медалімен сыйланған. Бар жеткен дәрежесі осы.

Ол Онласыновтың жеке ісін шетке ысырды да, қарсы бөлмедегі екінші хатшы Мәдірайымовты шақыртты.

—Әнеке, тапсырма мынау деді, Тамырбаев салған жерден тікесіне көшіп. Қазір жарамды саяқ көлік алдырып, таудағы «Ақтас» колхозына тартыңыз. Сондағы надан, деспот Онласынов дейтін-ді жиналыста орнынан алып, мына Сүлеев жолдасты сайлатып қойыңыз. Бұл Сүлеев жолдас ол колхоздың елін де, жерін де жетік білетін қалыс кісі. Қалыс кісі басқарып, тәртіп орнамай іс оңға баспайды, — әңгіме осы делі.

—Таулықтардың ынтымақ-бірлігі мықты. Біртұтас ел екенін жақсы білетін Мәдірайымов «Япыр-ай, қалай болар екен» — деп іштей үркіп қалса да, бірінші хатшы кесіп-пішіп, бұйырып отырғансын жарайды, бара көрерміз, бір әрекетті жасармыз, — деп басын изеп орнынан тұрған.

Түс әлетінде Шаяннан суыт аттанып, ара қонып, келер күні екіндінің кезінде ат басын Сарыойлыққа тіреген қос жүргіншінің көңілге түйіп, діттеп келе жатқан адамы бар еді. Ол осы елдің ең беделді қариясы, осы елді таудың сай-саласынан жиып, бастарын қосып, жаңа қонысына орнықтырған адам, осы колхозда ілік-алды бастық болып, он жылдай басқарған Пәшенов Сүлеймен. Оның бүгінде алпыстан асқан шағы. Бастықтың орнын Бектайға өз қолымен беріп, тұғырдан таймаған жігерлі қария бүгінде колхоздың қой фермасын басқарып жүрген кезі. Хатшының да, Сүлейменнің де елдегі қадыр-қасиетін білетін Әлиханның да бетке ұстап, арқа тірегелі келе жатқаны осы Сүлейменнің беделі. Олардың ұғымында Сүлеймен шындап айтса, бұл елде тоқтамайтын адам жоқ.

Сүлеймен өзіне тән майда тіл, жұмсақ сөз, кішіпейілділігімен меймандарды құшақ жайып қарсы алды. Текемет, кілемі кен жайылған бөлменің төріне шығарып, ақ дастарханды мол жайып, бар мәзірін үйіп төкті.

Шай үстінде уақыттың тар, жоғарғының тапсырмасы тығыз екенін ескертіп, Мәдірайымов Сүлейменге келген шаруаның жөнін айтты. Елге мұрындық болар жөні түзу белсенділерді жиып, жиналыстың аудан шешімін мақұлдап, бір ауызды ету қажет екенін Сүлейменге салмақ сала ескертті.

—Сөзің жөн. Әнеке, тындар құлақ болса, айтылар сөз айтылады.. Бірақ елдің аты ел, әр кеудеде бір қиял деген. Бүгінде соғыстан жаралы қайтқан жауынгер көп. Көбісі айқайшыл. Не де болса сөзді көпке салып көреміз де,— деді Сүлеймен, өзінің көңіл-күйін жасырмай.

Арада бірер сәт өткенде колхоздағы алты бригаданың бригадирлері мен аз-кем ауыл белсенділері арнайы шақырылып, осы Сүлеймен үйінде бас қосты. Олар хатшының тапсырмасымен Сүлейменнің жалбарына айтқан тілегін самарқау тындап, асығыс атқа қонды. Сол күні кеш әлетінде айнала терезе жақтауына пәнізді май шамдары қаз-қатар қойылған колхоз клубында ине шаншым орын қалған жоқ, иін тірескен халықтың жиналысы да басталды. Ауданнан келген үлкен өкілден кейін сөз алып ортаға шыққан Үлкенбаев Исахан, — жоғарғының шешімі төменгі елге заң. Ендеше сөзді көбейтпей, қалыс адам Сүлеевті бастық етіп сайлайық, — деп еді.

— Сен айтарыңды айттың Исахан. Енді жұрт мені тындасын, — деп ортаға Шойынның Кенжетайы шықты. Оңласынов өз ортамыздан шыққан қайнаған еңбектің адамы. Елді ел етем деп бейнетті белшеден кешкен адам. Сырттан сұлу торы сынық жүрісті Әлдихан келе қалыпты деп, арыстай азаматты кінәсіз орнынан жұлып тастасақ қай әділет, қай адамгершілік шеңберіне сиямыз.

Кенжетайдың сөзінен кейін зал іші қаршыға көрген құсқанадай дуылдап кетті. Ортаға сыңар аяғымен шоқандап, ағаш аяғы еденді тесе тоқылдатып, әскери шенелін, иығынан сыпырып, өлдекімге лақтырып тастап, кешегі майдангер, кеудесі орден, медальға толы Балабек шықты. Шыға ай-шайға қарамай саңқылдап шығар қатқыл даусымен айқайға басты.

— Біз елміз бе, малмыз ба, көлденең көк атты айдап кететін. Ел болсақ онда сырт ағайын басынбасын бізді, есіктен кіріп, төрге

шығып, төбеден қарайтындай Әлдіханның қандай міндет, қандай түйсігі бар екен бізде. Бектай жарамайды екен. Жарайтын, жалын атқан жастар ортамыздан табылады. Ал анығында бүкіл өмірін осында өзімізбен бірге еңбекке берген Оңласыновтың құдайға да, адамға да жазып қалған жері жоқ. Ал жоғарыға Оңласыновтың өзі емес орны керек болса, ондай деспоттың зорлығына біз көне алмаймыз.

Балабек пен Кенжетайдың сөзі онсызда кенеріне сыймай отырған қалың көптің запыранын қоздырды. Таласып-тармасып, сөзге ұмтылушылар көбейді. Бөрінің айтатыны — біз жөнсіз зорлыққа көнбейміз. Бектайды ешкімнің қорлығына бермейміз, — дейді. — Ай, алды-артын ойламаған аңғал жұртым-ай десейші.

Болмысында өктем сөзге жоқ биязы, жуас кісі Мәдірайымов, ел сөзін бөлмей, сабыр сақтап үнсіз тындап отыр. Бар сөз аудан шешіміне қарсы бір сарынмен тынар деп отыр еді. Бір кезде ең артқы жақтағы түкпірден көтеріліп, таудай тұлғасымен жайлап жылжып келе жатқан Бектай көрінді.

— Ей, ағайын, — деді Бектай, қалың жұртты биіктен бір шолып. Мен шешемнен колхозға бастық болып туғам жоқ. Көз ашқалы еңбекте, өздерінмен бірге жүрмін. Сайлап едіңдер, сегіз жыл бастық болдым. Енді сол бастықта ақым да қалған жоқ. Мен өміріме ризамын. Лажы болса аудан шешімін қабылдап, босатындар мені.

— Ее, жөн сөз. Бектай жөн айтады ағайын. Бастық дейтін ешкімге де әкенің берген мұрасы емес. Өзі шын пейілімен айтты екен, сол сөзге тоқтаған жөн болады, — деп манадан бері Мәдірайымовтың жанында тарының қауызында тыпыршыған Сүлеймен, өз арқасынан батпан жүкті серпіп тастағандай жұтына сөйледі. Жиынға төрағалық еткен осы Сүлеймен осы ұйымшыл сөтті пайдаланып. Бірақ сөз жарысы көнбеді. Қалынды қақ жарып тағы да ортаға Ордабек, Бүркітбай, Сәйпіш, Шайдоз сияқты кеше толарсақтан қан кешкен майдангерлер мен жалғыз ұлын соғысқа берген, ауылдағы белсенді әйел Кербеш шықты. Сонымен сөз де тамамдалып, мәселені дауысқа қояр шақ келді.

— Бірінші ұсыныс, аудан басшылығының ұйғарымы және өз өтініші бойынша Оңласынов Бектайды «Ақтас» колхозы бастығының міндетінен босатуды, — дауысқа қоямын, — деді Сүлеймен — көне кімде кім...

Бір сәт сілтідей тына қалған зал ішінен төрдегі төртеумен бірге бар еңсесімен тұтас көтерген Бектайдың аюдай арбиған палуан қолы көрінді.

— Санандар, жақсылап санандар, — деді Сүлеймен, өз көзіне өзі сенбегендей алакөленқелі залға биіктен шұқшыып.

— Санайтын не бар, бесеу болды ғой, деп дауыстады ортада санақшылар тобынан елгезек Бейсекұл.

— Бесеу. Жарайды. Солай деп жазып қояйық.

— Ал енді екінші ұсынысты дауысқа қоямын. Кімде кім Оңласынов Бектай жолдасты «Ақтас» колхозының бастығы орнында қалсын деуші колхозшылар...

Ду көтерілген қолды түсіну қиын. Қол көп пе, әлде адам көп пе. Тіптен қайсыбіреулер екі қолын көтерген сияқтанды.

— Санандар, деді Сүлеймен санақшылар тобына.

— Үш жүз он алты, деген дауыс жаңғырықты.

— Жарайды. Солай жазып қойыңыз.

Сонымен көпшілік дауыс алған Оңласынов Бектай, колхоз бастығы қызметінде қалды. Мәселе осымен тәмәм. Жиналыс жабық, — деп жариялады Сүлеймен.

— Аудан кісілері келген шаруасы осылай тынғасын дәм-тұзды аттап кетпейтінін айтып, Сүлеймен үйінде аз-кем жеңіл шайланып алды да, осы түн ішінде суыт аттанып кетті.

Ауылдан оралған арнайы өкіл Мәдірайымовты Тамырбаев үнсіз, сұрлана отырып тындады. — Жарайды. Істің жөнін алдағы уақыт көрсетер, — деп түсінен ызғар шашып әңгімені созбады. Енді ол бар мән-жайға кешкілік шәй үстінде Әлдиханмен болған әңгімеде қанды.

Бәленің басы халықта емес, әлгі көлгірсіген, сол елдің бүгінгі пайғамбары Сүлеймен Пәшенов пен мені босатындар, — деп қорбандағанымен, сол елдің тағы бір мықты ұстыны Сеңгірбаев та жатыр. Бұл үшеуін түрмеге тықпай ол елдің беті қайтпайды.

Иә, түрме, тек түрмеде болуға тиіс олардың орны. Ызадан жарылуға шак отырған Әлдихан Қолдасбекке ол кеште осылай, әңгіменің төтесін айтты. Елді іштен түрткілеп, сені жерге қаратқан залымдардың жазасын мықтап бергізетін бол.

Табылған ақыл, ойдағыны таптың дегендей, Тамырбаев жүзі күрентітіп кескіні түнере түсіп, үнсіз күлімсiреп бас изеді.

Көз ашып, ат жалын тартып мінгелі жуадай жігіт шағында бірнеше жыл Жуалыда ГПУ-дің, кейіннен НКВД-нің төтенше өкілі болып, қатыгез тасмерездіктің көрігінде суарылған ол, адам жолына қақпан құрып, қыл мойынға құрық сілтеуді ешкімнен

үйренбейтін. Мұндайда оның тұзағына көбіне көп зорлыққа мойын ұсынбайтын, туралық іздеп дауыс көтеретін ақ жүректілер ілігетін. Оның көптен бергі арманы да, ел ішіндегі осындай тәуелсіз билік еді. Қырсық өмір оның да сәтін келтірді. Биылғы ерте көктемде Шымкентте обком нұсқаушысынан, осында келіп, үшінші хатшылыққа сайланып еді. Көктем, жаздың қайнаған шағында «Мойынты шу» теміржол құрылысында аудан штабын басқарған ол, үлкендердің көзіне түсіп, мақтау алып, келе осы ауданға бірінші хатшы болып сайланды. Енді оған бұл ауданда қарсы келер жан қайсы. Таудағы жиында мұның сағын сындырып, жіберген адамын сүмірейтіп кері қайырған, «ел бұзар үшеу» Тамырбаевтай дүрілдеген басшыға сөз болып па, тәйірі.

Саусақтарын сығымдап, тісін қайрап, дөңбекшіп, мазасыз шала ұйқылы таң атырған ол, жұмыс бөлмесіне келе, аудандық атком төрағасының бірінші орынбасары, әрі мал шаруашылығын басқаратын Ералиев Бердалыны шақыртты.

— Көзір октябрьдің басы. Сентябрь отчеты қабылданып болған жоқ кой Беке.

— Иә, солай Жөке. Алдағы аптада отчет басталады.

— Ал ендеше сен былай ет. Таудағы «Ақтас» колхозының 24-ші фермасын менсіз ешкім бекітпейтін болсын. Ол колхоздың бір де бір малы менсіз есептен шықпайтын болсын.— Жарайды, дәл солай етеміз Жөке.

Осылай Тамырбаевтың тікелей тапсырмасын сентябрьдің февральға дейінгі бес айда «Ақтас» колхозында болған табиғи мал шығынының 90 проценті есептен шығарылмады. Әр кез «шығын қайта толтырылсын» деп қайтарылып отырылды. Енді қорытынды есепке қараса өткен мерзімде кеміген мал есебі, — кой 230 басқа, жылқы 14 басқа, түйе 4 басқа жеткен екен.

Енді мұны өктілеп, пәктілеп қайту үшін ауданнан РК-нің бөлім бастығы, тапсырманы тақылдап мүлтіксіз орындауға төселген Бейімбетов бастап, әр саладан топтасқан мықты комиссия аттанды. Комиссия актісінде тек кем мал актіленбей, бұл малды құртып жіберген айыптылар, оның ішінде Онласынов Бектай, Пәшенов Сүлеймен, Сеңгірбаев Оспанның жеке басынан өндіру қажет екендігін көрсетті.

Бұл енді адамның басын шарға салуға жетіп жатқан мықты материал еді. Бұл жерде құрбандығын алдымен сүріндіріп, шаш етектен шығынға салып, енді құтылармын-ау дегенде көк

желкеден қайырыла қайта соғу, Тамырбаевтың қанына сіңген машығы.

Осы есеппен ол, алдымен таудағы үшеуге тағы да өкіл аттандырды. — Кем малды төлесін, орнын толтырсын. Зиян өтелсе мүмкін кешіретміз деп сәлем жолдады.

Осыны естіген таулықтар енді ағайын боп ақылдасып «бастан құлақ садаға» бар малды жиып ортаға салып, кемдікті толтырып құтылайық, — деп шешті. Бірақ құтқармас жауыздықтың құрығы енді төбеден төніп келе жатқанын ешбір сұмдықтан бейхабар шаруагер жандар қайдан біліп еді.

Алдымен Төрткүлде, Карашеңгел — Ақсары қыс жайылымында қыстап жатқан қой ішінде жүрген жерінен Сүлейменді айдап әкелді. Арада бірер күн өткенде Мойынқұм-Үшкөкшеде қыстауда жатқан малды елге көшіру әзірлігіне кеткен ферма меңгерушісі Сеңгірбаев Оспан милиция мылтығының астында тұтқындалып, түрмеге жабылды.

Бұл екеу, ауданның прокуроры Төшевтің тікелей бақылауымен күн сайын тергеуші алдына алма-кезек айдап келтіріліп сұраққа алынды.

Алғашқы сәттен тергеуші Мұсабаевтың қаламын столына тақылдатып, шақырая-шақшиып, қояр бір ғана сұрағы болды. Ол:

— Колхозға малын төледіңіз бе?

— Төледім.

— Не үшін?

— Санақта кем шыққан малдың орнын толтыру үшін.

— Ол мал қалай құрыды. Барған уәкілге шетінен мал сойылатыны рас па?

— Ол малды ешкім де қолдан құртқан жоқ. Мал іші, кәдімгі табиғи шығын, бірақ ол есептен шығарылмады. Ал уәкілге сойсақ, өз қорамыздан жеке меншігімізден сойдық.

— Жә, ондай жырынды ат бекетіңе айтарсың.

— Біріншіден, — деді Мұсабаев, жауап беріп отырған Сүлейменге шақшия қарап, малды жемеген, талан-таражға салмаған адам шаш етектен шығынға батып, мал төлемейді. Ал келген зиянды өтеу ол қылмысты жуа алмайды. Енді қалай еткенде де, қолымен істегенінді баспен көтересіз. Бүгінгі қатаң заңның талабы солай.

— Ей, қарағым — деді, Сүлеймен тергеушіге, бөз-баяғы кеңбейіл, ашық көңілдікке санап, — егер адамдық сөзге сенер болсаң, біз ақтай күйіп, жазықсыз жазалы болған жайымыз бар.

Егер сенбесендер ақ қараны бір құдайдың өзі тапсын. Салдым тәңірге, – деді.

Құдайдан қорқар жанның ауылы ол кез бұл жерден алыс. Колхоз малын талан-таражға салған, қылмысы бұлтартпай, мойнына барғаннан кейін лажсыз, төлеп құтылуға әрекет еткен. Демек, РСФСР Қ.К-нің 109 ст. мен, 1947 жылғы 19 сентябрьдегі СССР Халкомының қаулысында көрсетілген қылмыс белгілері толық дәлелденді, – деп тұжырым жасап үлгерді Мұсабаев.

«Ақтас» елінің қос ұстыны сияқты әр кез аттары егіз айтылатын Сүлеймен мен Оспанның сағын сындырып, тергеу қағаздарына қолдарын қойғызып алғансын, енді аудан прокуроры Төшев бұл атырапқа «көкқасқа милиса» атымен әйгілі, қадалған жерден қан алатын Сейітбеков бастаған милиция тобын ат арбаларға мінгізіп, шұғыл түрде «Ақтас» колхозына аттандырды. Еш жерде кідірмей, суыт жортқан қарқынды топ, «Ақтасқа» шаңқай түстің шағында жетіп, қос ат жегінді көк арбаны шұқыршықтағы Бектай үйінің алдына көлденең тартты.

Суық сөз жатпайды, жолай милиция тобын көрген жұрт, көрші-қолаң болып, әне-міне дегенше Бектай үйінің алдына шоғырланып қалып еді. Тез жиналып, сыртына сеңсең тонын қаптап, кең күпі киген алпамсадай денесі шоқыдай болып, түлкі тымағын қолына ұстап арбаның үстіне шықты. Сол биіктен ағайынға:

–Әй, сорлаған сорлы халқым-ай! Сорлаған күнің келді-ау сенің. Сен үшін барлығын көріп ем. Ыстық-суығына көніп ем. Енді міне, мұндағылар талап жеп, сүйегімді өртеп жіберсе де тәңіріме ризамын, – деді.

Делбеші милиционер Вишняковтың «нөө» деген өктем айқайы естілді. Көк арба орнынан оқыс қозғалып, алдағы Адамтас асуын беттеп жөнеле берді. Оның соңынан жалаң ұстаған тапанша, нағандары шошандап, ат үстінде копандап айдаушылар тобы кетіп бара жатты.

Алдыңғы екеу, Сүлеймен мен Оспан сияқты Бектай тергеушімен әңгімені сөз бұйдаға салған жоқ. Әкел қағазыңды, қолымды қанша жеріне қояйын. Сыйғанынша, бөрі тынғанынша қойғыз. Тек тергеуші кеудеме сыймай бара жатқан жалғыз арманым бар. Бар милисаңа айдат, Тамырбаевтың алдына жеткізші мені. Арамға тойған сасық күшігеннің кеңірдегін жұлып, қолына беріп, сол жерде оққа ұшсам, көне.

Мұсабаев ешбір шарасыз, тағдыры талассыз тынған тау қазағы

Бектайдың мына сөзіне жауап орнына, бір езулеп қыңырая күлді. Осыдан көп ұзамай, сәуірдің орта тұсында ауданға Облсоттың Таубаев бастаған сот коллегиясы келді. Осы істегі әңгіме ұзаған жоқ. Облсоттың ашық лебізінде көрінгендей, партия бақылауында тұрған бұл іс бойынша «Колхоз байлығын ұйымдасып тонаушылар тобы» аяусыз сотталды. Сот үкімімен Онласынов Бектай бес жылға қатаң режимді еңбекпен түзеу лагеріне, Пәшенов Сүлеймен төрт жылға, Сеңгірбаев Оспан екі жылға бас бостандығынан айрылды.

Адамның еркінен тыс тағдыр бұл үшеуді сол 1949-шы жылдың гүлшешек атқан көктемінде үш тарау жолға салды. Пәшенов Сүлеймен Аягөздегі еңбек лагеріне, Сеңгірбаев Оспан «Цинксвицесторй» тресінің құрылыс алаңына жол тартты да, Бектай Шымкент қорғасын зауытының от өзені ағылып жатқан балқыту цехында көсеушіге көмекші міндетінен бір-ақ шықты. Жасынан кедейлік кері мен нан табу үшін жер аударып, атыздар қазып, кара жұмыста қайнаған Бектайға кеудесін сыздатқан жан-жарасын, мына тамұқтың отына түсіп тән жарасымен емдеудің сәті енді түсті. Ол аянбады. Іштегі жойқын күші жанартаудай солқылдаған тұлғасына сыймай от кернеген алыптың үшқын атқан көзіне тайсалмай карап, каская тұрып қолындағы үш құлаш ауыр көсеуін сол көзге сүңгіте бойлатып, жан шақ келмес қашанғы кара күшпен көсіп-көсіп жібергенде коқыстар қозғалып дарияда сең жүргендей, от өзені бұрынғыдан да тасқындай түсер еді.

Бұлар екі пешке бір сменаға жұптаса бөлінген тағдырлас төртеу еді. Бірақ бейнеттен басқаны білері жоқ Бектайдың қалған үшеумен де, бұлардың ту сыртында алты сағат мылтықтарын құшақтап міз бақпай қарауылда тұратын күзетшілермен де ісі болып көрген емес.

Тек құдай қарағанда жалын атқан пеш алдында жүретін көсеушілерге сағат сайын бір стакан сүт жұтқызатыны бар екен. Елдегі еркін заман ерен қимыл кезінде сары қымыздың нән зеренін ат үстінен толғай тартып жіберетін Бектайға бір жұтым сүт жұмырға жүк болатын ба еді. Десе де, барға қанағат, от ішінде ақпен тандай жібіткеннің өзі бір ғанибет.

Кейде осы көгілдір металл сырғып жатқан науаға ұзақ қарайтын Бектай әлгі соғыстағы жойқын күш болат тәңкілер қандай зауытта жасалды екен деп ойлайтын. Шіркін мен жасатқан тәңкі жеңіс күніне жете алды ма екен. Жетсе, қайда екен бүгінде... Әй, соғыссыз сорды басқа берген тұрлаусыз сатқын дүние-ай!

Осылай от ішінде қаратер төккен қайсар еңбекте алты ай өтті. Цех профкомның арнайы жолдаған мінездемесі бойынша еңбекте ерекше қажырлық көрсеткен Онласыновтың алты ай мерзімі бір жылға бағаланды. Бірақ сол тұста лагерлік-дәрігерлік комиссия Онласыновтың өкпесінде сырыл бар екенін, бұл өзге емес, өкпенің тыныс жолдарын металлдың тозаңы шарпыған — Целикоз сырқаты екенін шешкен. Енді оны пеш маңында ұстауға негіз жоқ. Бұдан кейін ол сыртқа шығарылып, айдауда құрылыс басқармасында ағаш аударушы, қыш тасушы, цемент қарушы өйтеуір кез келген істің қалың ортасында жүрді. Осылай тағы бір жыл өткенде оның жұмысы жақсы жағынан бағаланып, қолхатпен қаладан ұзап кетпейтін еркін еңбекке шығарылды. Иә, ол ұзап кетпейтін жіпсіз байлауда болса да, мына кең дүниеге көкірек керер қадам басқан күн еді.

—Ертен күн жексенбі Онласынов делі, кешкісін жатақханаға жаңадан оралған Бектайға топ жетекшісі келіп, бір күн тұтас қаланы қыдырам десең ерік өзінде.

— Ой, рахмет қарағым, біраз жүріп қайтармын... Түні бойы дөңбекшіп, құдайдың атар таңын күткен Бектай дәу етігі аяғында, үстінде көнетоз мақталығы ескі құлақшын. Түйедей майпаң басып шеткі көшені бойлап, мән-мағынасыз сандалып келе жатты. Бір кезде оның әнеубір мархабатты жылдары мұның айтқаны болып тұрғанда бұған арнайы сәлем айтып, үй тіктіріп жаздың күндерінде ел ішінде аунап-қунап қайтатын салауатты азамат, халық мұғалімі Бекаманов Ізтілеу мен оның әңгімеде бұлбұлдай сайрайтын дана әкесі Дүмшебай оралды. Олар ата қуғанда, туыс жақын туысқан. Бұлардың үйі алыста емес, әнеубір шеткі көшенің бұрышында еді. Енді ол сыртқы есіктен ырғала өтіп, етігін сәкіге тастап, Ізтілеу үйінің табалдырығын аттады.

Ертеңгілік үлкен қария Дүмшекеңнен бастап Ізтілеу, Ыбырайым, ағайынды үш түтіннің естияры осында екен. Есіктен кіріп: — Ассалаумалейкөөм, — деп, алпамсадай кеудесін сәл иіп тұрып қалып еді Бектай.

—Оу, мынау Бектай ғой, арыстаным-ай бар екенсің ғой. Алда айналайын дәуім-ай— деп, тумысында қағылез Дүмшебай қарт орнынан балаша ұшып тұрды. Үйдегілер түгелдей дүрліге көтерілді. Бектайды төрге өткізіп, ортаға отырғызған, алдына шайдың қызылын, көженің қоюын тартты.

—Жарық дүниеге кеше шығарды. Кеше айдаудан босатты. Енді тек жұмысыма еркімше барып, жатақ орнымда жатып жүретін

болдым. Бектай өз жайын бірер сөзбен келте қайырды.

Бұған да шүкір де, серім. Ақ иіліп сынбас деген, құдайдың пендесіне деген жақсылығы алыс емес қой.

Бала-шаға сейіліп, үлкендер іріктенген бір шақта болмысында ыңырана отырып, сөзді баппен сөйлейтін Ізтілеу Бектайға қарап:

—Жаналықты естіп жатқан шығарсың, — деді.

—Оу, Ізтілеу, темір тор, мылтық астында айдауда жүрген адамда не жаналық болатын еді.

—Ендеше тыңда. — Сендердің шанқай түсте шырағдан алып сондарыңа түсіп, жазықсыз жазаға тартқызған Тамырбаев жазасын адамнан емес, құдайдан тартты.

—Жазасын... Бектай қанталаған екі көзі шатынап, кеудесін оқыс көтеріп, Ізтілеуге қарай ентелей түсті.

—Оқиғаның тынғанына бүгін екі күн.

Қарсаңда, яғни, бұдан бір жетідей бұрын Тамырбаев обком бюросында қыс кезінде малдың жаппай қырылуына жол бергені үшін қатты қыспаққа түсіп, ауыр жазаланып шыққан екен. Обкомнан кештеу шыққан ол, әлде қалай бастарын қосқан достарымен ресторан төрінде ұзақ отырып, одан мол қосқалақпен қонақжайдағы бір орындық кең бөлмесіне келген. Онда не болып, не қойғанын көрген жан жоқ, тек сәске шағында есікті ашып кірген үй сыпырушы әйел қымбат кілем жайылған кең бөлмеде бүлінбеген, қирамаған нәрсе жоқ. Құлаған стол, қираған ыдыстардың ортасында, кілем үстінде жалғыз төменгі лыпасы, өз сөліне өзі малшынып жайрап жатқан адамды көрген.

Шошып кеткен әйел, жүгіріп кезекшіге, әкімшілікке барған. Тіркеу кітабына қарап жіберген олар — қонақтың анау-мынау емес, бір ауданның бірінші басшысы екенін білген. Олар кідірмей облыстық партия комитетіне телефон шалған. Кідірмей қасына ақ халатты бірер дәрігерін алып обком өкілдері келген. Дәрігерлер қонақты салқын душқа салғызып, есін жиғызып, ешқандай кесел жоқ, шектен тыс ішілген арақтың әсері екенін көрсетіп, қорытынды берген. Сол күні түстен кейін шұғыл шақырылған обкомның бюросы, оны партиядан өшіріп, қызметінен алған.

Сонымен кеше Шаянда аудандық комитеттің кезексіз пленумы өтті. Қиянатшыл, кекшіл басшының әрекетіне қанық аудан коммунистері оны аяусыз жазалапты. Барлық мүшелік, атақ атаулыдан жүрдай өшірген ол — сол пленумнан қаңтайып тек қара басы шыққан.

Бұған шейін Ізтілеудің әр сөзін жүрегімен, қарпып, міз бақпай

үнсiз тындаған Бектайда ендi қыбыр етуге шама жоқ, күн мен жалынға піскен қалың, қыртысты маңдайының астында қанталаған отты жанарынан ыстық жасы тотыққан жалпақ жүзiн ағыл-тегiл жуып, иекемсiз ерiн үн қатуға келмей, ыңырана өксiп жiбердi.

Адам табиғатын жетiк танитын Iзтiлеу, Бектай жанын жақсы түсiндi. Қой, жетер – деп басу айтпады. Жыла, арындап ал бауырым, қаншама уақыт көкiрегiңе сыймаған жалының шықсын, дегендей баяғы марка, маңғаз қалпы үнсiз отыр.

О, шебер күдiрет, Әлдихан Тамырбаев оның сүйегiн шiрiтем деген екен. Сол Бектай кешегi күнi алшаң басып, еркiндiкке шықты. – Ал дәл сол күнi өз жөнi, өз заңымен ғана жүрер тағдыр сол Тамырбаевтың басын ит жемi ғып далада қалдырды. Қандай үйлестiк, қандай сәйкестiк. «Ор қазба – өзiң барып құларсың» – дейтiн халық сөзi осы да.

Одан берi зымыран заман, зырқырап қаншама жылдар өттi. Ары-берi өтер кетер жолаушы шұқыршақтағы «Әулие тал» биiгiнде биiк көрiнетiн қара молаға қарайды. Онда сексен жылғы өмiрi от-жалын, өлшеусiз төгiлген термен арпалыс майданында өткен, заманының қаһарманы – қайсар Бектайдың сүйегi жатыр. Жүргiншi жүзiн төмен салып, ұлы әруаққа алланың салауатын тiлейдi.



ҚАЙНАРДАҒЫ ҚОС ЖҮЛДЫЗ

Созақта аз аялдап, тағы да жолға шықтық. Енді алдымызда кең даланың бір шалғайында жатқан «Қайнар» атты шағын ауыл бар. Шофер жігіт Тельман жеңіл газигін тал, терек, миуа бағының саясындағы шағын үйдің қақпасына тіреді де.

—Келдік міне, Бөріғазы атамдікі осы, — деді.

Бакшалы аула ішінде алдымыздан ауыл тірлігіне сай ықшам киінген, ұзынша бурыл сақалды, қонырқай жүзді, нұры таймаған өткір карт кісі шығып қарсы алды, ол көрген жерден:

—Ой бәрекелді, келіп қалдың ба қалқам, кәне үйге жүргін, төрге шыққын, деп бейне бір көптен көріспеген достардай ақ пейілмен аңқылдап, жалпылдап жатыр. Әй, сәті келсе игі еді, ақсақалым әңгімеші-ау өзі, — деп қуанып қалдым ішімнен. Расы да солай болды.

Дастархан жайылып, жөн сұрасып болған соң Бөрекең сонау бір өткендегі алыс тартқан күндерін қайта бір шолып өткендей, сұлуша бурыл сақалын салалы саусағымен сипап қойып, аз ойланып отырды да, бір жайма шуақ әңгіменің соны соқпағына түсті.

—Ілгері ата-бабамыз, — деп бастады сөзді Бөрекең, — қазақ жерінің шұрайлысы — Сарыарқаны мекендепті бір кезде. Арғы атамыз Көгебай, оның бергі жағында өз әкем Әлібай ұзақ жылдар жоқшылықтың бұғауында шырмалып, бай малымен күн кешті. Өзім де ес біліп, етек жиған соң тағдырдың берген сыбағасын серік қып, кісі есігінде бірде малшы, бірде жалшы болып, бірталай өмірімді өткіздім. Сөйтіп жүргенде қараңғы қазақ даласының да таны атып, күлімдеп күні шықты. Төңкеріс, Ленин, Бостандық, Бақыт — дейтін алғаш құлағымыз шалған қуаныш ұрандарын ту етіп ұстап, алдымыздағы ақ тілеу, асыл арманымызға жол тарттық. Ескі дүние, күйреген заман күл-қоқыстан өзге еш нәрсесін қалдырмай кетті ғой бізге.

Алғаш ұйымдасқан серіктік, одан кейінгі жаңа ғана жобасы жасалған колхоз шаруасы барынша әлсіз, әбігері мол болды.

Кедейліктен сіңіріміз шығып, біразға дейін өрлеу өрісіне жете алмай жүрдік.

1940 жылдың әдемі асыл көктемін, жайма шуақты жазын кім ұмытар. Ел де, жер де жақсы үмітпен жаңа толысып келе жатқан жарқын жыл емес пе еді ол. Сол күндердің бірінде кетпен ұстап шабықта жүрген мені колхоздың бастығы кеңсесіне шақыртты.

—Бөреке, — деді ол салған жерден, — көріп жүрсіз, бүгінгі шаруамызда көліксіз күніміз жоқ. Азын-аулақ барымыз, қысқа жіп сияқты, демеуге келсе де күрмеуге келмей жатыр. Осы жылқының бар салмағын бір өзіңізге артсақ дейміз. Қалай қарайсыз осыған, — деді.

—Көптің тілегі сол болса, не дейін оған. Мақұл, айтқандарын болсын, — деп, сол күні-ақ өрісте, жылқы ішінде түнеп шықтым. Сондағы бетке ұстар барымыз ауыр істен арып, арқасы жауыр болған жұмыс аттарын қосқанда тайлы-таяғымен алпысқа жуық қана қылқұйрық еді.

Кейін мал басы құралып, үйір өрісі кеңейе келе жылқы десе ішкен асын жерге қоятын икемді жігіттерден Әділбеков Жатабайды, Әмешаев Бұрханды және жасы он алтыға жаңа шыққан ортаншы балам Көштенді көмекші етіп өзіміз бір қосын жылқылы ауыл жоралғысын құрдық.

Сол кезде жаз болса мынау Қаратау өлкесінің жасыл жайлауында, қыста Мойынқұмдағы тебінде қос тігіп, күні-түні демей мал ішінде жүру салтымыз еді. Сол малға деген ыстық ықыластың арқасы болар, шаруадағы біріміз екеу болып, аз арада туындап өсіп-өнді де бай ауыл, жылқылы ауыл санатына жеттік. Сөйте жүріп сұрапыл соғыс жылдары майданға, жаудан тазартылған аудандарға екі жүздей сәйгүлік тандап жөнелттік.

Мал түгілі сан мындаған ер азамат өмірі Отан үшін, бостандық үшін құрбан болып жатқанда не аяйтын едік. Не бір арынды арғымақты майдан үшін, жеңіс үшін деп жөнелткенде, бейне бір қалың жауды қиратып тастағандай, жүрекке жұбаныш, көңілге медеу тұтушы едік.

Осы тұста Бөрекең әлде не өткен күндердің қайғылы бір суреттерін көз алдынан қайта өткергендей даусы баяулап, толқып кеткендей болды.

—Соғыс басталғанда, — деп жалғастырды үзілген әңгімесін Бөрекең, — өрімдей боп өсіп келе жатқан үйелмелі-сүйелмелі төрт ұлым бар еді. Үлкенім Көшімхан жиырмада, одан кейінгі Досымхан он сегізге енді ілінген еді. Өмір қызығына тоймай, әр

күні бір жасап, құстай түлеген қос қарғамды қырық екінші жылдың қысында ұлы жорыққа өз қолыммен аттандырып салдым. Жарық дүние шапағатына қана алмаған қарақтарым, екі бірдей құлыным халық азаттығы жолында қан майданда мерт болды. Өткен істі өкініш етіп қайтеміз, тұяғы бүтін тұлпар жоқ дегендей, бүкіл ел басына түскен өмір салмағын көтермеске не шара!

Сонымен алыстағы армандай болған жеңіс көктемі, оған жалғасқан бейбіт өмір мезгілі қайта толысу, жана өрлеудің жанқияр күрес жылдары болды ғой. Сол күндердің бірінде, 1947 жылдың жарқыраған жазы ортасында осы Үспі бұлағындағы жасыл жайлауда отырған аулымызға кілең жалт-жұлт еткен жеңіл машина мінген бір топ жолаушы сау етіп келе қалды. Сұрай келсек, бұлар Қазақстанның сол кездегі үкімет басшысы Нұртас Оңдасынов бастаған аудан мен облыстың басшы кісілері екен. Ол кезде жылқымыздың жалпы қарасы жеті жүзді жағалап қалған.

Үйездегі 119 биенің соңынан ерген 119 құлынды жұп-жұбымен санап шығып, қатты риза болған үкімет басшысы «Жарайсың, қартым, нағыз ерлік деген осы», — деп, қолымды қысты. Кейін ойлап қарасам, ұлы халық атынан, ел атынан айтылған үлкен алғыс екен бізге. Келер жылдың көктемінде жылқы фермасының мен басқарған 4 үздік жылқышысына, оның ішінде өзіме, жастайынан шаруаға икем еткен жылқышы балам Көштенге — Социалистік Еңбек Ері атағын беріп, кеудемізге Алтын Жұлдыз қадады.

Мінеки, содан бері жиырма жылдай уақыт өтіп кетіпті. Жас болса сексенге қарай жөн тартып барады. Өмір өтіп, халықтың көсегесі көгерді, Шайқалған тұнып, кемтік толып, жаңа қуым жас ұрпақ та жетілді. Солардың қатарында, шүкір, еңбек абыройымен бірге семьяда көрген бақытым да аз емес. Екі ұл, төрт қызымнан өрбіген өрімдей 27 немерем бар бүгінде. Кешегі тайға мініп, жылқы ішінде есейген ұлым Көштен де ел сыйлаған Еңбек Ері, совхоздың білдей басшы маманы. Оның жұбайы келінім Салиқа он баланың анасы, ол да ерекше ерлік қой өзінше. Ендігі сөз иесі солар, бүгінгі шаруа жайын, келешектің келелі ісін солар айтар, қарағым, — деп Бөрекең әңгімесін бітірді.

Аспанда алтын ай жүзген қоңыр күздің кешнде жол-сапарға аттанып, Қаратау асуына бет алып келе жаттым тағы да. Аспан айдыны жымың қаққан сансыз жұлдыздарға толыпты. Сол жұлдыздарға үн қосып, бір қиядағы «Қайнар» ауылының жарқын қос жұлдызы, өскен елдің өшпес оты маздап тұрды.

МАЗМҰНЫ

Сағыныш сазы туған жер	3
Махаббаттың көк күмбезі	5
Қош көгілдір Керулен	19
Есіркеп батыр Жоңғар жорығында	50
Құла айғыр, Құлан және Құланбике	71

КЕМЕНГЕРДІҢ КЕРУЕНІ

I. Кездесу	86
II. Адасу, Келіншектау аңызы	
Ақбикеш ару кім едің?	110
III. Ағадан қалған қымбат сый	126
Баба-ата хикаясы	135
Қайран Сәкен	147
Ақырғы айқас	162
Исаның домбырасы	181
Рысқұлмен кездесу	199
Таңғы елес	203
Досовтың соңғы күндері	217
Қазақтың қайсар перзенті	230
Переселен тамырлар	237
Тынық Донға саяхат	254
Шыңғыстың биік шындары	261
Естен кетпес ер тұлға	266
Бір бәйтерек	274
Қыранның самғауы	285
Кәмпіс	294
Кеткен кек	303
Қайнардағы қос жұлдыз	324

Еркінбек ТҰРЫСОВ

ШЫҒЫСТЫҢ ШЫҢ ҰЛДАРЫ

(қазақ тілінде)

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы
Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ

Редакторы – Үрзада Айтөреева

Суретшісі – Б. Сия

Корректоры – Гүлнар Молдабекова

Беттеген – Раушан Өскенқызы

Теруге 20.06. 2004 ж. жіберілді. Басуға 27. 09. 2004 ж. қол
қойылды. Қалпы 84 x108 1/16. Қағазы офсет N1. Қаріп түрі
“Times Kaz”. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 20,5. Таралымы
2000 дана.

Тапсырыс №188

“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды.
481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы,
Ерлеспесов көшесі 1 үй.

Баспахана директоры –Құмкент Дүйсенбиев

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:

Алматы 8-(3272) 76 30 10

Шымкент 8-(3252) 50 06 27